

А 2017

3373 к

С. МӘДІМӘРҮЛЫ

МЕНІҢ  
ҚАРАПАЙЫМ  
ӨМІРІМ









Сауытбек МӘДІМӘ РҰЛЫ

# МЕНІҢ ҚАРАПАЙЫМ ӨМІРІМ

*(50 жылдығыма орай)*



827.072.19^21

УДК 070

ББК 76.02

М 26 М 35

М 26 Мәдімәрұлы С.

Менің қарапайым өмірім - Алматы: "Үш Қиян", 2013. - 352 б.

ISBN 978-601-7194-47-5

Өз басынан кешкен өмір талқысын оқырман назарына ұсынып отырған жанның көздегені өзгелерден мәртебе немесе сый-сияпат дәмету емес. Балалық шағы сұрапыл соғысқа тап келіп, буыны бекімей ауыр еңбекке араласқан Сауытбек Мәдімәрұлының өз ғұмырынан көңілге түйгені де көп, айтары да бар. Өмірбаяндық тұрғыда жазылған шығармасында өз ортасындағы өмір құбылыстарын сипаттауға тырысқан.

Кітаптың екінші бөлімінде адамзат тарихында орны бар тұлға Бабырға, оның еңбегіне қатысты әсері мен көзқарасы қамтылған. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК 070

ББК 76.02

ISBN 978-601-7194-47-5

© Мәдімәрұлы С., 2013

*Толық есім кірген соң, балалыққа бармадым,  
Жетім-жесір тағдыры, сол болды тек арманым.  
Жасқа дейін үш мүшел-тірлік қуған кезеңім,  
Одан кейін өмірді әділдікке арнадым*

## АВТОРДАН

1. «Өмірден не аларыңды емес, артыңда не қалдыратыныңды ойла» депті.

*(Асқар Сүлейменов).*

2. «Ақыл-ой еңбегінің ең маңыздысы және пайдалысы өткен оқиғаларды жазу» депті бір данышпан.

Мен де өз тарапымнан өткен өмірімді, ой-өрісімнің болмысын және болған оқиғалар барысын жаза бастадым.

2. «Дүние деген не? Адам осы бір пәнидегі өткінші өмірін қалай қабылдауға тиіс? Адам баласы осы дүниеге не үшін келді және қайда кетіп барады?» - депті. («Мұхаммед пайғамбар» кітабында 313-бет бір хадисінен).

Өмірдегі ұстанымым іспетті осы мәселе мені де ойлантпай қоймады.

Осыдан соң үшінші мүшел жасымнан бастап әуелі арақ ішуді, карта ойнауды қойып, көп жыл істеген еңбегім сауда жұмысынан бас тарттым.

4. «Кез-келген ақыл-ес иесі жылпы санасымен еңбек етеді» - депті.

*(Гете).*

Шала-сауат болмысымды, ақыл-ес, сезім-ойымды ұштап, ізденіп еңбек ете бастадым.

5. Кез-келген проблеманы нақты шешудің негізгі кілті жүйелі сараптамада жатыр – депті.

*(Л.Фон Берталионфи).*

Менің де шығармаларымдағы сараптамаларым өмірдегі болған оқиғаларды салыстырудан туындаған.

6. «Мәлайани» - адамға ешқандай игілігі жоқ, оның бүгінгі мен ертеңіне пайдалы емес қажетсіз нәрселермен айналысу. Сондықтан да мұндай іс не отбасына, не еліне ешқандай жақсылық әпермейді.

Исламның асыл қасиеттерін бойына сіңірген адам осы секілді бос мағынасыз әрекеттер мен әдеттерден де аулақ болады.

Хадис адамға дұрыс бағыт көрсетуде. Адам үнемі ұлы да асқақ істермен айналысуы керек. Айналысқан ісіне тікелей не жанама түрде өзіне, әрі отбасына, әрі қоғамға да пайдалы болуы тиіс. Байсалды да салмақты адамның анықтамасы осы» - депті. («Мұхаммед пайғамбар» кітап, 275-беттегі хадисінен).

Демек мен үш мүшелі жасты рухани ешқандай болашаққа игілігі жоқ әрекет-істермен айналысып, уақытты босқа өткізгеніме өкіндім. Бұдан кейін ойлана келе шала сауат білімімді дамыта оқып ізденіп, ақыл-ес сезімімді де ұштап, өмірдің сан қилы болмысына басқаша қарай бастадым.

7. «Құдай ақыл-парасат емес, ақыл-парасатты тудыратын себеп: ол рух емес, рухты тудыратын себеп; ол жарық емес, жарықты тудыратын себеп» депті. (Ертедегі жазбадан).

Әрбір ойлы, байсалды, салдарлы, салмақты адам үшін әрқилы өмір болмысында ойланатын себептер көп. Сол үшін қарапайым мен де ойлана келе сана-сезімім жеткенше мына өмір тудырған неше түрлі себептерге жауап іздеп, соны өз әлімше өрнектеп шықтым.

8. «Барлығы бірдей тең және ортақ мүлікке ортақ иелік еткен қоғам – ең ізетті қоғам болады» - депті.

*(Жан Мельен)*



Қазақ халқы жетпіс жыл тірнектеп жиған ортақ байлығын жекешелендіру кезінде өздеріне бірдей тең иелік еткен жоқ болса, тағы жеріміздің асты-үстіндегі байлығымызға да қазақ халқы толық иелік ете алмай отыр. Бұл да маған себеп туғызып, ойлантпай қойған жоқ.

9. «Мен өзім бақытты болу үшін емес бақытты адамдардың арасында өмір сүру үшін күрестім» депті.

*(Ж.Руссо).*

Менің де карапайым өмір жолымдағы ізденіс ой талғамдарым, демек поэзиям мен прозам осындай мақсаттардан туындаған.

10. «Өмірдің мақсаты - өмір» - депті.

*(Давид Хотч).*

Қазақ халқына өмірдің мөлдір мәнді мақсатын, әрі тыныш, аман өмір сүруін тілеймін.

11. «Қиямет күні адамзат баласынан өмірін қалай өткізгені (жастық шағын, кәрілік кезеңін), жиған-терген байлығын қалай тапқанын, неге жұмсағанын, алған білімін қайда пайдаланғаны туралы сұралады» - депті. (Мұхаммед пайғамбарымыздың хадисінен Ибн Маууд).

Алла қиямет күнін болдырмай-ақ қойсын деп тілейік.

Онда да болса осы хадис сұрағына ептеп жауап беріп қойған сияқтымын.

12. «Біздің білетініміз – тамшы ғана, ал білмейтініміз - мұхит» - депті.

*(Исаак Ньютон).*

Мен өмір жолым мен болған оқиғалардың және ой-мақсаттарымның тек тамшысын ғана өрнектеп шықтым.

13. «Өз ұлдарына ұлылығы дарымаған қаншама ұлы тұлғалар бар» депті. («Мұхаммед пайғамбар» кітап, 414-бет)

Мен бұларға қарағанда кіммін: онда да болса қарапайым қасиет тектілікті тәрк етпеуін ұрпағыма өсиет ете отырып, олардың болашаққа ақырын бер деп Алладан тілеу тілеп келемін.

14. «Аллаһым барлық істеріміздің ақырын жақсылықпен бітір, бұл дүниеде маскара болудан, ақыретте азаптан сақта» депті. («Мұхаммед пайғамбар» кітап, 327-бет).

Мені де осындай ойлар жегідей жейді. Сол үшін де бұл өмірім мен о дүниемді қоса және шығармаларыма да осы кұран дұғасын тілеп, поэзиям мен проза кітаптарымды қайта қарап шықтым.

15. «Ең сұйық сиямен жазылған сөздің өзі басында жүрген тамаша ойлардан әлде қайда артық» депті бір данышпан.

Шала сауат болмысыммен осыншама кітап жазып, артыма және болашаққа қалдырдым. Артық-кеміне келешектен және оқырман қауымнан кешірім сұраймын.

Қош аман бол, болашақ және оқырман қауымым!

\* \* \*

Шығармаларымның жағымды-жағымсыз оқиғаларына және кейбір кейіпкерлерге қатысы бар аяттан, хадистен, мақал-мәтелден, көсемсөзден жиі-жиі пайдаландым. Өйткені оқырман қауымға әсер етсін деген оймен.

*Жамансыз жақсы болмайды.  
Халық мақалы*

## СӨЗ БАСЫ

Осы өмірбаянымды жазуға отырарда көп ойландым. Өйткені ертелі - кеш бұл жазбалар жарық көретіні анық. Кітаптың да кітабы бар. Мен оқырман қауымға ғибрат аларлықтай не ұсынуға тиіспін? Әйтеуір жіпке тізгендей етіп, өмір жолымды айта бергенде жалықтырып аламын ба - деген сияқты сан қилы ойлардың түйіні шешілмеді. Осылайша іштей арпалысып жүрдім. Оның үстіне шалғай ауылда қарапайым ғұмыр кешкен шаруа адамының бірімін. Бұлай дегенде осы бастан бір жайтты ашып айтқым келеді.

Ол о бастан өзіме-өзім көңілім толмайтындығы. Оқымысты ғалым, көреген данышпан, аузы дуалы ақын - жазушы емеспін. Олардың дулы ортасынан да аулақта тірлік кештім. Қарапайым еңбекшіл және жайсан, ары таза адамдарға қызығамын. Мұның ішінде әсіресе ақиқатшыл, турашыл, қанағатты адамдарды пір тұтамын.

Міне, осындай бағалы қасиеттердің ішінен маған тым болмағанда сауаттылығы да бұйырмағанына қатты өкінемін. Егер адамдарды бойларына жинаған қасиеттеріне орай жақсы-жаман деп екі топқа бөлер болса, мен өзімді өз топшылауымда сезімсіздер яғни, нашарлар тобына жатқызған болар едім..

Бұлай деуге үш негіз бар.

Біріншісі: менің шала сауаттылығым.

Екіншісі: көркем тілді меңгермесем де қаламға ұмтылып, "әлін білмеген әлек" - дегендей, әліме қарамай әлек болып, сана сезімімнің кеш оянуы.

Үшіншісі: еліме, туған жеріме ауыз толтырып айтарлықтай еңбек сіңірмегендігім..

Өзіме қатысты көп олқылықтар ішінен осы үшеуі мені қатты қинайды. Ал, енді өзімді өзім бағамдай алмайтын кемістіктерім қаншама десеңізші. Десек те "Жамансыз жақсы болмайды" - деген халық мақалы ойыма түсіп соны медеу тұттым. Жамандардың

(карапайымдар) арқасында ғана жақсылар жақсы ретінде танылады ғой.

Сонау Абайдан бастап, Мұқағалиға дейін оның дарынына бас иіп сүйенетін ақын-жазушылар түгіл, қаламды толық ұстай алмайтын жай адамдардың өзі, оларды бір-бір айтып өйтпесе қаламы сүрініп, ойы басылып қалатындай сезінуі соның септігі-ау деймін. Міне, мен де солардың бірімін.

Демек, "Жамансыз жақсы болмайды" деген мақал тек қана адамдардың жақсы-жаманына ғана айтылып қоймай тіршілік түйіндері үшін де айтылған сияқты.

Бұған да үш дәлел келтіре кетейін.

Біріншісі: ағайындылар арасында біреуінің өзгелерінен пысык яғни, жақсы болуы мүмкін.

Сөйтіп, жаңағы жақсысы өзінің карапайым туыстарына жұмысын істетіп, еңбегін жеп қарайласпай кетсе – ауыл ағалары -- Ей, осы жамандарың (карапайымдарың) малыңды бағып, жұмысыңды істеп, көмегін беріп, сені оқытып, осы халге жеткізіп еді ғой. Бүгінде сен осы жамандарыңның (карапайымдарыңның) арқасында жақсы болдың. Көзіңді ашып қара – деп мойындатып отырып бас идіреді.

Екіншісі: малшы не жай шаруа адам болсын, әйтеуір атқа құмар адамдар жүйрік, жорға жүрісті жақсы деген атын тек қана жиын-той, жолаушы қыдырысқа мініп, күнделікті бітпес тіршілікке жай шаруа атын мінеді.

Егер түсінбес біреуі күнделікті тіршілікке жақсы атын жиі мініп қойса -- "Атты ат сақтайды, асты ас сақтайды" дегенді айтып басқасы киналады. Соған тоқтам беріп өз ойын іске асырады.

Үшіншісі: әр адам күнде жаңа киім кие бермейді. Тойға, мейманға, жиынға барғанда киетін киімдерін, күнде кие берсе -- Үзбей кие жаңа киіміңнің де өңі түседі. Одан да өңі түскен киіміңді үй арасына киейші: "Жамансыз жақсы болмайды", - деп үлкендері киналады. Соған бейімдейді.

Міне, осындай көп мысалды өмірде көзбен көріп, құлақпен естіп, бастан кешіріп жүрміз. Мен де пендемін ғой өмірге құштар талпынысым бар жақсысына сүйсініп, жаманына күйінемін. Осы еңбекті жазардағы мақсатым өз өмірімді жаза отырып, ақиқатты ақиқат калпында кейінгіге жеткізу. Яғни жақсы ісім болса

жадырап, нашар қылықтарым болса сабақ алсын деген ниет.

Біздің кемелденген бейбіт өмірімізде кейбіреулер ақиқат пен шындықты құр бос сөз қылып жүргеніне қиналамын,. Кейбір кезде көзіме жас та аламын. Қорыта айтқанда, қолдан келсін, келмесін проза мен поэзияға ұмытылысымның өзі тек қана ақиқат пен шындықты аңсау еді.

Ескерте кетейін ақиқатқа нұқсан келмес үшін, "көзбен көрген рас, құлақпен естіген өтірік" – дейді халық. Сол үшін естігенімді естідім – деп ескертіп отырамын, ақиқатқа бұлдыр жері болса келешек оқырман ескеріп отырар. Осы жазып отырған менің қарапайым өмірімдегі болған оқиғалар бұрын болғанмен кейін жазылып отыр ғой. Сондықтан сөз орайы келгенде бұрын-сонды болған оқиғалар мен ой толғаныстар қатар айтыла кетеді.

Ал келешек оқырман төрелігі өздеріңде дегім келеді.

## І – БӨЛІМ

### ЖЕТІМДІК ӨМІРІМНЕН

*Тірі адам көп нәрсені көреді  
М.Қашқари*

#### Әулет

Мен біздің әулетті үшінші бабамнан бастап сөз етуге тиістімін. Естуімше Дүйсебай бабам құдай жолына берілген адал адам болған. Ол туралы өз өңірі арасында тараған әңгімелер көп. Көзі тірісінде “дуана”, “әпенде”, “баланың сөзін айтады” - деп төңірегі аса қадірлемеген.

-- Жерді бассаң байқап бас, жәндік болса өлтіресің. Басқа түгіл зиянкеш жыланды да өлтірме, обалын көтересің. “Тырнақ етке - мейман, ет тырнаққа - мейман”. Балаларды үлкендерден ары сыйла, оның жүрегі үлкендерден таза. Таныс адамдар да бір-бірімен ренжісе ме екен - деген сияқты көп іс-әрекеті мен сөздеріне кейбіреулер күліп, келемеждеп жүргендер де болған.

Дүйсебай дуана өлетін күні (кұрбан айт күні) ертемен үй ішін ерте тұрғызып – Мен бүгінгі түс мезгілінде о дүниеге аттанамын ағат кеткен жерлерім болса кешіріндер – деп қоштасу уәзір-мәзір айтысқан. Бірақ денсаулығының мықтылығына қарай үй-іші сөзіне мән бермеген. Сөйтіп, түскі намазда басын құбылаға қойғаннан қайтып көтермеген. Қайтыс болғаннан кейін, оның бейітінен шырақ жанған соң, халық оны көзі ашық әулие – деп атын көпке жайған.

Дүйсебай әулие өмірден өтетін күні Жексенбі Өсерұлы деген алты жасар немере баласы қойнында жатқан. Осының бәрін сол кісіден естідім. Жексенбі Өсерұлы 1977 жылы дүниеден қайтты.

Дүйсебай бабам туралы "Ақ түйме сыры" деген деректі әңгімем газеттен жарық көрді. Сонда бастан аяқ баяндалады. Осы орайда тағы айта кетейін. Әкем қайтыс болғаннан кейін есім кіріп

қалғанда үйіміз малды ауылда болатын. Мен қатты ауырдым. Бұрын малшылар үшін адам дәрігері деген болмайтын. Ауруым қатқыл болғандықтан колхоз орталығынан Есенәлі деген бақсыны шақыртты. Ол кісі қалтасынан кішкене дорба алып, содан бір қасық тапырақты кесенің түбіндегі суға салып араластырды да, ылай су аралас топырақты маған ішкізбек болды. Мен топырақ - деп ішпей қойдым.

– Ішіп қой қарағым бұл Дүйсебай әулиенің қабірінен құран оқылып алынған топырақ, ауырған науқастарды топырақ қосып сумен емдеп жүрмін – деді.

Мен бір сәт аңырап жаттым да ішіп салдым. Содан жазылып кеткенім әлі есімде.

Дүйсебай әулие менің үшінші бабам екенін кейін білдім. Ол кісінің бейітінен түнде шырақ жанып тұрады екен. Оны білетін жүргіншілер бейіттің тұсынан өтерде құран оқып қол жайып, әйел адамдар көліктен түсіп көлігін жаяулап мінәжат етіп өтеді екен.

Бір жолы Құрман деген қария сиыр жайып жүргенде Дүйсебай әулиенің төңірегіндегі бір мүрдеге мініп жүрген түйесі аяғын тығып алады. Содан екі құлағы тас болып бітіп, саңырау болып қалған. Сол күні біздің үйге бір қой әкеп құдайы беріп, кешіне әкемді ертіп Дүйсебай бабаның бейітіне түнеп мінәжат қылады.

-- Байқап жүр балам – деп түсінде аян береді.

Ертеңіне екі құлағы ашылып естіп кетеді. Бұл әңгімені Құрман қарияның аузынан естідім. Ол кісі бертінде мен отызға таяғанда өмірден өтті.

\* \* \*

Екінші бабам Дүйсебайдың баласы Тұңғышәлі. Ол кісі туралы айтарлықтай сөзі де, ісі де жоқ. Көп балалы жай шаруа адам болған көрінеді. Атақты мешін (1932 жылы) жылы өмірден өткен.

\* \* \*

Өз әкем Мәдімәр Тұңғышәліұлы он баланың үлкені болған. 1889 жылы туып 1945 жылы өмірден өтті. Әкем туралы поэма, повес, әңгіме, өлең жазғандықтан қайталап жатудың қажеті жоқ. Кейбір тұстары қайталанып айтылуы мүмкін.

Біздің әулет біреулерге жалданбаған не біреуді жалдамаған, өз ұсақ шаруасын айналдырған қарашаруа болған көрінеді.

\* \* \*

Мен әкем мен анамның сағынып көрген алғашқы перзенті екенмін. Мені туардан бір жыл бұрын -- Ұл туасың ұлыңның атын Сауытбек қой - деп анамның түсінде бір ақсақалды кісі аян береді. Сөйтіп мен әкемнің 51 жасында, анамның 27 жасында өмірге келіпін. Бұл 1940 жылдың 1 октябрі екен. Бірақ туу туралы куәлігімді 1941 жылдың 20 майы деп кейін алыпты.

### Әке өліміне қуануым

Әкем Мәдімәр Совет өкіметі орнап, жаңадан колхоз болып ұйымдасқан соң өз ауылының тұңғыш қойшысы болыпты. 1945 жылдың жаз айында жайлау Балажайсанда ертең ерте қой бағып кеткен әкемнің отары өз бетімен келді. Екі қолымен өз бетін тырнап жыртқан анам атты адамға жаяу жеткізбеген күйі әкемді іздеп кетті. Басқа көршілер де бірге іздесіп, өлген әкемді тауып әкелді.

– Әкемнің өлгені жақсы болыпты – деп қуаныппын. Біздің үй соғыстан кейінгі қиын уақыттың өзінде сол өңірдің тұрмыстысы екен. Біз анда-санда колхоз орталығына барғанда мені бір үйдің еркесі ретінде, әрі бар үйдің баласы дей ме, немесе әкем қадірлі ме, колхоз басқармасынан бастап жай ойнайтын балаларға дейін айтқанымды істеп еркелететін көрінеді.

Соған бола әкеме колхозға көшейік - деп қиғылық салады екенмін. Әлгі әке өліміне қуанғаным сондықтан болса керек. Осы қылығымды кейін есім кірген соң естідім. Бір нағашы апам әке өліміне көңіл айтуға жаяу келе жатқанын алыстан көріп алдынан шығыппын.

-- Әкем өлді жақсы болды, біз колхозға көшетін болдық-деппін. Осыны кейін есім кіргенде айтқанда қатты ұялып кірерге жердің жарығы болмайтын. Барлық құрмет әкемен бірге кететінін сездірмеген балалыққа не дейсің.



## Балалық шақ

Әке сүйегін колхоз орталығына қойып келгенше онға тарта қой жоғалыпты. Колхоз бен өзіміздің жекеше қой санының айырымын анам білмейтін болып шықты. Ауырмай - сырқамай әкем қапыс қайтыс болған соң жұмысы бұлынғыр болды.

Бастықтар не айтты сол заң. Отарды басқа кісіге өткізгенде біреулердің және анамның айтуынша бізде жүзге жуық қой, онға тарта ірі қара бар көрінеді.

Осы малды баға алмайтын болғандықтан әкем баққан отарға анам түнгі қарауыл болды. Әке қазасына қуанын “колхозға көшетін болдык” - деген мысық тілеу аяқсыз қалды. Біздің үйге әкем барда ішем, жеймін, аламын - деп келе ме кісі көп келетін. Келген кісілер “Мәдекеңнің мырзасына сәлем бере келдік” - деп құдайдан сұрап алған мені қолнаштай алдаусырағатыны кейін жүре есіме түсті. Асыр салып шолжаңдаған мен асылып жатқан қазандағы етке, өзімше ет ұрлап салып, мына жерде тығып қойған қазы, қарта, тары, жақсы май, жаман май (жақсы май сары май, жаман май тоң май) бар - деп бәрін келген меймандардың алдына жайып салады екем. Оған әкем мен анам қолымды қақпай мәз болатын көрінеді. “Анаңның тағы тыққан несі бар” - деп тағысын тағы айтқызады екен.

“Бар мақтанса табылады, жоқ мақтанса шабылады” - дегендей, сол уақытта елдің көбісі үнемсіз екені рас. Міне, осының көбісі маған елес сияқты бірін білсем бірін білмеймін. Кейін өз тізгінімді қатарымнан бұрын игеріп баршылыққа тез ие болғанымда “ниеті басынан ілгері болатын” – деп жеңгелерім осы істерімнен үзік-үзік сыр шертетін.

Әке қазасынан кейін ағылып жататын қонақтар келуін сиретті. Кездескен жерде еркелетпек түгіл танымастай сезінді. Сөйтіп менің балалық шағыма көлеңке ерте түскенін өмір сездіре бастады.

Оның үстіне “аса дәулет басқа бейнет” демекші әке қоры мені балалық шақтан тез арылтты. Басынан атқа мінуге өте құмар едім. Жүкті түйеге артып көшкеннің өзінде басындағы тізбектелген түйеден бастап, аяқты түйеге дейін, бірінен соң біріне жүріп бара жатқанның өзінде, таутекеше секіріп мініп шығатынымын.

Түйенің бұйдасын төмен басамын да қарғадай болып басына жабысамын, ол басын жоғары көтергенде үстіне өрмелеп шығамын. Міне, сөйтіп жалғаса береді.

Қалай әкем көз жұмды солай анам жұмсаған барып кел, айдап сал, айдап келді менгере бастадым. Ол кезде інім Әбдіманап бір жарым жаста болатын.

Сөйтіп қайран балалық шақтың еркіндігі әкеммен бірге кетті.

### Нашар оқыдым

Сегізге шығарымда колхозға көшіп келіп, мені оқуға берді. Мектепке барғанда күнде бір таба нан апарамын. Кейбір балалар наным таласып ұрсысып қалады. Кейбіреуіне бермей қойсам нанымды үлкендер тартып жейді. Ауылдағы елдің жағдайы осындай екен. Соғыстың кесірі ғой.

Бірінші класты бастан нашар оқыдым. Оқудан гөрі үй тірлігіне бейім болып өстім. Әр апта сайын кем дегенде екі күн кейде одан да көп оқудан қол үзіп жүрдім. Өзімнің де оқуға деген құлқымның аса жоқ екенін жасыра алмаймын. Оқудан қала берем бе деп анам жұмсағанына бармай қойсам болады ғой. Оған өзім де оқудан гөрі атқа мініп алып, түйелер мен жылқыларды баққанға қызығатын сияқтымын. Оның үстіне менің нашар оқуыма көп кедергі себептер де бар. Соның бәрі құрала келіп, мені оқудан күдер үздіруге себепші болғандай.

Бұл жайлар келесі тарауларда айтылады. Оқылатын пәндердің ішінде ең сүйіп оқитыным есеп пәні. Кейбір кезде мұғалімнің өзі оқушылардың үйге берген жұмысын маған тексертетін. Сонда өзімнен үлкен балалардан ұялатыным әлі есімде.

Қорыта айтқанда, жеті жылдық мектепті сегіз жылда әрең тауыстым. Демек, бір класта екі жыл оқыған кезімді қалай ар алдында жасыра аламын. Жетінші класты тауысты деген куәліктің есептен басқасының бәрі орта деген баға.

Оның көбісі екіге тән екенін ақиқат алдында мойындауға тиістімін. Кейін сана сезімім ояна келе, оқуды нашар оқығаным, оны жалғастырмағаным ең болмаса оңды тауыспағаным өмір бойы өкініп келемін.

## Қорғансыздың күні

Әкем көз жұмған соң топырағы кешпей жатып, Үмбетқұл деген біреу қорлық көрсете бастады. Төрт баланың үлкені мен болғандықтан барлық ауыртпалық маған түсті. Көбінесе анам тірлігімен қоғам жұмысына кеткенде, оқудан қол үзіп екі кішкене қарындасым мен ініме қарайтын баяғы мен.

Кейде сырттағы үй тірлігіне мен кеткенде балаларға анам қарайды. Сол кезде анам көп аурушаң болды. Үмбетқұлдың біздің отбасымызға істеген қорлығын "Әке қабірін іздеген жетім" деген поэмада, "Күміс той" повесінде толық айтылғандықтан ат үсті ғана лажсыз тоқталу керек боп отыр.

Үмбетқұлдың үй іші әйелі-балалары болса да біздің үйден қол үзген емес. Анам әкемнің отарына түнгі қарауыл болған жылдары Үмбетқұл колхоз қойларына бір жылдай завферма болды. Осы аз уақыт ішінде қоғамның бес жүз қойын жаратып қойған.

Сонда біздің отыз қойды тоқтысымен алпыс басты кем малдың орнына сыртымыздан салып жіберген. Кейін кемі әлі толмаған соң анам екеуіміз жиырма қойды екі бөліп колхозға өткізгеніміз әлі есімде. Бұрынғы алғаны аздай мұны неге өткіздік білмеймін. Бәрі шешемнің ісі ғой.

Әкем мен туған жылдан бастап, маған арнап төрт түлік малдың аталық басынан төрт мал жіберіпті.

– Сауытбегім оқуға барғанда сүндетке отырғызып үлкен той жасаймын, сонда жаратамын – деп ырым қылған көрінеді.

Соның серкесінен баскасының бәрін Үмбетқұл жаратып жіберген. Тағы маған арналған жүйрік шұбар атты зорықтырып өлтіріп, терісін көрсетіп тынды. Содан соң маған арналған жорға атты Үмбетқұл құрта ма деп, әрі колхоз басқармасы – мен мінейін колхозға сат – деген соң сатып тындық.

Қалған қойларды шетінен пұшпақтап маза бермеген соң жиырма бес қойды колхозға беріп бір іңген түйе алдық.

Колхоз орталығында әкемнің салған үйі бар болатын. Ол үйді Үмбетқұл бір сиырға сатып, Абаш деген кісіге айдатып жіберді. Біз содан соң әкемнің інісінің үйіне кіріп алдық. Біз колхозға көшіп келсек те үйге келіп жатып алатын. Жатқанда тегін жата

ма өзі сияқты ішкіштерді жиып келеді де, қой сойғызып арақ алдырып опыр-топыр болып жатады.

Бұл шығынды шешем ауырсынбай баяғы байдың үйі әке қорын жырмалаумен болады.

Жетімдердің аузынан жырып алғандай екенін ауыл адамдары сөз қылады да қояды. Сондағы мені қинайтыны мініп келген аты еді. Кешіне алыс жерге апарып тұсаймын, ертеңгісін тәтті ұйқының уағында барып әкелемін.

Маған ұрыспақ түгіл талай мәрте қол жұмсаған кездері болды.

Демек келешек оқырман көрген-білгенімді айта берсем таусылмайды. Ал енді мен көрмеген, сезбеген, естімеген қиянаты қаншама десеңізші. Бұл бір-екі жылдың ғана ісі емес бәленбай жылдың іс-әрекеті ғой. Шаңырақтың шырқын бұзып, шайқалтып, іргемізге дейін ауыстырды. Біздің отбасымыз мен тізгінімді игеріп алған соң ғана Үмбетқұл қиянатынан құтылды.

Сөз орайы келгенде айта кетейін. Үмбетқұл бізге жасаған қиянатынан екі-үш есе ауыр жағдайға душар болды, оның шаңырағы шайқалып өзі қор болып өмірден өтті. Оны мен не басқа тілеген жоқ. Өзінің ісіне қарай тағдырдың не күдіреттің қайырымы ма деп ойлаймын.

## Толқын

Мен бірінші класқа барған жылы, бірақ қай мейрам екенін анық білмеймін. Не 1 май, не 7 ноябрь мерекесі ме әйтеуір осы екеуінің біреуінде атшабысқа барғаным есімде.

Сол кезенде халықтың бәрі еркек, әйел демей мүмкіндігі барлары атшабысқа баратын.

Бәйге, көкпар, тойға біздің артық бас аттарды аты жоқтар сұрап мінетін.

Солармен бірге бәйгеге мен де барамын – деп анама киғылық салдым. Лаж жоқ мені бара жатқандарға табыстап жіберді.

Қазір ойласам ауылдан қырық-елу шақырымдай жерде болады екен. Менің мұндай дүбірлі мерекені алғаш көруім. Кейін білдім сол уақытта біздің ауданда қырық жеті колхоз бар екен. Соңырақта ірілендіріп бір-біріне қосқан. Соғыс жеңіспен аяқталып, халықтың еңсесі көтерілген, өте бір қуанышты уағы.

Ат бәйгесінде ел сұмдық көп екен. Қазақ халқының өзіне тән ұлттық ойындары болып жатты. Соның ішінде маған ерекше әсер еткені қыз қуу болды. Қыз алдында жігіт артында екеуінің аты да өрен жүйріктер екен, бір-біріне жеткізбей елікше ағып барады. Сол мезетте осыны қызықтаған қарақұрым халық бір дарияның толқынындай мені ілесіп барған жолсеріктерімнен ажыратып жіберді. Атым мықты ма жоқ өзім жас болсам да ат үстіне ыңғайлымын ба атты адамдар толқыны ары-бері қақпақылдап, ығыстырса да жағаға соқтыққан толқындай әркімге бір соқтығып, құламай жүрмін.

Осы жиында аттары құлап, аты не өзі мерткікендер баршылық. Сол күні толқын ортасында лағып жүріп, танитын бір адам таппадым.

Сонда бір колхоздың адамы бұл жиынның ішінде дарияға тамған бір тамшыдай болғаны ғой. Кеш болды. Қазақтың ұлттық ойындары аяқталды, ел тарай бастады. Мен қайда баратынымды білмеймін. Ауылдың қай жақта екенін білсемші. Көзімнен жас шығып қорқа бастадым. Лаж жоқ елдер шуап бара жатқан жаққа қарай ілесе беруге тура келді.

Осы жолда екі кісі ұрсысып бара жатыр екен. Ат үстінде сабаласпаса да, соған жақын. Маған соның біреуі таныс сияқты болып көрінді.

Бірінші класқа алғаш барғанда мені көтеріп бетімнен сүйген. Сонда жетім жүрегім бір сейіліп мейірім шапағаты көңілімді көтерген болатын. Аты жөні Сары Хасенұлы жеті жылдық мектептің директоры екенін кейін білгем. Міне, сол кісіні танығанда қуанған жүрегім жарыла жаздады. Сары қарсыласымен әлі ұрсысып бара жатыр. Мені сезінетін емес. Ашу әбден қысқан. Әйтеуір кетіп бара жатыр. Қайда баратынын білмеймін. Мен соңынан қалмай, қара көріп келемін. Іңір арасында артымнан қуа келген іздеушілер мені тауып алды. Ал, Сары Хасенұлы сыртынан мият тұтып, ілесіп отырғанымды бүгінге дейін білмейді.

Сол бір жас кезімдегі оқиға мен үшін қарақұрым жұртты, көп аттыларды тура бір дария толқынындай ойымда мәңгі сақтапты.

### Алғашқы олең

Өлеңді төртінші класта оқып жүргеннен бастап жаза бастадым.

Әрбір тосын істің бастамасы арқылы келешегі жалғасатыны белгілі. Поэзияға қалай келгенімді осы тұңғыш өлеңім арқылы тоқталып өтпекпін. Сол үшін қалай жазғанымды толық айтуға тиістімін.

Төленбай дейтін кластас жолдасым болды. Оқуы менен тәуір, бірақ мактаншақтау еді.

Мактанатын да жөні бар. Бізбен бірге оқитын үш-төрт жас үлкен балалардың бәрін жеңетін. Төртбақ келген жуан. Өте шымыр. Қатары түгіл ересек балаларға карағанда ересен күшін басы орнымен тәсілді жұмсайтын. Сонысына карағанда ешкімге маған тиіспейтін. Момын. Сөзге де іске де олақ еді.

Бір күні мектепте үзіліс арасында үш баланы бірдей көтеріп алды. тағы төртінші балаға маған мін десе мінетін жері жоқ болып қызық болды.

Төртінші баланы да көтеретін күші бар тұғын. Міне, осы оқиғаға тұңғыш өлең шығардым.

Ей балалар келіндер  
Келіп маған мініңдер  
Оң иығыма біреуің  
Сол иығыма біреуің  
Арқама тағы біреуің  
Үш бала жүгіріп келді де  
Мініп алды үстіне  
Менің күшім қандай – деп  
Жүгіріп келді балаларға  
Балалар оны мазақтап  
Төкең қандай күшті – деп  
Төкең оған мақтанып  
Төртеуің де келсең де  
Тоймаймын – деп бұл жүкке  
Мактаншаққа салғаны  
Сөйтіп қызық болғаны.

Міне, қараңыздаршы көркемдігі нашар болса да тұңғыш өлеңім болған соң толық тоқталып отырмын. Осыдан соң өлең жаза бастадым. Баспа орындарына ұсынбасам да қатарларыма ауыл жайлы жеңіл өлеңдер туып тұрды. Өлеңнің соңына түсіп ізденбегеніме, әрі әдебиетті нашар оқып, әдеби кітаптар оқымағанымға өмір бойы өкініп келемін.

## Қарсыз қыс

Біздің көшеде Тұрар Алдабергенұлы деген иман жүзді кісі тұрды. Мені жас болсам да, үлкен кісі құсатып қасына ертіп жүретін. Кейбір майда-шүйде істің түйінді шешімін бір үйдің азаматы ұқсатып айтушы еді. Ұлы Отан соғысының зардабынан ол кісі көп ауырып жүріп содан отыз жетісінде дүние салды.

Қаншада екенімді есімнен шығарыппын. Он мен он үштің ортасы-ау деймін. Кешкісін Тұрардың үйіне бардым. Жетім дегеніңе кім жылы ұшыраса соны жағалайтын әдеті ғой.

Тұрар үйінде қатты ауырып жатыр екен. Үйінің іші де ауруға ауру қосқандай суық.

Сол жылғы қыста қар жұқа болса да қыс қыстығын жасап аяз болып тұр. Сол бір уақытта ауқат пен отын бірдей қат болатын. Тас көмір дегенді ауылдық жер білмейді. Осы орайда шегініс жасай кетейін. Біз колхозға қалай көшіп келдік, солай сексеуіл тасыдым. Анам сексеуіл-томарға баратын адамдарға жалынып, түйе жеккен арба не шанамен мені жіберетін. Томардың ішінде колхоздың қойын бағатын Уатай Өсерұлы деген туысымыз томарды тиеп беретін.

Сөз орайы келгенде Уатайдың көп қол ұшын бергенін айтуға тиістімін. Мен үшін бұл парыз. Осы ойыма түсіп, кейін Уатайдың жетімдері Сайлау үйленгенде туайын деп тұрған іңген түйе беруім соның айғағы. Бұдан басқа да талай қол қайырымымды аяғаным жоқ, аямаймын да.

Сөйтіп томарды өзім алмасам да балғын денемнен өткен жолдағы суықты қайтесің. Талай мәрте суыққа ұрына жаздадым. Қол аяғым суықтан сіресіп, көлік үстінен әркімнің түсіріп алған кездері болды. Уақыт өте елу жасқа жетпей құлағымның естуі нашарлауы осының зардабы-ау деймін.

Енді өзімнің кезекті сөзіме жол берейін.

Міне, бірте-бірте томар тасуға шебер болып шыңдалдым. Ауылға томар сатып та тіршілік қамын істеймін.

Сөйтіп Тұрардың жағдайын көріп жетім жүрегім елжіреп кетіп – Маған колхоздан көлік сұрап әперіңіз томар әкеліп берейін - дедім.

Бұрын колхозда белді қызмет істеген Тұрар Алдабергенұлы

бір түйе сұрап әнерді. Шана шегуге қар жұқа арба жегіп томарға жалғыз кеттім. Күн аздап жылып, жолға қар еріп мұз қатқан екен. Ауылмен томар алатын жердің ара қашықтығы отыз-қырық шақырымдай жер. Ауылдан түн ортасында шығып, күн батарда томарды тиеп қайтқан кезім.

Жол жөнекей жұқа мұз арбаның салмағын көтермей ойылады да, тілдей табаны мұзға қадалып, тұрып қалады. түйенің табанына ойылмайды. Міне, қорлық, мұз ойылып кеткен соң, түйе мұзға тайғанап жығылады. Түйе қайта-қайта ұмтылып, бір жығылып, бір тұрып жүргенде арба аздап алға жылжи-жылжи мұздан шығады.

Сөйтіп түйе талай жығылып, талай тұрып жүргенде жанына жантая жығылған арбаның оқтығы сынды. Түн болып кеткен. Лаж жоқ оған да бір әрекет жасау керек болды. Оқтық қиялап сынған екен. Сынығын бір-біріне туралап алып арба тізгінін (можы) орай байладым. Түйе үстіне мініп арба тізгіні жоқ болған соң. Жанағы мұз ойылып кеткен жерден әрең шыктым-ау. Түйе оқтық сынғалы сырғындай жүре алмай құлаған жағын әрең сүйретіп, таң ата ауылға әрең жеттім. Түйемен екеуіміздің көрген қорлығымызды айтып жеткізу қиын.

Түн қараңғысы албастыдай болып тұрды. Қазір ойласам жетімдік тұмыр дегенің жаныңнан бездіріп өлген-тірілгеніңе қаратпай, әйтеуір алға қарай талпындырып тіршілік қамын жегізеді-ау деймін. Сол уақытта он жастың о жақ, бұ жағындағы бізді ешкім бала деп мүсіркемейтін. Басымнан кешкен көп қорлықтарымның бірі ретінде осы оқиғаны оқырманға ұсынып отырмын.

Сонымен әрең дегенде Тұрардың үйі отынды болып, үйі жылыды. Бірақ, түйе ертеңіне денесі суыған соң орнынан тұра алмады. Сөйтсе, жамбасы сынған екен. Ет қызуымен жүрмеске жанын қоймай, мен өлермен етсем керек.

### Басылып өстім

Әкең емес арғымақ  
Анаң емес арғымақ  
Кісі бойы жар болса



Оңай емес қаргымақ – демекші, жетімнің ел қатарына қосылуы оңай болмайтыны екі бастан белгілі. Бұл жөнінде "Күміс той" повесімде толық баяндалады. Басқа жазбаларымда кездессе де аздап тоқтала кетейін. Шіркін, адамдар арасында әділеттілік пен шындық тұнып тұрса мен мұндай сөз айтпаған болар едім. Әсіресе, басылып өсуіме себепкер болған әке дәулеті яғни, әке малы болды.

Осы малдың кесірінен талай сөз, ұрыс естідім. таяқ та жедім. Сол уақытта барлық қоғам жұмысы мен жекеше жұмыстың арқа сүйейтін күш көлігі мал болатын (түйе, жылқы, өгіз). Күш келігі жоқ кейбір ауыл адамдары біздің күш көлікті (түйе, ат) сұрап пайдаланса, кейбір зорлықшылдары сырттан ұстап жұмсайтын.

Оның үстіне осыларды бағамын деп те қаншама қорлық көрдім. Ештеңені ойламайтын арсыз адамдарға бәрі бір-ау деймін. Күніне біреуден сөз естіп, не таяқ жеп, мың өліп мың тірілсе де көкірегін тік ұстап дәнеңе болмағандай жүре береді. Мен болсам бастапқыда біреулер байқамай бетімнен бір-екі рет қауып тастаса немесе олардың ісі зорлық болса да, пәс болып сөз, ұрыс естімеуге ыңғайлы жүремін.

Кейбір кезде орынсыз қиянат жасағандарды тізімге алып та жүрдім. Кейін сана сезімім ояна келе "Білмегенді кешірмесең білгендігің қайда" деп жыртып тастадым. Өмірімде кейде сөз таластырғаным болмаса, біреумен қатты ұрсысып, төбелеспегенімнің өзі басылып өскендігім-ау деймін.

Өзіме карап әкесіз бала жалтақ болып өсе ме деймін. Қиянат жасағандарға кешіріммен қараймын. Кейде тағдырыма шүкіршілік етемін. Маған қиянат жасағандар өзінен-өзі тағдырдан есесін алып та жүр. Егер сөзге сөз, ісіне іс істесем талаймен айкасатын кез болды.

Жолдасым Зәбира Нарымбекқызы бет-жүзіңе карамай тіке айтатын, өткір жан. Сырын білгендер аса бетіне келе бермейді. Мен туралы бір ауыз артық сөзді ешкімге айтқызбайды. Егер ондай адам кездессе, оның аржағынан шығып, орынды сөзімен қарсыласын тәнті етеді.

Мен болсам айтса-айта берсін, ақиқат бәрін де жеңеді деймін. Соныма күйіп-пісіп сол ақиқатқа дейін жауапты қарсыласыма Зәбира қайтарады.

Жетім болып әбден басылып өскен соң кезекті сөзінді жұтып қоясың – деп Зәбира қиналады.

Сондықтан жер бетінің балаларына жетім болмаса екен - деп құдіреттен тілеймін.

### Бура қуғанда

(бірінші – бап)

Кейін анамды ауыл ішінде әркім көз түрткі қылды. Төңірегі түртпектеп күн көрсетпейтінді шығарды. Әрі әкеден қалған мал да “ұстағанның қолында, тістегеннің аузында” дегендей талан-таражға түсіп, өзі де бейберекет шашып күн көрістің өзі киынға түсті.

Осы жағдайды ескере келіп, ауылдан алты-жеті шақырымдай жердегі колхоздың қой қорасына анам екі-үш жылдай қарауыл болды. Азаматы жоқ, шиеттей төрт балалы жесір әйел шаруашылығы дөңгеленіп тұрса айдалада жалғыз үй болып тірлік кешуге барар ма еді. Әрине, дәрменсіздіктің, лажы жоқтың ісі.

Інім екеуміз кейде көлікпен, кейде жаяу колхозға қатынап оқимыз. Екі қарындасымның оқуға жасы жетпеген уағы. Атты адамға шабатын Оспанәлі дегеннің бурасы ауыл төңірегіне ауа жайылып келсе оқу жайына қалады.

Бір күні жалғыз өзім оқудан қайтып келе жатқанымда бураның жақындап қалғанын сезбей қалыппын. Астымдағы қара іңгеннің бар желісімен Ақтөбе колхозының тоғанына қаша жөнелдім. Бір сәтті жері үйіміз осы тоғанның жағасында. Біз тұрған жерден оқуға дейін осы тоғанды жағалап баруға болады. Бірақ бұл жол айналма, алыстау болғандықтан көбінесе төте жолмен қатынап жүреміз. Сөйтіп тоғанға жеткізбей бура қуып жететін болды. Бар желісімен шабынып, найзадай тістерін сақылдатып, ақ көбігін ағызып келе жатты. Бураның түрі суық, адамға ұмтылмай-ақ өлімнің хабаршысы екендей сезіледі. Құтылмасқа көзім жеткен соң түйеден түсе салып, тоғанға қарай жаяу қаштым. Бір сәтті жері бура іңгенге аздап қарайлап кідірді де, маған кейін ұмтылды. Мен ол уақытта тоғанға жақындап қалған болатынмын. Тоғанның екі жағы күз бура түсе алмайды, егер ол түссе өткелі бар жайпақтан түседі. Бұрын бір мәрте қуғанда жаяу едім тоғанның

ішіне түсе алмай кідіріп қалған. Сөйтіп суы жоқ ерте көктем болатын, тоғанның ішімен үйге бардым. Сыртқа шықсам бура бас салатындай сезімдемін.

## Бұқа сүзгенде (2-бап)

Жетінші класты тауысқан жылы қысқа қарай колхоздың сиыр фермасына қатынап жұмыс аттары мен төрт бұқасын бақтым. Ауылмен екі аралық алты-жеті шақырымдай. Атпен қатынаймын. Аттардың қиындығы жоқ, тек қана төрт бұқаның біреуі қауіпті. Адам сүзетін бұқа. Маған қиын жері ертеңмен бұқаларды жіберіп астын тазалаймын. Олар кешке дейін сауын сиырмен бірге жүреді. Кешкілікте ыдысқа жем салып бетіне жем себелеп соны көрсете отырып, жетелегендей қораға ақырын кіргізіп байлаймын.

Соның өзінде сүзетін ыңғай білдіргендей ала көзденіп әрең келеді. Ақырға келген соң шынжыр бұғауды іле салам. Міне, осылай қауіпті күндер өтіп жатты.

Бір күні сол әдетіммен жем салған ыдысымды көрсетіп бұқаны ілестіріп келе жатыр едім, байқаусызда біреу бұқаның артынан қамшымен салып қалғаны, алдындағы маған тура ұмтылды. Қора жақын болатын. Соны айналып қаша бергенімде төңірегіндегі мұздаққа аяғым тайып кетіп құлап түскенім. Мен құлаған соң үстіңгі жағымнан бар екпінімен қораны қирата жаздап солқ еткізді.. Мен шапшаң қимылмен төменгі жағынан қашып үлгердім. Шамдағай жеңілтек жылдамдығымның пайдасы тиді. Егер жығылмай тұрыңқырап не болмаса басының астынан тез қашып құтылмасам бұл дүниемен қоштасып жатырмын. Кейін жаңағы бұқа сүзген жерді көргенде жүрегім тітіркеніп, сол жерден кеткенше қорқыныш ойымнан шықпады.

Қора дегенім бұрын адам отырған шикі кірпіш үй. Бұқа сүзген жер аймандай болып үңірейіп қалған. Сәл үлгерген сәттілік дегенді қойсашы, секундтік қимыл өлімінен құтқарып өмір сыйлады. Сол бұқаның артынан ұрған адамды бүгін ұмытып қалыппын. Өлім сыйлағандай болған сол адамды ұмытпаспын деуші едім. Бұл уақыт нені болса да ескіртеді, қартайтады, жоқ қылады, ұмыттырады екен.

Сөйтіп тағы бір өлімнен қалғаным есімде мәңгі қалды.

## Темекіні күштесе де шекпедім, ішімдікті күштемей-ақ іштім

Жас кезімде өз қатарымнан аса таяқ жеп көргенім жоқ. Көбінесе өзім өздігімнен басқа балаларға тиіспегендіктен, әрі аса бұзақы-сотқар балалардан іргемді аулақ ұстағандықтан болар. Оның үстіне үй тірлігімен көп айналысып, бос уақыттың бола бермейтіні де себеп болса керек.

Бірақ менің есемді де, өзінің есесін де жастайынан інім Әбдіманап орындады.

Ол өзінен көп үлкен үлгісі нашар балаларға ілесіп, солардың тілін алып, үй-ішінде менің, анамның тілін алмай түсініксіз болып өсті. Жасынан темекі шекті, арақ ішті, басқа да неше түрлі жағымсыз қылықтарға үйір болды. Соның зардабынан әлі күнге дейін жасы егде тартса да оғаш қылықтарынан арыла алмай жалғыз басты ғұмыр кешіп келеді.

Бойым талдырмаш қатпа қағілез болғанмен шамдағай болғандықтан ба, бір де бір өздігінен тиіскен қатарымнан таяқ жеген емеспін. Біздің көшеде менен бір жас үлкен С. Елубай дейтін бала бар еді. Інімді де кері үгіттегенің бірі осы. Біздің үйге келеді де алдаусыратып, нанымды тағы басқа бұйырған тағамды, ішіп-жеп тойып алады да кетерінде ұрып кетеді.

Оны жалғыз маған ғана істемейді ауыл балаларының бәрін зар илетеді. Талай мәрте келіп, өзінің жолсыз, жағымсыз, бұзақылығына баруға шақырады. Мен бармаймын да үйден шықпаймын.

- Үй күшіксің, қатынсың - деп аузына келгенін айтып ұрсып кетеді.

Бір күні осы бастап үш-төрт баланы темекі тартуға үйретіп жатыр екен. Байқаусызда үстінен түсіп қалдым. Мені де ұстап алды. Қолдарындағы қорқорға махорка салып оның үстіне кішкентай шок салып тұтатып қойыпты. Әр қайсысы кезек-кезек сорып мұраттары орындалғандай мәз екен.

- Мына қорқорды тарт балалардың бәрі үйренді, бізден қаласың ба - деді.

Мен бедірейіп тартпаймын дедім.

- Саған темекі түгіл жылқының тезегін де тартқызамын - деп

басымнан бір қойды. Тағы қол көтере бергенде қолын қағып жіберіп, өзім қорғандым да – өлсем де темекі шекпеймін,- деп үйге жүре бердім. Үйіміз де жақын болатын.

– Сен үй күшіксің, қатынсың - деп боқтап қала берді.

Егер шындап айқассам үлкен болса да одан таяқ жемеймін. Егер ол жеңіліс тапса әлі келсін келмесін соңына түсіп ізденеді де жүреді. Сонысынан қашасың. Жаңағы жерде өзімді ғана қорғадым. Егер қарсы шабуылға шықсам, соңыма түсіп ызыңдаған масадай мазанды кетіреді.

Бұрын талай айқасқанда үлкен болсаң да күшің менімен тең, үлкендігің қайда деген сияқты жауап сөздер айтылған. Көбінесе оның мақтаншақтығына қарай жеңіс ұпайды соған-ақ қалдырып жанымның тыныштығын ойлап аулақ жүремін. Жаңағы сөзінің де жөні бар. Қасындағы балалардың бірі С. Алтынбек аттың киын тартып тұрғанын шомылуға барғанда көргемін.

Сөйтіп, темекіні күштесе де шекпей қойдым.

\* \* \*

Бесінші класта оқып жүргенде тамаша яғни, басқосу жасауды ұйымдастырған едік. Әркім бала жасынан бастап өзінің сана сезімі, мінез-құлқы, жүріс тұрысына лайық жора-жолдас табады-ау деймін. Солай болады да. Бізден үлкен де, кіші де көше кезіп, қалай болса солай жүргенде өңкей момақан төрт бала бірігіп қыздарымыз да бар тамаша жасайтынды шығардық.

Біздің тамашамызда домбыра, гармон тартылып, ән шырқалып, күй күмбірлеп дегендей өз әлімізше әжептеуір көңіл көкжиегі көтеріліп калатын. Өзіміз жақтырмаған үлкен-кіші түгіл қатарларымызды да тамашаға қоспай жүрдік. Қазір ойлап отырсам сол уақыт бір қызық мезгіл екен. Кейбір бұзақы балаларды ұрыс-керіс шығармаймын деген уәдесін алып тамашаға коссақ, кейбір балалар әке-шешесін араға салып қызық болды ғой.

Осы орайда Алтынбек дегенді айта кетуге тиістімін. Оны тамашаға қоспай қойсам шешесін ертіп үйге келіпті.

-- Әй Сауытбек-ау мына қатарыңды неге тамашаға қоспайсың. Бұл сенен жоғары оқығанмен жарты жас-ақ үлкендігі бар ғой дегені. Алтынбектің сырын білдік. Ол да өзіміз сияқты ұя бұзбас бала екен. Достасын кеттік.

Ал оқырман өзінің негізгі сөзімен ауытқып кеттім-ау деймін соған жол берейін.

Тамаша жасай бастаған соң ішімдіктің жеңілінен ауыз тиіп жүрдік. Біз отырыстың көбін ойын-күлкі, ән-күйге бейімдеп, ішімдікке бой алдырмайтынбыз. Бұл бесінші класты оқып жүрген кездерде еді. Жеті жылдықты бітірер жылдары ақаңның өзіне жол таптық.

Кейін үйлі-жайлы болып дәстүрлі отырыста аракідік баяғы С. Елубай темекіні тарт деп ұрысса да тартпай қойдым, ал ішімдікті ешкім ұрмай-ақ іштім ғой деймін баяғы.

Оған біраз құрбылар күлген болса шамданған С. Елубай қашан ұрдым деп шығады.

### Өтірік айтуым

Інім Әбдіманап бел ауруымен ауырды. Ауылдық жердегі дәрігерлер жоғарғы жақтағы дәрігерге карал деп кеңес берді. Оған жол қаражат керек болды. Әкемнің құрдасы Қасымбай дегенде түйелеріміз бар еді, соның дөнежін шақпасын сатып, жол қаражат қылмакшы анам. Ол алыста бір күндік жер. Соған жете алмай жүрміз. Мен болса жаспын.

Жоғарыда айттым ғой ат шапқан, көкпар дегеннен қалмаймын. Анамнан сұраусыз кете берем. Оңашада ат үстіне тізерлеп отырып шауып үйренемін. Сөйтіп бір күні көкпарға бардым. Көкпар алыстағы томардың ішіндегі түлейде болды. Ел көкпарды ары тартты бері тартты "Аққан" деген жердегі Қасымбай түйешінің үйіне апарды. Біздің бұл ауылға жете алмай жүргенім есімде. Осы ауылға келетін жолды байқап ойыма түйіп алдым. Көкпардан ауылға келген соң атымды екі күн тынықтырып алып, анам барма адасасың десе де көнбей жүріп кеттім. Ол ауылға бір күн түнеп тайлағымен үш түйені айдап қайттым.

Адаспай барғанымна Қасымбай таңқалды, қалың томар түлей ғой. Сонда анығын білмеймін жасым он бір - он екілерде ғой деймін. Ауылға аман-есен түйелерді айдап келгеніме анам қуанып қалды. Ертеңіне жаңағы түйелерді егілген қант қызылшаның жағасына ініміз екеуіміз жайдық.

Ініме түйелерді қаратып өзім қант қызылшаның ішіндегі

жабайы жоңышқаны орақпен орып жүрмін. Малдарға шөп дайындау да менің міндетім ғой. Сөйтіп жүргенімде жаңағы сойылатын тайлак қайта-қайта қызылшаға түсе берді.

Қайта-қайта айдаймын. Түйелерді бағып тұрған інімнің шалағайлығы. Тайлак тағы қызылшаға түскені. Ашуланып қолымдағы орақты лақтырып қалғаным. Сол сол-ақ екен алдыңғы аяғының ішкі тіздегі быжырқай көп тамырдан тигені қан шапшыды да кетті. Тайлак анда-санда аяғын бір сілкіп ақсады да калды. Жүрген жерінің бәрі қан.

Мен ініме жылап тұрып жалындым. Ол жасынан анамнан ұрлап темекі шегеді, сенің темекі тартқаныңды айтпайын, менің тайлақты орақпен ұрғанымды айтпа? дедім.

-- Бұған не жауап айтамыз - деді. Тайлак ойнақтап еді, сушының кетпенінің сабын басып өткір жүзі тізесіне сарт ете түсті - дейміз дедім. Інім мақұл деді. Үйге қарай келе жатыр едік, тайлақтың қанын көрген қорықшы Мерген мынаған не болды деді. Жаңағыны айттым.

- Ойпырай-ойпырай жазым деген қиын екен-ау деп шапты да кетті.

Ауыл мен анама хабарлап үлгеріпті. Мал дәрігерін шақыртып орақ кескен жерді тігіп еді, күре тамыр болғандықтан қан тоқтамады. Мал болмайтын болған соң ауыл адамдарына сойып таратылды.

Қалауын тапса қар жауады -демекші қисынды өтірік те іске асып, анам бөтен ой ойлап күдіктенген жоқ.

Бұл менің осы жасыма дейінгі бірінші өтірік айтуым еді.

### **Қоғам жұмысынан оқуға жіберді.**

1956 жылы жеті жылдық мектепті бітірісімен қоғам жұмысына араластым. Жоғарғы тарауда айтылғандай жылқы баққан соң 1957 жылдан 1958 жылдың аяғына дейін колхозда арбакеш болдым. Колхоз басшылары қайда жұмсаса соған барамын. Екі атпен арбаны күтіп ұстаймын. Кей балалар атын не арбасын ауыстырып сапырылыстырып жатады. Не өздері аз уақыт ішінде әр түрлі жұмыс істеп, тиіп-қашып жүретіндері де кездеседі.

Мен ат-арбаны айырбастамақ түгілі аш кенеше жабысып,

содан ажырамаймын. Қай жұмысты істейін соған бейім болып, басқа жұмысқа ауыстырса ірі қызметтен түскендей қиналамын. Қарқынды қызу еңбек осылай өтіп жүргенде, кино көріп клубта отырған жерімнен Тоқтасын Омбаев деген жолдасым құлағыма сыбырлады.

- Мені көрші ауданға ауылшаруашылық механикаландыру училищесіне колхоз оқуға жіберді. Сені Жамбыл қаласындағы сельхоз школдағы қой шаруашылығының бригадирлігіне жібермекші - деді. Сен үй жағдайын ойлап оқудан бас тартып жүрме, колхоз есебінен окисың деп үгіттеді.

Ертеніне Тоқтасын екеуіміз оқуға баратын болып жолдама алдық. Отыз еңбеккүн, екі жүз сом (ескіше) ақша төлейді екен бізге. Тоқтасын мені қалаға шығарып салып, өзі көрші ауданға кетті.

Сол оқуды бір жыл оқып тауыстым. Бір пәннен жақсы, қалған барлық пәннен өте жақсы деген бағамен бітірдім.

Ауылға келген соң қойды қолдан ұрықтандырушы болып жұмысты бастадым.

### **Махаббатқа жауапсыздық**

#### *бірінші -- бап*

Бесінші класта оқып жүргенде бой түзеу, қыздарға көз салу деген сияқты санамызда балаң сезімдер әсте-әсте ояна бастады. Сол уақыттары махаббатқа деген тұрақсыз көрсеқызар жағымсыз әдетгі ақиқат алдында айтуға да, мойындауға да тиістімін.

Өзіммен бірінші кластан бір партада бірге отырып, төртінші класта достаса жүріп, бесінші кластан шынайы махаббат сертіне қол алысып, жетінші класты бірге бітірген К. деген қыздың да ұшпағына шықпадым.

Жоғарғы тараудағы бесінші класта оқып жүріп тамаша ұйымдастыруымыздың өзі осы махаббатқа деген көңілді кештер еді. Бір біріміздің сырымыз бен қырымыз мектептен қанық болып өссек, сырттағы үйіміз бен түрлі тіршілігіміз де мәлім болатын. Қаншама ойын-күлкі кештер сол К. деген қызбен бірге өтсе де кейін оған мойын бұрмай кетуім барып тұрған тұрақсыздық еді.

Сол бір кезде менде мынадай бір жылғ етпе жаман әдет бар



болатынын жасыра алмаймын. К. деген қызға мойын бұрмай кеткеннен кейін кейбір қыздарды қол жетпес жұлдыздай сезініп соңына түсіп беруші едім. Сөйтіп жүріп олардың сөзін алып бейімін өзіме қаратқан соң, ол маған қарадай суық көріне бастайтын. Міне, осы қылықтарымды басқа түгіл, өзіме-өзім кешірім жасай алмаймын.

Осылай талай қыздың басын шатқан кезім болды. Бұл менің пәк сезімнің мән-мағынасын жете түсінбей, өмірге жеңіл қарауым екен.

Бұл туралы бәрін тізе бермей К. деген қыздан кейін тағы үшеуіне ғана тоқталып өтейін.

### Ар алдында кінәлімін

#### *Екінші -- бап*

Өзімнен әжептәуір кіші Д. деген қызды ұнатып екеуіміз сөз байластық. Асаудан үйреткен жүйріктей үйренісе бастадық. Қорыға айтқанда ол мені, мен оны ұнатып ашық сырласатын болдық.

Шіркін, сүйген қызым Д. айтқан арман асу деген сұмдық. Қайдағы қол жетпес биік тереңдермен тілдесіп махаббаттың ыстық сырларынан сыр қозғайды. Балдәурен бейкүнә жас қой. Ойын шалқар көлдей ашық айтады. Жігіттерге қарағанда қыздардың жаны жайсаң, жұмсақ. Махаббатқа мөлдір тұрақты келеді екен. Бір күн мені көрмесе сағынып қалатынын талай айтқан. Махаббат деген қандай ғажайып сикыр десеңізші.

Өмірдің ішінде ең күрделісі адам баласының жан дүниесінің тебірентіп асқақ арманға қол создырып өзін бей-жай қылатын сыры мен қыры сан қиялға толы махаббаттан асқан сүйіну мен күйіну жоқ шығар деймін.

Демек Д. деген қыз екеуіміз мөлдір қайнар көзінен бастау алған тастан тасқа сылдыр қағып бұралаңдап еркелей аққан екі бұлақтың қосындысы өмір-өзен құсап келешек өмірді бірге сүруге сөз байластық. Бір күні мен баяғы шаруақор әдетіме салып, қора-қопсыны тазалап жатыр едім Д. келді.

-- Сізді үйіңізден іздесем, осында екенсіз ғой,-- деп мойныма асыла кетті.

Екеуіміз бір-біріміздің жеңіл-желпі жағдайымызды сұрастықта. мен қайтадан істеп жатқан жұмысымды жалғастыра беріппін. Сөйтсем Д. әлі тұр екен. Бегіне қарасам сүйкімді күлкі табы бейне бір сезімімді қытықтағандай нұрланған бейнесімен -- сізді сағынып өзім іздеп келіп тұрсам, сіз менен гөрі шаруаға бейімдік көрсеттіңіз ғой,-- деп күлгені.

Қолымдағы күректі тастай салып құшағыма ала кешірім сұрап, ерсі қылығымды жуып-шайған болып қолын ұстасам бүктеулі қағаздың шетін көрдім. Ол қағазды берді де ал жақсы. сау болыңыз, -- деп жүгіріп кетті.

Қағазды ашып оқысам "Ағай біздің үйдің іші жолаушы кетіп еді, мен қорқамын. мүмкіндік болса менімен бірге болыңыз, сырласайық", -- депті. Ауызша айтуға ұялған болуы керек.

Сол бір күнгі түн екеуімізді сан қиялға тербетіп асқақ арманға бөледі. Сүйген қызым Д. айтады сіз туралы көп түс көремін. Қол ұстасып бір жүреміз, бір жолы үйдің үстінде отыр екенбіз. Түс көрсем үнемі сізді көремін - дейді.

- Сіз жолаушы кетсеңіз келгеніңізше сағынып қаламын - деуі де рас болатын.

Ауыл арасының өзінде менің кеткен жағымды аңдып тұратынын талай кездестіргем.

Ал, енді, менің қыздарға деген, көзқарасымды жоғарыда келтіргендей оқырман сезіп отырған шығар. Сүйген қызым Д. мені үйден таппаған соң қораға іздеп келуінің өзі сұмдық шынайы сүйспеншіліктің әсері емес пе?

Алғаш мен жақсы қарсы алып, ілтипат жасағанмен қанша өлермен шаруақор болсам да Д. кетпей тұрып жұмысымды жалғастыруымның өзі әрі-беріден соң ақымақшылық қой. Осы оқиғалар ойыма түскенде қанша балалық десем де осы күнге дейін ыңғайсыз күй кешемін.

Сүйген қызым Д-ның тамаша қасиеті менің қателігімді нәзік иіріммен ашық айтты да баяғы маған деген сүйспеншілігін мөлдір судай тұнық сақтай білді. Д. туралы әлі сөзім біткен жоқ. Қалғанын келесі тарауларға қалдыра тұрайық.

## Өзің сүйгенді алма, өзіңді сүйгенді ал Үшінші -- бап

С. деген қызбен кездейсоқ бір-екі жолы сөйлескенде бір-бірімізді іштей ұғысқандай болғанбыз.

Ол ақ сары талдырмаш келген түр-сымбаты сұлулыққа үйлесімді тамаша көрікті қыз екен. Ішкі дүние танымымен ақыл-парасатының қандай екенін қайдам. Бір бірімізге сөз айтып не хат жазып көргеміз жоқ.

- Ол қыз сен туралы әркімге Сауытбек екеуіміздің келісіміміз бар - дейді екен. Сен неге оған сөз айтпайсың не болмаса хат жазбайсың - деген болатын бір жолдасым.

Оған мен аса мән беріп рас па, өтірік пе деп құлақ асқан жоқпын. Ақиқатын зерттеп аргы байыбына бармадым.

Жоғарғы айтылған тараудағыдай колхозда қойды колдан ұрықтандырушы болып жұмыс істеп, құмның ішіндегі шопандар арасында жүрмін. Мен үйде жоқ болсам да шешеме Забираш деген С. деген қыз жеңгесін жіберіпті,

- Менің Сауытбекпен келісімім бар. Мен келін болып босағасына барамын, соны хабарла - депті.

Оған шешем -- баламмен келісімі болса, оған мен қарсы емеспін, бірақ адам алған оңай емес жағдайымыз жоқ қоя тұрсын - деп уәж айтады.

-- Бізге ешқандай жағдайдың керегі жоқ, ол уақыт бұрын өткен. Екеуіміз де жаспыз еңбектеніп ел қатарына қосылып кетеміз - дейді С. деген қыз.

Бұл әңгіме баяғы жеңгесі Забираш арқылы алма кезек жалғасын жүріпті.

Мен бұл жағдайлардан хабарсызбын. Бір күні жұмыс арасында үйге келгенде шешемнен естідім.

-- Бұл бекер С. деген қызбен менің уәдем жоқ - дедім.

-- "Өзің сүйгенді алма, өзіңді сүйгенді ал",-- деді шешем С. деген қызға үйленгенімді қалап.

## Суретті хат Төртінші -- бап

Баяғы жұмысым қой қашырып, құмдағы шопан ауылында

жүрсем шешем қатынаған біреуден хат беріп жіберіпті.

Хат арасында сурет бар екен. Бұл қыздың есімін толық айтуға тиістімін, себебі өмірлік жолдасым өзімнің Зәбирам ғой. Көрші ауданда тұрады.

Зәбирамен бір ойын-сауықта таныс болғанмын. Бір-бірімізге анда-санда хат жазысып тұратынбыз. Уәдеміз де бар болатын. Хатында Зәбираны үй-іші басқа біреуге тұрмысқа шығармақшы екен. Соны айта келе тез арада келіп мені алып кет, -- депті.

Мені асықтырып отыр. Бұл туралы "Күміс той" деген повесімде толық айтылады.

Зәбираның суретін көріп Досеке деген шопанның әйелі мінезі тік, өте өткір қыз ғой деді.

Кейбір осындай ойша айтқан сөз дәл келген соң, кейбір болжам айтқан көрегендерге лаж жоқ бас иесің.

Міне "екі кеменің басын ұстаған суға кетеді", - деп үш қыздың қайсысына үйленсем екен деп басым қатады. Бәрінен де сүйген қызым Д. деген қызды қимаймын. Осы жағы көп ойландырды.

### Ақылдасу

#### *Бесінші -- бап*

Әкемнен кіші Жексенбі деген жақсы көретін ағайын бар. Оны мен Жәке деймін.

1959 жылдың желтоқсан айының басында наукандық жұмысымды аяқтап ауылға келген соң, лаж жоқ үйлену туралы сол кісімен ақылдасуға тура келді.

Д. деген қызбен С. деген қыздың атын толық айтып қайсысына үйленейін дедім.

Әрине, үшінші Забираны айтуға ұялып, жасырып қойдым.

-- Д. деген қыздың арғы түпкі атасымен біздің түпкі атамыз Бекболат деген кісіден тараған. Сондықтан біз олармен қыз беріп қыз алысқан жоқпыз. Егер үйленсеңдер мүмкін бір қарғысқа ұшырап қалуларың мүмкін. Ал, енді, С. деген қыздың өзі дұрыс болғанмен оның әке-шешесі бір түсініксіз адамдар. Жоқтан бар болып лаждап отырған үйіңе адамымды алдың, -- деп ат ойнатып отырса онда бір сәтсіздік - деп Жексенбі ағайым екеуіне де үйленуіме қарсы болды.

Мен әсіресе Д. деген қызды қимай көп ойланумен болдым.

Лаж жоқ бұрынғы ата-баба дәстүрі мен салтын аяқасты етуге тағы болмайды.

Сол үшін Д. деген сүйген қызымды ойдан шығармай ақиқат алдында өзімді кінәлі әрі қарыздар екенімді мойындай отырып, өмір бойы оған бақыт тілеп келемін.

### Үйлену.

#### *Алтыншы -- бап*

Жексенбі Жәкемнің ақылы бойынша екі қыздан да басым ашылған соң, шешемнің “үйленбе жағдай жоқ” дегеніне қарамай 1959 жылдың 13 желтоқсан күні Зәбирамен тұрмыс құрдым.

Тағы айта кетейін, бұл туралы “Күміс той” повесімде толық айтылғандықтан қысқартып отырмын.

“Үйлену оңай, үй болу қиын” демекші осы мезетте ішерге астың, киерге киімнің тапшы екенін қалай жасыра аламын.

Әке дәулеті түгел таусылған. Әке малы балаға мал балмайды деген рас екен. Бірақ келешекке деген үміт, арман толы. Тек қана алға ұмтылу керек.

Демек, оқушы қауым осымен “Жетімдік өмірімнен” деген бірінші бөлімді аяқтаймын. Себебі, өз алдына шаңырақ көтерген соң жетімдік жоқ қой.

Сөз орайы келген соң Д. деген қыз үшін ретсіз болса да тағы бір тарау қосып отырмын.

### Аялдамада

#### *Жетінші – бап*

Осы қолжазбамды жаңадан жазып жүрген кезім болатын. Жол жүретін болып, автобус аялдамасынан билет алып, осы аялдамадағы орынға Зәбира екеуіміз жайғастық.

Біраз отырған соң байқадым, қарсы алдымда бір келіншек маған тесіле қарап отыр екен. Мен байқамалпын. Зейінімді аударып, зер салсам баяғы бір-бірімізге ықыласымыз ауған қызым Д-ға ұқсайды.

Бір-бірімізден көз жазғалы отыз жылға жуық болған. Ол кездері толықсыған жас бойжеткен еді. Қазір қырықтан асса да баяғы сымбатты бейнесі аса өзгермеген.

Көзіме оттай басылып отыр. Бір-бірімізді іштей ұғысып, сыртқа танымастай сезіліп отырмыз. "Іште бәрі сайрап тұр, тілді күдай байлап тұр" демекші, амандасып жөн сұрасуға қасымыздағы Зәбирадан құйын-дауыл тұрып кете ме деп қауіптенем.

Оның үстіне сөздеріне қарғанда қасында отырған балауса жігіт үйленген баласы сияқты. Сәл уақыт өткен соң біздің автобус бұрын келіп, Зәбира соған мінуге кетті. Сол мезетте Д-да баласын дүкенге жұмсап жіберді де, - мені таныдыңыз ба - деп бірінші тіл қатты.

- Иә, танып отырмын - деп қол алысып тұрып жөн сұрастық.

-- Жаңағы қасыңыздағы жолдасыңыз ба,-- деді.

-- Иә.

Сұрақ та жауап та тез-тез болып, қысқаша жөн сұрасып жағырмыз. Менен әжептәуір кіші болса да, ұлын ұяға, қызын кияға қондырған үлкен шаңырақтың үлкен отанасы екен.

Менің де осындай үлкен шаңырақтың отағасы екенімді естіп қуанып қалды.

-- Бір-бірімізге жақсылықтан басқа не тілейік - деп ізгі ниет білдіріп жатыр.

Осы сәтте қол алысқан қос алақан тамыры түйісіп, жүздеспеген отыз жылдың өтеуін бір сәтте өтегендей жүректерге жол тауып бірге соғып тұрғандай сезілді.

Сырттан автобустың жүретін дыбысы естілген соң қош сау бол - деп автобуска жайғастым.

Шіркін, біздің арғы атамыз Шымырдың Бекболатынан тараған - деп екеуіміздің қосылуымызға рұқсат бермеген Жексенбі қария екеуімізге де бақыт тілеп, батасын берген екен-ау.

Қазір санасам Д-мен ара қашықтығым он бір буын екен, ал қазақта жеті буыннан соң қыз алып, қыз беруге болады деген сөз бар ғой - деп ойлап отырып ауылға келгенімді байқамай қалыпшын. Зәбира ауылға келдік қой не ойлап отырсың, түспейсің бе - дегені.

"Жапа көрмей жақсылық жоқ." (Мажлисий) айтқандай жетімдіктен талай жапа шегіп, екі жетім отау тіктік. Осымен жетімдік өмірімді аяқтаймын.

## II БӨЛІМ

### ОЙСЫЗ ӨМІРІМНЕН

*Біліксіз кісі барабан сияқты:  
Сырты -- сұлу, даусы -- зор бірақ ішінде түк те жоқ.  
С. Сарайи.*

#### Үйленгеннен кейінгі жылдар

Үйленгеннен кейін бір аптаға толмай Зәбира екеуіміз де жұмыс істеуіміз керек болды. Жағдай өте нашар. Күнкөріс жоқтан бар. Шешем, інім, екі қарындасым ауылда қалды, біз "Құйған" деген жерде сиыр фермасына Забира сауыншы мен арбакеш болып жұмыс істеу үшін көштік.

Көктемге салым колхоз басшылары ол жерден шақыртты да, сені колхоз есебінен бір жыл оқытқанбыз сондықтан әзірше қойға сақпаншы, кейін қойшы болуға тиістісің. Егер қарсы болсаң, ай сайын төлеп оқытқан 30 еңбеккүн 200 сом ақшаны (қазіргіше 20 сом) қайырасың деп қорқытты. Лаж жоқ Зәбира екеуіміз сақпанға бардық. Сақпан біткен соң қойшымен бірге көшіп жүрдік.

1960 жылдың күзіне қарай колхоз мамандарына талап қойдым.

-- Мені оқыттық дейсіңдер олай болса, маған жеке саулық отарын беріңіздер. Сонан соң әлі ұйқым тәжірибесі қалыптаспаған жаспын, сол үшін жаныма шаруа жайын білетін бір шартты көмекші қойшы етіп беріңдер - дедім.

Ол кезде саулық қой бағу еңбекшіл адамдар үшін үлкен қызметпен бірдей. Мамандар ойластырып маған саулық отар әпермекші болып еді, оған ешкім саулығын бермеді. Шыны керек маған да керегі сол еді. Сыныққа сылтау қылып, ағаш үйді тігулі тұрған орнына тастап ішіндегі жұпыны төсек орнымызды

жолдасым Тоқтасын Онбаевтың соқа тіркеген ДТ тракторының соқасының үстіне артып ауылға қарай көштік.

Мен жүкпен бірге соқаның үстіне, Зәбира трактордың кобдишасына отырыстық.

Теміржолдан өтерде соқаның үшкір жүзі рельске тіреліп, сол жерде көп әуреленіп әрең өттік. Егер сәл кешіккенде поезд таптап өтетін еді. Біз өтісімен-ақ көп вагонын сүйреген состав жерді солқылдатып өте шықты.

Жас кезімде жылына бір мәрте ауруханаға жатып шығатынмын. Кейін Зәбираның күтімінен бе аурудан бірте-бірте арылдым. Осы жолы ауруханада көп жаттым. Бір айдан соң Зәбира Байманат екеуі қойлы ауылдан ауылға біржола көшіп келіпті.

Бұдан соң колхоз басшылары қойға шық дегенді айтпайтын болды.

### **Қар биыл жазғы шілдеден жауады**

Тағы да қысқа қарай Зәбира сауыншы мен сиыршы болып "Құйған" деген жердегі сиыр фермаға көшіп барып жұмыс істеудеміз. 1960 жыл 26 ноябрь күні тұңғышымыз Байманат деген ұл бала өмірге келді. Зәбира босанатын күнге дейін жұмыс істеді.

1961 жылғы көктемде тағы да мені колхоз басшылары баяғы әдетімен зорлап әуелі сақпаншы, одан соң қойшы боласын – деп қойға шығарды.

– Бармаймын десем тағы да оқытқан ақымызды төле – дейді. Оған төлейтін жағдайымыз жоқ.

Осы арада менің адам баласына тілейтінім, қоғамға не адамға кұдай қарыздар қылмасын. Егер қарыздар болсаң болды өз еркіңнен айырылдым – дей бер.

Томардың ішінде болған соң, таяқ орнына жіңішке сүймен ала жүріп, жұмыс аралығында томар жия бердім. Айдалада жүрсем де ауылдағы үйді ойлап, жаз болса да қыстың камымен сұмдық бейнеттенемін. Сүймен жеп тастаған алаканым мен аяғымның башпайларының арасы ісініп қанаған кездер де болды.

Бір күні ат арбамен алған отынды жисам тоғыз арба томар болды.

Үшінші буын ағамыз Ақыш деген қой ферма болатын. Бір



келгенінде – Аға ауылдағы үйге – деп мына томарды жиып қойып едім, мүмкіндік болса, соны жеткізетін көлік ескерсеңіз – дедім.

-- Бәсе бір мая томарды көріп мына Сауытбекке не болған, қар биыл жазғы шілдеден жауады – деп естіген бе, деп ойлағам. Дауысындағы кекесінді аңғару қиын емес еді. Мұны естігенде сол үйдегі аға шопанның кәрі шешесі,

-- Мұның не Сауытбек сақпанын баға жүріп томар жинады. Бір сәт те жұмысынан қол үзген жоқ. Жас баланың меселін қайтарғаның не. Әлде алдына шығып несібеңді қақты ма? Сен де өстіп еркінсіп жүре бермессің. Одан да көлігіңнің ыңғайы жоқ болса жөніңді айтпайсың ба? – деп сөкті.

Мен жасыдым да үйден шығып кеттім. Томарды кейінірек орманшы болып істейтін Сауранбай Бәйтенбаев деген жолдасым үйге жеткізіп берді.

Мен ұзамай ауруханаға түстім. Сыныққа сылтау іздеп жүргенім де осы денсаулықтың жоқтығы болатын. Жетім күнімде жазда күн, қыста суық өткен бе аурушаңмын.

Күн ыстықта басым айналып көзім бұлдырап қарауытып, ыстығым көтеріліп көлеңке не қараңғы жер қуалап жатып қаламын.

### **Мен қалай сатушы болдым.**

Ауруханадан шыққан соң Зәбирамен ақылдасып Жамбыл қаласындағы зооветтехникумына бармақшы болдым оқуға.

Шешем ақ сүтімді кешпеймін – деп менің оқуға баратыныма қарсы болды. (Бұл "Күміс той" повесімде толық айтылатын болғандықтан қысқартып отырмын).

Мен өзімше оқуға баратын қағаздарымды реттеп жүрсем, біздің колхозға бір институт, бір техникум екеуі де зооветке шақырту қатынас қағаз келіпті. Институтқа жолдасым Тоқтасын Онбаевты, техникумға мені жіберетін болды колхоз басшылары.

Екеуіміз де колхоздан, аудандық комсомол комитетінен, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысынан жолдама қағаз алып оқуға жүрдік. Жолдасым Тоқтасын мені поезға шығарып салып тұрып ақ тілегін білдірді. Ол зоовет институтын бітіріп шықты.

Жамбыл қаласындағы зоовет техникумы шалғай ауданға көшіп жатыр екен. Оған барағын жол қаражаттың жұтандығына бола құжаттарымды өткізбей директордан шықсам, ақ кител шалбарлы біреу – сені күтіп тұрмын – дегені.

Таныса кеттік. Асылбеков Айдарбек деген басқа ауданның жігіті екен.

– Екеуіміз жолсерік болып осы қаладан оқу іздейік – дегенде үстіңгі күміс тісі жалт ете түсті. Мына техникум көшіп жатыр, қу далада не бар бізге – деп тағы қойды.

– Қандай оқу дедім?

– Кооптан бастайық.

– Кооп деген не?

– Кооперативный училище.

– Оны бітірсек не істейміз?

– Сатушы боламыз.

– Сатушы қиын емес пе?

– Оқыған соң оңай болады.

Айдарбек бұрын онды тауысып осы қаладан статтехникумды оқып жүріп, әскерге алынған екен. Әскерден оралған беті көрінеді. Білімі де, жасы да менен үлкен әрі ширақ.

Осы оқуды мен бітіріп шықтым. Айдарбек болса өзіне баға қойып оқудан шығарылды.

### Еңбегін ақтай алмадым

Мен осы коопта (қысқартылып айтылған) оқып жүрсем біздің колхоздың басқа бөлімшесіндегі жігіттің келіншегіде осында оқиды екен.

Жолдасын жақсы танымын. Медеуов Манапбай. Менен үш-төрт жастай үлкен. Музыкалық училищеде оқиды екен. Менің осында оқитынымды келіншегінен естіп бізбен бірге тұрсын – деп мені есіркепті. Шақырған соң солар тұрған жалдамалы үйге көрпе - жастығымды арқаланып көшіп бардым.

Манапбайдың әке-шешесі бар. Жар дегенде жалғыз ұлы. Тұрмыс құрған, құрмаған әпке- қарындастары бар бәрі төртеу.

Келіншегі Жұмакүл Әбірасулованың төркін жағы өте дәулетті тұрмысты жандар екен. Қалтасындағы ақша, үйдегі ет тағы

басқа тағам жағы таусылса болды екеуі екі үлкен сөмкені алады да жүріп кетеді. Бір-екі күнде арқаланып қарық болып келеді, Айдалада менің де бүйірім шығып, берекем кіріп қалды.

Міне, өстіп алатын жерлерден үш-төрт аптада бір кезекпен-кезек шауып тұрады. Өнебойы екеуі бірге жүреді. Тағы да Жұмакүлдің төркін жағынан өздері әкеп беріп жатқан сыбаға, ақша деген қаншама дейсіз.

Ал, енді, өзіме келейін. Жалпы кейбіреулер өмір жолын айтқанда өзі үшін ұнамсыз оқиғалардың кейбір қырсыз жерін жасырып, аспаннан түскендей періште болатынына таң боламын. Себебі, ақиқаттың орны ақиқат қой, қиындықсыз жақсылық келмейтіні белгілі емес пе. Сол үшін өткен өмір жолымды жасырмай ашық айтамын. Демек енді өзімнің кезекті сөзіме жол берейін.

Алатын степендиям 21 сом. Оның 6 сомын жатын орынға төлеймін. Сонда 15 соммен күн көремін. Бір жылда ауылға бір-ақ мәрте бардым. Ауылда келіншегі бар мен тұрмақ, келіншегі жоқтардың өзі айына бір бармаса көңілі көншімейді. Әрине, бәрін жағдай билейді. Өз отбасымның жағдайы белгілі, олардан ақша, ауқат дәметпек түгіл, ың-шыңсыз күн кешкеніне қуаныштымын. Қайын енем де жесір әйел, бір жолы хаттың арасына 5 сом салыпты. Өмірімде артымнан келген қаражат осы. Шіркін, Манапбай сұмдық ұстамды тамаша жігіт. Жоқ маған ғана солай ма? О жағын білмеймін. Мінезі қыздай тұрақты. Осындай адамдардың қадір-қасиетін білмейтіндігіміз мені қатты өкіндіреді. Манапбайға қарағанда мен өзім ойлы-қырлымын.

Киімің жуулы, төсегің салулы, ауқатың істеулі, дайын үй бір сөзбен айтқанда “тамақ байдан, ажал құдайдан” дегендей маған деген жағдай тойға шашылған шашудай береке.

Міне, мұндай сый-құрметті айдаладағы біреу тұрмақ өз жақының да ауырсынады ғой. Әсіресе, менің ұялатын жерім, құдайдың құтты күні киноға, театрға ертіп барады. Жол-жөнекей балмұздақ, самса, лимонад сияқты майда-шүйде әперетінін қайтесің.

Бармаймын десем зорлап ертіп барады. Міне, сөйтіп мені бір жыл бақты. Келешек оқырман бұл іс әрекеттер бұрын болғанмен кейін жазылып отырғандықтан сөз орайы келгенде, ілгері-кейін

болған оқиғалар кейде айтылып отырады. Осыны түсінер деп ойлаймын.

Кейін Манапбайдың шаңырағы шайқалды. Жұмакүлмен ажырасты. Өзі екі мәрте қылмысты болды. Атының ер-тоқымы ауын түсті.

Ал мен болсам баршылықты толық игерсем де, ол басқа жақта, мен басқа жақта болған соң қол ұшын бере алмадым. Соған көңіл бөліп ізденіп жүріп, қол ұшын беруге болар еді ғой. Бұл пендешіліктерімді әрине, жасыра алмаймын.

Кейінгі кезде Манапбай біз тұрған жақта мал бақты. Бір жолы қой айдап келе жатып біздің үйге қонды. Мінгені есек, жарты ғасыр өмірінде-ақ бейнесі алпыс-жетпістердегі адамдай болыпты. Еңсесі түсіңкі, жүзі төмен. Көрген адам жағдайын сұрамай-ақ есіркегендей.

Баяғы ашқұрсак күндерімді қалай ұмытайын. Музыкалық училищені қызыл дипломмен бітірген. Өзі тума дарын. Кез келген аспаптарда ойнай алады. Осыларды ескерген мен.

-- Менің қызметім дәл сізге лайық ( Ол кезде қызыл отау меңгерушісі едім.) осындай жұмысты жолдастарыма айтып сізге ұйымдастырсам қалай қарайсыз? – дедім.

-- Мұндай жұмысты маған кім береді. Төрт-бес жыл аудандық мәдениет бөлімінде осындай жұмыстан дәмелі болып жұмыс істеп жүрдім ғой. Қол жетпеген соң, басқа жұмысқа ауыстым да шалыс басқан тірлігім сәтсіздіктен сәтсіздікке ұласып кетті – деп мұңын шақты.

Бұл айтқандары рас. Қазір адамдар өзгеріп кетті. Мысалы, қазір осы саладан түк те хабары жоқ мен де істеп жүрмін, менен де өткен сорақылар қаншама дейсіз. Сөйтіп Манапбай маған мұндай қызметтің ауылы қайда деген соң бастығым Ерік Айтқожаевқа Манапбай туралы бір қызметтің ыңғайын келтіруін сұрандым.

Ерікке, рахмет, менің жұмысымдай бір жұмыстың ыңғайын келтіріп, маған Манапбайды шақыртты. Құдай адам баласына бір сәтсіздік бейімдемесін. Манапбай бағып жүрген алдындағы отардан елу-алпыстай малы бөлініп, бір сұқ қолдың жекешесі болып кеткен көрінеді.

Сондықтан уағында алдындағы отарын өткізе алмай, артында шаласы болып, мына жұмыстан тағы құр қалды. Әрине, маған

рахметін жаудырғаннан не пайда, еңбегін ақтай алмадым. Құр хабарлағаным болмаса. Манапбай мен Жұмакүл туралы әлі сөзім біткен жоқ, келесі тарауларға қалдыра тұрайын.

## Түс

Байманат күннің батысына қарай еңбектеп жылап бара жатыр екен. Ояна кетсем түсім. Жүрегім дүрсілдей соғып, дегбірім қашып бір қорқынышты үрей билеп кетті. Сол күні оқуға барсам да көрген түс ойымнан шықпай, бей-жай берекесіздік бой билет. күдік ойымнан шықпады. Күніне кооп училищеде төрт пар сабақ болады. Оның бір-бір сағатында үйге берген тапсырмасын сұрайды да, бір-бір сағатын енді үйге беретін жаңа тапсырмадан баяндама жасайды мұғалім.

Бұл 1962 жыл февраль айының басы еді. Оқығаным жарты жылдай болып қалған. Төрт пар сабақ төрт айға созылғандай әрең бітсеші. Сол күнгі кешкі поездбен ауылға тартайын. Барсам Байманат бір тәулікке жетпей ауырып мен түс көрген күні түнінде қайтыс болыпты.

Қазақша жалпақ тілмен айтқанда көз тиіп (сұқ өтіп) өлді дейді.

Міне, жоғарыда бір жылда бір-ақ мәрте ауылға бардым дегенім осы. Шынын айтсам жастық па Зәбира екеуіміз де Байманаттың қайтыс болғанына аса мән бермеген сияқтымыз. Шешем мен екі қарындасым ботасынан ажыраған інгендей боздап отыр. Мен он тоғызда, Зәбира он сегізінде шаңырақ көтердік қой.

Үлкендер баладан өсетінін сол уақытта ойламаптық. Сол кездер ойсыз күндер екен. Байманаттың суретін кейін көбейтіп алдым. Сол жолы інім Әбдіманапты үгіттедім. Сен биыл оқуға дайындал, зооветтехникумға апарайын деп. Жол қаражатты степендиядан жинайын дедім. Ол келісті.

Жамбыл қаласына қайта барғанда Манапбай мен Жұмакүл екі жасқа аяқ басып қалған Байманатқа көңіл айта отырып:

-- Бәлем оқуды бітіріп ауылға барып сатушы болған соң сағатты таңдап аламын -- деп жүрсін түсімде. Қамықпа оқуды бітіріп, ауылға барып сатушы болған соң, келіншегің ұл туады екен деп жорыдым,-- деді Жұмакүл Әбірәсилова.

Міне, енді оқуды аяқтадым. Жалғыз хозвигищиеленеден гана

төрт, баскасын бәрі үш деген баға. Кейбір бағаларым екіге де тән екенін ар алдында қалай жасырайын.

Коопучилищенің сабағы өте ауыр екен, орыс тілінде жүреді. Ал орыс тілін мен түк білмеймін десем де болатын шығар. Мен түгіл талай орыстың қыздары оқу қиын деп тастап кетті. Өз тілін өзі түсінбеу деген мен үшін таңқаларлық іс.

Өзім әйтеуір күндіз-түні оқып, ізденіп, талаптанып жүріп әрең аяқтадым. Мұғалімдер де ойыңды жеткізе алмай тұрғаныңды, оқығаныңды біледі.

Інім үшін степендиядан 80 сом жидым. Әрі үйге екі бума екі түрлі шыт мата ала келдім.

Мұның бәрі Манапбай мен Жұмакүлдің құдайша жарылқауының әсері. Мың да бір рақмет.

Оқуды тауысып, үйге келсем інім Әбдіманап қағаздарын реттеп дайын отыр екен. Бір түнедім де екеуіміз жолға шықтық. Жолым болып, інім Әбдіманап Талас ауданындағы зооветтехникумына түсіп кетті.

### **Ең алғашқы сауда жұмысына кірдім**

Жұмакүл Әбдрәсілова екеуіміз оқуды бітіріп ауылға келдік. Сол мезгілде біздің Мойынқұм колхозының орталық азық-түлік дүкеніне сатушы шақ келмей, үнемі кем шығып тұрады екен. Біз оқуды бітіріп келген қарсаңында тағы кем шықты.

Новотроицк селосының бастығы Орынтай Әбденов Жұмакүл Әбдірәсілова екеуімізге бірігіп, осы дүкенді қабылда деп қолқа салды. Оған Жұмакүл келісті, мен келіспедім. Жұмыстың “арты жақсы болса, алды әрдайым жақсы” деген неміс халқының мақалындай өзім жеке істеп не болса да өз пешенемнен көрейін-дедім.

Одан кейін Жұмакүл Әбдірәсілова Жамбыл қаласындағы оқып жүрген күйеуі Манапбай Медеуовке бір жылдық демалыс алдырып, осы дүкенді екеуі қабылдады.

Мен тамақтандыру (общипит) мекемесінің осы колхоздағы ларегін (закусочная) өткізіп алдым. Бұл ларегті қабылдаған қарсаңда біздің Мойынқұм колхозы “Коммунизм” совхозы болып өзгерді.

Совхоздың жаңа келген директоры ларекті жаптырды да, осының орнына совхоз асханасын ашатын болды. Мен істегелі бір айға да толған жоқ болатын.

Маған асхана ашылғанша қант қызылшасында істей тұр, ашылған соң технолог боласың, -- деп совхоз директоры уәде берді. Мен қант қызылшасында жұмыс істей бердім. Асхана ашылған күні маған уәде еткен жұмысқа барсам бір адам алып қойыпты. Мен директор Әлімбаевқа кіріп:

-- Сіз мені уәде етіп, екі ай неге босқа ұстадыңыз – дедім.

-- Жағдай солай болды – деді директор.

-- Өзіңіз үлкен кісісіз, тағы директорсыз біздей жастарға өтірікші болуыңыз қалай?

-- Әй, бала сен не -- деп тұрсың, бар шық кеңседен, басымды қатырма, -- деп ұрса бастады.

-- Мен кеңседен шықпаймын, бұл сіздің үйіңіз емес, көпшілік келетін орын. Одан да не үшін өтірік айттыңыз, соның жауабын бер -- деп аш кенеше жабысып жатырмын.

-- Сені каматамын, әйтпесе тез кеңседен шық, -- деп айқайлап жатып қолына телефон трубкасын алды.

-- Каматсаң камат, бірақ, мені жазықсыз заң орны қамамайды, өтірік айтқан сізді камату керек -- деймін баяғы.

Қазір ойлап отырсам менде түйсік те, сезім де жоқ екен. Сол мезетте үстімізге управляющий болып жұмыс істейтін Ақаш Бұхарбаев кіріп келді. Менің қасарысып қайтпай отырғанымды көріп, орнынан тұрып келіп, -- жүр інім бұл үлкен кісі ғой, ашуландырып қойыпсың, -- деп бір қолымнан жоғары көтеріп далаға ертіп шықты. Бұл кісіні аға тұтып сыйлаушы едім.

Бұдан кейін директор Әлімбаев талай мәрте жолыма көлденең тұрып, кедергі жасаған кездері болды, бірақ, мейірімді адамдар арқасында оның қисынсыз тірліктері желге ұшып жүрді.

Осыдан соң ауданда заттар сататын дүкен қабылдадым. Бір айта кететін жағдай Зәбира толғатып, әйелдер босанатын ауруханаға кетті, мен болсам осы дүкенді қабылдауға орталыққа, ауданға кеттім. Қу тірлік кейде қуануға да мұрша бермейді екен.

Сөйтіп, сол жылы дүкенді қабылдаған күні, яғни, 1962 жылы 2-ші қараша жұлдызында Мейрамбек деген ұлымыз өмірге келді.

Сонда баяғы Жұмакүл Әбдірасілова маған айтқан түсі ойыма оралды.

### Жағдайымыз бұрынғыдан да қиындады

Осы жұпыны тұрмысымыз екі бөлінген соң не болады, әрине, қиындайды. Зәбира екеуіміз кішкентай бөбегімізбен ауданға көштік. Зәбира болса да жұмыс істемейді. Дүкеннің заттарын әр демалыс сайын базарға алып шығып, жоспар орындау үшін сатып тұрамын.

Алғашқы барған базарда бір бума қымбат матаны ұрыларға алдырдым. Содан бастап аңқаулықты қойып, өз жұмысыма пыси бастадым. Қыстай осы дүкенде істедім. Көктемге салым бастығым Орынтай Әденовке жоқтан бар болып отырған үйіміздің екіге бөлінуінің ауыр болғанын, күнкөрісіміздің нашар екенін ашық айттым. Осы мезетте Коммунизм совхозының орталық дүкеніндегі Жұмакүл Әбдірасілованы тексергенде бұдан да жетпестік шықты.

Орынтай Әденов осы азық-түлік дүкеніне істе – деп қолқа салды. Лаж жоқ, жағдайымыз акыр оңып тұрған жоқ, нар тәуекел деп аудандағы дүкенді өткізіп, осы дүкенді қабылдадым.

Дүкенді қабылдап алып жатқанда Жұмакүлге 200 сом затын алмасам да алдым деп фактураға қол қойып бердім. Ол риза болды. Баяғы мені бір жыл асыраған еңбегі ойымда, бірақ бұл майда-шүйде ғой, оның өтеуін өтеу деген ой маған бір зіл батпан сияқты ауыр сезінемін. Қиын кездегі қол қайыр, бірі әкемдей, бірі анамдай болуы ойымнан шықпайды.

Сөйтіп Зәбира екеуіміз осы дүкенде істей бастадық. Бұл дүкен демалыссыз, әрі үзіліссіз он екі сағат жұмыс істейміз. Сауданы мен жасаймын. Зәбира шот үйренгенше зат әкеледі, отчетқа барады, тараларды (ящик, мешок) өткізеді.

Қорыта айтқанда осы дүкенді Зәбираға сеніп алып отырмын. Тұтынушылардың қауырт жері. Бұл дүкенге он жеті ұлт өкілдері тұратын ауыл тұрғындары сауда жасайды.

Зәбира менен гөрі жан-жақты, өз ісіне тиянақты берік. Кезекті сөзін тура тауып, орынды сөйлейді. Мінезі өте тік, өткір. Бетің бар



жүзің бар демейді кімге де болса ақиқатын алдына жайып салып отырады. Сондықтан қисынсыз көрінген бетіне келе бермейді. Білімде менен сауатты тоғыз класты тауысқан. Орыс тілін жатық сөйлейді.

Бір айға да жетпей шот қағу мен саудаға тән жұмыс тәжірибесін жетік үйренді. Бір жыл оқыған менен саудаға анағұрлым үлгерімді болды. Ал, мен болсам көбінесе сасқалақтап ойлы-қырлымын. Мінезім де жеңілтек. Менің істерім мен сөздерім көбінесе өз бағытынан ажыраған жолаушы құсап лағып барып өз жолын кейін тапқандарға ұқсайтын.

Кейде сөзге де іске де шешімін тез орынды табатын кезім келеді. Ол бірақ өте сирек кездеседі.

### Алымды шалымды кездерім

Зәбира дүкенге келген сатып алушыларға тез сауда жасап үлгереді. Мен сауда жасасам ел кезекке жиылып, оларға тез сауда жасай алмаймын. Екі адам қабат істейтін сәттердің өзінде Зәбира тез саудасын жасап жалғыз өзі-ақ елді кідіртпейді. Міне осылай алғашқы сәтті жұмысымыз жүріп жатты.

Совхоз директорынан басқа қызметкерлерімен жақсы сыйластық қатынастамын.

Бір жолы директор Әлімбаев дүкенге кіріп келіп

-- Сені бұл дүкенге кім қойды – деді.

-- Орынтай Әденов қойды – дедім.

Ашулы бетімен дүкеннен шығып кетті. Кеңсесіне бара салып ауданға мен туралы жақтырмаған сыңай білдіріп, звандапты. Оны кейін естідім. Ол Хрущевтің тамақ-тағам жағының тапшылық орнатқан кесірін менен көргендей талай даулы мәселе қоздырды. Әрине, мұндай қисынсыз дауларды ақиқаттың өзі жауабын беріп жатты.

Қорыта айтқанда директор Р.Әлімбаев халық үшін емес, баяғы менің өтірігін бетіне басып, бетінен алып тастағаным ойынан шықпай қойды.

Сөйтіп, директор Әлімбаевтан басқа әр саладағы бас мамандармен байланыс жасап, үйіме де тоқшылық кіре бастады.

Ет, май, ұн, құмшекер, көкөніс мал тағы басқа заттар қазына бағасымен біздің үйден орын алды.

Сауда мекемесінің тәртібі бойынша азық-түлік дүкендеріне үш не алты айда бір тексеру болып тұруға тиісті. Бұның көбісі сатушының сенімді сенімсіз жағына байланысты. Егер сенімді болсақ жылына бір-ақ мәрте дүкенді тексереді.

Мен осы дүкенде істегеніме үш ай болған соң тұтынушылар қоғамынан екі адам тексеруші келіп, дүкенді тексеріп қорытындысын шығарып жатқанда, олардың үстінен аудандық мемлекеттік банктің аға бухгалтері Рубашкин деген кездейсоқ (контрольный) тексергендердің үстінен тексерді.

Міне, бұл дүкен әбден сенімнен кеткені соншама, ауданға әйгілі болған. Сөйтіп менің алғашқы қорытындым тамаша таза шықты. Бұған тексеруші ғана емес, селпо қызметкерлері түгел қуанып, маған риза болды.

Мен өзімді-өзім жарты айда бір тексеріп тұрамын. Кем болуына жол бермеймін. Кіріс-шығыс заттарымды мұқият қарап, селпо есепшілерімен қойма меңгерушісіне сенбей өзім есеп жүргізіп отырамын. Әдейі не байқаусыз істелінген қателіктерді, айырмасын есептеп ажыратып тұрамын.

Сауда орнында мұндай жолсыздықтың неше алуан түрлері баршылық. Қорыта айтқанда, сауда жүргізу әр сатушының өзіне байланысты екен. Оның үстіне басынан есепке ыңғайлы екенімнің пайдасы тиді.

Жора-жолдасты болып алғашқы өз жеке тірлігіме алымды-шалымды болғанымды артық та болса айта кетейін.

### Рахмет айту

Мендегі бір әдет біреу болар болмас жақсылық істесе, не қол қайыры тисе болды соны дардай қып айтып ұмытпай, соған жан-тәнім қалмай жүреді.

Кейбіреулер жақтырмай түк көрмегендей соны да сөз ғып-деп қалады. Оған менің жетім болып, жалтақ өскеннен кейін бе қайдам шыдамым жетпейді. Жоқ әйтпесе мінезім соған тән бе білмеймін.

Әйтеуір біреудің істеген жақсылық сый-құрметіне мүмкіндік

болса өтеуін өтеп, асып түсіп отырғым келеді. Әсересе кемтар мұқтажсыз өзімнен төменге көңіл бөлгім келеді. Кейбіреулер шаруасы түскенде пайдаланып, судан өтіп алған соң танымай кетіп жүретіндері де өмірде аз емес қой.

Осы дүкенге келгелі көп міндеттерден құтылдым. Зәбирамен оттасқалы үш жылдан асып барады, екі баланың анасы болды, оның міндетінен құтылдым.

Қайын енем Зәбираның төсек орнын әкелді, оның міндетінен құтылдым. Маған да мал-жан бітіп бес мыңға жуық ақша да жиылып қалды.

Осыны ойладым да бұрынғы бастығым Орынтай Әденовқа бардым.

Орынтай Әденов бұл кезде аудандық тұтынушылар одағы бастығының бірінші орынбасары болатын.

-- Аға сізге рақмет айтуға және үйге қонақ болып қайтуыңызға шақыра келдім – дедім.

-- Не үшін – деді.

-- Мені сіз ана азық-түлік дүкеніне зорлағандай қып, еріксіз жұмысқа қойып едіңіз, байлыққа кенелдім-- деп бастан-аяқ баяндап бердім.

-- Онда оны білгеніңе саған да рақмет. Кейбіреулер мұндай жағдайда рақмет айтпақ түгіл құдайын танымай кетеді ғой – деді.

Сөйтіп жөн сұрасып отырғанда ойына бірдеме түскендей.

-- Әй, Сауытбек дүкенінде орын бар ма – деді.

-- Дүкеннің астындағы подвал бос тұр ғой – дедім.

-- Олай болса саған елу тоннадай ұн жіберейін – деді.

Құдай жарылқап қалды Н.С. Хрущевтың тамақ жағын, ұн тұрмақ басқа жағын да өлшемге түсірген кезі. Сәті болған жері өзіме қарасты әрбір үй бір-бір қап ұнды болды.

Орынтай Әденов демалысқа қарсы үйге қонаққа келді. Үйіміз жаппа тоқал там, едені жоқ үй болатын. Кетерінде өзіме әдейілеп тұрып, “Сауытбек жағдайым жақсы – дейсін ғой шаруашылығыңды үй салудан баста” – деп әкемдей ақыл берді.

### Су аққан жермен ағады

Қыстай үйдің есік-терезесін ұсталарға істетіп тағы да керекті

құрылыс заттарын сатып алып қойдым. Ерте көктемде үйдің табанын цементтен құйып, шикі кірпіш құйдырып, іргесін көтере бастадым.

Бір күні ауданда жұмыспен жүрсем өзімнен көп үлкен ауылсоветінің секретары Кенжебай Ибрагимов деген ағамыз жол менікі болса да асханадан ауқаттануға үлкен басын кішірейтіп мені шақырды. Тамақ ішіп отырып:

– Сауытбек үй салып жатыр екенсің, үйің құтты болсын – деп сөз бастады. Ол кісі бізден бөлек орталықта тұрады ғой. Сен туралы ауылда көре алмаған қызғанышты көп сөз болып жатыр. Кеше туған бала еді, бүгін үй салып жатыр, үй тұрмақ біз тамағымызды әрең тауып, ішіп жүрміз – дейді. Сонда мен айттым.

– Көре алмасаңдар көздерің шықсын. Сауытбек тұрмақ оның әкесі Мәдімәр да сондай сергек болатын. Әуелі әйгілі мешін жылы (1932 ж.) ел тамақ тауып іше алмай басқа жаққа ауып жатқанда, басқа жаққа бармай осы жерде еңбектеніп, тамақ тұрмақ тұрмысты болатын. "Су аққан жермен ағады" деген осы. Жетім күнінде сендер не бөліп беріп едіңдер. Әкесі Мәдімәрдан қалған малды талап алып, күш көлігін еркісіз зорлап жұмсағаннан басқа. Өз еңбегімен талпынып жүріп жеткеніне рақмет айту орнына көре алмай сөз қылып отырсыңдар – дедім.

Шынында да сол кезде ауылда еңселі үй екі-үшеу-ақ еді. Қатарларым түгіл белді азаматтардың көпшілігінен тізгінімді бұрын игергенім рас.

Осы орайда Кенжебай ағайдың бұрын айтқан бір сөзі ойыма түсті. Бала кезімде ол Амангелді деген колхозда парторг болатын.

Біз көкпар тартып, көкпарымыз ауылдан ұзап кеткен соң, ауыл адамдары Қорағаты өзенінен кейін қайттық. Жолда астында жарамды аты бар Кенжебай көкпарға келе жатыр екен, қарсы жолықты. Көкпар ұзағанын бізден естіген соң ол да кейін қайтты.

Бәріміз ауылға қарай жарыстық. Бәрінен мен оздым. Менен кейінгі Кенжебай ағай екен. Аттың басын іркіп жолдастарымызды тосып алдық. Біреулері – мына Сауытбектің атынан сенің атыңның қалғаны ұят болды, кайта жарыс – деп қайрады.

Екеуіміз қайта жарыстық. Мен тағы да озып кеттім де жетпейтын болған соң қайтадан тосып алдым. Кейінгілердің бәрі келіп, басымыз қосылды.

– Сен өзің парторгсің, мінген атыңның түріне қарағанда көрнекті. Мына Сауытбектің атынан атыңның қалғаны сөзі ұят болды - деп қышыма қыршаңқы намысқа тиер сөздер айтты күншілер.

Оған Кенжебай ағай – сендер не деп тұрсындар Сауытбектің аты атымнан озбақ түгіл, өзімнен өзі де озады. Бұл келешегі бар жалындап өсіп келе жатқан жас қой. Керек болса біз сияқтыдан осындай жастардың озғаны дұрыс. Біз қайта кейінгі жастардың озуына мүмкіндік жасап жол беруіміз керек. Мен керек болса осындай жастардың өзімнен озғанына тілектеспін – деп жаңағы қызыл көз қызғаншақтарды тиып тастағаны “су аққан жермен ағады” дегенде ойыма түсті.

Шіркін, жақсы адамдардың жөні бөлек қой. Кенжебай ағайдың сол сөзі ойымда мәңгі қалды. Тілеуғабыл болыстың немересі тектілігін білдірді.

### Түсімдегі жолбарыс

Бұрын тамағын әрең тауып ішкен Сауытбек енді күнде ішімдік ішетінін ар мен ақиқат алдында қалай жасырайын. Әсіресе Забира дүкенге ие болғалы осы әдет пайда болды. Бір күні байқасам күніне 3-4 шишадан ертеңнен кешке дейін ақаңнан жұтады екенмін.

Семіздікті қой ғана көтереді, басқа көтере алмайды деген рас. Өзімді өзім игергелі осылай. Күнде кешке қарай қызынып келіп үйге құлаймын. Осы тараудағы түсімдегі жолбарыс туралы бұрын поэма жазғандықтан қысқартып айтайын.

Бір күні қызып келіп ұйықтап жатсам, бір жолбарыс келіп бас салатындай көрінді. Шошып оянып сіріңке жағып, үйдің іші-сыртын, қуыс-қуысты түгел қарадым. Жаңағы жолбарыс жоқ. Өзімді үрей билеп, қорқып кеттім. Түсім дейін десем, тура өңімдегідей сияқты.

Үрейленгеннің әсері болу керек, сол түнді ұйқысыз өткіздім.

Екінші ретте жарты айдай уақыт өткеннен кейін тағы бір жолбарыс бас жағымда отыр екен, ояна кетсем түсім екенін анық сездім.

Тағы көп ұзамай бір түні түс көріпін. Түсімде бір топ адамдар біздің үйге келіп есіктің алдында шуылдасып тұр екен деймін.

– Мына Сауытбектің жолбарысын қарашы көптен бері осының үйінде пайда болды – дейді. Әне-әне жатыр – деп бір-біріне жолбарысты көрсетеді. Солардың сөзін естіп мен де келіп көремін. Сөйтсем жолбарыс біздің үйдің оң босағасының астын қазып ін жасап алып, сол інінде жатыр екен. Ояна кетсем тағы түс. Оған мән берген мен жоқ. Бұрынғыдай емес үрейленбей бұған да үйреніп кеттім. Күнде ішетінім ішімдік.

Сөйтіп жолбарыс өне бойы түсімнен шықпайтын болды. Онда мен жиырма үшта едім.

### Қанағат

Келешек оқырман мен сіздерге әр уақытта ақиқат сөйлеуге тиістімін. "Құдай берсе бір аяқ мұздан екі аяқ су шығады" – деп осы дүкенде бір жарым жылдай-ақ істесем де байлыққа кенелгенімді өзім де аңғармай қалдым. Бес бөлмелі үй салдым. Мал бітті, кйіндік, ішіндік ақшалы болдық. Міне, құдайға шүкір қанағат та керек.

Қорыта айтқанда Зәбира екеуіміздің 300 сомға жуық жалақымыз сыртында. Осы дүкенде істегелі 9000 мың сом көлденең түсім түсіпті. Мұның бәрі жора-жолдас мамандардың көмегі деймін. Бір мысал келтіре кетейін, базарда болатын 100 сомның қойын қазына бағасымен 15-20 сомнан аласың. Бұл тегін емей немене.

Оған қоса өзім де "Жаманның дүние тапқанға кемдігі жоқ" дегендеймін-ау деймін

Сол үшін Зәбирамен ақылдасып осы дүкенді өткізсек деген ойда болдым.

1964 жыл 19 сентябрь күні Галя деген қызымыз өмірге келді. Осы күндері Рабкоптың жиынында малшы қауым құм қойнауындағы "Бесқатын" атты дүкеннің дүкеншісін орнынан түсіретіні сөз болды. Бастығым Рақыш Аманқұловқа мені сол дүкенге ауыстыруын сұрандым. Келісті.

Егер азық-түлік дүкенін өткізбесем, өзімді өзім тексеріп жүрсем де бір жағы ойсырап жатқандай сезінемін. Бірақ, дұрыс

шығуға да тисті. Кіріс-шығыс, қалдық әр заттың сомасына зерекпін. Сонда да көңілім күмән.

Дүкенді өткізгенде ондағы үнді шайы сияқты өте зәру керекті заттарды өзіммен бірге ала шықтым. Менің де пенделігімнің өз басыма жетерлік екенін ар алдында қалай жасырайын. Мұның бәрі қорытындының дұрыс шығу әсері "Жұмыстың арты жақсы болса алды әрдайым жақсы" деген неміс халқының мақалын тағы қайталаймын. Соған сай болды да.

Бұрын бұл дүкенге сатушы болып істеуге қашатындар енді сұранып жүрді. Солардың арасынан рабкоопта қызмет істейтін ерлі-зайыпты Аман Керімбаевтар қабылдады. Соның келіншегі Зина Керімбаева дүкенді өткізіп алып жатып

-- Сауытбек осы дүкенді қабылдарда киімің жамаулы еді, бүгінде бүтінделіпті -- деп кекетті.

Оған не дейсің, расында солай болатын. Бұлар да аш қасқырдай болып қабылдаған дүкеннен баршылықты игерген соң осыған шыдай алмай жолдасымен ажырасып Зина қайғыс болды да балалары бет-бетімен кетіп Аман жалғыз басты күй кешуде екенін сөз орайы келгенде айтып отырмын.

Әрине, мұндай кірме сөз ретсіз болса да өмір сырына үңілген оқырман түсінер деймін. Тек қана бір жақты жақсы жағын жанды қылып айтқаннан гөрі ақиқатын ашып шын сөйлеген дұрыс қой. Зина мен Аман жағдайы осыдан туындап кетті.

Ал енді кезекті сөзіме жол берейін. Ауыл адамдары мені бір былыққа ұрынып қоғам мүлкін талан-таражға салып, қалай болса солай жұмсап жатыр – деп ойлайды екен.

Дүкенді аман-есен өткізгенде жанашырлар риза болып, көре алмаушылар іштен күйінді. Ел болған соң мұндайлар кездеседі екен. Іш тырнайтын аламысық адамдар арасында сонау заманнан қалмай келеді ғой...

1964 жыл 26 октябрь күні құм қойнауындағы малшы қауым арасында орналасқан "Бесқатын" атты дүкенді қабылдауға көштім.

### **Малшы қауым жағдайын түсіне бастадым**

Осы тарауда келешек оқырман бір ойға беріліп отырмын.

Бұдан жиырма бес жыл бұрынғы басшылар мен малшыларды қазіргі басшылар мен малшыларға салыстырма жасағанда, өмірге көзқарасы, адал еңбек етуге, шындыққа жақындығы сияқты жағдайлар аспан мен жердей екенін білмеппін.

Сол уақыттағы малшылар мен аудан басшыларының еңбекшіл, турашыл адамгершілікті қасиетін енді міне қазіргімен салыстырып барып білгендеймін. Сонда мен жиырма төртте едім.

Сөйтіп, малшылар дүкенінде жұмыс істей бастадым. Енді, міне, сол уақыттағы малшымен қазіргі малшыны, сол уақыттағы аудан басшысы мен қазіргі аудан басшысын салыстырма жасайын.

1964 жылы малшылар елуді қусырған карттар екен. Қазір көбісі жоқ. Олар айналайын қазағымның кең пейіл ақкөңіл күндерін ғана ойлап арқасын кеңге салуы тура ұшы-қиырсыз қонысындай екен. қазақтың ата салты мейман дос барға ырза, жоққа тәуекел, бір-біріне мейірім шапағатты мамыражай пейілін сақтаған кездерінің соңғы кезеңі болса керек.

Қай мал болсын бөлінеді, жоғалады, ит-құсқа неше түрлі қисынсыз жағдайға кездесуі әрине өмір заңы.

Бұрын жоғалған не бөлінген малды басқа біреуі тауып алса жоғалтушыға іздетпей-ақ өзі хабар беріп, маған бәлен бас малы келіп қосылды, келіп алып кетсін – дейтін.

Мен солардың талай куәсі болып та хабарладым. Бұрынғы малшыларда бір-бірімен ренжісу деген жоқ болатын.

Күнде бір-бірімен шақырысып, той-думан, қызықты кештер, қызу еңбекпен жымдасып жататын. Малдары санақта кем шықса көпшілік болып жабыла көмектесіп, аяғынан тік тұрғызатын. Әркім танитыны түгіл танымайтын ай даладағы біреулердің өзі жазымға ұшырағандарға әлінше ат салысады. Шіркін, басқа ұлттарда да мұндай кездесетін шығар, бірақ біздің қазақ халқының ерекшелігі өте айтарлықтай ғой. Тек қана өз ұлтына ғана емес, басқа ұлтқа да сондай ғой. Сонысынан кейде опық жесе де оны әлі қайталауда.

Сөз кезегі келгенде кейбір ой тұжырымдар айтылатынын оқырман қауым түсінер.

Кейбір малшылар бір түйеге жатып орынын, тамағын артып алып үйінен бір ай не жарты айдай соны жайылым қуалап түнемелге шығып алдындағы отарымен күнде әр жерге жаяу



жүріп, ұзатып жаяды. Қой еркін жатсын деп қазіргідей сетка немесе басқа жүзген ағаштан істеген қораларды пайдаланбайды.

Ал, қазіргі малшыда мұның бірі де жоқ. Жағдай жақсарған сайын, мемлекетіміз жылдан-жылға жетілген сайын, адамдардың сана сезімі оянып, оқу білімі өссе де пенделікке ұрынып, ұрлық, жала, өтірік, еріншектік, көзбояушылық сияқты толып жатқан қылмыс жолсыздықтар көбейуде.

Мен малшы қауым ортасында отыз жылдай болғандықтан, бұлардың сырына өте қанықпын. Сондықтан да шығар көп әңгімелерім мен өлеңдерім сол малшы қауым жайындағы деректер. Мысалы, (22 - февраль 1984 жыл деген әңгімемен "Өзі еріншек өзі ұры" деген өлең осының куәсі. Сөйтіп мен малшы дүкенін қабылдаған жылдары менен 3-4 шаруашылық біздің ауданнан тағы да Мерке мен Мойынқұм жағының малшыларыда сауда жасайтын.

Әр совхоз малшылары үшін белгіленген автодүкен тағы бар. Олар малшыларға айлық не несие айлық, не сыйлық бергенде кассирмен бірге келіп қолма-қол ақшасына саудалап тайып тұрады.

Сонда айына бір-ақ мәрте аралайды деген сөз. Содан кейін қарасы қараңғыға батқандай жоқ болады. Және автодүкеншілердің саудалайтын заттары құнды заттардан құралады. Ол әрине, жоспар орындауға тиімді.

Күнделікті тұрмысқа қажетті сіріңке, темекі, панар, тұз, сабын, керосин сияқты тиын тұратын заттармен автодүкеншінің ісі болмайды.

Аңғал және арқасын жоқ та болса кеңге салатын малшылар бар ақшасын (айлығын) автодүкенге жұмсайтын да келесі айға дейін мұқтажды болып қалады. Әрине, мұндай жағдайда малшы қауымның ыстық-суығына біз сияқты тұрғылықты дүкеншілер күйеді.

Тағы да айта кететін жағдай мен малшы қауым дүкенін қабылдаған жылдары аудан басшылары да малшылар мұқтажына ерекше көңіл бөліп, совхоз директорлары бастап мәдениет, сауда тұрмыстық өтеу (быткомбинат) шаштараз, монша тағы осы сияқты адам тұтынатын әр саланың бәрін аяғынан тік тұрғызып қызмет көрсететін, малшылар өмірінің тыныс-тіршілігін облыс

тілшілері газеттерге жариялап отыратын - қайран сол күндер-ай десеңізші. Ол күндер бүгінде келмеске кетті.

Бірде дүкенді қабылдағанымда бір айға да толмай екі "Газ -69" машинасы ескерусіз уақытта дүкен алдына тоқтай қалды. Мен болсам малшыларға сауда жасап жатыр едім. Мен де жұмысымды жалғастыра бердім. Бір уақытта екі адамның біреуі

-- Бала істеп жатқан жұмысыңды қоя тұр. Бұл жұмысқа қашан келдің – деді.

-- Жақында – дедім.

-- Бұрынғы дүкенші қайда.

-- Осында отыр.

-- Кәні малшылар мұқтажына лайықты заттар түгел ме – деді.

Мен анырап қалған соң біртіндеп сіріңке, сабын, керосин сияқты заттардан бастап бәрін сұрай бастады. Мен барын бар, жоғын жоқ деп айтып жатырмын. Не керек малшыға деген заттарды түгендеп сұрап шықты. Бұрын қайда істегеніме дейін сұрап білді. Байқаймын мен оларға жақпай қалған сияқтымын. Бір уақытта жаңағы тықақтап сұрағанның қасындағы сатылатын қырлы стаканды көріп не арақ ішкенсіңдер ме – деп стаканды ұсқады.

Мен стаканды алдым да иіскеп көріңіз – деп ұсындым.

-- Жә, жетеді – деді.

Кетерінде алғашқы әр затты сұраған кісі

-- Сен жас бала екенсің, бұдан былай біз сияқты күнде келе бермейтін аудан өкілдері келгенде жөндеп қарсы алып тұр. -- деп өзін Шу ауданының бірінші хатшысы - Жаппар Түйебеков екенін, қасындағы жаңағы мен стаканды иіскеп көріңіз – деген кісіні Шу аудандық Советті атқару комитетінің төрағасы А.Назарбеков екенін таныстырды.

Мен, аудандағы дүкенде бір жылдай совхоз орталығындағы дүкенде екі жылға жуық жұмыс істесем де мұндай аудан басшысын кездестірген емеспін. Демек, аудан басшысы малшы қауымға ерекше көңіл бөлетіні алғашқы күннен бастап-ақ сезіле бастады.

“Басы қату болса аяғы тату болады” деген сөз маған айтылғандай болып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жаппар Түйебековтің талапшыл, турашыл, іскерлік

істерінен аз да болса тәрбие ала бастадым. Ол кісінің қазіргі (кейінгі) хатшылардан айырымы мен малшыны аралаймын, -- деп жалпыға жар салмай, шаруашылықтың ақиқатпен білу үшін директорлар мен мамандарға сездірмей малшы жайын аралап білетін әдеті бар екен, мына келісі де соның бірі болды. Мен соған кез келіппін. Содан бері қанша уақыт өтсе де – стаканды иіскеп көріңіз -- деп ұсынғаным есіме түскен сайын ұяламын.

Бірақ, мен осылай аудан басшыларын дөрекілеу қарсы алсам да кейін жүре келе Жапар Түйебековтің маған ерекше мейірім шапағаты тиіп қолдауында болып жүрдім. Мүмкін оған менің өз жұмысыма бейім екендігімнің септігі тиген шығар.

Өмір бойы Жапар Түйебековтің әділетті мейірімін ұмытпаймын, ұмытуға тиісті де емеспін.

### **Сақалының ағын, атының терін сыйлаймын**

Малшылар маған үйір бола бастады. Күндіз-түні ағылып келіп сауда жасайды. Малшылардың ең шеті 130-150 шақырымға жуық. Көбісі қарыз сұрайды. Қоғам мүлкін несиеге сауда жасап таратып жіберуге заң көтермейтіні тағы белгілі. Көбісі соншама қашықтықтан қарызға саудалаймын-- деп келеді.

Алғашқыда малшы қауымның бәріне ескерту жасадым.

Біріне ескертсең екіншісі келеді. Көптің аты көп қайсы бірін өз айтқаныңа көндіресің. Сонша қашықтықтан ақшаларың болмаған соң мені қинап келмеңдер – деймін.

Оған олар біз сені көріп тұрып өлеміз бе кәйтсек те аламыз, саған сеніп келеміз – дейді.

Өзің де соншама қашықтықтан келген малшы қауым меселін қайтып қайырасың.

Ары айттым бері айттым көптің аты көп қой қайтып көңілін қалдырасың.

Лаж жоқ сақалының ағын, атының терін сыйлаймын.

Сөйтіп өзімнің төрт мыңға жуық ақшамды дүкенге қойып, малшы қауымға жаппай қарыз беретін болдым. Осы соманың аумағынан аспауға тырысамын.

## Шакырылмаған қонақ

Құм қойнауындағы дүкенге сатушы болғаным екі айға жуықтағанда “калай құмға үйрендің бе” – деп бастығым Рақыш Аманқұлов келді. –

– Малшылармен үйренісіп кететін сияктымын. бірақ шақырылмай келген қонақтардың көңілін таппай жүрмін – деп мына болған жайды айттым.

Осы кезде Дружба мен Коммунизм совхоздары бірігіп, бір Коммунизм совхозы болатын.

Сол Коммунизм совхозының директоры баяғы менімен танысқан Р.Әлімбаев бастаған мал мамандары осы дүкенді қабылдағаным екі аптаға жетпей біздің үйге келді.

Үйге кіріп жатып біздің үй екенін байқамаған Әлімбаев. – Сен осындағы дүкенді алғансың ба, кашан қабылдадың. Қайдағы курортқа сені жібереді екен – деп біздің үйге кірерін кіріп алып, аздап аңырып тұрды да кейін шығып кетейін десе, қасындағылардан ұялды ма лажсыз үйге кіріп төрге жайғасты.

Сөйтіп тамақ асылып, шай да алдарына келді. Ол кезде ішімдіктің жұлдыздысы тапшы болатын Меймандарға деп әдейі Фрунзе (Бішкек) қаласынан көптеп әкеп қойғанмын.

Содан кішкене 100 грамдық стаканға құйдым да шетінен қойғанда төрде отырған директор Р.Әлімбаевқа жетпей қалды. Шақырмаған қонақтар толып отыр ғой стакан қайсысына жетсін.

Р.Әлімбаевтың қасында отырған бас зоотехник Әбиболла Көшенов шегкі тола стаканды алды да Әлімбаевтың алдына қойып жатып – Сауытбек мына коньякты кішкене толтыра құймадың ба деді.

Шынында да стакан аса тола болмағандықтан неге толтырмадым дегендей, ішімнен өкінуде едім. Сөзін қайта жалғастырған ол коньякты аз-аздан құяды, мұндай ішімдіктің ыдысы кішкене болады деп кекеткен сөзін түзетті. Бұл маған бір сабақ болды.

Олар кеткен соң Шу аудандық Советі атқару комитетінің бірінші орынбасары Әнуарбек Жүнісалиев қасында Совет Одағының батыры Сәду Шәкіров тағы екі кісісі бар солар келді.

Бұларды да әлімше сыйлап, бұрын сөгіс алған соң, стакандарға орта-орта құйып алдарына қойдым.

– Әй, Сауытбек арағынды аяп отырсың ба толтыра-толтыра құй – деді Сәду Шәкіров.

Мен ішімнен шақырмаған қонаққа қалай жағамын деп ойладым -- дедім бастығым Рақыш Аманқұловқа.

Сонда Рақыш Аманқұлов – әй, құдай есебінді таппағырлар себебінді қайтып табамын демейсін бе - деп күлді.

Осы отырыста сөз болғаннан орайы келгенде айта кетейін. Әнуарбек Жүнісалиев Сәду Шәкіровке – Сіз батыр атағын аларда қазақша сезіну болды ма (түс көру не басқаша сезіну сияқты) және батырлыққа тән қандай жауынгерлік жасадыңыз – деп сұрақ қойды.

Сәду Шәкіров бұл кезде жылылау еді. Оның сөзіне қарап менің ұққаным, сол өзі бірге жүрген жауынгер солдаттардың ең жасы, әрі денесінің де ең кішісі екен. Командирі сонысына қарай қарауындағы жауынгерлердің ерке баласындай сезініп еркелетіп көтермелейтін көрінеді. Орыс халқының да мейірімдісі көп қой. Және С.Шәкіровтың сөзімен ісі де бойымен жастығына тән көрінеді. Осы жағы көп-көп командирін сүйсіндіріпті. Тек осы сарындас, осы төңірегінде ғана сөз айтты. Жоқ әйтпесе қызулау болғаннан кейін бе батырлық пен ерлікке тән ауыз толтырып ештеңе айталмағанның куәсі болдым. Сұрақ қоюшылар да ар жағын қазбаламады.

Мен тұрған құм қойнауындағы штабта бұрын мейманхана болған жоқ. Малшы қауымды аралайтын совхоз, аудан, облыс, республика өкілдері шақырылмаған қонақ есебінде біздің үйге ағылып бірінен соң бірі келіп жатады. Зәбира екеуіміз табанымыздан тік тұрып сыйлаймыз. Сол кезде бізде бөтен ой деген болмапты. Қазіргілерге қарап сол кезіміздегі іс-әрекетіміздің кейбір артықшылығын ойсыз күніміз екен дейміз. Сөйтіп кей күндері өз үйімізге өзіміз сыймай қаламыз. Мейманға деген еңбегіміз бен тағам жағын қойшы, әсіресе ішімдіктің неше түрін үйге әкеліп қойып суша ағызып қоямын. Мен шыли қызыл ауыздарға даңққұмар болып, Сауытбектің дастарқаны кең екен дегізейін деймін.

Кейбір кісілікті, адамгершілікті адамдар сыйымызды

түсінгенімен, көбісі Сауытбектің тамағымен, тегін ішімдігін іштік, оның несі кетіп бара жатыр дегендерін кейін естідім. Біреулерге істеген сыйымсыз еңбегіміз уағында сіркіреп жауған нәсердей сезілгенмен уақыт өткен сайын ұмыт болады екен.

Әрине, шақырылмаған қонақтар үшін бұл сый-құрметіміз сатулы емес, айналайын қазағымның аға-салтының бір пейілін ұстауымыз еді. Бірте-бірте басқа ұлттарға еліктеп бара жатқандарды өмір өзі көрсетіп жүр ғой.

Қорыта айтқанда, қашан да артық іс артықтығын жасамай қоймайтын көрінеді. Сол үшін шақырылмаған қонақтар жайында бірнеше мысал келтіре кетейін.

а) Бір жолы өзім де қатты ішіп жүрген кезім меймандарды бастырмалатып зорлағандай ішкізіп-жегізіп жатырмын. Осы отырысқа тосыннан кейінірек келген шақырылмаған қонақтар Жақсығұл мен Тілеужан қария шыдай алмай кетсе керек.

– Әй, Сауытбек саған не болған “Сумен келген сумен кетеді” – деген мына шығыныңның есебі бар ма жоқ па – дегені әлі есімде.

Мен мына сөзден бір секем алдым. Бірақ, бұлар шын маған жаны ашып жаныма батыра айтуы еді. Ал, ішіп-жеп үндемей текеметімді тіліп кетіп жатқандар толып жатыр.

б) Осы штабқа келген жылы белді қызметкер Ілияс деген кісіні сыйлап отырмын, далаға шыққанда 600 сомға сатып алған жорғамды көріп, мықтағанда құны 300-400 сом, бірақ, саған ақша қағаз сияқты болған соң 600 сомды артық беріп алғансың ғой – дегені. Міне, қараңызшы сөз төркіні қайда жатыр. Шынында сол кезде аттың аты 300-400 сом екені рас еді. Бірақ та мына жорға ерекшелігімен осылай бағаланған.

в) Ауданда қызмет істейтін бір жігіт шақырылмаған қонақ болып келіп, өзі де ішкіш екен, менің ішімдікті қойған кезім таң атқанша ішіп-жеп ұмытпастай халде болып кеткен. Ескерту жасайын шақырмаған қонақтардың аса кісілікті кісілері болмаса да, өлі ет түгіл, құр ішімдіктің өзін берсең де разы. Мұндайларға тірі қойды бата сұрап сойып, басымен жамбасын алдына тартсаң да ішімдік болмаса бұған риза емес.

Ал жақсы түсінікті қонақтардың жөні бөлек қой, ол ішімдікке емес жоқ та болса сенің пейіліңе, егер бар болсаң ішімдікке емес тірі еттің басына риза.

Мына айтылып отырған аудан қызметкері жеңіл ойлы қойдың басы мен жамбасынан гөрі ішімдік болса болды соған бейім екендігін бір көргенде-ақ сездірген.

Сол азамат ауданның бір кеңсесінің ауыз үйіне үш адам кезек күтіп отыр едік, мен есікке жақын отырғанмын. Менен аттап барып екі адамға сәлем берді де, төртінші болып кезек күтуге отырды.

Мен бұл жерде бір күн мейман болғанын алдына тартып отырған жоқпын. Сырттан келген адам бір жерде отырғандарға бірдей сәлем беруі жалпы адам атаулыға ортақ әдет емес пе?

Міне мұндай жайттар толып жатыр, қайсы бірін айта берейін. Бірақ, мен бұрынғыдай даңққұмарлыққа беріліп әсіре қызыл болмасам да қазақ атамның бөлінбеген еншісінің тәртібін сақтағым келеді. "Битке өкпелеп тоныңды отқа салма" – деп ішіп-жеп алып, танымаса танымай-ақ қойсын беймезгіл қонақты құшақ жая қарсы аламын. Шамам келгенінше мүмкіндік жасауды тоқтатқаным жоқ.

Келешек оқырман артық-кеміне кешірім сұрай отырып, аз да болса тоқтала кеткенімнің септігі болар деп ойлаймын. Жаксы ісіме жадырасын, ағат ісімнен сабақ алсын деген ой ғой. Өмірдің өзі сезінген адамға үлкен мектеп. Бұдан үлкен мектеп те жоқ шығар демекпін.

### **Партияға өтпеуім**

Сауда жұмысын алдыңғы қатарлы істеп көзге түсіп жүрген соң рапкооптың осы жөніндегі қызметкері, Шалтай Дөрекенов партия қатарына өтуімді талап етті. Аудан хатшысына да мен туралы ескертіп қойғанын айтты. Оған мен партияға өтуден бас тарттым. Бірінші себеп жоспарды орындап сауда жұмысының талабына сай болғанменен кейде тұтынушылар сұранысын орындай алмайтыным және жаза басқан жерлерім көп болмаса да аз да болса бар деп өзімді өзім есептеймін. Бұралаң жолға ықпал жасайтын сауда басшылары қызыл билетті қойынаға салып алып жолсыздықпен өзім білерменнің бәрі солардан бастау алады. Менің байқауымша әсіресе сауда жұмысындағылардан партияға

лайық адам өте сирек кездеседі. Кейбір тәртібі төмен жерде жоқ та шығар.

Екіншісі әсіресе қай басшы болсын көбі партия мүшесі бола тұра, айтқан сөзі мен іс әрекеті тең келмейді.

Осы тұста "молданың айтқаның істе істегенін істеме" – деген сөз партия мүшелерінің басшы қызметте жүргендеріне дәл келеді. Олар көпшілік орындарда, жиналыс мінбелерінде, тағы да өзім сезгенім шақырмаған қонақ ретінде біздің үйге талай басшылар қонып дастархан басындағы әңгімелері Ленин партиясына лайық сөз сөйлейді де, нақты іс-әрекетіне үңілсең қиянат, ұрлық, пәре, таныс-тамырлық сияқты толып жатқан әділетсіздікке барады. Сөйтіп партияның атына кір келтіреді. Қазір осы жазбаларды көп кейін жазғандықтан сөз орайы келгенде айта кетейін. Саудада 15 жыл, орман шаруашылығында 8 жыл, байланыс бөлімінде 2 жыл, кейінгі жылдары мәдениет бөлімінде жұмыс істедім. Осы төрт саладағы жұмыстың ішінде тек қана Ленин партиясына лайық жұмыс істегенім байланыс бөлімінде ғана деп ойлаймын.

Ал басқа жұмыстарда жүргенде кейбіреулердің жібі түзу көрінгенмен, жүрген орта солай болған соң кейде дүрмектен шыға алмайтын тұстарыңды ақиқат алдында қалай мойындамассың. Партияға өтпегенім де сондықтан.

### Бұзаулар сатып алдым

1966 жыл 1 маусымда Назарбек деген ұлымыз өмірге келіп, үлкен қуанышқа кенелтті.

Ал енді келешек оқырман мына Сауытбек қайта-қайта мал туралы айналып соғып айта береді екен деп айта ма деп ойларыңа мына пікірлерді сала кетпекпін.

Шоқан Уәлиханов қазақ халқының бір-бірімен амандасқанда "Малың, жаның аман ба" -- деп бірінші малды айтатындығына барлау жасаған.

Адамның өз басынан бұрын малды айтатын себебі қазақ халқының негізгі шаруашылығы мал. Малмен күн кореді, малмен жан бағады. Сондықтан малды адамнан бұрын айтатыны сол деп тұжырымдайды.

Тағы да күрделі мысал осыны растайтын Қазақстанды



басқарған Голощекин мен оның сыбайластары қазақ халқының күн көріп отырған барлық малын сыпырып алған соң мешін (1932) жылы халықтың үштен екісі аштан қырылғанын дәлелдейді. Ал енді мен басынан өзімді өзім тежей білсем адал кәсіп істеуге мойынсынғанмын солай болуға да тиістімін. Мына бұралаң жолы көп саудада істегеніме өзіме-өзім риза болмадым, кейбір бірге істесін жүрген ортам маған түрпідей қарайтынын сезінетінім де сондықтан. Осы жайында жолдасым Зәбираға қатаң ескерту жасаймын. Себебі сауданы көбірек жасайтын тұтынушыларға сол.

Сөйтіп, қоғамға заңсыз болса да артық мал ұстауды өзіме мақсат санаймын. Мұны ұрлық, қиянат жатып ішер сияқты жағымсыз жолмен дүние табудан гөрі адал кәсіп деп ойлаймын.

Егер мына малын қоғам уставынан артық десе қоғам өзі алар, оған пайдасы болмаса зияны жоқ.

Сөйтіп штабқа көшіп келген соң бір жылы 10 бас, келер жылы 7 бас бұзауды әрқайсысын 15 сом мен 40 сом аралығында сатып алып, өріске жібердім. Соның өсімі-ақ жылдан-жылға шаруашылығымды шарықтата берді.

Кейін осы менің басы артық малым жайлы аудан басшылары үлкен мәселе қозғап, бастығым Молдабек Оспаналиевтен түсінік алды.

Осы даудың арты 18 бас мал өткізіп машина алып тындым.

### **Зәбираға істеген қиянатым**

Адам деген пенде екен. Мен өзіме-өзім келген соң ішімдікке, даңкқұмарлыққа, көрсеқызарлық сияқты толып жатқан жолсыздыққа салындым. 1966 жылдан 1970 жыл аралығында Зәбираға көрсетпегенім жоқ. Ішімдікті ішіп алып мас болған соң Зәбираға ұрыс шығарамын. Талай көзінен жасын, денесінен қанын ағызған кездерім болды. Ішіп, қызып келгенде жым болып күрдай жорғалап жүрсе де жақпайды-ау.

Бір жыл Жамбыл қаласында оқуда жүргенде “сен қалайсың” деген Сауытбек енді қасында жүрсем де жоқтан өзгені ілікке шілік қылып өзім тиісемін. Талай түнді ұйқысыз жылаумен, талай

күнді күйікпен өткізсе де үйге келген меймандарға соның бірде-бірін сездірмейді.

Мен сырттан көрген адамға “қой аузынан шөп алмас” момақан сияқты болғанмен, кейде “момындығым түлкідей, бейшаралығым қасқырдай” екенін тек Забира ғана білетін.

Қаншама қиянат жасап, қаншама жәбір көрсетсем де баяғы маған берілгендігінен ауытқымайтын.

“Семіздікті қой ғана көтереді” – деген рас екен. Әйтпесе “қойшының таяғынан, келіннің аяғынан” деп оқушы қауымға менің өмір жолым “жетімдік өмірім” деген бөлімдегі тараулардан белгілі ғой. Қалай Забирамен шаңырақ көтердім солай оң мен солымды танып, қолым аузыма жеткені жалпы жұртқа мәлім.

Адам баласының сезімсізі тойынған сайын тоба қылудың орнына, соны көтере алмайтыны өз басымда болғаның мойындаймын. Өзім сондай құбылмалы болған соң жалпы көпті сондай деп айтуға тағы тиісті емеспін.

Осы төрт жыл істеген қиянатымды ойласам шаңырақтың шайқалмағаны тек Забираның табанды тұрақты төзімі тастан да берік екен деймін.

Бір үйдің жұмысы екеуімізге ортақ болса да әйелге тән деп жас балалы Забира су әкеледі, отын жарады, сиыр сауады, дүкенді ашып сауда жасайды, келімді-кетімді мейман да соның мойнында. Тағы да үйдің аты жоқ бітнес тіршілігі қаншама десеңізші.

Міне осыған қол үшін бермей арақ ішіп карта ойнап, қыдыруым өзінше болса үйде бос отырып түк сезінбеуім нағыз надандық қайырымсыздығымды енді бүгін мойындауға тиістімін.

Адам баласының кейде келешегін, алдағы болатын ісін, жағдайын, не біреудің басында болып жатқан іс әрекетті сезіп болжайтындар болады екен. Оның түрі, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, мінезі, сөзі не болмаса түс көру, бал ашу, көріпкел әулие адамдардың айтуынша неше түрлі болжамдар арқылы біледі. Ғалымдар не десе о десін мен солардың кейбір айтқан болжамы дәл келетінін мойындаймын.

Осы жайында сөз кезегі келгенде айта кетейін. Мен ауырып Қырғызстанның Рибаша деген жеріндегі бір тәуіпке апам екеуіміз барып қаралдық. Таңғаларлық жері жөніңді, ауруыңды,

отбасыңның жағдайын сұрамай-ақ құмалақты шашып жіберіп сөйлей береді екен.

Апам екеуіміз кіріп барып отырғанда құмалақты шашып жіберіп, менің жауапты жұмыс істейтінімді, қанша бала-шағам бар екенін, келешекте жақсы жағдайда болатынымды, ауруыма тоқтала келіп

-- Сен неге әйеліңе маза бермейсің, ол адал да арлы да саған кіршіксіз берілген жарың ғой – дегенде аспаннан үстіме жай түскендей сезіндім. Шешем де маған алакөзденіп міне естідің ғой дегендей сыр берді. Міне осыдан кейін өзімді өзім жөнге салып бұрынғы істерімнен тиыла бастадым.

Келешек оқырманға ақиқат шынымды айтсам Зәбираға істеген төрт жылғы қиянатымды ойласам мені үрей билейді. "Әр нәрсеге бір зауал" – деген мақалдан қорқамын. Сол үшін тағдырыма жалбарынып мені Зәбираның артына қалдырма дегендей ойда боламын.

Тірі адамға өлім парыз ғой, егер сол өлім айтып келетін болып, кәні екеуіңнің қайсысың бұрын өлімге мойынсынасың – деп ақылдасып келетін болса мен бірінші өлімге барайын- деп айтар едім -- деп қиялданамын.

Себебі мен сұмдық ұшқалақ шыдамсыз, күйіп-піспе, жайсыз адам екенімді өзім сезінемін. Сонымды тек қана Зәбира көтереді, сыйлайды да.

Адамның қанша бауыры, баласы, жанашыр ағайын, туысы болғанымен жан жолдасына тең келетіні жоқ екен. Басқалар да кетер істемес қой, сонда да болса жан жолдасыңның жөні бөлек.

Сол үшін Құдайдан, тағдырымнан Зәбираның артында қалдырма деп тілеймін. Әзірге осымен шектеле тұрайық.

### Автобуста

Зәбира екеуіміз жолаушылармен бірге автобуста отыр едік. Танатай Бейітпенбетов деген "Коммунизм" совхозының орталық азық-түлік дүкенін қабылдағанына үш-төрт айдай болған сатушы мінді.

Үстінде құнды кара костюм шалбар, ақ көйлек киіп, кара

галстук тағынған. Бұрынғыдай емес өзі де толып апты. Таныс болған соң бұрын отырған жолаушыға кейінгі мінген жолаушы сәлем беру парыз ғой. Шіреніп тұрып маңғаздана сәлемді әрең беріп орындыққа жайғасты.

Зәбира маған ақырын құлағыма сыбырлап. – Елдің қолы бірдемеге тисе болды шіреп шыға келеді, батып ішіп, батып киіп дегендей. Мына Танатайды карашы кеше қалай болса солай жүруші еді. Бүгін аспаннан түскендей болып қапты. Біздің де құдайға шүкір жағдайымыз жақсы, барыңды ішіп, барыңды киіп дегендей еңсеңді бір көтеріп жүрмейсін. Қашан болса да өзінді елдің бәріннен төмен ұстап жүресін – деп күбірлей бастады.

– Әй, Зәбира өмірді әркім әр қалай түсінеді. Бұрын қолы қысқа болып киіп-ішуге жағдайы көтермеген шығар. Енді қолы қоғам мүлкіне жеткен соң, өз білігімен жүргені де – дедім.

Оған Забира көне ме осы сарындас сөз сөйлеп мені мазалап келеді. Шынында мен елден ерекше киінуден гөрі, карапайым болып жүрсем өзімді еркін сезінемін.

Егер елден ерекше киініп галстук тағынсам өзімнің сана-сезімім мен біліміме, қызметіме лайықсыздау сезінемін де көпшілік тұрмақ кең даланың өзінен қысылғандай боламын.

Кім болсын мейлі үлкен, кіші қызметкер не жәй жұмысшы, өзімнен төмен, не жоғары болсын солардан бұрын дауыстап сәлем бергенді ұнатамын. Зәбира маған киім кигізе, тамақ ішкізе алмай әуре болады. Менің әдетім жұмыспен жүре берсем тамақ ойыма кіріп те шықпайды. Тойып тұрамын.

Зәбира тамақ ішпегенімді білсе маған ренжиді. Әсіресе, жолаушы не мейманға жүрерде маған киім кигізе алмай ренжісіп қаламыз. Міне, қазір автобуста осының бәрін бетіме басып айтып келеді.

- Осы әдетің сенің жетім күніндегі басылып өсуіңнің әсері – деп Зәбира қиналады.

Тағы да автодүкенші Өксікбай Қойшыбаев дегенің осы жұмысқа тұрганына екі жылдай уақыт болып қалған.

Екеуіміз сәлемдесіп жатып – Әй Сауытбек сатушы болғаныңа көп жыл болыпты, мен құсап толып ішінді шығарып қозға көрінбейсін бе – деді.

- Сен сауда жұмысына келмей тұрғанда қарның аш екен,

қазір тойынып байланған малдай семіріпсің, ал мен бір қалыпты сақтайтын адамдар қатарына жатамын ғой - деп қала бердім.

Ол арсыз күліп кете берді. Кейін Өксікбай Қойшыбаев үй орманы сауда мекемесіндегі жұмысынан алынып, өзі бас бастандығынан айырылып тынды.

Ал, Танатай Бейтпенбетов бар болғаны бір жылға жуық сатушы болып, он бір мың сомдай дүкен заты жетпей, малшы қауымнан жылу сұрап әрең құтылды.

Осы тұста кейбір азаматтарға таң қалатыным, қоғам мүлкі қолына тисе болды секемшіл жылқы құсап оқырынып шыға келетіні несі екен.

### Сүттен ақ судан таза емеспін

Егер жалғанда қорқақ біреу болса мен екіншісі, егер біреу болса соның нақ өзі шығармын. Қарадай жүріп өз көлеңкемен қорқатын кезім болады. Және артымнан өсек ілестіруге біреуден сөз естуге тағы құмар емеспін. "Ез күнде өледі, ер бір өледі" демекші мен мұндай жағымсыз қылықтың болмауынан күні бұрын сақтанамын.

Төңірегіндегі малшы дүкендері мен автодүкендердің бәрін бір жылдары жаппай үстінен шағым-түсіп түгел тергелгенде менің ғана тергеуге ілінбей қалуым бірінші адалдығым мен тазалығым болса, екінші қорқақтығымның да сеітігі тиген шығар. Кейбір сатушылар жалпы халыққа тілін тигізеді. Мен оған өте қарсымын. Өзі таза істесе халық оған жала жаппайды. Мен малшы қауыммен он екі жыл істескенде бір де бір шағым түспегені сондықтан шығар.

Бірде мен жоқ едім. Зәбира дүкенде тұрса кездейсоқ ОБХСС-тің көмекшісі (атын білуші едім ұмытып отырмын) келіп дүкеннің ішкі жағына кіріп, әр заттың бағасын және қарыз дәптерді іздеп тексеріпті. Кінә тағарлық ештеңке таппаған соң бір шиша арақ алып ішіне ішпек бопты. Зәбира арақты ішкізбей арақ ішсең басқа жаққа барып іш - деп дүкеннен шығарып жіберіпті.

Бір екі күннен кейін тағы мен жоқ едім. Мына жақта бір дөкей бар – деп ОБХСС-тің бастығы Мырзахановты ертіп келіп екеулеп тағы дүкеннің іші-сыртын тексеріп түк таппаған соң бір шиша

арақ ішейік – деп арақты сатып алып ішетін стакан сұрапты. Зәбира стакан жоқ - деп бермей қойыпты.

– Егер жөндеп сұрасақ арақ тұрмақ – деген сияқты лас сөздермен кекетсе керек. Зәбира оларды ұрсып дүкеннен қуып шығыпты. Міне, біздер жұмыс жасаған көп жыл істеген малшы дүкеніне қызыл жағалының жағалағаны осы.

Мен басынан Зәбира сауда жасағанда біреудің бір тиынына қиянат жасамауын талап етемін. Қалдық тиынын алмай қойса да сіріңке сияқты майда зат беріп үлгер деймін.

Сол үшін дүкенге келген құнды немесе зәру заттар ұн, үнді шәйі, кілем мен осы сияқты тағы басқа заттарды сатқанда кейбіреулерге тізім жасап бағасын көрсетіп қол қойдырып аламын. Бұл өзімнің тазалығымды білдірейін дегенім. Міне, қорқақтық. Бір сатушының пенделігі үшін әділ сатушы да кейде сарынына кетіп қалады. Сонда да болса сүттен ақ, судан таза емеспін. Мұны ақиқат алдында мойындауға тиістімін.

1967 жылы Мұхтар Әуезовтың 70 жасқа толуына байланысты Совет Одағының барлық республикасымен автономиялық республикалардан көп акын-жазушылар штабқа келді.

Біздің Қазақстаннан келген акын-жазушыдан ойымда қалған Әлжанар Әбішев пен Жұбан Молдағалиев. Бұлар екі күн штабта болды. Уақытша оларға штабтан мейманхана ашып, кейін екі жылдан соң тұрақты мейманхана ашылды.

Осы келісінде барлық жазушы-акындар дүкенге кіріп жағдаймен танысты.

Сонда осы акын-жазушыларды басқарып Москвадан келген бір егделеу қатпа кісі (қазір болса аты-жөнін біліп алып кітабын оқитын едім ғой, ойсыздығымды қарашы) бір шиша тұзды су ішіп тұтас 0,50 тиын берді. Мен 0,42 тиын қалдығын қайырып бердім, ол алмай қойды. Онда да полканың үстіне қойдым. Бұдан басқа да үш-төрт жазушылар қалдық тиындарын алмай қойды. Біздің облыстан бастап аудан басшысына дейін бәрі қасында еріп жүр ғой. Менің бастығым Рахматулла Жексенбин де мұны көріп тұр. Қалдық тиындары полкінің үстінде жата берсін деді. Ақыр сол қалдық тиындарын алмай кетті.

– Әй, Сауытбек акын-жазушылар саудаға келе берсе жақсы

екен ғой қалдық тиынын алмайды екен – деп біздің үйге қонып отырған Рахматулла Жексенбин күлді.

Міне, осы сияқты халық ішінде де қалдық тиынын алмайтындар толып жағыр.

Әуелі қалдық тиынын қайырсаң ұрсып сөгетіндер қаншама. Мысалы, бір шиша астаналық арақ 2,87 тиын тұрса, 3 сом береді де 0,13 тиынын қайырсаң алмай кетеді. Біз зорлап кейбіреуіне сіріңкені қабат береміз.

Сонда мен қалай ақиқатпен ар алдында сүттен ақ судан тазаболмақпын.

Халықтан айналайын. Халық дария, халық кең, халық бай, халық терең, халық дана екеніне табынып өтемін.

### Мың сом пәре

1968 жылы 25 қаңтар Әлия деген қызымыз өмірге келді.

Өзім жұмыс істеп жүрген сауда мекемесінің бір жиынында маған облыстан мақтау грамота берілді. Осы жиыннан шыққан соң Тұрар Базаров деген сатушы мақтау грамотама бір қой көрімдік – деп мен жүрген жақтағы бір қойшыдан ал – деп қағаз жазып берді де, асқа шақырды.

Кейін берген қойын алғаным жоқ. Осы отырыста Тұрар Базаров саған мың сом берейін істеп жүрген дүкенінді келісіміңмен маған өткіз, -- деп қолқа салды.

Бұл айтысы Тұрар Базаровтың лажсыз таусылған жері еді.

Осы дүкенді қабылдауға ағасы Айтұрсын Асылбеков екеуі талай әрекет жасаған.

Демалысқа шығатын қарсаңымда бастығым Шәйкен Ақбосынов оларға келіскен. Кінәсіз орнымнан босата алмай бұлқынып қапаланған да болатын бастығым.

Қуат адамға қанағат бермесе қиын екен. Әсіресе ағасы Айтұрсын Асылбеков үлкен кісі болса да кейбір басшыларға судағы сабын құсап жылпылдап кететін, оның бұл қылықтары баласындай бізге ерсі көрінетін.

Кіммен болса да адамгершілік емес, пәре арқылы жалғасады. Ол менен саудаға кейін келсе де бір қарын майды шірітетін бір

құмалақ құсағаны өзіне жолды болып сезінсе де ақиқат алдында халыққа белгілі еді.

Қазіргі істеп жүргені аздай малшы қауымды есепсіз санап ойына келгенін істемек. Бірақ істеп те жүр.

– Сіздерге не болған – дедім. Сонша соңыма түсіп бердіңдер ағайынды екеуің. Ол жақта шашылып жатқан ештеңе жоқ, тек қана жанымның тыныштығына бола отырмын. Жетімдіктің салдары ма денсаулығым жоқ қой деп келіспедім.

### Аудандық тұтынушылар одағында

Бір жұмыспен аудандық тұтынушылар қоғамының бастығына кіргелі кезек күтіп отырсам Айтұрсын Асылбеков келді. Ол Абай совхозының бір бөлімшесінде малшы қауым дүкеншісі болып есептеледі де, өзі аудан орталығындағы үйінен дүкен ашып көншілікке сауда жасай береді. Екі жеп биге шығып жүргеннің дәл өзі.

Айтұрсын Асылбеков келген мезетте маған тиісе кетті. – Сен ылғи менің өтірігімді шығарып ақжүрек боласын. Ондай пайдасын көрмесең айдалада неғып отырсың – дегені.

Оған қарасты малшылар да біздің төңірегімізде отырады. Айтұрсын Асылбеков тек совхоз малшысына айлық таратқанда сонымен бірге айына бір мәрте аралап сауда жасайды. Одан кейінгі малшылардың ыстық -суығына мен күйемін.

Сөйтіп Айтұрсын Асылбековтың басқа толып жатқан жолсыздығын айтпай-ақ бір-ақ мысал келтіре кетейін. Бір қап ұннан 4-5 сом үстеме баға қосып сатып, ол аз болғандай қабына тағы алады екен. Осы сияқты артық істеріне малшы қауым “Сауытбектен бәленнен аламыз, ал сенен артық бағамен бәленнен аламыз” – деп тәптіштеп айтатын көрінеді. Тағы басқа да әр түрлі затқа артық үстеме баға қосқанын жіпке тізгендей етіп айтады екен. Сонда “ұрының бір беті кара, айғақтың екі беті кара” – деген сөз маған айтылған боп, артық істі істеген ол кінәлі емес айдаладағы мен кінәлі болып отырмын Айтұрсынның әлгінде – Сен ондай пайдасын көрмесең айдалада неғып отырсың -- деп кінәлауы да сондықтан болар.

Осы оқиғадан кейін көп кешікпей Айтұрсын Асылбеков менен



кешірім сұрағандай сынай білдірді. Бұның мәнісі де бар еді. Ол тек қана азық-түлік дүкенін ұстаса да қанағаты жоқ адамға бәрі бір екен. Абай совхозының алаяқ қулары Айтұрсын Асылбековтың дүкенінен зат аламыз деп көп мөлшерде доверенность арқылы ақша аударады екен. Сөйтіп осы заттарды бір нөмірлі төрт көшірмесіне қара қағаз салып жазады. Осы накладнойдың Абай совхозына баратын екі көшірмесіне хозтовар (хозяйственный товар) жазады да, ал Айтұрсын Асылбеков өзі отчет беретін екі накладнойына (прод.товар) азық түрлерін жазады. Ал негізгі ақша аударылған довереноста хозтовар алмақшы болып көрсетілген.

Жан жақты тексеру келгенде бір нөмірлі накладнойдағы кіріс-шығыстың мәліметтері совхоз бен рабкооптағы көрсетілгеннен өзгеше болып бұлар ұсталады. Ал, негізгі шындығы Айтұрсын Асылбеков хозтовар да, азық-түлік те бермей довереностағы көрсетілген ақшаны өзара бөлісіп алған. Міне, ойсыз алаяқтардың істері. Бұл ұсталғаны. Ал ұсталмай жымын білдірмегені қаншама дейсіз.

Осы тексергенде совхоз тарапынан бас бухгалтерден бастап біраз адам бас бостандығынан айырылды. Ал, Айтұрсын болса қалт-құлт етіп, басы әрең қалды.

– Енді міне, бәрінен де сен дұрыс екенсің өзіңше жеке жүресің, таза тұрасың ешкіммен байланыспайсың. Ал, мен болсам осындай әрекеттердің салдарынан неше жылғы жиған-тергенімді бір сәтте шашып жаным әрең қалды, -- деп мұңын жасырмай айтты маған.

### Темір награда

Бірде өзім істеп жүрген мекемеме барсам бастығым Рахматулла Жексенбин өзіне шақырды. Кірсем ешкім жоқ жалғыз отыр екен. Менің жағдайымды сұрап жұмыс барысын білгенен соң -- жолдас Сауытбек Мәдімәров сені темір наградаға ұсынғалы отырмыз-- дегені.

Мен мұндай жаңалықты күтпеген едім. Не айтарымды білмей бір сәт тосылып қалдым да наградаға ұсынса еңбегімді бағалағаны. Несіне мені шақырып алып айтып отыр -- деп ойладым да үндеместен шығып кеттім.

Құдай аузыма мені наградаға ұсынсаңыз сізге рахмет-- деуді де

салмапты. Кейін сол темір награда бір алаяқ, жылпос сатушының омырауына тағылғанда мына өмірде алып жатқан ірілі-уақты наградалар кейбір жылпос көз бояушы таныс-тамырлының омырауына тағылмай адал еңбектенген адамдарға бұйырса екен деп ойландым.

### Нағашым келгенде

Сүлеймен нағашым жылына бір-екі мәрте келіп, бір аптадай жағын аунап-кунап кететін.

Сол дағдысымен бір келгенінде баяғы түсіме кіретін жолбарыс тағы кірді.

— Бұл жолбарыс түсіме үнемі кіреді. Кейінгі жылдары осы жолбарысты үйден ұрып шығармақшы боламын, бірақ ол шықпай қояды —, деп осындай әрі-сәрі ойға жетелейтін түсімді бастан аяқ нағашыма айттым.

Нағашым бұрын да үйге келіп жүр ғой. Сонда айтсам көзім көрмей жүрген жоқ. Осы жолы нағашым келген күнгі түні түсіме кірген соң реті келіп айтқанмын. Біраз нағашым ойланып маған ренжіп сөз қатты.

— Бұл жолбарыс көрінген адамның түсіне кіре бермейді. Түсіндегі жолбарыс саған қонған бақ. Бақ деген сенің өмір сүрген мына әділетті дәуірің. Біз құсап аласапыранда туылмай әділетті дәуірде туылған сендерде арман жоқ. Кейбір жастар осы жақсы заманын қадірлемей қалай болса солай арақ ішіп, небір жағымсыз қылықтарға баратыны өкінішті-ақ. Сенің түсіңе жолбарыс болып кіріп жүрген осы әділетті дәуірің.

Сен оны біле бермей ішкенің арақ, ойнағаның карта, қалай болса солай жүрсің. Зәбираға да тыныштық бермейсің. Айналайын келінім осы босағаны аттағалы жаман болған жоқсың -- деп ұрса жәнелді.

Мұнан былай басыңа қонған бақты күте біл. Мынадай көрген жақсы түсінді ешкімге айтпа — деп ренжіп отырып ақылды сөзін сабақтады.

Мен болсам осы түсімді бекер айттым ба дегендей ойланып қалдым.

## **Ішімдікті қоюым**

Малшы қауым бір-бірін шақырысатыны бастапқы салты.

Осындай шақырыспен бір малшы үйінде таңға жуыққа дейін арақ ішіп, мас болдым. Сонда біреумен сөз жарыстырып даусым қатты-қатты шығып кетсе керек.

-- Әй, Сауытбек саған не болды –деген Әбілда қарияға тілім тигенін шала-пұла білемін. Есім кіресілі-шығалы ғой. Ертеңмен оразамды ашпастан менімен қонаққа бірге барған Ошан деген көп жылғы көршімнің үйіне бардым.

-- Мен сізге арақты қоюға ант берейін, сіз маған бата беріңіз –дедім.

-- Сен түнде біреумен сөз таластырып өзіңше отыр едің, өзіне тиіспеген қызған адамда несі бар, екі ортада саған қой деймін –деп Әбілда сенен сөз естіп қалды. Сенімен біз құдай қосқан көршіміз. Саған ішімдік жақпайды. Ішімдік ішсең болды құп-қу бои шүберектей бозарасын да қан жоқ, сөл жоқ бейнең қашып кетеді. Қорыта айтқанда осы ішімдік саған жақпайды мүлдем қой – деп талай айттым. Әлі де болса кеш емес ішімдік ішуді мүлдем доғар. Бұл үшін сен осы ішімдікті қоямын – деп маған ант берем деме онсыз да мен саған бата бермеймін. Арақты ант беріп, бата алмай-ақ қой. Бұл екеуі де келешегіңе жәйсіз – деді Ошан қарт.

-- Онда ішімдікті антсыз біретола қойдым – дедім. Сол күні өрісте қой жайып жүрген Әбілда қариядан аттан түсіп қолымды қусырып кешірім сұрадым. Бұл 1970 жылдың қаңтар айының бас кезі еді.

Сөйтіп, арақты 1970 жылдан 1985 жылдың жазына дейін ішпей кеттім. Тек алғашқы келінім Ләззат босағамды аттаған күні ішіп қойдым. Осыдан ішімдікті бірде ішіп, бірде қойып жүріп қайтадан біржола қойдым.

Арақты алғашқы қойған күннен бастап Зәбираға да жайлы бола бастадым. 01.03.1970 жылы Ниязбек деген балам өмірге келді. Оның қуанышында ішімдік ішпедім.

## **Мен асымын немесе машина алуым**

Осы бөлімнің бір тарауында жағдайымыз бұрынғыдан да

қиындады –деген кездегі жоқтан бар болып отырған отбасымыз екіге бөлініп екі жерге от жаққанға жағдай көтермегендігін әңгімелегенмін.

Сонда аудан орталығындағы жұмыс істейтін орным ауылдан 15 шақырым еді. Ол жаққа көшпей-ақ қатынап жұмыс істеуге 49 сомның велосипедін алуға мүмкіндік жоқ. Жоктың аты жоқ қой. Және қыс ішінде қатынап жұмыс істеу тағы да қиынға түсетін болды. Сондықтан лаж жоқ екіге бөлініп көшкенбіз.

Бұдан кейінгі өмір жолым оқырмандарға белгілі. Штабқа көшіп келген соң жоғарғы тарауда айтқан 600 сомға алған жорға атты алғанымды да айтқанмын.

Оның артынша дүкеннен үш дөңгелекті судай жаңа “Урал” мотоциклін алдым. Міне, енді заводы елімізге іске жаңа қосылғаннан ең алғашқы шыққан облысқа келген алты “Жигули” деген жаңа маркалы машинаның біреуі маған бұйырды. Бұл 1973 жылдың 6 ақпаны еді. Бұл “Жигулиді” де үш-ақ ай мініп, жауынды күні және жаман жолға жүре алмайды деп “Газ 69” деген Уаз машинаға айырбастап жібердім. Ол жыл бойындағы құбылмалы тау маусыммен ойлы-қырлы жолға бірдей екені де рас.

Міне, келешек оқырман ойланып қараңызшы, қайда үдеп барамын. Менің асы екенімді көріп отырсындар ғой. “Кедей байға жетсем, бай құдайға жетсемнің” кері менде бар.

Сонау басынан бастап бәрін жіпке тізгендей қып тәпіштеп айтуым біреулерді жалықтыруы да мүмкін. Сонда да болса болғанның үстіне бола берсін деп өмір осындай тойымсыз, қанағатсыздықпен бұрынғы күнім мен бүгінгі күнімді ой елегінен өткізіп, екі арасындағы өмір сырына тоба қылуым керек емес пе. Оның үстіне тағы да “Волга” машина алсам ба – деп оған гараж салып үлгердім. 1973 жылдан ДТ 16. трактор да жекешеге иелендім.

Жоқ мен болмай барамын асымын.

Шіркін, өмір тіршілігінің тойымсыздығы мені бір мұрнын тескен түйе құсатып жетектеуін қарашы.

Өмір сырын әркім өзінен алса соның өзі де талайға сабак боларын өзімнен ұқтым.

## Айқастың басталуы

### *Бірінші – бап*

Құм койнауындағы малшылар дүкенінде жұмыс істегелі зат айналым жоспарын артығымен орындай-орындай жоспар жылдан-жылға үш-төрт есеге дейін كوبейіп кетті. Орындай берсең қоса беретіні тағы бар. Сол үшін жоспарға жетер-жетпестей етіп, сауда айналымы жоспарын орындап жүрдім.

Бір күні айдың аяғында есеп берерде жоспарға 200 сом ғана жеткізбей бастығым Көшербай Өмірқұловқа есебімді ұсындым.

Сөйтсем бір дүкенші жоспарға төрт мың сом жеткізе алмай соған ашуланып отырған үстінен түсіппін.

– Сен неге жоспарды орындамадың – деді Көшербай Өмірқұлов.

– Екі мың сом емес екі жүз сом ғой орындағанға тән – дедім.

– Не айтып тұрсын – деп отчетымды лақтырып жіберді.

Ел толып отыр. Мен де ашуланып аттып тұрдым да.

– Мен қалай жоспарды орындаймын. Малшыға тиісті заттарды автодүкеншілерге бересін. Олар қалада тұрады, алған заттарды алыпсаттарға сатқызады. Одан қалғанын базарға сатады. Малшы қауымға – деп заттарды аласындар да, малшыға жеткізбей ойларыңа келгенін істейсіңдер. Малшы қауым ортасында отырған мен, малшылардың ыстық-суығына күйетін менмін – дедім де шашылған отчетымды жиып алып, отчет керек болса алыстағы менен өздерің келіп аларсындар -- деп кеңседен шыға ауылға кетіп қалдым.

## Жиын шақыруы

### *екінші – бап*

Мен кетісіммен бетіне ешкім келіп көрмеген Көшербай Өмірқұлов жиын мүшелерін шақырып мені жұмыстан босату туралы сөз қозғайды.

Оған жиын мүшелері – С.Мәдімәровты жұмысынан босату туралы келісім бере алмаймыз. Себебі оның жұмыста қылмысы жоқ. Біздің аудан тұрмақ облыс көлемінде алдыңғы қатардағы сатушының бірі – деп уәж айтады..

Одан кейін К.Өмірқұлов аудандық тұтынушылар одағының бастығынан мені жұмысынан босату туралы келісім сұрады. Олар да келісім бермейді.

Содан өзге амалы қалмаған К.Өмірқұлов басқа әдіске көшті.

## Бір жыл арпалыс

### *үшінші – бап*

Мені жұмыстан ретсіз ала алмаған соң жұмысымды ақсатқысы кеп, маған көңіл бөлмек түгіл дүкенге тиісті заттарды бермеуге тырысты.

Зат алмаған соң жоспар орындалмайтыны белгілі. Мен де не қылсаң о қыл дегендей, үш көшірме заявка жазып оны қатынаған біреулерге қол қойдырып алып, бірін рабкоопке, екіншісін Шу аудандық тұтынушылар одағына, үшіншісін өзіме қалдырып отырдым.

Сөйтіп, жоспармен малшы тілегінен туындаған дүкен жұмысының кемістігін осы заявка ақтап алып отыратын болды. Оның үстіне әсіресе совхоз басшыларынан гөрі малшы мұқтажына аудан басшылары көңіл бөлуде бұрынғы бірінші хатшы Жапар Түйебеков ерекше еді. Ол менен де сауда орнында малшылар мұқтажына тік тұруымызды талап ететін. Жапар Түйебеков ауданнан қалай ауысты солай тек қана сауда орны емес басқа да толып жатқан малшыларға тән қамқорлық тиылды. Қазір әр сала өз білігімен жүр.

Егер Жапар Түйебеков болса Көшербай Өмірқұлов мына ісі үшін ол әлдеқашан осы ауданнан аласталған болар еді. Кейінгі хатшыларға бәрі бір сияқты.

Көшербай Өмірқұлов маған тек қана зат бермей қойғанымен тұрмай шырақ алып ізіме түсті. Оның үстіне мені ақтан сопы -- деп жек көретін автодүкеншілермен орныма көзін тіккендер де кінәмді іздестіруде Бірақ "аққа құдай жақ" – деп жұмысымнан кінә таба алмаған соң заңды демалысымды пайдаланып жаңа сатушымен тексерушіні жіберді.

Тексеруші Кимнің қолындағы бұйрықта мені кезекті демалысқа шығарылсын – делінген.

Осы бұйрықты кадр бөлімінің түпнұсқасымен салыстырсам,

онда жұмыстан біржола босатылсын – делінгені екен. Тексеруші Кимнің қолындағы бұйрық мені алдау үшін жалған жазылыпты.

Өтірігі ашылған К.Өмірқұлов менің сезіп қойғаным ашуланып түпнұсқадағы шын бұйрықтың көшірмесін жазып берді.

Бұл бұйрықпен мен дүкенді өткізуден бас тарттым. Себебі менің кінәм жоқ кезекті демалыс болмаса өткізбеймін дедім.

Сонымен осындай себептермен дүкен жарты айдан аса жабық тұрды. Осы жабық тұрған дүкеннің саудаға тән зиянымен менің өткізбей қойғаным туралы Көшербай Өмірқұлов заң орнына күрделі шағым жазды. Әрине, әділет қай уақытта да жеңеді. Заң орны маған түк те шара қолдана алмады.

### Демалысқа шығуым

#### *төртінші бап*

Ақыры менің айтқаным болып кезекті демалысқа шықтым. Дүкен затын түгел әрі өз дәрежесінде өткіздім. Кезекті демалыста жүргенде жиын құрып жұмыстан біржола босатты. Сонда еңбек кітапшамды байланыс бөлімі арқылы үйге салыпты.

Мені босатқанына жиын мүшелері ішінен рабкоптың кәсіподақ комитетінің бастығы З.Хисамудинова мен тағы екі мүшесі үшеуі қарсы болып келіспеген. Бірақ, К.Өмірқұлов оларға көнбей өз ойын іске асырды.

Осындай әуремен жүргенімде бұрын осы ауданда ІІ жыл бірінші хатшы болған, кейін облыстық атқару комитетінің бірінші орынбасары Жапар Түйебеков малшы қауымын аралап штабқа келеді.

Ол кісі жүрген жерінде әр іске зейінді, ұқыпты сергек қарап талапшылдығын қалт жібермейді. Малшылар мұқтажы жайында штаб дүкеніне кірсе менің орныма басқа біреудің жұмыс істеп тұрғанын және оның малшы талабына сай қызмет көрсете алмайтындығын жол-жөнекей малшылар арқылы сезген. Әрине, білгір сезімтал адамның жөні бөлек қой.

Жапар Түйебеков осы ауданда әр малшы мен малға өте сергек көңіл болетін және менің де жұмысыма қанық болатын. Ол кісі өте қатаң әрі талапшыл, көп сөзі жоқ, бір көргенін, не естігенін

ұмытнайды, келесі келгенде соның барысын тағы зейінді саралайды.

Сөздің қисыны келгенде айта кетейін. Шу ауданы Жапар Түйебековтің тұсында дүрілдеп, шаруашылықтың қай саласында болмасын әділет салтанат құрған кез. Жапар Түйебековтен кейін бірінші хатшылар бірінен соң бірінің бесеуі ауысты. Егер Жапар Түйебековпен салыстырсақ сапқа тұрған солдаттардай ой өрісі, әділдікке көзқарасы, жұмыс барысы бірінен соң бірі төмендеп сныр құйымшақтанып сұйылып кетті. Осы кейінгі хатшылар тұсында пәре, таныс-тамырлық, алып-сатарлық, көзбояушылық, әділетсіздік сияқты толып жатқан жолсыздық орын алды. Ал, малшы қауымға көңіл бөлу деген тіпті тиылды.

Сөйтіп штабқа келген Жапар Түйебеков баяғы дүкенге кіретін әдетіне салып дүкенге кірсе басқа бөтен сатушы тұрған соң:

– Бұрынғы сатушы қайда, -- дейді.

– Маған өткізген, --- дейді жаңа сатушы.

– Үйі көшті ме?

– Жоқ.

– Онда қыс ішінде келісімсіз өткізген ғой – деп оның мәнісін іштей топшылайды. Одан соң Жапар Түйебеков.

– Сауытбек дүкенді қалай өткізді – деп қасында еріп жүрген Абай совхозының директоры Сағат Жұмағұлов пен Коммунизм совхозының директоры Совет Тастұлековтен сұрайды. Екеуі де білмейтін болып шығады.

– Сендер қалай білмейсіңдер Сауытбек Мәдімәровтың жұмысынан босағанын. Осы өңірдегі жайылым да, малшы қауым да сен екеуіңе қарасты. Сондықтан сендердің малшыларға қызмет көрсететін дүкеншіні рабкобтың бастығы сендермен санаспай келісімсіз өз білігімен жұмысынан алып басқа адамды оның орнына қоя бере ме? Онда сендердің бұл штабқа қатысы жоқ директор болғандарың ғой – деп ренжиді.

Тағы да қасында ілесіп жүрген ауданның сол кездегі бірінші хатшысы А.Әспетовтен де мен туралы сұрайды. Ол білсе де білмеген болып шығады. Сол күні олар штабқа түнегенде Жапар Түйебеков маған жолыққысы келеді, бірақ мені таппайды. Мен онда штабта жоқ едім.



Штабтан қайтқан соң жол жөнекей Жапар Түйебеков ауданнан менің нақты жұмысымның дерегін біліп облысқа қайтады.

Осы жағдайды Коммунизм совхозының директоры Совет Тастүлековтен естідім. Сағат Жұмағұлов облыстағы жиналыстан келе жатыр екен. Қасында Алға Байсалбаев бар.

– Маған жағдайыңды айтып түсіндірсең қайтеді, -- деп өкпе айтты. Мен – Сіз естіп, көрмей, сезбей жүрген жоқсыз ғой – деп бұрылып кеттім.

Бірақ кейін естідім екі директор да Көшербай Өмірқұловты омыраулай бастапты.

### **Біржарым тәулік камалуым**

#### *бесінші – бап*

Менің сырымды білетін турашыл азаматтар араға түсіп, пәрекор қиянатшыл К.Өмірқұловты қусыра бастады.

Бір жұмыспен рабкобқа барсам, сені прокурор шақырып жатыр–деді біреуі. Барып көмекші прокурорға кірсем, ол қағаз (форма) толтырып жатыр екен. Кешікпей екі жасақшы келді. Жаңағы қағаз мені қамау үшін толтырылған қағаз екен.

Мені екі жасақшы апарып абақтыға қамады. Не үшін камалғанымды өзім де білмей қалдым. Әлі есімде мені бірінші камерадағы адам өлтіргендермен бірге отырғызды. Сонда менің де жазам адам өлтіргендермен тең сияқты.

Бір жарым тәулік болғанда маған – сені прокурор Аққұлиев шақырып жатыр –деді. Бардым.

– Сен штабтағы дүкенді алмауға бір жылға уәде бер, кейін өзім сол дүкенге қайта қойдырамын – деп аузы-мұрны қисаймай айтты.

-- Оған мен келіспеймін, керек болса қайта командар –дедім ашулы кейіппен.

-- Онда бара бер –деді прокурор Аққұлиев.

Кейін сездім бастығым Көшербай Өмірқұлов прокурор Аққұлиев, бірінші хатшы А.Әспетов үшеуі жерлес екен. Мені қорқытып алмақ болған осы үшеуінің ақылы көрінеді.

Менің босауыма ауданнан, облыстан белді-белді адамдардан

прокурорға бес қоңырау түсіруі бұл ойларын быт-шыт қып бұзыпты.

Қамаудан тез шығуым да сондықтан болса керек.

## Азаматтық ар және орныма тұруым

### алтыншы – бап

Түрмеден шығысымен аудандық ауаткомның бірінші орынбасары Уаш Асатовқа кірдім.

– Сенің азаматтық арыңа ақтай таңба салды. Соған шағым жаз – деді. Оған мен ары ойланып, бері ойланып шағым жазбай-ақ қояйын, пәлені іздегенге берсін, ақ болсаң ант ішпе деген, олардың істегені қиянат болса да пәле қуаламай-ақ қояйын – дедім. Ол бұған келісті. Жапар Түйебеков менің барлық жағдайымды Уаш Асатов арқылы білген екен. Осыны айтты. Ол сонымен бірге аудандық сот Оразалы Ақботаевқа да мен туралы қиянатын айтқан сияқты және облыстық тұтынушылар одағына да хабарлапты.

Міне, қараңызшы мұның бәрін қолға алып жүрген Жапар Түйебековке рахмет.

Бұдан кейін мені рабкобтың кәсіподақ жұмысшы қоғамының бастығы З.Хисамудинова шақырып алды да кәсіподақ жұмысшы қоғамының жиналысының қаулысының көшірмесін берді.

Онда жұмысшы қоғамының мүшелері маған бұрынғы жұмысы берілсін – деп шешкен екен.

Осы қаулыға сүйене отырып, аудандық сотқа шағым бер – деді З.Хисамудинова.

Сөйтіп аудандық сотқа шағым бердім.

Сот Оразалы Ақботаев жұмысшы қоғамының шешіміне бағынбайтын сен кімсің -- деп К.Өмірқұловты омырауға алды.

Соттың қорытынды шешімі былай болды. Мені бұрынғы жұмысыма қайта қоюға және менің үш ай бос жүргеніме К.Өмірқұловтың жеке өзінің жалақысынан маған өндірілді. К.Өмірқұловқа “өзінің қызмет бабын пайдаланып үлкен қателік жібергені туралы партиялық жаза қолданылсын” делінді.

Тағы да бастан аяқ маған істеген қиянатын Шу өңірі газетіне жазды.

Сол кезде облыстық тұтынушылар одағынан аудандық тұтынушылар одағына, рабкоопке және маған үшеумізге бірдей хат келді.

Онда “Бір жетінің ішінде Сауытбек Мәдімәровты малшылар қауымына қызмет көрсететін өзі істеген дүкені берілсін – депті жарлықта. Және алынған шараның орындалуын тез арада бізге хабарла” делінген.

Сөйтіп, мен өз жұмысымды қайта қабылдап алдым. К.Өміркұловтан үш айлығымды өндіріп берді.

Міне, қараңызшы мен К.Өміркұловқа шындықты айтқаным үшін осыншама әуре сарсаңға түстім. Егер осыған ара түсетін ақиқатты сүйгіш азаматтар болмаса, менің күнім немен тынарын оқырман қауым сезетін шығар.

Сөйтіп, Көшербай Өміркұлов ауданнан ғана емес облыстан кетуге мәжбүр болды. Қиянатшыл болып әдеттенген К.Өміркұлов басқа облысқа барған жерінде осындай әрекеттерінен ақыры бас бостандығынан айырылып тынды.

Сол үшін осы өмірде ақиқатты сүйгіш шыншылдар көп-көп болса екен деймін.

### **Карта ойнауды қоюым**

1972 жылы 15 августа Дания деген қызымыз өмірге келді.

Штабқа дүкенші болып келгелі картаға үйреніп құмар ойынға салындым. Гарбы преферанц, кингі деген ойындар. Адам баласының өміріне қауіпті дерттер ішімдік, құмар ойын, ұйқыбастық, еріншектік, ойсыздық болса, мына ішімдік пен карта ойыны дерттің ең күрделісі ме деймін.

Бұл екеуінің жолы бірдей болғанмен, ішімдікті ішіп мас болсаң кейде өзіңмен өзің болып ұйықтап қаласың ғой.

Ал мына құмар ойында мейлің өзің ұт, не ұтыл, не басқа біреу ұтсын не ұтылсын. Бір-бірлеріңнен рұқсатсыз ойынды аяқтай алмайсың. Бір-бірінен ажырамайтын магнит не жабысқан желім сияқты.

Ұтылғандар ақшасын қайтарамын – деп, ұтқандар тағы ұтамын деп, осы үмітпен екі-үш тәулік кейде одан да көп

күндер жалғастырып карта ойнай береді. Сонда картаға салыну ішімдіктен де жаман ба деймін.

Картаны ойнай-ойнай ұйқым бұзылды. Үш-төрт тәулікке дейін демалыссыз ұйықтамай ойнаған ұйқыны бұзады екен. Ал, енді осындай уақытқа шыдап беріп сыр бермейтін денсаулығы мықты адамдарды да көп кездестірдім. Ал, бірақ кейінгі жылдар көп отырысқа мен шыдай алмадым.

Карта ойнағаннан кейінгі күндері неше күнге дейін ұйықтай алмай түсіме не болса сол кіріп өзім бастырылып өзіме өзім келе аламай жүретін болдым.

Сөйтіп картаны 1972 жылы мүлдем қойдым.

## Жылу

Өзімнің "Газ 69" машинамен жеңіл желпі дүкен затын қоймадан әкеліп тұрамын.

Бір күні қоймадан зат әкеле жатып жолда машинамының бір дөңгелегі тесіліп, соны ауыстырып жатыр едім. Айдар Жалбиев деген кісі кездесті.

– Маған кездескенің жақсы болды, сенде шаруам бар еді – деді Айдар.

– Айтыңыз, – дедім.

– Сен біздің ортамызға келген бір бала едің – деп сөзін бастады. Біздің ауылдың (Абай совхозының елін айтып отыр) жақсы-жаманынан қалып көрген жоқсың. Бәрімен де ортақтастық білдіріп жүрсін. Және не шаруамен келсек те бетімізден қайырған емессің. Сол үшін сенің әлгі Әбдіманап деген ініңнің мойнына 5 мың сом ақша мініпті. Соған әр малшыдан аралап жылу сұрап бір-бір қой жиып берейік – деді Айдар Жалбиев.

Бұл Айдар Жалбиев Абай совхоз тұрғындарының белді, қадірменді ауыл ағасы. Көп жыл бойы завферма, бригадир, трактор паркінің бригадирі болып істеген.

Ал, келешек оқырман інім Әбдіманапқа келсек, жоғарғы тараудағы зоовет техникумға апарған інім ғой. Ол оқуды аяқтауға жақындағанда бір бұзақылық істеп оқудан шығарылған.

Өзі тұрақсыз болды.

Мен машинадан бұрын жаңа "Урал" мотоцикл алғанымды

айтқанмын. Осыны айдап аяғын сындырды. Кезінде оған зоотехник, ветврач болуына көмектескенмін. Бәріне де тұрақсыздық танытты.

Ал, кейінгі кезде менің сыртымнан атымды пайдаланып бастығым Молдабек Оспаналиевке барып ет дайындаушы болып алған. Болары болған соң мен үндемеген едім.

Әбдіманаптың әдеті жұмысқа алғашқы кіргенде үш-төрт айдай арақты қойып, әжептәуір жұмысын бастайды. Сөйтіп бойы үйренген соң ішімдікті ішіп, жұмысы сұйыла береді.

Бір жылға жуық ет дайындаушы болып жүріп ең соңында рабкобтың 5 мың сомы мойнына мінді. Айдар Жалбиев осыны айтып отыр. Мен жұмыс істеген малшы қауым орталығы үш-төрт шаруашылыққа бірдей болғанмен, негізінде жайлымы да штаб та Айдар Жалбиевтің совхозына тән.

Ел болған соң жақсылық пен жамандық қабат жүретін өмір заңы ғой. Кейбір ұқыпсыз малшы малдарын ит-құсқа ұрындырады, жоғалады, өледі міне, толып жатқан жәйсіз жағдайға тап болады. Сонда өнебойға халықтан жылу сұрап орнын түгендейді. Соның елдігінің ешқайсысынан қалған емеспін.

Міне, Айдар Жалбиев осыны айтып отыр. Кейбіреулер уағы өткен соң, судан өтіп алғаны ұмыт болады. Ал, Айдар Жалбиев сияқты адамгершілігі мол байқағыш салдарлы азаматтар кезінде көп болатын. Қазір мүмкін жоқ та шығар. Басынан өткендер бұғып үндемей тұрады.

Келешек оқырман сөздің қисыны келгенде айта кетейін. Жоғарғы тараудағы алғаш сатушы болғанда базарға шығарған заттан бір бума құнды матаны ұрыларға алдырғаным айтылған.

Сонда Қалымбет, Шатырқұл деген екі қария менің мата ұрлатқанымды сырттан естіп үйге келіп, құны қанша біз төлейік деген болатын.

Сол уақытта біздің үйді жоқшылық билеп тұрса да шешем – Сауытбегімнің алғашқы жұмысын жылу сұрағаннан бастамайық, алдырған маталық жағдайымыз бар – деп келген кісілерге қазан көтеріп сыйлап жіберген.

Онда мен жаспын ғой ондаймен ісім жоқ. Міне, сол екі қария құсап Айдар Жалбиев бөтен елдің кісісі болса да менің жүріс-тұрысыма ой жіберіп өзі сұранып тұр.

Жақсы адамның жөні бөлек қой, ондайлар осындай, өмір сырынан белгілі екен. Шіркін, қазағымның кең пейілі-ай, кейінгі ұрпақ осындай салт-дәстүр иман жүзділігін сақтай білсе екен.

Сөйтіп Айдар Жалбиевтің сөзін ұқтым да біраз ойландым. Осы шаруашылықтың өзінде тек қана алпыс-жетпіс қойшы бар. Әр малшыдан бір-бір қой алғанда жүзге жуық қой жиып алады екем.

Мұндай қулық жасап жылу сұрағандар да жетерлік.

Мысалы, Айтұрсын Асылбеков Бөксікбай Қойшыбаев, Қарат Омбаев, Айнабек Айдаспаев тағы тағылар. Бәрі саудада жұмыс істейтіндер. Ана екі автодүкенші істі болып өздері бас бостандығынан айырылып елден жылу сұраса Айтұрсын Асылбеков пен Айнабек Айдасбаевтар қулығын асырып егізін екеу қылып байлығын нығайтқанмен адамгершілігі төмендегенін "ел құлағы елу" елден естіп жүрмін. "Өзінде асың болса кісіде қасың бар ма" – деп тағы ойландым.

-- Менің ел қатарлы сұраушыларға жылу беріп жүргенімді ойыңызға сақтағаныңызға және мен өзім сұрайтын жылуды сіздің өтінізі айтып отырғаныңызға мың да бір рахмет – дедім Айдар Жалбиевке.

Бірінші, інім Әбдіманап қоғам ақшасын бала-шағасына жұмсаған жоқ, ретсіз ішімдікке жұмсады.

Екінші, оны төлейтін менің жағдайым бар ғой. Өзім бар боп тұрып жылу сұрағаныма арым бармайды. Сіздің беделіңізбен өз беделімді сатып жүз шақты қой жиып алармын. Ол арыма таңба, бетіме салық болмай ма?

Сіздің осы сыйыңызға сәбиге айтылған өлеңдей

Бір күлкіңе мың жылқы

Берер едім бай болсам – демекші егер жаратушы болсам сізге ұзақ өмір зор бақыт сыйлар ем. Онда да болса сізге ұзақ өмір, зор бақыт тілей отырып мың рахмет – дедім.

Сонда Айдар Жалбиевпен оның қасындағы машина жүргізушісі Ораз Әлиаскаров маған риза болып қатты таңғалды. Не деген қанағатшыл едің – деді.

Міне, осыны естіген кейбір ойсыз өзімшілдер -- Сен ақымақсың деп өзімді сөкті. Бір қора қойдан босқа айырылдың – деп.

Бар болайын, жоқ болайын "Бөк жағылған кетеді, ат тағылған кетпейді" – деп адал еңбегімнің игілігін көрсем деген үмітім бар.

## Ой

Менің бастапқы мақсатым үш нәрсені қоюым керек болатын. Олар ішімдік, карта және сауда. Жоғарыда айтқандай ішімдікті отыз жасымда, карта ойнауды отыз екі жасымда қойып тындым. Енді сауда жұмысын өткізуім керек еді. Соны созыңқырап жүрмін.

Басқа жақты қайдам, әсіресе ауданның бұрынғы бірінші хатшысы Жапар Түйебеков басқа жаққа қызметке ауысқалы сауда жұмысында бұрынғыдай емес тәртіп бұзыла бастады.

Қайбір іс болсын соның дамуы мен құлдырауына себепкер басшылықтың ұйымдастырушылық роліне байланысты екен. Кейінгі кезде әсіресе халықтың сұранысына ие, сирек түсетін заттар “бармақ басты, көз қыстымен” немесе ақша беріп, жең ұшынан жалғасу арқылы алынып, үстеме бағамен тұтынушыларға сатылатын болды. Демек, мен сатушылардың бұл ісін тікелей тұтынушылар қалтасына түсу деймін.

Осындай жағдайда бір жылдары жаппай малшы қауымға қызмет көрсететін дүкеншілер мен автодүкеншілерді менің төңірегімдегілерді тергеушілер тергеді.

Сонда Бөксікбай Қойшыбаев, Қарат Омбаев бас бостандығынан айырылса, Кектұрсын Салтынбеков, Сансызбай Смағұлов, Бөлеген Әпсатов сияқтылар қалт-құлт етіп, пәре арқылы жандары әрең қалды.

Сондай-ақ, Қөшербай Өміркұлов сияқты бастықтардың әрекеті адал сатушыларға ықпалын тигізбей қойған жоқ. Кейбір алаяқ мысық тілеу сатушылар адал сатушыға бастықты айдап салып отырады.

Міне осылардың бәрі мені ойлантпай қойған жоқ.

Өз жүріс-тұрысынан көрмей халықты тілдейтін дөрекі сатушылар қаншама. Ол барып тұрған сорақылық. Халық сатушының майда-шүйдесі түгіл ірі-ірі жолсыздығына да кешірім жасайды. Оны дәнiккен сатушылар сезбейдi. Білмегеннің үстіне білмесе, көрмесе түйені де көрмесе екен дейді. Міне, дәнiккеннен қаныққан жаман – деп олар әбден қаныққандар ғой.

Ал мен ақтан сопы болмағанмен, ұятсыз сатушылардың іс-әрекетінен айдалада жүріп ұяламын. Себебі мен де сатушымын осы салада несiбемдi тауып жүрмін.. Сондықтан сатушы деген

ат бәрімізге ортақ болғандықтан кейбір келеңсіздіктерге куә болғанда қысылатын ем.

Және кейінгі бастықтар өздерінің ыңғайына көнбейтін сатушыға көлденең тұрады. Бұрын Жапар Түйебековтың уағындағы сауда мекемесінің бастықтары халыққа адал қызмет етуіңді талап етіп, соны бақылап отыратын.

Бәрін ой елегінен өткізе келіп, сауда жұмысын тек қана қай жерде тәртіп бар сол жерде істеуге болады, -- деп ұйғардым.

Біздің ауданда сауда жұмысының тәртібі жылдан-жылға төмендеп келеді.

Мысалы, мен осы сауда жұмысында істегелі сегіз бастықпен істестім. Оның төртеуі егде кісілер еді де, төртеуі өзім қарайлас жастар еді. Сол төрт егде бастықтар шындығы 100 %-пен жұмыс істемесе де халыққа деген иман жүзділігі бар болатын, ал қалған төртеуі барып тұрған халықты қанаушы, қанауға жол ашушы, тойымсыз ашкөздер екенін ақиқат алдында жалтара алмаймын.

Осы жағдайлар мені сауда саласында жұмыс істеуге мүмкіндік бермеді. Сол үшін көп ойланып, үй ішімен ақылдасып өзімнің мамандығым болса да сауда жұмысын біржола істемеуге ой түйдім.

Осы кезеңде, яғни, 1975 жыл 16 қаңтар күні Мұратбек деген ұлымыз өмірге келді.

### **Сауда жұмысынан қол үздім**

1975 жылы желтоқсан айында штабтағы малшы қауым дүкенін өткіздім де 1976 қаңтар айында туған жерім "Дружба" совхозына көшіп бардым. Көктемнен бастап ет дайындаушы болып жұмыс істедім. Бұрынғы соғылған үйімнің төңірегіне қора-жай салдым.

1976 жылдың 13 желтоқсанында Әсия деген қызымыз өмірге келді. Сауда жұмысынан біржола қол үзуді отыз жасымда-ақ ойлағамын. Соның өзінде алты жылдай созылып жүргеніме кейін өкіндім.

Себебі басқа өңірді қайдам, біздің өңірде өзін сыйлайтын адам сауда жұмысында істеуіне болмайды.

Сөйтіп, ет дайындайтын жұмыста 1977 жылдың басына дейін істедім де, біржола сауда жұмысынан қол үздім.



## Мақтау грамоталарым

Сауда жұмысында бас-аяғы он бес жылдай жұмыс істедім. Осы жылдары облысты аудандық сауда орындарынан тағы рабкооптан бәрі онға жуық грамоталар алдым.

Бұл грамоталарды алатындай менің еңбегім толық сіңген жоқ деп өзім мойындаймын. Себебі мұның ішінде зат айналымын артық орындағаныммен, саудаға тән тәртібін сақтағаным болмаса, тұтынушылардың сұранысын толық қанағаттандырғаным жоқ.

Бұған қоса айтарым менің де азды-көпті пендешілігімді жоғарғы тарауда естеріңізге салғанмын. Халыққа қажетті заттардың кейбіреуі өте сирек түскеннің өзінде, барының өзін кей бастықтар қысып беріп, жылпос сатушыларға ауып кететін. Сөйтіп, менің малшыларға қажетті заттарын тауып беру міндетім болсада, кейде ойларынан шықпаған кезім болғанын мойындаймын.

Демек, олай болса мақтау грамоталарды алған адамның барлық жағынан да еңбегі соған тұрарлық болуы керек. Сондықтан бұл грамоталарға менің еңбегім сіңгендей еңбек еткенім жоқ деп ақиқат алдында ашық айтамын.

Жалпы сауда жұмысында мінсіз қызмет ету талабын 100 пайыздық мөлшермен шамаласақ менің жұмыс істеу көрсеткішім 80 пайыздық деңгейде ғана болды деп мойындаймын.

## Зиянсыз жұмыс

Көп ойланып халыққа зияным тимейтін жұмыс іздедім. Сөйтіп орман шаруашылығына орманшы (лесник) болып жұмысқа орналастым. Осы жұмысты істегелі үстімнен зіл батпан жүк түсіп бір жеңілдегендей күй кештім. Төбеме төнген бұлтты күн ашылып, күн жадырағандай әсерлі сезім пайда бола бастады.

Сауда жұмысында жүргенде, өзімді бір ыдысқа салып тығындап, бекітіп қойғандай сезінетінмін. Тіпті ар-ұяттан ада адамдар жүріс-тұрысының жылтыр екені ойына кіріп шықпақ түгіл, көкірегін керіп, маңғазданған кейіппен шапқылап жүретініне қайран қалатынмын. Ал, сонда мені қарадай жүріп ұятпен үрей билеп тұрушы еді.

Бұл адам дегеннің жаратылысы қызық қой. Өзім жас ұлғайған сайын ойыма әр нәрсе кіріп өмір жайлы, адамгершілік жайлы көп ойланатын болдым. Әсіресе, жастық жалынды албырт шағымды, өмірімнің ең қызықты әрі қуатты кезеңін саудада саудалап сезім ойымды суалтқан сияқты сезінемін. Сол келмес күндеріме өкінетнді шығардым.

Корыта айтқанда, орманшылық жұмыс мені өмірге қайта келтіргендей сезіндім. Сөйтіп, отыз жеті жасымда демек үшінші мүшелімде өмірге көзқарасым өзгеріп сала берді.

### Ойсыз өмірімнен бөлімді аяқтарда

Келешек оқырман менің сырым сіздерге мәлім бола бастаған шығар. Өз бағытынан адасып барып беталды лағып, өз жолын жаңа тапқан жолаушы құсағаным мынау.

Міне, қазір отыз жеті жасымда өмірге жаңа келгендей болып отырмын. Құдайға шүкір төрт ұл, төрт қызым бар. Егер олар көңілден шықпай қалса ойсыз, сезімсіз, түсініксіз, деп қиналамын.

Ал, бірақ, менің сезімім құсап кешеуілдеп оянса отыз жеті жасқа дейін едәуір өмір бар. Кейде осыныма қарап балаларыма кешірім жасаймын. Онда да болса бізге ақыл беріп, жол нұсқап, көмек көрсететін адам болмады ғой – деп кейде осыны да армандаймын.

Енді қиялдың жетегінде кете бермей кезекті сөзіме жол берейін. Ойсыз өмірімнен – деп айту себебім осынша жасқа келгенше күнкөрісті, атақ құмарды, баюды, жылтыракты, ішімдікті, карта ойнауды, көрсеқызарлықпен алысты көрмей көз алдымдағыны малданып жүре бергенмін.

Өмірдің тұрағы өмірдің мәні осындай алданыштармен жымдасып жатса да, өмірге адамгершілікпен қарауым жоқтың қасы: отыз жетіге келгенше келешек оқырманға ұялмай-ақ айтайын ақиқатын.

Кітапқа, не күнде шығып жатқан газет-журналға бір карамаппын. Сонда мен айуаннан да ары сезімсіз болғанымды ақиқат алдында қалай жасырайын. Айуан да жан жағындағы

болып жатқан іс-әрекетті сезініп жақсы жағына мейірленіп жаман жағынан секем алады.

Өмірге көзқарасым осы жасқа келгенше тек қана тамақ іздеген малға ұқсағаным қандай өкінішті. Жасымда жазған жасық өлеңді де ұмытыппын. Бұрынғы шала сауат білімім одан да арман қарайғанмын.

Тек қана "жаманның дүние тапқанға кемдігі жоқ" дегендей гана болғанымды бұрын ескерткенімді тағы қайталаймын. Міне, менің кемістігім осы гана дей алмаймын. Әркім өзіне патша құдай ғой. Оны көреген халық, келешек, оқырман сезер. Бірақ, менің ойымша әлі кемістігім толып жатыр – деп ойлаймын.

Бұл ойымды ойсыз өмірімнен бөлімді аяқтағанда – деп түсінерсіздер.

Соңында мынаны ескертейін.

Білімдар жөнді біліп "бекін" дейді.

Ақылмен іс істеген өкінбейді.

Білмеген талай жұмыс істей жүріп

Амал жоқ, түбінде сол опық жейді - деп А.Иүгники айтқандай ойсыз өмірімнің кейбір тұстарына өкінумен келемін.

## III -- БӨЛІМ

### ІЗДЕНІС ӨМІРІМНЕН

*Көңіл аудар даналардың сөзіне  
Адам жанды өнеге тұт өзіңе  
Ю.Баласағұн*

#### Алғаш кітап оқуым

Осынша жасқа келгенше бір кітап оқып көрмеген басым, кітап дүкеніне барып, Әзілхан Нұршайықовтың "Ақиқат пен аңыз" деген кітабын сатып алып оқып бастадым. Осы кітаптың басты кейіпкері қазақ халқының аяулы ұлы Бауыржан Момышұлы өмірінен жазылғаны маған ерекше әсер етті.

Бұрын ел аузынан әр түрлі алып қашпа сөз қылуын естігенім болмаса мынандай анық-қанығын естіген емеспін. Бұл кітаптың бұрынғы басылымын екі мәрте, ал соның ішіндегі Бауыржан Момышұлына әскери басшыларының жоғарғы наградаға ұсынып жазған мінездемесі мен көрсеткен ерлігін талай мәрте қайталап оқып шықтым. Бәрі бір қорытындысында Бауыржан Момышұлына жоғарғы награда бермегені маған да әсер еткендей, осы тұста оқырманым таныс жоғары тараудағы Совет Одағының заңды батыры Сәду Шәкіровты ойыма алдым.

Ойпырмай-ә қай жерде болса да әділетсіздіктің ізі өшпейді екен-ау. Сәду Шәкіровке батыр атағын қалай алдыңыз - дегендегі жауабы есіме түсті. Екі арасын салыстырсам аспан мен жердей екен. Мен енді мынандай ащы ақиқаттар үшін тура өз басыма түскендей қиналатынды шығардым.

Кейбір азаматтардың белшесінен кан кешіп жүрсе де

батырлығы әскерде де еленбейтіндігі кімге де болса көкірегіне күдік ұялатары хақ.

Осы кітапты оқыған соң үлкен кітап қойғыш алын кітаптар сатып ала бастадым.

Әсіресе, Бауыржан Момышұлы сияқты ересен батыр шыншылдардың кітаптары мен солар туралы жазылған кітап, газет-журналды оқуды өзіме міндет санадым.

Осындай кітаптар ойыма ой, сезіміме сезім қосты.

Сол үшін өзімнің ұмытып кеткен поэзияма қайта оралып Бауыржан Момышұлына арнап, өлең жазып оны тұңғыш рет аудандық “Шу өңірі” газетіне жарияладым.

Бұл менің отыз сегіз жасымда әдебиетке бірінші бет бұрғандағы жарық көрген өлеңім болды.

### **Өз бетімше білімімді жетілдіруім**

Шынын айтсам көп жыл сауда жұмысымен жүріп білімімді жетілдірудің орнына барымнан ажырағандай екенмін. Ежелеп оқимын, қате жазамын ауыл өңірінен бастап, халықаралық жаңалыққа дейін хабарым жоқ.

Міне, мұнша өмірді босқа өткізген басым енді жаңадан ойлана бастадым. Жүрген жерімде табылмайтын кітаптардан сатып ала бастасам газет-журналдың қазақша тілді түрінің бәріне жазылып, соларды нөмірімен тізіп оқитын болдым.

Оқыған кітап, газет-журналды жәй түсініп, түйініп оқып, соның жақсысына сүйсініп, жаманына күйініп қиналатын халге келдім.

Өз бетімше білімімді, сана сезімімді, көтергенде өмірге көзқарасымды зейінді шыңдауға күш салдым. Қазір жер бетінде не болып жатыр соның ақ-қарасына сын көзбен қарап өзгешелігінің мәні неде деген сияқты ой мені бей-жәй қалдырмайтын болды.

Әрине, кейбір кітап, газет-журналды оқығанда оның философиялық астары мен ішкі иірім мәніне түсінбесем де іздене беруді борыш санайтын болдым.

Данышпан ойшыл көсемдер мен батыр шешен ақылды адамдар тағы ақын-жазушы өмірлерінің балалық шағынан бастап өмір жолдарын көп ізденіп оқимын.

Маркстің өмір жолы оның білімге деген құмарлығы, дүние жүзі халқының қамын ойлауы, көрген қорлығы, жоқшылығы жалғыз ұлы қайтыс болғанда оны жерлеуге қаражаты болмай бір күнде шашының ағаруы, әйелінің қазасына қатыса алмауы, ақсүйекпен семсерлесуі, өжеттігі, өте ақылдылығы, бар табысын революция жолына салып жіберуі, өмірі қудаланумен, көшумен өтуі тағы осындай сан жетпес қайшылығы бәрі-бәрі менің басыма орнағандай сезіндім.

Әсіресе, осындай адамдарды тану үшін оның әуелі балалық-шағынан бастап оқып, соны білгім келіп тұратын болдым.

Әрине, мен жоғарыда айтқандай осындай данышпан көсемдердің еңбектерін қанша оқып ізденсем де оны түсінуге ақыл - парасат біліміне сезімім жетпесе де оқығаннан жалықпаймын.

Сонымен қатар, дананы да таниғыны қандай тамаша. Мысалы, Маркстің өзі Энгельстің аса айтарлықтай білімі болмаса да – сайтандай өте тез әрі ұшқыр ойлы алғырлығына тәнті болған.

Әуелі мен кез келген ақын жазушының кітаптарын оқып, жүре келе оларға да сын көзбен қарап, олардың ішінде де өзіңе етене жақын үйірсегі болатынын сезіне бастадым. Абай, Мұқағали сияқты ақындармен бірге Қарауылбек, Оралхан сияқты сөз өнерін сиқырлы шерткен жазушы кітаптарын жатсам басыма жастанып, тұрсам қолымнан түсірмейтін болдым.

Жалпы, қорыта айтқанда өзімше ізденіп оқумен қатар білімді көреген мемлекет, партия қайраткерімен пікір алысуым әдетке айналды.

Мысалы, жүрген ортаң, жұмыс істеген жерің, өткен күнің, біреулердің не өзіңнің кешегің мен бүгінгің, көз алдында өтіп жатқан кейбір адамдардың өткен өмірі мен, өлімі, оның арты, әкешешешеш туған-туысқаныңның кешегісі мен бүгінгісі олармен ара қатынасың жайлы ойлап, ой елегінен өткізіп отырсаң соның өзі де біліміңе білім, ойыңы ой, сезіміңе сезім қосады екен.

Адам баласы бәрін білемін – деп толық әрі анық айта алмайды ғой. Адам баласы әлі ашпаған өмір сырлары мен табиғат құпиясы таусылмақ емес.

Сонда да болса кімде-кім өз ойы мен сана сезіміне лайық жан-жақты болғаны дұрыс қой. Ең болмаса соның маған мектептің он класын оқып, бітіруді жазбаған тағдырыма қатты өкінемін.

Армандаймын. Отыз жеті жасқа келгенше тағы малдай жайылып сезімсіз бей-жай жүргенім тағы мынау.

Қаншама өз бетімше ізденіп оқып, ой-өрісімді білімімді көтергенмен, қабылдау қабілетім нашарлап, арса-арса болған кәрі еменнің кейбір бұтағының әзер ғана көгергеніндей нышаны менде бар.

Уақыт кереметін қойсайшы әр нәрсе өз уағымен екен. Егер жасымда осындай ізденсем әр нәрседен құралақан болмай ең болмаса саналы азамат болмас па едім деп армандаймын. Мейлі онда да болса “алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын” – деп іздене беруді поэзия мен прозаны жаза беруді міндет тұтамын.

Қолжазбаларым жарық көрсін, мейлі көрмесін өз ойымды артыма қалдырып кетпекпін.

### Поэзиямен айланысуым

Келешек оқырман күн көрістің қу арнасын қуалап жүрген Сауытбек жасында жазған жасық өлең болса да ұмытқалы қанша жыл болғаны естеріңде шығар.

Міне, енді ширек ғасырға жетіп қалса да осыған қайта оралып өлең жаза бастадым. Әсіресе, Бауыржан Момышұлы жәйлі кітаптан оқыған соң, өлеңді қайта жаза бастағанымды бұрынғы тарауда естеріңізге салған болатынмын.

Ақиқат алдында солай еді. Күндіз-түні ізденіп өлең жазып, оны аудандық “Шу өңірі” газетінің қызметкерлеріне оқытып пікір алысамын.

Оларға менің кемшілігімді бетіме ашық айтындар, көңіліме қарамандар. Менің ойыма ой, сезіміме сезім қосатын ақиқатты үйретіндер деймін. Сондай шындықтан нәр алып, бұрынғы қараңғылықтан білімге қарай түзелейін деймін ғой баяғы.

Басқа орында істейтін. жолдастарымның кейбір ақыл, ескертпелері айдалаға айтылған сөздей сусылдап өте шықса да әрең-әрең кейбір сөздері бардан жоқ болып, болар болмас әсер еткендерін де сезіндім.

Міне, осылай уағы өткен ізденіс арқасында кейбір өлеңдерім жарық көре бастады. Әсіресе, менің шала сауаттылығым қатты қинайды. Өлең жазып баспаға апарғанда кәте көп шығады. Бір

жолы газеттің редакторы у және ұ әріпінің айырмашылығын, қалай қолдану шарты мен айтылуын түсіндіріп бергені әлі есімде. Көбісі бір құлағымнан естілсе екінші құлағымнан шығып кетеді.

Кімнен де болса шала сауаттылығымнан түзелу үшін арланбай ашық айтып білмегенімді сұрап отырамын. Мұндай қараңғылық, білместік, сезімсіздік, түсінбестік сияқты кемістіктерімді жасырмай ашық айтамын.

Аудандық “Шу өңірі” газетінде қызмет істейтін Умеліс Шоқалақов, Жақан Қожағұлов, Ақметжан Қосақовтардың маған сіңірген еңбегі зор. Оқырман қауым егер келешекте мен поэзия мен прозадан игілікке жетсем осы үшеуінің еңбегі дей келе, әсіресе Умеліс Шоқалақовтың маған сіңірген еңбегі өте зор, әрі соның үлесі бар -- деп ашық мойындаймын.

Әр барған сайын біраз уақыт көңілдерін бөліп, маған білім бұлағынан баяндама жасайды. Мен оны айтылу уағында ризалықпен сүйсініп ынталы тыңдағандай боламын да, біткен соң көбісін ойыма ұстай алмай қаламын.

Проза, поэзия болсын қалай жазылу техникасы мен қарадүрсін болмауын айшықты сөздермен ішкі иірімінің тұтастығын айтып әдебиетке тән нұсқаларын ескертіп отырады.

Әр сөздің астары ойлы және іс оқиганың ауқымы кең болуын құрғақ баяндау жылбыр теңеуден аулақ болуды осы сияқты әдебиетке лайықты-лайықсыз жерін жолдастарым ескертіп, әрі түзелуге талап етіп отырады.

Міне, енді проза поэзия болсын жетік үлгеріп кетпесем де бұрынғыдан гөрі біртабан болса да бетімнің бері қарауы осы жолдастардың әсіресе Умеліс Шоқалақовтың көмегі деймін.

**Қоғам жұмысын істеуге міндеттімін,  
ал үй тірлігін істеуім шарт емес**

Орман шаруашылығындағы өзіме тиісті жұмысымды істеп келген соң, тек қана газет-журнал кітап оқумен боламын, одан қалса олең, әңгіме жазуға отырамын.

Үй тірлігінің бітпес шаруасын Зәбира балаларымен істейді. Мен оған бір бөтен адам сияқты қолғабыс тигізбейтін болдым. Өмірден күдер үзген, не болмаса бар тірлігі бітіп, ыңыранған бай,



ықылық атқан мырза құсап, құл жұмсап отырған жандай күйге түстім.

Тағы да сонау әке тағдырына қарап қу тірлік кімге опа берген деген сияқты өзімнің де өткен өміріме қарап соған барлау жасаймын. Қорыта айтқанда үй тірлігіне деген көзқарасым бір меңіреу сезім немесе мүгедек шарасыздық ісіндей мінез пайда болды. Бұған міне екі-үш жылдай уақыт боп қапты. Байқаусыз зымырап өткен жылдарда белгі жоқ шіркін.

Бұрынғы жиған қордан шетінен мұжып жұмсап жатырмыз. Штапта қалған ірі қара (сиыр, жылқы, түйелер) малдар өзің басы қасында болмаған соң, әрі анда-санда бір барып көріп түгендеп тұрмаған соң жоғалғаны жоғалып, өлгені өліп дегендей, өсім берудің орнына азайып жатыр.

Үйдегі бірен-саран малға балалар қыстық жем-шөбін дайындайды. Бұрынғыдай балалар майда емес, алды онды бітіруге жуықтады. Олар өскен сайын тамағы, киімі, талабы өсті.

-- Бұрынғы штаптағы жиган қорымыз таусылып бара жатыр. Сенің не ойлағаның бар. "Түстік өмірің болса, кештік мал жи" деген. Құдайға шүкір неме жетпей барады, нем ішеді, нем киеді дейтіндей емессің, сегіз балаң бар, соларды ойлауды, үй тірлігіне көңіл бөлуді қойдың - деп Забира киналатынды шығарды.

Оған мен қоғам жұмысын істеуге міндеттімін, ал үй тірлігін істеуім шарт емес, бұдан былай мұндай сөз айтып маған әуре болма. Қу тірліктің шегіне жететін болсам сонау жетім күнімнен бері бастап отыз жетіге келгенше бір тынбай келемін. Содан шыққан мүйізім қайсы. Байыған сайын байи берсем, -- деп бай байға, бай құдайға жетсемнің кері келді. Бұл өмір тек қана тіршілік үшін ғана ма, менде жан-жағыма қарайын да – деп енді мұндай сөзді қайталамауын Зәбираға ескерттім.

-- Мейлі өзің біл – деп Зәбира сөз соңын зілдеп қойды.

Сөйтіп қолым үй тірлігіне бір бармайды. Өзімнен өзім оңаша жалғыз отырып өткен өмірімді ойлап күрсінемін. Қиял, үміт, арман, ой дегендер бір маза бермейтін сиқыр құшағына бөлендім.

Ал, Зәбира мен балалар үй тірлігінің бірде көзін тапса, бірде көзін тапмай, оны көріп-біліп отырған менің ерең қылмауыммен жылдар жылжып өтіп жатты.

## “Жалын” баспасына баруым

Өлеңдерімнің жарық көргені бар, көрмегені бар, тағы өз өмірімнен жазылған тұңғыш әңгімем “Екі шелек су” дегенді қоса “Жалын” баспасына ала бардым.

“Жалын” баспасының меңгерушісі көрнекті жазушы Молдахмет Қаназовқа “Екі шелек су” деген әңгімемді, ал сыншы Сағат Әшімбаевқа өлеңдерді оқып көріп пікір айтуын сұрадым.

Әрі менің поэзия мен проза жазуға икемім бар ма, жоқ па соны ашып айтуын, егер қолымнан келмейтін болса босқа әуреленбейін, шындықтың шырқын бұзбай бетіме тура айтуын сұрадым.

Молдахмет Қаназов “бір күн күт үйіме апарып асықпай оқып көріп содан соң пікірімді айтайын” - деді. Мен келістім. Сөйтіп “Екі шелек су” деген әңгімемді оқыған Молдахмет Қаназов менің білімімді сұрады. Бәрін айттым.

- Шіркін, Сауытбек жеті жылдық мектепті өз дәрежесінде тауыспасаң да бұрыннан прозамен айналысқан болсаң тамаша жазушы болған болғандай екенсің. Өз талантыңды дәл уағында дөп баспай, басқа өткізіп алыпсың. Мына “Екі шелек су” деген әңгімеңдегі кейіпкер мінездерін жақсы ашқансың, мынандай майда-шүйде қайталанған жеріне сақ бол – деп кейбір тұстарына өзі жәй қаламмен белгілеген жеріне түзетулер айтты да баспаға ұсына беруіңе болады - деді. Әлі де болса кеш емес поэзиядан гөрі прозаға бейім екенсің осымен айланыса бер – деп келешекке жол сілтегендей ой білдірді.

Бұл әңгімені бұрын аудандық “Шу өңірі” газеті редакторының орынбасары Умельс Шоқалақовқа көрсеткенімде ол да осындай пікірде болатын. Сонда да болса жоғарғы жаққа апарып көрейін дегенім еді. Және осы газетте істейтін Жақан Қожағұловтың - Шіркін Сауытбек ең болмаса он жылдықты өз дәрежесінде тауыссаң әжептәуір жазбақ екенсің -- деген сөзі қиялыма қанат бітірген болатын.

Міне, Молдахмет Қаназов, Умельс Шоқалақов, Жақан Қожағұлов үшеуінің пікірі бір жерден шығып отыр.

Сағат Әшімбаев өлеңдерімді сол “Жалын” баспасының поэзия бөлімінде істейтін ақын Өтежан Нұрғалиевқа жұмсады да, артымнан қуа келіп мені тоқтатып таныстық.

- Сіздің қарапайым жүріс-тұрысыңыз маған ұнады да сізбен танысып келді - деді де өзін таныстырды. "Сын мұраты" деген кітабы шыққан екен, сол күндері жаңа мақаласы шығып "Жалын" баспасының қабырғасында ілулі тұрғанын көрсетті.

- Әйтеуір азды-көпті сыншы деген атымыз бар - деп барлық жағдайымен таныстырып, кешіне қарай үйіне шақырып үй адресі мен телефон нөмірін берді. Кешіне үйіне барып қондым. Шәрбану Бейсенова деген жолдасы екі ұлы бар екен. Мені жақсы қарсы алды. Өз үйімде болғандай сезіндім.

Сағат Әшімбаев та мен сияқты жетім өскен екен, Шәрбану Бейсенова да көп балалы отбасынан шыққан жан екен. Екеуі де менің өлеңдерімді үйінде оқып көрді.

Сөйтіп Сағат Әшімбаев өлеңдерімді әр қайсысынан бір-бір шумағын оқып көрді де ойын қорытып қысқа ғана - табиғи дарыныңыз бар оқуыңыз аз - деп қысқаша пікірін білдірді..

Кейін Сағат Әшімбаевтың осы сөзіне жазылған "Оқулығы аз санамның" - деген өлең туды.

Сағат Әшімбаевпен үзбей жиі байланыс жасап үйіне барып тұрдым. Шәрбану Бейсенованың алғашқы кітабы "Тойға келген келіншек" – деген кітап ауылыңызда бар болса ала келіңіз – деп телефон шалған соң, оннан асасын апарып бердім.

Енді өзімнің кезекті сөзіме келейін. Сөйтіп осы жолы "Жалын" баспасы өлеңдерімнің бәрін алып қалды. Кейін хат алғанда оншақты өлеңім кітапқа енгуге жоспарланғанын есітіп қуанышымда шек болмады.

Осы өлеңдер ішінде "Шу өңірі" газетінің редакторы ұнатпаған "Сырласайын" деген өлең кітапқа енгенде аң-таң болдым. Осыған қарап баспа орындарының пікірі бір жерден шыға бермейтінін білдім.

Кейін толтама ақындар өлеңдері болып "Жыр – бесік" деген атпен кітап болып жарыққа шықты. "Екі шелек су" деген әңгімем аудандық "Шу өңірі" газетінде жарық көрді.

Осы жылы Алматыға барған сапарымда "Социалистік Қазақстан" газетінің штаттан тыс тілшісі болып, соның қызыл мандатын алып қайттым. Әрі екі өлеңді осы газетке ұсындым. Кейін екі өлеңім де осы газетте жарық көргенде тағы қатты қуандым.

Кейін аудандық "Шу өңірі" газетіне де штаттан тыс тілші болып ауыл шаруашылығы жұмысымен тығыз байланыс жасадым.

### Шабытты жылдар

Әсіресе, Алматыға баруым оның ішінде Молдахмет Қаназовтың пікірі, "әлі де болса кеш емес жаза бер" - деген сөзі мені шабыттан шабытқа жетелей бастады. Бұрын тек қана бір жақты поэзиямен айналысушы едім, енді прозаны да қолға алып екеуімен қатар айналысатын болдым.

Жолдасым Умельс Шоқалақовтың көмегіне сүйеніп, әңгіме, повесть, роман жайлы ой-пікірін, қалай жазылу керек екендігін жиі-жиі ақылын тыңдаймын. Осы жолдастардың көмегімен бірталай өлең әңгімелерім жарық көре бастады. Және ауыл шаруашылығы саласындағы жетістіктер мен кемшіліктер туралы жазғандарымды газеттерге ұсынып, олар да жарық көріп тұрды.

Үйдегі кітап қойғышым кітапқа тола бастады. Әр кітапты асықпай жай түсініп тосын сөздер мен, тосын теңеулерді, маңызды жерлерін белгілеп оқып үйрену үстінде уақыт өткіземін.

Поэзиядан гөрі прозаға бейімдік таныта бастадым.

### Ескерткіш орнату әуресі

Біздің "Дружба" совхозының жүзден аса азаматтары Ұлы Отан соғысынан оралмаған. Төңіректегі ауылдың бәрі осындай Отан үшін от кешіп құрбан болғандарға баяғыда ескерткіш орнатып қойған болатын. Осы жайлы аудандық газет "Шу өңіріне" жаздым. Ол жарық көрді (15 июнь, 1978 ж. №71).

"Дружба" совхозының директоры Ұлы Отан соғысы қарсаңында біздің Қазақстанға Әзірбайжаннан жер аударылып келген Ади Садикович Валимамедов болатын.

Ол мұндай маңызды іске көңіл бөлсін бе, егер көңіл бөлетіндей сезімде болса жер аударылмас та еді ғой. Тек қана жеке шаруасын нығайту үшін директор болған сыңайлы. Совхозды тұралатып біткен директор әйтеуір аудан басшыларымен сыбайлас болған соң еріксіз ұстап жүрді.

Тек қана кавказдықтардың мынадай директор болғаны ғана емес жәй адамдарының өзі Қазақстанның байлығын өз елдеріне тасымалдап, екі-үш этаж үй салып ақша, алтын дүние-мүлікті тасып жатқаны біздер үшін құпия емес. Келер ұрпақ үшін парыз саналатын игілікті іске аудан басшыларынан ишара болмаған соң А.С.Валимамедов ойласын ба аяқсыз қала берді.

Содан соң "Социалистік Қазақстан" газетіне жаздым. Редакциядан менің хатымды қолдап ауданның атқару комитетіне, маған хат жолдапты (19 февраль, 1979 ж. №90). Онда менің тілегімді қолдап ескерткіш орнатуын талап еткен.

Сөйтіп, жергілікті жердегі әкімшілдік орындардан іс түйіні шешіле ме – деп, дәмеленіп бір жылдай тағы күттім. Бұл да аяқсыз қалатын болған соң "Социалистік Қазақстан" газетінің редакциясына барып жазған хатымды түбіртегі тіркелгенін тексеріп, олардың хатына жауап бермегендігін әрі орындалмай аяқсыз қалғанын айттым.

Менің көзімше "Социалистік Қазақстан" газетінің тілшілер бөлімінің меңгерушісі Хайдар Баймұханбетов аудандық атқару комитетінің бастығына телефон соқты. Егер бұл тілек орындалмайтын болса сендермен басқаша сөйлесеміз - деді.

Сөйтіп кейін созынқырап жүріп Ади, Садипович, Валимамедов директорлық міндетінен түскен соң, оның орнына жаңа қазақ деректор келіп ескерткішті орнатып тынды. Өз ұлтымызды өзіміз қастерлемесек басқаның аты басқа екен.

Осындайда "ер туған жерге, ит тойған жерге" деген сөз еріксіз ойға түседі де, біздің кең байтақ Қазақстанның жер байлығы мен ел байлығын және кең пейілін келімсектер аяқ асты қылып жүргеніне өкінемін.

### Уақыт тапшылығы

Орман шаруашылығының жұмысы көп, жылдың ішінде әсіресе жаз айларында. Бұрын неше жыл штабтағы дүкенде сатушы болғанда көп уақытымды босқа өткізіп алғанымға қатты өкінемін. Уақыт қадірін енді біліп, сезіне бастадым.

Оның үстіне тағы жекеше машина басқа уақытыңды көп алады екен. Әйелің, бала-шағаң, ағайын-туыс, жора-жолдасыңның

жұмыстарын айтпағанда майда-шүйде шаруасы үшін автобуспен барып келетін жерге апар – деп қолқа салады да тұрады.

Апарсаң жақсысың, апармасаң өкпелейді. Жүз мәрте тілегін орындап бір рет тілегін орындамасаң болды бәрі зая кетті - дей бер.

Ал, кейде Зәбира ұрыс шығарады. -- Үйде машина тұрып мен автобуспен жүремін бе – деп. Шынына келсек оныкі де дұрыс. – Бірақ ауыр затың жоқ көшке ілескен ит құсап бірге барып бірге қайтамын ғой тиын төлейтін жерге деймін баяғы. Осы машинаны иелік еткен он жылға жуық ішінде мұндай босқа өткізген уақыт қадірін сезбеппін. Енді міне, іздену үстінде машина маған бөгет болып отыр.

Шіркін босқа өткен ойсыз күндерім-ай – деп өкінемін.

Осыны ойланып, толғанып машинадан құтылу амалын іздестіре бастадым.

Сөйтіп Зәбирамен ақылдаса отырып машинаны сатып тындым.

Қазір Зәбирадан бастап ешкім өкпелемейді, әрі уақытым кеңі түсті.

### **Өмір әркімге әрқалай әсер етеді**

Оқырман қауым жоғарғы тараулардан бастап менің сырым белгілі бола бастаған шығар.

Мына өмір әркімге әрқалай әсер етеді екен.

Бұрын жетімдіктің тауқыметін тартып жоқшылық, панасыздық сияқтылардың зардабын, шеккен соң, күнкөрісті қуалап кеткенмін бе?

Ал, енді баршылықты елден дара игермесем де таң болған соң сол күндерді босқа өткіздім-ау деп өзіме-өзім өкінгенді шығардым. Сонда адам баласы асы ма, жоқ жалпы адам баласын айтпай-ақ мен өзім ғана асымын ба – деп өзіме-өзім сын көзбен қараймын. "Қазы көп болса қарта боқ сасиды" деген бар. Егер сол баршылықты меңгермесем бүгінгі күнгі сезімім ояну- оянбауы да екі талай ма – деп тағы ойлаймын.

Себебі, адам баласына баршылықты игеру деген де үлкен арман ғой. Әңгіме адам баласы өмірге келген соң күнделікті мұқтажға зәру болмай демек жегенге тоқ, кигенге жетерлік болып

ешкімнен қорлық-зорлық көрмей. өмірді өз дәрежесінде адал еңбегінің игілігін көріп өмірін жақсы өткізуі керек қой.

Енді бүгін соны меңгерген өткен күндеріме күдікпен қарап, бәрін жиып тастап іздену үстіндемін. Егер адам өмірі осындай бірінен соң біріне жетелеген үміттерден тұрса, сол үмітті тек қана күнделікті күнкөріске жұмсамай адамгершілік, шындық, ақиқат сияқты адамға тән қасиеттермен тең ұштастыра отырып, өмір сүруге болады ғой деймін. Менің негізгі өткен күніме өкініп қиналатыным осы. тек қана күнкөрісті бір жақты қуалауым.

Мысалы, сауда жұмысында жүріп адамгершілікті ту етіп жан-жақты болып әдебиетпен де айналысып ізденіп білімімді көтеруге мүмкіндік болды ғой. Мен болсам бір жақты болғанымды ескерттім.

Менің негізгі ойым ақын не жазушы болу емес, осы екеуін ізденудегі үмітім, "қойшының да қонағы бар" демекші шаласауатты болсам да, өзім куә болған жайттарды, өмір сырын кейінгіме әлімше жеткізу. Әсіресе, ақиқат, шындық, адамгершілік сияқты адам баласына тән қасиеттің жақсы жағын ту етемін. Сол үшін поэзия прозадағы іс-әрекеттер ойымның көрінісі.

Қазір біздің өмір сүрген заманымызда жүрген ортамның жақсы жағымды қылықтарынан гөрі, жаман жағымсыз жағы бейім екені өзімнен бастап, басым екені мені қатты өкіндіреді. Осы жазып отырған ғұмырбаяндық шежіремді төрт бөлімге бөліп әрқайсысын тараулар арқылы өмірдегі көрген білгеніммен бірге өзімді қоса қатты шенеп отырғаным осының куәсі.

Сол үшін өз ойымды әлім келгенше келешекке көрсетіп берсем деймін. Оны көпшілік қалай бағалап, қабылдайды келешек көрсете жатар.

Сондықтан мына өмір әркімге әр қалай әсер ете ме деймін.

### **Балаларымды саналы тәрбиелеу**

Құдайға шүкір төрт ұл, төрт қызымның үлкендері мектепті бітірді. Әркімнің өз басына түспей әрі сезімсіз адамның саналы болуы қиындау ма деймін. Мен өзім шала сауаттылықпен орыс тілін білмегендіктен көрген кідірістерім аз болған жоқ. Мысалы, сауда жұмысында істеп жүргенде рабкопке завторг, бастықтыққа.

орман шаруашылығында жұмыс істеп жүргенде көмекші лесничий сияқты қызметтерге жұмсағанда бармай қоюым шаласауттылықпен орыс тілін білмегеннің салдары болатын. Сол үшін ең үлкен екі ұл, екі қызымды қазақша, одан кейінгі төртеуін орысша мектепке беруім осының куәсі.

Себебі, үлкендері қазақша класты оқыған соң, кішілері орысша оқыса да бір үйде өскен балалар қазақша тілге де қанық болып өседі деген ойда болдым. Бұл ойым өте орынды болды. Кейінгі төртеуі қазақша да, орысша да тілді тең меңгеріп өсті. Әрі әдебиет кітаптарды екі тілде тең түсініп оқиды.

Бұл деген екі тілде де сөйлей де, жаза да біліп қажетіне жаратқан саналы адамға, қандай тамаша десеңізші. Әсіресе маған қол жетпес биік сияқты.

Осы орайда өзімнің тағы бір сырымды оқырман қауым ойына сала кетейін, жоғарғы тарауларда ескертсем де. Осы естелігімді кейін жазғандықтан әрі сөз орайы келген соң бұрынғы соңғы іс әрекеттеріммен ой-толғаныстарым араласа айтылып отырады.

Осы жөнінде оқырман қауымнан кешірім сұраймын.

Төрт ұлымның үшеуі орта оқыды да, төрт қызым мен бір ұлым жақсы оқыды.

Ақиқат алдында пенделігімді тағы мойындауға тиістімін. Үлкен ұлымды техникумға одан кейінгі бір қыз, бір ұлымды институтқа үшеуін де таныс тамыр арқылы оқуға түсіруім өте үлкен қателік екенін енді бүгін мойындаймын.

Бұл жерде өзімнің шала сауаттылығыммен оқуға құмар екендігімнің септігі тиді. Осы оқыған үш баламның ең үлкені оқытқан еңбегімді ақтамады. Одан кейінгі қызым оқуын аяқтап өз мамандығы бойынша Астанадағы академияда қызмет істеп жүр. Ал үшінші балам соңғы курсында оқиды. Осы үшеуінен кейінгілер өз әлінше біліміне қарай таныс-тамырсыз шетінен оқуға түсіп жатыр, ал түсе алмағаны кейін қайтып жатыр.

Кейінгі балаларыма өздеріңе өздерің сеніңдер сол үшін жақсы оқыңдар – деп ескертіп отырамын. Оларға үйдегі кітаптардың да пайдасы тиіп жүр. Әр кітапты оқығанда құр бскерге судыратып оқымай түсініп, түйініп, жақсысынан үлгі алатындай, жаманынан аулақ жүретіндей сезініп оқыңдар деймін.



Табылмайтын кітаптарды қалалардан балаларым сатып әкелуде. Ал қазір оқу бітіргендері өмірге деген көзқарасы әлі ашылған жоқ. Онда да болса ішінен бірен саран ойлысы, саналысы бола ма – деп үміттенем.

Қорыта айтқанда балаларымнан ешқандай қаражат не мұқтаждық жағынан болсын аянғаным жоқ. Ал ақыл айтудан тегі жалықпаймын. Оларды өмірде, қоғамда, адамдар арасында болсын адамгершілікке тән қасиеттердің бойларына қалыптастыруға тырысып бар күшімді жұмсап келемін.

Оған балалар көніп, әрқайсысы өздеріне лайықты жолдарын саналы түрде тапса жарар еді деген ой кейде мазалайды.

### Тағы үй шаруасы жайлы

Адам өмірге келгенен кейін адамдық қасиеттерді меңгерумен бірге, өмірді де өз дәрежесінде өткізуге қолдан келсе күш жұмсауы керек қой. Кейінгі кезде үй тірлігіне мен бір бөтен кісі сияқты қараған соң, әрі балалардың талабы өскен соң, күн көрістің жүгі ауырлай бастады.

Бұрын біреулер шиеттей балалы-шағалымын деп жағдайын айтып жатса мынау не деп тұр” дегендей атүсті қараушы едім, сөйтсем өз басыңа келмей сезінбейді екенсің.

Сөйтіп, балаларым төртінші-бесінші класты бітірген демалысында қоғам жұмысын істеп қолғабыс тигізе бастады.

Мейрамбек, Ғалия, Назарбек, Әлиялар орман шаруашылығының питомнигінде, совхоздың қант қызылшасында жұмыс істеп өсті. Бұлар жалақыны жақсы алып жүрді. Осымен бірге үй шаруасына да егінді ынталы араласты. Мал дегеннің қыстық жем-шөбі ұл балалардың, үй бау-бақшасының жұмысы қыз балалардың мойнында болды.

Міне, осындай шаруаға араласып өскен балалардың үшеуі үлкен оқуда – деп айттым ғой жоғарғы тарауда. Қалғандары іркес-тіркес мектепте оқиды.

Бір күні маған балаларымның еркін өсуіне және мектептегі оқуына кедергі болып жүрген үй тірлігімнен балаларымды неге құтқармаймын – деген ой түсті. Сөйтіп, өзім үйреніп қалған құм қойнауындағы штабқа көшейін дедім. Бұл ойымды Зәбирамен

ақылдаса отырып іске асырдым.

Мен баяғы орманшы Зәбира радис болып, қолдағы малды түгел алып кеттік. Олар тек қана сабаққа дайындалып бос уақытында үй бақшасымен айналысады.

Міне, совхозда алты-ақ жыл тұрып қайтадан құмның даласына еркінсіген еліктей өмір сүре бастадық.

### Қайран еркіндік

Құм өңіріне көшіп келген соң өзіміз бен малға бір еркіндік тиді.

Ауыл ортасы бір-біріне тақалған үйлер. Тынымсыз шаруа қуған халық. Олар басында соған үйренген ел. Мен сол ауыл ортасында отырғанда біреулер құсап, бірде көрсетіп бірде көрсетпей жырымдап мал азығын жиюға не өзім, не балаларыма рұқсат бермедім. Қоғам байлығынан кармақ құсап іліп алып жатқандарды көзіміз көріп отыр.

– Сенде гана ұят бар, басқаларды көрмейсін бе – деп мені кекететіндер де баршылық.

Бірақ менің бағыма орман шаруашылығындағы питомниктен малға деген жем-шөбімізді сонда істейтін жұмысшылармен бірге үлесімізді аламыз. Міне, ауыл ортасында осы сарындас күн кештік.

Әрине, ауылдағы ел сондай қауырт шаруамен жапсарлас тығыздалып отыруға үйренгендіктен, мен кешкен құм қойнауын бір қу дала -- деп есептейді. Оған әркім әр түрлі шаруамен жүр. Кейбіреулер даладан қалаға құмар, менің ауылдан құмға құмар екенімде жолдас-жорам кейбір туыстарым жақтырмаған сыңай байқатты.

Оған әр кім өз тірлігін өзі шешеді ғой. Оның үстіне уақыт тапшылығынан да арыла бастадым. Негізгі мақсатымның өзі осы еді.

Жазумен айналысуға уақыт мол. Және мал шаруашылығындағы жетістіктер мен кемістіктерді көзбен көріп, құлақпен естіп ақиқатын ашып қолжазбама арқау етсем деген ойым бар. Бұл құм қойнауына екінші жолы келудегі ойым іздену үстіндегі үміттер еді.

Сол үшін көп-көп ізденуім керек. Менің жазғандарымның көбісі ақиқат болған істен құралады. Оны келешек қалай шешеді тағы көрсетер. Бірақ ойлаған ой, алға қойған мақсат көп, әзір біткен бірі жоқ. Сонда да келешектен үміттенемін.

Сөйтіп қайран қазағымның берекелі пейіліндей болған кең даласында еркін тыныстап жүрмін.

### Құм қойнауының өзгерістері

Бұрын мен құм қойнауында он екі жыл тұрғанымды ескерткемін. Қайта құмға көшіп келсем кең далам бұрынғы қалпында болғанмен адамдар өзгеріпті. Жоқ әйтпесе мен кейінгі кездері адамдарға сын көзбен карап, ішкі сырын бұрын байқамағанмын ба әйтеуір бұрынғыдай емес өзгерген сияқты. Бұрынғы мал баққан көне көздердің бәрі демалысқа шығып алды о дүниелік, арты үйлерінде отыр.

Олардың орнын мен сияқты жастар басқан. "Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан" – демекші, бұл сандарға жетпей-ақ байқап сезген кісіге өзгерістер көп. Жастар десе өзіме де тиеді. Олардың көбісі малшы, бірақ бұрынғы малшылардай емес. Малына қырсыз, айтқаны өтірік, істегені ұрлық, қайтсе де қоғам болсын, жекеше болсын, көз жұмбап қылып қамтып, күреп алып, тез баюдың жолын ойлайды. Соны істейді де. Оған қазақ атам айтпақшы нәсібтен артық бола ма?

Келешек оқырман сіздерден кешірім сұрай отырып, сырымды айтайын. "Көпті жамандаған көмусіз қалады" – деп бәрін бір жақты қырсыз десем ақиқатқа нұқсан келер. Бірақ та мен жүрген өңірде, басқа жақты қайдам, адал, еңбекшіл, қанағатты, турашыл ұрлық істемейтін адамдар өте аз екеніне көзім жетеді.

Егер мен бұрын он екі жыл малшы арасында тұрмаған болсам, сол күнгі адамдармен, бүгінгі күнгі адамдар айырмасын білмеген болар едім. Осы екі ортада білген адамға өзгеріс көп сияқты.

Бұрынғы малшылар оқымаған хат танымайтын қараңғы болғанмен біздің толқындардан гөрі адамгершілігі турашыл, еңбекшіл, ынтымақты, мейірімді болатын.

Егер әдебиетті тек қана ақиқат істер арқылы өрнектер қабілет

болса ғой, онда талай шындық істердің куәсі болдым. Шіркін, ондай қабілет қайда дейсің менде?

Сонда да көзбен көріп, куәсі болған талай деректі әңгіме өлең жаздым. Бір-екеуін айта кетейін (Әңгімелер – 22 февраль, Аманат, “Ұрыға жол көп”, “Өзі еріншек өзі ұры” сияқтылар).

Сөздің реті келгенде айта кетейін. Белгілі жазушы, акын тілшілер мен тұрған жерге жиі келіп тұрады. Олар көлеңкелі жағынан гөрі күнге жағының баямасын бояп асырып жазады да ел құрметінің тұтқыны болып, анашашы, ұры, жылпостардың дастарқандарында болып, адал еңбекшіл қалтарыс қалады.

Әсіресе, белгілі бір жазушы осындайлардың бірінің үйінен түстік ішкенде оған күлмеген адам сол өңірде жоқ шығар. Мұның бәрі әрине. совхоз бен аудан басшыларының ісі. Сырттан келген жазушы, тілші қайдан білсін. Мен осыны осы жазушыға астарлап айттым да.

“Дәуірден дәуір азады” – деп Л.Толстой айтпақшы дәуірден дәуір озып, адамнан адамның білімі озып жатқанменен қулығы одан асып түсуде екенін қайтіп жасырасың.

Басқа жақты қайдам әсіресе. біздің жақтағы адамдардың адамдығы кеміп бара жатқанына қиналасың.

### Жаңа көрші

Мен штабка қайтып көшіп келген соң, баяғы дүкенді менен қабылдаған сатушы ұрлық істеп істі болды да, оның орнына бір ерлі-зайыпты жастар көшіп келді. Жаңа көрші көшіп келді – деп қуандық. Оның әйелі сатушы болды да күйеуі қоғам жұмысына тұрақсыздық танытып әр жұмысты бір істеп жүрді.

Біздің өңірде демек күм қойнауында және штабтың өзінде қарасора қалың болып бітік өседі. Оны жергілікті халық қарасора, түйе қурай, кендір қурай – деп әр түрлі атайды.

Бұл қурайдың кейбір жері түйенің биігінен де асып кетеді. Оны штабтың бұрынғы тұрғындары кейде қамыс орнына пайдаланып, жылда мал қораның аңғал-саңғал жерін бітейтін.

Бұл қурай киіз құсап кірігіп бір бірімен баттасып қалады. Өзім де мал қораның қажетіне талай жаратқанмын. Қурайды жаңбыр жауғанда тамырымен жұлып алып пайдаланамыз.

Бір жолы жаңа көршім қорасының төңірегіндегі қарасораны орып тастағанын көргенмін. Үш-төрт күннен кейін сол қурайдын жапырағын қағып салафан қапқа қаптап қойыпты. Шамасы оншақты қаптай болады. Мұны штабтың азғана тұрғындары көріп таңғалдық.

Кәдімгі қырмандағы азық құсатып көрнеу қаптап қойған.

Әуелі бір күні Зәбираға әйелі келіп, мына үйдің төңірегіндегі қурай үшін бізге айып салынады, сол үшін орып тастайық–депті. Зәбира оған ұрсып жіберіпті.

Сөйтсек анаша деген осы қурайдан алынады екен. Бізден именіп бізді де өз қатарына қосып алмақ ойы болса керек. Бұрын "Аспара" деген жерде анаша өседі дегенді естіп қандай шөп болады – деп таңырқаушы едік. Сөйтсек анаша алатын жынды қурай үйіміздің қасында өсіп тұрғанын сезбеппіз.

Мен осы штапта тұрғаныма жиырма жылдан асып барады, тек қана жаңа көрші көшіп келгелі осында анаша өсетінін білдік. Жаңа көрші тек қана Шу өңірі елімен ғана емес, Жезқазған, Қаратау, Фрунзе тағы басқа толып жатқан сыбайластарымен байланыс жасады.

Мен – мұныңды қой адал кәсіп істе "ұлың өссе ұлы жақсымен, қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол" деген, сенің мұныңның шарпуы елге тиеді – деп үгіттедім.

Ол көнбеді. Ол тіпті көнбей күннен күнге асқынған соң, қылмыстарының айын, күнін, әкеткен машина нөмірлерін көрсетіп аудандық ішкі істер бөліміне біреуге айттым және тағы біреуге звандаттым.

Болған қылмысты бастан аяқ жазып аудандық "Шу өңірі" газетіне ұсындым. Бір себептерді сыныққа сылтау қылып редактор жарыққа шығармай қойды. Болмаған соң Алматыдағы ішкі істер бөліміне, сонда істейтін біреу арқылы қолына өтініш-арызымды табыстадым.

Сол арызым бойынша Жамбыл облысындағы ішкі істер бөлімінен бір лейтенант келіп тергеп, тергеушілік емес адвокаттық қызмет атқарып, мені анаша жиюшымен татуластырып қайтты. Әуелі сол лейтенант айтты. – Сіз неге арызды жоғарғы жаққа жазасыз. Арызыңды Колбин тексермейді ғой – деп мені кінәлағандай болғанда аң-таң болдым.

Бұл жаңа көршімен бірге тағы да анаша жиюшылармен күрестім. Бәрібір үш-төрт жыл анаша жиюшымен күрескенде түк нәтиже шықпаған соң шаршап қойдым. Әрі өміріме қауіп төнетін сияқты.

### Төрт қап анаша

Күндегідей ерте тұрып арендаға алған таналарды түгендеуге бара жатсам Қөлқудықтың көлінің жанындағы жолдың шетінде төрт қап анаша жатыр екен.

Ат үстінде тұрып алыстан көрдім де көзбен төңірегін белгілеп кеттім. Барып таналарды түгендеп ауылға қайта келсем, жаңағы әлі жатыр екен.

Ешкім ол жолменен жүрмепті, із жоқ. Мінген атымды үйге байлай салып көршілерім түйеші, жылқышылар үй ішімен бір дастарқанға бастары қосылып шәй ішіп отыр екен. Жаңағы төрт қап анашаны айттым.

Аңқаусынған бас жылқышы көмекші жігіттеріне жаңағы төрт қап анашаны жасыруға бұйрық берді.

Осы мезетте жаңа көршім солай қарай машинамен өтіп бара жатып жаңағы төрт қап анашаны көріп кері бұрылды да машинадан түсіп арқаланып жүзгендердің арасына жасырды.

Біз оны терезеден көріп отырмыз. Сөйтіп, біз отырған үйге келді. Көріп-біліп отырған бізге жаңағыны айтатын түрі жоқ. Түк білмеген, түк істемеген сияқты. Бізді білмейді деген ойда болуы керек.

Шыдамаған мен – жаңағы анашаны неге жасырдың – дедім.

-- Ол кімдікі – деді.

-- Қайдан білейіні оны заң орнына хабарлаймын – дедім.

-- Хабарлап не қыласың, оныңды иесі біліп қойса сені жазым қылады – деді жылқышы екеуі қосарлана.

Шынында маған мына қорқыта айтқан сөзі қамшы болып хабарлауға жүрегім дауламады. Бұрынғыдай штабта тұрғындар көп болса хабарлауым мүмкін еді.

Сөйтсем жылқышы, түйешілерде анашамен айналысатын жаңа көршімен байланыс екен кейін білдім.

Бұрын жаңа көршінің қылығын жаңағы малшыларға айтып жақтырмағанымды білдіретінмін. Олардың да жаңа көршімен байланыс екенін қайдан білейін. Егер байланыс екенін бұрын сезсем бұларға айтпай заң орнына бір-ақ хабарлайтын едім ғой.

Сөйтіп мені қорқыта отырып өздері пайдаланған сияқты.

Байқасам төңірегімнің бәрі айналысатынын кейін байқап, оларға мен түрпідей сезінетінімді кейін білдім.

### **Анаша жиюшы тек жаңа көрші емес екен**

Сөйтіп анаша жиюшы тек қана жаңа көрші болмай шықты.

Алғаш мен осы жаңа көршінің анаша жиатынын жақтырмай түйеші, жылқышыларға айтқанда, -- онда нең бар анаша жиса жия берсін – деп мені жақтырмайтын.

Менің Алматыға жазған шағымымды тексеріп келген, лейтенант жаңа көрші екеумізді татуластырғалы, оның беті ашылғандай маған шынын айтатын болды.

Бір күні жаңа көршім маған

– Мына жылқышы түйешілер анашамен айналыса ма – деді.

-- Жоқ, -- дедім.

-- Түк сезбейді екенсіз нағыз айналысатын осылар анашаға "Урал" мотоцикл алды – деді. Мен аң-таң болып жағамды ұстадым.

Жаңа көршінің түйеші, жылқышы жайлы айту сыры мынадан екен.

Бәрі бірігіп анаша жиып бір жерге тыққандарын бір-бірінен ұрлап, содан іріткі туып маған айтқаны екен.

Міне, құм қойнауының өзі осындай індетке айналып бұрынғыдай адал кәсіп адамгершілік ынтымақ деген ыдыраған. Бұлармен көп қарсыластым, соның әсерінен талай әңгіме өлеңге аттарын атап тұрып жаздым.

Алайда бұлардың жолсыздығының жолы болып тұр.

Заң орны да көрмеген-сезбеген болып кібіртіктеп тұр. Түбінде әйтеуір бір шындық туатын шығар – деп ойлаймын, үміттенемін де.

## Штабты бұзудан сақтап қалдым

Штаб бұрын бір шаруашылыққа карайтын. Кейін жөндеу қаражаты жеңіл болу үшін әрі штаб екі шаруашылықтың мал жайылымына тең болған соң, бір көшенің екі бетін екі шаруашылыққа қаратқан болатын.

Бұл істердің өзім де куәсі болғанмын. Отыз жылға жуық малшы қауымға қызмет көрсетіп отырған қызыл отау, кітапхана, рация, қонақ үй, монша, адам дәрігерлік бөлімше, жарық жағатын моторист, мектеп-дүкен сияқтылармен ел отыратын үйлерді бұза бастады.

Ең бірінші жарық беретін мотор тұратын үй мен штабтың қоршауын бұзып тасымалдады. Енді үйлерді бұзып, жаңағы малшы қауымға қызмет көрсететін орындарды жауып бұзып алмақшы болғанда мен совхоз бен аудан басшыларына барып:

-- Неге штабты бұзасындар. Мұны бұрынғы аудан, облыс басшылары осы штабты соғарда оның келешегін ойланбай соқтырған ба? Әрі мемлекетіміз күн санап гүлденіп келе жатыр, сол үшін күнделікті малшы қауымның талабына сай көркейтудің орнына штабты неге бұзасындар – деп ойымды айттым. Олар мені тыңдасын ба? Әрине, тыңдамады.

Содан соң "Социалистік Қазақстан" газетіне жаздым. Менің талабымды тексеруге бес адам келіп ақиқат шындыққа көздері жетті. Содан соң штаб бұзылмай, малшы қауымға қызмет көрсететін орындар жабылмай қалды ("Социалистік Қазақстан" газеті, 9 ақпан. 1988.)

Міне, мен екі газетке де штаттан тыс тілші болып, осындай жағдайлармен, тағы да шопандар тілегіне сай жазып отыратындықтан шаруашылық басшылары мені жақтырмайды.

Оның үстіне тағы өзім облыстық аңшылар инспекциясының штаттан тыс мүшесімін.

Табиғат сыйы мен байлығы аң, құс қызыл кітапқа жазылған қарақұйрық сияқтыларды қорғаймын.

Сол үшін де кейбір өзімшіл топтарға жақпаймын. "Қақпаншының ақыры" деген әңгімемді осыған байланысты жаздым. Соның куәсі іспеттес.



## Кейбір заң қызметкерлері анашамен айланысады

Қорыта айтқанда, ащы да болса айтайын, біздің құм қойнауы анашамен айналысатындардың мекеніне айналды. Абай совхозының “Майқұдық” атты біз тұратын жерде жақын қыстауына екі жылдай болды құрылысшылар малшыға үй салуда. Бір үйлік шағын үйдің екі жылға созылып бітуінде сыр бар.

Бұл құрылысшылар ойдан-қырдан жиылған әр түрлі ұлт өкілдерінің құрандысы. Бұлар үй тұрғызуға анаша жиятын науқанның уағында келеді де, анаша жиып алған соң тайып тұрады. Құрылысшылар совхоз мүшесі емес өңкей келімсектер, уақытша жұмысқа анаша үшін орналасқандар.

Совхоз басшылары осыны көріп-біле отырып, бұған жол бергеніне аң-таң боласын. Сырттан көргендерге үй салып жатқандай көрінеді де анашасын жиып жатады.

Мен совхоздан қосымша жұмыс ретінде арендаға таналар алып баққанмын. Осы таналар қас қылғандай солардың анаша жиятын жеріне жайылады. Таналарды түгендеуге барғанда анаша жиып жүргендерінің талай үстінен түстім. Алғашында менен жасырынып тақыр жерге жата қалысып жүрді.

Кейін менің мал бағып жүргенімді біліп, сырыма қанық болған соң, ашық жия беретін болды, тек қана иттерімнен қорқады қауып ала ма деп. Біз сияқты өз шаруасымен жүргендерден сескенуді білмейді. Таналарға да тиіспейді. Осы орайда жаңа көршімнің бір сөзін айта кетейін. Өзінің сыбайлас серігі бас жылқышының бір бұқасын жайылымнан ұрлап, сойып әкетіп, оны жаңа көршіден көрген болатын. Сонда ол ұялмай:

– Мен оның бұқасын несіне ұрлаймын. Оның орнына бір қап анаша жисам үш мың сом болады, оның бұқасы бар болғаны бес-ақ жүз сом болады. -- деп айтқан. Ал, шындығына келсек оның бұқасын жаңа көрші ұрлады дегеннің қисыны бар.

Енді кезекті сөзіме келейін. Бір жолы сол таналарды үйге айдап келе жатыр едім, қарама қарсы бір “Жигули” машина тоқтады да ішінен шыққан екі жас жігіт мені тоқтатты.

Біреуі ОБХСС екенін білдіріп өзін таныстыра келе мандатын көрсетті.

– Абай совхозының “Майқұдық” деген қыстауында өңкей

анашамен айналысатындар үй салып жатыр - дейді, соның жолын көрсетіңіз - деп өтінді. Мен бәрін анықтап түсіндіріп бердім. Жаңағы ОБХСС-тің қасындағы інісі екен. Екеуі де жәй киінген.

Бұлардың аты-жөнін өздері таныстырғаннан білдім. әкесі де көп жыл бойы ОБХСС болып жұмыс істеген қаптесердің дәл өзі.

Менің бұрын жарық көрген деректі әңгімем "Тергелмеген сырға" дегендегі жағымсыз кейіпкер Қасқырбаевтің балалары екенін іштей сезіндім.

- Әй сендер не тындырармын дейсіндер, қу құлқынның құлы болып бара жатырсындар ғой – деп ойладым.

Сол күні олар құм жолға тығылып жете алмай кері қайтты да, ертеңіне әкесінің "Нива" машинасымен барған болатын. ОБХСС келіп кеткен күннің ертеңіне тағы таналарды түгендеуге барсам, баяғы "құрылысшылар" бәрі жаппай анашаны көрнеу жиып жүр екен.

Оларды тергеп, жауапқа тартудың орнына, "мен тұрғанда сендерді құдай алмайды, маған анашаны көрнеу жиып бер" - дегендей бұйрық беріп кеткен сияқты.

Әкесінің ісіне қарағанда балаларында сондай қу құлқын қуалаған болар деген ойым дәл келгендігі таңғаларлық іс емес еді.

Мұндай заң қызметкерлерінің жолсыздығы көптеп кездесетіні біздің өңірге белгілі болатын.

Ақиқатты ашатын заң қызметкерлері осындай болған соң, мұңыңды кімге айтасын іштей қиналғаннан басқа.

### Әйтеуір жазудамын

Бұрын не жазсам соны баспа орындарына ала жүгіретінмін. Не болмаса хат арқылы жоғарғы жаққа газет-журналдарға жіберетінмін.

Мұным ат үсті қарауым болса бір жағы ұят екен. Кейін сездім. Проза не поэзия болсын жазып тастаймын да, төрт-бес айдан соң, не жылдар өткізіп қайтадан оқып кемістігіне ой жүгіртіп қайта жазамын.

Лудандық газетте қызмет істейтін жолдасым Умельс Шоқалақовты өте жақын жолдасымдай, сырласымдай сезінемін.

Менің жарық көрген, не жарық көрмеген шығармаларымның бәріне оның үлесі мол.

Әуелі, тек қана жазған шығармаларым ғана емес, менің шығармашылық жолымдағы азды-көпті жетістіктерім мен іздену барысындағы қиындықтарыма да ортақ. Екеуіміз бірігіп ой-мақсат пен шешімдерімізді ақылдасып отырамыз. "Адам күні адаммен" деген осы.

Мысалы, штабты бұзарда, анашамен айналысушыларды республиканың ішкі істер бөліміне шағымды қолша тапсырып дабыл қағарда, міне, осы сияқты қырсыз істерді Умельс Шоқалақовпен ақылдасып ойымызды бір жерге тұжырымдап отырамыз.

Міне, осылайша әйтеуір жазудамын, көбісі бастан кешкен оқиғалар. "Көзбен көрген рас, құлақпен естіген өтірік" дейді ғой халық мақалы. Осыған сүйенемін.

Әсіресе, осындай жесір әйел мың қой айдаған заманда адамгершіліктен гөрі пендешіліктің басым екені мені қатты өкіндіреді, сол туралы көп жазамын. Осы жазбаларым келешекке жарық көре ме көрмей ме мейлі, егер біржақты болып жарық көрмесе де мейлі, азар болса артымда қалар деген ой бар.

Тіпті, түптің түбінде менің ой-мақсатымды керек қылғандар болса оқып көрер деген ойдамын. Осы жарық көрмеген қолжазбаларымды Умельс Шоқалақовқа оқытып пікірін білемін.

Міне, оқырман қауым сендерге айтар сырым осы. Әйтеуір жазудамын.

### **Мені ақиқат үшін жамандай берсін**

Төңірегімдегі анашашы ұрылар мені совхоз басшылары ауысқан сайын маған қарсы қояды. Кейін "Коммунизм" совхозының директоры боп Ұзақ Халықов келген болатын, онымен де шағыстырып бітті. Марқұм Ұзақ Халықовпен ол Абай совхозында директор болып тұрғанда да рация үшін екеуіміз келіспегенімізді кейінгі тараулардың еншісіне қалдыра тұрамын.

Бас жылқышы Баранжол ауа жайылған мал ұшырасса, көшкен-қонған шопандардан қалған малы болса болды жоқ қылады. Мен кейбір малшы, шопан, жүргіншілердің бейсауат жүрген малдарын

көрсем иелеріне хабар беріп соларға айғақ боламын. Осы жерде "Ұрының бір беті, айғақтың екі беті қара" демекші мені ұрылар жек көреді. Осындай кең далада отырып, кең заманда ұрлық істеп, анаша жиатынына маған қатысы жоқ болса да қаным қараяды.

Сол үшін жаңа көрші мен Баранжол екеуі мені Ұзақ Халықовқа жамандап штабтан көшіру үшін талай әрекет жасады. Оларға бөгет болып жүрген мен. Егер мен болмасам олар анашаны түнде жимай, күндіз жинап, елдің малдарын қалай болса солай ұрлай берер едік – деп ойлайды-ау деймін.

Оның үстіне біздің үйдегі рациядан қатты сескенеді.

Міне, сөйтіп олар жаңа көрші екеуі совхоз директорлары арқылы аудан басшыларына дейін жамандап бітті. Уағында менің де бұларға теріс үшін көлденеңдеп көп кедергі болғаным рас болатын. Осы құм қойнауының басты ұрысы әрі анашашысы осы екеуі. Солар арқылы жан-жаққа таралады.

Осы екеуінің ұйымдастырумен марқұм Ұзақ Халықов арқылы ауаткомның бірінші хатшысы Халел Бейсевтен ескерту естідім. Ол әлгілердің бірінің үйінен түстік тамақ ішіп шыққан соң, машинасына мінерде маған. – Сіздің қолыңыздан жазу келеді екен, бірақ лас нәрсеге араласпаңыз - деп ашық айтқанда аң-таң болдым.

Егер ол білгір басшы болса араларыңда не келіспеушілік бар – деп мені шағыстырып тұрған Ұзақ Халықовтың сөзінен кейін менің пікірімді білуі керек қой. Осы ескертпені Алматыдан келген белгілі жазушы тағы көп адамдардың көзінше айтты. Осы сөзді естіп және көріп тұрған осылар ескертуден қуат алғандай жолсыздықтарды кейін өндіре істеп бакты.

Ал, марқұм Ұзақ Халықов болса бұған дейін маған талай қиянат жасап, үйімді, салған қорамның құрылыс заттарын, малдарымды, малдың жем-шөптеріне комиссия шығарып тексертіп штабтан көшіре алмай қойған болатын. Оған менің адал әрі өзіме өзім сак жүретін сергектігімнің пайдасы тиді.

Ұзақ Халықовтың бірінші хатшыға жамандауы лажсыздың шарасы еді. Жұмысымнан да кемістік іздеген болатын.

Жоғарғы тарауда айтылған Алматыдағы ішкі істер бөліміне анаша туралы жазғаным осы ескертпеден кейін болатын.

Менде ескертпеден сескеніп қайтпай жазғаным еді. Бірақ бұл

арызды марқұм Ұзақ Халықов арқылы аудан басшылары жауап тастады. Әрине, ауаткомның бірінші хатшысының ықпалы заң орындарын қалай болса солай қақпалап жібереді.

“Балалы үйдің ұрлығы жатпайды” – деп Баранжол ұрының кішкене баласы – Папам Сауытбекті өлтірем деп жүр - деп ойнап жүрген де бір айтып қалғаны. Сол сөзін мен күнделігіме қызыл қаламмен жазып қойдым.

- Бұл баланың сөзі тегін емес - деп Зәбира неше күн тулады.

Қорыта айтқанда түбінде бір шындық, ақиқат деген болар деп осы ұрылардың анашамен айналысуы жайлы көлемді шығарма жазсам деп деректер жинап жүрдім. Бұған әлі қол тимей жүр. Бұл үмітім орындала ма, орындалмай ма белгісіз болып тұр.

Онда да Баранжол туралы үш-төрт деректі әңгімелер мен "Өзі еріншек, өзі ұры" деген көлемді өлеңде іс-әрекеті толық баяндал ады.

### Сөзімде тұрмадым

Үлкен ұлым Мейрамбек үйленіп, үйге тұңғыш келін түсті. Сол күнгі тойда өзіме өзім берген сөзімді бұзып ішімдік ішіп қойдым.

Бұған дейін ішімдікті ішпегеніме он алты жыл болып еді. Ешкімге ант не сенім бермесем де өзіме өмірімде ішімдікті ішпеймін – деп сөз берген болатынмын.

Міне, мендегі үлкен қателіктің бірі осы. Адам өмірге келген соң ісі болсын, сөзі болсын, тұрақтылық болу керек қой.

- Адам сонысымен адам ғой. Өмірге адам бір-ақ рет келеді, сондықтан ішіп-жеп, құлпырып киініп, ойнап-күліп, байып, қалай болса шалқып, өмірді қызықты думандатып өткізу керек, сен ішпей өмірден өткенде о дүниеге не көрдім – деп барасын дейді кейбіреулер.

Сонда өмірдің мәні неше түрлі осындай құбылыстармен әсерлі болса, мұның да кейбір тұстары әркімнің өз сана сезіміне қарай артық болмай ма?

Әрине, адам адам болған соң өмірде кездесетін өмір өткел шешімін адамгершілікке ұштастыра отырып, бойына сіңіріп, артық іс-әрекеттен тазаланып отырса о да бір адам ойына лайықты іс деп есептеймін.

Сондықтан әркім өмірді әрқалай түсінеді. Ленин айтқан ғой

"адам періште болып тумайды" деп. Сол үшін адам өмір жолында өмір сырын бастан кешіре жүріп, соның жағымды жағын қабыл алуымен әсерлі сияқты.

Әйтпесе біздің қазақ ата-бабамыз сонау түптен бастап ішімдік ішпеген ғой. Халық болған соң ішінара басқа артық-кемі болған шығар, бірақ ішімдік мүлдем болмаған ғой. Сол ата-бабамыз да ішімдіксіз жақсы өмір сүріп, осынша дүние жүзіне белгілі қонысты иеленген.

Қазірдің өзінде өз тұстастарымыздан көріп жүрміз дүниесі көбейген сайын ары кеміп, арак ішкен сайын сана сезімі уланып, темекі тартқан сайын денсаулығы нашарлап, карта ойнаған сайын азғындап жүргендер аз ба?

Мысалы, басқаны қайдам менің өзім байыған сайын байығым кеп, арак ішкен сайын денсаулығым бұзылып, карта ойнаған сайын ұйкым бұзылған соң, сауданы, ішімдікті, картаны үшеуін қойған жоқ емеспін бе? Мен неге өткен кемістігімді мойындамаймын. Әрине, мойындаймын. Ішімдік ішкенде төбемнен кара бұлт басып тұрғандай сезінемін де, ішпесем аспаным ашық сияқты боп, көңілім көтеріңкі болады.

Сөйтіп келін түскен күннен бастап аздап ішімдік іше бастадым. Сонда байқағаным әлгі менімен қырбай жүрген көршілерім қатты қуанған сияқты.

– Сіздің ішімдік ішкеніңіз жақсы болды ғой. Еркін сөйлесіп еркіндік болып қалды ғой - деп өзіме де айтқандар болды.

- Ішімдік іше пікірін жоғалтады-ау - деп ойлаған болу керек. Олар өздерін де еркін ұстай бастады. Көршілерімнің жолсыздық жүріс-тұрысы маған қатысты болмаса да неге жұлдызымды күдай оларға қарсы қойғанына өзім де білмеймін. Қарадай карап іс әрекеттерінен жиреніп жек көремін.

- Заң орнының өзі соларды қолдап отырғанда сенің нең бар - дейді Забира да.

Бұл ішімдікті көп ішпесемде ішкеннің аты ішкен ғой. "Уәде күдайдың үйі" демекші, уәдені бұзғаныма өкініп жүрдім.

Сонда осы сегіз баламның қуанышы ішімдік арқылы нұрланып келешегі де сол арқылы шешілмек пе? Бірде ішіп, бірде қойып, созынқырап жүрдім де тағы ішімдікті мүлдем ішпеуге бел байладым.

Жолдасым Зәбира ішімдікті мүлдем қоймай анда-санда кісі келгенде ішіп тұрсаң деп, аса қаламайды.

Болашақ өмірім ішімдікпен қызықты болып, осы арқылы шешілетін болса да ішпеймін - дедім. Демек, енді он келін алсам да ішімдікті аузыма алмаспын.

### **Орманшы жұмысымнан босануым**

Орманшы болып жұмыс істегелі азда болса өмірімде, ой-өрісімде өзгерістер болды. Осы “Қосқұдық” механикаландырылған орман шаруашылығының бастығы марқұм Ю.А.Глазов мені Көкшетауға осы шаруашылықтың курс оқуына жібермекші болды.

Бұл жерде істегелі ақындар жинағына өлеңдерім еніп, өлең-әңгімелерім жарық көріп, тағы жазылып жатқан қолжазбаларым бар. Мұнда отын-су, мал азығы жем-шөп тегін өзімізге берілген үлесімізді айдап аламыз кез келген мұқтаждарға күш көлік дайын. Көліктен көп қарайласады. Міне, енді мені оқуға жібергені жағдайыма қиындау болып тұр. Оқуға барайын десем.

Сенің сыртта оқитын төрт балаң бар, солармен жарысып сен бесінші болып оқы, содан соң мен штабта жападан жалғыз қалай жүремін, ана төрт майда балалар болса совхоз орталығында мектепте оқып жатыр – деп Зәбира мені оқуға жібермей қойды.

Осы жағдайды Ю.А.Глазовқа айтсам облыстағы кеңсеге тізімінді беріп қойғамын өзгертуге болмайды - дейді. Оныкі де жөн.

Міне, осындай себептермен өміріме өзгеріс әкелгендей болған, әрі жақсылық көрген жұмысымнан лаж жоқ босануыма тура келді.

Әр орманшының өзіне тиісті қарайтын орманды бөлімше жері болады. Ол соған жауап беруге тиісті. Соны қарауы керек. Ол біз тұратын жерден айдалады. Жалғыз менікі емес бәрінікі солай. Мұны мен түгелімен қарадым – деп айта алмаймын. бізді көбінесе питомник сияқты қауырт жұмысқа жұмсайды. Мен өз шамалауымша осы жұмыстың пайыздық мөлшерін ғана тындырымды істедім – деп ойлаймын. Ал, бұған бастықтар да кінәлі емес. Жер шалғайлығымен жұмыс барысы солай. Әр орманшы сайын өз қарауындағы жеріне қайдан үй салып бере қойсын.

## Радис болуым әрі оның қысқартылуы

Радист болып жұмысқа орналастым, бұған дейін Зәбира істеген. Біз штабка қайта көшіп келгелі бұл рация біздің отбасымыздың міндетіне тиіп, біздің үйге орнатылған. Бұл жұмысты екі-ақ жыл істедім. Менен кейін беріге дейін қысқартылғанша балам радист болып істеді.

Ал, енді келешек оқырман штабтағы малшы қауымға қызмет көрсететін басқа мекеме орындарына қарағанда рацияның атқаратын қызметі киген көйлегің денеңе қандай жақын болса бұныкі де сондай жақын әрі өте көп, күрделі іс түйіні тез шешіледі.

Ауыл, аудан басшылары тыңдамаған малшы тілегін рация арқылы облысқа хабарласаң көзіне қамшы тиген жылқыдай тез сезінеді.

Айдалада әр жерде отырған малшы әйелдері босанарда, ауырғанда, жем-шөп таусылғанда су тартатын мотор істен шыққанда, күнделікті мұқтаждық қант, шай, ұн тағы басқаларға тарыққанда, тағы неше түрлі төтенше жағдайға ұрынғанда малшылар жедел штабтағы рациямен хабарлауға шабады.

Қорыта айтқанда сырттағы отырған ел үшін бұл рация оның сенері, тірегі, қамқоршысы іспеттес.

Ауданмен рация арқылы күніне екі-үш мәрте байланыс жасасак, ал облыс кешке дейін байланыс жасауды күтіп отырады. Малшылар үшін тамаша ойластырылған қандай қамқорлық десеңізші.

Мұқтажы үшін жедел хабарласуға келген малшы қолынан қолхат жаздырып алып, соған сүйене отырып, әуелі аудандағы тиісті орындарға, олар тыңдамаса облыстағы тиісті орындарға байланыс жасаймыз. Сонда совхоз басшыларын аяғынан тік тұрғызады. Сол үшін олардың рациядан зәресі ұшып, дүние жүзіне кемістігімізді ашып қойды – деп реніш білдіріп, осының ақиқат жолына тосқауыл жасап бөгет болады.

Мұндай кертартпа істердің талайы басымыздан өтті. Соның бірін ғана айта кетейін. Бір жолы Абай совхозының аға шопаны Көшкінбай Қырғызбаевтың су тартатын моторы істен шығыпты. Бір отар қойы үш күн сусыз қалып қырылатын болған. Бұл жаз айы еді. Бір жүргіншіден хабарласа моторист келмеген.



Қолынан қолхат алған мен аудан басшылары ауызша уәде берген соң облысқа хабарладым. Ол кезде марқұм Ұзақ Халықов осы шаруашылықтың директоры болатын.

Ол осыдан сөз естіген болуы керек. Штабқа келіп айдаладан – Сауытбекке айт бұдан былай күллі совхоз малы қырылса да рациямен хабарламасын, дүние жүзіне хабардар етіпті – деп сыртымнан ұрсып кетіпті. Сол жолы Көшкінбай Қырғызбаевқа да ұрсыпты.

Міне, қараңызшы осындай түсініксіз басшылар қаншама десеңізші. Қайта бір отар қойдың судан қырылмай аман қалғанына рахмет айту орнына ұрсып жатыр. Марқұм Ұзақ Халықовтың менің соңыма түсуінің басты себебі осыдан басталады.

Бұл жерде осындай ақиқаттар үшін малшы қауым мен еңбекші елдің тілегін қолдап отыратын бұрынғы бірінші хатшы Жапар Түйебековты қалай жоқтамас ем. Сол кісілердің орнатып іске асырып малшы қауым тілегіне сай атқарған жұмыстарын қысқартып, кемітіп бұзып жатыр.

Сөйтіп, марқұм Ұзақ Халықов “Коммунизм” совхозына директор болып келген соң бірінші хатшы Халел Бейсеневке айтып жүріп рацияны мұнда қысқартып тынды.

Құм қойнауындағы ел қамқоршысынан айрылғандай болып талай жәйсіз жағдайға ұшырағанда сендей соғысып не істерін білмей қалады.

Жалғыз тек қана штабтағы рацияны ғана қысқартып қоймай барлық малшы қауымға қызмет істеп отырған түрлі мекеме орындарына да ауыз салды.

Бұл менің дабылым арқылы аман қалып, ойы іске аспаған соң мені штабтан көшірмекке әрекет жасауы еді.

Сөйтіп, бұл рацияда мен 90% өз дәрежесінде толық жұмыс істедім – деп айта аламын. Сол үшін де қысқарғаны ешкімге құпия емес.

### **Қызыл отау меңгерушісі болуым**

Штабтағы Қызыл отау меңгерушісі

– Сізге менің жұмысым лайық, кітаптарды көп ізденіп оқисыз

әрі жазумен айналысасыз, біздің мәдениет бөліміне сіз сияқты адамдар қажет, бастықтар да шет кетпес – деп ақыл берген соң осы жұмысқа ауыстым.

Жалпы, жұмыс барысымен таныса келіп, не істеуім керектігін мәдениет қызметкерлері мен тағы басқа орындардан білдім.

Бір күні мәдениет бөлімшесінің бастығы Байжігіт Жетібаевқа.

– Мен құм қойнауында қолымды қусырып босқа жүрмекпін бе, малшы қауымға өз дәрежесінде қызмет көрсетуім керек, сол үшін жағдай жасап бір автоклубты жүргізушісімен бекітіп беріңіз- дедім.

Рахмет бір автоклуб машинаны жүргізушісі Шора Инкебаевты маған бекітіп берді.

Бұл автоклубшы үй ішімен штабқа көшіп келеді.

Қызыл отау туралы не істелу керектігі бір жылға жоспарланған жоспарым бойынша жұмыс істей бастадық.

Бұрын малшылар өздері штабқа келіп кітап алып, газет-журналды клубтан оқитын, жиын да осында өтеді. Бұл бірақ сирек, тек малшылар келгенде ғана.

Ал, біз Шора Инкібаев екеуіміз малшыларды аралап, кино қоямыз, кітап таратамыз, газет-журналдан жаңалық оқып беріп, баяндама жасап жиын өткізіп пікір алысу сияқты жұмыспенен әр малшыны аралаймыз.

Осымен қатар малшы мұқтаж тілегін қолдан келсе орындап, келмесе хабарын жеткіземіз. Міне, осы сияқты білген адамға Қызыл отау жұмысы жетерлік.

Мұның көбісіне әрине, совхоз директорымен кей мамандар қарсы болады екен. Олардың ойынша малшы қауым кем кетігін өздері ғана біліп басқа білмеуі керек сияқты.

Сырттан не жоғарыдан келген өкілдерге шаруашылықтың көленкелі жағын жасырып, атүсті көрсеткен болады да келгендерді құрметтеп дастарқанның құлы етіп жібереді.

Сол үшін мәдениет қызметкерлеріне шаруашылық басшыларынан қолдау табу өте қиын.

Маған бекітілген автоклубшыны штабқа көшіп келген соң, екі-үш айдан кейін директор Ұзақ Халыков аудандық мәдениет бөліміне хат жазып штабтағы үйді босатуын, әрі малшы қауым үшін автоклубтың қажеті жоқ -- деп тапты.

Бұл туралы аудан басшысына шағынсаң бәрі бір жеңіліс табатынымды сезіндім.

Себебі "аузы қисық болса да байдың ұлы сөйлесін" – деген ғой.

Міне, сөйтіп мазасын алған соң Шора Инкібаев көшіп кетті.

Сөйтіп қыр соңыма түсіп алған директордың көлденең тұруы жиілей түсті.

### Малшылар тілегі

Штабта отырған аға шопанның келіншегі Тоты Жөнбаеваның баласы ауырып, не дәрігер жоқ, не көлік жоқ, не хабарлауға рация жоқ болғандықтан ауруы асқынып, облыстық ауруханадан бір-ақ шықты.

Тағы да осындай мұқтажсыз Абай совхозының үш аға шопандары маған тапсырма берген.

Олардың тілегі осы штабқа бұрынғыдай адам дәрігері мен рацияны малшылар қауымы үшін қайтадан орнатуын сұрап біздің атымыздан жаз деді. Осы төрт шопан атынан облыстық "Еңбек туы" газетіне хат жаздым. Ол хабарсыз болып кетті. Соның жазында Абай, Коммунизм, Новотроицк совхоздарының, тағы Мерке ауданының жайылымы бар, толып жатқан жайылым 8 мәрте өртенгенін аудандық "Шу өңірі" газетіне, жазып апарған соң, осы газеттің меншікті тілшісінің атынан. "Қоралар аман қалды бірақ" деген тақырыпта жарық көрді.

Онда да адам дәрігері мен рациядан хабар болмады.

Газеттің осы мақаласын қиып алып, тағы толықтырып обкомның бірінші хатшысы С.Байжановқа жолдадым. Одан қанағаттанбайтын жауап алдым.

Онда Ұзақ Халықов өтірік жауап беріпті. Қысы-жазы үзіліссіз мал жайылатын құм қойнауында аз-ақ уақыт мал тұрады. Сол үшін адам дәрігерлік бөлімше мен рация қажетсіз деп.

Қорыта айтқанда рациядан Ұзақ Халықовтың сескенетінін жоғары тарауда айтқамын. Кейін тағы жоғарғы жаққа рация сұрап жаздың -- деп совхоздың бас мамандарын, оның ішінде прораб та бар үйімді, қорамды, малымды, жем-шөбімді тінтіп тексеруге комиссия жіберіпті.

Адал, әрі сақ, сергек жүрсең не істейді ауданға дейін шапқылап

койды. Осы орайда айта кетейін табалағаным емес директорлық қызметін ол менен бастап талай жәй жұмыскерлерге, тағы басқаларға қиянат жасаумен өткізді.

Сондықтан, Бабырдың мына накыл сөзі, лаж жок ойға оралады.

“Жамандық істеп жаманшылықтан құтылам деме зауалдын келуі – табиғаттың заңы” – деген екен. Бұл накыл сөз басканы қайдам Ұзақ Халықовқа дәлме-дәл келді.

Осы жылы кездейсоқ өмірден өтті. Өлер алдында – Мен өлуге тиісті емеспін әлі істелетін шаруам бар – депті.

Бірақ, төтелеп келген дерт оның тілегіне қаратпады.

### Ізденіс өмірімнен бөлімді аяқтарда

Келешек оқырман сырымды сендерге дастарқан шашуындай сездіріп отырмын.

Осы кезеңде өткізген өмірімді аз да болса сергек жан жақты ізденумен өткіздім бе деймін.

Өйткені өмірге көзқарасым бұрынғыдан гөрі өзгерді. Рас күн керісіме қанағатты ту ете отырып, бұрынғыдай ағыл-тегіл болмай, баршылықтың беті жокшылыққа, жатып ішер әрекетімді енбекке, қызықты опыр-топыр думанды күнімді ізденіске бұрсам да, осы сәттерімді әсерлі өткіздім деп ойлаймын.

Сондағы сезінгенім әсіресе адал кәсіп болса соны ұмтылып істеп сүйсініп шаршағаным білінбей бір жасап қалатын әдет пайда болды. Сол сияқты адал енбек еткен адам болса шындық ақиқат, адамгершілік жайлы сөйлеген, түсінген түйінгендер болса соған тоқтам жасап, ләззат алып қаламын.

Шіркін-ай, адал кәсіп, адал енбек адамгершілік, қанағат, шындық сияқты жағымды жағындағы іс әрекеттерге не жетсін. Білген адамға өмірінің адамдық тұтқасы осы сияқтылар емес пе?

Осы кезеңде әйел-ер жұмысы деп бөліп жармай үй тірлігінде Забирамен бірдей істейтін болдым. Осыны кейбіреулер сөз қылады екен. Сауытбек сиыр сауады, су әкеледі, отын жарады, от жағады деген сияқтылар. Шіркін солардың басқасын айтпағанда ұрлығынан жаман болып па?

Ал, енді осы кезеңдегі жетістігіме келсем. Білімімді өз бетімше көтеруім, халыққа зияным тиетін сауда жұмысынан бас тартуым,

адал кәсіп, адал еңбек істеуім, шығармашылықпен айналысуым, халқым туралы ой толғауым, малшы тілегіне көңіл бөліп, адамгершілік, шындық, ақиқат, қанағат сияқтыны ту етуім ойлы ізденіс өмірімнің жемісі деймін.

Сол үшін осы жылдарды өмірімнің бір шарықтаған кезеңі демекпін.

Оқырман беретін бағаны өзіме-өзім бергеніме кешірім сұраймын.

Тағы да: “Азаматтық жасай алмаған адам -- бұл өмірге келмеген адаммен бірдей” (С.Сарай) айтқандай қанша ізденсем де азаматтық жасай алмадым -- өйткені өрісім тар.

## ІҮ -- БӨЛІМ

### ТОЛҒАНЫС ӨМІРІМНЕН

*Бұл жалғанды бұзатын арсыз адам  
Ж.Баласағұн*

#### Бізде неге шындық жоқ

Өзім араласқан көпшіліктің әрқайсысына сын көзбен қарап толғанатынды шығардым. Адамдардың ішкі дүниесі мен сыртқы жан дүниесін байқағым келіп тұрады.

Кіммен болсын жолығысып пікір алысқанда, сыртқы көрінісіне ішкі көрінісі үйлеспейді. Сыртқы көрінісінде адал, еңбекшіл, турашыл сияқты адамгершілікке тән қасиеті болып көрінгенмен, ішкі пиғылы арамза, қоқсық, өзімшіл, не мұндай қылықтар қолынан келмесе де ойында бар сияқты толып жатқан жолсыздығын аңғару қиын емес.

Мүмкін мен де осыдан құралақан емес шығармын, ақтан сопы періштемін, – деп айта алмаймын, кім біледі өзімді-өзім сезбей басқа біреулердің мінін көретін, сезетін шығармын. Оны құдай білер. Сол үшін мен оқырмандарға өзімді-өзім ақтаудан аулақ екенімді ескертіп отырамын.

– "Адам баласы айыпсыз болмас" – деген М.Қашқари дана сөзін еске тұтам. Сөйтіп мұндай толып жатқан жолсыз қара шаруа жұмыскер қылықтар қоғам үшін де халық үшін де аса ауызға аларлықтай емес. Бірақ бір-бірден көп болып құралған соң, тамшыдан дария болады деп, әрине, отан үшін де халық үшін де кедергісі көп екенін жасыруға болмайды.

Әсіресе мұның ішінде төменгі жұмысшы шаруадан жоғары қарай, жоғарғы орындаған төмен қарайғы басшы орындардың

қылмысы зіл батпан. Бұл Отан үшін де, халық үшін де өте ауыр екенін жасыруға болмайды.

Халық әсіресе басшы орындардың көпшілігіне өкпелі. Бір деректердің өзі сол шаруашылық пен халқына бәленбай экономикамен әделетсіз шешімімен, кедергі келтірсе, жоғарылаған сайын аудан, облыс басшыларының шалағай әрекеттерінің зияны ату жазасынан да асып түсер еді деген ой туады. Төменнен жоғары орындарға қарайтын әр басшының іс-әрекетін шағымсыз-ақ тексерсе кемшілігі жоқ бірде-бір адам қалмас еді.

Осы жерде халық тәртіп үшін И.В.Сталин мен Ю.В.Андроповты көп жақтайды. Мысалы, совхозды мемлекет алдында қарызға белшесінен батырып, тұралатқан директорларды аудан облыс басшылары пәресіне бола ұзақ уақыт ұстайды. Егер ол олай болмаған болса ең соңғы межесі үшінші жылы шаруашылықты көтермеген соң орнынан алынуы керек емес пе? Осы ұзақ жыл ұстауының өзі Отан үшін де, халық үшін де қылмыс емес пе?

Міне маған қатысы болмаса да Совет өкіметінің азаматы ретінде көзім күнде көріп жүрген ауыл шаруашылығы мен өндірістегі жағдайларға барлау жасаумен келемін.

Ал сауда орны мен заң орнын ауызға алуға болмайды. Олардың іс барысы басқа жақты қайдам біздің өңірде сын көтермейді. Қатты айтқанда қасқырдан да қатты халықты қанаушы орын екенін қалай жасырасың. Менің барлауымша бірде бір басшы басқа өңірді қайдам біз жақта пәресіз жұмысқа орналаспайды.

Егер пәресіз қызметке орналасқандар болса олар таныс тамыр, туысқан, жекжат, жерлестігі бар. Әсіресе осы шындық жайында көпшілікпен көп пікірлесемін. Кейде басқа облысқа барғанда да осы жайында сұрап білемін.

Көп жерде қылаң беретіні осы шындықтың жоқтығы. Түптің түбінде әйтеуір шындық болуы тиісті деймін пікір алысқандарға.

Олар мені күлкі қылады. Шындық іздемей-ақ қой, шындық өмірде болмайды дейді. Әбден күдерін үзгендер. Қазір әйтеуір шындық болмай тұрса да, келешектен шындық күтелік. Оны мен көре алмасам мейлі кейінгі ұрпақтар көрсе болды.

## Өмірі мөлдір адамдар

Осы жарты ғасыр өмірімде шындық пен адал жүрген адамдарды сирек кездестіремін.

Ал өзім сезген шыншыл адал қанағатты Отан не кісі ақысын жемейтін не ала жібін аттамайтын өмірі мөлдір адамдар саусақпен санарлықтай-ақ аз екеніне өкінемін.

Мүмкін мұндай адал адамдар басқа өңірде көп шығар, өз өңірімде де мен кездеспеген. сезбеген өмірі мөлдір адамдар бар шығар, лайым мұндай адамдар көп болсын, бірақ мен кездестірген адал үш-ақ адам көрдім.

Біріншісі: Иманәлі Шуақов деген марқұм еді. Ол кісі Совет өкіметін құрып, колхоздандыру кезеңіне белсене атсалысып көп еңбек сіңірген адам. Бала кезім болса сол Иманәлі Шуақовты мұнда көрдім. Қоғамның не жеке адамның ала жібін аттамаған шыншыл адал адам.

Өзі түгіл өзгені де қоғам мүлкіне аса жауапкершілікпен қарауды талап ететін одан жеке басын ойлайтын пенделер аулақ жүретінін талай көрдім. Егер мұндай жолсыздығын сезіп қалса болды -- Отанның не халықтың жауы не жауызы деп айқай-шу шығарып оны індетпей қоймайтын. Адалдыққа айбыны арыстандай айбарлы еді.

Сонысы үшін ауыл адамдары Иманәліні жауыз деген сөзіне бола, әрі бұл сөзді нысапсыздарға жиі айтқаны үшін, өз сөзін өзіне теліп "жауыз" деп сыртынан атап кеткен.

Халықтың бір атасы ит-деп қазақ атам ішіндегі түсінбестерін айтады екен. Бұл сөз қатты тиіп кетсе де лаж жоқ қайта алайын. Шіркіндерді қараңызшы өздері жауыздың ісін істеп тұрғандарды анау содан қорғағаны үшін өз айтқанын өзіне телігенін. Мұндайлар өмірде көп қой шіркін.

Иманәлі Шуақов туралы "Соғымбасы" деген деректі әңгіме жазғандықтан қысқартып айтып отырмын.

Қоғаммен төңірегіндегі халқына адал берілген адам өз жеке басының шаруасына қарамайды екен.

Иманәлі колхоз басқармасының орынбасарлығынан бастап егіс бригадирлігіне дейінгі аралықтағы қызметтердің бәрінде болып, содан демалысқа шықты.



Ол өмірден тұрмыссыз өтті. Не кигенге не ішкенге жарымады қатықсыз қара көже ішсе де адалдығын ту етіп ұстады. Иманәлінің қанағаттылығы сондай, тұнып тұрған тұнық мөлдірдей адалдығы өміріне ішсе ауқат, кесе киім тұрмыстық қажетіне жетті. Сол адалдықтан нәр алды. Тек қоғам үшін туды, қоғам үшін еңбектенді, адал болып ақиқаттан аттамай өмірден өтті. Иманәліге тең келетін отаншыл адал еңбекшіл адамды сол уақыт тұрмақ қазірдің өзінде осы өзім жүрген өңірден кездестіру қиын. Мұндай адам өте сирек туар.

Екіншісі: Арапбай Сарыбаев деген Ұлы Отан соғысына бір қолын иығынан беріп келген мүгедек кісі. Арапбай мүгедек едім деп қарап отырмай соғыстан оралысымен колхоздың аға шопаны болып, содан жақында демалысқа шықты.

Арапбай нағыз дарынды шопан ата бола білді. Ол түнде туған бір қара төлдерді түріне қарап әр қайсысының енесін дәл табатын, әрі төрт түлік малдың барлық жағдайын бес жыл оқыған мамандардан ары жетік меңгергені сондай, мал мамандары мен малшы қауымды таңқалдыруы тегін емес еді.

Ұзақ жылдар бойы қоғамға төлден, жүннен, еттен өнебойы жоспардан тыс үлес қосып отырды.

Оның еңбегі бірден екі-үш мәртеге дейін Социалистік Еңбек Ері сияқты жоғарғы наградаларға лайық еді. Бірақ біздің жолсыздық өріс алған, тамыр-таныс, пәре, көзбояушылық кезеңінде еңбегі бағаланбады.

Арапбай Сарыбаев ерен еңбегіне сенгендігі, ақиқаттың бетің бар, жүзің бар демей біреулердей құсап атқамінерлерге құлдық ұрмай, жалпаңдамай, дастарханына тек адамдығына қарай сыйлап, мансаптығына бас ұрмағандығы, ұстамдылығы шыншылдығы, адалдығы, ақиқатшылдығы осы жоғарғы награданы алуына бөгет болды.

Бұған дейінгі талай медаль ордендерді алып, алтын кітапқа жазылса да ең жоғарғысына үміттеніп ұмтылмады. Арапбай Сарыбаев тәрбиелеген және Социалистік Еңбек Ері деген награда алуға көмектескен, қолдаған Әбірақбан Дәуітов болды. Біздің қоғамда жоғары награда аларда ала-құлалық бар деп жалпы айтсам ағаттық болар. Бірақ мен тұрған жерден үш Социалистік

Еңбек Ері шықты. Олар аға шопандар Әбірақбан Дәуітов, Міртай Юсупова мен механизатор Заманбек Досжановтар.

Бұл үшеуінің еңбектері іс-әрекеті өмір тіршілігі айнадан көрінгендей көз алдымда, қалай алғандарын білемін. Онда мен малшы қауымға қызмет көрсететін сатушы едім.

Міне, нағыз еңбегі бағаланатын Арапбай Сарыбаевтар емес пе? Ел ішінде Арапбай Социалистік Еңбек Ері дейді. Бұл рас та.

Арапбай Сарыбаев кісі ақысымен қоғам қорына сұқ қол салмаған адал арлы еңбекшіл отаншыл екенін халық жақсы біледі. Ол өмірде адам деген атына сай адамдығын сақтап адал еңбегінің үлгілігін көріп ішкенге ток, кигенге жетерлік тұрмысты болуы да, адалдығының жемісі.

Арапбайдың өмір жолы түсінген, түйінген адал еңбек сүйгіш саналы азаматтар үшін үлгі боларлық өмірі мөлдір адам деп есептеймін.

Үшіншісі: Үмеліс Шоқалақов деген мен құралпы азамат. Жоғарғы білімді. Онды тауысқалы аудандық “Шу өңірі” газетінде қызмет істейді. Мен шығармашылықпен айналысқалы осы редакция екінші үйім сияқты. Осы мекеме қызметкерлерімен пікір алысып, ниеттес болғалы ұзақ жыл болды. Қазір кімді көрсең бәрі аларман еңбегі былай тұрсын көзін сағып тұрғандар ғой.

Бетіңе жылтырап сыртыңнан аузына келгенін сөйлеп ойына келгенін істейтіндер көп қой.

Редакцияға барғанда Үмеліс Шоқалақовты талай кездестірдім, бір өзі бір мекемеде жалғыз қалып барлық жұмысты атқарып отырады. Сонда себепті себепсіз жұмыстан қалған қызметтес жолдастарын бірде бір аузына алмайды. Қайткен күнде мүмкіндік туғызып оларды жоқтатпай газетті шығаруға ұмтылады.

Ал басқа қызметтестері бір-бірін сөз қылып майда-шүйдені қазбалап Үмелістің үлкен-кішіге кең пейіл міндетті міндетсіз жұмыс болса да есептеспей істей беретінін сөз қылатынын естіп қалам. Бұл жерде Үмеліс кішірейіп қалмайды, қайта адамгершілікте екенін кейбіреу түсінбейтінін таң қаласың.

Қоғамнан не жеке адамнан алайын деген сөзінде тұрмақ ой санасында жоқ. Қандай кең пейіл. Мен қалай екенін қайдам кейінгі кездерде адамдар пиғылына көп барлау жасаймын.

Осы өзім қатарлы көпшілік ішінде анадан туғанда қанағатты болып туған тек қана Үмеліс Шоқалақов па деймін.

Талай адамдармен кездесіп, пікір алысып, ішкі дүниесі мен сыртқы өмір тіршілігін байқап жүрміз ғой. Осы дұрыс шығар деген кісінің өзінде үңіліп қарасаң бір кемшілік шығып тұрады. Біреулер бар болса адыраңдап, жоқ болса үңіреңдеп қалады, сезімді сезімсізі, білімді білімсізі өз алдына.

Үмеліс Шоқалақовтың үй ішімен де анда-санда араласып тұрамын. Жұбайы да тойған қозыдай тұрақты жан. Дүние қу жылтыраққа қызығу сияқты артық мұқтаждықтар ойы тұрмақ санасында жоқ. Бар-жоққа, үлкен-кішіге, қызметкер мен жай адамға бір қалыпты қарайды.

Осы арада көзбен көрген бір ісін айта кетейін. Бір жолдасы Үмеліске бір сыйлық атаған. Соған төрт-бес жылға дейін өзі барып алмай қойды. Кейін сый тартушы өзі апарып бергенде әрең алды.

Ал басқалар болса аузыңнан шықты, не шықпады әйтеуір алуға дайын тұрады, не болмаса алып қалудың есебін табады. Адам баласында қанағатты болу деген барып тұрған адамдықтың белгісі. Барлық адам баласына тән жақсы қасиеттер қанағатпен адалдықтан бастау алатыны сөзсіз.

Мен тағы қайталайын, өзім қатарлы көпшілік ішінен Үмелістей қанағаттыны көрмедім.

Егер Иманәлі Шуақов, Арапбай Сарыбаев, Үмеліс Шоқалақов сияқты адал қанағатты, еңбекшіл адамдар елімізде көп-көп болса бізде баяғыда коммунизм орнар еді,-- деп ойлаймын.

Келешек оқырман менің көрген адал қанағатты адамым осы үш-ақ адам. Мүмкін мен кездеспеген не болмаса естімеген адал адамдар көп шығар, онда нұр үстіне нұр.

Ал осыны жазып отырған мен өзім бұлармен тең келе алмайтынымды ақиқат алдында мойындауға тиістімін.

### **Біз неге өткенге қарамаймыз**

Адам өмірге келген соң мәңгі сапарға аттануы хақ. Бұрынғы өткен-кеткенді еске алып соның жақсысына жадырап, көлеңкелі жағына қиналуымыз керек.

Егер көз көрмеген өткен іс санамызға кірмесе, күнде араласып бірге жүргендердің өзі де арамыздан мәңгі сапарға аттанып көз жұмғанын көріп жүрміз.

Солардың тірі күніндегісімен, кейінгі көз жұмған күндегі артына неге барлау жасамаймыз.

Марқұмдардың адамгершілігі мен пенделігін, мансапқорлығы мен шаруақорлығын, сол сияқты тірі күніндегі тіршілігін саралап көз алдымызға келтіріп, о дүниеге алып кеткені қайсы деп бізде сол сияқты боламыз-ау, өлдің-өштің деген осы - деп ойлап, кейінгілер өзімізді неге тура жолға бұрмаймыз.

Басқаны қайдам оны айтпағанда өз үй ішің, әке-шешең, ағайын-туысың, ауылың өткен-кеткен күндерің сабақ емес пе?

Біз де сондай боламыз-ау деп неге ойламаймыз. Ішкенге тоқ, кигенге жетерлік тұрмыстық мұқтажға мүмкіндігің толық болып, емін-еркін өз бостандығың өзінде ешкімнен не қорлық-зорлық көрмей өмір сүрсең болды емес пе?

Мысалы, менің әкемнің өмірі өзіме мектеп, жоғарғы тарауда айтылса да қайталап кетейін.

Бәленбай жылғы еңбектеніп, тірнектеп жиған байлығын не өзі не артындағы бізге бұйырмай бір алаяқ маскүнемге бұйырған. Сол үшін кейде дүние мүліктен бас тартып үй ішіммен ренжісіп қаламын.

Сол сияқты халықты зар илеткен бізде басшылар көп. Осы арада оқырман қауымнан кешірім сұрай отырып, бір мақал айта кетейін.

"Дұшпанның көзі жаманнан басқаны көрмейді"- деп С.Сарайй айтқандай мына Сауытбек басшыларды көп сынга алады екен - деп ойламаңыздар, ақиқатқа жүгінсек осындай қиянатты індет орын алып тұр. Құдай ақырын берсін мұның түбі немен тынарын қайдам.

Түбінде бір әділетті тоқтам болуға тиісті деп ойлаймын.

Сонымен кезекті сөзіме келейін. Халықты зар илеткен басшылардың да орнынан түсіп, о дүниеге аттанып жатқаны өмір заңы. Осының әріптестері мен сондай болам ба - деп өзіне өзі тежеу беріп ақыл ой сана сезім парасатқа бойламайтыны өкінішті-ақ.

Бір Акыш деген ағамыз дүрілдеп тұрған, кезінде немере

туысына істеген қаталдығын бетіне басып тұрып "Ағайын арасы" деген деректі әңгіме жазған болатынмын. Соны газеттен оқыған Ақыш мына Сауытбектің мұнысы несі - деп маған ренжіген болатын. Сол ағамыз қатты ауырып мен лаж жоқ барып көңілін сұрағанда "О.Сауытбегім келді" дегенде көз жасымның қалай ағылғанын өзім де байқамай қалғам. Ағамыздың да өз қателігін мойындағаны ғой. Шіркін осындай қателіктерді сыйластыққа айырбастасақ сұмдық тамаша емес пе.

Сол кісі қайтыс болатынын біліп жатса да соңғы сөзін айтпағанына қатты таңқалдым.

Ауру адам тұрмақ сау жүргеннің өзінде қазақ атамыз айтқан ғой "Лебіз кірсе бар. шықса жоқ қатын-бала аман бол" деп үйден жолаушы жүргенде қоштасып отырған.

Әуелі бір үйде түйдей түгел отырып-ақ ұйықтар алдында "Жаттым жан алла, тұрдым тұр алла иншалла" деп келмеген тілін келтіріп өзіне өзі дем салып отырған.

"Бір үйде қаншасың бір-біріңе меймансың" - деген де қазақ атамыз ғой.

Осы орайда бір дәлелді айта кетейін.

Ұзақ Халықов кенеттен көз жұмды. Ауырып жүрсе де өлетін күніне дейін әкімшілік орнын ешкімге өткізбеген, сенбеген. Шіркін пендешілік. Әбден өзім білермендікпен дүние қуған ғой. Өлім кімге болса да айтып келмейтіні белгілі ғой, онда да болса Ұзақ тіптен бейхабар болған.

Міне, бұл өмір, бұл жалған не болып бара жатыр.

Сол үшін біз неге өткен-кеткенге қарамаймыз.

### **Өмірге өкпелегендеймін**

Қай нәрсе болсын бәрін ой елегінен өткізіп зейінді байқап көрсең, төңіректің төрт бұрышы бірдей ала-құла болып адамгершілікті тұрғыдан көрінбейді. Кімге өкпелеп, кімге наз айтасын. Осы біреу өмірге көзқарасы адамдық тұрғыдан түсінікті ғой деп тінти қарасаң түптеп келгенде одан да ши шығып тұрады.

Шіркін-ай социалистік дәуірде өмір сүріп отырып, осындай іс-әрекеттер қылаң беретіні айдаладағы қатысы жоқ мені жегідей

жейді. Феодалдық дәуірде өмір сүрген ата бабамыздың күні әйтеуір бір күн болған ғой. Әділдік шындық ақиқат іздеп кімге барсаң да қатаң саяз болса жеңіліс табасың.

Бізді сыртқы ішкі жаудан қорғап барлық жағдайды туғызып отырған Отан сыйын да аса біле бермейтініміз өкінішті-ақ.

Міне мені осындай ой армандар өкіндіреді. Бүгінде мен мына өмірге өкпелегендеймін. Осы күнде қарадай жүріп кіммен болса да қатынасты үзе бастадым. Жоқ әйтпесе өте қиялшыл, уайымшыл Асанқайғыға бой алдырып алғанмын ба? Елден бұрын машина мініп шарықтаған басым 20-50 шақырымға дейін жерді жаяулатып жүре берем. Мүмкіндік туғызып көлікпен жүретіндей жағдай бар. Онда да болса өмірге риза еместік пе ешкімге бет қаратпай, өз аяғыма немесе еңбегіме сендіріп жаяу жүргізіп кетеді. Жолда кездескен көліктер өздігінен тоқтап алса алды алмаса оларға тоқта деп не тоқтамадын деп өкпелемеймін.

Кездескеннің көпшілігі - Сәуке елден бұрын машинаның неше түрін мініп едің, енді жаяу жүргенің не - дейді. "Дүние кезек" деймін.

Қанша қашықтыққа жаяу жүрсем де шаршамаймын, керісінше екпіндеп рахатқа батып жаным жадырап отырады. Қайдағы бір адал кәсіп, адал іс болса соны құмартып сүйсініп істеймін.

Шындықты, әділдікті сүйген Бауыржан Момышұлы сықылды аяулы азаматтарды пір тұтамын. Сондай әділдік, шындық, ақиқат туралы көп оқып осындай әңгімені тыңдауға құмармын.

Әсіресе ақиқаттар айтылып солар орындалса бір жасап қаламын. Мұның бәрі маған қатысты болсын болмасын бәрібір. Қазір менің жағдайым өте жақсы шаруашылығымда қызметімде жаныма жайлы ешкімнен қорлық-зорлық көріп, сөз естіген емеспін. Жан-жағымда жайсыз емеспін.

Соның өзінде осындай күйге түстім. Жалпы қорыта айтқанда, шындықтың, әділдіктің жоқтығына, пәре, таныс-тамыр, көзбояушылық өріс алып ақиқаттың болмағаны маған қатысы жоқ болса да өмірге өкпелегендеймін.

Бұған, әрине, өзімнен бастап бәріміз кінәліміз.

## Балаларыма ескерту

Балаларымның алды жұмысқа ілікті, арты мектепте оқиды. Өз білгенімді оларға айтудан жалықпаймын. Әсіресе адамды тұрғыдан танылуын талап етемін. Өтірік айтпа, еңбекші бол, отаншыл бол деген сияқты талап жақсы-жағын естеріңе салудамын. Мектепті жақсы бітіріңдер басқаға сенбей өз білімдеріңе сеніңдер деймін.

Осы ескертпелер ішінде әсіресе келешекте екі кәсіпті үзілді-кесілді істеулеріңе қарсымын. Ол сауда жұмысы мен заң жұмысы.

Қазіргі уақытта басқа өңірді қайдам біздің өңірде халыққа көп зиян тигізіп жүрген жұмыс осы екі мекеме болып тұр.

Сауда жұмысында істейтіндер тікелей халықты қанаушы да, заң жұмысында істейтіндер қылмыстың бетін ашудың орнына егер ақшасы көп қылмыскер адам өлтірсе де ол ақталады да ақшасыз жазықсыз жандар ақшалының орнына жазаланады. Әрине, саудада да, заң орнында да адал шындықпен жұмыс істейтіндер табылады. Бірақ өте сирек.

Ақиқатын айтқанда біздің өңірде сауда орны мен заң орнында әділдік жоқ екені халыққа құпия емес. Басқа түрлі мекеме орындарында да жолсыздықтар кездеседі, бірақ сауда мен заң орнындай өріс алған емес. Сол үшін балаларыма сауда мен заң орындарында жұмыс істеуіңе рұқсат бермеймін.

Егер мен көз жұмғаннан кейін істесеңдер тәртіп бар жерде істе -дедім. Келешекте мүмкін Отан басшылары осы жолсыздық жағын ескеріп, қатаң тәртіп орнатып өз дәрежесінде жұмыс істеуге мүмкіндік туғызып, бет бұрса онда көре жатарсыңдар дедім.

Сондықтан балаларыма айтарым әйтеуір қай мезгілде болсын халыққа отанына зиянын тигізбей керісінше пайда түсіретін жұмыс істеуін ескерттім.

Оған балалардың сана сезімі, ой өрісі, өмірге көзқарасы, білімі шешетіні сөзсіз ғой, онда да болса ескерттім.

### Адам өмірі тек жансақтау ма?

Кейінгі кезде адам өмірі тоғышарлыққа яғни, тек жансақтауға

негізделген бе? - деген ой толғаныс көп ойландырады. Рас адам баласын алғы күнге қызықтырып жетелеп отыратын сан жетпес үміттер бар.

Оның ішінде адам баласы үшін ең күрделісі жансақтау екені де рас. Ал біз болсақ осыдан аттап артық дүние атак, даңк қуып көз тоймастың құлы болып құнығып кетеміз.

Міне, осындай аялаған алдамшы өмір қызығы жымдасып адам өмірінің қызығын өтуін сұранса да осыны адамгершілікке ұштастырып өткізуге болмай ма?

Әрине, болады. Бірақ, бұл адам баласында сирек кездеседі.

Міне, осы жайында өз өңірімде араласып жүрген төңіректегі адамдармен пікір алысып сын көзбен қараймын. Сонда осы жолсыздыққа баруларың қалай деп сұрақ қойсаң, жансақтау ғой деп соған жаба салады.

Ал шындығына келсек еркін өмір сүру үшін адал еңбектің игілігі де жеткілікті. Түптеп келгенде адам баласын ағат басып, небір қателікке ұрындыратын қанағатсыздықтың кесірі.

Қазіргі біздің дәуіріміз өте тамаша “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” заман деп ойлаймын. Егер ішімізде бұған келіспейтіндер болса олар жоғарғы не төменгі басшылардың ақиқатты бұрмалауы деп ойлаймын.

Міне осы басшылардың кесірінен шындық, адамгершілік, әділдік секілді нормалардан ауытқып барамыз. Жағдай жақсарған сайын қанағатсыздық танытып, адал еңбексіз тоғышарлыққа, бірімізді біріміз алдауға, құнығып алғанбыз. Кімді көрсең сол қанағатсыз.

Тұрмыстық жағы жетімсіз адамдар түгіл бар адамдар, жай жұмыскерлер түгіл қызметтегілер, директорлар түгіл атком, обком хатшылары дүние-мүлік, алтын ақша қууға құнығып алған. Келешек өміріміздегі мамыражай дәуірімізді бұрмалап кері тартып келеді.

Бұған дәлелін қайсы дегендей сұрақ туса бәрі жоғарыдан төмен қарайғы басшылардың келеңсіздігінің әсері.

Соның бәрі айналып келгендегі негізгі нүктесі сан түрлі жолсыздыққа апаратын жансақтаудың түйініне тіреле ме деймін.

Демек адам өмірі тек жансақтау ма деген ой осыдан туады.



## Облыстық "Қызыл отаулар" байқауынан бірінші орынды жалған иелендім.

Қызыл отау меңгерушісі болып 1986 жылы жұмысқа орналастым. Ал келесі жылы демек, 1987 жылы мәдениет бөлімінің басшылары облыстық қызыл отаулар байқауына қатысуға зорлап апарды.

Мен бұл жұмысқа жаңадан орналастым, іс-тәжірибем жеткіліксіз. Кемістіктерім көп, менен бұрын істеп жүрген тағы төрт қызыл отау бар ғой. Солардан таңдап байқауға қатыстырыңыздар дедім.

Оған осы мекеменің инспекторы Омарсейіт Пірімбетов - бес қызыл отаудан сені іріктеп, таңдап отырмыз. Сенен басқа қызыл отаулардың аты бар да заты жоқ. Әуелі іс-жоспар да жасамайды олар, не істеп, не қоятынын сұрашы түк те білмейді,-- деп шынын айтқаны.

Осы жұмысқа орналаса салысымен не істеуім керек деп әуелі өз мекемемнің мазасын алғандай болдым. Олар жөнді жарытып ештеңе айтып жарытпаған соң, совхоздардың комсомол, партия жетекшілерінің кейбіреулері іскерлік көрсетіп, не істейтінімді, іс жоспарды қалай жасау керек екенін көрсетіп берген.

Мәдениет бөлімінің бастықтары менің іс-жұмысыммен танысып, облыстық қызыл отау байқауына қатыстырайын - дегені сол екен.

Омарсейіт Пірімбетов бастаған мәдениет қызметкерлері мені осы жұмыста он жыл істеді дегізіп, облыстық байқауға қатыстырып, бірінші орынға иелендірді.

Көзбояушылық деген қиын емес екен, бір-ақ жыл істеп обылыс бойынша бірінші орынға ие болып шыға келдім. Мұны мен ақиқат алдында мойындауға тиістімін.

### Шаршадым

Жұмысты өз дәрежесінде істегісі келген адамға қай жұмыс болмасын, оның жауапкершілігі жетерлік екені баршаға белгілі ғой. Оның ішінде қызыл отау жұмысы да түсінген адамға аз емес сияқты. Оның жұмысы малшы қауым өмірімен тығыз

байланысты. Мен де басқалар құсап “сен тимесен мен тименің” керін істеп, жан тыныштығын ойлап, көлік жоқ дегенді сылтау қылып, жұмыс істемей-ақ тегін жалақы алып, бұкпантайлап жүре берсем болады ғой.

Оған құдай мені шыдамсыз қып жаратты ма, жоқ секемшіл қылды ма білмеймін әйтеуір күйгелекпін.

Бірінші бастығым Байжігіт Жетібаевке талап қойдым. Мына үйінде босқа айлық алып жатқан автоклуб жүргізушілердің біреуін маған бекітіп беріңіз. Ол екеуіміз малшы қауымды бірігіп аралайық. Ол киносын қойсын мен іс-жоспарымдағы кезекті күн тәртібіне лайықты малшыларға әңгіме, жиын, пікір алысу сияқты шаралар өткізіп, газет, журнал, кітаптан жаңалық оқып беріп, әрі кітаптар таратайын дедім. Оған рақмет сөзге келген жоқ Шора Инкібаев деген автоклуб жүргізушісін бекітіп берді. Шора штабқа көшіп келіп, жайланып алды. Мұны тағы қайталап айтуға тура келіп отыр. Сөйтіп жаңағы жоғарғы айтылған малшы қауымға мәдени қызмет көрсетіп жүрдік.

Үш-төрт айдан соң директор Ұзақ Халыков одан штабта босқа тұрған үйді қызғанып содан қуып шықты. Оның үстіне машинасы да ескі еді оны жүруден қысқартты.

Бұдан кейін екінші бастығым Ерік Айтқожаевқа да жоғары талабымды қойдым. Оған да рақмет сөзге келген жоқ, заводтан жаңа келген автоклуб машинасына жүргізуші Әділбай Телбаев дегенді бекітіп берді. Ол ойға, қырға сыймай жүрген отбасы да өзі де бір сүйкімсіздер екен. Штабқа көшіріп алдым.

Міне бүгінде оның көшіп келгеніне талай уақыт болды, бір қоғам жұмысына қырсыз неме екен бірде-бір малшы қауымға қызмет көрсеткеміз жоқ. Осыны мәдениет бөлімінің жиналысына да салдым, бәрі оны жерден алып жерге салды, одан не пайда әлі бірде малшыға мәдениет қызмет көрсеткеміз жоқ.

Әділбай Телбаев өзімшіл үй ішімен ұры, суайт қас қарау ұятсыздар екен. Оның бұрынғы көршілерім менің көшіріп кеткеніме -- бізді жауыздан ажыратты - деп рақмет айтқанын елден де өзімде естідім.

Мен оны қайдан білейін ұятсыздар екенін. Ал Әділбай Телбаев жаңа машинаны тек өзінің жеке шаруасына жұмсайды

да, қоғам жұмысына келгенде бензин жоқ деп отырады. Оған не дейсің. Оған жаза қолданатын бастықтар да кібіртіктеп қалады.

Бүгінде мен қызыл отау жұмысы туралы шаршап қойдым. Бәріне ескерте-ескерте таусылдым. Қорыта айтқанда келешекте Отанға не халыққа зиянынан басқа пайдасы жоқ, жұмыс істемей босқа жатып жалақы алатын біз сияқтының жұмысын қысқарту керек.

Олар қызыл отаулар, автоклубты жүргізушілер, осы автоклубтың меңгерушілері, осы автоклубтың киномеханиктері, тағы кітапханашылар.

Қашан да кітап оқитын саналы азамат, азаматшалар жоқ кітап не газет-журналды іздеп жүріп тауып оқиды. Ал оқымайтын түсініксіз сезімсіз адамдарды күштесең де оқыта алмайсың.

Мысалы, кітапхананың қасында отырған Әділбай Телбаевтың отбасынан бірде бірі кітап, не газет-журнал оқығаның көрмейсің. Керісінше клубты өртеп жібере жаздады. Бұлар малдан ары адамдар. Тек қана халықты қанап дүние қуу мақсаты.

Демек мен өзіме берілген жұмысты атқару барысы туралы шаршадым.

Ақиқатына келсем өз ойымша осы қызыл отау жұмысының тындырымдылығын 60 процент қана атқарған сияқтымын. Ал менен басқа төрт қызыл отаудың жұмыс барысы бұдан да сорақы екені құдайға да адамға да аян.

Міне, осындай жұмыс істеп, өзіңнен өзің жүйке жұқартқанша қысқартып тыныш отырған анағұрлым тиімді сияқты. Осындай толғаныстар мені мазалайды.

### **Кейбір әдеттерім мен бойымдағы жаратылыстар**

Бойым орта бойлы, қағылез келген қатпамын. Сол аяғым үш-төрт жас шамасында түйеден жығылып ортан жілігім шорт сынған екен. Бүгінде анықтап байқаған адам бір кемістік бар екенін жүрісімнен біледі. Бір пар аяқ киімім тозғанда екі түрлі тозуы соның куәсі сияқты. Жүріс-тұрысым жеңілтек екені сөзімнен де, ісімнен де белгілі. Шыдамсыз, күйгелек, күйіп-піспе екенім бірден бойымнан байқалады.

Жетім өсіп, азапты тірлікке жастай араласып, ыстыққа пісіп,

суыққа тоңғандықтан ба уағына жетпей құлағым ерте ауырлай бастады.

- Мінезің жеңілтек ұшып-қонба болса да өзіңе қарсы істелген іс пен, айтылған сөзге кешірімің мол мінезге байсың, түк те ашу шақырмай, жайдары қабылдайсың - дейді көп адамдар.

Асқа тәбетім онша араным ашылып тұрмайды. Егер бір қауырт жұмыспен жұмысбасты боп жүрсем ауқат ойыма келмей жүре берем. Мұндай әрекетім үшін жолдасым Зәбира өнебойы ренжиді. Уағында тамақтануымды үйде болсын жолаушы жүргенде болсын ойыма салып ескертіп отырады. “Ас адамның арқауы” - деп. Шіркін адамның жан-жолдасы деген осы екен ғой.

Міне, бүгін жасым жарты ғасырға толды, бір адаммен қатты ұрсып төбелесіп көргенім жоқ. Сөз таластыра керіскен кездер болды. Ал отбасымда ыдыс-аяқ сылдырламады дей алмаймын. Бұл да әрине, күнделікті тұрмыста сирек те болса орын алатын заңдылық шығар.

Осы өмірде кейбіреулер бір жақты жағымды не жағымсыз жағын бөліп айтатындар бар, оған мен қосылмаймын. Өмірде бәрі болады. Ең бір адамның адалдық қасиеті сол өзінің жағымсыз жағын тез мойындап, содан түзелуінде деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда жағымды, жағымсыз қылықтағы пенделіктен құр алақан емеспін. Бұл айтқандарым тек өзімді іштей пайымдауым ғана, ал сезбегенім қаншама? Оны халық, ел, өзім өмір сүрген орта білері хақ, соларға бас ұрамын.

Сонымен, өзіме-өзім баға беруді қысқартайын, жоғарғы тараулардан да оқушы қауым сезінері сөзсіз.

### **Зәбираның болмысы.**

*Сүйіктінің әрбір ісі сүйкімді*

*Ж..Баласұғын*

Келешек оқырман өмірімді қамтыған қолжазбамды аяқтадым. Бұған дейін арагідік анда-санда бір өмірлік жан жолдасым Зәбирам туралы қысқаша айтылып отырса да қайта өзінше бір тарау қосып ол жайлы тоқталып өтпекпін.

Өйткені Зәбира менің бақытым, әрі келешекке ұрпағымды жалғастырушы отбасымның алтын діңгегі. Сол үшін ақиқат

алдында ақ сөйлеп, әділ бағасын беріп, ашық айтуға тиістімін, әрі парызбын.

Әуелі өмір тіршілігі, ой өрісі, күнкөрісі бір-біріне ұқсамайтын екі бөлек отбасыдан шыққан екі өңірдегі екеуімізден Зәбира біздің ортамызға тез үйренді. Ыстық-суығымызға беріле көніп соны мойындады. Қиындықты бірге көтерісті. Зәбира біздің жанұямызға келін болып келген кезде жоқшылық үйімізге ат ойнатып тұрса жесір әйел, шикі өкпе жетімдердің тұрмысы, анамнан бастап ауру-сырқат меңдеп тұрған кез еді. Осы өткінші қиындықтан шығар жолда ерен еңбектеніп, соның бәріне көніп "Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан" демекші біздің шаңыраққа шаттық әкеліп, бак, қыдыр дарыта келді.

Міне осы жағдайды ескере отырып, өмірлік жұптас серігімді өзімнен салыстырамын және әділ ақиқатын айтып, шын бағасын берейін. Әуелі өзімді қоя тұрып ата тегіме салыстырма жасайын.

\* \* \*

Менің ата-бабам біреуге жалданбаған не біреуді жалдамаған, өз шаруасы өзіне жетерлік күн кешкен көрінеді. Тек қана үшінші бабам Дүйсебай ғана көріпкел әулие болып, дін жолына адал берілген. Ал басқа біздің әулеттен ел басқарып, топ жарып, ақыл берді деген сөзі не тындырымды ісін естімедім. Сөйтіп қорыта айтқанда мен қарапайым әулеттен шыққанмын.

Ал енді Зәбираның өзі Алматыда туған. Әкесі Нарымбек астанадағы ЦУМ деген үлкен дүкеннің бұрын сатушысы, кейін директоры, одан да кейін еліне келген соң селпоны, колхозды басқарған.

Ол өте тік мінезді, бетті, батыр тұлғалы іскер, сөзшең өз өңірінде төрттің бірі атанған. Аудан, облыс жиындарында, талапшыл, шыншыл ақиқаттан туындаған орынды топты жарған сөздері ел арасында әлі айтылып жүр. Әсіресе жиынды орынды ұсыныстарымен токтатып қоятыны көп айтылады.

Нарымбектің әкесі Шоңбай би болған. Нарымбектің өзінің Алматы қаласына баруы бай-құлақтың тұқымы деп қудалаудың әсерінен. Шоңбай би өзінің үлкен баласы Исағұлды молда қылып ауыл балаларын оқыттырған. Бүгінде Шоңбай бидің хан тауында тастан қаланып соғылған үлкен сарайы бір шаруашылықтың

мал қорасы болып тұр. (Бұл қысқаша тоқталуым).”Моншада” деген әңгімеде толық баяндалады.

Ал енді Зәбираның жеке өз басына келсек, көп ішінде ой көзімен қараған адамға менен гөрі оның текті жерден шыққаны барлық жағынан көрініп тұратыны белгілі. Тек қана ата-баба салтымен дін жолындағы "Алтын басты әйелден, бақа басты еркек артық" - деп әйел ерінен ибадатты пәс төмен болуы тиісті екенің меңгерген. Мен осы тұста ақиқат шын сөйлеп Зәбираның менен артық екенін дәлелдеймін.

Бірінші: Зәбира ақ сары толықша келген түр-түсі келбетті, көркем.

Екінші: Мінезі салмақты, салдарлы тұрақты. Ой өрісі кең, сана сезімі тұнық.

Үшінші: Әр істің көзін, ретін тауып, жоқтан бар жасап, оны ұқсата білетін тындырымдылығы берсе көзін кіргізеді. Мейман мен адамдарға пейілі кең. Өте тазалығымен ас дайындауға шеберлігі сонша араныңды ашып тәбетінді тартып, ішпесіңе, жемесіңе жаныңды қоймай тілентіп қояды. Сөзге шешен жай сөзінің өзі ұғымды, ұтымды қысқа әрі нұсқа дәлдігін тез тауып, орын-орнымен айтылады. Кімге болса да бетің бар жүзің бар деместен тік айтып, өткірлігі алмас қылыштай ретсіз жерін кесіп тастайды. Өтірікші, суайт, екіжүзді, арам ниетті надан білместер үшін бүкпесіз ашық тік айтқанына Зәбира жағымсыз болып көрінеді. Бойындағы осалдығы қатысы болсын болмасын тік айтып айла тәсіл қулығының жоқтығынан жек көрінуінде. Бала тәрбиесіне өте ұқыпты аналық мейірімі шексіз екенін өзінше айта кетейін.

Төртінші: Зәбираның адамдығы жоғары. Бұған бірер дәлел келтіре кетейін. Мені алдаған не жамандық, істеген бөтендер тұрмақ жақындарымның өзіне бір өкпелесем болды қайтып оған қарайламай кетемін. Зәбира болса мұндайларыма тоқтау айтып білместерге кешіріммен қарайды. Қаншама тік айтып бетінен алып тастағанмен жауыннан кейін тез ашылған күн құсап, сезбес қатыгездердің қиянатын тез кешіріп, райынан жылдам қайтып, бұрынғы қалпын сақтайтынына мен таңқаламын.

Ал мен болсам тегі ұмытпаймын. Ұмытайын-ақ десем де құдай

мені қасарыстырып қойғанын ақиқат алдында мойындаймын. Сөйтін оның адамдығы артық.

Бесіншісі: "Әйелдің жалғыз жетістігі бар: Ол - дақ түспеген ары" деп (Ж.Баласғұн) айтпақшы арын таза ұстауы деймін. Осынысына көз жеткізіп, дәлелдеуімде мен оған көп барлау жасап, содан ол көп зардап шеккенін жоғарғы тарауларда айтылғанын оқырмандар есіне сала кеткенім жөн сияқты.

\* \* \*

Ал енді осыншама Зәбираны биік етіп көрсеткені қалай деп ойлауы мүмкін оқырман қауым. Менің де тындырымды ісім, орынды өткір сөйлейтін кездерім де бар, бірақ өте сирек кездеседі. Өзімнің жетістігім мен кемістігімді, тағы табиғи жаратылысымды толық көрсетпей отырғаным осының алдындағы тарауда айтқанымды оқырмандар ойына сала кетемін.

Сол үшін бірақ осалдық жерімді айта кетейін. Жеңіл мінезді, сасқалақтың өзімін. Біздің үйге кісі көп келеді. Сонда кісімен бірге кісі болып Зәбираға мен де мейман болып отырамын.

Тұңғыш немереміз Айданы Забира бір жарым айлығында анасының емшегінен шығартып, өзі баққан болатын.

-- Сонда сенің бала тәрбиесіне 5-ке бағатыныға мен сенемін және сендей ананы өмірімде сирек кездестіремін. Онда да болса сәби үшін анасының бал ақ сүтіне жететін ас жоқ. Сол үшін Айданы неге емшектен мерзімінен бұрын шығардың деген адам дәрігерінің білгірі Құлжанбек Еркебаевты еске түсірсем жетер.

Зәбираның сәбиге деген өте жоғары талғампаз қамқорлығының сыры мұқтажсыз, мүмкіндіксіз уақыттың өзінде (жарық, газ, от жағылмаған қыс мезгілінде) сүт, шай, тағы тағамдарын асқазанына суық тиеді деп, түн ұйқысын төрт бөліп жылытып береді. Күнде әр баласын бір шомылдырып екі мәрте киімін ауыстырып отырады. Үстіне кір тұрмақ шаң жуытпайды.

Өстіп өсірген сегіз баласы кем-кетік не сырқаттың сыр бермеуі бірінші құдайдан болса, екінші Зәбираның өте ұқыпты қарауының әсері шығар. Әр ананың баласына деген қамқорлығы ерекше екені белгілі. Бірақ өзім көргендер ішінен Зәбираның сәбиге деген тәрбиесі ерекше. Осы қадірін балалары сезінсе жарар еді шіркін.

Менің де жетім күнгі аурушандығым үйленген соң, оның қамқорлығының арқасында зым-зия зілсіз болып сыр бермей кетуі де Зәбирамның арқасы.

Отбасы болған соң өмірде бәрі кездеседі. Мен кейде ақымақ тентек тұстарыма ерік беріп Зәбираға тиісіп қойсам да соныма кешіріммен қарайтыны адамдығы емес пе? Соның өзінде ол маған іш. же, ки, қыдыр, мен істейін сен демал деумен бірге жас баласындай мәпелеп отырады. Жалпы Зәбираның аналық жүрегі жанды аялаған жер анаға ұқсас, көптің анасындай. Кейде әділетсіздер үшін өткір тілі қандай ащы болса, аналық жүрегі одан да жұмсақ екеніне таң қаласың.

Менің ойлы қырлы жерім көп. Кейде бәленбай қараны біреуге беріп, не жұмсап қоятын кездерім болады. Осыны ескерткен біреулерге өзі табады, өзі жұмсайды онда ісім жоқ, ер азамат аман болса болды деп сыр бермейді. Біреулер маған артық сөз айтса не бір жайсыз іс істесе болды, өте өткір тілмен оны басып тастап қолында өлуі бар бет қаратпай тастайды.

Анам айтар еді сен Зәбираға еркін жүруің құдай қосқан қосағың болғаннан кейін соған үйренгенсің. Ал арыстандай айбарлығына әйелдер тұрмақ кейбір ер азаматтар именіп бетіне әрең сөйлейді дейтін. Анасы марқұм Күмза - Құдайдың құдіреті осы Зәбирам әкесі Нарымбеттен түр түсі, ісі тіпті беттілігі мен сөз сөйлеуіне дейін бәрі де аумаған - деп отыратын.

Мен Зәбираға үйленгенде Нарымбектің туған нағашысы Ескен - Забираға қалай батылың барып үйлендің әкесі болғанда шеніне де жоламайтын едің - деп таң қалды. Нарымбектің айбыны сұмдық айбарлы еді, оның алдында туған нағашысы біз қалтырап тұратынбыз - деді.

Ал енді Зәбираның оқушы күнгі ой өрісінен аздап хабар бере кетейін. Ол мектепте әсіресе неміс пен орыс тілінен өте жақсы оқыған. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың "Кедей" поэмасын жатқа білетініне таң қалдым. Сөйтсем ол поэма түгіл шағын әңгіме сияқты шығарманы жолма-жол бір сөзін де ауыстырмай не қалдырып кетпей бәрін жатқа айтады екен. Сонда мұғалім түсіндіргеннен кейін не екі-үш мәрте оқыса болды, ойында қалады екен. Әкесі Нарымбек марқұм қызы Зәбираның бала күнгі



адам дәрігеріне икемін байқап, осы карағым үлкен адам докторы болады - деп отырады екен.

Құдай оған қос көрмей әкесі жасында қаза болып Зәбираға оқуы мен табиғи дарынын дамытуға жазбаған екен.

Осымен жан-жолдасым Зәбирам туралы қысқаша толғанысымды аяқтаймын. Енді құдайдан, тағдырымнан жалбарынып тілейтін тілегім "Ойсыз өмірімнен" деген бөлімде айтылғанын оқырмандарға ескертемін. Осыны тағы қайталаймын.

\* \* \*

Мен осы өмірімдегі тағдырыма ризамын, құдай бүгін алса да. Бірінші -- құдай бүгін алса да жан жолдасым, адал жарым келешегімді жалғастырушы сегіз баламның анасы Зәбирамның алдында алса болды. Құдай оның артында қалдырмасын. Мен ұзақ өмір сүрмесем де Зәбирам ұзақ өмір сүріп, балаларының қызығын көре берсе екен деп тілеймін. Ол мені жоқтатпай адал да арлы әруағыммен артымды сыйлап өтетініне сенемін.

Екінші – сегіз баламның құдай ақырын берсін деп тілеймін.

Үшінші – жарық көргені бар, жарық көрмегені бар, менің қолжазбаларым құдайға шүкір баршылық. Осыған балаларым ықтиятты болып жоғалтпай шапау шығармай рет-ретімен кітап етіп шығарып әр тұстағы толқын-толқын оқырманмен мені таныстырып отырса болды. Ол жағын әрине, келешегі, мерзімі, отаны, балалардың сана сезімі, тұрмысы билейтіні сөзсіз. Мейлі тіпті бұл тілегім орындалмаса да құдай сегіз жұлдызымды аман қылып ақырын берсін деп тілеймін.

\* \* \*

Келешек оқырман осымен еңбегімді аяқтай отырып, сіздерден отбасылық сырымды ашық айтқанымға кешірім сұраймын. Өйткені, мұным кейбір шындықты сүймейтіндерге жақпас. Онда да мен шындықты бәрінен де жоғары қоямын, шындықтың аты шындық қой.

Сол үшін менің қол жазбаларымдағы ашық айтып мойындаған қателіктерімді халқым қайталамасын.

Содан жирене отырып сабақ алып Отан аман, ел тыныш болсын, қош сау бол келешек оқырман қауымым. "Көлқұдық" 16.01.1990 - 13.12.1990 жылы жазылды.

## Болашақ хат 24-12, 1978 ж. жазылды

Бұл толғаныс өмірімдегі түйінді ой мақсатымды болашаққа хат деп өз ойымды жаздым.

Бұл көлемді жазылғандықтан "Менің қарапайым өмірім" деген тақырыбын ғана таныстырып өтемін.

Осы "Болашаққа хат" деген қолжазбамды жарық көрсін-көрмесін мұражайға өткізу мақсатында жаздым.

Мүмкін менің де ағаттық тұстарым көп кездесетін шығар. онда да осы хаттың алғы сөзінде қалай жазғаным баяндалады.

Сонымен "Болашаққа хат" мынандай бөлімдерден тұрады:

- 1 бөлім – Отан жайлы кімге сенеміз
  - 2 бөлім – Өмір жайлы
  - 3 бөлім – Адамгершілік жайлы
  - 4 бөлім – Ағайын арасы
  - 5 бөлім – Өзім өз ойым жайлы
  - 6 бөлім – Ұрпақтарыма
  - 7 бөлім – Өлік жөнелту жайлы
  - 8 бөлім – Менің табынушыларым
  - 9 бөлім – Болашаққа хаттың өлең жолдары
- а) Егіз шумақтар
  - б) Кей тұстастарға

8. Енді "Менің табынушыларым қысқартып айтқанда мұның да өзінше алғы сөзі бар. Және он төрт адамның аттарын атап әр қайсысына жеке-жеке тоқталып өтемін.

### Мемлекет қайраткерлері

1. Алла (құдай)
2. Мұхаммед пайғамбар
3. Тура адал өмір сүргендер
4. К. Маркс
5. Ф. Энгельс
6. В. Ленин
7. И. Сталин
8. Ю. Андропов
9. Т. Рысқұлов

## Әдебиетшілер

10. А.С.Пушкин
- 11.М.Ю.Лермонтов
12. А.Құнанбаев
13. Б.Момышұлы
- 14.М.Мақатаев
- 15.Қ.Қазиев
- 16.О.Бөкеев
- 17.У.Шоқалақов -- адал журналист

Өлең - егіз шумақтар -  $52 \cdot 2 = 104$  жол. Кей тұстарға -  $103 \cdot 4 = 412$  жол. Бұлардан басқа табынушыларым толып жатыр, бәрін тізіп шығу мүмкін емес қой.

Ал енді шындық деген сөзді бұлардан да жоғары ұстаймын. Себебі шындық жандылар үшін тең болғанмен адам үшін өте жоғары ғой. Адамның адамдығын танытатын шындық.

Келешек оқырман қауым қолжазбамды аяқтарда өлең жолымен өрнектеп соңғы нүкте қоямын. "Жиенбет" 24.12.1978 - "Көлқұдық" 22.02.1985 жыл.

### Әттең, әттең, бұл қалай?

Әттең, әттең,  
Әттең шіркін өмірім-ай  
Әттеңмен аттап әрбір сәтті жүрмін-ай  
Әлсіздік емес, әуресі емес өмірдің  
Әлегі ойдың әлі де жүр ғой арылмай.

Арманым емес  
Жанымның жайын сағынған  
Арыла алмай келемін ауытқыған ағымнан.  
Өзімді өзім жегідей жеймін сол үшін  
Мазасыз ойлар жүйкеме менің жабылған.

Сөзбен емес  
Ісіммен соны білдірсем

Дегенімде  
Кешіре гөр бүлдірсем  
Қорқамын содан қалыстар да аз ба деп  
Сонын сыры-ау  
Жүрегім сенде күрсінесің

Жігерім құм, жаным неге жаралы  
Меңгеріп бізді  
Алмаған соң Ар,  
Өкініп өксіп өтетұғын ғұмыр-ай  
Ақиқатқа жабамыз кейде жаланы

Жүректің кілті  
Кілтгес болып ашылмай  
Жүргеніне қамығасың жасып-ай.  
Жарық дүние жарығың сенің тең еді,  
Жаратушы жазды менен осылай.

Әттең, әттең  
Әттең шіркін, өмір-ай  
Ар алдында әлі жүрміз омбылай

Аулым менің Әділеттің дәуірі  
Соған сай боп тумадық ба  
Бұл қалай  
“Көлқұдық” 05.07.1996 жыл.

## БАБЫРНАМАНЫ ОҚЫҒАНДА АЛҒАН ӘСЕРІМ

*Бабырды құрмет тұтамын.*

*Автор.*

*«Бабырнама» кітабын, айналайын келінім Әлия Рысбекқызы: «Оқыңыз» - деп әкеліп берді. Мың рахмет.*

*Бірінші рет 14.04.2001 жылы «Бабырнаманы» оқып танысып, былай деп жазыптын:*

Өміріңдегі кездескен жақсы-жаман істің түйінін, тек адамды, тұрғыда шешуге жол іздеп, соған ден қойған өте дарынды, барлық жағынан сұмдық қабілетті данышпан Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» естелік кітабын өте қызығушылықпен оқып таныстым.

Сол үшін осы «Бабырнаманы» қазақша сөйлеткен Қожабеков Байұзақ Рахманұлы мен өлеңдерін аударған Оразақын Асқарға рахмет айтамын деп жазыппын.

Екінші рет 15.10.2001 жылы, үшінші рет 01.10.2002 жылы, төртінші рет 10.04.2006 жылы, бесінші рет 05.03.2007 жылы, алтыншы рет 15.05.2008 жылы, жетінші рет 28.01.2009 жылы «Бабырнаманы» қайта бастап оқып, кітаптың кейбір беттерінен өз ұрпақтарым оқып жүруіне жариялау үшін де көшіре бастадым.

Енді осы «Бабырнама» атты тарихи-әдеби, естелік шығарма кітабын оқығанда алған әсерімді, өз ойымды ептеп қағаз бетіне жазып түсіруді жөн көрдім. Өйткені білімім аз, өзі шала сауат философияның тереңі мен биігінің астарына ой-санасы жетпейтін менің өзіме кітап сұмдық әсер қалдырды. Егер мен ойдағыдай сауатты болсам, «Бабырнама» кітаптың тереңі мен биігінің астар-қатпарын жете зерттеп, томдап, тамаша кітап жазған болар едім. Оған бұл шара қолдан келмейді. Мен талай кітап оқыдым. Бірақ «Бабырнаманы» жеті рет (кейбір тұстарын одан да көп) оқығандай ешбір кітап оқыған емеспін. Тек қана «Абай жолын» үш рет оқығанмын.

Бабыр патша талантты жазушы, ақын, озық ойлы мемлекет қайраткері, ержүрек қолбасшы. Музыка жөнінде де, заң ғылымына

да арнаған еңбегі бар. Ән де шығарған, құсни бабури жазуын да ойлап тапқан, ақыл да өсиет айтқан ақылды адам. Үндістанда ұлы могол мемлекетін құрды.

Демек, сегіз қырлы, бір сырлы екені, адам баласында сирек кездесетін керемет қасиеттердің бәрі оның ой-санасына толық топтасқан. Бабыр өміріндегі өзіне кездескен жанды-жансыздың әрқайсысын түгел қамтып, соны жете зерттеп, сырын, болмысын ашуға зейінді тоқталып отырған.

Бұған қоса шын-ақиқат алдында құл екенін танытып, басқа түгіл, өзінен бастап әкесін, баласын, алыс-жақын туыстарына дейін жақсы-жаман іс-әрекетін, мінез-құлқын, әдет-әдебіне баға беріп, бүгүсіз сырын ашып, «Бабырнамаға» жазған.

Жанды түгіл жансызға да кейде шын-ақиқат үстем. Егер өз арнасында ағып жатқан асау өзенді өз арнасынан басқа жаққа бұрғың келсе, оған көнуі қиын, есебін тауып, кыруар күш жұмсап бұрған күнде де беталды лағып, елді мекенді су басып, не баскадай мінез көрсетуі мүмкін. Жансызға да шын-ақиқат үстем деген осындайдан тумай ма? Ал жандыға болса да шын-ақиқат тым үстем екенін белгілі.

Енді сол үшін әуелі Бабырдың өз сөзінің шын-ақиқат екеніне жүгінейік.

«Үшпу» сөзді шағым жасайын немесе қайырымдылығымды білдірейін деп мақтан үшін жазбадым: шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз, баз қалпында қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазудағы алға қойған мақсатым – ақиқатты, қандай да болмасын істі сол қалпында баяндап жазу. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның жақсы-жаман істерін, алыс-жақын адамдардың кемшілігін де, артықшылығын да бүгүсіз айтып отырмын. Жарандар, жамағаттар, меймандар кешірім етер деймін!» - дейді (234-бет).

«Бабырнамадағы» жазылған оқиғалардың бәрі маңызды болса да «керекті-ау» деген жерінен үзінділерді көшіріп алу барысында сөйлем арасынан тоқ етері осы-ау деген оқиғаның сөзін теріп алып жазып отырмын. Сонда сөйлем арасындағы байланыс желісі үзіліп қалса ойы басылып, бұрын-соңғы болған кейбір іс-әрекет оқиғаларынан, тұжырым бағдарламаларынан аттап өткен тұсым көп. Менің мақсатым – Бабырға қызығушылығым туып,

сүйіспеншілігімнің артқаны сонша «Бабырнамадан» көшіріп алған деректерімді жарыққа кітап етіп шығарып, тек өз ұрпақтарым оқып жүруіне ұсыну еді. Бабырдың «Бабырнамасынан» алатын тәлім-тәрбие өте мол. Әсіресе, келтірген деректердің құндылығы автордың адалдығы мен шын-ақиқаттылығында. Адалдық пен шын сөйлеу де келешек ұрпаққа басты тәлім-тәрбие екенін естен шығармаған жөн деп есептеймін.

Сол үшін де «Бабырнаманы» оқығанда алған әсерім» атты зерттеу шығарманы жазғанда қайталайтын жерімнің көп екеніне және «Ақиқаттың кілті салыстыруда» деп Бабырмен деңгейлес дана, данышпан, ақын, жазушы, ержүрек батырды салыстырып отырғаныма оқырман қауымнан кешірім сұраймын.

Адам баласына тән жақсы-жаман қасиеттердің бәрінің қабілеті Бабырға дарыған. Соның ең көшбасшысы ақыл болса да, сол ақылының керемет екенінің көрінісі сол өз басынан өткен оқиғалар барысында соның жақсысы түгіл жаман болмыстардың өзін адамгершілік тұрғыда шешімін табуға ұмтылыс жасағаны үшін де Бабыр мәңгі тірі. Менің «Бабырнамадан» кейбір жерін қайталап көшіруім көп деп кешірім сұрауымның өзі Бабырға сүйіспеншілігімнің артуынан туған екенін ескерттім.

«Сұлтан Құсайын мырзаның заманы бір ғажайып заман еді. Оның кезінде бүкіл Хорасан өңірінде, әсіресе Герат қаласында ғалымдар, теңдесі жоқ ақылды адамдар мол-ды. Бұлардың қайсысы болмасын бастаған ісін жеріне жеткізуді мақсат тұтқан, ынтызар жаңдар еді.

Осындай атақты адамдардың бірі – Маулана Әбдірахман Жами. Сол кезде одан өткен білімпаз адам болған емес. Оның жыры жұртқа мәшһүр болды, ол Маулана Жамидың дарындылығын, даналығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес-ті. Осы бір мандымсыз естелігімде оның есімін атап кеткенімді өзіме зор бақыт санаймын» (207-бет), - деп Маулана Жамидың өзінен артық екенін мойындап, тануы Бабырдың өзінің де ақылды екенін көрсетеді.

Бірінші: Бабырдың шығармасының шыншылдығы жайынан.

Бабырнамадағы жазылған оқиғалардың шын-ақиқат екенін мына төмендегі деректерден де сенуге болады.

«Бабырнамада» Ферғана: 899 (1493-1494)=908 (1502-1503) 10 (он) жылғы оқиғалар камтылған.

Кабул: 910 (1506-1507)=911 (1504-1505) 2 (екі) жылғы оқиғалар камтылған.

Үндістан: 912 (1506-1507)=935 (1528-1529) 9 (тоғыз) жылғы оқиғалар камтылған. Сонда бәрі 21 (жиырма бір) жылғы оқиғалар түгел камтылып тұр. Естеліктегі дәл ақиқат-шын оқиғалар болғандығын көрсетіп, дәлелдеп тұрған қасиетті, қай жылы, қай айы, қай күні, күннің ескіше-жаңаша аттарымен қоса, бір күннің өзінде болған оқиғалар, сол сәттер уағын, тауық шақыра, намаздыгер, намазшам, бесін сияқты бөліп-бөліп бір күннің өзін көрсетуі «Бабырнамадағы» жазылған іс-әрекеттердің шын-ақиқат екеніне көз жеткізеді.

Естелік, күнделік кітап жазғандар көп. Олар жылын, айын, күнін көрсеткенмен бір күнді ғана көрсетіп, судыратып сүттен ақ, судан – таза қылып, кедергісіз жазып шығады. Мен де күнделік жазып, әрбір күнді ғана атап шыққам.

Енді осы ойымның шын екенін дәлелдейтін деректерге жол берейін:

«Тоғыз жүз отыз төртінші жылғы мұхаррамның он алтысы күні селкілдетіп безгек ұстады» (380-бет).

«Тоғыз жүз отыз үшінші жылы Аграға раджаб айының жиырма үшінші күні, бейсенбіде таң ертең жеттім» (377-бет).

«Тоғыз жүз отыз бесінші жылы мұхаррам айының бейсенбісінде аттанып, Чамбал өзенінен өтіп, бесін намаз бен екінді намаздың аралығында Чамбалдың жағасынан аттанып, намазшам мен күтбаның аралығында Кауари өзенінен өтіп, түнедік» - дейді. (390-беттен 393-бетке дейін асыл суреттеген).

«Тоғыз жүз отыз бесінші жылы мұхаррам айында ол таудан намаздігерде жаяу қайтып, ел жатарда аттандық, тауық шақыра бір жерге жетіп, көз шырымын алып, бесін намазында баққа жеттік» - дейді. (394-бет)



«Тоғыз жүз отыз бесінші жылы мұхаррамның он тоғызы күні, жексенбіде, таң қылаң аттандық. Кавари өзенінен өтіп, сәскеде сәл демалып, бой сергітіп, түскі намазда қайта аттанып, кіші бесінде өзеннен (Чамбал) өтіп, намаздігер мен намазшам аралығында Дүлпұр қамалына жеттік. Абу-л-Фатх жасаған моншаны шырағдан ұстап аралап шықтық та, ол жерден де аттандық. Бөген жиегіндегі жаңа баққа келіп, қос тігіп жайғастық» - дейді. (394-бет)

«Тоғыз жүз отыз бесінші жыл сапардың 3 күні, сенбіде (әпкелері) Тұтадан өтіп, өзен жағасына келіп жайғасыпты. Үлкен бесін мен шам намаз арасында оларға сәлемдесіп қайттым» - дейді. (395-бет)

«Тоғыз жүз отыз бесінші жыл (сапар айы) жиырма үші күні, жұмада, ыстығым қатты көтеріліп, мешіттегі жұма намазына әрең шыдадым. Бесін намазында абайлап кітапханаға бас сұқтым» - дейді. (396-бет)

«Тоғыз жүз отыз бесінші жылы бірінші рабидің сегізі күні, сенбісінде «Ата-ананың сәлемін» өлеңмен жазып шықтым» (396-397-беттер) дейді.

«Тоғыз жүз отыз бесінші жыл бірінші рабидің тоғызы күні, сенбісінде, Бек Мұхаммед Тааллукшы келді» - дейді.

«Бабырнамада» әрбір болған оқиға іс-әрекеттер сайын осылай жылын, айын, күнін, күннің аттарын дәл көрсетумен қатар, бір күннің өзіндегі болған іс-әрекет оқиғаларды сол болған мезгіл сәтін дәл көрсетуі шын-ақиқат екеніне көз жеткізеді.

Екінші: үстем топтың өкілі болған соң Бабырдың жеке басының басқыншылық әрекеті жайынан:

а) әуелі әкесі Омар Шейх мырза кенеттен қаза болды. 1494 жылы 12 жастағы Бабыр кездейсоқ Ферғананың билеушісі болады. Әрине, пенде болған соң жеке басында бүгінгі тұрғыдан

карағанда ірі үстем топтың өкілі болғандықтан билік-максатқа жету жолында өте қатты кеткен тұстары аз болған жоқ.

Сол бір кезең билік үшін, жер үшін, мемлекет басқару үшін төңірегіндегі бөтен қарсы топ түгіл әкесі мен баласы, бірге туған туыстар бір-бірімен соғысып, көздерін жойғандар аз болмағаны белгілі.

«Сұлтан Құсайын мырза ұлын (Бадиг аз-Заманның күлталқаны шықты) жеңген сайын таңдаулы сарбаздарының бәрінің басын шапқызды» (64-бет).

«Өмірдің жалған қызығына, рақатына елігіп, (ұлы Әбді әл-Латиф) ол өзінің туған әкесіне (Ұлықбекке) қол жұмсады» (73-бет).

Сол бір Бабыр өмір сүрген кезеңдегі ойлы-қырлы жеріне бір сандырғы жағымсыз баға беру артық та шығар. Өйткені жылдан-жыл, ғасырдан-ғасыр өткен сайын адамзаттың білімі, сана-сезімі дамып, сан-алуан техника мен космостық дәуірге қол жеткізіп, Айға дейін адам баласы сапар шегіп, ғылым жетістігін меңгерсе де үстем топ үстемдігін жасауда.

Сондай салқыннан біздің Қазақстан сияқты республикалардың біразы жаңа ғана өз тәуелсіздігіне ие болғаны мәлім. Ал әлі өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізе алмай жүрген республикалар мен автономды республикалар жер бетінде қаншама?

Сол үшін «Бабырнамадағы» басы артық оқиғаларға ойлы, парасатты баға берген жөн сияқты.

б) «Бабырдың Темір әулетінің иеліктерін қайтарып алмақ ниетпен жасаған жорықтары (1505-15) сәтсіздікке ұшырап, ақыры туған жерінен күдер үзіп, жат елге бет бұрды. Оқиғаның бәрі күнімен, айымен, жылымен әңгімеленіп, естелікте түзелген». (14-бет)

«Әндіжанды қаратудан мүлдем үміт үзген үлкенді-кішілі бектер мен сарбаздар менен іргесін аулақтағты, ал менің қасымда қалып, азап шегіп, елден кетуге бел байлағандар атақтысы бар. ытаксызы бар – екі жүзден көп, үш жүзден аздау болды. Бұл жағдай жаныма қатты батты, көзімнің жасын тыя алмай, көп жыладым» - дейді. (78-бет)

«Астана қала Самарқан жүз қырық жылға жуық біздің шаңырақтың қолында болды. Бұл өзбектің (Шайбани хан) қайдан шыққан жау екенін білмеймін» - дейді. (106-бет)

«Қарауымда алақандай иелік жер қалмады. Үміт үзілді, нөкерлерім тарап кетті. Қажыдым, жүйкем жұқарды. «Осылай жұртқа көзтүрткі болып, бас иіп қорланғанша, бас ауған жаққа, көз көрмес, құлақ естімес жерге кеткен жөн болар» деген ойға келдім» - дейді. (122-бет).

«Мен: «Бұл Ферғана жерінде қашанғы кезбе болып, сандалып жүре беремін? Одан да өзге жерден бақыт іздейін» - деген ой түйдім» - дейді (142-бет).

«Өзбектер мен Шайбани хан сияқты ата жауымыз, жат жұрт Темірбектің үрім-бұтағына қарайтын жерді жаулап алды» - дейді (247-бет)

«Шарасыздан шалға тиіп барамын» деп бір қыз айтқандай, басында Бабыр өзгенің жеріне, байлығына көз алартқан жоқ. Міне, лаж жоқ, өзінің ата қоныс жерінен қуылған соң өзге жерден бақыт іздейді.

Бабыр өзгенің жерін жаулап алуға құлқы жоқ екенін мынадан тағы сезінуге болады.

«Омар Шейх мырза (өзінің әкесін айтады) дүрбеленнің, әрекеттің адамы еді, өзгенің иелігін жаулап алуға әманда ынтық болатын. Ол Шыңғысханның екінші ұлы Шағатай ханның ұрпағы өзінің қайын атасы, менің нағашы атам Жүніс хан, Омар Шейх мырзаның шәлкес мінезінен біздің аймаққа тұрақтай алмай Моғолстанынан қайтып кететін» (25-бет) деген сөзіне қарағанда, өзге жерден бақыт іздегені лаж жоқтың ісі.

в) «Шаһ бек пен Мүкімге адам жіберіп, сәлем жолдадық: «Сіздердің кеңестеріңізге құлақ асып, мемлекет мүддесіне шешім қабылдадық».

Бірақ Шаһ бек пен Мүкім маған хат жолдап, шақырудан бас тартып, менсінбей, дөрекі жауап қайырды. Егер ол мұндай көргенсіздік жасамаса, мұншалық дөрекі жауап қайырмаса, ісі шығандап, насырға шаппас еді. Бұл бектердің жүгенсіз қылығы.

шайпау мінезі өз басына пәле болып жабысты; бәрі тоз-тоз болып, кырық-елу жыл жинаған дүниесі желге ұшты. Тағы адам салдық» - дейді. (241-242-беттер)

«Бажұрдың сұлтанымен, қаланың тұрғындарымен ақылдасып көр. маған бағынсын, қаланы қырғынға ұшыратпай ұрыссыз өткізсін деп, ауғанның құрметті адамының бірін Бажұрға жібердім. Ол ақымақтар айтқанға көнбей, жосықсыз жауап жолдапты.

Жаратқан иемнің жазуымен, екі-үш сағат ішінде осындай берік камалды басып алдық. Еркектерін жұрттың тепкісіне салып, ал әйелдері мен бала-шағасын тұтқынға алдық. Тепкіге үш мыңдай адам түсті», - дейді. (251-252-253-беттер)

«Лангар ханды Жанжуханың билеушісі Мәлік Хасты алып келуге жібердік. Біздің кешірім жасайтынымызды, қайырымдылық көрсететінімізді айтып, қосқа алып келді. Мәлік Хаст маған ерттеулі ат сыйлап, қызмет атқаратынын білдірді. Ол жиырма екі-жиырма үш жас шамасында еді. «Бұл өңірдегі халықтың отарлы малына ешкімнің сұқ қол жасауына, тіпті бұлардың сабақты жібін алуға, ала жібін аттауға ешкімнің құлқы жоқ» жеген жарлық бердім» - дейді (259-260-беттер).

«Қаралға аялдадық. Бір үндістандық келіп: «Мен Сұлтан Ибраһимнің елшісімін» деді. Ол менімен бірге елші жіберіңіз деп өтінді. Савади деген біздің сенімді адамымызды қосып жібердік. Бұл Ибраһимге жетіп үлгермей кісенделіп тасталды. Біз Ибраһимді талқандаған күні Савади тұтқыннан босанып, қайтып оралды» - дейді. (303-бет)

«Үндістанның патшасы Сұлтан Ибраһим еді. Оның жасағы жүз мыңға жеткен көрінеді. Мыңға тарта пілі бар деп айтады. Осынша көп әскері бар, кең байтақ мемлекеттің Сұлтан Ибраһим сияқты басшысымен жүзбе-жүз кездестім. Үмітім ақталып, жаратушы ием жар болып, Үндістан сияқты ұлан-ғайыр мемлекетті басып алуға мүмкіндік туғызды» - дейді. (312-бет)

«Мен Арайш хан мен Шейх Гуранды Мидини Раоға жіберіп, достық лебіз білдіріп, Чандиридың орнына Шамсабадты бермек

ойымды жеткіздім. Ол менен гөрі күшіне сенді ме, әйтеуір келісімге келмеді.

Чандири камалын шабуылмен алмақ болып, сол айдын алтысы күні, сейсенбіде таңертең жорыққа аттандым. Құдайдың қолдауымен шабуылға шықпай-ақ екі немесе үш гари ішінде осындай атақты камалды басып алдым. Жаудың басынан мұнара тұрғыздық», - дейді (383-384-385-беттер)

«Ариға келмей тұрып бенгалдықтармен келісімге келген сияқты болатынбыз; әдетте мұндай істе қайырымдылық, имандылық жағын ойлайтынмын. Сондықтан кантөгіске бармайық деп татулыққа шақыратынмын. Жылы сөзін қимаса, онда өз обалдары өздеріне, «тілеп алған ауруға ем жоқ» деген. Құдай төбемізден қалай ұрды деп өкінбесін». (Қорыта айтқанда) сегізі күні, дүйсенбіде, Жалал хан қасындағы бірнеше сыйлы әмірлерімен сәлем бере келіпті» дейді (420-427-беттер). (Көп қыскартып алдым).

Міне, жоғарыда айтылғандай, әрбір елді, жерді, мекенді жаулап алудан бұрын әуелі Бабыр оларға қаланы, елді мекенді, бекетті ұстап тұрғандарға қырғынға ұшыратпай, ұрыссыз, кантөгіссіз бағынса, кешірім жасап, қайырымдылық көрсететінін білдіріп, елші жұмсап, содан хат жолдап отырған. Бабырдың сөзінде тұратын адамгершілігі «Бабырнамада» көп ұшырасады. Келісімге келмеген Шаһ бек пен Мүкім Бажұрдың сұлтандары, Сұлтан Ибраһим, Мидина Раоға тағы басқа толып жатқан қарсы шыққандардың бәрі жазасын бүгүсіз тартқаны «Бабырнамада» ашық жазылған. Қорыта айтқанда Бабырдың жеке басының басқыншылық әрекеттері, басқа басқыншылар тобымен салыстыра карағанда, адамгершілігі басым, әрі қатыгездікті де ақылмен ойлы карап, кінәсына қарай орнымен жазалап отыруы «Бабырнамада» бүгүсіз жазғанын сезінесің.

г) «Қарабұлаққа тоқтағанымызда ойламаған жерден келіп ойран-топан жасаған бірнеше моғолды ұстап, маған алып келді. Жұртқа көз болу үшін екі-үшеуін бөлшектеп шапқылап таста деп бұйрық бердім» - дейді. (62-бет)

«Сақ қыстағына жеттік. Мықты айқасқан Мұхаммед Әли

Мұбашшир болды. Қарсы келе алмаған жау (Таңбал Жаһангер) табанын жалтыратты. Бізге көп жігіт әкелді, басын шабындар деп әмір еттік», - дейді. (93-бет)

«Мен Ширактың жанын қидым да, ол маған малай болды», - дейді. (149-бет)

«Қарсылық етер дәрмені қалмаған ауғандықтар тісімен шөптістен келіп қолға түсті. Мен тірідей алып келгендердің де басын алуға бұйырдым. Олардың бас сүйегінен күмбез көтердік» - дейді. (172-бет)

«Баннуда да адамның бас сүйегінен мұнара тұрғыздық» - дейді. (173-бет)

«Кейбір жауынгерлер мазар мұжауырларын қуғаны үшін, оларды жазаладым, сондай сотқар жауынгердің бірін парша-паршасын шығартып шапқылатып тастадым», - дейді. (177-бет)

«Қырылған ауғандықтардың бас сүйегінен мұнара тұрғыздық» - дейді. (237-бет)

«Бірнеше ауғандықтарды ұстап алып келді. Өзгелерді үрейлендіру мақсатымен бұлардың кейбірін қазыққа отырғызып, жазаладық» - дейді. (248-бет)

«Бажұр ойпатынан бірнеше құрық төмендеп, адам басынан мұнара тұрғызған жазыққа қос тіктік» - дейді. (254-бет)

«Ауғандықтарды қырғаннан кейін жыртылған жерге тоқтап, олардың басынан мұнара тұрғыздыңдар деп бұйрық бердім» - дейді. (277-бет)

«Бұзақыларға тыйым салдырып, екі-үшеуін шапқылап тастауға бұйрық бердім» - дейді. (296-бет)

«Тоғыз жүз отыз үшінші жылы бірінші раби айының алтысы күні, жұмада, Ибраһимнің анасы, Бабырға улы беруді ұйымдастырған екі еркек, екі әйелді (қалай жазаға тартқанын) түгін қалдырмай айтып шықты. Чашнигирді (бақаул) шапқылап турап тастауға, аспазды тірідей терісін сылуға, ал әйелдің біреуін пілге таптауға, екіншісін мылтықпен атуға, ал үшіншісін қамауға бұйрық бердім» - дейді. (352-353-беттер)

«Өлгендердің (Рана Санкамен соғысқандағы) сүйегін жинап төбелеп үйіп, үстіне бастарынан қорған тұрғызды» - дейді. (373-бет)

«Аграға келгенімде Ілияс ханды тұтқындап, алдыма алып

келді. Оның жон терісін тірідей сыпырындар дедім» - дейді (374-бет.)

«Миан-Ду-Абтағы айқас өткен төбеге өлгендердің басынан мұнара тұрғызуға жарлық бердім.» - дейді (375-бет)

Бабыр бұларды не кінәсі үшін жазалағаны Бабырнамада толық жазылған. Және өзінің қатты кеткен өте қатыгездігін де жасырмай, бүгүсіз ашық жазған.

Үшінші: Бабырдың керемет күдіреттілігіне тек қас жауларының өздері келіп бас игендер жайынан.

1. Әуелі екі жау «Қарнан қыстағында» бірі – Баба Сайрами, екіншісі – Банда Әли, кейін келген жау үшінші – Жүсіп даруға екі тәулік бойы жалғыз өзін ұстап алуға, не садақпен атуға батпай жүріп, үшеуі де анандай жерден тізесін бүгіп, ізет көрсетуі Бабырдың сұмдық қасиетті екенін бір алла тағаланың өзі сездіреді.

Жанына жақындауға батпаса да алыстан садақ тартуға да бір күдірет Бабырдан үш жаудан да сескендірген (Бабырнама, 135-беттен 142-бетке дейін толық жазылған).

2. «Жазмыш деген осы! Жиырма мың немесе отыз мың нөкердің қолбасшысы (Хұсрау шаһ) небары бір тәуліктің ішінде біз сияқты қорғансыз, әлсіз, небары жүз елу нөкері қалған адамның алдына жауын қарсылықсыз, қактығыссыз, соғыссыз тізе бүктіріп жығып беруі күдіреттің ісі демей не дейміз» - дейді Бабыр. (148-бет)

3. «Жаратқан ием жар болып, раби айының бірінші жұлдызында айқассыз, соғыссыз Кабул мен Ғазни патшалығын да, аймағын да менің қолыма бағындыра салды» - дейді. (152-бет)

4. «Ибраһим Сару менің аяғыма жығылып қызмет етуге ант берді».

5. «Мұхаммед Хисари бастаған моғолдар қызмет еткісі келетіндігін білдірді».

6. «Қасым Дұлдай, Уәйіс Лагари, Хасан Набир, Сұлтан Мұхаммед Уәйіс үш-төрт адам о да қызмет етуге келді».

7. «Сейіт Жүсіп бек маған келіп қызметке кірісті».

8. «Ұзын Хасан амалы жоқтығынан қамалды өткізіп берді Ахсикент».

9. «Әбу-л Қасым Құхбар және Ибраһим Тархан маған қызмет етуге мықты кісілерін жіберді».

10. «Ер Құс айын бізге қызмет ету мақсатымен келіпті».

11. «Хұсрау Гагини аугандықтары келіп, қызмет етуге тілек білдірді».

12. «Жарқұсайын маған қызмет етуге тілек білдірді».

13. «Кивидің Шади Хан аузына шөп қыстырылып келіп, маған қызмет атқаруға мойын ұсынды».

14. «Құх-и Сафа тағы басқа барлық аймақтың адамдары бізге қызмет атқаруға келді». (217-бет)

15. «Сұлтан Ала ад-дин Сауади келіп, маған қызмет етуге мойын ұсынды». (254-бет)

16. «Хамтатудың әр жерінің тұрғындары жұпыны сыйлықтарын тартып, маған қызмет атқаруға тілектерін білдірді».

17. «Біраз атақты аугандықтар маған қызмет етпек ниетпен сыйлықтарын алып келді».

18. «Жүсіпзай Бхираның атақты адамдарымен келіп, алдыма ер тұрманымен ат тартып, маған қызмет атқаруға ниет білдірді». (260-бет)

19. «Жанжуха тайпасынан Сангар хан келіп, ат мінгізіп, маған қызмет етуге ниет білдірді». (261-бет)

20. «Бхира мен Хұш-Абтағы Белужа торы ат тарту етіп, маған қызмет ететіндерін білдірді». (262-бет)

21. «Хати маған Парбат деген туысын жіберіп, ерттеулі ат, басқа да сыйлық тартып, маған қызмет етуге тілек білдірді». (267-бет)

22. «Сангар Құрлық өзімен бірге отыз-қырық атақты қарлұқтарды ерте келіп, олар маған жабулы ат тартып, қызмет атқарғысы келетінін білдірді». (268-бет)

23. «Ніл Абтың тұрғындары ат сыйлап, маған бағынатынын білдірді». (268-бет)

24. «Хатидан сыйға жабулы ат әкелді». (268-бет)

25. «Хастан Қожа Мұхаммед Әли келді. Ол сыйлыққа ерттеулі ат, ақша алып келді. Жұлдызшы Мұхаммед Шәріп Хастың мырзалары да келіпті. Олар да маған қызмет етуге тілек білдір». (273-бет)

26. «Савададан Шаһ Мансұр Жүсіпзай және жүсіпзай тайпасынан алты-жеті атақты адамдары келіп, маған қызмет етпек тілегін білдірді». (273-бет)

27. «Шаһ Мазид Көкелтас Мұхаммед Заман мырза да келді.



Ол кедейлерге ақша және бағалы сыйлық алып келіпті. Маған қызмет етуге тілек білдірді». (276-бет)

28. «Лангар хан келіп, маған ат мінгізіп, бір кесек маджун сыйлап, қызмет еткісі келетінін білдірді». (282-бет)

29. «Алам ханның барар жер, басар тауы болмай, мысы құрып, маған келіп, қызмет атқаруға мойын ұсынды». (298-бет)

30. «Дилавар хан келіп менің карауымда қызмет етіп қалып қойды». (301-бет)

31. «Алам хан маған қызмет етіп қалып қойды». (302-бет)

32. «Бибан қызмет атқаруға қалды». (304-бет)

33. «Шейх Гуран құлшылық етіп, достық ниет білдіре келіп, карауымда қалып қойды». (341-бет)

34. «Фируз хан, Шейх Баязид, Махмұд хан Нухани және Қази Жиа маған қызмет атқаруға келді». (342-бет)

35. «Рана Санка арсыз Кабулда тұрғанымда маған адам жіберіп, тілектестігін, ниеттестігін білдірді». (344-бет)

36. «Низам хан өзі Сейіт Рафимен бірге келіп, маған қызмет етуге құлшылық етті». (350-бет)

37. «Гвалиардағы Тагар хан Саранг ханиден әлденеше рет елші келіп, менің қоластыма қарайтынын, ниеттес екенін білдірді». (350-бет)

38. «Мұхаммед Зайтун да қорғанудың амалын таба алмай Дүлпұрды өткізіп, маған қызмет атқаруға келді». (351-бет)

39. «Дұст кіші аға Бианнан келіп маған маған қызмет етті». (377-бет)

40. «Баба сұлтан келіп, маған қызмет атқаруға тілек білдірді». (382-бет)

41. «Нағашы ағайым кіші ханның (Алаш хан – Б.К.) ұлы Токта Бұға сұлтан маған қызмет атқаруға келді». (388-бет)

42. «Рана Санканың шешесі Падмаватимен Рантанбур камалында тұратын екінші ұлы Бикрамаджиттен елші келді. Бикрамаджидтің атақты адамының бірі үндістандық Асұқ есімді адамынан елші келіп, маған қызмет ететінін білдірді». (393-бет)

43. «Төрті күні сейсенбіде Мұхаммед Заманның иығына шапанымды жауып, беліне қылышымды байлап, астына асыл тұқымды ат мінгізіп, шатыр ұстатып, Бихардың билігін алғанда

тізге бүгуге мәжбүр еттім. Бихар аймағының кірісінен бір крур, жиырма бес лакты патша қазынасына бөлгіздім». (418-бет)

44. «Жалал ханнан, Бихар ханнан хабар келді. Енді маған қызмет атқаруға келе жатқан көрінеді». (419-бет)

45. «Кундих атты кешенге тоқтадық. Шаһ Мұхаммед маған келіп, сәлем беріп, құрмет көрсетті, қызмет ететінін білдірді». (426-бет)

46. «Яхья Нұхани да маған қызмет атқаруға келіпті». (427-бет)

Бабырдың сұмдық табиғи қасиеттілігінен де шығар, өзінен күші басым жауларының өзі өздігінен өздері келіп, басын иіп бағынып, оған қызмет атқаруға тілек білдіргендері көп.

Төртінші: Бабыр өзіне өмірде кездескен әрбір адамға сан түрлі бойындағы қабылеті, мінез-құлқына қарай жақсы-жаман бағаны адал беруі жайынан.

Бабыр өмірінде кім болса ол болсын соның сан түрлі болмысына адал баға беріп отырғанын «Бабырнамаға» жазып отырған. Соның ішіндегі тек мына деректерді-ақ алсаң жетер еске?

а) Әкесі Омар Шейх мырзаның өзінен бастап 5 қызы, 3 ұлы, 7 әйелдері мен 13 әмірлері – бәрі 29 адам.

б) Сұлтан Ахмет мырзаның 5 қызы, 6 әйелі мен 11 әмірлері өзімен бәрі 23 адам.

г) Сұлтан Құсайын мырзаның 14 ұлы, 13 қызы, 9 әйелі, 39 әмірлері мен 39 уәзірлері, өзімен бәрі 115 адам.

Сонда осы басқасын айтпағанда үш мырзаның 167 адамына баға берудің өзі аз емес қой. Сондықтан мен бесеуіне ғана тоқтала кетпекпін.

1. «Омар Шейх мырза дүрбелеңнің, әрекеттің адамы еді, өзгенің иелігін жаулап алуға әманда ынтық болатын. Ол Шыңғысханның екінші ұлы Шағатай ханның ұрпағы өзінің қайын атасы (менің) нағашы атам Жүніс хан Омар Шейх мырзаның шәлкес мінезіне тұрақтай алмай, Моғолстанынан қайтып кеткен». (25-бет)

«Ақындық таланты болғанмен оған көп көңіл аудармаған. Ол әділет жолын берік тұтқан адам еді. Қолы ашық, жомарт адам еді. Мінезі де соған сай келетін, жайдары, сөзшең, тілі майда, батыл да ер кісі болатын. Ол жорықта екі рет қылышын жалаңдатып, сарбаздарының алдына шыққаны бар. Бірі – Ахан қақпасында, екіншісі – Шаһрухи қақпасында. Садакпен оншалық ата алмаушы еді, бірақ жұдырықтасуға мықты, мықтымын деген жігіттер төтеп бере алмайтын».

«Өзгенің жерін жаулап алуға келгенде ол (Омар Шейх) еш нәрседен шімірікпейтін. Бейбітшілікті – соғысқа, достықты – қастыққа айырбастап шыға келетін.

Кейінгі кездерде есірткі кәсіпке құмартып, қатты еліретін болды. Ол әңгімешіл, реті келгенде өлеңді мәнерлеп, шабыттана оқитын. Ол жасынан көрсеқызарлыққа салынып, махаббат қасіретін көп шекті». (26-27-беттер)

2. «(Хұсрау шаһ) Түріктен шыкса да дарқан қонақжай, дастарқаны берекелді еді. Ол дүниеқор, пайдакүнем еді. Соған карамастан алаған қолы береген деседі. Нөкерлерінің саны жиырма мыңға тартты. Ол тамақты баппен ішіп, намазды құр жібермегенімен, адалдығы жоқ, бұзық, ұғымсыз, топас, опасыз адам болатын. Жұмыр жер бетіндегі алдамшы өмірдің бүгіні бар, ертеңі жоқ елесті қызығына бола өзін өсірген, қамқорлық жасаған адамның баласының бірінің көзін шығарып, бірін өлтіріп жіберді. Ол құдай алдында құл да, адам алдында – күнәкер, сондықтан оған өлгендер қайта тірілгенге дейін лағнет айтса сауап болар еді. Ол жалған өмірі үшін қаншама ақымақтың істер жасады, билік жүргізіп, жақсы қаруланған сан мың нөкер ұстағанмен, ең болмаса мекиенмен айқасып көрген емес. (51-бет) «Хұсрау шаһ жер бетіндегі жалған әмірдің күйбен, қорқау тіршілігіне бола соншалық қызыл көзденіп, өзгенің сатқын да тұрақсыз, опасыз нөкерлеріне бола осыншалық жаманатқа ұшырап, маскараланып, отбасы, ошаққасында қалып, әділетсіздік пен қатыгездік оның әдетіне айналды. Нөкерлері мен сарбаздарының саны жиырма-отыз мыңға жетті. (Осынша) нөкер ұстаған тойымсыз Хұсрау

шаһ жардан шықнай қойғандар қоян жүрек қорқақтар атанды». (57-бет)

3. «Сейдім Әли текті, тәрбиелі, әрі ержүрек батыл адам-ды. Оның үйі қашанда қонақсыз болмайтын. Ол дарқан, білімпаз, парасағты, сөз тапқыр, биязы адаммен тіл табысуға теңдесі жоқ ділмар жан-ды, онымен әңгімелесу бір ғанибет-ті. Ол асқан сөзшең, әзілқой, көңілді, бірақ оның бір кемшілігі – зинақор, әйелжандылығы еді. Оның дінге сенімінде оң жолдан тайғандық байқалатын, ептеп екі жүзді адам болатын. Өсек тасығаны үшін Сейдім Әлиді өлтіріп, сүйегін Хирам өзенінен тастауды талап етті. Сейдім жайында тағы да айтылады». (225-бет)

4. «Зу-н-Нұн Арғын батыл, бірақ менмен, сараң, топас, есерсоқ, ақымақ адам болатын. Толық билікті бек еді. Мансапқорлық, іштарлық салдарынан ол әдептілік сақтамады. Оның дүниеқоңыз, алаяқ жылпостардың жарамсақ мақтау сөзіне еріп, масқараға ұшырауының өзі – оның ақымақтығының, алаңғасарлығының айғағы емес пе. «Алланың арыстаны» (деген) бұл сөзге налып, Шайбаны ханға ол Зу-н-Нұнды өлтіріп, басын шауып тастады». (238-239-беттер)

5. «Сұлтан Құсайын мырзаның бәйбішесі Бике Сұлтан бегім. Ол шайпау, ұрысқақ әйел болатын. Мырза оның мінезіне шыдай алмай ажырасып құтылды. Бұған дауа бар ма? Мырзаның ісі теріс емес-ті. Қырсық қатын ерін салып азапқа, пәниде үйін айналдырар тозаққа. Жаратқан ием мұсылман баласына мұндай бақытсыздық бермесін, бетпак, ұрысқақ, көк езу қатынды алла тағала жер бетінде қалдырмай ала берсін». (196-бет)

Бесінші: Бабыр дарынды ақын, жазушы, тарихшы, философия мен ғылым білімді меңгергендермен, әнші, биші, суретші, балуан – демек өнердің барлық саласын қамтыған адамдар бейнесін суреттеп, соның жақсы-жаман шығармасына баға беруі жайынан.

1. «Қазақтың тұңғыш тарихшысы, ақын, айтулы қоғам қайраткері Мұхаммед Хайдар Дулати. Ол «Жаһаннама» атты дастан, «Тарих-и-Рашиди» атты тарихи жылнама жазып қалдырды». (11-бет)

2. «Асыр ад-дин ақынның атынан бұл қала Ахсикент аталған». (24-бет)

3. «Омар Шейх мырза ақындық таланты болғанмен оған көп көңіл аудармады». (26-бет)

4. «Омар Шейх мырзаның әмірі – Хасан Жакып бектің мынандай жыры болды:

Тотыдайын таранған, шабыт құсы қайта орал.

Жем болмасын сүйегім сенсіз қарға-құзғынға». (34-бет)

5. Сұлтан Ахмет мырзаның әмірі Ахмет Қажы бек. Ол Вафан деген тахаллуспен жинақ боларлық өлең жазды.

Ей, мухтасиб, маспын, мені мазалама,

Сабыр сақта, сауығар сәтімді күт. (42-бет)

6. «Сұлтан Ахмед мырзаның әмірі – Дәруіш бек музыка ғылымына жетік, өзі де сазды ойнайтын, ақындық қабілеті болды». (43-бет)

7. «Сұлтан Махмұттың әмірі – Махмұт Барлас Диуан құрастыратын ақын еді». (52-бет)

8. «Қожағи Молда өте жақсы адам еді. Өлеңді жақсы қиыстыратын». (62-бет)

9. «Байсұңқар мырза – сурет салуға қолы епті, өлеңдері диуан құрастыруға аздық етті, оның бір өлеңі мынандай:

Көлеңкедей құбылам әлсіздіктен.

Өзің демеп қолтықтан сүйемесең». (91-бет)

10. «Молда Баннан - ақын» (108-бет) (Өлеңін келтіргем жазбамда).

11. «Қожа Әбу-л Барақтың да» (өлеңін жазғам 109-бет)

12. «Бақи Шағаннан мынандай өлең оқыдым:

Сухейл – сенің шығарың қай жақ, жетеді қайда жарығың?

Сенің нұрың кімге түссе, белгісі бұл бақыттың» (149-бет)

13. «Қожа Хафиздің мынандай өлеңі бар:

Басқа да, аякка да тыным беріп,  
Күл-Гинада бір дәурен сүріп едік» (152-бет)

14. «Молда Мұхаммед мынандай бәйіт шығарып, Бадиг-аз  
Заман мырзаға бағыштаған.

Шарап іш, шайқап Кабул қақпасында,  
Тау, өзен, қала, дала бәрі сонда». (153-бет)

15. «Кіші мырзаның ақындық қабілеті де бар-ды, мынадай  
рубаяты жұртқа әйгілі еді:

Омір бойы дербеспін деп мақтандым.  
Елге ұяңдау көрсеттім де өзімді.  
Күрт өзгердім махаббатты тапқан күн,  
Ризамын аллаға ашқан көзімді» (190-бет)

16. «Сұлтан Құсайын мырза өлеңді түрік тілінде жазып  
қиыстыратын қабілеті бар-ды: диуан да құрастырған». (191бет)

17. «Сұлтан Құсайын мырзаның ұлы Шаһ Гариб мырза бүкір  
еді. Ол өлеңді парсыша да, түрікше де жазатын. Оның бір жыры  
мынандай-ды:

Перизатты бір көрдім де құладым,  
Аты-жөнін, білмей тіпті тұрағын». (193-бет)

18. «Сұлтан Құсайын мырзаның тағы бір ұлы Мұхаммед  
Мұхсин. Оны батыл, әрі алып күштің иесі болды деп айтады.  
Ақындық қабілеті болған адам:

Қара тер боп, от жүрекпен табынып,  
Кімді қудың, шаңға осынша малынып?» (193-194-беттер)

19. «Сұлтан Құсайынның әкімі Әлішер бек Науаи  
сабырлылығымен, ұстамдылығымен аты шыққан адам. Әлішер  
бек теңдесі жоқ дарынды адам еді. Ол түрік тілінде өлең жаза  
бастағаннан бері, ешкім де соншалық жақсы, әрі көп өлең  
жазған емес. Ол бұл жалған дүниеден ұлсыз, қызсыз, әйелсіз

ғұмыр кешкен, бар тірлігін ілім, өнер жолына бағыштап өтті.» (198-199-беттер)

20. «Сұлтан Құсайынның әкімі – Ахмет Әли Фарси Барлас – ақын болмағанмен, дарынды, жырды терең түсінетін, тапқыр, шешен жан-ды». (200-бет)

21. «Сұлтан Құсайынның Шейхим бек деген әкімі өлеңді ерекше қиыстырып, ескі сөзді, ескі ойды қосып жазатын.

Күрсінгенде демім қозғап жұлдызды,

Төккен жасым бір топан су жүргізді» диуан құрастырған мәснауи де бар. (203-бет)

22. «Сұлтан Құсайынның әкімі – Хасан Әли Жалайыр ақын еді, жақсы ұйқастыратын, сонымен атағы шыққан ақын». (204-бет)

23. «Сұлтан Құсайынның әкімі – Қожа Абдолла Марварид құсни жазуды түрлі тәсілмен құбылтып жазатын әңгімешіл, мәслихатшыл адам еді. Өлеңді де әжептеуір жазғанмен, өзге өнерімен салыстырғанда дәрежесі төмен-ді, бірақ жырды бағалай білетін» (204-бет)

24. «Сұлтан Құсайынның әкімі Сейіт Хасан Оғлақшы өлеңді ара-тұра шығарғанымен жақсы жазатын. Ол астрономияны, жұлдыз әлемін жақсы білетін». (205-бет)

25. «Сұлтан Құсайынның әкімі – Камал ад-дин Құсайын газурғахи «сопымын» деп зікір салып жүрді. Сұлтан Құсайын мырзаға арнап «Ғашықтардың мәслихаты» деген бір шығарма қалдырған. Оның өрескел бөсіп жазғаны соншалық: көптеген пайғамбарды өмірге жанастырып, ләззатты махаббатқа дұшар етіп, оның әрқайсысына лайықты ғашықтық жыр ойлап тапқан. Мұның тағы бір тұрпайлығы – алғы сөзінде осы шығарманы Сұлтан Құсайын мырзаның өзі жазды деп бөседі. Ол кітаптың басында келтірілетін Камал ад-дин Құсайынның ғазелдерінде «Кітап иесінің шығармасы деп жазды». (206-бет)

26. «Сұлтан Құсайын мырзаның уәзірлерінің атақты адамының бірі – Маулана Әбдірахмен Жами. Сол кезде одан өткен білімпаз адам болған емес. Оның жыры жұртқа мәшһүр болды, ал Маулана Жамидың дарындылығын, даналығын сөзбен

айғыш жеткізу мүмкін емес-ті. Осы бір мандымсыз естелігімде оның есімін атап кеткенімді өзім зор бақыт санаймын». (207-бет)

27. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Мір Атауллах Мешхеди» парсы тілінде «Ұйқас жайында трактат» жазған. Трактаттың кемшілігі сонда, автор мысалды өз өлеңдерінен келтіреді, оның үстіне әрбір өлеңіне түсінік беруді мақсат етеді. «Поэтикалық өнердің ғажайыптылығы» деген поэтикалық бейнеге өзінің көзқарасын да жазып қалдырған. Өте жақсы жазылған дүние.» (209-бет)

28. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Қазі Ықтияр. Парсы тілінде «Фикһ жайындағы толғауын» жазды, толғауы да, ойы да ұшқыр. Құран өлеңдеріндегі әр түрлі мағыналы сөздерді сілтеме үшін жинастырып отырған.» (209-бет)

\* \* \*

Сұлтан Құсайып мырзаның ақындардан көш бастары да, табынары да, пір тұтары да – Маулана Әбдірахман Жами еді. Оған қоса есімдері Сұлтан Құсайын мырзаның етене жақын бектерінің ішінде аталып өткен Шейхим Сухейли мен Құсайын Әли Туфейли Жалайыр болды». (209-бет)

\* \* \*

29. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Асафи өлеңдерінде махаббат пен жан рахаты сезілмегенмен көркем де, ойлы еді». (209-бет)

30. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Сейфи Бухари диуан құрастырған, көптеген мақал-мәтел ойлап тапқан. Оған мына өлеңі дәлел бола алады:

Пайғамбардың өсиеті болса егер мәснауи,  
Ғазел - құдай парызы деп білемін.  
Бес тармақ жыр безілдетіп тартса күй,  
Бір желпініп, рақаттанар жүрегің.

Оның өлең құрастырудан парсы тілінде жазған еңбегі өте көп сөзді болмағанмен, кейбір жағынан көп тілді. Көп сөзді емес дегеніміздің мәні – қажет емес сөздер ретсіз жазыла бермеген. Көп тілді дегеніміз – ұғынықты, түсінікті, сөздер үтір-ноқатына,



жіктеуіне дейін ескеріліп, көшірілген. Сейфидің бір кінәсі – шарап құмар да. ішіп алса өзін-өзі ұстай алмай, төбелесіп кететін». (211-бет)

(Бабыр сұмдық сезімді, әрі сын айтуға да адал екенін осындай сын сөзінен де байқайсың. С.М.)

31. «Сұлтан Құсайынның уәзірі мәснауи жазатын Абдолла «Жеті аруға» еліктеп жазған екі жолды (мәснауи) шығармасын «Жеті бәйіт» атады. «Темірнаманы» жазды. Оның мәснауиінің көркемдігі даңқына сай болмаса да, ең белгілісі «Ләйлі мен Мәжнүн» жыры.» (211-бет)

32. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Молда Мұхаммед Бадахши өлеңдері жоғарыда аталған ақындардың өлеңдеріндей емес. «Муамма жайындағы ойын» жазды: муаммасы да онша жақсы емес.» (211-бет)

33. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Жүсіп Бажи қасиданы жаман қиыстырмады (поэма)». (211-бет)

34. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Ахи ғазелді жақсы құрастыратын. Ол диуанның авторы». (211-бет)

35. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Мұхаммед Салық ғазелді тартымды жазғанмен, онша ұйқаспайтын. Түрік тілінде жазған өлеңдері бар, жаман емес. «Таспиқ» (Жамидың поэмасы) мәснауи жазды. Бұл – жарамсыз, әлсіз мәснауи болатын.

Таңбалдың отаны еді Ферғана.

Болды енді жалқау жатар жер ғана» (212-бет)

36. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Шаһ Құсайын Ками өлеңі де жаман емес-ті. Ғазел жазатын, құрастырған диуаны да бар-ау деймін». (212-бет)

37. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Хилали ғазелдері жатық, көркем, диуаны да бар. «Шаһ пен Дәруіш» аталған мәснауи жазған. Ақындар махаббат, ғашықтар жайында мәснауи жазғанда, сүйген еркектің артықшылығын, ғашық әйелдің қасиеттерін жырласа. Хилали дәруіштің сүйіспендігін, шаһтың махаббатын жырлаған. Шаһтың сөзі мен ісін жазған өлеңдерінде ақын шаһты бұзылған, оңбаған адам етіп бейнелейді. Хилали өте зерек

сияқты: жұрт оның отыз-қырық мың өлеңін есіне сақтапты. Өлең қиыстыруын, ән ырғағы ғылымынан, төкпе өлең шығаруға жаттықтан дарындылығы бар адам-ды». 212-бет

38. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Ахли өлеңдері жаман емес, диуаны да бар.» (212-бет)

\* \* \*

«Сұлтан Құсайын мырзаның сарайында көркем жазатын хатшылар көп болғанымен, олардың табынатын адамы, әрі ұстазы Сұлтан Әли Мешхеди. Ол мырза мен Әлішер бек үшін көп көшіретін; күніне мырзаға отыз өлең, Әлішер бекке жиырма өлең жазып тастайтын». (212-бет)

39. «Сұлтан Құсайынның уәзірі - Пехлеван Мұхаммед Бу Саид корнекті күрескер, әрі ақын, әрі сауыт пен нақыш шығаратын өнерпаз болатын; оның чаргах үлгісімен жазған жақсы нақышы бар». (214-бет)

40. «Хорасанның мынадай шумақ жазып, бұл жұртқа мәшһүр болды:

Абдолладан басқа ақын,  
Алтын бетін көрмейді.  
Ақыннан алтын дәметсең,  
Өлеңнен басқа бермейді.» (240-бет)

41. «Абдолла – Халиф туралы мынадай ұйқасты қойып қалды:

Қарасаң да кімнің жүзіне,  
Бәрі шеккен одан жапа.» (286-бет)

42. «Қожа Хұсрау - өсімдіктердің бірі – амби. Осы өсімдікті «нагзак» атап кеткенін былай дейді:

Нагзак – көркі болған біздің бактың,  
Таңғажайып жемісі Үндістанның». (327-бет)

43. «Қожа-и Қалан Үндістанды ұнатпады. Сол себепті де кетіп бара жатқанда мынандай өлең жазып құрастырыпты:

Осы жолы Синдтен аман-сау өтсем,  
Көзім шықсын көрем десем Үндіні!»

Қылжақ өлең құрап, оны жазып кету тәрбиелік емес. Мен де іле-шала рубайи құрастырып, Қожа-и Қаланға жөнелттім:

Тәңірге арна. Бабыр, мың алғыс,  
Синд. Үндідей патшалықты сыйлаған,  
Ыстық аптап жақпаса егер жаныңа еш.  
Жанға сая Ғазни атты тұр қалаң.» (341-бет)

#### 44. (Низамидің өлеңі)

Әлем жаулау жайбасардың қолы емес,  
Кім тездетсе сол жеңетін зор егес.  
Күттірсе де неке қию – дос табу.  
Күттірмейді мемлекет басқару. (399-бет)

Міне, 44 ақынға жеке-жеке тоқталып, білімдарлық, зеректікпен сипатталған.

1. «Сұлтан Құсайынның әкімі - Мір Сар-и барахна әңгімешіл, дарынды, шешен адам-ды. «Әмір Хамза жайындағы хикая» сияқты ақылға қонбайтын, жалған, дүмбілез, ұзақ сонар әңгіме жазамын деп өмірін жойды.» (206-бет)

2. «Сұлтан Құсайынның уәзірі Маулана Шейх Құсайын философия мен пайдалы ғылымды, сол сияқты діни ілімді жете игерген адам-ды. Ерекше қасиеті – мәнерлеп сөйлеп, аз сөзбен терең мағыналы, жүйелі ой білдіруінде еді.» (208-бет)

3. «Сұлтан Құсайынның уәзірі - Әбді әл Ғафур «ағымға» тісініктеме жазған».

4. «Сұлтан Құсайының уәзірі – Беннаи ғазелдерінде көркемдік те шабыт бар, ол диуанын да құрастырды, мәснауи де бар. Ол музыкадан жақсы дүниелер жазды, нух-ранг аталатын нақышы да бар.» (270-бет)

5. «Сұлтан Құсайынның уәзірі Шаһ Күли Ғижжақи аспаптарда ойнап, табысқа жетті. Көптеген нақыш, пешрап тағы басқа шығармалар да жазды.» (213-бет)

6. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Мір Азу аспапта ойнамайтын, бірақ шығарма жазушы еді, оның жақсы дүниелері бар.» (214-бет)

7. «Сұлтан Құсайынның уәзірі Беннаи шығарма жазды; оның жақсы сауыты да, нақышы да бар.» (214-бет)

Әртүрлі шығарма жазған 7 дарындыларға да тоқталып, әрқайсысының болмысын ашқан.

1. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Сайф ад-дин Ахмет мұсылман дінін уағыздаушы, әулие, тіл байлығын, жыр байлығын және ғылымды жақсы білген, құдай жолына берік, әрі діннің өзге ағымын да құрмет тұтты. Ол жетпіс жыл бойы жұма намазды құр жіберген адам емес десетін.» (207-бет)

2. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Молдаза – заманында одан өткен оқымысты адам болмаған.» (208-бет)

3. «Сұлтан Құсайынның уәзірі Мір-и Мұртаз философия мен пайдалы ғылымдарды жақсы білген адам.» (208-бет)

4. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Молда Жамал ад-дин Мұхаддис: хадис ғылымынан одан өткен білімпаз адам Хорасанда болған емес.» (209-бет)

4 оқымысты, білімді, ғалымды, философияны меңгергендерді де сынап, артықшылдығын уағыздаған.

1. «Сұлтан Құсайын мырзаның сарайындағы ең атақты деген суретшінің бірі Бекзат. Ол өте сезімтал, суретші, бірақ көселерді пішінін нашар бейнелейді – иектерін тым сүйірлеп жіберетін. Сақалды еркектердің бейнесін өте жақсы келтіретін.» (212-бет)

2. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Шаһ Мұзаффар суретті өте нәзік бейнелейді, ол шашты да айнытпай салатын.» (213-бет)

2 суретшінің де артық-кемін жазған.

1. «Сұлтан Ахмет мырзаның әмірі Сейіт Жүсіп Оғалақшы кобызды жақсы тартады.» (43-бет)

2. «Мырзаның музыканттарының ішінде канунда – Қожа

Абдолла Марварид сиякты шебер ойнайтын өнерпазы жоқ-ты». (213-бет)

3. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Құл Мұхаммед Үдеші ғижжаққа үш ішек жүргізіп, жақсы ойнайды. Музыканттар мен орындаушылар ішінен одан жақсы, әуенді көп жазған адам болған емес». (213-бет)

4. «Сұлтан Құсайын уәзірі – Шейх-и Найи үде мен ғижжақта тәуір ойнайды. Он екі-он үш жасынан музыкант болды». (213-бет)

5. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Құсайын-и үдеші үдемен қызық өнер көрсетті, кемшілігі аспапта ойнаған кезде тым бәлсінетін еді». (213-бет)

6. «Сұлтан Құсайынның уәзірі – Ғұлам Шади музыка шығарушының бірі, аспапта ойнаушы, сол заманда осыншама нақыш пен сауыт құрастырған адам болған емес». (213-бет)

6 музыкант, музыка, ән шығарушы мен әртүрлі аспапта ойнайтын өнерпаздарға ерекше тоқталып, нақыш пен сауыт құрастыратынына дейін артықшылығын айтқан.

1.«Омар Шейх мырзаның әмірі – Қожа Құсайын бек: әнді төгілдіріп айтатын еді». (34-бет)

1 әншінің де қалай айтатынын жазған.

1. «Сұлтан Құсайынның әкімі – Сейіт Бадр. Тым сезімтал, тамаша биші еді, бір ғажапби билейтін, соны өзі ойлап тапқан-ау деймін». (202-бет)

2. «Сұлтан Құсайынның әкімі – Бадр ад-дин бек өте шапшаң, епті, өжет адам, жеті аттың үстінен секіріп өтетін, өнерлі болды деседі». (204-бет)

2 бишінің де ерекше екенінен сыр шертеді.

1. «Сұлтан Ахмет мырзаның әмірі – Жәнібек Дүлдай балуан озбектің бұқа-палуанын жеңіп кетеді». (42-бет)

2. «Дұст Ясин Хаир - палуан». (413-бет)

3. «Салык палуан» (413-бет)

Дұст Ясин Хаирды Садықпен жағаластырмай, баска да палуанмен күрессін дедік. Бұл тәртіпті бұзғандық болды, алдымен ең мықтымен күш сынасу керек еді ғой. Ясин Хаир сегіз адаммен күресіп, қайратын танытты. (413-бет) Палуан да ерекше қасиеттеріне тоқталған.

\* \* \*

Бабыр дарынды ақын, өнерлі адамдардың алпыс тоғызына толық тоқталып, ерекші зейінді әрқайсысына сипаттама беріп, жетістігі мен кемішілігін қатар айтып, баға беріп отырған. Олар, атап айтқанда, мыналар:

1. 44 ақын.
2. 7 әр саланы меңгерген оқымысты білімділер.
3. 4 ғылымды, философияны, дінді, білімді меңгергендер.
4. 2 суретшіні.
5. 6 аспапта ойнайтындар, музыка, ән шығарушылар.
6. 1 әншіні.
7. 2 бишіні.
8. 3 палуанды.

Міне, бәрі дарынды, өнерлі алпыс тоғыз адамға жеке-жеке тоқталғаны – ерекше екенін көрсеткені Бабырдың.

\* \* \*

Бабыр біреуден естігенін, не болжағанын емес, өзі көзімен көріп, анық-қанығына жеткен жәйттерді ғана баяндайды.

Мысалы, «Нижраудың тауында ұшатын түлкі кездеседі. Мысықтан сәл үлкен жыртқыш. Ағаштан садақ тарттым, жерге төмен қарай ұшатын көрінеді. Оның қалай ұшатынын өз көзіммен көрмедім» - дейді. (160-бет)

«Тотының тағы бір тұқымы бар: оның түрі тым сымбатты. Ашық қызыл түсті, қанатының өзге түстісі де бар, бірақ мен оның түсі есімде қалмағандықтан егжей-текжейлі сипаттап айта алмаймын» - дейді. (322-бет)

Міне, Бабыр көрмегенін көрмедім, оның түсі есімде қалмағандықтан сипаттап айта алмаймын, анық-қанығына жетпегенін, анық-қанығына жетпедім деп «Бабырнамада»

жазған жері көп. Мұндай ескертулер шығармасындағы келтірген деректерге автордың адал екендігін көрсетеді.

Сондықтан Бабыр өміріндегі өзіне кездескен жанды-жансызды білімдарлық, зеректілікпен сипаттап, сырын ашып, баға беріп отыруы естелік кітаптың басынан аяғына дейін үздіксіз жалғасуда. Ал әсіресе шығармадағы кейіпкер адамдардың әрқайсысына жеке-жеке ерекше зейінді қадағалап тоқталғанда бір жақты жоғарылату, не төмендету атымен жоқ. Олардың жақсы жерін де, жаман жерін де қатар айтады. Тіпті жетістігін де, кемістігін де естігені не болжағаны емес, өзі көзімен көріп, анық-қанығына жеткен жәйттерді зейінділікпен, ілтипатпен тілге тиек етіп, баға беріп отырып сыр шертеді. Сонда әрбір адам баласының болмысын ашық-жарқын жақсы-жаман жерін дөп басып, қатар жазып отыруы шын-ақиқатқа құл екенін танытады.

Енді сөздің иіні келіп тұрғанда осы арада көріп тұрып көрмейтін, біліп тұрып білмейтін, сезіп тұрып сезбейтін кейбір сыншылардан әуелі кешірім сұрай отырып, өз ойымды білдірмекпін.

Менің мақсатым біреудің жетістігін көрсету үшін біреуді төмендету емес, ақыл парасатым мен сана-сезімім жетсе шын-ақиқатқа адал болу парызым деп ойлаймын. Сол үшін «ақиқаттың кілті салыстыруда» деп данышпанды данышпанмен салыстыру жөн сияқты.

Бабыр патша өте ірі, үстем таптың өкілі болса, Абай да казак еліндегі кішігірім үстем таптың өкілі. Екеуі де бұрынғының адамы болса, әрі данышпандыққа екеуінің де терезесінің тең болғандықтан екеуін бір-бірімен салыстырсам. Бұл ойымның айыбы жоқ шығар деймін.

Бабыр туралы «Бабырнаманы оқығанда алған әсерім» атты зерттеу шығармамда оның сөзін де, өз ойымды да айтып болған сияқтымын.

\* \* \*

Абай өмір сүрген кезеңде қанша миллион казак халқы болғанын білмеймін. Сонда өз халқына деген Абайдың өлеңдері мен кара сөзінде бір ауыз да жылы сөз жоқ. Осыншама ата қоныс жерді иеленген казак халқынан Абайдың көңілі толатын бір де адамның шықпағанына мен аң-таңмын. Тек қана шығармасындағы аты

аталған кейіпкерлердің барлығы да сыналып, бағасын алған. Сонда бүкіл қазақ халқына топырақ шашқандай болғаны ма? «Мұнысы несі?» - деушілер ел арасында ептеп айтылып жүргені естіліп қалады. Соның бірі: «Абайдың өзі қазақ жайында бір ауыз жақсы сөз айтпаған, «несі ел, несі жұрт, өңшең қырт» деп Қадыр Мырза Әлі («Тасжарған» газеті, №06 (132) 11 ақпан 2009 жыл) жазған.

Абай өз елін «несі ел, несі жұрт» деуі былай тұрсын, «өңшең қырт» деп өз халқын анаусына теңегені несі? Сезімді, өте данышпан ақын да осындай артық сөзге барады екен-ау? “Елінді жамандама шығатын төрің, жерінді жамандама кіретін көрің” - деп Абай елін жамандаса да соның бүгінгі ұрпағы Абайды қазақ халқының төріне шығарып тұр емес пе оқырман қауым?

«Сөз - сүйектен, таяқ – еттен өтеді» деп бұл бір адамға ғана емес, бүкіл өз халқына айтылған өте ауыр, жаман сөз емес пе?

«Ата жау Темірбектің үрім-бұтағына қарайтын жерді жаулап алған Шайбани хан «Құсайын-и үдеші қырсығып (үдені) нашар ойнағаны үшін желкесінен түйдіріпті. Ол өте орынды жасаған» деп (213-бет) қас жауын Бабыр жақсы жағын көрсетуі әділдігі болса, жерін жаулап алып, өзін жат елге қуса да Шайбани ханды Бабыр «қырт» деп ауыр сөзге бармаған. Ал Абай өзіне қатысы жоқ кеңбайтақ мекенінде өзінше өмір сүріп жатқан қазақ халқын сыртынан «несі ел, несі жұрт, өңшең қырт» деуі барып тұрған өте ауыр сөз емес пе?

Осы сөзіне қарай сол Абай өмір сүрген заманда оның көңілінен шығатын бір қазақтың болмағаны ма дейін десең, өзінің отбасына арнап жазған он жеті өлеңде көтере айтқан теңеулер жетерлік.

### Әкесі Құнанбайға

Ескендір, Темір, Шыңғыстай,  
Мұсылманда атақты  
Мұқыл қазақ баласы  
Тегіс ақыл сұрапты.



## Інісі Оспанға

Көркіден пілдей қуатты,  
Тағы арыстан жүректі  
Аплатон, Сократ ақылды  
Қаһарман Ғали білекті.

## Баласы Әбішке

Ол сыпатты казактан  
Дүниеге ешкім келмепті  
Өлмейтін атак қалдырып  
Дүниеге көңіл бөлмепті.

Кешегі өткен ер Әбіш  
Елден бір асқан ерек-ті.

Жиырма жеті жасында  
Абдрахман көз жұмды  
Сәулең болса басында  
Кімді көрдің бұл сынды.

Мен білмеймін, қайтейін,  
Мұндай асыл тумайды.

Басыңа құдай беріпті,  
Өлшеусіз қылып ақылын.

Міне, мұндай игі жақсы теңеулер 17 өлеңінде жиі кездеседі. Өзінің отбасына осындай атақты ересен теңеуді суша ағызған да, басқаға келгенде, керісінше көзқараста болады Абай.

«Шортанбай. Дулатпенен Бұхар жырау.  
Өлеңі бәрі жамау, бәрі – құрау.

Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,  
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау» - дейді.

Үш акын өлеңінің бәрі – жамау, бәрі – құрау деуі Абайдың артық айтқан сыны емес пе? Неге үш ақынның да өлеңдерінің бәрі – жамау, бәрі құрау? Егер «өлеңдерінде кездеседі жамау-құрау» десе онда бір жөн. Үш ақынның да өлеңдері түгел бәрі 100 пайыз жамау-қырау деуі өлеңінде іліп алары жоқ, бәрі жаман өлең деген сөз.

Бабыр толып жатқан шығармасындағы кейіпкерлеріне бір жақты жақсы, не жаман деп баға бермегеніне қоса б9 дарынды, өнерлі адамдар жайлы жеке-жеке шығармасының барысына тоқталып, жетістігі мен кемістігіне мұқият зеректікпен тең баға берген. Соның ішіндегі 44 ақынның басым көпшілігіне, демек Маулана Әбдірахман Жәми, Әлішер бек, Науаи, Сұлтан Әли Мешхеди тағы басқаларды Бабыр өзінен жоғары басым санаған. Ал Маулана Жәмидың дарындылығын, даналығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес-ті. Осы бір мардымсыз естелігімде оның есімін атап кеткенімді өзім зор бақыт санаймын, деп (207-бет) Бабыр патша басымен шын-ақиқат дарындылығына табынып, басын иеді.

Ал Абай карадай жүріп, өзінің туған халқын оған қатысы жоқ болса да «несі, ел, несі жұрт, өңшен қырт» десе, үш ақынның да барлық өлеңін «жамау-құрау» деп төмендетіп тынады.

Әсіресе Бұхар-жырау айбарлы Абылай ханның артық-кем іс-әрекетін бетіне басып айтқан, өткір ақын екені мына бір ауыз өлеңінің өзі дәлел бола алады:

Ей, Абылай, Абылай,  
Кеше өзің кім едің?  
Үйсін Төле бидің қолында,  
Түйесін баққан құл едің.  
Арғы тегіңді ақтарсам,  
Жаныс Қарабайдың үйінде

Түнде туған ұл едің, – дейді. (Қазақ әдебиеті, №52 (3108), 23 желтоқсан, сейсенбі, 2008 жыл). Құл-Керім Елемес жаныстан шыққан Қарабайдың ұлы екенін Бұхар-жырау дәлелдеп тұр –

деп жазыпты. Егер Абай Бұхар-жырау орнында болса айбарлы Абылай ханның бетіне осы сөзді айту-айтпауы екі талай екені белгілі емес пе?

Өзінің қазақ халқын «несі, ел, несі жұрт, өңшең қырт» десе де сол қазақ халқының бүгінгі ұрпағы Абайды тек даналығын, данышпандығын арттырып, мақтап жазу үстінде екені белгілі емес пе?

Біздің қазақ досы түгіл қасына да кешіріммен қарайтын кеңпейіл ғой шіркін.

«Жуықта маған елден қауын алып келді. Оны кесіп жегенімде көңілім босап, көзіме жас алдым. Елге деген сағыныштан шығар, дәм дегеннің құдыреттілігі осындайдан болады екен» дейді (409-бет) Бабыр. Ал Абай «несі ел, несі жұрт, өңшең қырт» - дейді. Осы дұрыс па, оқырман қауым? Менің ойымша, елін жамандаған дұрыс емес. С.М.

Алтыншысы: Бабыр өзінің мақсатын орындау үшін, әрі өмірін артық істен арылтуға серт-ант беруі және сәлемдесу дәстүрі жайынан.

1. «Әзіл-оспақ, күлдіргі жыр жазбаймын деп ант етемін» (293-бет)

2. «Өлең жазуға серттендім»

3. «Алланың атымен ант етемін - өмірдің паркын енді ұқтым» (353-бет)

4. «Шарапты тартпауға серт етемін» (359-бет)

5. «Кеудеңнен шыбын жаның шығып кеткенге дейін жаудан бетіміз қайтпайды деп бәріміз де алла тағалаға құран ұстап, ант берейік» бек те, нөкер де, үлкен-кіші демей бәрі де құран ұстап, алла тағалаға жалбарынып, ант берді» (363-бет)

6. «Күн сайын құрып кеткенде екі шумақтан он өлең жазуға серттендім» (396-бет)

\* \* \*

«Сәлемдесу дәстүрі: «Моголдардың дәстүрімен ту желбіретті. Хан аттан түсті. Хан алдына тоғыз ту әкеліп, жерге қадады. Бір могол өгіздің алдыңғы сирағына ұзын ақ мата байлап, соны ұстап тұрды, тағы да үш ұзын матаны үш тудың төменгі жағына байлады

да, олардың ұшын ұзын сабаның түбіне түсірді. Бір тудың ұшын хан аяғымен басты, басқа туға байланған тудың ұшын мен, ал үшінші тудың ұшын Сұлтан Мұхаммед Ханике басты. Әлгі моғол ту байланған өгіздің жілігінен ұстап тұрып, моғолша бірдеңе дейді де, тауға қарап, бір белгі берді. Хан да, оның қасында тұрғандар да тауға қарай қымыз бүрікті. Бірден кернейлер аңырап, барабандар даңырап, сап түзеп тұрған сарбаздар ұран шақырып, азан-қазан болды. Осылай үш рет қайталады да содан кейін аттарына мініп, ұран шақырып, қосты үш рет айналып шықты.

Моғолдар бір кезде Шыңғысхан орнатқан тәртіпті әлі күнге дейін қолданып келді». (121-бет)

«Үлкен ханға кіш хан тоғыз рет тізесін бүгіп сәлемдеседі. Кіші хан (Алаш хан) жақындағанда, Үлкен хан да орнынан тұрды: олар қос қолдап амандасып, құшақ алмасып, ұзақ тұрды. Кіші хан кейін шегініп, тағы да тоғыз рет тізесін бүгіп, тағзым етті. Сыйлығын, тартуын ұсынып, тағы да бірнеше рет тізе бүкті. Содан кейін Үлкен ханның қасына барып отырды». (124-бет)

«Хұсырау шаһ та келіп жетті. Ол әдет-ғұрыпты, салтты, хандық ережені сақтап, алыстан аттан түсіп, жедел басып, алдыма келді. Хұсрау шаһ сәлемдесіп, үш рет тізе бүкті, кейін шегініп, тағы да қайталады, денсаулығымыды сұрап, сыйлық тартты, тағы да бір рет тізе бүгіп тағзым етті. Кәрі қақпас алдымда әрі-бері жүріп, жиырма бес-жиырма алты рет тізе бүкті. Оның шаршағаны соншалық, құлап қала жаздады.» (147-бет)

Жетінші. Бабыр хайуандар, су жануарлары, құстар, өсімдіктер және жүрген жерлеріне су жүргізіп, бақ орнатып, тал тігіп, құрылыс алған жайынан.

- а) жануарлардың 38 түрін сөз еткен;
- б) құстардың 58 түрін сөз еткен;
- в) су жануарларының 7 түрін сөз еткен;
- г) өсімдіктердің 82 түрін сөз еткен;
- д) гүлдердің 82 түрін сөз еткен.

Өмірдегі толып жатқан жанды-жансыздардың тек бір түрімен ғана айналысып, соны зерттеп жүрген оқымысты ғалымдар бар екенін өмір көрсетіп жүр. Ал Бабыр болса өмірінде өзіне не кездесті, соның бәрін түгел зерттеп, өте білімдарлық зеректікпен әрқайсысын соншалық сипаттап жазған. Ол ұрыс, соғыс үстіндегі



Майлыбаймен бірге. 1957 ж.



Манатгүл, Мейрамбек, Зәбира, Назарбек. 1973 ж



Классистарымен бірге, 1958 ж.




Жұмақұл, Маманбаймен бірге, 1962 ж.



Жумас орнамди, 1967 ж.



Жамбыл қаласындағы кой шаруашылығының бригадирлік мамандығының студенттерімен бірге. 1958 ж.







Жамбыл қаласындағы ауылшаруашылық мектебі. 1959 ж



“Қызыл отау” облыстық байқауында. 1987 ж.



Жамбылдағы ауылшаруашылық мектепте бірге  
оқыған жолдастары. 1958 ж



Забира, Ғалиямен бірге.  
1985 ж



Балаларымен бірге.



Жолдасым Забира, немерем Айдамен бірге.



Аға-жеңгелерім Орынбасар, Күзербай, Тәшенмен бірге.



Умэлспен бірге. 2000 ж

уақытта «аттың жалы, түйенің қомында» жүріп кездескен нәрсенің бәрін қалай жіті зерттеп жазғанға уақыт тапқан деген ой туады. Өте қарбалас, жан беріп, жан алысып жүрген сәттер арасында осыншама «Бабырнамадағы» деректердің басын қосып, жазып шыққанына таңғаласың.

Өте ақылды, дарынды, данышпан, өмірдегі жақсы-жаман қабылеттердің бәрі бір бойына топтасқан Бабыр үшін өзіне кездескен неше түрлі кедергілер оған кедергі келтіре алмай, ой-мақсатын орындағанына көз жеткізесің. Басқа естеліктегі толып жатқан деректердің жиындысын сөз қылмағанда мына жоғарыда айтылған 267 нәрсенің әрқайсысын жеке-жеке зерттеп жазу деген оңай шаруа емес екеніне таңғаласың. Ой, сұмдық-ай. Бабыр не деген сезімді керемет данышпан десеші.

«Кабул өңіріндегі (елді мекен) мен бұл жерде шиіе ағашын отырғызуға жарлық бердім. Шиіе ағашы жақсы тамырланды, қазір де өсіп тұр.

Мен қант қамысын алып келіп, Кабулға егіндер деп жарлық бердім» - (154-бет) дейді.

«Адинапур қамалының түстік жағындағы үстіртке бақ отырғызып, оны Вағли Вафе ден атадық, бұл баққа банан әкеліп отырғыздым: тамыр алып, жерсініп кетті. Оның алдындағы жылы қант қамысын отырғызған едік, ол да жақсы өнім берді» - дейді (157-бет).

«Бұлақтың суына арық тартқызып, Се-Яран қайнарының оңтүстік жағындағы төбеге шығарттым. Бұл төбенің үстіне дөңгелек үлкен суфа жасағып, айналасына тал отырғыздырттым, бұл бір жұмақ жер болды. Суфаның жоғары жағына, төбенің жиегіне жүзім еккіздім. Бұл арықтың тартылу тарихын бір сөзбен «Джу-и Хуш» деп атауға болады» - дейді (162-бет).

«Читрдан үш-төрт құрықтай жылға ағып жатқан жеріне үлкен жеміс бағын отырғызыңдар деп бұйрық бердім» - дейді (303-бет).

\* \* \*

«Бабырнамада» Бабыр бағындырып алған жерінің бәріне тал тігіп, бақ отырғызып, жеміс ағашын отырғызуы жиі кездеседі.

«Қасқырсайдың» аузындағы Қаратау деген жерге қоныстануға бұйрық бердім» - дейді (156-бет).

«Табыттың үстіне күмбез орнатқыздым» - дейді (164-бет).

«Дұлпурдың батыс жағына «сәкі» құрындар деп бұйырған едім. Құрылыстың қызыл тасты үйіндісі кездесті, үй жасандар, хауыз жасандар деп тапсырдым. Тас қалаушылар сегіз бұрышты хауыз жасады. Құдық қаздырдым. Құдық суы хауызға құйылды. Хауыздың терістік-шығыс жағына бөген жасаған. Сол бөгеннің үстіне үй тұрғызды. Бөгеннің жоғарғы жағынан жанбыр суы жиналып, үлкен көл пайда болды. Көлдің шығыс жағына кесек тастан софы сияқты тас орындық, ал батыс жиегінен мешіт жасауға бұйрық бердім» - дейді (389-390-беттер).

\* \* \*

Естелігінде Бабыр үй, мешіт, күмбез тағы басқа құрылыс салғызумен бірге хауыз, құдық, көл, тоспа жасап, жүрген жерін көгалдандырып, суландырып жүргендері көп.

«Качуа - жайлы жер, оңтүстік-шығыс жағындағы қыраттың сайына тоспа жасап едік. үлкен көл пайда болды. Оның аумағы ат шаптырым, бес-алты құрық жер. Көлдің бетінде үш-төрт кісілік кайық жүзіп жүреді. Качуаға жете бере екі-үш жерге сайдан тоспа құрдық, одан да көл пайда болды» - дейді (382-бет).

«Дұлпұрға жол тарттым. Мақсағым хауыз жасап, құдық казындар деген бұйрығымның орындалуын тексеру еді. Тас құдық, тастан қашалған тас науа, тас бағана, тас арық дайын болды. Сол күні құдықтан су тарттық. Дұлпұрда Аградағы шеберлер мен жұмысшыларға, ағаш шеберлеріне, тас қалаушыларға берілетін сыйлық тартылды. Жер астындағы судың исі нашар болғандықтан шығырды он бес күн тоқтаусыз айландырып, суды шығара беріндер деп бұйырдым» - дейді (404-бет).

\* \* \*

Бабырнамада – тоспа, көл, құдық, тас құдық, тас науа, тас арық казып жүрген жерінің бәрін құлпыртып, көгалдандырып жүргені жні жазылған.

\* \* \*

«Кабулда қыста қар қалың түскенмен отын мол, әрі жақын:

сағыз қарағай лаулап жақсы жанады, түтіні хош иісті, шоғы кәпше дейін сөнбейді» - дейді (166-бет).

«Емен ағашы да жақсы, бірақ ол қылаулап жанады, жарығы солғын, бірақ қызулы, шоқ мол түседі. Еменнің бір ғажайып қасиеті: егер жасыл еменді жапырағымен жағатын болсаңыз, шытырлап, бытырлап, лаулап бірден жанып кетеді, еменнің жанғаны бір ғажап көрініс: бадам ағаш басқасына қарағанда көп пайдаланылады: оның көмірі үгілмелі келеді» - дейді (167-бет).

\* \* \*

Отындық ағаштың неше түрін, қалай жанатынын, оның шоғы, түтіні, жарығы қандай болатынына дейін есінен шығармай жазған Бабыр.

«Бабырнаманы» оқығанда алған әсерім» атты зергтеу шығармамды аяқтап қалдым.

Әуелі алғысөзімде өз ойымды бітірдім:

Бірінші: Бабырдың «Бабырнамасындағы» деректердің шын-ақиқат екені жайындағы ойымды білдірдім.

Екінші: Бабырдың басқыншылық жайындағы ойымды білдірдім.

Үшінші: Бабырдың керемет құдыреттілігінен қас жауларының өзі бас игендіктері жайындағы ойымды білдірдім.

Төртінші: Бабыр өзіне кездескен әрбір адамға жақсы-жаман жағынан әділ тең баға берген жайынан ойымды білдірдім.

Бесінші: Бабыр дарынды, өнерлі, білімділер бейнесін суреттеген жайлы ойымды білдірдім.

Алтыншы: Бабыр өзіне-өзі серт-ант беріп, артық істен өмірін тазартып, келешекке қабылетін жетілдіріп отырғаны жайлы ойымды білдірдім.

Жетінші: Бабыр өзіне кездескен жанды-жансыз сырын зергтеп, соны ашып, сұңғыла баға бергені жайлы ойымды білдірдім.

Әлі де болса «Бабырнамадағы» деректерге көңіл бөле алмаған тұстарым көп екеніне және Бабыр мен Абайды салыстырғаным келешек оқырман қауымнан кешірім сұраймын. Егер болашақ оқырманнан екі дананы салыстыруы қалай деген ой туғандай болса Бабырдың да шығармасын, Абайдың да шығармасын оқып көрсін демекпін.

Артық-кем айтар тұстарым болса болашақ оқырманнан тағы да кешірім сұраймын.

Ел аман, Отан тыныш болып, береке-бірлігіміз артып, халқымыз көркейе берсін. Аумин.

## ФЕРҒАНА

*«Сегіз жүз тоқсан тоғызыншы жылғы оқиға»  
1493-1494 жылғы оқиға*

«Жаратқан ием жар болғай!»

«Сегіз жүз тоқсан тоғызыншы жылдың Рамазан айында, он екі жасқа караған шағымда Ферғана аймағының билеушісі болдым» (20-бет).

«Ферғанада жеті қала бар. Әнжідан – Ферғана уәлаятының астанасы. Мұнда астық та, жеміс те молшылық, қауын мен жүзім де жақсы өседі.

Қалаға су тоғыз тоғанмен келеді. Әндіжан тұрғындарының бәрі түркілер, түрікше сөйлемейтін адам ұшыраспайды. Мір Әлішер Науаи Герагта өсіп, сонда тәрбиеленгенімен шығармалары түрік тілінде жазылған.

Әндіжан тұрғындарының көпшілігі сұлу келеді: атақты сауықшыл, күйші, жырдың перісі Қожа Жүсіп те әндіжандық.» (21-бет).

Көрікті тау – Барақұх баурайына, тоғыз жүз екінші жылы мен де айваны бар құжыра орнаттым. Әндіжан өзені екі жағасы да толы жеміс бағы, биіктен өзен бетіне көлеңкесін түсіріп, ғажайып сұлулыққа бөлеген. Жауза деп аталатын мешіт ауласы жанға рахат, қызыл беде өскен.

Маргилан жаныңа керектің бәрі бар берекелі қала. Мұнда анар мен өрік мол өседі. Анардың бір түрі донақалан деп аталады. Құспен аңда есеп жоқ, ақбөкен аяқ басқан сайын ұшырасады.

Маргилан тұрғындары сарттар, бұлар төбелесқұмар, қызба, мазасыз халық.» (22-бет)

(«Кітапта жеті қаланың әрқайсысына жеке-жеке тоқталғанынан



да, беттерінен де қыскартып, әрбір сөйлем сөзінен де ішінен сөзін теріп жазғанымды ескертемін». С.М.)

«Самарқанның алмасы-ай» дегенде жұрттың аузының суы құриды.

Муту-Гил тауында ордалы жылан көп. Қарақұйрық, бұғы, марал, қоян, қырғауыл өріп жүреді.» (23-бет),

«Ферғана тауының шөбі шүйгін келеді. Тобылғы осы тауда ғана өседі, оның қабығы қызғылт, одан қамшы сап, құсқа тор жасайды, май алады. Қабығын сыдырып, жебе жасайды. Бұл бір қасиетті ағаш, мұны алыс жерге барғанда базарлық ретінде сыйға тартады.» (24-бет)

(«Тобылғының бес түрлі қасиетін атап өткен» С.М.)

«Омар Шейх мырза (Бабырдың әкесі, С.М.) дүрбелеңнің, әрекеттің адамы еді. Өзгенің иелігін жаулап алуға әманда ынтық болатын. Ол Шыңғысханның екінші ұлы Шағатай ханның ұрпағы, өзінің қайын атасы, менің нағашы атам Жүніс хан, Омар Шейх мырзаның шәлкес мінезінен біздің аймаққа тұрақтай алмай, Моғолстанына қайтып кететін.

Ахсикент қорғаны жар-қабаққа орнатылған болатын. Осы жылы Рамазан айының төртінші күні, дүйсенбіде, Омар Шейх мырза асыранды кептері, кептерханасымен бірге жардан құлап, жан тәсілімім етті. Ол отыз жыл ғұмыр кешті.» (25-бет)

## **ОМАР ШЕЙХ МЫРЗАНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ, ШЫҚҚАН ТЕГІ:**

Сегіз жүз алпысыншы жылы Самарқанда дүниеге келді.

Омар Шейх мырза, Әбу Сайд мырза ұлы, ол Сұлтан Мұхаммед мырза ұлы, ол Миран-Шаһ мырза ұлы, ол Миран-Шаһ мырза Әмір Темірдің үшінші ұлы. Омар Шейх мырза Жаһангер мырзадан кіші, Шаһрух мырзадан үлкен болатын. (26-бет)

## **СЫРТ КЕЛБЕТІ**

Омар Шейх аса бойшаң емес, толықша, дөңгелек сақалды аққұба адам еді. Ол қынамалы шапан киіп, жіңішке белдігімен

ішін тартып, байлап жүретін. Киім, тамақ таңдамайтын, шалманы арнаулы қызметшілері орайтын. Көбінесе могол бөрік киіп жүретін. (26-бет)

## МІНЕЗІ МЕН ӘДЕТІ

Омар Шейх мырза ханифит жолын тұтынатын діншілдігі берік еді. Бес уақыт намазын мұқият орындамағанымен өмір бақи соның орнын толтырамын деп құран оқумен болатын. Ол қасиетті Қожа Ұбайдолланың мүридi болатын. Омар Шейх мырза сауатты болатын. Ол әділет жолын берік тұтқан адам еді. Бірде Қытайдан шыққан мың адамы бар керуен Әндіжанның таулы етегінде көшкіннің астында қалыпты. Апаттан екі-ақ адам құтылыпты. Омар Шейх мырза бұдан хабар алған соң өз адамдарын жіберіп, керуеннің барлық дүниесін қазынаға алыпты. Бүлінгеннен бүлдіргі алма деген, бұл заттардан ши шығармай сақтады. Бір-екі жыл өткеннен кейін Самарқан мен Хорасаннан мұрагерлерін шақырып, дүние-мүлкін қолына табыс етті. Ол қолы ашық, жомарт адам еді. Мінезі де соған сай келетін. жайдары, сөзшең, тілі майда, батыл да ер кісі болатын. Садақпен онша ата алмаушы еді. бірақ жұдырықтасуға мықты болатын. Оған жігіттер төтеп бере алмайтын.

Өзгенің жерін жаулап алуға келгенде ол еш нәрседен шімірікпейтін: бейбітшілікті – соғысқа, достықты – қастыққа айырбастап шыға келетін. Ол бұрын ішімдікке көп салынғанмен, кейін аптасына бір-екі рет қана ішетін болды. Ол әңгіменің реті келгенде өлеңді мәнерлеп, шабыттана оқитын. Кейінгі кездерде есірткі кәсіпке құмартын, қатты еліретін болды. Ол жасынан көрсеқызарлыққа салынып, махаббат қасіретін көп шекті. Соған қоса үнемі нард, кейде тобық ойнайтын. (26-27-беттер)

## СОҒЫСТАРЫ МЕН АЙҚАСТАРЫ

Үш соғыста айқасқа түсті. Текесаныратқан деген жерде Жүніс ханмен болған шайқаста Омар Шейх мырза жеңіліп қалып, қолға

түсті. Жүніс хан қайырымдылық жасап, оны босатып жіберді. Арыс өзенінен мұз үстімен өтіп, Омар Шейх мырза өзбектердің быт-шытын шығарып, қолындағы тұтқындарды босатып, шауып алған малдарын өз иелеріне қайтартқан. Тағы бір жолы ол Шаһрұхи мен Ұратепе арасындағы Хавас қыстағының маңында Ахмет Сұлтанмен айқасып, одан жеңіліс тапты. (27-28-беттер)

(Омар Шейх мырза өзінің қайын атасы Жүніс хан атасы, демек Бабырдың нағашы атасымен соғысқанын Бабыр қинала бүгүсіз әкесінің қателіктерін жазады. Сонда Омар Шейх мырза үш соғыстың бірінде ғана жеңіп, екеуінен жеңілген деп сөз етеді. С.М.)

«Біз де кейде қой сияқтымыз. Бір отар қойды серке, не басқа бір нәрсе алдын бастаса болды соның соңына күлді отар қой шуап ілесе береді. Алды өзен суына бағып ағып жатса да соңғы қойлар соған қарап ұмтылып суға қойып кетіп жатқаны. Бұл жағдайды мен де үш жыл қойшы болып Шу мен Қорағаты өзенінен отар қойды өткізгенде бастан кешіргенмін.

Сол сияқты техниканы жүргізуші де жолына кедергі келтіріп ағаш не басқа нәрсе жатса, оны көлігінен түсіп алып тастау орнына соны айналып өтіп жатады. Ілуде біреуі болмаса. Мен де он жылдан аса өз көлігімді жүргізіп жүргенде, кедергі келтірген жолдағы нәрсені көлігімнен түсіп алып тастау орнына оны талай айналып өткенмін.

Сол сияқты ақын-жазушы, сыншы да біреуді-біреу алдымен мақтаса не жамандаса сол бастапқы жазған адамға қосылады да шын-ақиқат сын некен-саяқ айтылады. Тыңнан сын қосып айту оның арғы байыбына барып, анық-қанығының екі жағын тең көрсете жазу сирек.

Мысалы, Абай, Шәкәрім, Мұхтар, Қаныш сияқты тағы басқалардың өз шығармасын айтпағанда олар туралы естелік пікір жазғандардың бәрі бір жақты мақтау:

Мұхамбет пайғамбарды да ептеп жазған ғой (Алматы, "Мұхаммед Пайғамбар" 72-73-74-75-84-85 беттер). Бұдан пайғамбардың қадірі артпаса кеміген жоқ.

Бабыр да үстем топтың өкілі болғандықтан басқыншылық пенделігі көп болса да Бабырнамада келтірген деректердің

нақтылығы жәй оқырман түгіл отыз үш-қырыққа жуық ғалымдарды өзіне тәнті етті.

Бабыр «Бабырнама» кітапта әуелі өз әкесі Омар Шейх мырзаның шәлкес мінезінен, жағымсыз іс-әрекетінен бастап сынап жазғанына жол берейін». С.М.

«Омар Шейх мырза дүрбелеңнің, әрекеттің адамы еді, өзгенің иелігін жаулап алуға әманда ынтық болатын. Ол Шыңғысханның екінші ұлы Шағатай ханның ұрпағы – менің нағашы атам Жүніс хан Омар Шейх мырзаның шәлкес мінезіне тұрақтай алмай Моғолстанына қайтып кеткен». (25-бет)

«Өзгенің жерін жаулап алуға келгенде ол (Омар Шейх) еш нәрседен шімірікпейтін: бейбітшілікті – соғысқа, достықты – қастыққа айырбастап шыға келетін. Кейінгі кездерде есірткі кәсіпке құмартып, қатты еліретін болды. Ол жасынан көрсеқызарлыққа салынып, махаббат қасіретін көп шекті». (27-бет)

«Ол (Омар Шейх) қолы ашық, мінезі де соған сай жайдары, сөзшең, тілі майда, батыл да ер кісі болатын. Әділет жолын берік тұтқан адам еді, деп Бабыр әуелі әкесінің жаман-жақсы қасиеттерін тең жазған ғой».

Ал Абай Құнанбаев: «Ескелді, Темір, Шыңғыстай мұсылманда атақты мұқым қазақ баласы, тегіс ақыл сұрапты, деп бір жақты Ескендір, Темір, Шыңғыстай деп соларға теңеп, әкесі Құнанбайдың пенделігін сөз қылмайды. Осы әділдік пе?»

«Тобықтының ішінде Көкше деген рудан шыққан Бектас деген беделді адам Құнанбайға: «Ей, Құнанбай, қыстың айы алтау еді, сенімен жетеу болды ма?» - деген ғой. (Махамбет Сапармұратов, М.Шоқай орта мектебінің мұғалімі, Мақтарал ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы, «Жас Алаш», №13, 12 ақпан 2009 жыл). Міне, бұған не дейсің? Талай нәрсені сездірмей ме? С.М.

## МЫРЗАНЫҢ ИЕЛІГІ

«Әкесі Ферғана аймағын берді. Бауыры Сұлтан Ахмет мырза берген Ташкент пен Сайрам да біраз уақыт Омар Шейх мырзаның билігінде болды. Шаһрұхты айламен алып, біраз билік

те жүргізді, бірақ соңғы жылдары Ташкент пен Шаһрұхияны қолынан шығарып алды. Сөйтіп оның қол астында Ферғана мен Ұратепе, Ходжент қалды.

Хафиз (Мұхаммед) бек Ұсрушнаның билігі Омар Шейх мырзаның қолында болды». (28-бет)

## ҰРЫМ-БҰТАҒЫ

Мырзадан үш ұл, бес қыз қалды. Ұлының ең үлкені мен – Захир ад-дин Мұхаммед Бабырмын. Анам – Құтлық Нигар ханым. Менен екі жас кіші Жаһангер деген ұл болды, оның шешесі моғол тұман бегінің қызы еді – есімі Фатима Сұлтан. Тағы бір ұл Насыр мырза, оның шешесі әндіжандық тұтқын қыз – Үміт. Насыр менен төрт жас кіші болатын.

Қыздың үлкені Ханзада бике, ол екеуміз емшектеспіз. Ханзада бике Мұхаммед Шайбани ханның қолына түсті. Сөйтіп ол Хұррам шаһ атты ұл тапты. Шайбан хан оган Балқы аймағын берген болатын, бірақ әкесі дүние салған соң екі жыл шамасында ол да аллаға жан тапсырды.

Ысмайылшаһ өзбектерді қирата жеңгенде мені сыйлағандықтан Ханзада бикеге қысастық көрсетпей жөнімен маған жөнелтті. Біздің көріспегенімізге он жыл болып еді. Жолыққанымызда мен есімімді айтсам да Ханзада бике де, оның нөкерлері де мені әлден уақыттан кейін барып әрең таныды.

Омар Шейх мырзаның тағы бір қызы – Михр Бану бике еді. Ол Насыр мырза екеуі бір анадан туған. Тағы бір қызы – Шаһр Бану бике. Ол да Насыр мырза екеуі бір анадан туған. Тағы бір қызы – Жәдігер Сұлтан бике. Оның шешесі Аға Сұлтан – тұтқын қыз болатын. Тағы бір қызы – Ұрқия Сұлтан бике – оның анасы Махұм Сұлтан бике, оны Қаракөз бике деп атайтын. Бұл екі қыз мырза өлгеннен кейін дүниеге келген. Жәдігер Сұлтан бике менің әжем Исан Дулат бикенің тәрбиесінде болды. Кейін Хамза Сұлтан бастаған сұлтандарды Хұтталан аймағында талқандап, Хисарды алып, қарындастарымды құтқардым. Ұрқия Сұлтан бикені Жәнібек Сұлтан алды». (28-29-беттер)

## ОНЫҢ ӘЙЕЛДЕРІ МЕН КӘНИЗАКТАРЫ

«Оның бірі – Құтлық Нигар ханым; ол Жүніс ханның екінші қызы. Сұлтан Махмұт хан мен Сұлтан Ахмет ханның әкпесі. Жүніс хан – Уәйс ханның ұлы. ол – Шерәлі Оғланның, ол – Мұхаммед ханның, ол – Қызыр Қожа ханның, ол – Дува ханның, ол Барак ханның, ол – Есу-Туваның, ол – Мұтугеннің, ол – Шағатай ханның, ол – Шыңғысханның ұлы.

Исан Дулат бикеден Жүніс ханның үш қызы болды. Олардың үлкені Михр Нигар ханымды Сұлтан Ахмет мырзаға айттырды. Ол бала көтермеді.

Жүніс ханның екінші қызы – менің шешем Құтлық Нигар ханым; анам қасымда болды. Тоғыз жүз он бірінші жылы дүние салды. Жүніс ханның үшінші қызы – Хұб Нигар ханым; оны Мұхаммед Құсайын Гурхан Дулатқа атастырған. Одан бір ұл, бір қыз көтерді. Қызын Ұбайд хан алды. Хұб Нигар ханымның баласы Хайдар мырза еді. Әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін ол үш-төрт жыл менің қасымда болды. Кейін рұқсат сұрап, Қашқардағы ханға кетті.

Алтын. күміс, қорғасын,  
Неңдей асыл болмасын  
Тартады өз тегіне.

Енді ол орнықты, байсалды азамат болып, жақсы жолға түсіпті деп естідім. Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақ шыбығын июге қолының ебі бар. Ол менен кешірім сұрап, хат жазыпты, сөз саптауы тәп-тәуір».

(«Мына жолдарды оқып отырып мырза Мұхаммед Хайдар Дулат бабамыз бала кезінен-ақ кемеңгер Бабырдан бағасын алғанына ішім жылып отыр. Болар бала болашақтан. Қандай болатынына бала кезінен-ақ белгі береді екен-ау, ә. «Болар бала боғынан» деп те бұрынғылар босқа айтпаған шығар?

Қазактың тұңғыш тарихшысы, ақын, айтулы қоғам қайраткері Мұхаммед Хайдар Дулат бабамызға үш мәрте басымды иемін». С.М.)

«Жүніс ханның тағы бір әйелі – Шаһ бикеден екі ұлы, екі қызы болды. Ханның жоғарыдағы үш қызынан кіші ұлы Сұлтан Махмұт хан еді. Одан кішісі Сұлтан Ахмет еді, ол жұртқа Алаша хан деген есіммен мәшһүр болды. Оның Алаша хан аталуының себебі: қалмақтар мен моғолдар кісі өлтірген адамды «алаш» деп атайды-мыс. Сұлтан Ахмет хан болса қалмақтарды талай рет жеңіп, көп адамын қырғынға ұшыратқан, сондықтан да ол алаш аталып, келе-келе Алаша есіміне айналған.

Омар Шейх мырзаның тағы бір әйелі Қожа Құсайын бектің қызы Ұлыс аға еді. Ол бір қыз көтерген еді, сәби кезінде шетінеп кетті. Кейін Ұлыс ағаны шығарып жіберді.

Келесі бір әйелі моғолдың түмен бегінің қызы Фатима Сұлтан аға болатын. Мырза өзге әйелдерден бұрын алған.

Тағы бірі Қаракөз бике еді. Мырза оны өмірінің ақырында алып, құлай сүйген.

Омар Шейх мырзаның кәнизактары да, ашына әйелдері де көп-ті. Соның бірі – Үміт Агача еді. Ол мырзадан бұрын өлді. Өмірінің ақырында мырзаның моғолдық Түн Сұлтан, Аға Сұлтан деген әйелдері болды.

## ОМАР ШЕЙХ МЫРЗАНЫҢ ӘМІРЛЕРІ

Олардың бірі Құдайберді Теміртас жиырма бес жастағы балғын жігіт болса да жастығына қарамай басқару тәртібін, жүйесін өте жақсы атқарды. Бірер жыл өткеннен кейін Ыбырайым Бекшік Оштың айналасына шабуыл жасағанда Құдайберді Теміртас өзі жеңіліске ұшырап, айқаста шейіт болды.

Бір әмірі Хафиз Мұхаммед бек Дұлдай еді. Оны кіші ағалыққа тағайындап, Омар Шейх мырза алған Әндіжанның билігін тапсырды. Үндістан арқылы Меккеге бара жатқан жолда дүниеден кайтты.

Келесі бір әмірі – Қожа Құсайын бек; ол ұстамды адамға мейірімді болатын-ды. Шарап ішіп, көңіл көтеретін мәжілістерде әнді төгілдіріп айтатын еді.

Енді бірі – Шейх Мазид бек. Оның менің бірінші тәрбиешім етіп тағайындаған. Оның кезінде басқару ісі, тәртіп жағы жақсы

жолға қойылды. Омар Шейх мырзаның одан асқан бегі жоқ еді. ләззат құмар адам-ды, пашша бала ұстайтын.

Келесі бірі - Әли Мазид бек. Ахсикентте және Ташкентте бүліншілік жасады, өзі екі жүзді, ләззат құмар, қайырымсыз, жақсылықты білмейтін, бұзылған адам болатын.

Енді біреуі – Хасан Жақып бек. Ақылы таяз, бірақ ақ жарқын, салдыр-гүлдір, еңбекқор адам еді. Оның мынандай жыры болатын:

Тотыдайын таранған, шабыт құсы қайта орал,  
Жем болмасын сүйегім сенсіз қарға-құзғынға.

Ол батыл, мерген болатын, шауганды жақсы ойнайтын. Белбеу тастау ойынында ор қояндай секіретін.»

Омар Шейх дүние салғаннан кейін, маған қызмет ететін толық билігі бар бек болды. Ол надан да, ұстамсыз, пәтуасыз, жанжалқой адам еді.

Тағы бір әмірі – Қасым бек. Хасан бектен кейін сарайымда толық билік жүргізетін осы болды. Өмірінің ақырына дейін оның ықпалы бәсеңдемеді, қайта арта түсті. Бангаш аймағын сыйға тарттым. Кейін оны Құмайынға тәрбиеші жасадым. Қасым бек Замин-Даварға жасаған жорықта шейіт болды.

Қасым бек мұсылмандыққа берік-ті, ұяты бар, құдайшыл, асты талғап ішетін. Оның ой-пікірі, бұйрығы орынды да ұтымды еді. Сауатсыз болғанымен, ұтқыр сөзді, зерделі, әзілқой адам болатын.

Өмірінің бірі – Баба Әли бектің ұлы Баба Күли маған ұстаздық етті. Ұратепеден Сұлтан Әли мырза алдымнан шығып, айқас басталды да Баба Күли Сұлтан қолы жеңіліс тауып, мерт болды. Оның жасағы да, қару-жарағы да сай, нөкерлерін бабында ұстайтын. Баба Күли ораза тұтып, намаз оқымайтын, діни әдеп-ғұрыпты сақтамайтын, дінсіздер сияқты қатал, қайырымсыз адам болатын.

Келесі бірі - Әли Дұст Тағай. Оған Омар Шейх мырзаның тұсындағыдан гөрі көбірек қамқор жасадым. Ол ауыз толтырып айтарлықтай іс тындырған жоқ. «Яда» аталатын тас арқылы жаңбыр жауғыза аламын дейді екен. Ол құсбегі болған. Жағымсыз қылық істейтін, сараң, екі жүзді, әрі топас, менмен, дөрекі, қайырымсыз адам еді.



Тағы бірі – Уәйіс Лагари. Омар Шейх мырзаның дос-жар адамы. Оның ақыл-кеңесі, бұйрығы орын тауып жатушы еді, бірақ бүліншілікке бір табан жақын тұратын.

Аленді бірі – МірҒияс Тағай болатын. Омар Шейх мырза онымен дос-жар, жақын болды. Оның күлдіргіштігін, қалжыңбастығын былай қойғанда, зинақорлық жағынан шімірікпейтін, сескену дегенді білмейтін.

Енді бір әмірі - Әли Дәруіш еді. Хорасан мен Самарқан – ол осы екі астананың әскерге жарамды жастарынан екі жасак күрды да, «Хорасан ұландарының жасағы», «Самарқан ұландарының жасағы» деп атады. Ал менің сарайымда Әли Дәруіш өте байсалды, салауатты адам болды. Ол батыр адам еді, жазуды хұсынилік тәсілмен жазатын. Жарамсақтана сөйлейтін, жаратылысынан арам ниетті адам еді.

Енді бірі – Қамбар Әли. Кейін бек атанды. Ол бір іске кірісерде жаны қалмайтын, ал жеме-жемге келгенде тайсақтап шыға келетін жалтақ еді. Бос сөзге жаны құмар, мылжың болатын. Шыдамсыз, ойы таяз адам-ды». (33-34-35-36-беттер)

(«Омар Шейх мырзаның он үш әміріне толық тоқталып, баға беріп отырған». С.М.)

Сұлтан Ахмет – сегіз жүз тоқсан тоғызыншы жылы қырық төрт жасында опасыз, жалған дүниемен қош айтысты. (33-39-беттер)

## **СҰЛТАН АХМЕТ МЫРЗАНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ ЖӘНЕ ШЫҚҚАН ТЕГІ**

Ол сегіз жүз елу бесінші жылы дүниеге келді. Сұлтан Әбу Саид мырзаның тұңғыш ұлы болатын. Анасы – Ұрды Бұға тарханның қызы. Мырзаның нақ сүйер әйелі болған. (39-бет)

## **СЫРТ КЕЛБЕТІ**

Ол ұзын бойлы, шоқша жирен сақалды, самайына қылпық бітпейтін қызыл шырайлы, етжеңді, әңгімешіл болатын. Сәлдесін төрт орап, алдыңғы ұшын маңдайына түсіріп қоятын. (39-бет)

## МІНЕЗІ, ӘДЕТІ

Сұлтан Ахмет мырза дінге берік, бес уақыт намазын шарап ішкен кезінде де бұзбайтын. Сондай инабатты, ештеме оқымайтын сауатсыз адам болатын. Берген уәдесін бұлжытпай орындайтын, нағыз іске тікелей ешқашан араласпағанмен, кейбір айқастарда ол ерлік көрсетті деп айтады. Садақты жақсы ататын. Ол құсбегілікті ұнататын, көп қыран ұшырды. Ұлықбек мырзадан кейін бұл сияқты құсбегі-патша болған емес. Өте ұялшак еді. Ол жиырма-отыз күн шарап ішіп, кейде жиырма-отыз күн дым татпайды. Шарап ішпеген кезінде есірткі, кәйіп заттарды көп жейтін. Жаратылысынан сараңдығы басым, көп сөзі жоқ, жұмсақ мінезді еді. Сұлтан Ахмет билігі бектердің қолында болатын. (39-40-беттер)

## СҰЛТАН АХМЕТ МЫРЗАНЫҢ СОҒЫСТАРЫ

Ол төрт соғысқа қатысты. (Алғашқы айқасы) Нығымет Арғынға қарсы соғысып, оны жеңді. Енді бірде Омар Шейх мырзамен айқасып, оны да жеңді. Сұлтан Махмұт ханмен қақтығысты.

Сұлтан Ахмет мырза Хайдар көкелтаспен қақтығысып, оны да жеңіп шықты. Сұлтан Ахмет мырзаның әкеден қалған иелігі Самарқан мен Бұхара болатын. Кейін Ташкент, Шахрухия, Сайрамды қаратты. Кейін кенже бауыры Омар Шейх мырзаға Ташкент пен Сайрамды берді. Ходжент пен Ұратепе біраз уақыт Сұлтан Ахмет мырзаға қарады. (40-бет)

(«Сұлтан Ахмет мырза үш соғыста жеңіп, бірінде қақтығысты». С.М.)

## СҰЛТАН АХМЕТ МЫРЗАНЫҢ БАЛАЛАРЫ

Оның екі ұлы болып еді, сәби шағында дүние салды. Бес қызы болды, оның төртеуі Қатақ бикеден туған. Қыздың тұңғышы – Рабиға Сұлтан бике. Сұлтан Махмұт ханға қосқан екінші қызы – Акбике Салиха Сұлтан бикені Сұлтан Масуд мырзаға алып берді.

Үшінші қызы – Айша Сұлтан бикеге мен үйлендім (Бабыр). Жалғыз қыз тапты, ол аллаға жан тапсырды. Әкпесінің сөзіне еріп, менен ажырасты.

Төртінші қызы – Сұлтан бике. Оны Сұлтан Әли мырза алды. Одан кейін – Темір Сұлтан, сосын Мағди сұлтан алды.

Кенже қызы – Масума Сұлтан бике. Оны көріп ұнатып үйлендім. Қызымыз дүниеге келді, босана алмай аллаға жан тапсырды. Қызына шешесінің аты қойылды. (40-41-беттер)

(«Бабырнамада» Сұлтан Ахмет мырзаның бес қызына жеке-жеке тоқталып баяндаған. Мен қысқартып алдым. С.М.)

## **СҰЛТАН АХМЕТ МЫРЗАНЫҢ ӘЙЕЛДЕРІ МЕН КӘНИЗАКТАРЫ**

Оның бәйбішесі – Михр Нигар ханым Жүніс ханның тұңғышы, менің шешемнің жалғыз, кіндіктес әкпесі еді. Тағы бір әйелі – Тархан бике. Енді бірі Тархан бикенің сіңлісі Қатақ бике шексіз билік жүргізіп, шарапқұмар болды. Ахмет мырза өзге әйелдеріне көңіл аудармады. Ақыры - оны өлтіріп, әдепсізден құтылды.

Енді бір әйелі – Ләтипа бике еді. Мырзадан кейін оны Хамза сұлтан алды, одан үш ұл көтерді. Хамза сұлтан мен Темір Сұлтанның қол астындағы сұлтандарды күйретіп, Хисарды алғанымда, ханзадалар да, ұлдары да қолыма түсті. Олардың бәріне бостандық бердім.

Тағы бір әйелі – Хабиба Сұлтан бике еді. (41-42-беттер)

(Ахмет мырзаның алты әйелінен бес қызы болған. С.М.)

## **СҰЛТАН АХМЕТ МЫРЗАНЫҢ ӘМІРЛЕРІ**

Жәнібек Дұлдай – оған Самарқанды басқаруды тапсырды, ал өзін кіші ағалыққа тағайындады. Жәнібек Дұлдай мінезінде тағылық бар еді. Ол Самарқанды билеп тұрғанда өзбектерден елші келеді, оны «бұқа балуан» деп атаған. Жәнібек оған «Сен бұқасың ба? Шынымен бұқа болсаң кел, екеуміз күресеміз» - депті. Екеуі күресіп, Жәнібек жығып кетеді.

Келесісі – Ахмет Қажы бек болатын. Оған Гераттың билігін бірнеше рет берді. Ағасы дүние салғаннан кейін оған ағасының дережесін беріп, Самарқанға жіберді. Ол ақжарқын, батыл адам болатын. Ол Вафаи деген тахалусспен жинақ боларлық өлең жазды. Өлеңдері жақсы болатын. Мына өлең жолдары соныкі:

Ей, мұхтасиб, маспын, мені мазалама,

Сабыр сақта, сауығар сәтімді күт.

Ол бейқам, сондықтан істерін малайлары мен нөкерлері тындырып жататын. Бұхарада Байсұңқар мырза Сұлтан Әли мырзамен қақтығысып, жеңіліске ұшырағанда, Ахмет Қажы бек тұтқынға алынды. Сонда азаптап өлтірді.

Тағы бір әмірі Дәруіш Мұхаммед тархан еді. Бектердің бәрінен оның мәртебесі жоғары болды. Дін жолына берілген нағыз дәруіш, жайдары жақсы адам еді. Шахматты жақсы ойнайтын. Байсұңқар мен Сұлтан Әли мырзаның қақтығысы кезінде көз жұмды. артында із қалмады.

Енді бір әмірі - Әбді әл-Әли тархан. Бұл маңғаз Бұхараны бірнеше жыл билеп, үстемдік жүргізіп, нөкерін үш мыңға дейін жеткізді: оларға қамқорлық жасап, жақсы ұстады. Оның сый-құрметі, сәлем сауқаты, қонақжайлылығы, ас-суы патшалық дәрежеде болды.

Тағы бір әмірі – Сейіт Жүсіп Оғалакшы. Ниеті де, ел басқаруы да жұртқа жайлы, батылдығы да соған сай, қобызды жақсы тартатын. Кабулға келгенімде Сейіт Жүсіп менің қасымда еді, үлкен қамқорлық жасадым, ол соған татитын адам-ды. Әскерім Үндістанға енгенде, оны Кабулда қалдырғам, сол жерде жаратқан иеге жан тапсырыпты.

Келесі әмірі – Дәруіш бек. Ол аса қадірменді Қожа Ұбайдолланың мүридi болды, музыка ғылымына жетiк, өзi де сазда ойнайтын, ақындық та қабiлетi болды. Сұлтан Ахмет мырза Шыршықтың бойында жеңiлiске ұшырағанда, Дәруiш бек суға батып қаза тапты.

Тағы бір әмірі – Мұхаммед Мазид тархан Түркістанға билік жүргізді. Оның жарлығы да, билігі де үйлесімді еді, бірақ ұятсыз, азғын адам болатын. Самарқанды басып алғанымда, ол маған

келді, сонда шарапатымды тигіздім; Құлмәлике айқасында қаза тапты.

Келесі әмірінің бірі – Бақи тархан; Сұлтан Ахмет мырзаның немере бауыры. Оған Бұхараны билетті. Тасы өрге домалады. нөкері бес-алты мыңға тартып, бағынып қызмет етті. Дабуси қорғанында Шайбанимен айқасып, жеңіліске ұшырады. Құс баптауда Бақи алдына жан салмаған, жеті жүз қыран құс ұстапты. Мұнан өзге ауыз толтырып айта қоярлықтай ерекше қасиеті болмады. Даңқы асып, байлығы тасып, жамандық көрмеген жан. Бақи тархан Ахси аймағында дүниемен қоштасты.

Әмірлерінің ендігісі – Сұлтан Құсайын Арғын Қаракөлде билік жүргізді жөн-жосығымен, көңілге қонымды іс атқарды, менің қарауымда көп уақыт қызмет етті.

Құлмұхаммед Бұғарай әмірі батылдығымен көзге түскен.

Әбді әл-Кәрім Ишрит әмірі ұйғыр еді, Сұлтан Ахмет мырзаның тұсында кіші аға міндетін атқарды, дарқан да қайратты жан болған.

Сұлтан Ахмет мырза дүние салғаннан кейін, Сұлтан Махмұт қиындықсыз күш жұмсамай-ақ таққа отырды. Тарпаң билеуші тізгінді қолға алысымен, кеңшілікті жойып, қысым жасады. Өзі сияқты бектердің үлкен-кішісі бәрі де нөкерлері мен малайлары қатыгез, бұзақы болды. Бірде Хұсрау шаһтың нөкері әйелін тартып әкеткен адам Хұсрау шаһқа келіп, шағым айтыпты, сонда ол: «Әйелің сенің қойнында бірнеше жыл жатыпты, енді оның қойнында да бірнеше күн жатсын» деп жауап қайтарыпты.

Жасырғанмен жанның ауру жарасын,

Өліміңмен әшкере боп қаласың.

Осал деме жүректің де наласын.

Ол аһ ұрса, жанартау боп жанасың.

Қайырымсыз зұлымдығы, бұзақылығы асқындаған Сұлтан Махмұт Самарқанды бес-алты ай ғана биледі. (42-43-44-45-46-беттер)

(«Сұлтан Ахмет мырзаның он бір әміріне жеке-жеке тоқталып, атқарған істері мен мінезі, әдеп, олардың ақырына дейін толық баяндап жазған Бабырнама кітапта». С.М.)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

«Әйелдердің арасынан Исан Дулат бике әжем сияқты ақылды да, парасатты адам сирек ұшырасады. Ал басқарудың жөн-жосығы әжемнің ақылымен шешім тауып жататын». (46-бет)

Хасан Жақыпты тақтан түсіру мақсатымен мен Шаһризабқа бардым. Хасан Жақыптың бектері мен адамдарын тұтқынға алдық. Кіші аға дәрежесімен Әндіжан билігіне Қасым Қаушын тағайындалды.

Хасан Жақып түнделетіп қоршауға алып, ата бастады. Түнгі қарбаласта өз адамының бірінің жебесі Жақыптың бетіне тиді. Ол қашып кете алмай, өз ісінің құрбаны болды.

Бір зұлымдық жасасаң, тартасың бір зардабын,  
Өзгерте алмас ешкім де табиғаттың заңдарын.

Бұл жылы әлдеқалай күдікті тамақтан тартынып, тіпті пышақ, қасық, дастарқан атаулыдан да сескеніп, абайлайтын болдым. Түнгі намазды да қаза жібермедім.

Екінші раби айында Сұлтан Махмұт мырзаға қатты дерт жабысып, алты күн дегенде дүниеден қайтты. Ол қырық үш жыл өмір сүрді. (46-47-беттер)

## СҰЛТАН МАХМҰТ МЫРЗАНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ ЖӘНЕ ШЫҚҚАН ТЕГІ

Он сегіз елу жетінші жылы дүниеге келді. Сұлтан Әбу Саид мырзаның үшінші ұлы, Сұлтан Ахмет мырзаның кіндіктес бауыры. (47-бет)

## СЫРТ КЕЛБЕТІ, АДАМГЕРШІЛІГІ

Ол орта бойлы, ұзын селдір сақалды, түйық мінезді, етжеңді адам. Адамгершілігі, іс-әрекеті жосықты еді, намазды құр жібермейтін, ел басқаруы, тәртіп орнатуы жоғары дәрежеде болатын. Есеп ғылымына жүйрік болатын, оның рұқсатынсыз

бір дархем, бір динар жұмсалмайтын, нөкерлерінің жолақысын уақытында беріп тұратын. Ол қаталдыққа, зинақорлыққа бейім-ді; шарапты үзбей ішіп, көптеген пашша бала ұстайтын. Оның иелігінде өңі сұлу, сүйкімді балғын жас бала болса оны қандай бір айла-амалмен алғызып, пашшалыққа алатын. Өзінің бектерінің балаларын, өз ұлдарының бектерін, тіпті емшекте бауырларының балаларын пашшалыққа пайдаланады. Бұл жиренішті істің етек алғаны соншалық, пашша бала ұстамайтын адам болмайтын. Қаталдық пен бұзақылық, зинақорлық Сұлтан Махмұт мырзаға бақытсыздық алып келді, оның ұлдарының бәрі жас кезінде дүние салды. Су жүрек, әрі ұятсыздау, төңірегіндегі думаншыл дос-жарандарын, ұяттан безген жұрт көзінше не масқара жасамады. Сұлтан Махмұт мырза быдықтап сөйлейтін, сөзін бірден ұға алмайсың. (47-48-беттер)

## СОҒЫСТАРЫ

Ол екі рет айқасты, екеуінде де жауы Сұлтан Құсайын мырза болды, екеуінде де жеңіліс тапты. (48-бет)

## ИЕЛІКТЕРІ

Сұлтан Әбу Саид мырза оған Астрабадты берген. Кейін Қаха мен Құхтан тауының оңтүстігінен Хұтталан, Құндық, Бадахшан Сұлтан Махмұт мырза дүние салғаннан кейін оның иелігі Сұлтан Махмұт мырзаның қолына көшті. (48-бет)

## БАЛАЛАРЫ

Бес ұлы, он бір қызы болды. Ұлының тұңғышы – Сұлтан Масұд мырза, оның шешесі Ханзада бике.

Енді бір ұлы – Байсұңқар мырза; оның шешесі Пашша бике.

Келесі бір ұлы – Сұлтан Әли мырза; оның шешесі Зухра бике.

Тағы бір ұлы – Сұлтан Құсайын мырза; оның шешесі Ханзада бике.

Тағы бір ұлы – Сұлтан Уәйіс мырза; оның шешесі Жүніс ханның қызы, менің шешемнің сіңлісі Нигар ханым.

(Он бір қызына да түгел тоқталып өткенінің бір-ақ қызына ғана тоқталам. С.М.)

Бесінші қызы – Зейнеп Сұлтан бике. Оған үйлендім, екі-үш жыл өткенде о дүниеге аттанды. (Бабыр үшінші осыған үйленген) (49-бет)

## **СҰЛТАН МАХМҰТ МЫРЗАНЫҢ ӘЙЕЛДЕРІ МЕН КӘНИЗАКТАРЫ**

Мырзаның бәйбішесі – Ханзада бике, оны өте жақсы көрді. Масуд мырзаның анасы болатын.

Мұнан кейін – Мір Бұзырғанның немересін алды, ол бес қыз, бір ұл көтерді.

Тағы бір әйелі – Пашша бике. Ол бір ұл, бір қыз көтерді.

Келесі бір әйелі – Сұлтан Нигар ханым.

Оның кәнизактары мен ашына әйелдері көп болған. Соның бірі өзбек қызы Зухра бике аға, ол бір ұл, бір қыз көтерді.

Жоғарыда әңгімелеген әйелдерінің екеуі екі қыз тапты. (50-бет)

(Сұлтан Махмұт мырзаның кәнизактары мен ашына әйелдерін қоспағанда нақты жеті әйелі болған. Олардан бес ұл, он бір қыз көрген. Қаталдық пен бұзықылық, зинақорлық және өте жиренішті ісі - пашша баланы көп ұстағаны Сұлтан Махмұт мырзаға бақытсыздық әкеліп (қарғыс атып), ұлдарының бәрі дүние салған. («Әр нәрсеге бір зауал» деген осы. С.М.)

## **СҰЛТАН МАХМҰТ МЫРЗАНЫҢ ӘМІРЛЕРІ**

Хұсрау шаһ – Сұлтан Махмұт мырзаның көңілінен шығып, оған оңды көзқараста болды. Оның жеке нөкерінің өзі бес-алты мыңға жетті. Түрікпен шықса да дарқан, қонақжай, дастарқаны берекелді еді. Ол дүниеқор, пайдакүнем, соған қарамастан алаған қолы берген де еді.

Сұлтан Махмұт мырза өлгеннен кейін, оның балаларының



тұсында Хұсрау шаһ дүрілдеп, нөкерлерінің саны жиырма мыңға тартты. Ол тамақты баппен ішіп, намазды құр жібермегенімен, адалдығы жоқ, бұзық, ұғымсыз топас, опасыз адам болатын. Алдамшы өмірдің бүгін бар, ертең жоқ елесті қызығына бола ол құдай алдында құл да, ал адам алдында – құныкер сондықтан оған өлгендер қайта тірілгенге дейін лагнет айтса да сауап болар еді. Ол жалған өмірі үшін қаншама ақымақтық істер жасады. Сан мың нөкер ұстағанымен ең болмаса мекиенмен да айкасып көрген емес. (50-51-беттер)

(Хұсрау шаһты – жақсы-жаман іс-әрекетін отыз бір түрге бөліп жазған. С.М.)

Келесі әміршісі Мұхаммед Елші Бұға Хазараспимен айкасты, жұдырықтасып соғысты, ер жүрек адам болды. Мырзаға үзбей қызмет етті, мырза мұнымен кеңесіп, санасып іс бастайтын. Сұлтан Құсайын Құндызды қоршауға алғанда, аз адаммен қарусыз, қалқансыз түн жамылып шабуылдады. Бірақ амал қанша, қарулы әскерге қарусыз топ төтеп бере алмай, суға кетіп қаза тапты.

Тағы бірі – Уәли әмір. Нөкерлерін жақсы ұстады. Тілі қыршаңқы, жұрт арасында лаң түсіргіш, шағыстырғыш, менмен, ой-өрісі тар, өзінен басқа жанның ісін құптамайтын.

Енді бір әмірі – Айюб. Ержүрек адам болатын. Тамақты талғап ішетін, киімді сәндеп киетін, қалжыңбас, сөзшең адам-ды.

Шейх Абдолла Барлас. Бұл әмір салтанатты шапан киіп жүретін сәңқой, қайырымды, жұмсақ мінезді адам-ды.

Енді бір әмірі – Махмұт Барлас. Ол бек атанды. Диуана құрастырушы ақын еді. (53-54-беттер)

(Сұлтан Махмұт мырзаның алты әмірлері болған. Соның бәріне жеке-жеке тоқталып, іс-әрекеттері мен мінезі, әдетінің жақсы-жаманын ашып жазып, өлімін де баяндап отырған. С.М.)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ БІРІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

Темір бек тұрғызған зәулім гимараттың бірі – Коксарай Самарқан арқасында болатын. Гимараттың ерекшелігі мынада еді: Темірдің қай ұлы болса да билікті қолға алғанда, таққа осында

отырады, таққа таласса да осында басы алынады. Сондықтан да: «Бәленше ханзаданы Көксарайға жөнелтіпті» деген сөз - өлтіруге әкетіпті дегенді білдіреді. (59-бет)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ ЕКІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

«Бірнеше сарай бектері Хиабанда Байсұңқар мырзаның адамдарымен қақтығысып қалды. Ахмет Таңбалдың тамағына найза сұғылыпты, бірақ ол аттан түспей кетіпті». Қожағи Молда желкесіне жебе тиіп, жан тапсырды. Бұл өте жақсы адам еді. Менің әкем де оған қайырымдылық жасап, мөр сақшысы етіп тағайындады. Оның ғылымға ынтығы бар, араб тілін жақсы біледі. Өлеңді жақсы қиыстыратын, қыран құс баптап, жаңбыр жауғызу да қолынан келетін». (62-бет)

«Әке мен бала арасындағы келіссөздердің насырға шапқаны соншалық, ақыры әке ұлға қарсы, ұл әкеге қарсы Балқы мен Астрабадқа әскер жөнелтті. Рамазан айының алғашқы күні сәрсенбіде Бадиг аз-Заманның күл-талқаны шықты, оның таңдаулы сарбаздары қолға түсті. Сұлтан Құсайын мырза ұлын жеңген сайын осылай жасады: қолға түскен нөкерлерінің бәрінің басын шапқызды. Амал қанша, кінәлі әке емес, әкенің айтқанына көнбеген қияңқы ұл!» (Бадиг аз-Заман) (63-34-беттер)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ ҮШІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

«Адам баласы мекендеп тұрған жер әлемінде Самарқан сияқты жайлы қала ұшыраспайды.

Темір бек Самарқанды астана жасады; дін заманының жүйесі бойынша «Хидаидан» маңызды кітап болған емес». (67-бет)

«Самарқанда және оның айналасында Темір бек пен Ұлықбек мырзалардың көптеген ғимараттары, бау-бақшалары бар.

Самарқан ғимаратында Темір бек төрт құлақты үлкен құрылыс көтерді, оны Көксарай деп атайды. Темірбек бек екі жеміс бағын

ектірген. Тағы бір бакты Темір бек Құхақ төбесіне ектірген». (68-бет)

«Темірдің немересі Жаһангер мырзаның ұлы Мұхаммед Сұлтан мырза Самарқан камалының сыртына медресе салдырды. Темір бектің және оның Самарқанды билеген ұлдарының бейіті сол медресеге қойылған.

Ұлықбек мырза салдырған құрылыстан камалдың ішінде сақталғаны медресе мен ханақа. Ханақаның күмбезі өте биік. бүкіл әлемде мұндай биік күмбез онша көп емес. Медресе мен ханақаға жақын жерге тамаша монша салдырған: «Мырза моншасы» деп атайды. Ұлықбек мырза Құхақ төбесінің етегіне обсерватория салдырған. Мұнда жұлдыз кестесін құрастыратын жабдықтар бар. Меніңше, бүкіл дүниежүзі бойынша жеті немесе сегіз обсерватория ғана салынған. Құхақ жотасының беткейінен Ұлықбек мырза бақ орнатты». (69-бет)

«Бақта демалып отыратын айван бар, оның керегесінің төмен жағы фарформен қапталған, мұны Шыныхана деп атайды, арнайы адам жіберіп, Қытайдан алдыртқан.

«Жаңғырық мешіт». Егер мұнарасының астынан жерді тепсеңіз. мұнараның ішкі бетінің барлық жерінен жаңғырық пайда болады. Мұның құпиясын ешкім білмейді.

Сұлтан Ахмет мырзаның тұсында ұлысы бар. кішісі бар – бәрі де Самарқанға көптеген бақ отырғызды. Мұның бір ғана кемшілігі – үлкен өзенінің жоқтығы». (70-бет)

Темір бек Кеште медресе мен мавзолей де тұрғызды. Жаһангер мырзаның, тағы басқа балаларының бейіті сонда». (72-бет)

«Темір бек Самарқанның билігін әуелі Жаһангер мырзаға. ал Жаһангер мырза дүние салғаннан кейін оның үлкен ұлы Мұхаммед Сұлтан ибн Жаһангерге тапсырды. Шаһрұх мырза бүкіл Мауараннахр аймағын үлкен ұлы Ұлықбек мырзаға берді. Ұлықбектен оның өз ұлы Әбді әл-Латиф мырза тартып алды. Өмірдің жалған қызығына, рақатына елігіп, ол өзінің туған әкесіне қол жұмсады. Ұлықбек қаза тапқан жылы бір тарихи жазбада мынандай деп дұрыс көрсетілген:

Ұлықбек ақыл-ойдың теңізі еді,  
Ғылымға әр айтқаны негіз еді.

Тарихқа баскесер деп ат қалдырып,  
Өлтірген оны Аббас дегізеді.

Бірақ оның өзі де (Әбді әл-Латиф) бес-алты айдан артық билік жүргізбейді. Мынандай өлең жолы бар:

Әкесін өлтірген ұл патша болмас,  
Болса да алты айға толар-толмас.

Оның өлімінің тарихы мынандай:

Хұсрой мен Жамшидтей Әбді әл-Латиф ер еді,  
Феридун мен Зардушт колымен тең еді.  
Оны Баба Хасан жұма күні кеште атты,  
Тарихта «Баба Хасан кісі өлтірді» дереді.» (73-бет)

(Бабыр Ұлықбек ақыл-ойдың теңізі екеніне тәнті болып, игі істерінен жазғаны Бабырнамада жиі кездесіп отырады. С.М.)

«Үш-төрт күн тілім байланып қалып, аузыма мақтамен су тамызып отырды. Айыққаннан кейін бұл жолы мен Самарқан қаласында жүз күн патшалық құрдым. Әли Дұст Тағай Әндіжан камалын жауға тапсырыпты.

Төсек тартып жатқанымда Ұзын Хасан әндіжандықтарға: «Ағзамның тілі байланып қалыпты, аузына мақтамен су тамызып жатыр» деп жар салады. Ол бұл сөзінің дұрыстығын дәлелдеу үшін Әли Дұстың алдында құран ұстап ант береді. Әли Дұст Хакан қақнасында еді. Жаудан елші шақырып, камалды өткізіп береді. Бар әңгіме ол адамның екіжүзділігінде, опасыздығында, адамгершілігінің жоқтығында болатын». (76-бет)

«Қожа Маулана-и Қазі ғажайып адам еді. Оның бойында қорқыныш, үрей деген мүлдем болмайтын, ондай жүрегінің түгі бар батыл адамды еш жерден көрген емеспіз. Әндіжанға бола Самарқанды қолдан шығардық. «Тоқал ешкі құдайдан мүйіз сұраймын деп, құлағынан айырылыпты» деген мәтел осындайdan айтылған болар; бұл басыма түскен ауыр жағдай болды». (77-бет)

«Қасымда қалған бектердің, жанашыр сарбаздардың көпшілігінің бала-шағасы Әндіжанда болатын. Әндіжанды қаратудан мүлдем үміт үзілген үлкенді-кішілі бектер мен

сарбаздар менен іргесін аулақтатты, ал менің қасымда қалып, азап шегіп, елден кетуге бел байлағандар атақтысы бар, атаксызы бар екі жүзден көп, үш жүзден аздау болды. (Осылардың біразының аттарын атай келіп. С.М.) Бұл жағдай жаныма қатты батты, көзімнің жасын тыя алмай, көп жыладым.» - дейді Бабыр (78-бет)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ ТӨРТІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

«Біз Самарқан мен Әндіжанға бірнеше рет аттандық, бірақ ештеме тындыра алмадық та, Ходжентке қайта оралдық». (81-бет)

«Жүз немесе екі жүз нөкерім бар адамның да тіршілік етуі қиындау; дүниеден алар үлесі бар адам ол жерде қалай қол қусырып отырады». (82-бет)

Баруға татыр қай мекен,

Сарқылмас байлық бар ма екен?

Осындай толқудан, күдіктерден кейін байыз тауып отыра алмай, әрі-сәрі ойда сенделіп жүрдік. (83-бет)

«Мен Маргиланнан күн шыға атқа отырып, сол түні Әндіжанға келіп жеттім. Екі жыл бұрын қолымнан шығарылған әкемнің иелігіне құдайдың рақымымен зу-лкада айында қайтадан қолым жетті». (86-бет)

«Бұл адамдар ғой заңды бұзды, өсек таратты, біздің жақын-жарандарымызға, мұсылмандарға опасыздық жасап, әділет жолдан тайды. Егер оларды жазаламай, таныған заттарын, мүлкін өздеріне қайырсын деп жарлық берілсе ше? Осындай айыппен құтылса құлшылық етер деген ақылға келдік. Ойланбай берген осы жарлықтың кесірінен Әндіжаннан екінші рет кетуге мәжбүр болдық». (87-бет) (Қысқартып, әр сөзді теріп алдым. С.М.) («Кешірім жасаған кесірінен Әндіжаннан екінші рет кетуге мәжбүр болған». С.М.)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ БЕСІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

Хұсрау шаһ Байсұңқар мырзаны Құндызға шақырып

алып, бұл арам ниғылды, рақымсыз адам үстемдікті, билікті армандап, тұрпайы, дарынсыз, қабілетсіз, тексіз, үрім-бұтағынан жарымаған, қолынан мандымды іс келмейтін, жөн-жосықты, келіп-кетерді білмейтін қара күштің иесі, бойына ерлік бітпеген, ұяттан жұрдай, әділеттіктен ада, опасыз Хұсрау шаһ Байсұңқар мырзаны бектерімен тұтқындап, Байсұңқар мырзаның мойнына қыл арқаннан бұғау салды. (Хұсрау шаһтың жағымсыз мінез-құлқы, әдетін он сегіз түрге бөліп жазған. С.М.)

Ол дарынды, кемеліне келген, жеке ерекшелігімен көзге түскен, текті жерден шыққан, жақсы атаның баласы падишаһты қорлаған күн – мұхарраманың оныншы күні еді. Оның бектері мен дос-жарандарының да біразын Хұсрау шаһ өлтірді. (91-бет)

## **БАЙСҰҢҚАР МЫРЗАНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ ЖӘНЕ ШЫҚҚАН ТЕГІ**

Он сегіз жүз сексен екінші жылы Хисар аймағында дүниеге келді. Сұлтан Уәйіс мырзадан үлкен, Сұлтан Масуд мырзадан кіші. Сұлтан Махмұт мырзаның екінші ұлы. Оның анасы Пашша бике.

## **ОНЫҢ СЫРТ КЕЛБЕТІ**

Ол тостаған көз, жалпак бет, орта бойлы сымбатты жігіт болатын.

## **МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ, ӘДЕТІ**

Бұл әділетті, биязы мінезді, ер көңілді, атағына сай падишаһ болатын: дін жолынан ауытқыды. Өте шарапқұмар. Оның дарқандылығы мен сый-сияпаттылығында байсалдылық, ұстамдылық болатын, құсни тәсілімен мәнерлеп жазатын, сурет сызуға да қолы епті болатын, өлең де жазатын, оның алғашқы өлең жолы мынандай:

Көлеңкедей құбылам әлсіздіктен,  
Өзің демеп, қолтықтап сүйемесең.

Мырзаның өлеңін білмейтін үй жоқтың қасы.

## ОНЫҢ АЙҚАСТАРЫ

Ол екі айкасқа қатысты, бірінде Сұлтан Махмұт ханмен шайқасты. Қанбай түбінде жаудың быт-шытын шығарды. Үш мың-төрт мың моғолдың басын ал деп жарлық берді. Келесі жылы Байсұңқар мырза Бұхара түбінде Сұлтан Әли мырзамен айкасып, жеңіліс тапты.

## ОНЫҢ ИЕЛІГІ

«Оның әкесі Сұлтан Махмұт мырза оған Бұхараны берді. Байсұңқар мырзаны Самарқанның әкімі деп жариялады. Байсұңқар мырзадан тұқым қалған жоқ». (89-90-91-92-беттер)

«Жаһангер мырза мен Таңбал маған қызмет етуге кірісті».

«Әкесінің көзі тірісінде маған айттырылған Сұлтан Ахмет мырзаның қызы Айша Сұлтан бикеге шағбан айында үйлендім. Ол менің некелескен алғашқы жарым ғой, ұялып, он, он бес-жиырма күнде бір барып жүрдім. Айына немесе немесе қырық күнде бір анам – Ханым оған бармағаныма қоймай мені қуалап жүрді». (97-бет)

«Сұлтан Әли мырза Шайбани ханға Самарқанды беріпті деген хабар жетті. Сұлтан Әли мырзаның анасы Зухра Бике-аға ақылсыздығынан Шайбани ханға жасырын хат жазып жіберіпті. Хаттың мазмұны мынандай: «Егер Шайбани хан онымен некелесе, онда баласы Сұлтан Әли мырза Шайбани ханға Самарқанды береді.» (Солай болды да.) Сұлтан Әли мырза өзінің қылығына өкініп, бармағын тістеді.» (101-бет)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ АЛТЫНШЫ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

«Бұл бақытсыз әйел ақымақтығынан азап шекті, еркекке ынтық болып, туған баласын дүние-байлықтан, тактан айырды. «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген мәтел осындайдан айтылған шығар». (101-бет)

«Шайбани хан Сұлтан Әли мырзаны Күлбе алаңында о дүниеге жөнелтті».

«Оның ақталғаны қылмыстан да жаман» деген мәтел бар.

«Біз өзіміздің астанамыздан, елімізден айырылдык. Енді қайда барып, қай жерге тұрақтауымыз беймәлім». (102-бет)

«Он төрт күнде Самарқанды қараттық. Әулие Қожа Ұбайдолла түсіме кірді». (104-бет)

«Астана қала Самарқан жүз қырық жылға жуық біздің шаңырақтың қолында болды. Бұл өзбектің қайдан шыққан жау екенін білмеймін, қайтадан біздің билігімізге көшті. Мен Самарқанды басып алғанымда, біріншіден, он тоғыз жаста едім». (106-бет)

«Тағы да айт тарихты сөзіменен ақылдың,

Жеңісінің бағасын айт, «Жеңімпаз баһадүр Бабырдың» - деп ақындардың бір жырлағаны жадымда қалыпты.

Айша Сұлтан бике босанып, қыз тапты. Бұл менің тұңғыш нәрестем, қырық күннен кейін ол алла тағаланың жазуымен о дүниеге бет бұрды». (107-бет)

«Самарқанды екінші рет алғанымда Молда Беннаи мынадай рубаят жазып, маған оқып берді:

Тіске басар түйір дән жоқ үйімде,

Иыққа ілер жоқ қой менде киім де.

Ішер ас пен киер киім болмаса.

Қолым қалай жетпек өнер, білімге.

Осы сарынмен бірер өлең құрастырдым, оны Молда Беннаиға жіберіп отырдым.

Мөр басылды сен қалаған жарлыққа.

Беріледі жалақы да, сыйлық та.



Толады енді үйің ас пен киімге,  
Қайталанар деп жоқшылыққа күйінбе.

Молда Беннаи екі жолдың ұйқасына ырық беріпті.

Мырзам менің патшасындай құрлықтың да, судың да,  
Әлемге әмір жүргізуге лайық болып тудың ба?  
Әншейін бір лебізге сый көрсеттің осынша,  
Асыл сөздер айтуға енді шықтым белді будым да.

Қожа Әбу-л Барақтың жазған рубаиы мынадай:

Әділетсіздік үшін бір тағдыр жіберген,  
Кең пейіл сұлтан кешірім сұрап жүр елден.  
Төгіліп енді онсыз да орта ыдысым,  
Толатын кезі келді деп енді білем мен.

Сол қыста біздің тасымыз өрге домалап, Шайбани ханның шаруасы қожырады.» (108-бет)

«Жылқыға басқа ағаштан көрі тұт пен кара ағаштың жапырағы жақсы азық болады екен. Кейбіреулер кебу ағашты кесіп, жаңқасын суға жібітіп атына берді». (114-бет)

«Накыл бар: «Қамалды ұстап тұру үшін бас, екі қол, екі аяқ керек. Бас – қолбасшы, екі қол – екі жақтан бірдей келер күш-жәрдем, көмек, екі аяқ – камалдағы су мен азық қоры». (115-бет)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ ЖЕТІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

«Шайбани хан бітім туралы әңгіме қозғады (лаж жоқ). Шейх-Зада қақпасынан шықтық, шешем, екі әйелді алып кеттім. Әпкем Ханзада бике Шайбани ханның қолына түсіп қалды.

Ерім ауып, басыммен құладым, сірә, тартпам босаса керек.

Қорқыныш, үрей, жоқтық былай қалып,  
Дүние шыға келді шыр айналып.» (116-бет)

«Аштықтан кейін тойынғанда, қатерлі күндерден кейін

тыныштыққа бөленгенде, өмір бұрынғыдан да тәтті, бұрынғыдан да қымбат көрінеді екен-ау». (117-бет)

«Мен көбінесе жалаң аяқ жүруші едім, жалаң аяқ көп жүргендіктен, табаным көң болып, тасың да, тікенің де сөз болмады». (118-бет)

(Сөз иіні келіп тұрғанда өзімді де ептеп айта кетейін. Бес жасымнан әкеден жетім қалып, төрт баланың үлкені болдым. Шешем ауыршаң болды да, үй тірлігіне алты-жеті жасымнан араластым. Ал он жастан аса бері-ақ колхоздың арбасын айдал, неше түрлі жұмыс атқардым. Сонда қол еңбектің саймандары: айыр, күрек, кетпен, балта, лом ұстағаннан қазір, міне, алпыс тоғыз жасқа келсем де екі алақаным жартылай көң. Қос алақаным бүкір созылып, саусақтарымды жартылай көң, тік жаздырмайды. Балғын жастағы қол еңбек қолға да, аяққа да із қалдырады екен. Тіпті мұнда отбасын құрғаннан кейін де Шыңғысов Амантай деген аға шопанға сақпаншы болып жүргенде қоралы қойды жаяу баққанда, таяқ орнына кішілеу лом ала жүріп, сексеуілдің түбіртегін ала бердім. Сонда екі алақанымның саусақтары мен екі табанымның, бақайшақтарымның арасы күнде суша қанайтын. Ертеңіне денем қызғанша ауырсынған мен осы жұмысты жалғастыра бердім. «Жаныңды қинама, мұны қойғын» десе де әйеліме көнбегенім, қалаға оқуға баратын ойым болған соң, үй ішіме қыстық отынын жиып беріп кету мақсат еді. Бір күні алған отынды жисам, тоғыз арба сексеуіл бір маядан үймек болғанына төңіректегі жұрт таңқалысты. «Сен қой бағып жүріп, мұнша сексеуілді қалай алғансың?» десті. Бала жастан мұндай ауыр жұмыстың талайы бастан өтіп, екі қол мен екі табаныма өшпестей із қалдырды. Бүгінде моншаға түскен сайын екі табанымның көңін ыстық суға жібітіп, темір қырғышпен қырып тұрсам да жартылай көң әлі бар. «О дүниеге аттанғанда сүйегіңе түскен адам табаныңды көріп, ұят болады, сол үшін табаныңның көңін кетір» деп Зәбирам киналады. Менің мұным Бабыр патшаның табанындағы көңге қарағанда түкке тұрғысыз екен ғой. С.М.)

«Мұз қатып, ағысы қатғы орта тұсы қатпапты. Сол арықтың суынан дәрет алып, суға он алты рет сүңгіп шықтым. Ноян Көкелгас мас болып, жардан құлап өліпті. Өлімге ет үйреніп кеткендіктен бе, оқта-текте болмаса онша босай қоймаушы едім.

мына қаза жаныма қатты батты. Ноянның дүние кешу тарихы – «Өлдің Ноян, қор болдың Ноян» деп аяқталды». (119-бет)

Бұлақ жағасындағы тасқа өзімнің мынандай үш өлеңімді қашап жаздырдым:

Жәмшит Фаррук кетерде ақыреттік сапарға,  
Жаға тасқа жазған сөз, айналыпты мақалға:  
«Шөл баспады кімдер кеп, бұл қайнардан жолдағы,  
Кетті бәрі әлемнен – бір күнгідей болмады.  
Жер-жаһанды биледік білекпенен, күшпенен,  
Көрге әкеткен ешкім жоқ, дүние-байлық олжаны.

Хисардан Молда Хаджари деген акын келіп, қызметке алынды. Сол күндері мен мынадай өлең жаздым:

Қандай теңеу табармын сендей асыл арманға,  
Жаным дейді сені жұрт, артықсың ғой жаннан да». (120-бет)

«Ташкенттегі Ханға тарттық. Өлең жазу өнерінің тәсілін жете игерген жоқ едім. Хан талантты адам болатын, өлең жазатын, бірақ толық жазылған газелдері көп емес еді. Осы рубаимді Ханға оқып, өз күдігімді айттым, мынадай еді:

Не ойлайды адам қасіретті сәттерде,  
Шаттана алмас жүрек шіркін жат елде.  
Жат елде мен шаттануды білмедім,  
Еш нәрсеге мәз-мейрам боп күлмедім». (121-бет)  
«Аяқталған газелдің алғашқы жолдары мынадай еді:

Жаннан артық сенімді дос таппадым,  
Құпиямды тек жүректе сақтадым».

«Ходжент өзенінің арғы жағына өтіп, көңіл көтеруге рұқсат еттік. Сол күні белдігімнің алтын тоғасын ұрлатып алдым. Ертеңіне Хан Күли сұлтан Мұхаммед Уәйіс қашып кетті. Жаман кылықты жасаған солар деп ұйғардық». (122-бет)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ СЕГІЗІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

«Ақырында үйсіз-күйсіз мына сенделіп жүрісімнен әбден қажыдым, жүйкем жұқарды. «Осылай жұртқа көзтүрткі болып, бас иілі қорланғанша, бас ауған жаққа, көз көрмес, құлақ естімес жерге кеткен жөн болар» деген ойға келдім». (122-бет)

«Енді биліктен айырылдым, шешем төркінінде, бауырларымен бірге тұрады, саяхатыма бөгет болар ешкім жоқ, ауырлықтың бәрі арқамнан түскен сияқты, өзімді еркін адамдай сезіндім. Туыстарыма мынадай сәлем жолдадым:

Отты сөндірі, сөндіре алар кезінде,  
Өртке айналса өртенерсің өзің де.  
Қолдан келсе жауға болма нысана,  
Жауынды жой, қарауылға тез іл де.

«Кіші хан (Алаша хан) нағашы ағайыммен менің туыстарым жиырма төрт-жиырма бес жыл көріспеген екен. Кіші Хан алдынан шықтық. Хан ұшырасты: аттан түскенімде ағайым бәрін тез ұққандай, абыржып қалды, менімен сән-салтанатпен сәлемдеспек болса керек. Амал қанша, мен таянып қалдым, тізе бүгуге де мұршам келмеді. Қасына келіп, иіліп сәлем бердім. Хан әбігерленіп, сол сәтте Сұлтан Саид хан мен Баба хан сұлтанға аттарынан түсіп, тізе бүгіп, сәлемдесуге бұйрық берді. Хан ұлдарының ішінен осы екеуін алып келіпті.

Ертеңіне нағашым – Кіші Хан (Алаша Хан) иығыма шапан жауып, астыма ертеулі ат мінгізді, иірілген жіппен кестелеген тақия, қытай атласынан тігілген жұқа шапан, шақпақ салынатын қыны бар, ескі үлгідегі қытай белдігін сыйлады. Қын белдіктің сол жағына тағылыпты.

Бәріміз Ташкентке тарттық. Үлкен Хан да алдымыздан шықты. Тізе бүгер жерге жетіп, Кіші Хан тоғыз рет тізесін бүгіп сәлемдесті. Кіші Хан жақындағанда, үлкен Хан да орнынан тұрды: олар қос қолдап амандасып, құшак алмасып ұзақ тұрды. Кіші Хан кейін шегініп, тағы да тоғыз рет тізесін бүгіп тағзым етті. Сыйлығын, тартуын ұсынып, тағы да бірнеше рет тізе бүкті.

Содан кейін Үлкен ханның қасына барып, екеуі қатар отырды».  
(124-бет)

«Мен ылғи да, жайшылықтың өзінде де киімшең, бас киімімді шешпей ұйықтаймын». (128-бет)

«Таңбалдың қалқанын қорамсағына жасырып тастамақ боп, қолымдағы жебемді тарттым. Осы кезде оң жақ санымды тесіп өтті. Таңбал кылышпен осып өткенде, көзім қарауытып кетті, басымның құйқасын ыржитып, кесіп түсті. Семсерім қабында болатын, онымен айналыссам жаудың қоршауында жалғыз қалып қояр едім, тақым бастым; жебе атым жерге дейін қуып салды.»  
(129-бет)

«Ағайым Кіші ханға (Алаша хан) барып сәлем бердім. Бұл жолы мен бұрынғыдан да жақын келсем де шатырдың қоршауының шетіне дейін жүгіріп келіп сәлемдесті. «Бауырым, сені батыр дейді ғой» деп мені қолтығымнан ұстап, шатырына кіргізді.

«Қамбар Әли маған қатарласа келіп: «Аңғардыңыз ба, олар табан астында бар жеріңізді алып қойды» - деді. Қазірге Ош. Маргилан. Үзкент аймағы сізге қарап тұр. Сұлтан Ахмет Таңбалға адам салып, иелікті бөліп алыңыздар» - деді.

Мен оған: «Әділетсіздік болмай ма? Хандар менің туыстарым емес пе? Таңбалдың патшасы болғаннан гөрі, солардың қызметшісі болғаным артық емес пе?!» - деп қайырып тастадым».  
(130-бет)

«Жарақатымды емдеу үшін моғол сынықшысы Атыға бақсыны жіберіпті. Сүйек салуға өте шебер екен. Тіпті сүйегінен жұлыны шығып кеткен адамдарға да ем қолданады. Қандай жарақатты болса да жазатын. Кейбір адамдардың жарақатын дәрі жапсырып емдесе, енді біреулеріне ішірткі дәрі қолданады. Санымдағы жарақатқа киіз күйдіріп басты, соған қоса бір тамыр дәрі ішкізді.»

«Хандар (Үлкен Хан мен Кіші Хан) өзара келісіп, қасыма бір-екі мыңдай адам қосып, мені Ахсикент жаққа жөнелтті. Ахсикентте Таңбалдың бауыры Шейх Баязид бар еді». (131-бет)

«Таңбалдың іргетасын аулақтап Маргиланнан Жаһангер мырза келді. Моншаға түсіп жатыр едім. Екеуміз сәлемдестік, сол кезде дегбірі қашып, Шейх Баязид те келді. Мырза мен Ибраһим бек Шейх Баязидті ұстап, арқаны босатып алу керек,

деді. Шынтуайтына келгенде істің жөні осыған саяды. «Біз шарт жасастық қой, оны қалай бұзамыз?» дедім.

«Таңға жуық Таңбал екі-үш мың қарулы адаммен келіп, арқаға енді. Онда менде бары жүз шақты ғана адам болды.» (133-бет)

(«Маргиланнан Жаһангер мырза келді. Моншаға түсіп жатыр едім. Екеуміз сәлемдестік, дейді Бабыр. «Моншаға түсіп жатыр едім» деген сөзінен шығады Бабырдың. Көгілдір экранда үш-төрт адамның Шыңғысхан туралы пікір талас сайысы болды. Шыңғысхан оқымаған сауатсыз, қараңғы надан, монша көрмеген деген сияқты оның болмысын кеміткен сөздерді үйіп төкті біреуі. Сонда бұл сөзге біреуі қарсы шығып: «Шыңғысхан ержүрек қолбасшы, сұмдық керемет саясаткер қабілетімен жарты әлем елін жаулап алған ірі мемлекет қайраткері деген сөзін құптамады. Адам баласы өзінің ойына келген жақсы-жаман іс болсын, соны іске асырып, орындайтын әуелі ақыл-айла саясатты қабілет екені әлгі бір қарсы адам танымады, пікірімен санаспады.

Сонда кейбір өте сауатты күнде моншаға түсіп жүрген жоғары-төмен лауазым иелерінің қолынан түк те іс келмей жүргенін күнде көріп жүргенін ой елегінен өткізбегенінен таңқаласың». С.М.)

«Әндіжанға бет алуды жөн көрдім. Қакпа күзеткен атты-жаяулы әскерді қуып шығып, біз қакпаны басып алдық. Ойлап жатуға уақыт тығыз, арқаның ішінде екі-үш мың жаяу, сыртында жүз немесе екі жүздей-ақ адамбыз. Ал Жаһангер мырзаны қуып шыққанда менің адамдарымның жартысы солармен кетті. Бізбен жиырма-отыз ғана адам қалды. Біз жылжығанымыз сол екен, көп адам сау етіп бізге қарай жылжыды. Ат басын жібердік. Жау соңымыздан қалар емес. Санғаға жеткенімізше көп адамдарымызды аттан құлатты. Осы кезде небары сегіз-ақ адам қалыппыз. (Кітапта бәрінің аты аталған. С.М.) Келесі күні бесін намазында кенеттен біздің соңымыздағы бір жотаның астынан бірнеше атты адам шыға келді. Атка қарғын міндік те, зыттық. Қуғыншы жиырма-жиырма бес адам шамасында екен, біз сегіз-ақ адамбыз. Қанша адам екенін білсек жақсылап кескілесер едік.

Біз олардың соңынан іркіліп келе жатқан лек бар ма деп сескеніп, тез аттандық. «Тайталасуға болмайды. Бәрімізді қолға түсіреді. Мықты екі атты таңдап алып, Күли Көкелтас екеуіңіз қос атпен ілгерілеңіздер. Бәлкім құтылып кетерсіздер», деді Хан Күли.

Ақыры жау біртіндеп кейіндеді. Атым болдыра бастады. Хан Күли маған өзінің атын берді. Осы кезде Дұст Насыр мен Әбді Құддысты жау аттан құлатты. Хан Күли де қалып қойды. Біз аттың басын еркіне жібердік. Аты болдырғандар қалып қойды. Дұст бектің аты болдырды. Менің астымдағы ат та әлсіреді. Қамбар Әли маған атын беріп, ол да қалды. Мырза Күли Көкелтас екеуміз қалдық, аттарымыз шабыстан қалды, желіп келеміз. Мырза Күли аты да әлсіреді. Мен оған: «Сені тастап қайда барамын! Өлі болсақ та, тірі болсақ та бірге көреміз» - дедім. «...мен үшін қапа болмаңыз, мүмкін, құтылып кетерсіз» - деді. Жағдайым нашарлады: жалғыз қалдым. Енді екі жау кездесті, оның бірі Баба Сайрами, екіншісі Банда Әли. Олар маған жақындап келді; атым әбден титықтады. Қорамсағымда жиырмадай жебе қалды. Аттан түсіп, мына таспен атқылап, жеткенше садақ тартпайын, деп ойладым. Қуғыншылар оқ жетер жерге таяды. Жебені аяп, садақ тартпадым, жау жасқанып жақындар емес. Сол бұрынғы қашықтықты сақтап, ілесіп отырды. Күн ұясына отыра, тауға жеттім, кенеттен менің қуғыншыларым «Енді қайда барасыз? Жаһангер мырзаны тұтқынға алып кетті. Насыр мырза да солардың қолында, тұтқын болды» - деп айқай салды. Бұл сөз маған оқтай қадалды. Мен жауап қайтпастан ілгері, тауға қарай жылжи бердім. Жау жүрісін тездетіп, менімен жылы сөйлесіп, ізет көрсетті. «Түн болды, жол да жоқ, қайда барасыз?» (бұл екі арада көп оқиғаны қысқарттым. С.М.) Қарнан сайынан шықтық, таңның атуына да аз ғана уақыт қалды. Банда Әлиден: Қалдірбердіге (Гаваның әкімі) кісі жібердіңдер ме?» деп сұрадым. «Жібердік» - деді. Шынтуайтында Ахсикенттегі Таңбалға хабаршы жіберіпті. Біз сөйлесіп отырғанда Жүсіп кіріп келді де, тізе бүгіп, сәлемдесіп: «Сізден жасырар сыр жоқ. Сейіт Баязид бек сіз туралы хабарды естісімен мені осылай жөнелтті». Жүсіп осылай дегенде, денем қатты түршікті, бұл жалған тіршілікте өмірден қымбат не бар? Мен: «Жаназамды оқи берейін» - дедім. Жүсіп ант су ішті, бірақ кім сенеді. Бақтың ішіне бардым. «Адам жүз жасаса да, мың жасаса да ақыры бір өлім емес пе? Одан кім құтылады?» - деген ойға келдім.

Жүз жыл, мейлі бір күн өмір сүре біл,  
Тоқтар бір күн шаттық сүйгіш жүрегің.

Өлімге басымды байладым. Дәретімді алып, құбылаға карап, жайнамазымда екі қайтара намазымды оқып, құдайға жалбарындым. Осы кезде көзім ілініп кетіп, Қожа Ұбайдолла ағзамның немересі Қожа Жакып бір топ ала атты жасакпен келген екен деймін. Ол: «Сізге біз алла тағаладан жалбарынып сұрап, оны патша тағына отырғыздық. Егер оның басына ауыр іс түссе бізді көз алдына елестетсін, біз оған жәрдемге келеміз. Қазір, дәл осы сәтте жеңіс сіз жағында. Басыңызды көтеріңіз, ұйқыңызды ашыңыз» деді. Ұйқымды аштым, дәл осы сәтте Жүсіп даруға мен оның жолдастары күбірлесіп жатыр екен. «Бір айласын тауып, қолға түсіріп, байлап алу керек» деген сөзді анық естідім. «Пиғылдарың осындай екен ғой. Кімді-кім байлар екен, көреміз, жүрегiнiң түгi барларың жакындаңдар бермен карай» - дедiм.

Дуалдың ар жағынан ат тұяғы естілді. Жүсіп даруға: «Егер сізді ұстап, Таңбалға алып барсақ, ісіміз оңға басар еді. Енді сізді ұстау үшін өзі көп адам жіберіпті» деді. Ол бұл ат дүрсiлiн Таңбал жіберген жасактiкi деген сенiмде едi. Сөзiн естiп, не iстерiмдi бiлмей қалдым. Осы кезде салт аттылар бiр мұжылған дуалды құлатып, баса-көктеп жетіп келді. Менің ең сенімді нөкерім Құтлық Мұхаммед Барлас пен Баба-и Паргари, қасында он бес-жиырма адамы бар екен. Аттарынан түсіп, тағзым етті, алыстан тізелерін бүгіп, алдыма таяп, бас ұрып тағзым етті. Мен оларға: «Жүсіп даруғаны ұстаңдар, байлаңдар» дедім. Алды-артына карамай зыгыпты, бiреуiн ғана ұстап қалыпты, байлап алып келдi.

«Қайдан келесiңдер, қалай бiлдiңiздер» - деп сұрадым. Құтлық Мұхаммед Барлас: «Түсiмде Қожа Ұбайдолланы көрдiм, ол менiмен сөйлескендей болып: «Бабыр падишаһ Қарнан қыстагында. Сонда барып, алып қайтыңыздар, өйткені патшалық таққа отыратын адам сол» дедi. Көрген түсiме қуанып, Үлкен Хан мен Кiшi Ханға жорыттым. Мен Хандарға: «Менiң бес-алты бауырларым мен ұлдарым бар. Тағы бiраз жiгiт қосыңыздар, Қарнанға барып шолып қайтайын» - дедiм. Олар маған он адамнан жасак құрып бердi. Бiз осындай әңгiме құрғанымызда Баба-и Паргари да: «Мен де iздеймін» деп екi бауырын ерттi. Бүгiн жол жүргенiмiзге үш-төрт күн болды, алла жар болып, сiзбен көрiсiп отырмыз» - дедi. «Тез кетейiк, сiздiң осында келгенiңiздi Таңбал естiдi». Бiз жедел аттандық та Әндiжанға бет алдық. Екi күннен



бері нәр татқан жоқпын. Бесін намаз кезінде бір кой тауып алып, бір жерге аялдадық та кәуап пісіріп, лықа тойдым. Бес күндік жолды екі күнде жүріп, Әндіжанға жеттік. Хандарға сәлем беріп, басымнан кешкен оқиғаның бәрін айттым. Хандармен төрт-бес ай бірге болдым. Бытырап кеткен нөкерлерім жиналды, олар үш жүзден астам адам болды. Мен: «Бұл Ферғана жерінде кашанғы кезбе болып, сандалып жүре беремін? Одан да өзге жерден бақыт іздейін» деген ой түйдім.» (135-136-137-138-139-140-141-142-беттер)

(Бұл оқиғаны кітаптан көшіру кезінде тек Бабырдың өз сөзінің ең тоқ етер жері осы-ау дегенін әрбір беттерден, әрбір сөйлем арасынан теріп, жазған жерім көп. Сонда ой, болжам басылып, сөйлем жүйесі бұзылып, оқиға барысына нұқсан келіп, түсініксіз тұстары да бар. Осыны ескертемін. С.М.)

Бабырнаманың 129-142 беттерін оқып отырып Бабырдың ерекше керемет қасиетіне көз жеткізіп, ой елегінен өткізсең, оның сұмдық басқыншы бар жан екеніне таңқаласың.

«Қасында жүз сарбазы бар Сұлтан Ахмет Таңбал бізді тосып, топталып тұр екен. Осы кезде қасымда үш адам қалды: Дұст Насыр, Мырза Әли Көкелтас, Кәрімдад. Мен садақтағы жебемен Таңбалдың басынан көздедім де, қайта қорамсаққа қол салып едім, Хан ағайым берген жаңа «Гүлшагир» қолыма ілікті, мұны қимадым, амал бар ма, оны қорамсаққа салып, қайта жебе алғанша екі рет атуға болатын еді» - деп, міне, ағаттығын мойындайды.

Әуелі екі жау: бірі – Баба Сайрами, екіншісі – Банда Әли Бабырға жақындауға батпай, қашықтығын сақтап, жылы сөйлеп, ізет көрсетеді. Кейін келген жау, үшіншісі, - Жүсіп кіріп келіп, тізе бүгіп сәлемдеседі Бабырмен. Бірақ үш жауы да қарулы болса да екі күн бойы торғанмен Бабырға жақындап, байлап алуға батпайды. Сөйтіп олар жалғыз Бабырды ұстап алуға Таңбалға жасақ жібер деп хабар жібереді.

Бабырдың өлімге басын байлап, екі қайтара намаз оқуы, түс көруі, сонда «Жүсіп даруға мен оның жолдастары күбірлеп, «бір айласын тауып қолға түсіріп, байлап апару керек» деген сөзін естіп, «пигылдарың осындай екен ғой, кімді-кім байлар екен, көреміз, жүрегiнiң түгi барларың жақындаңдар бермен қарай» дегенде, олардың жалғыз Бабырға батпағаны. Бабырдың өте тым

сұмдық, керемет қасиетті басқыншысы бар адам екенін алла тағаланың өзі сездіргендей.

Бабыр жайлы: «Құтылық Мұхаммед Барлас та түс көріп, түсін жорытып, Бабыр Қарнан қыстағында екенін, келешекте патшалық таққа отыратын адам сол деуі. Он адамнан жасақ құрып, үш-төрт күн жол жүріп, Бабырды тауып алуы, бұл адам баласында сирек болатын құбылыс.

Бұл өте сирек кездесетін қасиеттер. Бұл тек қана алла тағаланың сүйген құлына ғана кездесетін болар! Демек Бабыр тегін адам емес, сұмдық керемет басқыншысы, екі-үш жолбарысы бар адам екенін мына Қарнан қыстағындағы оқиғаның өзі-ақ көрсетіп тұр демекпін. Үш жауы – Жүсіп даруға, Баба Сайрами, Банда Әли, екі күн бойы Бабырды ұстап алуға батпай жүріп, үшеуі де тізесін бүгіп, ізет етуі бір құдіреттің сыйы емес пе?

\* \* \*

Адам баласына тән, толып жатқан жақсы ортақ қасиеттерді меңгергендер ішінен де әр бір адамның ерекше қабілетінің болмысына қарай ақиқат бағалануы керек. Соның ішінде, әсіресе, Отанын, елін, жерін қорғап, соған қамқор болған қаһармандық қасиет ең зоры болып, бірінші орында тұруға тиісті.

Қазақ халқының сонау арғы түпкі тарихымыздан бастап, хан, би, батырларымыздың аталғаны бар, аталмағаны бар, ең соңғы Кенесары ханға дейін үлкенді-кішілі Отанына, еліне, жеріне өлшеусіз еңбек етіп, алапат шайқасып, аман алып қалған, соған мына атамекеніміз куә. Бүгінде асты-үсті толған байлық ұлан байтақ жерімізге дүниежүзі таңғалып отыруы соның көрінісі.

Біз кейінгі ұрпақ сол Отанын, елін, жерін қорғап, ерен еңбек еткен ата-баба әруағына бас иіп, соларды кейінгі ұрпаққа насихаттап отыруға міндеттіміз.

Біздің қазақ халқының дана, данышпан, кемеңгер, хан, би, батыр, акын, жазушы, тағы басқа сан түрлі рухани саланы меңгерген дара тұлғаларымыз жетерлік екені белгілі. Онда да «ораза, намаз тоқтықта» деп, не киын кезеңдерде Отан, елін, жерін жаудан қорғап, соған қамқор болған ересен тұлғалардың орны ерекше.

Осыған сөз иіні келіп тұрғанда, менің басты ретті тақырыбым «Бабарнаманы оқығанда алған әсерім» атты болғандықтан – Бабыр адам баласына тән барлық жақсы-жаман екі қасиетті де толық меңгерген ересен тұлға. Бабырдың жағымсыз жағын бүгінгі көз қараспен айтар болсақ басқыншы кезеңнің өкілі болғандықтан өз мақсатына жету жолында пенделік кемшілігі аз болмағаны белгілі.

Сонысын, озық ойлылығы, мемлекет қайраткерлігі, ержүрек қолбасшылығы, тарихшы-ақындығы, өсиет айтуы. демек өмірінде не кездесті - соның бәрін талдап, талғап, ой елегінен өткізіп, естелік етіп жазды. Осыларының өзін оның кемшілік пенделігін жуып-шайуы деп сезіндім. Сол үшін де «Бабырнама» кітабы менің қызығушылығымды тудырды, оқырман қауым.

\* \* \*

Біздің халықта терең ойлы ақын, жазушы, тарихшы деген көп. Бірақ олардың жазған ақылды дана сөздерін сезімді асыл текті оқырман оқып алып, соны ел игілігіне іске асыруы сирек.

Бірде бір тележурналист бір қазақты көшеде кездестіріп, «Абай кім, танысың ба?» деп сұрақ қойғанын көгілдір экраннан көрсетті. Сөйтсе әлгі Абайдың өлеңін, қара сөзін оқымақ түгіл, өзінің кім екенін танымайтын адам болып шықты.

Ал енді Отанын, елін, жерін жаудан қорғап, соған қамқор болғандардың ерен еңбегі қай кезде де болсын ұмытылмай, көрініп тұратын болғандықтан ондай тұлғалардың орны ерекше деуім сондықтан (осы сөзім үшін оқырман қауымнан кешірім сұраймын).

«Ақиқаттың кілті салыстыруда» деп, әркімді өз болмысының тең адамына қарай салыстырған жөн шығар. Енді, осы тұста сөз иіні келіп тұрғанда, Бабырға – Бауыржан Момышұлын теңеймін. Өйткені ол Бабыр құсап патша болмаса да, толықтай іс-қимылы, шыншылдығы, кітапқа тек шын-ақиқатты жазуы, демек барлық жағынан Бабырға Бауыржан да ұқсас.

Бауыржан да Ұлы Отан соғысында ержүрек қолбасшы болып, он сегіз мың (18 мың) ерлерді, демек дивизияны басқарды. Екі жүз төрт рет жаумен алапат шайқасты. Осының көбісінде жеңіске жетті. Ақиқат – шыншыл, бірсөзді, ересен қаһарман батыр екенін

дүние жүзіне танытты. Тек ақиқатты жазатын талантты жазушы болып, пенделікке бой алдырмауы, Бабыр сияқты асыл текті, киелі қасиетті екені, оның да керемет айбынды басқыншысы бар, тегін адам емес екенін көрсетті.

«Бір жолы Ұлы Отан соғысының арпалыс ұрыс кезінде сарбаздарымен орман ішінен шыға келгенде Бауыржан Момышұлының киген шинелінің етегі шұрық тесік оқтың ізін көрген адамның жазғанын оқығаным бар. Соншама етегін шұрық тесік еткен ок денесіне дарымауы алла тағаланың сыйы шығар. Ұлы Отан соғысы алғаш басталған тұста, қазақ халқының кейбір ерлік көрсеткен азаматтарын аса көзге ілмеген кезде, Бауыржан Момышұлының ержүрек қолбасшылық, даңқты арпалыста қараңғыны жарқыратқан, жұлдыздай жарық болған сон гана басқа ұлт өкілдері қазақ халқына көңіл бөле бастағанының өзі, оның туған халқының мерейін өсіргені белгілі.

\* \* \*

Енді Бауыржан Момышұлының өз сөзіне жол берейін, оқырман қауым.

«Ойым шолақ, сөзім шорқақ екенін мен өзім де анық сеземін. Бірақ та «көрген көзде, естіген құлақта жазық жоқ» деген қазақтың сөзі бар. Сол себепті көрген-білгендерімді қазақша, орысша тілдермен ұрпаққа өз көзқарасыммен айтып кетуді өзіме парыз санадым. Жазғандарым көп, басылғандары аз. Оған таласып, өкпелеп отырған мен жоқ.

Ұрпақ керегін өзі алады. Осы сенім менде мол. Іздеушілерге бір-ақ ескертпем ғана бар:

Мен өтіріктен аулақпын, өтірік айтсам, имансыз кетейін... Оқырман ұрпақтардың естерінде осы сөзім қалсын деп жазып отырмын.

Менің жазғандарымның бәрі алтын да емес, күміс те емес. Жазғандарымды анықтап, түсініп оқыңдар, қарақтарым. Қатемді түзетуге асықпаңдар. Мен өмір сүрген заман мен сендер өмір сүрген дәуірдің айырмасы жер мен көктей. Заман қайталанбайды. Ұғынып, абайлап оқыңдар!

Адам – пенде. Кемістік әркімде де бар. Кемістігім жоқ деп ойлайтын адамдар – адам емес. Надандықтың үлкен дәрежесі сол

ойда жатыр. Мойныма аламын: менің жақсы қасиетімнен жаман қасиетім аз емес. Құдай маған кемістіктерді аямай төгіп беріпті. Қартайған кезімде ойланып, өткен өмірімді еске алып отырсам, өмірімде көп қателіктер істеппін.

Мен жазушы емеспін. Мен тек қана мемуаристпін, шындықты ғана жазамын. Болған оқиға мен көзіммен көргенімді ғана жазамын.

Жылқының, оның ішінде айғырдың жұмыртқасы ішінде болатындарын ауыл шаруашылық ғылымында «внутряк» дейді. Ал образно выражаясь, біздің партия қызметкерлерінің көбісі – внутряктар. Олармен құдай ешкімді дастарқан басына отырғызбасын. Мен өз басымнан соны көп кешірдім. Обком, райком жиналып, мені қонаққа шақырады. Сондағы сезгенім - адал тамақ, адал дастарқан, ақ ниет дейтін олар отырған жерде бола бермейді екен. Емін-еркін отыру жоқ. Бірін-бірі іштей аңдып отырған кісілер.

Адал асты арам істейді екенсіңдер, ақ дастарқанды харам істейді екенсіңдер, - дедім осындай отырыстың бірінде, маған сөз бергенде. – Бұдан былай аштан оліп, көштен қалсам да, обком мен райкомның үйінен дәм татпаймын. Маналы бері не ішіп, не жегеніме түсінбестен отырмын. Бұдан былай мені қонаққа шақырушы болмаңдар, рахмет!» Отырғандар «ха-ха-ха» - деп өтірік күлісті. Мен ішімнен күлдім».

\* \* \*

Міне, Бабырға – Бауыржанды қалай теңемейсің. Бірақ Бабыр бұдан бірнеше ғасыр бұрын өз бағасын толық алып қойған. Ал Бауыржан әлі толық бағасын алған жоқ. Уақыты жеткенде Бауыржан да толық өз бағасын алуы ақиқат екенін белгілі гой». (С.М.)

## КАБУЛ

### ТОҒЫЗ ЖҮЗ ОНЫНШЫ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

«Өмірімнің жиырма үшінші жылына аяқ басқанымда алғашқы рет иегіме ұстара тарттым.»

«Хорасанға бет алып, Хисар аймағының Лак жайлауына келіп аялдадым. Маған үміт артып, соңыма ілескендер, атактысы бар, қарапайымы бар екі жүзден астам, үш жүзге жетеғабыл адам еді. Олардың көпшілігі жаяу-жалпылы, қолдарына шокпар ұстап, аяғына шоқай киіп, иығына шапан ілгендер еді. Таршылық көргеніміз соншалық, бар-жоғы екі шатырымыз болды. Менің шатырым бала-шағаға тігілді де, мен күркеде тұрдым». (143-бет)

«Үлкенді-кішілі бауырларым азды-көпті жамандық жасағанмен, оларға өшпенділік ойлау маған жат қылық көрінетін де, жамандыққа жамандық жасау әркімнің қолынан келеді деп, көңілімді жұбатадымын». (145-бет)

«Темір бектің мемлекетінде жасына, иелік жер көлеміне, әскерінің санына қарағанда одан асатын әмірші жоқ-ты. (сол кезде)». (146-бет)

«Хұсрау шаһ сәлемдесіп, үш рет тізе бүкті, кейін шегініп, тағы да қайталады, денсаулығымды сұрап, сыйлық тартты, тағы да бір рет тізе бүгіп, тағзым етті». (147-бет)

«Жазмын деген осы! Жиырма мың немесе отыз мың нөкердің қолбасшысы (Хұсрау шаһ) небары бір тәуліктің ішінде біз сияқты қорғансыз, әлсіз, не бары жүз елу нөкері қалған адамның алдына жауын қарсылықсыз, қақтығыссыз, соғыссыз тізе бүктіріп, жығып беруді күдіреттің ісі демеі не дейсіз!?» (148-бет)

«Абакұрыққа келіп аялдадық. Осы жұртта Кахмердге қалған шешеммен, тағы басқа туыстарыммен табыстым; олар жол азабын шегіп, қауіп-қатерден құтылып, аман-есен оралды». (150-бет)

«Бір күні қаланың тұрғындарын үрейлендіру үшін бас жасақтың оң қанат, сол қанат жасақтың сарбаздарына сауыттарына оқ өтпес қалған кигізіп, найза, қылыштарын жалтылдатып камал түбіне дейін барып қайтуға бұйрық берілді. Камалдың тұрғындары қатты састы. Мұқым маған Кабулды өткізіп, қызмет етемін деп адам жіберінгі. Келесі күні Мұқым күллі нөкерлері мен қызметшілерін ертіп, дүние-мүлкін көшіріп, камалды бізге босатып беретін болды.» (151-бет)

«Жаратқан ием жар болып, раби айының бірінші жұлдызында айқассыз, соғыссыз Кабул мен Ғазни патшалығын да, аймағын да менің қолыма бағындыра салды».

«Тау Шаһ-и Кабул аталып, Тау Дағари аңғарынан басталып,

Дех-и Жакып аңғарына дейін созылып жатыр. Бұл таудың беткейі мәуелеген жеміс ағашына толы. Ағаларым Ұлықбек, Уәйіс Атақа мырзалар билік жүргізген, патшалық құрған кезінде, тау қапталына арық тартылған, тау беткейіндегі жеміс ағаштары әлі күнге дейін сол арықтардан суарылады.

«Күл-Гина деген жер бар, ақсүйектер қызойнақ жасап, таманшалаған. Бұл жайында Қожа Хафиздің өлеңі бар:

Басқа да, аяққа да тыным беріп,  
Күл-Гинада бір дәурен сүріп едік. (152-бет)

«Молда Мұхаммед Талиб Муаммаи Кабул арқасына арнап мынадай бәйіт шығарып, Бадиғ аз-Заман мырзаға бағыштаған:

Шарап іш, шайқап Кабул қақпасында,  
Тау, өзен, қала, дала бәрі сонда. (153-бет)

Кабулға төңірегіндегі елді мекендерден жүзім, анар, өрік, алма, айва, алмұрт, шабдал, кара өрік, бадам, жаңғақ мөл алып келетін. Мен бұл жерге шие ағашын отырғызуға жарлық бердім. Қазір де өсіп тұр.

Ыстық алқантың жемісіне жататындар: апельсин, алмұқ, найшаһар, Ламғаннан алып келетін қант қамысы. Мен қант қамысын алып келіп, Кабулға егіндер деп жарлық бердім». (154-бет)

«Кабул аймағының тұрғындары он бір, немесе он екі тілде сөйлейді. Кабул аймағында он төрт тұман бар. Кабул мен Нингнахардың аралығындағы жол өте нашар, үш жерде терең аңғарлар кездеседі, тонаушылар осы жолды ториды. Бұл жолда бұрын елді-мекен болмаған. Қырықсайдың аузындағы Қаратау деген жерге қоныстануға бұйрық бердім». (156-бет)

«Тоғыз жүз он төртінші жылы Адинапұр қамалының үстіртіне бақ орнатқызып, оны Бағ-и Вафа деп атадық, бұл баққа банан әкеліп отырғыздырдым; тамыр салып, жерсініп кетті. Оның алдындағы жылы қант қамысын отырғызған едік, ол да жақсы өнім берді». (157-бет)

«Қасиетті Нұқ пайғамбардың әкесі ұлы Ламаның бейіті Әлишен тұманында. Кейбір жылнамаларда ұлы Ламак, Ламекан деп те атайды». (158-бет)

«Төменгі аймақ Дара-и Нұрға және Атаруга жатады. Малатақұндыдан жоғары таулы елде бұлардың төңірегіндегі жерде мынадай әдет бар: әйел дүниеден қайтқан кезде, оны зембілге салып, төрт бұрышынан көтереді. Кінәсіз болса, онда ол қатты қимылдап, зембіл көтергендерді еріксіз шайқалтып жібереді, олар қайрағ көрсетіп, күшке төтеп берсе, онда табыттағы адам аударылып түседі. Егер күнәлі адам болса, табыт былқ етпейді. Бажауырдың сұлтаны Хайдар Әли Бажауыри елге жайлы ұлық болған екен. сол шешесі өлгенде, дауыс шығартпапты, көңіл де айтқызбапты, басына қара сәлде де оратпапты. Оны зембілге салыңдар, егер ол қозғалмаса, өртеуім керек» - депті. Табытты зембілге салады, шешесі кәдімгідей қимылдайды. Мұны естіген баласы сол сәтте басына қара сәлде орап, жөн-жосығымен күңіретіп шығарып салады.

Шындыққа жанаспайды дегенмен, кімнен сұрасаң да болған іс деседі». (159-бет)

«Нижраудың тауында ұшатын түлкі кездесті. Ұшатын түлкі – мысықтан сәл үлкен жыртқыш. Қыста тауық бордақылайды Нижраудың тұрғындары». (160-бет)

«Дашт-и Шейх жеріне көктемде тары қаулап шыққанда, бұл жер гүлденіп кетеді. Қызғалдақты санатқанымда оның отыз екі-отыз үш түрі бар болып шықты».

«Кенттердің ішіндегі ең жақсысы Исталиф пен Астарғаш. Ұлықбек мырза бұл екі кентті Хорасан мен Самарқан депті». (161-бет)

«Қожа Се-Яран өзен жағасына шынар, емен, арғуан ағаштары өседі. Ағаштардың бұл үш түрі алла тағаланың үш пайғамбарының күдіретімен жаралған деген сөз бар. Мен бұл қайнардың көзін таспен қалатып, оның көлемін он да он кари жиегін цементпен, алибастрмен қаптауға жарлық бердім. Се-Яран қайнарын төбеге шығарттым. Бұл төбенің үстіне дөңгелек үлкен суфа жасатып, айналасына тал отырғыздырттым, бұл бір жұмақ жер болды». (162-бет)

«Ғазниде үш айға дейін ораза ұстайтын адамдар көп. Олар әйел атаулыны жұрт көзінен тасалап, жасырып ұстайды. Кабулды, Ғазниді, Кохат, Банну, Дешт ауғандарын бағындырып, Дұқаны басып өтіп, Аб-и Истаттың бойымен Ғазни төңірегіндегі бір



кенттегі мазардың тасы дұға оқи бастағанда-ақ теңселіп тұрады екен» дегенді естідім. Кейін байқасақ бұл мұжабирлердің қулығы екен. Олар қабірдің үстіне шеңбер кигізіпті, шеңберге тиіп кетсең шайқалады да, тасы қозғалады. Мен мұжабилерге шеңберден алыс тұр деп бұйырдым. Содан кейін олар дұғасын қаншама қайталап оқыса да, тас теңселмей қойды. Мен шеңберді жұлып тастадым да тастың үстіне күмбез орнатқыздым». (163-164-беттер)

«Ғазниде бір қайнар, оған лас нәрсе тастап жіберсең, дауыл тұрып, сел жүріп, нөсер құйып, боран соғады» - деп жазылған. Тағы бір жазбадан Рай Хинда Ғазниде Сабұктегінді қоршап алғанда осы қайнарға лас зат тастап, лайлаңдар деп жарлық беріпті. Сонымен дауыл соғып, сел жүріп, нөсерлі жаңбыр құйыпты; осындай амалмен ол жаудың бетін қайтарыпты».

«Ала ад-дин Жаһансұз Ғұрид бұл аймақты басып алғанда, бөгенді ағытып, сұлтанның үрім-бұтағының бейітін киратып, өртеп, Ғазни қаласын да жойып жібереді, халқын тонап, қырды. Жұртқа жәбір көрсетуге, тонауға келгенде, одан өткен зұлым, қаныпезер жан болған емес». (164-бет)

«Нижрауға қарайтын Пичғанның тұрғындары құсты көп аулайды. Құс аулаушылар асудың аузына тас бекініс жасап, соған жасырынады да, тордың бір ұшын бес-алты қари жерге бекітап қояды. Тордың бір ұшын тасқа бастырады да, екінші ұшының жартысына дейін, яғни үш-төрт қариді таяққа байлап қояды. Таяқтың екінші ұшын тасада отырған адам ұстайды; құс жақындағанда тор көтеріледі де, құстар өздері ұшып келіп енеді. Осындай амалмен көп құс ұстайды, оларды бауыздап та үлгере алмайды». (165-бет)

«Баранның бойына үйрек, тырна, көкқұтан, аққұтан, бірқазан сияқты ірі құстар да өте көп келіп қонады. Бұларды тұзақпен, жіппен де ұстайтын әдістер бар. Ол әдіс мынадай: садақ оғы ұшатындай ұзындықта жіңішке жіп еседі де, бір ұшын қысқа сапты найзаға байлайды, бір ұшына мүйізден жасаған шығыршық жасалады, содан кейін жуандығы білектей бір қарыс таяқша алынады, жіпті сол ағашқа ақырына дейін орайды. Жіпті таяққа түгел орап болған соң, жіптің ұшына мүйіз шеңберді бекітеді. Содан кейін әлгі бір қарыс таяқшаны жіптен шығарып алады, шеңберді қолға енгізеді де, найза байлаған ұшын қарсы ұшын

келе жатқан құсқа лақтырады, сонда найза құстың канатына немесе мойнына тисе, құс оралады да қалпақтай түседі. Бірақ бұл өте қиын әдіс. Бұл тәсіл көбінесе жауынды қараңғы түнде пайдаланылады.

Мұндай түнде құстар жыртқыш, әрі тағы аңдардан қорқып, таң атқанға дейін тыным таппай, ұшып жүреді, әрі төмен ұшады. Қараңғы түнде құстың жолы ағын су, қараңғыда оның қалай аққаны көрініп жатады. Құстар қорыққанынан таң қылаңдағанға дейін, судың үстінде ерсілі-қарсылы бірде төмендеп, бірде жоғарылап ұшып жүреді, осы кезде жіп лақтырылады. Мен осындай жіпті түнде лақтырғаным бар: жіп үзіліп кетті де, құсты таба алмай қалдық. Ертеңіне жіптің үзігіне оралған құсты тауып алып келді.

Көкқұтанның канатынан сұлтандар бас киім тіктіреді.

Күзде жиырма-отыз бас көк шыбықты өзеннің бас жағына алып келіп, ұсақтап сұға тастайды, оны суға тастасымен, балық мас болады да, балықшылар аулап ала береді.

Төменірек ыңғайлы жерге тоқыма тор құрылады. Ол тоқыма тал былай тоқылады: саусақтың жуандығындай үйеңкі шыбығынан тор көз тоқылады, оны судың төмен ағатын жеріне апарып құмыралап қояды, оның төңірегіне тас тастайды, су сарқырап, әлгі торға құйылады да, ары қарай жүйткіп ағып жатады. Су төмен ағады да, балық торда қалып қояды; есеңгіреп қалған балықты үстінен келіп жинап алады, мұндай торға балық көп түседі.

Ламғанатта қыс кезінде балықты өзге, тағылау әдіспен аулайды. Жоғарыдан су ағатын жерге су түбінен шұңқыр қазады да, жағалай қоршап, тас қалайды, су өтетін бір ғана тесік қалдырады да, ошақ сияқтандырып, үстінен де таспен қоршайды. Үйілген тастың астынан су өтіп жатады, ал әлгі шұңқыр балықтың ұясы сияқты болып қалады. Қыстың күні балық керек болғанда осы шұңқырдың бетін ашса, қырық-елі балық ұстайды». (167-168-169-беттер)

«Мен қашанда өзімнің ескі қызметшілерімнен, әндіжандықтардан гөрі, қонақ-бектер мен жат бектерге, жігіттерге жақсы ниетпен қарап, оларға үлесті де мол үлестіретінмін». (169-бет)

«Дариа ханның ұлы Ер Құсайын бізге қызмет ету мақсатымен

Бхирдан келіпті. Үндістанды бетке алдық». (170-бет)

«Мен құсни бабури жазуын ойлап таптым: Үндістанға шекаралас Нингнахарға жеткенімізде, біздің көз алдымыздан мүлдем басқа дүниенің көрінісі ашылды: шөбі де өзгеше, ағашы да басқа, жыртқышы да бөлек, құсы да басқа, халқының әдет-ғұрпы да өзгеше. Мен қайран қалдым, расында да таңғаларлық дүние баршылық». (170-бет)

Жамиге келгеннен соң Биграмды көруге бардым. Мен онда бір үлкен терекке қайран қалдым. Гагианидің ауғандықтарының бастықтарының бірі Хұсрау Гагиани менің қосыма келіп, қызмет етуге тілек білдірді. (171-бет)

Кохатқа шабуыл жасадық. Ауғандықтар көп тұтқындалды, олардың өгіздері мен қодастарын алып, өздерін босаттық. (171-бет)

«Ауғандықтар шайқаса алмайтын жағдайда аузына шөп қыстырып, «Мен – сенің өгізіңмін» дегендей, құлшылық етіп, жауына бас иеді. Қарсылық етер дәрмені қалмаған ауғандықтар тісімен шөп тістеп қолға түсті. Мен тірідей алып келгендердің де басын алуға бұйырдым. Олардың бас сүйегінен күмбез көтердік. Жауынгерлерім санғарды талқандап, жүз немесе екі жүз бүлікші ауғандықтардың басын алып келді. Сол жерде бастарынан күмбез тұрғыздық.» (172-бет)

«Жаһангер мырза Кивидегі санғарды (талқандап) басып алып, көп адамдарының басын кесіп ала келді. Баннуда адамның бас сүйегінен мұнара тұрғыздық.

Кивидің Шади хан есімді бір атакты адамы аузына шөп қыстырып келіп, маған қызмет атқаруға мойын ұсынды. Біз оған тұтқындарды тарту еттік». (173-бет)

«Күзетке шықпаған адамның мұрнын тесіп, қосты айналдырып жұртқа көрсеттік.

Хинді Моғол ауғандықтардың сыйлы, атакты көпестерінің бірі Қожа Қызыр Нуханидің басын шауып алып келді. Бір жаяу ауғандық ол қылышпен Шырым Тағайдың сұқ саусағын шауып жіберіпті». (174-бет)

«Ауыз ашар тойынан кейін іле-шала наурыз келді, мен мынадай ғазел жазып тастадым:

Жаңа ай мен достың жүзін көру елге қуанышты мереке,  
Бір қиырдан сені көрсем, кетер менен сабыр, маза, береке.  
Бабыр. оның бейнесінен наурыздың нұрын көріп арқалан,  
Жетпес оның бір күніне жүз наурыз оралса да қайтадан.» (175-бет)

«Мен бұрын да Құл Баязидтің атқарған қызметі, бірнеше дүркін ерлігі үшін оған жақсы қарап, аспаздықтан бақауыл дәрежесіне өсіргенмін, ал мына жағдайдан соң кейінгі жақта айтқанымдай, оған аса құрметпен қарап, қамқорлыққа алып, игілікті іс жасадым. Расында да ол қайырымдылық, жақсылық жасауға тұратын адам болатын». (176-бет)

«Кейбір жауынгерлер мазар мұжауырларын қуғаны үшін, оларды жазаладым. Сондай сотқар жауынгерлердің бірін парша-паршасын шығартып шапқылатып тастадым. Үндістандағы қасиетті мазар көрінеді.

Синд өзенінің жағасында бір адам үш жүз-төрт жүзден өгіз қуып айдап келген кезі болды. Оның көптігі соншалық, әрбір қостың орнында сондай мал қалып отырды.

Жаһангер мырза менің құлағыма сыбырлап: «Сізді әкім сайлайық» - деді. Мен оған: «Бұл кеңеске тағы кімдер қатысыпты?» деп сұрадым. Жаһангер мырза: «Бақи бек қазір ғана айтты, өзге адамды көрген жоқпын», - деді. «Олардың тобында кімдер бар екен, анықта» - деп ескерттім. Жаһангер мырза нағыз ағайындық көрсетті.»

«Аб-и Истадқа бір құрық жер қалғанда, ашық қызыл жолақ бірдеме көрініп, жабайы қаздар болып шықты: бұл он мың немесе жиырма мың болар, әйтеуір қисапсыз мол. Бұл жерде қаз ғана емес, сансыз құс. Тегінде құжынаған құс жәрмеңкесі десе де болғандай.

Сиви қаласының даруғасын, Шаһ бектің нөкерін қолға түсіріп алып келді. Бұл кезде бізбен Шаһ бектің арасында араздық жоқты. Сондықтан ат-матымен, қару-жарағымен сабақты жібіне тимей, босатып жібердік». (177-178-беттер)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ ОН БІРІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

«Мұхаррам айында менің анам Құтлық Нигар ханым хасбе деген ауруға шалдықты. Оған қан қайнатып берді, қан аз болып қалды. Оны Сейіт табиб деген хорасандық дәрігер күтті. Хорасанның әдетімен сырқатқа қарбыз жегізіп еді, онда да ем қонбады, алты күннен кейін - сенбі күні жаратқан иеме жан тапсырды.»

«Ханымның (менің шешем Құтлық Нигар ханым) Хандардың анасы Исан Дулат бикеден туған Құтлық Нигар ханым – анам.»

«Ұлықбек мырза Памған тауының етегіне Бағ-и Наурызи деген бақ отырғызған. Оның мұрагерлерінің рұқсатымен Қасым Көкелтас екеуміз жексенбі күні шешемнің мүрдесін сол баққа алып келіп жерледік.»

«Шешеме жоқтау айтылып жатқан кезде маған Кіші Хан ағам Алаша хан мен Исан Дулат бике әжемнің дүние салғанын естіртті».

«Ханымның (менің шешемнің) қырқына хандардың (Үлкен Хан мен Кіші Ханды айтады) анасы Шаһ бикем, онымен бірге менің нағашы ағайым Сұлтан Ахмет мырзаның әйелі Михр Нигар ханым және Мұхаммед Құсайын Гурган Дулат Хорасаннан келіп, қайтадан жоқтау айтылып, жекжат-жұрағат түгел егілді. Қырқы өтісімен, киім-кешегін мүсәпірлерге, кемтарларға үлестіріп, құдайысын таратып, құран аударттым. Ағайындардың мауқы басылып, естерін жиып, қаралы ту жығылғаннан кейін Бақи Шағанианидың ырқына көніп, Қандағарға қарай жорыққа аттандық». (182-бет)

«Жаһангер мырза Тепедегі Ұлықбек салдырған ғимараттың жоғарғы қабатындағы айванда отырған-ды. Жер сілкінген кезде, ол төмен қарай секіріп аман қалды. Сол күні жер отыз үш рет сілкінді». (183-бет)

«Қалатқа қару-жарақсыз келдік те, жан-жағынан қоршап алып, шабуыл жасадық. Кіші бек өте батыл жігіт-ті. Ол менің көз алдымда әлденеше рет қылыштасты. Сол шайқаста Кіші бектің көзіне найза сұғып алды: ол осы жарақаттан дүние салды.

... Қайдағы бір ұры келіп, Шарбақтан атым мен қашырымды алып кетіпті». (184-бет)

«Бақи Шағаниани жексұрын қылықтарын да елеп-ескермедік.

Айтарын айтып алып, артын ойлады ма, қайта жалбарынды, бірақ одан түк шықпады. Ол маған кісі жіберіп: «Мен тоғыз рет қылмыс жасағанша кешірім жасалатын болып уәделескен едік қой» - деп сәлем айтыпты. Оның он бір қылмысын тізбектеп айтып жіберіп едім, дымы өшті». (185-бет)

«Ұлықбек мырза салдырған Бостан-Сарайға келіп орналастық». (186-бет)

«Ахмет Жүсіптің қатты толқығаны сондай: «Сіз мүлдем жалаңсыз. Төбеңізден екі-үш жебе зулап өтті», деп қайталаумен болды. Мен оған: «Саспаңыз. Менің көрген құқайым осы ғана ма, ондай оқтың талайы өткен», - дедім.

Хазарлармен (айқаста) Қасым бекке бұл ерлігі үшін Банғаш иелігін силадым. Хатым құсбегі де бұл жорықта көзге түсіп, құсбегілікке тағайындалды. Осы жорықтағы батыл қимылы үшін Қапак Күли Бабаға да қыстак берілді. Мен төрт-бес жүз қой, жиырма бес жылқы қолға түсірдім. Мен шапқыншылыққа екі рет катыстым. Алғашқысы осы жолғы еді. Хорасаннан қайтқан жолда да түрікмен хазарларын шапқанбыз: онда қоралы қой, үйірлі жылқы айдап қайттық.

Біздің адамдар үңгірге түтін салып тұншықтырып, жетпіс не, сексен бе хазарлықты қолға түсірді». (187-бет)

«Рамазан айының он үшінде менің бүйірім солқылдап ауырып, қозғала алмай қалдым; қырық күнге дейін қасымда күзетші күзетіп, төсегімді ауыстырып, жатқызып отырды». (188-бет)

«Ең әуелі Темір бектің тағында отырған ұлы атамыз Сұлтан Құсайын әскер жинап, сан тарапқа ат шаптырып, өзінің балаларын, бектерін жинап, Шайбани хан сияқты қас жауымызға аттанбақ болып жатқанда, қалай қол қусырып қалмақпыз.

Осы жылдың ақырында, зу-л-хиджа айында Сұлтан Құсайын Шайбани ханға қарсы жорық бастады да, Баба Илахка жеткенде, жаратқан иеме жан тапсырды». (189-бет)

## ОНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ ЖӘНЕ ШЫҚҚАН ТЕГІ

Он сегіз жүз қырық екінші жылы Гератта, Шаһрұх мырзаның тұсында дүниеге келді. Сұлтан Құсайын мырза - Әмір Темірдің

ұрпағы; Әмір Темірден – Омар Шейх, одан Байқара, одан Мансұр, одан Сұлтан Құсайын мырза туады; Мансұр мен Байқара – ел билемеген адамдар.

Сұлтан Құсайын мырзаның шешесі Темір бектің немересі Фируза бике болатын. Сұлтан Құсайын мырза Миран Шаһ мырзаның немере жиені, ол әкесі, шешесі жағынан да текті тұқымнан өрбіген абзал билеуші болатын.

Ақа бике Сұлтан Құсайын мырзаның әкпесі болатын. Ол Миран Шаһ мырзаның немересі Сұлтан Ахмет мырзаға тұрмысқа шыққан. Одан Кіші мырза атты бір ұл туды. Кітап оқумен айналысып, ғалым санатына қосылды деседі. Оның ақындық қабілеті де бар-ды, мынадай рубаяты жұртқа әйгілі еді:

Өмір бойы дербеспін деп мақтандым,  
Елгі ұяндау көрсеттім де өзімді.  
Күрт өзгердім махаббатты тапқан күн,  
Ризамын аллаға ашқан көзімді. (189-190-беттер)

## СЫРТ КЕЛБЕТІ

«Ол кыли көз, дене бітімі арыстанға ұқсас, жіңішке белді, мығым кісі еді. Қызыл-жасыл жібек киім, қара елтіріден бөрік немесе қалпақ киіп жүретін. Намаз оқуға үш қайтара оралған сәлдесіне үкі тағып баратын әдеті де бар-ды». (19-бет)

## ҚАСИЕТІ МЕН ӘДЕТТЕРІ

Алғаш таққа отырғанда құтпада он екі имамды еске алмақ болады. Бірақ Әлішер бек, тағы басқалар кеңес беріп, тоқтатты. Буын ауруының кесірінен (Сұлтан Құсайын) намаз оқып, ораза ұстамайтын. Көп сөйлейтін, көңілді, жеңілтек мінезді адам болатын. Заңды қатал ұстайтын. Бірде оның ұлы біреуді өлтіріп қояды, сонда бұл өлген адамның қандас туыстарына құныкерлікке, жазалауға береді. Таққа отырғаннан кейін алғашқы алты-жеті жыл шарапты алмай жүрді де, кейін ден қойып алды.

Оның Хорасанды билеген кырык жылының ішінде бесін намазынан кейін шарап ішпеген күні жоқ. Ол батыл, ер жүрек адам болатын. Темір бектің тұқымында Сұлтан Құсайын мырза сияқты қылыш шабатын қайратты адам болған емес. Өлең киыстыратын қабілеті болатын-ды. Қуатты ел билеуші бола тұра, қошқар, қораз соғыстырып, кептер қуып, баланың қылығын істейтін. (190-191-беттер)

## ОНЫҢ СОҒЫСТАРЫ

Шапқыншылық кезінде өзбектердің жасағын қырып жібергені бар. Бірде Сұлтан Әбу Саид мырза Мұхаммед Әли Бахши бастаған үш мың адамды Сұлтан Құсайын мырза алпыс жігітпен тап басып, быт-шытын шығарған. Бұл даңқын асырып, беделін арттырды.

Тағы бірде Астрабад түбінде Сұлтан Махмұт мырзамен айқасып, жеңіп шықты. Сол Астрабад түбінде Саид ибн Құсайын Садлу Түркменмен айқасып, оны да жеңді. Шынаран түбінде Жәдігер Мұхаммед мырзамен айқасып, оны да жеңді. Жәдігер Мұхаммед мырзаны тұтқынға алды. Ол Хорасанды қолдан шығармай ұстап қалды.

Чакман түбінде Сұлтан Махмұт мырзамен айқасып, жеңіп шықты. Бірде Әбу Бәкір мырза түркменнің тайпасымен бірігіп, Ұлықбек мырзаны күйретіп, Кабулды басып алды да, Хорасан аумағына ауды, сол кезде Сұлтан Құсайын мырза суыт жүріп келді де, оны тұтқынға алды. Өзінің ұлдарының бірі Бадиг аз-Заманды күйретті; енді бірде өзінің ұлдары Әбу-л-Мұхсин мырза мен Қапак мырзаны жеңді.

Бірде ол әскерін Құндызға бастады, бірақ оны қоршағанмен ала алмады. Хисарды қоршап, тағы да жеңіске жете алмады. Өзінің ұлы Бадиг аз-Заман мырзамен соғысып, оны күйретті. (191-192-беттер)

(Сұлтан Құсайын мырза өзі тоғыз соғыста жеңіске жетсе, ұлдарымен екі айқаста жеңіске жеткен. Сонда бәре он бір айқаста жеңіске жеткен. Ал Сұлтан Құсайын екі рет жеңіліс тапқан. С.М.)



## СҰЛТАН ҚҰСАЙЫН МЫРЗАНЫҢ ИЕЛІГІ

Оның билігіндегі аймақ Хорасан болатын. Оның шығысында Балқы, Газни, Бестам, Дамған, ал терістігінде – Хорезм, түстігінде – Қандағар мен Систан жатты. Оның қолына Герат тигенде төбесі көкке екі елі жетпей, күндіз-түні той-думан, сауық-сайран құрып тамашалап жатты. Сұлтан Құсайын мырза қуатты мемлекет құру, қолбасшылық жасаудың азабын тартпаған. (192-193-беттер)

## СҰЛТАН ҚҰСАЙЫН МЫРЗАНЫҢ БАЛАЛАРЫ

Оның он төрт ұлы, он үш қызы болды. Ұлының үлкені Бадиғаз-Заман мырза; оның анасы мервтік Санжар мырзаның қызы еді. Енді бір ұлы Шаһ Гариб мырза бүкір еді. Кемтарлығына қарамай қабілетті, тілмар жан болатын. Ол өлеңді парсыша да, түрікше де жазатын. Оның бір жыры мынадай-ды:

Перизатты бір көрдім де құладым,  
Аты-жөнін, білмей тіпті тұрағын.

Тағы бір ұлы Мұзафар мырза, сүйікті ұлы болғанымен, қылығы, мінез-құлқы жағымсыз болатын. Өзгелерінен артық санағандықтан, мырзаға ұлдары қарсы көтерілді.

Сұлтан Құсайынның Әбу-л-Мұхсин мырза және Қапақ мырза деген ұлдары болды.

Келесі ұлы - Әбу Тұраб мырза: ол хабар-ошарсыз кетті, одан Сұхраб мырза деген бір ұл болды, ол менде қызмет атқарды, бір көзі соқыр еді. Ол бір антұрған адам-ды. Сырт пішіні қандай болса, іші де сондай болатын.

Мұхаммед Мұхсин мырза деген ұлы болды. Батыл, әрі алып күштің иесі болды деп айтады. Ақындық қабілеті болған адам, оның бір өлеңі манадай:

Қара тер боп, от жүрегімен табынып,  
Кімді қудың, шаңға осыншама малынып?

Тағы Фаридун Құсайын мырза деген ұлы болды. Садақшы.

мерген еді, оның садағын тарту үшін кырық батпан күш керек деп айтатын. Ол өте өжет болатын, бірақ айқаста атағы шықпай кетті. Інісі Ибн-Құсайын мырза (екеуі) Шайбани ханның шолушысынан жеңіліс тапты.

Мұхаммед Масұм деген ұлы болды. Әкесі оған Қандағарды берген. Соған байланысты баласына Ұлықбек мырзаның бір қызын атастырды.

Фаррұх Құсайын атты ұлы болды. Ол құрсақтас інісі Ибраһим Құсайын мырзадан бұрын дүниеге салды.

Ибн Құсайын мырза және Мұхаммед Қасым мырза деген ұлдары болды. (193-194-195-196-беттер)

(Бабыр Бабырнама кітабында Сұлтан Құсайынның он үш қызының әрқайсысын қайда, қайда ұзатқанын, қанша бала туғанын, олардың не істегеніне дейін жеке-жеке тоқталған. Мен оның бәрін көшіруді міндет тұтпадым. С.М.)

## СҰЛТАН ҚҰСАЙЫН МЫРЗАНЫҢ ӘЙЕЛДЕРІ МЕН КӘНИЗАКТАРЫ

«Оның бәйбішесі Бике Сұлтан бегім – ол шайпау, ұрысқак әйел болатын. Мырза оның мінезіне шыдай алмай, ажырасып кұтылды. Бұған дауа бар ма? Мырзаның ісі теріс еместі.

Қырсык қатын ерін салып азапқа,

Пәниде үйін айналдырар тозаққа.

Жаратқан ием мұсылман баласына мұндай бақытсыздық бермесін, бетпақ, ұрысқак, көк езу қатынды алла тағала жер бетінде қалдырмай ала берсін!

Чули бике деген әйелі болды.

Тағы бір әйелі – Шаһр Бану бике. Сұлтан Құсайын мырза Чакмен ұрысында мырзаның барлық әйелдері зембілден түсіп, атқа мінгенде, ол зембілден түспегеніне тастап, оның сіңлісі Поянда Сұлтан бикеге үйленді.

Тағы бір әйел – Хадиша бегім болатын. Сұлтан Құсайын сүйіп қосылды. Ол тұтқындықтан ханымның дәрежесіне көтеріліп, келе-келе күдіретті билік жүргізуші болып алды. Мұхаммед Момын

Мырза соның айтуымен өлтірілді. Сұлтан Құсайын мырзаның ұлдарының әкесіне қарсы көтерілуі де осы әйелдің кесірінен еді. Ол өзін ақылды санайтын, бірақ барып тұрған ақылсыз, сөзі көп әйел болатын.

Апақ бике деген әйелі құрсақ көтермеді. Мырзаның нақсүйері Бобо Ағача оның емшектес сіңлісі еді. Апақ бике, Бобо Ағачаның балаларын бауырына салып, өз баласындай өсірді. Мырза сырқатқа ұшыраған кезде, ол жақсы күтті; өзге әйелдерінің бірі де олай қарай алмады. Мен Үндістанға барғанымда, Апақ бике Гераттан сол жаққа келді, оған қошемет көрсетіп, құрметтеп қарсы алдым.

Кәнизактардың бірі – Латиф Сұлтан Ағача – одан Әбу-л-Мұхсин мырза, Қапақ мырза туды.

Енді бір әйелі Ағача бике құрсақ көтермеді.

Мырзада жақсы да, жаман да көптеген кәнизак әйелдері болды.

Исламның Герат сияқты қаласында патшалық құрған Сұлтан Құсайын мырза сияқты ұлы билеушінің он төрт баласының үшеуі ғана теріс жолға түспеді. Оның өзі де, ұлдары да, тіпті бүкіл қала тұрғындары зинақорлыққа бейім еді, мұның ақыры жақсылыққа соқтырмады, осындай үлкен шаңырақ айналасы жеті-сегіз жылда жылан жалағандай, тып-типыл болып, Мұхаммед Заман мырза ғана қалды да, қалғандарының аты өшті.» (196-197-беттер)

(Сұлтан Құсайын мырзаның көптеген кәнизак әйелдерін санамағанда некелі тоғыз әйелі болған. Соның ішінде Апақ бике өзі құрсақ көтермесе да басқа әйелден туған балаларды өзі туған баласындай қараған. Мырза сырқатқа ұшыраған кезде, ол жақсы күтіпті де, өзге әйелдерінің бірі де қарай алмаған. Сондықтан шығар Бабыр Апақ бикеге қошамет көрсетіп, құрметтеп қарсы алдым, дейді. С.М.)

## СҰЛТАН ҚҰСАЙЫН МЫРЗАНЫҢ ӘКІМДЕРІ

Оның әкімдерінің бірі – Мұхаммед Бұрындық Барлас білгір, ұлы басшы болатын. Ол қыран құс салуға құмар-ды. Егер қырандарының бірі жоғалып, не өліп қалса, ұлдарын ауызға алып:

«Қыран жоғалғанша, қыршындардың неге желкесі үзілмейді» - деп қарғанатын.

Мұзаффар Барлас деген болды. Мырзаға беделі артқаны соншалық, шапқыншылықта Сұлтан Құсайын мынадай шарт жасады: қандай аймақ жауланса да оның алтыдан төрт бөлігі мырзаның, алтыдан екі бөлігі Мұзаффар Барластың үлесіне тиеді. Бұл таңғаларлық жағдай. Қарауындағы адамдарға патша меншігінен, патша үстемдігінен үлес беру бұрын-соңды болған емес. Бұл ақымақ адам (Мұзаффар Барлас) осындай құрметке ие болып отырып, мырзаны менсінбеуге айналды, оның пікірімен санаспады, айтқанына құлақ аспады. Ақыры уланып өлтіріліпті.

Әлішер бек Науаи - Әлішер бек сабырлылығымен, ұстамдылығымен аты шыққан адам. Әлішер бек теңдесі жоқ дарынды адам еді. Ол түрік тілінде өлең жаза бастағаннан бері, ешкім де соншалық жақсы, әрі көп өлең жазған емес.

Әлішер бек сияқты ғылым мен өнер адамына қамқорлық жасап, жанашырлық еткен пенде бұрын-соңды болды ма, болмады ма, ол жағы белгісіз. Әлішер бек салғызғандай пайдалы көп ғимаратты салғызу ілуде біреудің ғана, болмаса ешкімнің де қолынан келмеген болар. Ол бұл жалған дүниеден ұлсыз, қызсыз, әйелсіз ғұмыр кешіп, бар тірлігін ілім, өнер жолына бағыштап өтті. Әуелі баста мөр сақтаушы болды, орта жасқа келгенде бек дәрежесін алып, біраз уақыт Астрабадты биледі, ал өмірінің ақырында әскери іспен айналысуды қойды. Ол мырзадан ештеме алған емес, керісінше жыл сайын оған мол ақша жіберіп тұрды. Сұлтан Құсайын Астрабадтан жорықтан қайтқанда Әлішер бек оның алдынан шығып, қарсы алды. Мырзамен тізе бүгіп амандасқанмен кейін орнынан тұра алмай қалды; оны орнынан көтеріп алып кетті. Дәрігерлер сырқатының сырын таба алмады. Келер күні таңертең аллага жанын тапсырды. Оның бір өлеңі осы жағдайға сай келеді:

Өліп барам, нақақ жапқан жаладан,

Арудай дүмше балгер қараған.

Ахмет Табаққұл Барлас деген әкім болды. Бұрын ол ұзақ жыл Қандағарды биледі.

Уәли бек те әкімнің бірі еді. Ол мырзаның ұлы бектерінің бірі саналатын. Көп ұзамай дүние салды.

Хасан Шейх Темір деген әкімі болды. Бабыр мырза оған құрмет көрсетіп, бек дәрежесіне көтерді.

Ноян бек те әкім еді. Сұлтан Құсайынның жиені еді. мырзаға да жағып, етене жақын адамындай, игі ниеттес болды. Ол қалжыңбас, шолжаң, маскүнем, думаншыл еді.

Енді бір әкімі – Жаһангер Барлас. Адаммен тез тіл табысатын, жұмсақ мінезді, жайдары кісі болатын. Саятшылықтың жөн-жосығын жақсы білетін күсбегі еді. сондықтан бұл істі Сұлтан Құсайын мырза соған жүктеп қойған.

Мырзаның Ахмет Әли Фариси Барлас деген әкімі болды. Ол ақын болмағанмен, дарынды, жырды терең түсінетін, тапқыр, шешен адам, әрі қарапайым жан-ды.

Абдулхалық бек деген болды. Ол біраз уақыт Хорезмді биледі.

Ибраһим Дұлдай деген болды. Ол әскери істі, мемлекеттік істі басқару жүйесін жақсы білді, кемеңгерлік көрсетті.

Зу-н-Нұн Арғын деген де болды. Батыл адам еді. Өзге ақсүйектермен бірге болып, сайыскерлік жасады. Оның батылдығында дау жоқ-ты, бірақ жын соққан сайтан адам болатын. Сұлтан Құсайын оған Ғұрни мен Нақдари аймағын берді. Ол жетпіс немесе сексен қолды жасағымен сол өңірді дүрілдетіп, хазарлықтар мен нақдарлықтардың талайының басын домалатты. Бұрын-соңды хазарлықтар мен нақдарлықтарды ешкім бұлай дүрілдетіп бағындырып көрмеген-ді. Оған Заминдауарды да берді. Сұлтан Құсайын мырза әкесін құрметтеп, Қандағардың билігін ұсынды. Содан болар әкелі-балалы екеуінің арасына от салып, бүлік шықты.

Зу-н-Нұн Арғын ер жүрек адам болғанмен, ақымақ, есерсоқ еді; сондай ақымақ болмаса, алдауға түсіп, өзін-өзі маскара етер ме еді? Бұл сөздің мәнісі мынандай-ды: бірнеше шайқы мен молда келіп оған: «Бізге Құтбы тіл қатты. Сен «Алланың арыстаны» деген атақ алдың, енді өзбектерді тұтқындауың керек», - депті.

Зу-н-Нұн бұл Қара Рабат түбінде жүз бе, жүз елу ме қолмен Шайбани ханға қарсы шықты. Жер қайысқан қолмен келген Шайбани хан оның жасағын күйретіп, Зу-н-Нұнды тұтқынға алып, өлтіріп жіберіпті».

Дәруіш Әли бек деген де әкімі болды. Әлішер бектің бірге туган бауыры болатын. Біраз уақыт Балқыны билеп жақсы аты шықты, бірақ ақымақ, іске шорқақ, қабілетсіз адам-ды. Құндызға келгенімде, ол маған келіп жолықты, патша сарайының маңына жолатпайтын. бек деп айтуға тұрмайтын, қылжақбас, ақымақ адам екен. Әлішер бектің беделімен ғана осындай құрметке бөленіп жүрген адам болды.

Моғол бек деген әкімі болды. Ол біраз уақыт Гератты биледі. Кейін оған Астрабад берілді. Астрабадтан Ирактағы Жақып бекке қашып кетті. Бұл қарапайым адам-ды, үнемі тобық ойнайтын.

Тағы бір әкімі – Сейіт Бадр. Кереметтей күшті адам еді, бірақ оның жүрісі, қимылы өте әсем болатын. Тым сезімтал, тамаша биші еді, бір ғажап билейтін. Соны өзі ойлап тапқан-ау деймін. Мырза қасынан екі елі ұзамайтын, бірге шарап ішіп, әңгіме-дүкен құрасатын, етене жақын сырласы болды.

Есілім Барлас қарапайым, құсбегі адам-ды. Садақты отызқырық батпан күшпен тартатын, атқан жебесі тақтайды тесіп кететін. Жамбы атыста атпен шауып бара жатып, садақ тартып нысанаға дәл тигізетін. Ол шеңберге бір немесе бір жарым кари жіп байлап, бір ұшын терекке байлап қойып, қатты айналдырып бұрайтын. Жіп шеңберді шыр айналдырып тұрған кезде ол садақты тартып үлгеріп, жебесін шеңберден өткізіп жіберетін.

Тағы бір әкімі – Сұлтан Жұнаид Барлас, ол кейін Сұлтан Ахмет мырзаға кетіп қалып жарты патша болып отыр.

Әбу Саид Дармиан деген болды.

Енді бір әкімі – Бехбұд бек. Ол алғашында сақшы жасағында қызмет атқарды. Шапқыншылық кезінде мырзаға оның қызметі өтіп кетті де, таңба мен шақаға мұның есімі басылды.

Шейхим бек деген де болды. Ол өлеңді ерекше қиыстырып, ескі сөздерді, ескі ойларды қосып жазатын. Оның мына бір шумағына назар аударыңыз:

Күрсінгенде, демім қозғап жұлдызды,

Төккен жасым бір топан су жүргізді.

Ол бірде бұл өлеңдерін Маулана Әбдірахман Жами отырған кезінде оқып жібереді. Сонда Маулана: «Мырза, мұныңыз қалай,

өлең оқып отырсыз ба, әлде жұртты үрейлендіргеніңіз бе?» - деді.

Шейх Сухейли диуан құрастырған мәснауи де бар.

Мұхаммед Уәли бек деген әкімі болды. Ол жоғарыда әңгіме еткен Уәли бектің ұлы. Мырзаның ұлы бегі болды. Мұхаммед Уәли қонақжайлылығы, сый-құрметі дарқан еді, ол өзінің нөкерлерін құрметтеп, ауқатты ұстайтын, ал жарлы, кедей, бейшара адамға өз қолымен жақсылық жасайтын. Ол бейпіл ауыз, ұрысқақ адам-ды.

Самарқанды қаратқанымда Мұхаммед Әли бек менің қасымда болды. Ол сал болып төсек тартып қалған екен, оның сөзінде де, өзінде де еш бәтуа болмады. Зор құрмет көрсетуге тұрмайтын кісі, бірақ адал қызмет оны осындай жоғары дәрежеге жеткізді.

Баба Әли кіші аға деген болды. О баста Әлішер бек оң көзімен қарап, бектік дәрежеге жеткізді. Қазір маған қызмет көрсетуші, етене жақын қызметшім Жүніс Әли осы Баба Әлидің ұлы болатын.

Тағы бір әкім – Бадр ад-дин бек. Ол өте шапшаң, епті, өжет адам, жеті аттың үстінен секіріп өтетін, өнерлі болды деседі.

Хасан Әли Жалайыр деген әкімі болды. Құсбегі болды, ол ақын еді. Қасиданы да жақсы ұйқастыратын. Самарқанды алғанымда маған қызмет етуге келді. Қасымда бес-алты жыл болды. Маған арнап жақсы бәйіт жазды. Ол – ұятсыз, ысырапшыл, пашша бала ұстайтын, нард пен тобық ойнайтын антұрған адам-ды.

Тағы бір әкімі – Қожа Абдолла Марварид, алғашында садыр, кейін сенімді қызметкері, кейін бек дәрежесіне жетті. Адамгершілігі мол, өнерлі адам еді. Ол сияқты канунды ешкім ойнай алмайтын, оның өнерлілігі соншалық, канунмен құйқылжыта ойнау – соның жаңалығы болатын. Баяни атты тахаллус есіммен өлеңді де әжептеуір жазғанмен, өзге өнермен салыстырғанда дәрежесі төмен-ді, бірақ жырды бағалай білетін.

Қожа Абдолла – ұяттан безген, зинақор, бұзылған адам еді: соның салдарынан ауруға ұшырап, үстін жара қаптап, ақыры аяқ-қолынан айырылып, сал болып, қорлық көріп, ғұмыр кешті де, осы ауру оның түбіне жетіп, бұл дүниемен қоштасты.

Мұхаммед Сейіт Орыс деген әкімі болды. Оның садағы талыс, жебесі алысқа ұшатын, қолы қайратты, атақты мерген-ді. Андхудты билеп тұрды.

Тағы бір әкімі Мір Әли мирахұр. Сұлтан Құсайын мырзаға

астыртын адам жөнелтіп, Жәдігер Мұхаммед мырзаны қапыда қолға түсірткен бегіміз осы.

Сейіт Хасан Оғлақшы деген әкімі де болды. Самарқанды алғанымда Сейіт Хасан маған келді: өлеңді ара-тұра шығарғанмен, жақсы жазатын. Ол астрономияны, жұлдыз әлемін жіті білетін, онымен әңгіме-дүкен құрып араласу бір ғанибет еді. Ішіп алса, мінезі шатақ еді, ол Гиждуан түбінде қаза тапты.

Тағы бір әкімі – Тәңірберді Сабаншы. Қарапайым, ер жүрек, қайратты, қылышкер бек болатын. Балқының қақпасында Хұсрау шаһтың атақты нөкері Назар Баһадұрды қылышпен шауып қолға түсірді.

Мырзаның бұдан өзге де өздері келіп бас сауғалаған бірнеше түрікмен бектері бар-ды.

Әли хан Баһадұр мен Асад бек Тахамтан бектер; бұл екеуі бірге туған бауырлар-ды.

Ибраһим Шағатай деген әкімі де болды.

Тағы бірі – Омар бек.

Соңғы кезде ол Бадиг аз-Заман мырзаның қасында болды. Бұл – ер жүрек, бағыл, жайсаң жігіт-ті. Оның Әбу-л-Фати деген ұлы маған Ирактан келді, қазір ол менің қасымда. Өте нәзік, жұмсақ мінезді, босбелбеу адам. Әкеге тартпай туған ұл.

Шаһ Смайыл. Хорасаннан мырзаға келіп қосылғандардың бірі.

Әбді әл-Бақи мырза. Ол Темір бектің жұрағаты, Миран шаһтың ұрпағы.

Соңғы келген бектердің бірі – Мұрат бек Баяндүри.

Мырзаның садырларының бірі – Мір Сар-и барахна. Өзін сейітпін деп атайтын көрінеді. Әңгімешіл, дарынды, шешен адам-ды. Хорасан ғалымдары мен ақындарының арасында оның ойына, сөзіне тоқталып, соны негізге алып жүгінетін. Ол «Әмір Хамза жайындағы хикая» сияқты ақылға қонбайтын, жалған, дүмбілез, ұзақ сонар әңгіме жазамын деп өмірін жойды.

Камал ад-дин Құсайын Газұрғахи деген әкімі болды. Ол сопы болмаса да сопымын деп жүрді. Осындай жалған сопылар Әлішер бектің төңірегіне топтасып, есінен талғанша зікір салып жүрді. Ол Сұлтан Құсайын мырзаға арнап «Ғашықтардың мәслихаты» деген бір шығарма жазып қалдырған. Оның өрескел бөсіп жазғаны соншалық, жұрт: «Дінсіз емес пе?» -деп оған



күдіктене қарады. Ол көптеген пайғамбарды өмірге жанастырып, ләззатты махаббатқа душар етіп, оның әрқайсысына лайықты ғашықтық жыр ойлап тапқан. Мұның тағы бір тұрпайылығы – алғы сөзінде осы шығарманы Сұлтан Құсайын мырзаның өзі жазды деп бөседі, ал кітаптың басында келтірілетін Камал ад-дин Құсайынның ғазелдерінде: «Кітап иесінің шығармасы» деп жазды. Камал ад-дин Құсайын осы ұшпу мадақтың салдарынан Зу-н-Нұн Арғын «Алланың арыстаны» деген лақап атқа ие болды. (198-199-200-201-202-203-204-205-206-беттер)

(Бабыр Сұлтан Құсайын мырзаның отыз тоғыз әкімінің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып отырған. Сонда шыққан ата-тегін, олардың іс-әрекетін, мінез-құлқын, тіпті өміріндегі істеген жақсы-жаман қасиеттеріне қоса, олардың әрқайсысының акыры қандай болғанына дейін ой толғап жазған. Сұмдық керемет, тапқырлығын шешен тілмен жеткізген. С.М.)

## СҰЛТАН ҚҰСАЙЫН МЫРЗАНЫҢ УӘЗІРЛЕРІ

Оның уәзірлерінің бірі Мажид ад-дин Мұхаммед еді. Сол кезде паруаншының міндетін атқарады да, оны Мирек деп атады. Мырзаға ақша қажет болғанда дуан қызметкерлерінен де талап еткен болар: «Көк тиын жоқ, оны табу да мүмкін емес» деп жауап қайырды. Мажид ад-дин Мұхаммед те қасында тұрған. Ол күліп жібереді. Мырза одан неге күлгенін сұрайды. «Егер мырза менімен пәтуаласып, қолымды қақпай билікті беріп, айтқан сөзімді екі етпей орындап отырса, онда аз уақыттың ішінде еліміз дәуірлеп, халық қарық болып, қазына аузы-мұрнынан асып, әскеріміз жер-көкке сыймай кетеді» - деді. Мырза Мажид ад-динмен шарт жасасып уәделесіп, бүкіл Хорасан аймағының билігін соның қолына ұстатты да, бар маңызды істер соның билігіне көшті.

Аз уақыттың ішінде әскер де разы болды. Бірақ Мажид ад-дин Әлішер бек бастаған бектер мен лауазымды адамдармен жауықты; оны бұлар ұнатпады. Олар соңына түсіп, қудалап, Мажид ад-дин Мұхаммедті қолға түсіріп, мансабынан бас тартуға мәжбүр етті.

Оның орнына – Низам әл-Мүлік дуан болды. Біраз уақыт өткеннен соң оны да қолға түсіріп, өлтіріп тастады.

Ирактан Қожа Абзалды әкеліп дуан жасады. Мен Кабулға келген кезімде Қожа Абзалды бектікке тағайындады. Дуанда өзінің мөрін басты.

Қожа Ата деген болды. Дуан дәрежесінде болғанымен, бүкіл Хорасан аймағында Қожа Атамен ақылдаспай іс шешілмейтін. Бұл бір қайырымды, адал адам болатын. Сұлтан Құсайынның негізгі ақылшы, кеңесші уәзірлері осы адамдар-ды.

Сұлтан Құсайын мырзаның заманы – бір ғажайып заман еді. Оның кезінде бүкіл Хорасан өңірінде, әсіресе Герат қаласында ғалымдар, теңдесі жоқ ақылды адамдар мол-ды.

Осындай атақты адамдардың бірі – Маулана Әбдірахман Жами. Сол кезде одан өткен білімпаз адам болған емес. Оның жыры жұртқа мәшһүр болды, ал Маулана Жамидың дарындылығын, даналығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес-ті. Осы бір мандымсыз естелігімде оның есімін атап кеткенімді өзіме зор бақыт санаймын, деді Бабыр.

Тағы бір уәзірі – шейх әл-ислам Сайф ад-дин Ахмет. Әулие тұқымының бірі Маулана Сағад ад-дин Тафтазанидың ұрпағы еді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, мұраға айналып келе жатқан тіл байлығын, жыр байлығын және ғылымын жақсы білген адам. Жұрттың айтуынша, ол жетпіс жыл бойы жұма намазды құр жіберген адам емес. Шаһ Смайыл Гератты басып алғанда Сайф ад-дин Ахметке азап шектірді, оның үрім-бұтағынан бір де бір адам қалмады.

Маулана Шейх Құсайын деген уәзірі де болды. Философия мен пайдалы ғылымды, ілімді жете игерген адам-ды. Оның бір ерекше қасиеті – мәнерлеп сөйлеп, аз сөзбен терең мағыналы, жүйелі ой білдіруінде еді.

Молда Оспанның ұлы Модазада деген уәзір болды. Ұлықбек мырзаның кезінде, он төрт жасында ғылымнан дәріс берген. Заманында одан өткен оқымысты адам болмаған. Жұрттың айтуынша, мүжтахид санатына жеткен көрінеді. Ол: «Адам бір нәрсе естісе, оны қалай ұмытады» - дейді екен. Естігенін жадынан шығармайтын қабілетті адам болған.

Мір-и Мұртаз деген уәзірі болды. Философия мен пайдалы ғылымдарды жақсы білген адам. Шахматқа құмарлығы соншалық,

ол екі ойыншымен жолығып қалса, бірімен ойнап, екіншісін қарыс аттатпай қасында ұстап отыратын.

Тағы да Молда Масуд Шируани және Ларлық Молда Әбді әл-Ғафур деген уәзірлері болды. Ол Маулана Әбдірахман Жамидің мүридi, әрi шәкіртi еді. Маулана Жами Молда Әбді әл-Ғафур шығармаларының көпшілігін бірге оқитын. «Ағымға» түсініктеме жазған. Ол өте қарапайым, кішіпейіл адам. Мен Хорасанда болған кезімде Молда Әбді әл-Ғафур сырқат екен. Мен Маулана Жамидың бейітінің басына құран оқыдым да оған сәлем беруге бардым. Ол молда Жамидың медресесінде екен. Ол сол сырқаттан дүние салды.

Молда Жамал ад-дин мұхаддис деген де болды. Хадис ғылымынан одан өткен білімпаз адам Хорасанда болған емес.

Тағы бір уәзірі – Мір Атауллах Мешхеди. Парсы тілінде «Ұйқас жайында трактат» жазған. Бұл трактаттың кемшілігі сонда, автор мысалды өз өлеңдерінен келтіреді, оның үстіне әрбір өлеңіне түсінік беруді мақсат етеді. Мәселен, «Бұл пақырдың өлеңінде былай жазылған еді» деп келеді. Бұған келіспегендердің кейбіреулері оның ұйқас жайындағы трактатына тиянақты сын жазды. Мір Атауллах «Поэтикалық өнердің ғажайыптылығы» деген атпен поэтикалық бейнеге өзінің көзқарасын да жазып қалдырды. Өте жақсы жазылған дүние.

Қази Ықтияр деген де уәзір болды. Ол қазылық дәрежені байыпты атқарды. Парсы тілінде «Фикһ жайындағы толғауын» жазды, толғауы да, ойы да ұшқыр. Құран өлеңдеріндегі әр түрлі мағыналы сөздерді сілтеме үшін жинастырып отырған.

Мен мырзамен Мұрғабта жолыққанымда, онымен бірге келген Қази Ықтияр, Мұхаммед Мір Жүсіптермен де кездестік. «Бабуридың» жазылу мәнері жайында әңгіме етістік. Қази Ықтияр менен жекелеген әріптерді жазып беруімді өгінді, мен жазып бердім.

Мір Мұхаммед Жүсіп деген де уәзір болды. Бұл әскери іспен, қолбасшылықпен айналысқаны соншалық, онымен сұхбаттасқанда, одан өзге әңгімесі болмайтын-ды. Бірақ құныққаны соншалық, үйден де, дүниеден де, өмірден де безді. Жұрт оны шийт деп айтатын.

Сұлтан Құсайын мырзаның көш бастары да, табынары да, пір

тұғары да – Маулана Әбдірахман Жами еді. Оған қоса есімдері мырзаға етене жақын бектерінің ішінде аталып өткен Шейхим Сухейли мен Құсайын Әли Туфейли Жалайырлар болды.

Асафи деген де болды. Оның өлеңдерінде махаббат пен жан рақаты сезілмегенмен, көркем де ойлы еді. Ол өзі де: «Мен ғазелдерімді жинауды мақсат еткен адам емеспін» - дейтін. Туысы ма кіші інісі ме оның ғазелдерін құрастырды. Мен Хорасанға барғанымда маған қызмет атқарды.

Беннаи деген болды. Оның ғазелдерінде көркемдік те, шабыт та бар, ол диуанын да құрастырды, оның мәснауиі мұтакариб мөлшерінде жазылған. Музыкадан хабары болған. Гератқа келгенде Беннаи өзінің сауыты мен накыштарын орындағанда Әлішер бек қайран қалып, оны құптапты. Ол музыкадан жақсы дүниелер жазды.

Әлішер бек ойы жүйрік, тапқыр адам-ды, көп нәрсе ойлап тапты. Өз ісіне жаңалық ашқан адамды «Әлішери» ғой деп айту мәтелге айналған.

Сейфи Бұхари деген болды. Ол аздаған білімдар адам еді. Жұртқа оқыған кітаптарының тізімін көрсетіп, өзінің молда деген атына шек келтірмеді. Сейфи диуан құрастырған адам. Ол көптеген мақал-мәтел ойлап тапқан. Бірақ ұстап жазбаған, оған мына өлеңі дәлел бола алады:

Пайғамбардың өсиеті болса егер Мәснауи,

Ғазел құдай парызы деп білемін.

Бес тармақ жыр безілдетіп тартса күй,

Бір желпініп, рақаттанар жүрегің.

Оның өлең құрастырудан парсы тілінде жазған еңбегі өте көп сөзді болғанмен, кейбір жағынан көп тілді. Көп сөзді емес дегеніміздің мәні – қажет емес сөздер ретсіз жазыла бермеген. Сейфидің бір кінәсі – шарап құмар да, ішіп алса өзін-өзі ұстай алмай төбелесіп кетеді.

Мәснауи жазатын Абдолла деген болды. Ол Молда Жамидың қарындасынан туған жиені. (Низамидің) «Бестарауына» еліктеп мәснауи жазды. Өзінің «Жеті аруға» еліктеп жазған екі жолды (мәснауи) шығармасын «Жеті бәйіт» атады. «Ескендірнаманың» нышанымен «Темірнаманы» жазды. Оның мәснауиінің көркемдігі

даңқына сай болмаса да, ең белгілісі «Ләйлі мен Мәжнүн» жыры.

Мір Құсайын Муаммаи деген де болды. Мір Құсайын сияқты ешкімде муамма жазған емес. Ол өте қарапайым, еш нәрсені кек тұтпайтын. жайдары адам-ды.

Молда Мұхаммед Бадахши деген болды. Оның өлеңдері жоғарыда аталған ақындардың өлеңдеріндей емес. «Муамма жайындағы ойын» жазды; муаммасы да онша жақсы емес, жайдары, әңгімешіл адам болатын. Ол Самарқанда маған қызмет атқарды.

Жүсіп Бади деген болды. Ол қасиданы жаман қиыстырмалы

Ахи деген де болды. Ол ғазелді жақсы құрастыратын. Ол – диуанның авторы.

Мұхаммед Салық деген де болды. Ол ғазелді тартымды жазғанмен, онша ұйкаспайтын. Түрік тілінде жазған өлеңдері бар, бір сыдырғы жаман емес. Кейін Шайбани ханға барғанда оның құрметіне «Таспиқ» (Жамидың поэмасы) өлшемімен мәснауи жазды. Бұл – жарамсыз, әлсіз мәснауи болатын. Оның тәуір шығармасының бірі мынадай:

Таңбалдың отаны еді Ферғана,

Болды енді жалқау жатар жер ғана.

Әндіжан аймағы да «жалқаулардың ауылы» аталды. Мұхаммед Салық ашушаң, қатал, мейірімсіз жан болды.

Шаһ Құсайын Ками деген де болды. Оның да өлеңі жаман емес-ті. Ғазел жазатын, құрастырған диуаны да бар-ау деймін.

Хилали деген болды. Оның ғазелдері жатық, көркем. Оның диуаны да бар, ол Хафиф мөлшерімен «Шаһ пен Дәруіш» аталған мәснауи жазған. Кейбір өлеңдері жақсы болғанмен, мазмұны, арқауы шытырман да жансақ. Ақындар махаббат, ғашықтар жайында мәснауи жазғанда, сүйген еркектің артықшылығын, ғашық әйелдің қасиеттерін жырласа, Хилали дәруіштің сүйіспендігін, Шаһтың махаббатын жырлаған. Хилали өте зерек сияқты: жұрт оның отыз-қырық мың өлеңін есіне сақтапты. Соның көпшілігін жатқа айтатын көрінеді дейді. Өлең қиыстырудан, ән ырғағы ғылымынан, төкпе өлең шығаруға жаттыққан дарындылығы бар адам-ды.

Ахли деген де болды. Өлеңдері жаман емес, диуаны да бар.

Сұлтан Құсайын мырзаның сарайында көркем жазатын хатшылар көп болғанмен, олардың табынатын адамы, әрі ұстазы Сұлтан Әли Мешхеди. Ол мырза мен Әлішер бек үшін көп көшіретін.

Мырзаның сарайының ең атакты деген суретшілерінің бірі Бекзат. Ол өте сезімтал суретші, бірақ көселердің пішінін нашар бейнелейтін – иектерін тым сүйірлеп жіберетін. Сақалды еркектің бейнесін өте жақсы келтіретін.

Шаһ Мұзаффар деген болды. Ол суретті өте нәзік бейнелейтін. Ол шашты да айнытпай салатын. Шаһ Мұзаффар ұзақ жасамады, нағыз кемелденген шағында дүние салды.

Құл Мұхаммед Үдеші деген болды. Ол ғижжакка үш ішек жүргізіп жақсы ойнады. Музыканттар мен орындаушылардың ішінде одан жақсы әуенді көп жазған адам болған емес. Оның әуеннен өзге музыкалық шығармалары көп болмады.

Шейх-и Найи деген болды. Ол да үде мен ғижжакта тәуір ойнады. Он екі-он үш жасынан бастап машыққан майталман музыкант болды. Оның бірді-екілі ғана нақышы бар.

Шаһ Күли Ғижжақи деген де болды. Аспаптарда ойнады. Әуелі көптеген нақыш, пешрап тағы басқа да шығармалар жазды.

Құсайын-и үдеші деген болды. Ол үдемен не қызық өнер көрсетті: үдеде бір ішек қалдырып та ойнады. Оның бір кемшілігі – аспапта ойнаған кезде тым бәлсінетін еді. Бірде Шайбани хан оған аспапта ойна деп бұйырыпты. Құсайын-и үдеші қырсығып, нашар ойнаған көрінеді; Шайбани хан мұның бәрін сезіпті де, осы думан үстінде оны желкесінен түйгізіпті.

Ғұлам Шади да осындай музыка шығарушылардың бірі. Ол аспапта ойнағанымен, орындаушылар қатарында тұрған жан емес. Оның жақсы сауыты, тамаша нақышы болған. Сол заманда осыншама нақыш пен сауыт құрастырған адам болған емес.

Тағы да Мір Азу деген болды; аспапта ойнамайтын, бірақ шығарма жазушы еді. Ол көп жазбағанмен, оның жақсы дүниелері бар.

Беннаи да шығарма жазды; оның жақсы сауыты да, нақышы бар.

Сол кездегі теңдесі жоқ дарынды адамдардың бірі Пехлеван Мұхаммед Бу Саид еді. Ол аса көрнекті күрескер, әрі акын, әрі сауыт пен нақыш шығаратын өнерпаз болатын; қайраткер адамның өнерлі болуы сирек ұшырасатын жайт.

Сұлтан Құсайын мырзаның сүйегін Гератқа алып келіп, патшаның сән-салтанаты, жерлеу ғұрыпымен медреседегі зиратқа қойды.

Сұлтан Құсайын мырзаның жамбасы жерге тигеннен кейін Мұхаммед Бұрындық бек, Зу-и-Нұн бек тағы басқа бектер екі падишаһпен бірге бас қосып ақылдасып, Бадиг аз-Заман мырза мен Мұзаффар Құсайын мырзаны бірдей Гераттың тағына отырғызды (бір таққа екі патша отырды).

Бадиг аз-Заман мырзаның сарайына Зу-и-Нұн бек бас уәзірлікке ие болды.

Ал Мұзаффар Құсайын мырзаның сарайына – Мұхаммед Бұрындық бек бас уәзірлікке ие болды.

Бадиг аз-Заман мырза жағынан – Шейх Әли Тоғай қала даруғасына тағайындалды.

Ал Мұзаффар Құсайын мырза жағынан – Жүсіп Әли Көкелтас қала даруғасына тағайындалды.

Қос адамның патшалық құрғанын құлақ естіп, көз көрген еместі. «Екі қошқардың басы басы бір қазанға сыймайды» дегендей, «Гүлстанда» шейх Сағдидің айтқан мынадай сөзіне кереғар келді:

Он дәруіш бір сырмаққа сыйғанда,

Екі патша сыймайды бұл жаһанға.

(206-207-208-209-210-211-212-213-214-беттер)

(Сұлтан Құсайын мырзаның отыз тоғыз уәзірлері болған. Олардың көбісі акын, жазушы, ғалым, суретші, әнші, биші, палуан сияқты өнерлі екеніне жеке-жеке тоқталып, суреттеп жазған Бабыр. С.М.)

## ҮНДІСТАН

### ТОҒЫЗ ЖҮЗ ОН ЕКІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

Өзбектер Сан-и Шарыкка шабуыл жасапты, тонаушыларға карсы Қасым бекті аттандырдык. Біздің жасак олардың бытшытын шығарып, күйрете жеңді, көп адамның басын кесіп алып келді. (216-бет)

Түйсігі бар адам, намысы бар адам жұрт құптайтын іс аткармай ма? «Артында жақсы сөз қалдырған адамды екінші ғұмыр кешкен жандар» деп айтады екен данышпандар. (217-бет)

Әбу-л-Мұхсин мырза жарты құрық жерден алдымнан шығып, карсы алды. Біз бір-бірімізге таянғанда екеуміз де аттан түсіп, жаяу келіп сәлемдестік те, қайта атқа міндік. (218-бет)

Бұрын біздің ата-бабаларымыз Шыңғысханның қағидасын мұқият сақтайтын.

Егер әкең жамандықпен атын қалдырса, сен оны жақсылықпен, кайырымды іспен жуып-шаюың керек.

Бадиг аз-Заман мырза маған бұрынғыдай құрмет көрсетпеді. «Мен жас болғанмен – баспын, жолым үлкен, әкемнің астанасы Самарқанда соғыста жеңіп шығып, екі рет таққа отырдым. Ата жауымызбен мен сияқты кім соғысып көрді? Маған құрмет көрсетпеуі – дұрыс емес» - дедім. Бадиг аз-Заман өзінің әбестік жасағанын мойындап, маған құрмет көрсетті. (219-бет)

Шешектінің төңірегін тонап кетіпті деген хабар жетті. Мен бұл істі атқарайын деп едім. мырзалар намыс көріп, маған рұқсат бермеді. (220-бет)

Бағ-и Науда Әлішер бектің үйіне орналастырды. Гераттан кеткенше Әлішер бектің үйінде тұрдым.

Мұзаффар мырза бізге (Әбу-л Қасым Бабыр) салдырған Тарабхана аталатын ғимаратты көрсетті, екі қабат әсем ғимарат. Бұл ғимаратты Бабыр мырза тұрғызғанмен, сурет Әбу Саид мырзаның бұйрығымен салдырылды; мұнда оның соғыстары мен айқастары бейнеленген. Осында Мұзаффар мырза мені өзінен жоғары отырғызды, қонақтар шарапты суша сімірді. Шарапқа қызып, мас болып запы болмағаннан соң ба, онша кет әрі емес едім, зауқым соқты да, бұл сеңге мен де қойып кеттім. (221-бет)



Әуелі Поянда Сұлтан бикемен иіліп сәлемдестім. Аппақ бикеге иілмей сәлемдестім; содан кейін Қадиша бикеге иіліп сәлемдестім. (221-бет)

Мұзаффар мырза маған белге тағатын семсер, елтірі ішік сыйлап, боз ат мінгізді. (222-бет)

Хафиз Қажы ән шырқады; Мір Жан әнші де болды. бар даусымен шырқап айтты. Әншіні ешкім тоқтатқан жоқ. Жүсіпәлі Көкелтас билеп ала жөнелді. Ол бидің ырғағын жақсы түсінетін биші. (222-бет)

Мұзаффар мырзаның қонаққа шақырғанын естіп. Бадиғ аз-Заман мырза Жаһанара бағына қонаққа шақырып меймандостықта алдына жан салмайтын. Ол асыл тастармен әшекейленген қанжар сыйлап, үстіме шапан жауып, астыма асыл тұқымды ат мінгізді. (223-бет)

Сейдім Әли текті, тәрбиелі, әлі ержүрек, батыл адам-ды. Оның үйі қашанда қонақсыз болмайтын. Ол дарқан, білімпаз, парасағты, сөз тапқыр, биязы, адаммен тіл табуға теңдесі жоқ ділмар жанды, онымен әңгімелесу бір ғанибет-ті. Ол асқан сөзшең, әзілқой, көңілді, бірақ оның бір кемшілігі – зинақор, әйелжандылығы еді. Оның дінге сенімінде оң жолдан тайғандық байқалатын, ептеп екі жүзді адам болатын. (225-бет)

(Сейдім Әлиді суреттегенде жақсы, жаман қасиеттерін жиырма үш түрге бөлеп қарап, баға берген Бабыр. Сұмдық сезімтал «Бабырнама». (225-бет) С.М.)

Масума Сұлтан бике алғашқы жүздескеннен-ақ оның көңілі маған ауды. Өзара ақылдасып, жеңешем қызын менің соңымнан Кабулға алып келмек болып шешті. (224-бет)

Ланғар-и Мір Гияс маңында Кабулға қарай тұсауымыз байланды. Қардың көп жауғаны соншалық қанша тырбанғанмен ілгері жылжымадық. Жетпіс-сексен мықты жігітке ізімізбен кейін қайтып, жазықты қыстап отырған хазарлардың ішінен жол білетін біреуді алып келуге бұйрық бердік. Үш-төрт күн орнымыздан тапжылмадық. Тұмысымнан мұндай қиындықты бұрын-соңды басымыздан өткерген емеспін. Бұл күндері мынандай өлең қиыстырып едім:

Мен көрмеген қаталдық, зорлық бар ма.

Төзбеді бұл жүрек қай қорлықтарға. (225-226-беттер)

«Хавалға жүріңіз» деп қанша шақырса да баспай қойдым.  
«Нөкерлерім қардың астында, боранның өтінде қалғанда мен жылы үйге кіріп, қалай дәтім шыдайды. Жұрт тоңып, қорлық, азап шеккенде, мен рақаттанып ұйықтамақпын ба?» - деп ойладым. Бұл ерліктен ауылы алыс жат қылық, жолдастыққа жатпайтын қылық. Мен де солармен бірге боламын, олар тартқан азапты бірге тартамын. «Көппен көрген ұлы той» деген парсының мәтелі бар емес пе? (227-бет)

Қар мұншалық қалың болмағанда, жылқы-түйелеріміз алғашқы күзде-ақ қалып қояр еді.

Жақсы-жаман өткен істің сабақ алсаң бәрінен,

Түбі қайыр болар ақыр шипа алғандай дәріден.

Бірнеше хазарлықтар бір төбеге шығып алып, сайысқа түскен жігіттердей топталып, садақ тартып тұр.

Көргенде қарсы алдыңнан жаудың легін,

Қарады жүрексініп тартып демін.

Атымды тебіндім де топты бастап,

Айқайлап: «Артта бірің қалма!» - дедім.

Соңынан қолды ертіп ақ ниетім,

Қайтару қаймықтарып жаудың бетін.

Жасакты бастау үшін алға кеттім,

Түрі жоқ айқайымның естілетін...

Жок еді үсте сауыт, атта жабу,

Ойым тек оқ пен қалқан бабын табу.

Токтасам соңымдағы ол да тоқтар,

Болмастай менсіз әсте жауға шабу.

Жүрмей ме нөкер деген қорғап бегін.

Жандарын сақтасын деп жалдап па едім?!

Бек жүрсе нөкер деген тұра ма екен,

Бек шаршап, нөкер неге алмақ демін.

Тік қасық дайын асқа көрген жерден,

Не пайда дәл осындай нөкерлерден?!

Соны ойлап құйындатып шаптым жауға.

Соңымнан қолды ертіп шықтым жауға,  
Алдымнан мені көріп ағылды ел,  
Болған соң басшы батыр қорықпауға.  
Жеткен соң тауға алдымен болдық үстем,  
Қарамай жау оғына үдей түскен.  
Қалың қол алға ұмтылды атты-жаяу,  
Жеңімпаз рухтанып жігер-күшпен.  
Жауларды біздің жақтың мысы басты,  
Қаруын тастап таудан тұра қашты.  
Таудан да, даладан да аңша құдық.  
Қайтадан қара-құрым хазаратты.  
Аяусыз кездескенін киікше атты,  
Мал. мүлік олжаға біз қалдық батып.  
Әкесін, баласын да тұтқындадық,  
Қақтық та жеңіс күйін дабылдатып.

Хазарлардың малынан маған да қой бөліп алыңдар деп Жарақ Тағайға тапсырдым. Бүлікшілердің он төрт-он бес басшысы қолға түсті.

Халиф бағының орнында шағын бақ бар болатын: оны Ұлықбек мырза отырғызып, онда құдайға сиынатын орын жасапты. Ұлықбек мырза орнатқан Бак-и Бихишт бақшасы еді. (230-бет)

Шаһ Смайыл Мерв түбінде Шайбани ханды өлтіріп, мен Құндызға кеткенімде, Әндіжан аймағының бектері маған бет бұрған болатын. (233-бет)

Ұшпу сөзді шағым жасайын немесе қайырымдылығымды білдірейін деп мақтан үшін жазбадым; шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз, баз қалпында қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазудағы алға қойған мақсатым – ақиқатты, қандай да болмасын істі сол қалпында баяндап жазу. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның жақсы-жаман істерін, алыс-жақын адамдардың кемшілігін де, артықшылығын да бүкпесіз айтып отырмын. Жарандар, жамағаттар, меймандар кешірім етер деймін. (234-бет)

Камалдан жан шығармай, (ханымның) бөлмесін тінтіп, жерге кіріп кетсе де Мұхаммед Құсайынды алып келіндер, деп бұйрық бердім. Ханымның қоймасынан тауып алып, арқаға жеткізді.

Онымен орнымнан тұрып сәлемдестім, істі насырға шаптырмай сынайылық жасап, бұрынғыдай ілтипат көрсеттім. Мұхаммед Құсайын мырза опасыздық, сорақы іс жасап, сойканды бүлік шығармақ болды. Әттең, мұны жексұрындық қылығы үшін сазайын тарттырып, қыл шылбырмен бұғау салып, өкіртіп кескілен тастаса сауап болар еді. Бірақ қол жіпсіз байланды, мұнымен қарға тамырлы жекжаттығымыз бар-ды. Менің туған нағашы апам Хұб Нигар ханым мырзаның күйеуі еді. Одан ұл-қыз көріп отырған-ды; олар бөлелерім емес пе? Жазадан құтқарып, Хорасанға аттануға рұқсат бердім. Мені Шайбани ханға жамандап, арызданыпты. Біраз уақыт өткеннен кейін Шайбани хан өлтіріп, сазайын тарттырды.

Тапсыра сал тағдырға, кім төндірсе қара түн,

Тағдыр сенің итаршың ғой, сен үшін кек алатын. (224-бет)

Шаһтепе даласы мен Гүл-и Бақраның беткейі өте көркем, гажайып сұлу көрініске малынып тұрады. Мұнда неше түрлі қызғалдақты есептеткенімде отыз төрт болып шықты.

Жасыл желек гүлдермен Кабул бейіш көктемде,

Даласына қарашы, әне, одан сұлу өткен бе?

Осы серуенде жүргенімде, мынадай өлеңмен басталатын ғазелді аяқтадым:

Жүрегім де гүл секілді қызыл-жасыл оранған,

Жомарт көктем мың раушан төсегенде бөктерге. (235-бет)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ ОН ҮШІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

Ғилжиниді бағындыруға жасақты өзім басқардым. Ғилжинилер мекендейтін Қожа Смайыл қыратынан жазыққа шыққанымызда, лап қойған бес-алты мың адамды тоқтату оңайға соқпайды, әрең тоқтағтырдым. Бір шери жақындағанымызда, қара құрым аугандықтардың тобына лап қойдық. Осы шапқыншылықта қойды мол түсірдік, мұндай көп қой түсіп көрген емес. Аугандықтардың жасағы жан-жақтан тиісе бастады. Кейбір бектер бүтіндей жасақты жойып жіберді. Насыр мырза қарсы аттанып, ол да

жауды түгелдей қырып тастады; қырылған аугандықтардың бас сүйегінен мұнара тұрғыздық. Қолға түскен малдың бестен бірін менің қанжығама байлауды бұйырдым. Қасым бек тағы біраз адамдардың ерен еңбегін ескеріп, олардан үлес алмадық. Сол бестен бір үлес он алты мың (қой) болып, сексен мыңның бестен бірі.

Қаттауаз жазығында аң ауладық, сансыз құлан мен киік қоршауға алынды. Көптеген киік пен құланды жусатып салдық. Бір құланды қуып жақындап қалғанымда садақ тарттым, іле-шала тағы тарттым, екі оқ та дарығанмен құлан жығылмады, бірақ жүрісі бұрынғыдан баяулады. Атты тебініп құланға жанап келдім де құлақ шекеден пергенімде кеңірдегі қық бөлініп түсті. Құлан секіріп омақаса құлағанда артқы тұяғы ұзеңгімді іліп алып кете жаздады. Менің семсерім жақсы шабатын еді. Құлан ғажайып семіз екен. Қазысы бес еліден сәл-ақ кем екен. Сол күні тағы бір құлан аттым. (236-237-беттер)

Зу-н-Нұн Арғын батыл, бірақ менмен, сараң, топас, есерсоқ, ақымақ адам болатын. Бадиг аз-Заман мен оның кіші інісі екеуі Гератты билеп тұрғанда Зу-н-Нұн Арғын Бадиг аз-Заман мырзаның қол астында толық билікті бек еді. Мансапқұмарлық, іштарлық салдарынан ол Мұхаммед Бұрындықтың Гератта тұруына келіспеді де өзі қалды, бірақ онда да әдептілік сақтамады.

Оның дүниеқоңыз, алаяқ, жылпостардың жарамсақ мақтау сөзіне еріп, өмір бақи ұмытылмастай масқараға ұшырауының өзі – ақымақтығының айғағы емес пе?

Бұл істің мәнісі мынандай: Зу-н-Нұн Арғынның Гераттағы ықпалды, белді шағында оған бірнеше шейх пен молда келіп: «Бізге құтпа аян беріп, ол сені «Алланың арыстаны», өзбекті жеңетін сол болады деп айтты» - депті. Зу-н-Нұн Арғын бұл сөзге нанып, мойнына ақ орамал салып, алла тағалаға сиынып, құлшылық етіпті. Арамзалардың сөзіне ерген Зу-н-Нұн Арғын жүз-жүз елу әскерімен Қара Рабатта қырық-елу мың өзбекке қарсы тұрды. Зу-н-Нұнның адамдарын табанда тұтқынға алады да, Зу-н-Нұнды өлтіріп, басын шауып тастайды. (238-239-беттер)

Шайбани хан Гераттағы ең алғашқы тұрнайы ісі: арамзалық пиғылмен, өш алмақ кара ниетпен Хадиша бикені зинақорлықпен бұзылған Шаһ Мансұр Бахшиға зорлатқызып, қорлатты. (240-бет)

Шайбани хан Мұзаффар мырзаның Ханзада ханым деген әйеліне талақ мерзімін күтпей-ақ үйленіп алды. Гераттың атақты дарынды гұламалары Қазі Ықтияр мен Мұхаммед Мір Жүсіпке құран үйретті; Сұлтан Әли-Мешхеди мен суретші Бехзаттың жазғандары мен салған суреттерін түзетті. (240-бет)

Хан Хабиба Сұлтан бикені жеңге деп атаушы едім, сол жеңешем Гераттағы уәдесін орындап, маған Масума Сұлтан атты қызын алып келді. (241-бет)

Қандағар тауының етегіне мен мұнда тас ғимарат салдырдым. (242-бет)

Әскерім бұрын-соңды ешқашан да дәл осындай тәртіпке келтірілген емес. Онбасы, жүзбасы тағайындадым. (243-бет)

Алла тағала жар болып (біздің) шағын жасақ (Шаһ бек пен Мүкім) үлкен жасақты тізе бүктірді. (245-бет)

Қасым бекке Қалатты мал-жанымен сыйладым. Қарабағада төрт-бес күн болып ақша бөлістік. Шақаны санау мүмкін емес еді, сондықтан таразымен өлшедік. Кабулға мол олжамен, ұлы жеңіспен, даңқпен оралдық. Күмісті қапқа, қоржынға салып алды.

Хорасаннан Сұлтан Ахмет мырзаның қызы Масума Сұлтан бикені шақыртып алдым да неке қидырдым. (247-бет)

Қалат пен Тарнұқ аймағын Әбдіразақ мырзаға тарту еттім. Менің Кабулдан Үндістанға аттанарымды естіп, ұрлыққа жақын ауғандықтар Жағдалық асуынан өтетін жолды кес-кестеп бөгемек болды. Бірнеше ауғандықты ұстап алып келді. Өзгелерді үйрейлендіру мақсатымен бұлардың кейбірін қазыққа отырғызып жазаладық. (248-бет)

Кабулға Бад-и Пич арқылы қайтып оралдық. Бад-и Пичтың тұсына осы жерден өткеніміздің тарихын жартасқа қашап жазуды бұйырдым.

Насыр мырзаға Ғазниды сыйладым; Әбдіразақ мырза Нингнахар тұманын, Мандрауар, Дара-и Нұра Құмар мен Нұрғалды алды.

Осы уақытқа дейін Темір бектің үрім-бұтағы патшалық билікте болсам да «мырза» деп атады. Енді мені «падишаһ» деп атаңдар деп бұйырдым. Осы жылдың аяғында (913-1507-1508 жыл) зул-када айының төртінші күні, сейсенбінің кешінде күн Балықшы

шок жұлдызында тұрғанда Кабул арқасында Құмайын дүниеге келді. Жыршы Маулана Саид тарихтың бетін ашып, оған Сұлтан «Құмайын хан» деген есім тапты. Азан шақырып, «Құмайын» деп атадық. (250-бет)

(Бабырдың тұңғышы Құмайын дүниеге келді. С.М. )

## **ТОҒЫЗ ЖҮЗ ОН ТӨРТІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА**

Мұқыр маңында Мехменд ауғандарының жасағын күйреттім. Күшбек, Факир, Әли Каримдад және Баба Чухра кашып кетпекші екен, солардың соңына адам салдым. Ұстап алып келді. Жұрт көзінше базарда жазалансын деп жарлық бердім. Базардың қақпасына алып келіп, мойындарына қыл арқаннан тұзақ тастағанда, Қасым бек күнәсін кешуді өтініпті. Бектің сөзін жықпас үшін екеуін де өлімнен құтқарып, түрмеге жапқызыдым. (250-251-беттер)

## **ТОҒЫЗ ЖҮЗ ЖИЫРМА БЕСІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА**

Мұхаррам айының бірінші күні, дүйсенбіде Шамдауал ойпатының төменгі жағында жер қатты сілкінді. Жұлдыз уақытымен жарты сағатқа созылды. (251-бет)

Қаланы қырғынға ұшыратпай ұрыссыз өткізсін деп, ауғанның Ділазак тайпасының құрметті адамының бірін Бажурға жібердім. Ол ақымақтар айтқанға көнбей, жосықсыз жауап жолдапты. Мұхаррамның төртінші күні, бейсенбіде жауынгерлеріме қару-жарақтарыңды асынып, аттаныңдар деп бұйрық бердім. Бажур камалынан жүз елу шақты жаяу әскер шығып, садақ тартты. Бектер ілгері жылжып, олармен алысты. Молда Түрік Әли мен Тәңірберді жаумен бетпе-бет айқасып, дұшпандардың басын кесіп, қосқа алып келді. Екеуіне де сыйлық тартуға уәде бердім.

Жаратқан иемнің жазуымен екі-үш сағат ішінде осындай берік камалды басып алдық. Жігіттерім асқан ерлік, табандылық, төзімділік көрсетіп, батырларға лайықты іс атқарды. Бажур тұрғындары біздің ғана жауымыз емес, бүкіл мұсылман

атаулының жауы еді. Сондықтан бұлардың еркектерін жұрттың тепкісіне салып, ал әйелдері мен балаларын тұтқынға алдық. Шамамен жұрттың текпісіне үш мыңдай адам түсті.

Бажур сұлтанның үйіне келіп орналастым. Бажур аймағын Қожа-и Қаланғасыйға тарттық Қожа-и Қаланның өтініші бойынша тірі қалған тұтқын еркектердің бәрінің күнәсін кешіріп, балашағасына оралуға рұқсат еттік. қолға түскен кейбір сұлтандар мен жансыздар өлім жазасына тартылды. Бажур ойпатынан бірнеше құрық төмен адам басынан мұнара тұрғыздық.

Әр сөзі антқа барабар,

Тілекке тілек қосылған.

Тағдырға қандай шара бар,

Пйырған тату досынан. (251-252-253-254-беттер)

Мен бір камалиді үшке бөлдім де, бір бөлігін өзім жедім, қатты мас кылды. бектер жиналған мәжіліске келе алмай қалдым.

Құмайыннан кейін туған бірнеше ұлдарым болды. бірақ бәрі дүние салды. Ол кезде Хиңдал дүниеге келген жоқ-ты.

Мәлік шаһ Мансұр мырзаға қызыңды маған атастыр дегенмін. Оның кіші бауыры Тауыс хан Жүсіпзай ағасының қызын ұзатып алып келді. (255-256-беттер)

Лангар ханды Жанжуханың билеушісі Мәлік Хасты алып келуге жібердік. Оған жай-жапсарды түсіндіріп, біздің кешірім жасайтынымызды, қайырымдылық көрсететінімізді айтып, оны алып келді. Мәлік Хаст маған ерттеулі ат сыйлап, қызмет атқаратынын білдірді. Сол кезде ол жиырма екі-жиырма үш шамасында еді. Жанжуханың коралы қойы, табынды малы жайылып жатты.

Үндістанды жаулап алу жатсам-тұрсам ойымнан кетпейтін. Жанжуханың аймағын бейбітшілік жолмен иеленгендіктен «Бұл өңірдегі халықтың отарлы малына ешкімнің суық қол жасауына, тіпті бұлардың сабақты жібін алуға, ала жібін аттауға ешкімнің құқығы жоқ» деген жарлық бердім.

Қалда-Қахар жазира жер болғандықтан мұнда бак орнатып, оны Баг-и Сафа атадым.

Әли ханның нөкерлері – Див Ханду, Сиктаның ұлы, Даулат ханның ұлы Жүсіпзай Бхираның атакты адамдарымен келіп,



алдыма ер тұрманымен ат тартып, маған қызмет атқаруға ниет білдірді. (259-260-беттер)

Жанжуха тайпасынан Сангар хан келіп, ат мінгізіп, маған қызмет етуге ниет білдірді. (261-бет)

Белужар келіп сыйлыққа жүйрік торы ат тарту етіп, маған қызмет ететінін білдірді. (262-бет)

Үндінің билігін қолына алған Сұлтан Ибраһимге сәлемдеме ретінде сұнқар ұсынып, жазған хатты ұстатып, ауызша сәлемімізді жолдап, Молда Мұршидті жібердім. Біздің елшіміз жауап ала алмай Кабулға қайтып оралды.

Үндістанның тұрғындары, әсіресе ауғандар ақыл-ойы мешеу, байсалды, байыпты, пікір айта алмайтын жұрт.

Ұлы Хиндал дүниеге келіпті. (263-бет)

Маджун жедік. Раби айының тоғызы күні, сенбіде тоқты шок жұлдызынан өтті. Сол күні бесін намаздан кейін қайыққа мініп, арақ іштік. (265-бет)

Қалдақахарға келіп аялдадық. Қалдақахардың жауы, ауғанның Жанжуха тайпасының адамдары, мұндағы нағыз антұрған адам Хати Какқар деді. Ол – жол торып, жұртты тонап, берекені кетіреді. Ол бұрын Татарды өлтіріп, оның иелігі Пархаланы басып алып, сонда жатқан еді. Пархала камалдың сыртында Хати сауыт киіп, сайман асынып, отыз-қырық атты әскерімен, көптеген жаяу әскерімен біздің алдыңғы шепті ығыстыра бастады.

Дұст бек айкаста көзге түсті де, оған сыйлық тағайындалды. Татарды басып алған кезде Хати маған Парбат деген туысын жіберіп, ерттеулі ат, басқа да сыйлық тарту еткен-ді.

Баба Дұст пен Халахил бастаған бірқатар нөкерлері Құмайынның иелігіне берілген. (266-267-беттер)

Санғар Құрлық өзімен бірге отыз-қырық атакты қарлұқтықтарды ерте келіп, маған жабулы ат тартып, қызмет атқарғысы келетінін білдірді. Осы қостағы түйе бес жүз жетпіс болып шықты. Хатидың Парбат есімді туысканы тағы да оралды. Ол Хатидан сыйға жабулы ат әкелді. Ніл-Абтың тұрғындары да жабулы ат сыйлап, маған бағынатынын білдірді. Бағынышты адам болып басын исе, оған бағынышты адам деп қарау керек, ал егер басын имейтін болса, онда:

Кім де болса, бас имесе қуып жет,  
Ұрып-соғып, тонасаң да көнгіш ет.

Әли Женг-Женгке өзімнің иығымнан шешіп, қайырма қара барқыт жағалы шапанымды жаптым да қолына ту ұстаттым. Хатидың туысқанын босатып, Хатиға семсер сыйлап, бір киер киім-кешек, қайырымдылық хатымды қоса жібердім.

Ақырған жолбарыс көрінді; дауысын естігенде жылқы үркіп, адамға бас бермей ала қашып шұңқырға, орға құлап жатты. Жолбарыс болса жөнімен тоғайға еніп кетті. Бір өгізді тоғайға байлап қойыңдар деп бұйырдық, оны қызылға тартып, атып алу еді. Жолбарыс аңырап тағы да шықты, жан-жақтан атқылай бастадық; мен де садақ тарттым. Жаяу әскер Халви жолбарысқа найза сұқты; жолбарыс оның ұшын шайнап тастады. Қатты жараланған, жарақаттанған жолбарыс бауырлап тоғайға енді де, жатып қалды. Баба Жасауыл қылышын жалаңдатып, оған жақындай түсті. Жолбарыс секіргенде Баба Жасауыл семсерді басына сермеді, одан кейін Әли Систани тірсегінен ұрды. Сонымен жолбарыс өзенге қойып кетті, сол жерде оны өлтірді. Оны судан алып шыққанда терісін сыдырыңдар деп бұйырдым. Сол күні қырғиымды жоғалтып алдым. Ол тырнаны, құтанды жұлындай түсіруші еді. (268-269-беттер)

Әли-Масджидтен Мағрұф деген бізге сыйлыққа он қой, екі дағар күріш, үлкен сегіз кесек ірімшік алып келді. Куратуда отырғызылған бақты көруге шыққанда Шаһ бек Каханды басып алып, кейін оралғанын хабарлады. Ақсүйектер келіп тағзым етті. Шаһ Құсайынға иығымдағы шапанымды шешіп бердім. (270-бет)

Дұст бек аллаға жанын аманат етті де, бұл дүниемен қоштасты. Сүйегін зембілге салып, Ғазниге жеткіздік те Сұлтан ғимаратының қақпасының алдына жерледік. Бек болғанға дейін нөкерлікте жүріп, бірнеше рет кереметтей істер атқарды. Әндіжан жанында тұрғанымызда Заурақ рабагында Сұлтан Ахмет Таңбал шабуыл жасады; менің қасымда он-он бес адам бар-ды; сонымен ілгері ұмтылдым да Таңбалдың алдыңғы шебін бұзып, оның жасағының ортасына жеттім; ол арада қасында жүздей жауынгері бар Таңбал тұр екен. Осы кезде менің қасымда небәрі үш-ақ адам қалды; сол үштің бірі – Дұст Насыр, екіншісі – Мырза Күли Көкелтас, үшіншісі – Каримдад болатын. Мен сауыт киіп алған

едім: Таңбалмен бетпе-бет келіп қалдым да, оның дулығасына садақ тарттым, келесі жебе қалқанын тесіп, сауытының топсасына кадалды. Оның жебесі менің жамбасымды тесіп өтті. Таңбал басымнан соқты. Бір ғажап жағдай, менің шошақ дулығамның астына киіз керілген-ді, соның бір жібі де үзілмепті, бірақ басымды тіліп, қатты жарақаттапты. Жәрдем берер жан болмады, қасымда қарайтын адам қалмады. Аттың басын кейін тартудан өзге амал жоқ еді. Дұст бек менің соңымда сәл кейін келе жатты. Таңбал оған кылыш жұмсады. Ахсикентте Дұст бек Баки Қызбен айкасты; оны Қыз деп атағанмен батыл адам болатын, кылышты мықты сілтейтін, қарулы еді. Ташкентте Ахмет Қасымды қоршап алды, сонда Дұст бек жауға тиісіп, қалаға енді, сол қоршау кезінде ол үлкен ерлік танытты. Сонда Дұст бек хандар мен сұлтандарды қиратып, Ташкенттен аман-есен шыққан. (271-бет)

(Бабыр Дұст бектің қаза болғанына қатты қайғырып жоқтап, өткен ерлігін жазғанын мен де түгелге жуық көшіріп жаздым. С.М.)

Он жетісінде, жексенбі күні көп уақыт зынданда жатқан қайырымсыз Баба Шейх босатылды. Оның қылмысын кешіріп, қол-аяғын босатып, киім сыйлады.

Жиырма үшінде, сенбі күні дөңгелек суфаның айналасына шынар мен галдың шыбықтарын алма-кезек отырғыздық. (272-бет)

Хастан Қожа Мұхаммед Әли келді. Ол сыйлыққа ерттеулі ат, кедейлерге ақша алып келді. Жұлдызшы Мұхаммед Шәріп, Хастың мырзалары да келіпті: олар маған қызмет етуге тілек білдірді. (273-бет)

Жиырма үшінші күні, дүйсенбіде Савададан Шаһ Мансұр Жүсіпзай және жүсіпзай тайпасынан алты-жеті атақты адамдары келіп, маған қызмет етпек тілегін білдірді. Шаһ Мансұр бастаған жүсіпзайлық атақты ауғандарды құрметтеп, шапан жаптым. (273-бет)

«Шарап татпай сау отырғанымда достарымның менің көзімше шарап ішіп, мас болғанын көрген емеспін, сондықтан менің қасыма келіп ішіндер: мас адаммен адам қалай тіл табатынын көрейін», - дедім. Осы той мәжілісте рубаят шығарып, жұртқа арнадым:

Достар той-думан құрды гүл-гүл жайнап,  
Болды оған бізге қиын бара қоймақ.

Мың шүкір түбі қайыр болғанына,

Тандырған ес-ақылдан бұл жынойнақ.

Тамашаға қатысқан жұрт мас болып тарқасты. Сырқат кезімде мені зембілге салып көтеріп жүрді. (274-бет)

Әбу Мүсілім Көкелтас Шаһ Шуджа Арғыннан елші болып келді; сыйлыққа арғымақ тартты. (275-бет)

Жүсіп Әли Рикабдар тоспаны жүз рет айналып малтыды; оған басынан аяғына дейін бір киер киім, ергтеулі ат, ақша тарту еттік. (275-бет)

Тақта отырғанымда Дәруіш Мұхаммед барлық әдет-ғұрып салт бойынша еніп, Мырза ханның сыйлығын тартты. Самарқанға мынадай өлең жаздым:

О, самал жел, жетсең егер кипаристің бағына,

Жалғыздықтан жапа шеккен жеткіз жүрек дерегін.

Аямады ол, еске алмады Бабыр жайлы тағы да,

Тәңір түбі тас жүрегін жібітер деп сенемін.

Шаһ Мазид Көкелтас Мұхаммед Заман мырзадан келді; ол кедейлерге бағалы сыйлық алып келіпті, маған қызмет етуге тілек білдірді. Шаһ бектің елшісі Әбу Мүсілім Көкелтасқа құрметтеп киім кигізіп, сыйлық беріп жөнелттім.

Гардиздың шекарасында тұратын Әбдірахман руының ауғандықтары сый-құрметті білмейтін, қыңыр, қарым-қатынасқа жоқ халық болады. (276-бет)

Құсайын Хасан атымен шапқан күйде ауғандықтардың ішіне қойып кетіп, қылышын сермей бастады. Жау атын атып түсірді де, Құсайын Хасанның өзі жерде жатты. Ол тұрам дегенше семсермен басынан соғып, сұлатып тастады, шиібөріше жабылып, семсермен, пышақпен тілгіледі. Өзбектер Құсайын Хасанға жәрдем бермей қарап тұрды. Мұны ести сала Әбу-л-Хасан Күрші және Момын Атқа бастаған серіктерім мен жігіттерге шабындар деп бұйрық беріп, өзім де солай тарттым. Әбу-л-Хасан мен Пайанда Мұхаммед Қапланның ерлігі бұрын да белгілі болғанмен бұл жорықта ерекше көзге түсті. Қырық-елу ауғандық түгелдей қырылды, атылды, шабылды. Олардың басынан мұнара

тұрғызындар деп бұйрық бердім. Құсайын (Хасанмен) бірге болған бектер қатарыма келіп қосылды. Мен оларға зіл тастап: «Сондай азаматты бірнеше жау ауғандықтарға талатып қойып дәттерің қалай шыдады?» - деп қатулана тіл қаттым. – Сендердің құрметті атақтарыңды, жерлеріңді, иеліктеріңді тартып алып, сақалдарыңды күзеп, масқаралап, өзіміздің қаланың көшелерімен алып жүру керек, жұрт көрсін! Сондай азаматты тапа-тал түсте жауға беріп, қол көтермей, тектен-текке мелшиіп қарап тұратындардың жазасы солай болу керек!»

Бесі күні, сейсенбіде Дәруіш Мұхаммед Фазли мен Хұсраудың нөкерлерін шақырып, Құсайынның (Хасан) қолға қалай түсіп қалуының себебін сұрап, тергеу жүргіздім; содан кейін біз Дәруіш Мұхаммед пен Хұсрауды дәрежесі мен шенінен айырдық.

Баба Күш моғолдың иығына шапан жаптым. Се-Яранға жақын жерден жуандығы жеңді білектей, ұзындығы бір саржын нән жылан өлтірдік. Ішінен одан жіңішкерек жылан шықты; әлгінде ғана жұтқан болу керек, денесі дін аман екен. Жіңішке жылан жуан жыланнан аздап қысқа көрінеді. Жіңішке жыланның ішінен үлкен тышқан шықты. Ол да аман екен: денесінің бір жері де бүлінбеген. (277-278-беттер)

(Сонда: үлкен тышқанды жіңішке жылан жұтқан. Жіңішке жыланды үлкен жылан жұтқан. Үлкен жыланды адамдар өлтірді.

Демек: «Жамандық қылсаң – бәле құт.

Бәріне де зауал бар» - деген Рашид-әд-дин сөзінің дәл келгенін, сезімді адамдар ойында жүрсін деп Бабыр да тегін жазбаған сияқты.

Енді сөздің иіні келіп тұрғанда басымнан өткен мына оқиғаны да айта кетейін. С.М.)

\* \* \*

(«Жем жеп тұрған құла атымды інім Әбдіманап кездейсоқ мініп, құры беталды шапқылап, екі аяғына жем түсіріп тобанаяқ қылды. Соның «аяғының жемін су сорып шығарсын» деген оймен «Көлқұдық» көлінің шетіне тізеге жетер-жетпес суға арба апарып, соған шөп салып, құла атты байлап қойдым. Сол көлге жақын бұйратта Кенжебек деген қоғамның аға шопаны отар қойды бағып тұрып, көлдегі арбаға байлаулы тұрған атқа көзі

гүседі. Көлдің ішіндегі ат бірдемені артқы аяғымен теуіп, алдына келсе тарпып, кашнакқа жұлқынса, басы байлаулы тұрса да оқыс қимылын көреді. Дүрбісін салып қайта караса, көл ішінде атқа бірдеме шабуылдап жүрген сияқты сезіледі. Астындағы атына камшы басып, шауып отырып келсе, жуандығы баланың білегіндей, ұзындығы бір жарым метрдей жылан атты шағып, канын сормаққа ұмтылып жүр екен. Тіпті тізеден келетін суды Кенжебек атымен шалпылдатып барса да кашпак түгіл жылан көзінше атқа ұмтылуда. Адамнан жылан сескенсе судың тереңіне сүңгіп, не балдырға бұғынбак түгіл көпе-көрнеу атқа змиян неме шабуылдауда. Кенжебек қолындағы құрықты камшысымен жыланды дәл ұрып өлтіріп, сыртқа шығарып каннен қаперсіз үйде отырған маған келіп хабарлады. Көл мен үйдің арасы бір шақырымға жетер-жетпес болатын. Барып кара шұбар жыланды көріп, үрейлене таңғалдым. Бұл змиян жыланға көл ішіндегі балық, құрбақа, ондатр сияқты су жәндіктері аз келіп, байлаулы атқа шабуылдауы сұмдық жауыздық, зиянкештігі ғой. «Әр нәрсеге бір зауал деп оны өлім күтіп тұр ғой.» С.М.)

Парван өзеніне осы жергілікті халықтың тәсілі бойынша балықты шөп дәрі тастап, көп балық аулады. (279-бет)

Бұрын да суға балықты есенгіртетін улы шөп тастап, біраз ұстадық. (278-бет)

Мір Шаһ бек бізді қонақ жасады. (279-бет)

Дәруіш Мұхаммед Сарбанға иығымнан сыпырып киімімді беріп, астына ерттеулі ат мінгіздім, ол маған нөкерімдей иіліп тағзым етті.

Төрт-бес айдан бері шашымды алдырмадым. Жұма, жетісі күні, сейсенбіде шашымды қырдырдым.

Мір-и Хурд Хиндалдың тәрбиешісі тағзым етті; ол маған мың шахрух сыйлады. Басқыншы өзбектер пайда болыпты. Тулақ оларға қарсы шығып, талқандапты. Бір өзбекті тірідей, ал екіншісінің басын алып келіпті.

Қасым бек ерттеулі ат тартты. Халиф та ерттеулі ат мінгізді. Бабаджан Ахтачы жорыққа мінер атымды дұрыс баптамапты. Қатты ашуланып, оны шапалақпен тартамын деп сұқ саусағымды сындырып алдым. Күш бекке өзім тоқыған тақиямды кигізіп,

бірсыпыра іш киім сыйлап, оны өзінің иелігіне жібердім.  
(280-281-беттер)

Лангар хан маған ат мінгізіп, бір кесек маджун сыйлап, қызмет еткісі келетінін білдірді. (282-бет)

Сынған саусағым қалам ұстатпай жазудан қалып едім, он төрт күні, жексенбіде, ептеп жазғансыдым.

Ауғанның Визир тайпасы сыйлыққа үш жүз қой алып келді. Гада-и Бахджат үлкен әбестік жасады. Ол мас болып, менің жанымдағы жастыққа сүйенді. Гада-и Тағай оны жиыннан шығарды.

Ауғанның Хирилчи және Самму-Хаил тайпасының көсемі келді. Дилазақтардың көсемінің күнәсін кешіруді өтінді. Біз кешірім жасап, тұтқындарын босаттық. Олардан алынатын салықты төрт мың қойға шағып, бұл ақсүйектерге шапан жаптық. (284-бет)

Бейсенбі күні Жақия Нохани бастаған Үндістан көпестеріне шапан жаптым, оларға қайтуға рұқсат бердім. (285-бет)

Тұрды бектің таршылық көріп жүргенінен хабардар едім. Үйден қалтама бір мың шахрухи сала шыққанмын, оны ұстаттым. (286-бет)

Мұхаммед Әли Хайдар рикабдар ақ сұңқар ұстап, маған тарту етті. (287-бет)

Сейсенбіде Бихрадан Сангар хан келіп, құрмет көрсетіп тағзым етті. (288-бет)

Жиырма үшінде, жұма күні Әлішер бектің төрт диуанынан өлеңдер мен ғазелдерді буын өлшемімен бөлуді аяқтадым. (288-бет)

## **ТОҒЫЗ ЖҮЗ ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА**

Дүр-Намадағы үлкен адам Хакдад маған жеміс бағын сыйлады. (288-бет)

Қырық жастан кейін шарапты аузыма алмаймын деп ойлап жүргенмін, оған жылға толмайтын уақыт қалды, ішімдіктен бас

тартпай сілтей бердім. Менің де бір әуен шығарғым келді. (289-бет)

Жаңбыр тоқтаусыз құйды. Мен бір дұғаны білуші едім. соны Молда Әли жанға айттым. Әли жан дұғаны төрт жапырақ қағазға жазды да үйдің төрт бұрышына іліп қойды; сол мезет жаңбыр басылып, күн ашыла бастады. (290-бет)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ ОТЫЗ ЕКІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

Тоғыз жүз отыз екінші жылы, сапар айының бірі күні, жұмада күн Ақбозат жұлдыз шоғының тұсына барғанда мен Үндістанға жорыққа аттандым. (291-бет)

Бұрын ойыма не келсе, соны өлеңге айналдырып, жақсы-жаманына қарамай, талғамай бәрін қағазға түсіре беруші едім, кейде әзіл өлеңдер шығаратын әдетім болушы еді. «Мұбайынды» жазғанымда менің басыма мынадай ой келді де, жаралы жүрегім аһ ұрды:

Аянышты, тілде сонша игіліктер тұрғанда,

Ойды құрбан етесіңдер бос сөзге.

Өкінішті, қасиетті сезім барда жүректе,

Дөрекі елес шалынары қос көзге.

Сол бір кезден бастап әзіл-оспақ, күлдіргі жыр жазбаймын деп ант еттім.

«Сергтен тайған адам өзіне қастық жасайды. Алла тағалаға берген сертінен қайтпаған адамға оның рақымы түседі».

Қайтсем екен, япырай, бұл тілімді,

Тіл үшін төс нысанаға ілінді.

Айтамын дәп әзіл-қалжың, өтірік,

Басым қанша пәлелерге ұрынды.

Бұл күнәға егер күйгің келмесе,

Бұл алаңнан ат басып тарт ендеше.

О, әміршім, өзінді-өзің қорладың,

Пайда келмес, бұдан зиян келмесе.

Мен жаратқан иеме қайта жалбарынып, пендеңнің күнәсін



кешір деп жанымды мазалаған ойдан безін. тыныштық тілеп. қаламымды сындырдым. (293-бет)

Бикрамға жақын жердегі шағын орманға мүйізтұмсық кіріп кетті. Пілді алып келіп оған қарсы жүргізді, бірақ мүйізтұмсық оған қарсы баспады, басқа жаққа қарай қашты.

Кешкісін қатты ауырып, қызуым көтерілді. Тұмаудың арты жөтелге айналып. қан түкірдім, аллаға шүкір, екі-үш күннен кейін бетім бері қарады. (294-бет)

Үндістанда жаттар мен гуджарлықтар малға қырғидай тиіп, өгіз, қодастарды айдап кетуге таудан қаптап келіпті. Бұл оңбаған жүгенсіздер жүргізі зар илетіп. неше түрлі жауыздық жасады. Олар кенеттен атой салып. аш-жалаңаш, тақыр кедейлерді бас салып тонап алды. Бұзақыларға тыйым салдырып, екі-үшеуін шапқылап тастауға бұйрық бердім. (296-бет)

Алам хан барар жер, басар тауы болмай мысы құрып. маған келіп, қызмет атқаруға мойын ұсынды. Алам хан әскері отыз-қырық мың еді, қауіп төндіре алмады. (298-бет)

Дилавар хан келіп менің қарауымда қызмет етуге қалды. Даулат Хан, Әли хан, Смайыл хан тағы басқа да атақты аугандықтардың қол-аяғы кісенделді. (301-бет)

Банур мен Санурдың Үндістандағы суы мол дария. Аңғардың жылға ағып жатқан жеріне үлкен жеміс бағын орнатыңдар деп бұйрық бердім. (303-бет)

Құмайын мырза Хамит ханға қарсы аттанды. Ол алға жүз-жүз елу мықты жігіт жөнелтті. Жүз-екі жүздей адамды аттан түсіріп алды. Жартысының басын кесіп, қалғандарын Құмайынның алдына алып келді.

Құмайын жүзге тарта тұтқынды сегіз пілімен маған тарту етіп. құрмет көрсетті. Мен сол сәтте Құмайынға иығымдағы шекпенімді шешіп, өзімнің мініс атымның бірін тарту еттім. әрі тәуелді аймақтарды Құмайынға сыйладық. (304-бет)

Сұлтан Ибраһим Дәуіт хан мен Хатым ханды бес-алты мың адамымен Миан-Ду-Аб жаққа жөнелтіпті. Бұл жасаққа қарсы Шын Темір Сұлтан мен Әділ Сұлтанның жасағын, сол қанағтың барлық жауынгерлерін – Сұлтан Жұнайтты. Шаһ Мір Құсайын мен Құтлық Қадамды, орта топтан – Жүніс Әли, Абдолла, Ахмади мен Қитта бекті жөнелттім. Біздің адамдар жақындай бергенде

зәрелері ұшып үдере кашты. Біздің адамдар оларды Ибраһим қосына дейін аттан аударып тастап отырды. Дәуіт ханның ағасы оның жасақтарының бірінің әскер басшысы Хатым ханды, оған қаса жетпіс-сексен тұтқын мен алты-жеті піл алып оралды. Жауға бес көрсету үшін тұтқындардың көпшілігі өлтірілді.

Алланың жазуына кім ара тұра алады. Екі-үш айдың жүзі болды, жат елдің топырағын басып жүрміз. Біз олардың тілін түсінбейміз, олар біздің тілді түсінбейді.

Мұнда да әскер дүрліккен, онда да әскер дүрліккен,

Бір жағын билеп қорқыныш, екінші жағы гүл күткен.

Жаудың әскері бір лак екен; Сұлтан Ибраһим мен оның әкімдерінің мыңға тарта пілі бар көрінеді; әкеден, бабадан қалған қазына сылдырлаған алтын-күміс, теңге күйінде сонын қолында көрінеді. Сұлтан Ибраһим өзінің жауынгерлерін қанағаттандыра алмады, қазынасын ортайтқысы келмеді. Ол табиғатында сараң, есіл-дерті ақшаны басып жинау болса қайдан тиын шығара қойсын?

Сұлтан Ибраһим тәжірибесіз, босбелбеу жас жігіт болатын.

Раджабтың сегізінде, жұма күні сырық бойы көтерілгенде де ұрысқа атой салынып, ұран шақырылып жатты. Сол айқас түске дейін толастамады. Жаратқан ием осыншама қиын істі жеңілдетті. Осыншама көл-көсір әскерді ол түске дейін жайпап тастады. Ибраһимнің айналасында бір жерде ғана бес-алты мың адам өлтірілді, басқа жердегі құрбандықтар шамамен он бес-ол алты мыңның айналасында болды. Біз Аграға келгенімізде Үндінің жұртының айтуынша, сол айқаста қырық-елу мың адам қаза тапты. Жауынгерлер әмірлер мен ұландардан түскен аттарды, табынымен пілдерді айдап келіп сыйға тартты.

Ибраһим қашып, кетті деп оның соңынан ерекше жасақтан Қасымтай мырза, Баба Чухра мен Бучи бастаған бірнеше жауынгерлерді жөнелтіп, суыт жүріп Аграға барып, Ибраһимді ұстап алуға тырысыңдар деп жарлық бердік.

Таһир Тибри көптеген мәйіттің ішінен Сұлтан Ибраһимнің сүйегін тауып, басын алып келгенде бесін намаз кезі еді. Сол күні Аграға тартып, қаланы, оның байлығын басып қалыңдар, Дихли қамалын басып, қаланы да, қазынаны да қолға түсіру ісі тапсырылды.

Адамдардың өтінішін қабыл алып Мәлік Дад Қаранидқа (талай қаснұнемдік жасаса да) кешірім жасалды да, оның дүниесінен шашау шығарылмайтын болды. Ибраһимнің анасы қызметшілерімен Аградан аластатылып, өзен бойынан бір құрық төменірек мекен-жай берілді.

Үндістанды басып алуға бар жігеріммен кірістім деп, жеті-сегіз жылдың ішінде олай қарай бес рет шабуыл жасадым.

Бесінші рет жаратқан ием жар болып, қайырымдылығы түсіп. Сұлтан Ибраһим сияқты жауымды әлсіретіп, тізесін бүктірдім де Үндістан енді біздің билігімізге көшті.

Қасиетті пайғамбарымыздың заманынан бері Үндістан аймағына біздің жағымыздан үш патша билік жүргізіп, патшалық құрды.

Біріншісі – Сұлтан Махмұт Гази; оның үрім-бұтағы Үндістанда ұзақ жылдар отырды.

Екіншісі – Сұлтан Шихаб ад-дин Гури; оның өзі, құлдары, сыбайластары бұл елде көп жыл билік жүргізді.

Үшінші патша - мен: менің жағдайым ол патшалардан бөлек. Үндістан бір патшаның билігінде емес-ті.

Бірінші билеушісі – Бхирадан Дихлиге билік жүргізген ауғандықтар. Жұппұр ауғандықтарға дейін Сұлтан Құсайын Шарқиға қараған.

Екінші билеушісі – гуджераттық Сұлтан Мұзаффар.

Үшінші билеушісі – Декандағы Бахманидтер.

Төртінші билеушісі – Сұлтан Махмұт.

Бесінші билеушісі – Бенгалдағы Нұсрат шаһ.

Ұлан-байтақ жерді иеленіп, ұлан-ғайыр әскер ұстаған ұлы да белді мұсылман патшалар жоғарыда айтылған бесеуі. Бұдан өткендері болған емес. Әскерінің санына, иелігінің көлеміне карағанда кәпірлердің ішіндегі ең қуаттысы раджа Биджангара мен жуырда ерлігімен, семсерінің қуатымен даңқы шыққан Рана Санка. Бұл елге бағынышты Рантанбур, Сарангпур, Бхилсан және Чандири аймағын басып алды. Тоғыз жүз отыз төртінші жылы, жаратқан иемнің қолдауымен Рана Санканың белді де қуатты адамының бірі, қол астында бес-

алты мың кәпірі бар Мидини Раодан Чандиридi тартып алдым.  
(305-306-307-308-309-310-311-312-313-314-беттер)

## ҮНДІСТАНДА ҒАНА МЕКЕНДЕЙТІН ЖАНУАРЛАР

Жабайы жануардың бірі – піл. Олар пілді хати деп атайды. Карра мен Маникпурда піл аулайтын отыз-қырық жер бар. Піл өте ірі, түйсікті жануар, не айтсан да түсіне қояды, не бұйырсаң да соны істейді. Үндістанның тұрғындарының тіршілігінде пілдің үлкен маңызы бар: ауыр жүкті көтеріп, ағысы қатты екі жалпақ өзендерден жеп-жеңіл өте шығады; төрт жүз-бес жүз адам көтеретін зеңбірек қондырғысын үш-төрт піл жеңіл сүйреп кете береді.

Мүйізтұмсық деген болады. Бұл да ірі жануар. Мүйізтұмсықтың мұрнында бір ғана мүйізі бар. Піл сияқты көнбіс, жуас емес, шақар. Паршауардың, Хашт-Нагардың маңындағы орманда мүйізтұмсық аз емес. Жорық жасағанда мүйізтұмсықтарды Паршауар мен Хашт-нагардың тоғайынан соғып алдық. Оны аулағанда адам да, ат та көп жарақаттанады.

Тағы бір жануары – жабайы енеке (буйвол); ол біздің енекеден әлдеқайда үлкен, мүйізі артқа қарай алшыып жатпайды. Өте қауіпті, қаскүнем жануар.

Үндістанда нилгау да мекендейді. Тұрқы жылқыдай болғанымен, денесі аздап жіңішкелеу. Еркегі көк түсті, кішірек мүйізді болады. Оның бір көрінісі қодасқа ұқсайды, тұяғы өгіздің тұяғындай ашалы. Ұрғашысының түсі – бұғы-маралдың түсіндей.

Тағы бір хайуанаты – тобанаяқ. Оның тұрқы киіктей; алдыңғы аяғы да, артқы аяғы да бәкене, сондықтан тобанаяқ аталады. Мүйізі – бұғының мүйізіндей салалы, бірақ тұқыл. Мүйізін жылда тастайды. Жүгіре алмайды, сондықтан тоғайдан шықпайды.

Қарақұйрықтың текесіне ұқсайтын киіктің бір түрі бар. Жотасы қара жолақ, бауыры ақ. Үндістандықтар оны калахара атайды. Ұрғашысы ақ болады.

Калахараның жәрдемімен бұғы ұстайды. Қалахараның мүйізіне дөңгелек тұзақ іліп, алысқа кетіп қалмас үшін аяғына жіліншігімен бірдей үлкен тас байлайды. Жабайы бұғыны

көрген кезде, оның алдына калахараны апарып қояды. Жабайы бұғы төбелескіш келеді. Бұғылар соқтығысып жүргенде жабайы бұғының мүйізі тұзаққа оралып, үйретілген бұғы жібермей ұстап қалады.

Үндістан тауларының баурайында арқар тоқтысынан кішілеу бұғылар да өседі.

Гини деген өгіз де өседі. Бұл – біздің құнан қойларымыздың үлкендігіндей ғана өгіз. Еті өте дәмді, әрі жұмсақ.

Маймыл да өседі; оны үндістандықтар бандар деп атайды. Маймылдың түрлері көп. Оның бір түрін сығандар биге үйретіп жүреді.

Бұлғыннан сәл кішілеу нул деген жыртқыш бар. Ағашқа өрмелеп күн көреді. Мұны мушхурма деп атайды. Жұрт мұны адамға бақыт әкеледі екен деседі.

Тышқанның галакри деп аталатын түрі де өседі. Ол үнемі ағаш діңімен жоғары-төмен зыр қағып, керемет көз ілеспес жылдамдықпен жорғалайды. (318-319-320-беттер)

Міне, Үндістанда ғана мекендейтін жануарлардың он екі түрі бар. Осы хайуанаттардың соншалық ерекшеліктерін сипаттап, әрқайсысына жеке-жеке тоқталған. Енді бұған дейінгі (Үндістанға дейінгі) ештеп айтар болсақ мыналар: бұғы-марал, қоян, ақбөкен, ұшатын түлкі, киік, құлан, жолбарыс, нән жылан, мүйіزتұмсық, піл, қодас, қабан шошқа, қыр түлкісі, маймыл, тауас маймыл, нилгау, қысқа аяқты бұғы, арқар-құлжа, енеке өгіз, жұпар тышқан, «Арыстан мен мүйіزتұмсық көрдім деді (мен көргемін жоқ), жабайы енеке, сиырды қармадық, гариал көрініп қалды. Сонда бұған дейінгі хайуанаттары 26 түрі. Бәрі  $12+26=38$  түрін сөз еткен. (20-беттен-318-бет) С.М.

## ҚҰСТАР:

Тауыс өседі: әсем, бояулы, сұлу құс. Кейбір тауыстың құйрығы бір саржын, қысқа құйрығы да бар. тауыстың қанаты қызыл болады.

Тауыс Бажаурда, Савада өседі; бір-екі реттен артық ұша алмайды; таулы аймақта, тоғайда өседі. Бір ғажайып жағдай;

тауыс өскен тоғайда қорқау қасқыр көп кездеседі. Үндістандықтар тауысты мор деп атайды. Имам Әбу Ханифтың ілімінде бұл адал құс.

Тоты да өседі. Тоты әр түрлі болады, енді бірі кішілеу, оны да сөйлеуге үйретеді. Бажаурда, Савада тоты бес-алты мың болып топ-тобымен ұшады.

Тағы бірін Кашмир тотысы деп атайды: ашық қызыл, басы ақшыл көк, олар сөйлей алмайды.

Тағы бір түрі – ол орман тотысы сияқты құрттай, тұмсығы қара, қанатының үсті қызыл, үйреткенді ғана қағып алып қайталайды. Өз бетінше ойлап бірдеме айта алмайды.

Әбу-л Қасым Жалайыр бір ғажайып әңгіме айтты: осындай бір тотының торының беті жабылып қалыпты, сонда тоты: «Бетімді ашып қой, тұншығып барамын» депті.

Тағы бірде адамдар осындай сөзшең тотыны алып бара жатып, тынығып отырыпты; қасынан адамдар өтіп бара жатыпты, сонда тоты: «Адамдар кетіп барады, сіз жүрмейсіз бе?» депті. Өтірік болса обалы айтқан адамға болсын. Өз құлағынмен естімейінше бұған сенгім келмейді.

Онда тотының тағы бір тұқымы бар: түрі тым сымбатты. Мен оның түсі есімде қалмағандықтан егжей-тегжейлі сипаттап айта алмаймын. Бұл қызыл тоты өте сұлу, сөйлей алады. Оның бір кемшілігі – даусы барылдақ, құлаққа жағымсыз.

Үндістанда шарақ та өседі. Ламғанатта көп. Шарақтың да әр түрі болады. Осы түрінің басы қара, қанаты ала. Шараққа сөз үйретіп, сөйлетуге болады.

Тағы бір түрі пиндавали аталады. Бұлар қара, бір түсті, тұмсығы мен аяғы сары, құлағында екі жапырақ сары тері жалбырап өсіп тұрады. Пиндавали анық, әрі таза сөйлей алады.

Шарақтың тағы бір түрі кездеседі: бұл әлгінде айтқан шарақтан ұсақтау. Көзінің айналасында қызыл шеңбері бар. Құстың бұл түрі сөйлей білмейді; бұл уин-шарақ аталады.

Шарақтың ақ төс, ала бас, жотасы қара жолақ бір түрін кездестірдім. Бұрын-соңды мұндай құс кездестірген емеспін. Шарақтың бұл тұқымы сөз қайырып айта алмайтын сияқты.

Үндістанда луча деген құс бар. Бұл құс бу-каламун деп

аталады. Басынан құйрығының ұшына дейін бес-алты түске боялған. Лучаның еті адал, өте дәмді.

Мұнда турачи деген де құс бар. Денесі құрдың үлкендігіндей: оның қоразының жотасының түсі қырғауылдың мекиенінің жотасының түсіндей, төсі, бауыры – кара, ақ қанатты, оның екі көзінің қиығында қызыл жолақ бар. Үні жақсы: «шир дарам у шакарак» деп айғайлайтын сияқты.

Осы құстардың канджал атты түрі де бар. Оның үлкендігі турачи сияқты, дауысы қатқыл шығады. Қоразы мен мекиенінің бояуының онша айырмашылығы жоқ.

Үндістанда тағы бір құс – пулпайкар; үлкендігі тау құрындай, дене бітімі үй тауығы сияқты. Тамағының төменгі жағы төсіне дейін ашық қызыл түсті.

Жабайы тауық та өседі. Жабайы тауық қырғауыл сияқты ұшады; бұл тауық үй тауығы сияқты әр түсті болмайды.

Құстың тағы бірі –чилси. Тұрқы пулпайнар сияқты. Чилси Бажаурдың тауларында өседі.

Шам деген құсының үлкендігі үй тауығындай; ерекше бояулылары ұшырасады.

Үндістан бөденесі де бар. Бөденені таза Үндістанға тән құс деп айтуға болмас. Бөдененің тек осында ғана өсетін төрт пе, бес пе түрі бар.

Оның бір түрі біздің жерге ұшып келетіндері. Бұл ең үлкені.

Бөдененің басқа да кішілеу түрі бар. Оның қанаты мен құйрығы қызғылттау, шіл сияқты тобымен ұшып жүреді.

Бөдененің тағы бір түрі бар; олар ұсақ карчиден сәл ғана үлкен. Кабулда мұны курату деп атайды.

Тағы бір құс – харчал. Үлкендігі дуадақ сияқты. Харчалдың еті тәтті. Құстың кейбірінің сан еті, кейбірінің төс еті тәтті болады, ал харчалдың еті түгелдей тәтті.

Чарз деген құс бар. Ол безгелдектен сәл кіші. Чарздың еті дәмді, дуадаққа ұксас.

Үндістанның қаратөс құсы біздің қаратөстен түрінің кара жолағы аздау, дауысы жінішкелеу. Мұнда суда, құрғақта, өзен жағасында мекендейтін басқа құстар жеткілікті.

Тағы құстың бірі – динг. Бұл үлкен де ірі құс, оның әрбір қанаты бір сажын. Басында, аяғында жүн өспейді. Тамағында

салбыраған дорбасы бар, жотасы – қара, төсі – ақ. Бір жылы оны ұстап алып маған сыйға тартқан. Ол қолға үйреніп кетті; егер ет лақтырсаң тұмсығымен қағып алады. Ол бірде бес бұдырлы тағаны жұтып қойды, енді бірде канатымен, жүнімен бүтіндей тауықты да қылғытып тастады.

Осындай құстың бірі – сарас. Мұны тивагурна деп атайды. Бұл құс дингтен аздап кіші, мойны ұзын, басы – қызғылт. Сарасты аулада ұстайды, қолға тез үйренеді.

Манак деген тағы бір құс бар, бойы сарастың бойындай, бірақ жіңішке. Манак құтаннан әлдеқайда үлкен, бірақ оған ұқсас, қара, басы ақшыл көк, мойны ақ, канаты шолақ. Қанат қауырсындарының түбі, ұшы ақ, ортасы қара.

Үндістанда қу құтан да өседі. Ақ мойнақ, өзге денесі түгелдей меңсіз қара. Мұны йакранг деп атайды.

Осы сияқты тағы бір құтан бар, оның тұмсығы қара, салмағы әлдеқайда жеңіл.

Көкқұтан мен бірқазанға ұқсайтын тағы бір құс бар. Оның тұмсығы көкқұтанға қарағанда үлкен, әрі ұзын, денесі бірқазаннан кіші.

Тағы бір құсы – үлкен бұзақ. Үлкендігі лашындай, канатының үсті ақ, даусы зор.

Тағы бір құсы – ақ бұзақ, қара басты, қара тұмсықты. Ол біздің өлкеге ұшып келетін бұзақтан әлдеқайда ірі, бірақ Үндістан бұзағынан кіші.

Газ-пай аталатын үйрек бар. Қарапайым үйректен үлкен, мекиені де, қоразы да бір түстес. Оның еті тәтті.

Шаһмург аталатын тағы бір үйрек бар; қаздан аздап кіші. Тұмсығында жалбыршақ өскен, төсі ақ, жотасы – қара жолақ, еті дәмді.

Онда зумадж деген де құс бар: үлкендігі бүркіттей, түсі – қара.

Мұнда лашын да өседі; оның жотасы, құйрығы қызыл.

Шұбар торғай да бар; біздің шұбар торғайдан кіші де жұқалтаң. Оның мойнында аздаған ақ жүні бар.

Қарға мен сауысқан тәрізді бір құс ұшырасады. Оны орман құсы атайды. Басы, төсі – ақ, канаты мен құйрығы – қызғылт, көзі ашық қызыл. Нашар ұшатын болғандықтан тоғайдан шықпайды, мұны сондықтан «орман құсы» атайды.



Үндістанның құсының бірі – ірі жарқанат, мұны чамгадар атайды. Үлкендігі үкідей, басы күшіктің басына ұқсас. ағашқа қонақтағанда, түн баласы басын төмен қаратып, бұтаққа жармасып, салбырап тұрады.

Үндістанның сауысқаны деген бар, сол жерліктер мата деп атайды. Біздің сауысқаннан аздап кішілеу. Біздің сауысқан кара ала, ал мата – сарғыш кара.

Үндістанда каратамақ шымшықтың үлкендігіндей бір құс кездеседі: түсі өте әсем, канаты сәл-пәл қаралау.

Тағы бір құс – карча, қарлығашқа ұқсас, бірақ одан әлдеқайда үлкендеу, түсі меңсіз кара.

Үлкендігі қарғадай куил деген құс бар, бірақ қарғаға карағанда жіптіктей. Тамаша сайрайды. Үндістанның бұлбұлы аталады. Үндістан тұрғындары мұны бұлбұл сияқты ардақтайды.

Тоқылдақ тәріздес те құс бар: бұл ағашқа жабысып тұрады. Үлкендігі тоқылдақ сияқты, түсі тоты тәрізді. (320-325-беттер)

Үндістанға ғана мекендейтін қырық төрт (44) құстардың әрқайсысының ерекшеліктерін білімдарлықпен зейінді қадағалап, сипаттап жазған. Енді бұған дейінгі естеліктегі құстардың да ойымда қалғанын ептеп көрсетейін. Қырғауыл, үйрек, тырна, көкқұтан, аққұтан, бірказан. (көкқұтанның канатынан сұлтандар бас киім тіктіреді) жабайы қаздар он мың немесе жиырма мың шығар кездескені сәулеке, сарғалдақ қолға түсті, бүркіт киік алды, динг құс, баркара құс, қырғауылға қаршыға салдық, шарек мен қысқартып он төрт (14) түрін ғана алыппын. Бабырдың бұған дейін сөз еткен құстары өте көп еді. Сонда бәрі  $44+14=$  елу сегіз (58) құсты өте зеректілікпен жеке-жеке сипаттап жазған (20-318-бет). Құсты қалай аулайтынын, неше түрлі әдістерін де «Бабырнаманың» (165-169-беттерінде) беттерінде толық айтылған. С.М.

### **СУ ЖАНУАРЛАРЫ:**

Су арыстаны: ол бөгетті суды мекендейді, кесірткеге ұқсас. Жұрттың айтуынша, адамға, тіпті енекеге де шабуыл жасайтын көрінеді.

Тағы бір жануары: синсар, дене бітіміне қарағанда кесіртке

тәрізді. Сипсар Үндістанның барлық суларында тіршілік етеді. Маған сипсардың бірін ұстап алып келгені бар. Оның ұзындығы төрт-бес кари екен, жуандығы қойдай, бірақ оның бұдан да ірісі ұшырасады. Сипсар өзеннің жағасына шығып жатады.

Тағы бір жануары – су шошқасы. Бұл да бүкіл Үндістан суын мекендейді. Суда ойнағанда мес сияқты, ешқашан судан шықпайды.

Тағы бір су жануары – гариал. Ірі жануар. Гариал адамға шабуыл жасайды; біз Сару өзенінде болғанымызда ол бірер күнді ұстап қалды. Газипур мен Банарас аралығында гариал үш-төрт адамды қостан алып кетті. Мен гариалды алыстан көзім шалғаны бар, бірақ айқын көрінбеді.

Су жыртқышының бірі – қаққа балығы. Оны ұстаған кезде дыбыс шығарады, бәлкім, мұны сондықтан да қаққа деп атайтын шығар.

Үндістан балықтарының еті тәтті, иісі жоқ, сүйексіз. Бұл бір ғажайып епті балық. Бірде өзеннің екі жағынан да тор тастадық. Тор су бетінен бір кариден астам шығып тұрады, соған қарамастан тордан бір кариден астам секірді.

Кейбір өзендерінде ұсақ балықтар да өседі. Осы балықтар қатқыл дауысты, шуды естіп қалса, онда судан бір кари, немесе бір жарым кари секіреді. (325-326-беттер)

Балықты қалай аулап алатын неше түрлі әдістерін «Бабырнама» кітаптың 168-беттен 169-бетке дейін жазылған. Су жануарларының 7 түрінің ерекшеліктерін сөз еткен. С.М.

## ҮНДИСТАН ӨСІМДІКТЕРІ:

Өсімдіктердің бірі – амби. Осы өсімдікті «нагзак» атап кеткен. Қожа Хұсрау былай дейді: Нагзак – көркі болған біздің бақтың,

Таңғажайып жемісі Үндістанның.

Пісуін жеткізбей үзіп алады, жерде жатып піседі. Шикі амбидің қайнатқан шырыны өте дәмді. Ағашы тым зәулім. Бұл жемісті екі тәсілмен жейді: мыжып, қысып, қабығын алып шырынын ағызып ішеді немесе қабығын аршып жейді.

Тағы бір жемісі – кила, арабтар оны мауз деп атайды. Ағашы

онша биік емес, ағаш деп айтуға да болмайды. Жапырақтың ортасында жүрекше талшық тұрады, киланың түйіні осы талшыққа шығады. Осы үлкен түйін қойдың жүрегіндей болады. Екі қасиеті бар: біріншіден, қабығы тез аршылады, екіншіден, сүйегі, тарамысы жоқ. Өте тәтті. Жасыл жапырақты, ұнамды түсті, көркем өсімдік.

Тағы бір ағашы – амли; үндінің құрмасы да осылай аталады. Бұл өте көркем, көлеңкелі саялы ағаш, өте биік, мәуелеп өседі. Жабайы түрі болмайды.

Тағы бір ағашы - махува, немесе гулчихан деп те аталады. Ағашы да зәулім. Үндістанның үйлерінің көпшілігі осы ағаштан салынған. Гүлінен арақ шығады. Гүлін жүзім сияқты кептіріп жейді, содан арақ та жасайды. Дәмі жағымсыз, кепкен кезде жеуге болмайды.

Махуваның жабайы түрі де бар; жемісі дәмсіз. Сүйегі үлкендеу, қабығы жұқа, сүйегінің ішіндегі дәнінен май қайнатады.

Енді бір ағашы кирни аталады. Бұл биік те ағаш емес, аласа да емес, жүзімге ұқсас. Жегеннен кейін ауызда қышқылтым дәмі қалады. Жеуге жарамды, сүйегінің сыртындағы қабығы жұмсақ.

Тағы бір ағаштың атауы – жаман. Оның жапырағы талдың жапырағына ұқсас. Сымбатты өсімдік, жемісі қара жүзім тәрізді, дәмі тым қышқылтым, онша жақсы емес.

Қамрак деген де ағаш бар: жемісі бес қырлы, үлкендігі қара өріктей, ұзындығы төрт елідей. Піскен жемісі сары, сүйегі жоқ. Піспеген кезде өте қышқыл, піскен кезде қышқылтым тәтті болады. Дәмі жаман емес, жеуге болатын жеміс.

Кадхил жемісі бар. Бұл ұсқынсыз, дәмсіз жеміс. Сырт көрінісі қойдың қатпаршақ қарны тәріздес. Дәмі жүрек айнытатын жылымшы, дәнінің ішінде жаңғақ сияқты бірдеме бар: құрма тектес, сүйектің сыртында құрма сияқты жұмсақ ет бар, жеуге жарамды.

Тағы бір жеміс – бадхал; үлкендігі алмадай, иісі хош, шикі күйінде өте қышқыл, дәмсіз жеміс, піскен кезінде жаман емес, жұмсақ, саусақпен бөліп жей беруге болады, дәмі қатты, қышқылтым, едәуір дәмді.

Бир деген жеміс те өседі. Бұл парсыша канар аталады. Бірнеше түрі бар. Бір түрі алшадан сәл үлкендеу.

Тағы бірі – құсайын жүзімі тәрізді. Бұл жеміс көбінесе өте дәмді болмайды, бірақ Бандирде де көрген біріміз өте тәтті болып шықты. Жауынды айда жапырақ шашып, жасыл желекке айналады.

Тағы бір жемісі – карунда. Ағашы күмбезденіп өседі. Дәмі мирминджаннан тәтті, одан шырынды емес.

Паниала деген жеміс те бар; жемісі алшадан үлкен, піспеген қызыл алмаға ұқсайды. Дәмі қышқыл, жеуге сүйкімді, анар ағашынан биік, жапырағы бадамның жапырағына ұқсас.

Гулар деген ағаш өседі. Жемісі діңінде өседі, інжірге ұқсас, жемісі ауызға алғысыз дәмсіз.

Тағы бір жеміс ағашы – амла. Бес қырлы, мақта гүл шоғына ұқсайды. Ауыз қуыратын, дәмсіз жеміс; кайнатса жаман емес көрінеді, өте пайдалы. Өте сымбатты, жапырағы тым ұсақ.

Тағы бір ағаш – чирунджи. Дәні жаман емес, үлкендігі жаңғақ пен бадам дәнінің орта мөлшеріндей. Оны әр түрлі тағам қатарында немесе тәтті пісіргенде қосады.

Құрма да өседі. Бұтағы төбесінде ғана, бір жерде өседі: жапырақтары, бұтағы түбіне дейін екі жағын бірдей жабады; діні түзі емес, түсі де сұрықсыз. Жемісі жүзім сияқты шоғырланып шығады.

Құрма ағашы өсімдіктердің ішінде екі жағдайда жануарларға ұқсас деседі. Біріншіден, егер жануардың басын шауып тастаса, оның өмірі сонымен үзіледі, егер құрманың ұшын шауып тастаса ол да қурап қалады екен. Екіншіден, жануардың еркегінсіз ұрпақтанбайтыны сияқты, құрма ағашын да егер оның қасына аталық жынысты құрма ағашының шыбығын қоса емпесе жақсы жеміс бермейтін көрінеді.

Құрма ағашының уызы бар. Шыбығы мен жапырағы бүршік ататын жерден шығатын кәдімгі қатырма уыз сияқты ақ зат, тамаша зат. Осы уыз пайда болатын жерді тіліп қояды да, құрма пальмасының жапырағын сұйық зат етіп жапсырады. Жапырақ құмыраның аузына тосылады, құмыра ағашқа байланады. Егер бұл затты бірден ішсеңіз тәттілеу, егер үш-төрт күннен кейін ішсеңіз, ептеп масайтады деп айтады. Бариды аралап жүргенімде Чамбал өзенінің жағасындағы қыстаққа бардым. Жол бойындағы жазықтан осындай құрма ағашының уызын алып жатқан

адамдарды кездестірдім. Сол уыздан біраз іштім, бірақ мас болғаным жоқ; бәлкім аздап қызу үшін өте көп ішу керек шығар.

Наргил деген бар. Жемісі – үнді жаңғағы, бұдан кара қасық жасайды, үлкен жаңғақтан гиджак тостағаны жасалады. Теңіз құралдары, қайық құралдары, саймандары осы наргилдың қабығынан жасалады; қайықтың саңлаулары да осындай жіптермен көмкеріледі. Наргилдың қабығын алса, жаңғақтың бір шетінен үш бұрыш тәрізді үш ойық көрінеді. Екеуі қатқыл да, бірі жұмсақ; оны сәл-пәл басып тесуге болады. Дән пайда болғанға дейін жаңғақтың ішінде шырын толы болады; сол ойықты тесіп шырынын ішеді. Оның дәмі жаман емес. Құрма уызына су қосып қойғандай.

Тағы бір ағаш тар аталады. Бұтағы да ағаш басында өседі. Құрманың ағашы сияқты тарға да құмыра байлап, шырынын ағызып алады да ішеді. Бұл құрма ағашының шырынына қарағанда қатты мас етеді дейді. Тардың түбінен басына қарай жапырақ шықпайды; ағаш діңінің басында бір жерден отыз-қырық жапырақ бірден шығады; бұл жапырақтардың ұзындығы бір кариге жуық; үндістандықтар хатты көбінесе осы жапырақтарға жазады. Тұрғындары құлағына өткізетін сырға болмағанда тар жапырағын қыстырып қоятын болған. Құлаққа тағатын мұндай жапырақтар әдейі жасалып, базарда сатылады. Тардың діңі сымбатты, құрма ағаштың діңінен түзу.

Үндістанда апельсин және оған ұқсас жемістер көп. Апельсин мол, әрі өте дәмді. Ламғанаттың апельсині кішкентай, әрі кіндікті, бұл сүйкімді әрі тәтті шырынды жеміс.

Астрабад апельсині: мұның қабығы қалың, шырыны аз болғандықтан бұзылмайды.

Бажаурапельсинінің үлкендігі айвадай. Оның шырыны мол, өзге апельсинге қарағанда мықтырақ. Қожа-и Қаланның: «Бажауырда бір апельсин ағашының жемісін жинап, санағанымызда жеті мың тал болды» дегені бар еді.

Наранд (апельсин) сөзі әманда араб сөзі сияқты естілуші еді. Наранджды – наранг деп атайды.

Осы тәріздес тағы бір жеміс – лимон. Бұл Үндістанда өте көп. Оның үлкендігі тауық жұмыртқасындай. Егер уланып қалған адам лимонның тамырын қайнатып ішсе, уытын қайтаратын көрінеді.

Апельсинге ұқсайтын тағы бір жеміс – цитрон. Мұны баланг деп атайды, өйткені цитронның қабығынан қайнатылған баланга мұрапшасы деп аталады. Үндістанда цитронды бажаури деп атайды.

Цитронның екі түрі бар. Оның бірінің тәттілігі соншалық, жүрек айнытады, дәмді емес, әрі тамаққа пайдалануға жарамсыз; қабығы мұраппа қайнатуға жарауы мүмкін. Ламғанат цитрондары дәл осындай асқа тәбетіңді келтірмей, жүрек айнытатындай тәтті.

Бажаур цитрондары мен Үндістан цитрондары қышқылтымдығы жағымды одан жасаған сусын да дәмді. Үлкендігі хұсрауи қауынындай. Ағашы – нағыз дінді ағаш емес. Бәкене, бұтақталып өседі, апельсиннің ағашына карағанда жапырағы ірілеу.

Апельсинге ұқсайтын тағы бір жеміс ағашы – сангтара. Түсі мен пішіні апельсин сияқты. Көлемі апельсиннен кішілеу. Ағашы – биік, өріктің ағашына жетегабыл, жемісі – қышқылтым, шырыны тәтті, дәмі жақсы. Лимон сияқты асказанды ширатады.

Апельсинге ұқсас тағы бір жеміс – үлкен лимон. Мұны галгал-лиму атайды. Пішіні қаздың жұмыртқасына ұқсас, бірақ екі ұшы да сүйір. Өте шырынды жеміс.

Жанбири де апельсинге ұқсайды; тұрпаты апельсин тәрізді, аумайды, түрі сарғыш, ашық сары емес. Иісі апельсиннің иісіне ұқсайды, дәмі де жағымды қышқылтым.

Апельсинге сандафал да ұқсас. Тұрпаты алмұрт тәрізді. Тәтті, бірақ жүрек айнытарлық емес.

Апельсинге ұқсас тағы бір жеміс – амридфал;

Апельсинге карна да ұқсас. Карнаның тұрқы галгалдай, ол да қышқыл.

Апельсинге ұқсас тағы бір жеміс – амалбид; Үндістанда үш жыл тұрғанымда, көзіме енді ғана түсіп отыр. Егер амалбидке ине сұғып қойсаң еріп кетеді деседі; бұл қышқылға байланысты ма, әлде басқа да қасиеті бар ма екен? (326-332-беттерге дейін) 37-күнін жазған.

Дұлпур мен Баридың арасынан тропикте өсетін кара ағаш көрдік; бұл ағаштың жемісін танду деп атайды. Мұның ақ түрі де

болады екен. мұндағы ағаштың көпшілігі ақ болып шықты. (379-бет)

Қызыл беде, анар, өрік, анар-данақалан, алма, тұт, кара ағаш, жүзім, айва, шабдал, қара өрік, бадам, жаңғақ, шие ағаш, апельсин, алмауық, найшаһар, ламғаннан, қант қылшасы, қант қамысы, шынар, емен, арған ағаштар өседі, үйеңкі шыбық, сұбхани, ябрух ас-санам, юоты, мықыр-қияқ шөбі, қияр, кориандр, қарағай, зәулім шынар, аруан, мерена, бетеге, пини, зәйтүн, сағыз қарағай, бадам ағаш, кирканд, сүмбіл өсімдік, үйеңкі, анбу, жаман деген не ғажап ағаштар жайқалып тұр. Тыңда (кара ағаштың бір түрі) – сонда бұл қырық бес (45) түріне жеке-жеке тоқталып, зерттеп жазған. (20-318-бетке дейін). Сонда бәрі өсімдіктің 37-45=82 түрін зерттеп жазған.

Кітапта аты аталған өсімдік пен ағаштардың көп түрі жазылған. Мен есімде қалғанын ғана тізіп жаздым. Мысалы, Ферғана тауларында тобылғы өсетінін, оның бес (5) түрлі қасиетін жазған. Менің жазбамда мұндай қалып қойған неше түрлі деректің көп екенін ескерттім.

Үндістанда тамаша гүлдер өседі:

Жасун: мұны гархал (қарқал) деп те атайды. Жасун шөп емес, оның сабағы ұзын. Жасун бүр ашқанда, оның қауашағының ортасынан жіңішке сабак сияқты, ұзындығы саусақтай талшық шығады; содан жасунның жапырақтары бүршік атады. Бір бүршік екі гүл ашады. Топталып өсіп тұрғанда жасунның иісі де, түрі де әсем көрінеді, бірақ ұзаққа шыдамайды, бір күнде солып қалады. Төрт айлық жаңбыр кезінде көп рет гүл шашады, сонда ерекше көркем көрінеді. Жасун жыл бойына ең ұзақ гүлдейтін гүл, бірақ осыншама көп гүлдегенмен иісі болмайды.

Тағы бір гүлі – канир. Канир ақ та, қызыл да болады. Шабдал гүлі сияқты пішінінен бес жапырақ өнеді. Қызыл канир шабдалдың гүліне ұқсастау. Канирдің гүлі бір жерден он төрт немесе он бес бүршік атады. Алыстан қарағанда үлкен шок гүл сияқты. Қызыл канирдің иісі әжептеуір, бұл бір жағымды гүл. Жауынды күндерде көп гүл шашады, әрі әсем, оны жылдың әр мезгілінде ұшырастыруға болады.

Үндістанда киюра да гүлдейді. Иісі өте жағымды. Оның гүлінің ұзындығы бір жарым, екі қарыстай, жапырағы ұзын, тікенекті.

ішкі жапырағы жұмсақ, әрі ақ. Ішкі жапырақтың арасында гүлдің кіндігі сияқты зат бар, содан жұпар иіс шығып тұрады. Жаңа ғана жерден кылтиып шыққан, әлі дің пайда болмаған өсімдік балғын қамыс шыбығына ұқсас келеді. Оның жапырағы жатыңқы, тікенекті, діңі сымбатты емес, тамыры көрініп жатады.

Тағы бір гүлі – жасмин; ақ гүл, бұл чамбали деп те аталады. Бұл жасминнің біздің жасминнен айырмашылығы үлкен әрі иісі күштірек. (332-333-беттер)

Аридін қасындағы су астында өсетін бауды қарап жүргенімде Шейх Гуран маған жаңа гүл шашқан су астының өсімдігін көрсетті. Бұл ұрық фисташқа ұқсайды, гүлі тамаша, осы гүлді үнділер «Кавал кикри» деп атайды, ал ұрығы – «дуда» делінеді. (420-421-беттер)

Шаштепе даласы мен Гүл-и Бакраның беткейі өте көркем, ғажайып, сұлу көрініске малынып тұрады. Мұнда неше түрлі қызғалдақты есептеткенімде отыз төрт болып шықты.

Жасыл желек гүлдермен Кабул бейіш көктемде,  
Даласына карашы, эне, одан сұлу өткен бе?

Осы серуенде жүргенімде мынадай өлеңмен басталатын газелді аяқтадым:

Жүрегім де гүл секілді қызыл-жасыл оранған,

Жомарт көктем мың раушан төсегенде бөктерге. (235-бет)

Дашт-и Шейх жеріне көктемде, тары қаулап шыққанда бұл жер гүлденіп кетеді. Қызғалдақты санатқанымда оның отыз екі-отыз үш түрі бар болып шықты. (161-бет. Кабул жері)

Раушан иісті қызғалдақ, жүз жапырақты қызғалдақ, қызыл канир, раушан гүл, роза, итмұрын гүл отырғыздық, шегір гүл, қызғалдақ, раушан – тоғыз гүл (9).

Сонда барлығы  $6+34+33+9=82$  гүлді зерттеп, сипаттап жазған. (20-318-бетке дейін) Бізде жылдың төрт мезгілі болса, Үндістанда үш мезгіл. Онда төрт ай – жаз, төрт ай – жаңбыр, төрт ай – қыс. (333-бет) С.М.

(Тәулік, сағат, минут, жарық күннің, түннің, салмақ өлшеміне, ауа райына, мезгілге, демек бәрінің ерекшеліктеріне толық Бабырнамада тоқталып өткен. С.М.)

Бір тәулікте көзді екі жүз он алты мың рет ашып-жұмамыз. (334-бет)



Үндістан – жағымсыздау жер. Халқы сымбатсыз, сый-құрмет, қарым-қатынас жасаудан хабарсыз. Асқан дарындылық, зеректілік, әдептілік, дарқандылық жоқ. Олардың кәсібінде, ісінде тәртіп те, жоспар да жоқ. Өлшем жіп, бұрыштама деген оларға белгісіз заттар. Үндістанда жақсы су да, жақсы ет те, жүзім де, қауын да, жемістің жақсы түрлері де, мұз да, салқын су да, базарында жақсы дәмді тағам да, жақсы нан да жоқ. Монша мен медресе де, шырақ та, шырағдан да жоқ.

Тұрған үйлерінің ауасы тар, сән-салтанат, жарасымдылық деген атымен жоқ. Олардың шаруалары, қара халқы лангут аталатын шүберекпен кіндіктен төменгі екі қарыстай жерін жауып, анадан туғандай тыр жалаңаш жүреді. (335-бет)

## ҮНДИСТАННЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Бұл – ұлан-байтақ өлке, онда алтын да, күміс те мол. Жаңбырдан кейін ауа шайдай ашылып, ғажайып құбылысқа енеді. Бұдан артық, бұдан ғажайып жұпар болуы мүмкін емес. Мұның бір кемшілігі ауа өте дымқыл. Жаңбырлы кезде садақты тартуға болмайды, бүлініп қалады. Садақ, қалқан, кітап, киім-кешек, мата демей дымқылдықтан бәрі бүлінеді. Құрылыс та ұзаққа шыдамайды. Үндістанның тағы бір артықшылығы, онда жұмысшы қолы мен ұсақ қол өнершілеріне сан жетпейді. Қандай істі, қандай жұмысты болмасын ата кәсібін жалғастырып келе жатқан адамдар атқарады. Молда Шараф ад-дин «Зафарнамасында», Темір бек тас мешіт салдырғанда, бұл құрылыста күн сайын Әзірбайжаннан, Фарсыдан, Үндістаннан тағы басқа мемлекеттерден келген екі жүз тас қашаушы істеді деп аузынан суы құрып сипаттайды. Ал менің Аградадағы құрылыстарымда бір Аграның өзінен ғана күн сайын алты жүз-сегіз жүз тас қашаушы жұмыс атқарды; Аградадағы, Сикридегі, Биандағы, Дулпурдағы, Гвалиардағы және Куилдегі құрылыстарымда күн сайын бір мың төрт жүз тоқсан бір тас қалаушы жұмыс істеді.

Өзім аңғарған, анықтаған, байқаған деректеріме байланысты Үндістан аймағының тұрғындары мен жерінің ерекшелігі, сапасы жайында өз қал-қадарымша жаздым. Бұдан былай да жазуға

тұрарлық қасиеттері көзіме түссе, оны әңгімелеп беремін; егер естіген-білгендерім іске тұрарлықтай нәрсе болса – көзіммен көруге тырысамын. (336-337-беттер)

Қай жерге тұрактасак та, су доңғалағын құрғызып, су шығарып, тақталы бақ отырғызуға бел байладым. (345-бет)

Су қоймасын, су тоспасын жасап, бақ отырғыздық та, жатын бөлме, монша салғыздық. Сонымен сұрықсыз, көріксіз Үндістанда тамаша тақталанған бақша пайда болды. Оның әр пұшпағы көгалдандырылып, көздің жауын алатын роза мен итмұрын отырғызылды.

Халифа, Шейх Зайн, Жүніс Әли - өзеннің жағасынан орын тигеннің бәрі тамаша бақша отырғызып, су қоймасын салдырды. (346-бет)

### ТОҒЫЗ ЖҮЗ ОТЫЗ ҮШІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

Низам хан басқа істер амал таппай, қамалды біздің адамдарға тапсырып, маған қызмет атқаруға құлшылық етті.

Гвалиардағы Татар хан Саранг ханиден әлденеше рет елші келіп, менің қоластыма қарайтынын, ниеттес екенін білдірді. (350-бет)

Мұхаммед Зайтун да қорғанудың амалын таба алмай Дүлпұрды өткізіп, маған қызмет атқаруға келді. Хамид хан Саранг хани ауғанның Пани тайпасынан үш-төрт мың адам жинап лаң салып, бүлік шығарды. Шын Темір сұлтанның адамдарына Ахмади паруанашы, Әбу-л-Фатха Түрікмен, Мәлік-Дада Қарарани мен Мүджахид хан Мултани бастаған жасақты қосып, ауғандардың бүлігін басуға жөнелттім. Олар күл-талқан етіп, көпшілігін жойып, маған біразының басын жіберді. (351-бет)

Раби айының алтысы күні – жұмада ғажайып оқиға болды. Ешбір қоспасыз, қысқартусыз соны ұсынайын. Ол мынау.

«Тоғыз жүз отыз үшінші жылы бірінші раби айының алтысы күні – жұмада ғажайып бір оқиға болды. Оның жағдайы мынадай: Ибраһимнің сормаңдай анасы мені үнділіктің қолынан дәм татты деп естіпті. Әңгіме былай болған-ды. Үнділердің тағамын татып көрмегендіктен, осыдан үш-төрт ай бұрын Ибраһимнің аспаздарын ертіп келіндер дегенмін. Елу-алпыс аспаздың

төртеуін алып қалдым. Осыны естіп ол әйел Атавадағы Ахмет чашнигирга адам жіберіпті. Үндістан тұрғындары бақауды чашнигир деп атайды. Ол бір күн әйелдің қолына бір тола-тола бұрын ескерткендей екі мысқалдан сәл-пәл артықтау – у салынған төрт бүктелген қағаз ұсынып, мұны Ахмет чашнигирге табыс ет депті. Ахмет әлгі қағазды біздің асханада қызмет атқаратын үнділік аспаздың біріне береді де, егер осы улы мен ішетін тағамның біріне салып жіберсе, оған төрт парғана пұл төлеймін деп уәделеседі. Сол, Ахмет чашнигирге у беріп жіберген күн оған улы табыс етті ме, жоқ па деп тексеру мақсатымен Ибраһимнің анасы тағы бір тұтқын әйелді жұмсайды. Құдай ондағанда сол Ахмет улы қазанға салмай, табаққа салады. Оның қазанға тастамаған себебі, мен бақауылдарды үнділіктерден абай болыңдар деп сақтандырғанмын, сондықтан олар қазанда пісіп жатқан тамақтың дәмін татып байқайтын.

Маған табаққа тамақ салғанда бақауылдар әлде-бір жаққа алаңдап көз жазып қалыпты; аспаздар фарфор ыдысқа жұқа турап нан салып, соның бетіне қағаздағы улың жартысын сеуіпті. Удың бетіне майға қуырылған ет қойыпты. Егер аспаз улы етке сеуіп қазанға салғанда, онда жағдай мүшкіл болар еді; ол сасып қалып улың жартысынан астамын ошаққа тастап жіберіпті.

Жұма күні кешқұрым, шам намаздан кейін тамақ келтірді. Мен қоянның қуырылған етін сүйсініп көбірек жедім, қуырылған сәбізді де молырақ септім; уланған үнді тағамының бетінен бірнеше кесегін ғана алып жедім. Қуырылған еттен де жедім, бірақ бөтен дәмді сезбедім. Содан кейін сиырдың пісірілген етінен бірер жапырақ аузыма салып едім, жүрегім айнып, локсыдым. Мұның алдында сүр ет жегенімде де дәмі нашар болған-ды, содан шығар деп ойладым. Тағы да жүрегім айныды: дастарқан басында отырғанымда осылайша екі-үш рет айныды, құсып жібере сақтадым. Ақыры жағдайым болмай бара жатқан соң орнымнан тұрдым. Қалажайға жеткенімше тағы да құсып жібере жаздадым, ол жерде қатты локсыдым.

Бұрын ешқашанда тамақтан кейін, әуелі мас болғанда да, жүрегім айныған адам емеспін. Ойыма сәл күдік ұялады. Мен аспазды ұстауға, тамақтың қалдығын итке жегізіп көруге бұйрық бердім. Келесі күні таңертең, түнгі күзет алмасудың алдында

иттің халы нашарлай бастады, іші кеуіп кеткендей болды. Оған қаншама тас лақтырса да, орнынан қозғаса да тұрмай қойды. Түске дейін осылай сұлық жатты да, содан кейін орнынан көтеріліп жүріп кетті, өлмеді.

Бақауылдардың біразы осы тағамнан дәм татты; ертеңмен олар да қатты құсты. біреуінің жағдайы тіпті нашар болды; ақыры бәрі де аман қалды.

Тосын келген апаттан,

Аман қалды пенделер.

Жаратқан ием маған өмірімді қайта тарту етті; мен о дүниеден қайта оралғандай, анадан қайта туғандай сезіндім. Мен сырқат едім, қайта бас көтердім, айықтым; алланың атымен ант етейін, өмірдің парқын енді ұқтым.

Сұлтан Мұхаммед Бахшиге аспазды ұстаңдар деп бұйрық бердім; жанын қысқаннан кейін жоғарыда айтқанның бәрін кайталады.

Дүйсенбі мәжілісіне барлық аксүйектер, атакты адамдар, әмірлер, уәзірлердің бірі қалдырылмай түгелдей шақырылды. Әлгі екі еркек те, екі әйел де келтіріліп, тергелді. Олар қалай болғанын түгін қалдырмай айтып шықты.

Чашнигирді шапқылап, турап тастауға, аспаздың тірідей терісін сылуға, ал әйелдердің біреуін пілге таптатуға, екіншісін мылтықпен атуға, ал үшіншісін қамауға бұйрық бердім. Ол да жазасын тартады, сыбағасын алады.

Сенбіде бір тостаған сүт іштім, дүйсенбіде де сүт іштім, таспа кепіресі езіп ұрттадым. Қатты әлсіредім.

Сапар айының бірі күні, сәрсенбіде үңгірден алынған, күйген етке ұқсаған бір затты пайдаландым. Жаратқан ием жар болып, қазір сырқаттан құлан-таза айықтым. Осы уақытқа дейін өмірдің қымбаттылығына мән бермеппін.

«Ажалдың көрген қарасын,

Біледі өмір бағасын»

деген өлең жолдары бар емес пе.

Осы алапат жағдай есіме түскенде жанымды қоярға жер таба алмай, қатты абыржымын. Жаратқан иемнің қайырымы түсіп,

өмірімді қайта тарту етті. Оған деген ризашылығымды қандай тілмен жеткізсем екен?

Ойымда кірбің қалмас үшін болған оқиғаның бәрін толық жазып, қағазға түсірдім. Бұл тілмен айтып жеткізгісіз жағдай, бірақ жаратқан иемнің қайырымдылығының арқасында жарық дүниені қайта көрдім. Бәрі де жақсылықпен тынды. Сіздер абыржымасын, алаңдамасын деп осы хатты бірінші раби айынын жиыrmасы күні, сәрсенбіде Шарбакта жаздым.

Ажалдан құдай сақтап жаным қалған соң, әлі де болса көрер жарық күнім бар екен деп, хатты Кабулға жөнелттім. Өлімге жанын қиып, осыншама зұлымдыққа дәті шыдаған бейшара кемпірдің дүние-мүлкін, құл мен күндерін тартып алып, Әбдірахым шығауылға көзден таса қылмай күзеттір деп Жүнісәлі мен Қожағи Асадқа бұйырдым. Бұрын кемпірдің немересі, Ибраһимнің ұлына күтуші қойып, құрметтеп, жағдайына қарап, ақсүйектің тұқымын жасытпай, асылдың тұқымындай, құдайдың көзі түскен атаның тұқымы ғой деп ілтифат, ишарат көрсететінбіз. Бұл ошақтың адамдары жаныма қатер тигізгеннен кейін «Қасқырдың күшігін асырасаң да қасқыр болады» дегендей Ибраһимнің бөлтірігін қасымнан аулақтатып, рабидің жиырма тоғызында, бейсенбі күні Қамыраннан жолаушылап келген Молда Сарсанға қосып Қамыранға жөнелттім. (352-353-354-беттер)

Хасан ханның ұлы Нахир ханға құрмет көрсетіп, иығына шапан жауып, оны сый-сыяпатпен әкесіне жөнелттік. Ұлының босатылғанын естісімен кәрі сайтан баласының келуін күтпей-ақ Алуардан шығып, Рана Санкаға барып қосылды. Хасан ханның ұлын босатып жібергенімізде опык жеп қалдық. Адам бәрін болжай білсе данышпан болып кетпей ме, құдайдың жазуы солай болар. (355-бет)

Өзіммен өзім сырласып, жанымды жегідей жеп жүрген дерттен құтылу жолын тағы да ойластырдым. Артық ас – мәкүрік екенін біле тұра, қалайша нәпсімді тия алмаймын деп жәбірлендім. Сонда былай деп үн қаттым:

О, жаным, неге күнә алдында дәрменсізбін дейсің сен?

Тиылу да, байқап қара, тәттіліктен емес кем.

Бұл өмірде күнәға ұзақ батсаң егер қаншалық,  
Тиған істен ләззат алдым дей бер онда соншалық.  
Өз ойыңа келгеніңді орындасаң жан қанша,  
Зая етесің өміріңді сау-тамтығы қалғанша.  
Кірсең егер киелі зор соғысқа сен құлшына,  
Ажал қабак түйеді ылғи түсірмек боп уысына.  
Өлімді кім көп ойласа, сен көңілге түйіп қой,  
Сол тек тиым салынған көп істерден тез тартар бой.  
Өткен іске өкінбе деген, шарапты татпауға серт еттім. (359-бет)

Қысқасы мен: «О, жаратқан ием, біз басымызды қорлаппсыз. Мен алланың адал жолын аттап, жат іске жадыланыппын!» деп құдайға құлшылық етіп, шарапты аузыма алмауға ант еттім.

Алтын-күміс құмыралар мен тостағандарды аластады; бұл ыдыстарды алапестің ерні тиген ыдыс құсатып быт-шытын шығарып сындырды; алланың қалауымен оның сынықтарын кембағал, мүсәпірлерге үлестірді. (361-бет)

Біз барлық жерде де мұсылмандардан ақы алынбасын деп бұйырғанбыз. бұрын өткен әкімдер ақы алған көрінеді. Тиым салып, қалаларда, қыстақтарда, жолда, өткелде, бөгеттерде салық алынбасын деп бұйрық берілді.

Жарлық ұлы мәртебелі ағзамның бұйырығымен жазылды. Бірінші жұмаданың жиырма төртін күні, тоғыз жүз отыз үшінші жылы жазылды. Бар бектерім мен жігіттеріме былай дедім:

Ерте, кеш пе кім келсе бұл пәниге,  
Түбі жоққа айналады, әрине.  
Тәңір ғана мәңгі жасар, ажалсыз,  
Кім келсе де бәрібір бұл пәниге,  
Өлім суын жұтар түбі, әрине.  
Бұл дүниеге кім келсе де аз күн өмір сүруге,  
Ақыр түбі тиіс болар жер астына кіруге.  
Игі даңқпен өлсем жақсы егерде,  
Тәнім өлер, даңқым жасар ел-елде.

Жаратқан ием бізді осындай бақытқа кенелтіп, қуанышқа бөледі. Кеудеден шыбын жаның шығып кеткенге дейін жаудан

бетіміз қайтпайды деп бәріміз де алла тағалаға құран ұстап ант берейік».

Бек те, нөкер де үлкен-кіші демей бәрі де құран ұстап алла тағалаға жалбарынып ант берді. (361-362-363-беттер)

Рана Санка – он тәуелсіз әкім оған бас иіп, құлдық етіп, төңірегіне шілдің тобындай үйіріліп, гүжілдеп жатты. Он топ «қаралы» ту көтеріп: «Жанға – жан, малға - мал» деп жар салды. Олардың сонынан ергендер де, саптағы жауынгерлер де мол, иеліктері де аумақты еді. Олардың қолын айтар болсақ:

Саллах ад-диннің отыз (30) мың атты әскері, Равал Удай Синг Багаридың он екі мың (12) атты әскері, Хасан хан Меуатидің он екі (12) мың атты әскері бар, Бармал Идри – төрт (4) мың әскері, Нарихат Хара – жеті (7) мың, Сир Синг Део төрт (4) мың әскері, Сұлтан Сикандардың ұлы Махмұд хан он (10) мың атты әскері. Қауіпсіз һәм жазира жазық жерден қуылған бұл адамдардың саны Үндістанда аймақтары мен иеліктеріндегі әдетке сайғанда, екі (2) лак және бір (1) мың еді.

Жаратқан ием қолдап оларды қарғыс атты, алланың қары тиді. Тоғыз жүз отыз үшінші жылы жұмада айының екінші жартысында, он үшінші күні, сенбіде жаратқан иемнің бұйрығымен исламның жеңімпаз әскері Биана аймағына қарайтын Канва кешенінің маңына келіп шаңырағын көтерді. Жаудан екі құрық жердегі тау етегіне орналасты. (366-367-беттер)

(Әскердің алдыңғы сапында тұратын атқыштар мен зеңбіректерді қорғау үшін Рұм әскерінің әдісімен, арбаны біріне бірін байлап, бір қатарға тіздік. (368-бет) (Оң канат, орта канат, сол канат әскерлері белгіленіпті. С.М.)

Жасағымен қасқайып ұрысқа кіріскен Ұста Әли Құли біздің дәуірімізде сирек ұшырасатын ерлік көрсетіп, әйдік тастарды зеңбіректен атқылап жатты. Оның ерлік ісін немен салыстырарсың? Безбенмен салмақтайтын қорғасын емес, шойын да емес. Егер оның істеген қарекетін таразының бір басына қойсаң, оның екінші басына салмақ тартар қандай күш бар! (371-бет)

Апырмай, ақырзаман деген осы емес пе деп аңырап қаласың. Кімнің жеңіп, кімнің жеңіліп жатқаны белгісіз, азан-қазан дүние:

Шайқас күні балыққа болды азық аққан қан,  
Лйға жетті аспанға көтеріліп ұшқан шаң.  
Кең далада үріккен аң тұяғының дүбірі,  
Алты кабаг болса да жер, сегіз қабат болды аспан.  
Намаздыгер арасында айқас шегіне жетті, аспанда алаулап ту  
желбіреді.

Өлді барлық үнділік кемсітуден қорлаудан,  
Тастан атқан қарудан болғаны үшін пілді адам.  
Көптігінен өліктің жазық жерге тау тұрды,  
Ондай өлік таулардан өзен болып ақты қан.  
Қашты тау мен далаға қорқып тірі қалғандар,  
Әскерлерден қаптаған, қардай жауған оқтардан.  
Тоғыз жүз отыз үшінші жылы екінші жұмада айының жиырма  
бесінші күні жазылды. (372-373-беттер)

(«Бабыр «Бабырнамада» ұрысқа қалай дайындық жасағанын  
Рана Санка жасақтарымен қарама-қарсы айқастың барысы  
туралы кітаптың 366-бетінен бастап 380-беттеріне дейін толық  
әрі нанымды баяндап жазған. Мен әрбір жерінен теріп жазып  
отырмын.

Сұмдық күшті қауіпті жауы Рана Санканың жүз мыңға жуық  
әскері болса да, Бабыр ержүрек қолбасшылық қабілетінің  
арқасында оларды тізе бүктірген. С.М.)

Жуса аралығындағы бұлақтың басы көкмайса шалғын; бұл  
жер маған өте ұнады. Бұлақ көзіне сегіз қырлы кашалған тас  
қалауға бұйрық бердім. «Тарды бек мақтаған патша бұлағы деп  
деп атайық» дегеніне жұрт ду күлді. (377-бет)

Қазынаны үлестіріп үлгердім, бірақ жер мен аймақты бөлуге  
жау бөгет жасады. Кәпірлермен соғыс аяқталған соң жерді де,  
аймақты да бөлісуді бастадық.

Құмайын (баласы ) Дихлиге келіп біраз казына қоймасын  
ашып, заңсыз билік жүргізіпті деген хабар келіп жетті.  
Құмайыннан мұны ешқашан күткен емес едім. Жаныма қатты  
батты. Құмайынға қатуланып хат жолдадым. (378-бет)

(Бабыр өзінің де, баласының да, әке-шеше, бауыр, туыстарының  
да кемістігін, заңсыздығын бүгүсіз толық ашық жазып отырады.  
С.М.)



Шаһ Хасан қарта құмар болатын. Ол маған қарта жіберсін деп сәлем айтыпты, тілегін орындадым. (379-бет)

(Бабыр патша болса да кішіпейіл, адамгершілігі мол сұмдық сезімді, парасатты, ақылды адам. С.М.)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ ОТЫЗ ТӨРТІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

Мұхаррам айының алғашқы күнінде, сенбіде Куилге келіп тоқтадым. Жүсіп пен Дәруіш Әли Құмайынмен бірге Самбалда қалған. Өзеннен өтісімен олар Құтб Сирвани тағы да бірнеше раджалармен айқасып, оларды кирата жеңіп, бірнеше бас пен бір піл жіберіпті.

Мұхаррамның он алтысы күні селкілдеп безгек ұстады. Аяқ-қолымды дірілдетіп, жан терімді шығарып, жанымды қоярға жер таппадым. Осылай безгек жиырма бес-жиырма алты күндей ұстады. Бұл күндері ұйқым қашып, шөлім қанбай, ернім кеберси берді. Қу сүйек болып, терім сүйекке жабысып қалғандай жүдедім. Сырқат күндері төрт рубай жаздым, соның бірі мынадай-ды:

Күндіз күйіп, дене ыстығым артады,

Түнде көзден ұйқым алыс қашады.

Азап, төзім бойда аңдыса қалады,

Төзім бітіп, азап асып барады.

Көлдiң ортасына орнат деген сегіз қырлы суфа дайын болыпты.  
(380-381-беттер)

Екінші рабидың сегізі күні, сәрсенбіде Қалпыдан бір құрық жерге тоқтадық. Осы қоста Сұлтан Халил сұлтанның ұлы, Сұлтан Саид ханның туған бауыры Баба сұлтан келіп, маған қызмет атқаруға тілек білдірді.

Он тоғызы күні, жексенбіде Шын Темір сұлтанды алты мың ба, жеті мың ба адамды басқартып, алдымыздағы Чандири тауына жөнелттік.

Жиырма төрт күні, жұмада Качуаға жақын келіп тоқтадық. Качуаның адамдарының бетін өзімізге қаратып, бұл жерді Бадыр ад-диннің ұлына бердім.

Качуа – жайлы жер; айналасы жоталы қырат. Қыраттың сайына

тоспа жасап едік, үлкен көл пайда болды. бірақ Качуандағы көлден кіші. (382-бет)

(Бабыр сұмдық іскер, түйенің комы. аттың жалында жүріп-ақ арналысып алған жерін суландырып, көгалдандырып жүреді. С.М.)

Мен Арайш хан мен Шейх Гуранды Мидини Раоға жіберіп, достық лебіз жеткіздім. Ол менен гөрі күшіне сенді ме. әйтеуір келісімге келмеді. Чандири қамалын шабуылмен алмақ болып, сол айдың алтысы күні, сейсебіде таңертең жорыққа аттандым.

Жұмада айының бірінші жартысында сегізі күні, сәрсенбіде орта қолдың сол қанаты, оң қанаты, сол сияқты арнаулы жасак өз орындарына тұруға бұйрық алды. Шабуыл барлық жағынан жасалды. Біздің қыран жігіттер қаракұрым болып жоғары камалға көтерілді. Мәжусилер жалаңаштанып, қайта оралды да, қоян-қолтық алысып, біздің адамдарды қуып, камалдың дуалынан лақтырды; бірнеше адамды шапқылап тастады. Олардың қорған дуалынан тез кетіп қалған себебі жұрттың айтуынша: «қамалды бәрібір ұстап тұра алмаймыз» деп әйелдерін, сұлу қыздарын өлтіріп, өздерінің басын өлімге тігіп, шешініп тастап соғысқа күрескен көрінеді. Екі жүз немесе үш жүз жау Мидини Раоның сарайына еніп, көпшілігі бірін-бірі өлтірді. Біреуі қылышты көтеріп, өлімге ұмсынғандары кезекпен келіп, қыл мойнын тосады. Осындай сұмдықпен жаудың біразы тозаққа аттанды. Чандиридің терістік-батыс жағындағы жотаға жаудың басынан мұнара тұрғыздық:

Чандирилер көп уақыт

Болды соғыс мекені.

Мен олардың қорғанын басып алдым соғыспен.

Басқыншысы чандирдің деген сөзге қалдым мен.

Чандири – жер жаннаты; айнала сарқыраған бұлақ. Чандиридың қарапайым адамының да, атақты адамының да үйлері тастан қаланған. Аукатты адамдардың үйі өте сәнді, тасты қашап жасаған. Жай адамдардың үйі де тастан жасалғанмен – жоңылмаған, қашалмаған. Үй шатыры қыштың орнына тас қақшаларымен жабылған. (383-384-385-беттер)

## ТОҒЫЗ ЖҮЗ ОТЫЗ БЕСІНШІ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

Дұлпұрдың батыс жағында қызыл тасты үйінді кездесті. Үйінді үй жасайтындай терең болмады, тас қашаушылар жартастың бетін тегістеп, ішін қашап сегіз бұрышты хауыз жасады. Терістік жағында не ғажайып ағаштар жайқалып тұр, арасынан құдық қаздырдым. Осы құдықтан шыққан су төменгі тастан қашалған хауызға құйылды. Хауыздың терістік-шығыс жағына бөген жасап, үстіне үй тұрғызды. Бөгеннің жоғарғы жағынан жаңбыр суы жиналып, көл пайда болды. Шығыс жағында бак бар-ды, кесек тастан софы сияқты тас орнаттық, ал батыс жиегінен мешіт жасауға бұйрық бердім. (389-390-беттер)

Үлкен күмбездің астында шағын құжыра бар, оған жарық түспейді. Рахимдад Бикрамаджит сарайына орналасқанда үлкен күмбездің шағын сәкі орнаттырыпты. Бикрамаджит сарайынан әкесінің сарайына баратын жер асты жол жасалыпты. Ол сыртынан да, ішінен де сезілмейді. Бұл бір тамаша жасалған өткел жол. (391-бет)

Үлкен қорған мен құдық қабырғасының арасындағы қақпа тасына Сұлтан Шамси ад-дин Илтұтмиштің есімі қашалып жазылған. Жасалған мерзім – алты жүз отызыншы жыл.

Ұрваның үш жағын тау қымтап жағыр. Түстік жағында үлкен пұт бар. Оның ұзындығы шамамен жиырма кари, бұл пұтты ұяттан безгендер тыр жалаңаш бейнелепті. Мен сол пұттардың көзін құртыңдар деп бұйрық бердім.

Сол айдың он төрт күні, сенсенбіде Рана Санканың шешесі Падмаватимен Рантанбұр қамалында тұратын екінші ұлы Бикрамаджиттен елші келді. Бикрамаджиттің атақты адамдарының бірі үндістандық Асұк есімді адамнан да елші келіп, маған қызмет ететінін білдірді. Асұк тіршілігі үшін кірісі жетпіс лактық иелік беруді өтініпті. Оның өтінішін орындап, қалаулы иелігін береміз деп, адамдарын қайтардық. Кейін жолығысатын болып келістік, бірақ олар кешігіп келді.

Санка Сұлтан Махмұдты күйрете жеңгенде ол кәпірлерге тұтқын болыпты, сонда алтынмен көмкерілген алкасы мен белдігін алып, өзін босатып жіберіпті. Осы алка мен белдік Бикрамаджитте болу керек. Енді маған келген адамдар арқылы

Бикрамаджит сол алтын алқа мен белдіктің жайын білдіріп, Ранганбұрды Бианға айырбастауды өтініпті. Оны жылы жауып қойып, Ранганбұрды Шамсабадқа айырбастауға уәде еттік. Қонақтарға қонағасы беріп, иықтарына шапан жауып, сыйсияпат көрсетіп, Бианға он күннен қалмай келуге сөз байласып, аттандырдық. (392-393-беттер)

(Бабырға жүз мыңдай әскерімен қарсы тұрған сұмдық тағы атакты адамдары өз еркімен қызмет көрсетуге бағынышты болды. Демек Бабыр тегін адам емес, өте күрделі тұлға. С.М.)

Он тоғызы күні, жексенбіде таң қылая аттандық. Кавари өзенінен өтіп, сәскеде сәл демалып, бой сергітіп, түскі намазда қайта аттанып, кіші бесінде өзеннен (Чамбал) өтіп намаздігер мен намазшам аралығында Дұлпұр камалына жеттік. Абу-л-Фатх жасаған моншаны шырағдан ұстап аралап шықтық та, ол жерден де аттандық. Бөген жиегіндегі жаңа баққа келіп, қос тігіп жайғастық. (394-бет)

Сикриде жасалған баққа жеттік те жайғастық. Бақтағы дуалда, құдық та менің ойымдағыдай жасалмады, сол жұмысты басқарғандарға қатты ренжіп жазаладым.

Сапардың 3 күні, сенбіде әпкелерім – Гауһар Шад бикем, Бажиг әл-Жамал бикем мен Ақ бикем, қарындастарым – Сұлтан Масуд мырзаның қызы Ханзада бикем, жеңгем Сұлтан Бақыт бегім, немере қызы Зейнеп Сұлтан бикені ертіп Тұтадан өтіп, өзен жағасына келіп жайғасыпты. Оларға сәлемдесіп қайттым. Құдайдың қолдауымен Үндістанның жұрты Шығыстағы, Батыстағы жауларынан, дінсіздерден жүрегі жай тапты. (395-бет)

(Бабыр әрбір істелген нәрсенің барысының сапалы-сапасызын қадағалап отырса, үлкен-кішіге деген ізеттілігін сақтап, адамдық тұрғыда қарайды. С.М.)

Желаяқтар Құмайын Ядгар Тагар Тағайдың қызынан ұл көргенін, Камран Сұлтан Әли қызына үйленгенін хабарлады (балалары).

Жиырма үші күні, жұмада ыстығым қатты көтеріліп, мешіттегі жұма намазына әрең шыдадым. Бесін намазында абайлап кітапханаға бас сұқтым.

Сапар айының жиырма жетісі күні, сенсенбіде қадірменді Қожа Ұбайдолланың «Ата-ана сәлемін» өлеңге айналдырсам

деген ой сап ете қалды. Осындай ниетпен рамаль өлшемімен үш бұнақты өлең қиыстыруға кірістім. Маулан Әбдірахым Жәмидің «Таспихы» осы өлшеммен жазылған-ды. Осы кеште екі шумақты он үш өлең жазып тастадым. Күн сайын құрып кеткенде екі шумақты он өлең жазуға серттендім.

Бірінші рабидің сегізі күні, сенбіде «Ата-ананың сәлемін» өлеңмен жазып шықтым, тіпті елу екі шумақ өлең жазып тастаған да күндерім болды.

Бек Кина Құмайынның үйіндегі келін ұл тапты деп сүйінші сұрады. Ұлдың атын Әл-Аман қойыпты. Шейх Әбу-л Ваджид оның туған күнін тарих беттерімен салыстырып: «Шаһ-и саадатманд» деп атады. (396-397-беттер)

(Бабыр өмір бойы өзіне мақсат, серт қойып, сана сезімін, ақылын жетілдіріп отырады. «Өлең жазуға серттендім» деуі де соның көрінісі. С.М.)

Құмайын мен Камранға хат жазып, Биан шейхты ізінше қайырдық. Он төрт күні, жұмада хат та жазылды.

Аллаға алғыс айтам саған ұл берген!  
Маған сүйікті немере беріп үлгерген.

(Хатта көп айта келе былай дейді. С.М.)

«Камранмен тағу бол, ұлы адамдар шыдамды, көнбіс болады. Ол сенің туған бауырың, инабатты һәм қайырымды азамат, алыс-жақынның жөнін білетін иманжүзді жан.

Жазуыңды қиналса да оқып шығуға болады. Кейбір сөздердің анық жазылмауына байланысты мағанасы түсініксіз. Ұлым, әріптің әсемдігінде емес, анықтығына қараған жөн. У ішсең де – руыңмен дегендей, солармен бірге бол. Бауырың мен бектерді өзіңе күніне екі мезгіл шақырып әңгімелес. Қолдан келіп тұрған істен айырылмау керек: ынжықтық, селқостық патша тұқымына жат қылық!

(Низамидің өлеңі)

Әлем жаулау жайбасардың қолы емес,  
Кім тездетсе сол жеңетін зор егес.

Күттірсе де неке кию – дос табу,

Күттірмейді мемлекет басқару.

(Ұлым) Хаттарыңда жалғыздықты көп айтасың. Мемлекет билеушісі үшін жалғыздық деген санада болмаса керек. Бұл жайында мынадай қағида бар емес пе:

Тағдырға көн көпшілікпен бір болсаң.

Дербес болсаң өз бетіңше өмір сүр.

Патшалықтай берік бұғау жоқ қорған.

Бірақ патша дара бола алмайды ол.

Менің айтуым бойынша маған хат жазған екенсің, бірақ менің жазғанымды байыптап, ыждағаттап оқымағаның сөз саптауыңнан байқалады». (398-399-400-беттер)

(Бабыр өте терең ақылды адам. Екі баласына ақыл айтып, санасына жеткізе күрделі жазған хатын мен тым өте қысқарта көшірдім. С.М.)

Менімен Әндіжаннан еріп келіп үйсіз, күйсіз, жерсіз қаңғып жүргендерге, сондай-ақ Сұха мен Хұшиярға да түймелі шекпен, шұға шапан, алтын, күміс, кездеме тарту еттім. Құрбан мен Шейхтың нөкерлеріне, Кахмердтің тұрғындарына да сый-сияпат жасалды. (403-бет.)

(Бабыр патшаның адамгершілігі зор. С.М.)

Сейсенбі күні Дұлпұрға жол тарттым. Мұндағы мақсатым – хауыз жасап, құдық қазыңдар деген бұйрығымның орындалуын тексеру еді.

Он бірі күні, бейсенбіде тас құдық, тастан қашалған тас науа, тас бағана, тас арық дайын болды. (404-бет)

(Бабыр не деген сезімді адам, жүрген жерінің бәрінің келешегін ойлап, құдық, науа, бағана, хауыз, арық жасатып отыруы келешегінің даңқты болуы да содан шығар. С.М.)

Жуықта маған елден қауын алып келді. Оны кесіп жегенімде көңілім босап, көзіме жас алдым; елге деген сағыныштан шығар, дәм дегеннің күдіреттілігі осындай болады екен.

Қарындасымды, әйелдерімді Үндістанға шақыртып, Кабулдың барлық аймағы мен кешендерін патшаның иелігі деп жарияладым. Осы жағдайды Құмайын мен Камранға жазған хатта да ыждағаттап айттым. (409-бет)

(Бабыр патша болса да сұмдық қарапайым, ойшыл адам. Алды-артын, келешегін керемет ойлайды. Сәл нәрсе мен майда-шүйденің өзін қалт жібермейді. Туған жерін, елін ойлап, қауынның өзіне көзіне жас алуы не деген сезімталдығы десеші. «Өзі болған қыз төркінін танымайды» деп елі-жұрты, туған жері тұрмақ өзінің әке-шешесіне қарамай кететін қарапайым адамдардан гөрі зиялы қауымда көп кездесетіні бізде жасырын емес. С.М.)

Төрті күні, жексенбіде Дирапұрде шашымды қырғыздым. Адампұрға тоқтап Садық пен Құлалды күрестірдік. Садық жақсы күресті. Садыққа он мың теңге сыйлап, астына ат мінгізіп, жейдесін алмастырып, иығына түймелі шекпен жаптым. Құлал жығылып қалса да сағы сынбасын деп оның да жейдесін ауыстырып, үш мың теңге сыйладым. (412-бет)

(Бабыр патшаның адамдығы зор – жығылғанға да бәйгі берген. С.М.)

Қожа Жақияның немересі Қожа-и Калан жазып жүрген естелігімді сұрапты. Мен естеліктің көшірмесін Шихрақ бектен жіберттім. (413-бет)

(Бабыр не деген ұқыпты адам, күнде аласапыран арпалыс, шайқас, ұрыс арасында естелік жазып жүрген. С.М.)

Аттың үш мың бір жүз қадамы адамның қырық алты мың адымына, яғни он бір жарым құрыққа тең екен. (421-бет)

Күндих атты кешенге тоқтадық. Осы қоныста отырғанымда (Шаһ Мұхаммед) маған келіп сәлем беріп, құрмет көрсетіп, қызмет ететінін білдірді.

Дариа ханның немересі Жалал хан қасындағы бірнеше сыйлы әмірлерімен сәлем бере келіп, Яхья Нұхани да маған қызмет атқаруға келіпті.

Жұмада Исмаил Жилуани, Әділ хан Нұхани, Әулие хан Ишраки, тағы да бес-алты әмір маған қызмет ететінін білдірді.

Сол күні Исан Темір сұлтанға, Тұхта Бұға сұлтанға белдікке қыстыратын қылыш, қынды қанжар, сауыт, бағалы киім беріп, асыл тұқымды ат мінгіздім. (426-427-беттер)

(Бабырға өздері келіп қызмет ететінін білдіріп жатқан хан, сұлтан, бек, атақты адамдар Бабырнамада көп, өте жиі кездесуі, Бабырдың сұмдық керемет басқыншысы бар екенімен қоса тегін адам емес екенін сездіреді. С.М.)

(Түн) Нөсерлі жаңбыр күйып, алай-топайымыз шықты, арғынан дауылдың қатты соққаны соншалық, шатырдың көпшілігін ұшырды. Мен өз шатырымда жазып отырғанмын: қағаз, дәптерімді жинап үлгермедім, шатыр да, бағана да басыма құлады. Шатырдың туырлығы ұшын кетті, әйтеуір құдай сақтап аман қалдым. Қағаз, дәптерлеріме су тиіп, әрең-перен шағын қызыл кілемге оран орындыққа қойдым да, үстіне кілем жауып тастадым.

Маруфаның ұлы Шаһ Мұхаммедке иығымнан киімімді шешіп беріп, астына асыл тұқымды ат мінгізіп, шығарып салдым. (428-бет)

(Бабыр естелікті қоспасыз, бүгүсіз жорық үстінде жазғаны сезіліп тұр. Өйткені қай жылы, қай айы екенімен қоса бір күнде болған оқиға барысын сол уақытта дәл көрсетіп жазған. Бұлай жазу күнделік жазғандардың қолынан келмейді. Мысалы, мен де басынан күнделік жазғанда сол күнді ғана айтып өтем. Бабыр болса бір күннің өзін жексенбіде, таң қылая, сәскеде, түскі намазда, кіші бесінде, намаздыгер мен намазшам аралығында, шырағдан ұстап аралап шықгық (түн) деп бір күнді, тоғыз мезгіл болған оқиғаны бөліп-бөліп, арасын ашып жазып көрсеткен. Бұған қоса Бабыр кең пейіл екені сол үстіндегі киімі мен астындағы атын басқаға сыйлап бере салады. С.М.)

Сару өзенінен өтіп жатқанда маған оралып сәлем бере келген Маруф Фармулидың ұлы Мұсаға Амрахтағы кірісі отыз лактық иелікті тарту еттім. Шапанымды иығына жауып, ерттеулі ат мінгізіп Амрахқа жөнелтті. (431-бет)

Хашт-Бихишт бағына біраз түп жүзім шыбығын отырғызған едім. Бұл жеміс беріпті. Үндістанда осындай қауын мен жүзімнің шыққанына қуанышым қойныма сыймады.

Зу-л-қада айының бірінші күні, бейсенбіде, Үлкен диуанда мәжіліс құрып отырғанымызда маған Құмайын мен Махимнан сыйлық алып келді.

Кабулдан келген адамдардан біраз әңгімеге қанықтық. Адамның өсек-аяны дертке шалдықтырады. Шейх Шариф Қарабағи Әбді әл-Әзиздің (Мирахұрдың) сөзіне сенді ме, біздің жасамаған ісімізді жасады деп, тым қағал, қылышынан қан тамған, өзінше бұрын-соңды болмаған жаңа тәртіп орнатты



деп ат құйрығын кесісер араздығын айтып хат жазыпты; оның соңына лахор имамдарына зорлап қол қойдырыпты; бұл хаттың көшірмесін қалаларға тараттырыпты.

Әбді әл-Әзиз бірнеше бұйрықты теріс ұғып, жөнсіз қылықтарға бой ұрып, қисынсыз, жалған ғайбат сөз айтыпты.

Соған байланысты он бірі күні, жексебіде Қамбар Әли Арғынның қолына бұйрықты ұстатып, Шейх Шарифты, лахордың имамдарын, олардың қолшоқпарларын және Әбді әл-Әзизді тұтқындап, сарайға алып келіндер деп жөнелттім.

Он бесі күні, бейсенбіде Пехлеван Садық пен Аудтын түйе палуаны күресті. Садық көп жұлқысып әрең жықты.

Он тоғызы күні қызылбастардың елшісі Мұрат Күршіге қымбат тастармен әшекейленген белбау, қанжар сыйлап, иығына, жолына лайықты шапан жауып, қалтасына екі лак теңге салып аттандырдым.

Сол айдың жетісі күні Хинд бекке иығымдағы шапанымды жаптым. Белдігіне асыл тастармен әшекейленген семсер бердім, астына асыл тұқымды ат мінгіздім. Түркмендердің арасында Жағатай аталған Хасан Әлидің иығына шапан жауып, беліне асыл тастармен әшекейленген белдік байлады, кірісі жеті лактық иелік бөлім бердім... (432-433-беттер) Қорыта айтқанда, өзінің ата қоныс жерінен қуылған Бабыр басы ауган жаққа, көз көрмес, құлақ естімес жерге кеткен жөн болар деген ойға келеді. Сонда екі жүзден астам, үш жүзге жетеғабыл нөкерлерімен жорықты бастайды. Әуелі Кабулды аугандықтарды түгел тізе бүктіріп, одан соң Үндістанда ұлы могол мемлекетін құруы сұмдық қолбасшы, қайраткер патша болғаны өте күрделі тегін адам емес екенін көрсетеді. “Бабырнаманы” оқығандағы әсерім. Осыны жазуға мені қызықтырды оқырманман қауымым. Жетінші мәрте 28-01-2009 жылдан бастап оқып та әрі көшіріп те өз ойларымды жазып та, 06.07.2009 жылы сағат 13.00-те зергтеу шығармама нүкте қойдым.

## ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮЛЕГІ НЕМЕСЕ БІЗ ӘДІЛХАНДЫ БІЛЕМІЗ БЕ

Жаужүрек Әділхан Жексенбайұлы 1954 жылы ауданымыздың Жиенбет ауылында дүниеге келген. Жоғары білімді, Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген.

Қазірге кезде ол кәсіпкер-меценат, «Тиграхауд» фирмасының бас директоры. Оның басқаруымен және жергілікті халықтың әулиемен Қызылорда Республикасының түкпір-түкпірінде, Президенті Н.Назарбаевтың үндеуіне сәйкес және республика аяқ спортты федерациясының төрағасы Назарбаев Қайрат Сатыбалдыұлының ұйымдастыруымен бірнеше тарихи мәні бар батыр бабаларымызға және басқа да ұлы тұлғаларға күмбез, мазар, кесене, зиратхана, мешіт салынды.

Атап айтқанда, Көкшетау өңірінде шапырашты Қарасай мен арғын Ағынтай батырлардың кесенесі тұрғызылды. Астана қаласының маңында жоңғар шапқыншылығы кезінде елін жаудан қорғап, өзінің ерен ерлігімен көзге түскен каракерей Қабанбай батырдың мемориал-кесенесі бой көтерді. Ал Жетісудің атақты ақыны Сүйінбайдың мазары өзінің архитектуралық шешімін тапқан сәулет өңірінің озық үлгілерінің бірі болып табылып, оған бұрынғы одақ көлеміндегі «Гран-при» жүлдесі берілді. Сәулетші С.Ағытайға «Құрмет» ордені тапсырылды.

Осындай жасампаздық жұмыстар Ә.Жаужүректің туған жері Шу өңірінде де атқарылды. Онда «Жиенбет Жексенбай мешіті», Мойынқұм ауылындағы кезінде, яғни, ХІХ ғасырдың аяғында «Аша» елінің болысы болған Тілеуғабыл Берікұлы салдырған, ал кейін уақыттың сүргісімен тозып кеткен мешіттің орнына белгі ретінде зиратхана бой көтерді. Сонымен қатар Жиенбет ауылында 1931-33 нәубет жылдарының, 1937-38 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің және екінші дүниежүзілік соғыстың құрбандарына арналып, қызыл гранитке есімдері жазылған мемориалдық құлпытас орнатылды. Сол ауылдағы Бактыбай атындағы спорт кешені салынып, жабылып қалған мектеп қайта ашылып, (қазіргі кезде ІІ жылдық) балалардың оқуына жағдай жасалынып,

қосымша мектеп үйі, дәрігерлік пункт және кітапхана үйі салынып, пайдалануға берілді. Бұл күндері бұлардың барлығы жұмыс істеп, жергілікті тұрғындарға қызмет етуде. Сол үшін халық өз ризашылығын білдіреді.

Сондай-ақ Жиенбет ауылының шығыс жағындағы «Қойшы баба» қорымының басына қорған тұрғызылып, құлпытас қойылған-ды. Шу өңірінде батырлар көптеп шыққан. Солардың арасынан Қоқан хандығының езгісіне қарсы 1858 жылғы шаруалар көтерілісіне белсене қатысқандардың бірі Амангелді Серікбайұлы мен Қойшыұлы Жаужүрек батырлар. Олардың да басына әдемі күмбездер тұрғызылған.

Осындай игі істермен қатар Ә.Жаужүрек атақты тарихшы-ғалым, қайраткер Мұхаммед Хайдар Дулатидің Үндістандағы Кашмир өңіріндегі зиратына арнайы барған Қазақстан делегациясына демеушілік жасап, өзі де бірге барып, ғалымның зиратына туған жердің топырағын жеткізіп, ондағы бейіт топырағы Тараздағы Х.Дулати ескерткішіне әкеліп салынды. Ташкент қаласындағы Шымыр баба кесенесінің құрылысына да белсене атсалысты, ол қала көркіне айналды.

Ә.Жаужүрек басқаратын «Тиграхауд» фирмасы тарапынан өнер қайраткерлеріне, дарында жас ғалымдарға, әдебиетшілер мен тарихшыларға әрдайым демеушілік жасалынып, көмек беріліп келеді. Қазіргі кезде «Тиграхауд» фирмасын Алматы қаласындағы жылдан-жылға экономикасы көтеріліп, жоғары жетістіктерге жетіп келе жатқан бірден-бір сауда саласындағы фирма деуге болады. Осының барлығын Ә.Жаужүректің білімділігі мен іскерлігінің жарқын көрінісі деп білеміз. Ол туралы Жамбыл облысы энциклопедиясының 267-бетінде жақсы мағлұматтар берілген. Бұған Ә.Жаужүрек лайықты және тұрарлық азамат, оған атқарған қызметтері дәлел.

Туған жеріміздің түлегі Әділхан Жексенбайұлының атағы алысқа тарап, абыройы асқақтап жатқандығын жерлестері жақынырақ біле берсін деген ниетпен қолымызға қалам алдық. Атын атап, мақтана алатын айтулы азаматтың ізгілікті істері біздер үшін, шулықтар үшін үлкен қуаныш емес пе?!

**Келімсекке жем болып жүре береміз бе осылай?**

**Бір күні біз де ашу шақырып,  
айбалтаға ұмтылсақ не болады?**

Біздің ауданда қай жерде орамға келетін түсімді жұмыс немесе қоғам мен ел үстінен пайда түсіретін орын бар болса сол жерге кавказдықтар жұмысқа орналасып алған. Ал біз түн ұйқымызды төрт бөліп, көз ілмей жүрген малшы қауым көпе-көрнеу маңдай термен жинақтаған табан ақымызды соларға жегізіп, әрдайым жем болып жүрміз. Біздің өңірде мал бағып, адал еңбек етіп жүрген бірде-бір келімсектерді көрмейсіз. Бірі қойма меңгерушісі болса, екіншісі сатушы немесе басқа да өзінің бас пайдасына лайықты жұмыстарды істейді.

Ондайлардың қарапайым еңбек адамдарының қалтасын қағып қана қоймай, моральдық жағынан жан жүрегімізге дақ түсіріп жүргендеріне қалай шыдарсың.

Осыдан біраз бұрын казактарды әбден басынған «Дружба» совхозының Қорағаты селолық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы Гусейн Асланов деген осы совхоздың Қорағаты бөлімшесінде тұратын қазақтарға бірден онға дейін ірі қараны өздерінің жекешесінен тысқары қаттау кітапшасына жазып қойған. Аслановтың бұлай етуінің себебі, артық малдың шығынын ауыл адамдарының қалтасын қағып бір алса, аудандық мемлекеттік қауіпсіздендіру мекемесінен тағы алады.

Сөйтіп, артық жазылған малды түзетпекке барған Алтынбек Өзенбаев, Қалан Септеміров, Маркаш Иманбековтерге ашу шақырып Г.Асланов өз айтқанынан танбай, көнбеген. Содан соң бұл әрекетіңді түземесең, жоғарыға айтамыз десе, «қайда барсаңдар онда барыңдар, казак менің қалтамда» деп өз кінәсін мойындаудың орнына күллі казак халқының намысына тиетін сөз айтқан. Осы сөзіне олар акты жасап, үш адам қол қойып, халық депутаттары Шу аудандық Кеңесінің төрағасы А.Кәрентаевқа арызданған болатын. Тексергенде ауылшаруашылық кітапшасына жазылған басы артық мал дәлелденді. Ал, «казак менің қалтамда» деген сөзге жазылған актының бір көшірмесі сарапшыға берілді. Міне, содан бері талай уақыт өтті, Г.Аслановты адам да, құдай да алар емес. Жұмысында ештеңе болмағандай шапқылап жүр.

Осыған қарағанда «бүткіл қазақ оның қалтасына сыйып кеткен бе» деп те қиналасың.

Қазір еліміз нарықтық экономиканың ең қиын кезеңдерін бастан өткеріп отырғанда сонау Кавказ аймағында тұратын ежелден ынтымағы бір, тату-тәтті өмір сүріп келген бірқатар ұлттардың ендігі жерде қандай күйге түскенінен күнде радио мен теледидардан естіп те, көріп те жатырмыз. Рас, біздің көп ұлтты республикамызда әзірге ондай шырғалаң болған емес. Алдағы уақытта да болмаса екен деген тілектеміз. Ал, көп ұлтты еліміздің ынтымағын сақтауға ұйытқы болатын ауылымыздың төрағасы Гусейн Аслановтың мұндай әрекетін қалай деп түсінеміз. Ынтымақты сақтайтын солар емес пе? Әйтпесе оны жұмысынан босатып, сөзі үшін заң алдында жауап беруге тиісті емес пе? Кеше ғана жер аударылып келіп, төрімізден орын алып, ақ нанымызды жеп, суымызды ішіп отырып, «қазақ менің қалтамда» дегені несі?

Тағы бір мысал, аудан орталығындағы Новотроицк жұмысшылар кооперациясының бастығы Мирага Әлиев - әзірбайжан. Оның төңірегіне жиналған сауда қызметкерлерінің басым көпшілігі кавказдықтар.

1991 жылғы 11 қарашада күндіз сағат 10-да осы жұмысшылар кооперациясына қарасты делдалдық дүкенде халық кезекке тұрып, арақ алып жатыр екен. Мен де кезекке тұрып, арақ алмақшы болдым. Арақтың бағасы күйіп тұр. Оның үстіне бос бөтелке өткіз, әйтпесе 50 тиын ұстап қаламын деп, әлгі сатушы зірк-зірк етеді. Жалғыз бұл емес, кавказдықтар ұстап тұрған дүкендердің қайсысына барсаңыз да азық-түлік заттарының немесе өнеркәсіп тауарларының нақтылы бағасын ашып айтпай, бірнеше қымбат бағамен сатады. «Алсаң ал, алмасаң жүйкені жұқартпай тайып тұр» - дейді. Бұл туралы М.Әлиевке қаншама шағымдар айтылса да ешбір құлақ асар емес. Өз сатушыларын қызғыштай қорғап, олардың теріс әрекетіне мән бермейді.

Мұндай мысалдар айта берсек, толып жатыр. Оны тексеру кезінде кез келген тұрғындарымыз жыр ғып айтып бере алады.

Құрметті редакция! Сіздерден әділдік күтіп, әдейі жазып отырмыз. Бәрінен де қашанғы кавказдықтардың «қалтасында» жүре бермекпіз. Қазақ халқы меймандос, момын. Осының кім көрінген пайдаланып, біз жем болып барамыз.

*«Халық кеңесі» газеті. 13 ақпан 1992 жыл.*

## ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ӘДІЛ ЖҮРМЕЙ ЖАТЫР

Біздің «Мойынқұм» агробиірлестігінің 28 ұжымдық шаруа қожалығына бөлінгелі бері үшінші жыл. Әйтсе де сол кезден бері шаруашылықтың жұмысы бетімен кетті деуге болады. Бұрынғы аурухана, клуб үйлері қазір бұзылып жатыр. Ауыл мектебі өткен жылдың аяғынан бастап сәуір айына дейін жабылып, оқушылар оқыған жоқ. Тұрғындар арасында алаяқ – қулар, жемқорлар көбейіп барады, қарапайым отбасылардың күнкөрісі барған сайын қиындай түсуде. Енді кемшіліктерді тізе берсек таусылмайды. Сол үшін тек қана жер жөніндегі бір-ақ мәселеге тоқтала кетейік. Бұл күллі ауыл тұрғындарының тілегі.

Жерді жекешелендіріп алған 28 ұжымдық шаруа қожалықтары төрағаларының арасында бір жаман әдет барған сайын құлашын кең жайып барады. Олардың әрқайсысы қожалықтағы бөтен деген адамдарды жұмыстан шығарып, ағайын-туыстарын, жекжаттарын немесе уақытша жұмыс істейтіндерді ішке алып, бұларға да жер бөліп бергенсіп, кейін өздері соған тиесілі жерді иеленіп қалуды көздеп отыр.

Шаруа қожалықтарының төрағалары биыл да жақындарына су мойнына жақын құнарлы деген жер учаскелерін бөліп, қанша гектардан бөлінгені жөнінде тізім жасап қойды. Ащы да болса ашығын айтсақ, шаруа қожалықтарының тізіміне енгендердің көпшілігі жаңадан, сырттан келгендер, өз пайдасын ойлағандар. Ал бұған керісінше, осы шаруашылықтың іргесін қаласқан зейнеткерлер мен қарапайым отбасылары, байырғы тұрғындар әлгіндей қолайлы да шұрайлы жерлер тізіміне ілінбей қалды. Енді олар су мойнынан қашық жерлерді иеленіп, оған су шығару үшін мотор іздеп, су жүйелерін тарту сияқты үлкен машақатты көргелі отыр. Қазір жанар-жағар майдың да тапшы екені белгілі, табылғанның өзінде қымбат бағаға сатып алуға олардың жағдайы көтере ме?

Осылардың барлығын ескеріп, жерді дұрыс бөлісу жағын жақын арада шешпесе ауыл тұрғындары арасында жанжал туып кету қаупі бар. Осыған орай мына төмендегідей тілектерімізді ұсынамыз:

1. Жерді халыққа бөліп беру жұмысына ауыл басшыларын, ұжымдық шаруа қожалықтарының төрағаларын қатыстырып қоймай, бұл мәселеге байланысты облыс, аудан, ауыл ақсақалдары тарапынан әділ сарапшы тобы құрылып, солардың төрелігіне жүгінсе дейміз.

2. Жайылымдық жерді қожалықтың жерінен бөле қарап, пайдалану ерекшелігіне мән берілуі қажет.

а) еркін тоған арқылы суарылатын қанша жер бар?

б) мотор немесе электр қуатын пайдалана отырып суаратын жер қанша?

3. Еркін тоған арқылы шығынсыз суарылатын жер осы шаруашылықтың отбасына тең бөлінуі керек. Егер отбасыларының барлығына толық жетпейтіндей болса, бір-екі мүшесіне беріп, қалғанына мотор арқылы суарылатын жерден берілуі тиіс. Жердің әділ бөлінуі үшін жеребе тасталып, сарапшы топтың қатаң қадағалауы арқылы жүзеге асатын болсын.

4. «Мойынқұм» агробірлестігі бұрын төрт бөлімшеден құралған. Әрқайсысының өздеріне тән жерлері мен тұрғындары бар. Жерді сол бұрынғы мекен-жайына қарай бөлсе.

5. Жер алған отбасы бөлімше-бөлімше болып бірігіп, келешекте астық, қызылша тағы басқа да дақылдар өсіру үшін өз ішінен іске басшы сайлап алуға мүмкіндік жасасын.

6. Әр ұжымдық шаруа қожалықтары төрағаларының жерді бөлу жөніндегі тізімі жарамсыз деп табылсын. Бұл талабымызды ескермей, жерді бөлулеріне жол берілмесін.

7. «Нұр» ұжымдық шаруа қожалығының төрағасы Тілеу Бекқұлов ата-бабаларымыздың бейітін бұзып, ол араға бақша салған болатын. Мұны ауыл басшыларына хабарлап, шағымданғанымызда ондағылар Бекқұлов «Бір мал сойып құдайы бер» - депті. Сөйтіп, имансызға қолданған шараның сықпыты осы болды. Ата-бабамыздың сүйегін трактормен таптатып, ақымын суға толтырған Бекқұловтың мұндай жүгенсіз әрекеті үшін жауапқа тартылуы тиіс.

Сонымен бірге оның 83 тонна 250 кило құмшекер алып, оның 30 тоннасын халыққа беріп, қалған 50 тоннаға жуығын жасырып қойғаны белгілі болып отыр. Оған тез арада шара қолдануды өтінеміз.

Тағы ескертеміз, су мойны жақын қолайлы жайылымдар мен шұрайлы жерді көпшіліктің назарынан тыс бұрын жеке шаруа қожалықтарына астыртын беріп қойған болатын. Осы жерлер кері қайтарылып, көпшілік тұрғындардың төрелігімен шешсе екен дейміз.

*Хатқа 88 отбасы өкілдерінің қолы қойылған.  
Мойынқұм ауылының тұрғындары.  
Жамбыл облысы,  
Шу ауданы,  
«Мойынқұм» агробірлестігі.  
Жиенбет ауылы  
«Халық кеңесі» газеті, 20.05.1994 жыл.*

## **МЕНИҢ ДЕ ЕҢБЕГІМ СІҢГЕН ЕДІ**

Біз, Мәдімәровтар әулеті, ұзақ жылдардан бері Шу ауданындағы «Коммунизм» совхозына қарасты Көлқұдық деп аталатын малшылар штабында тұрып, осында еңбек етіп келеміз. Атап айтқанда, мен, осы әулеттің отағасы Мәдімәров Сауытбек. 1964 жылдан 1977 жылға дейін сатушы, одан 1984 жылға дейін орманшы, содан кейін екі жыл радист және 1986 жылдан күні бүгінге дейін қызыл отау меңгерушісі болып жұмыс істеп келемін. Жолдасым Зәбира Мәдімәрова – осында кітапханашы.

Біздің сегіз баламыздың алтауы осы штапта дүниеге келді. Яғни, олардың кіндік кескен жері – осы Көлқұдық штабы. Балаларымыздың үлкені келінім екеуі «Коммунизм» совхозынан жалға 50 гектар жайылымдық жер және мемлекеттік банкіден несиеге 35 мың сом ақша алып, оған мал сатып алып, бағып күтуде. Олардың үш баласы бар.

Көлқұдықтағы штабтың үйлерін жеке меншікке сататын болыпты деген хабарды естісімен, күректей 27 жыл тұрып келе жатқан үйді өзімізге жеке меншікке сатып алайық деп, халық депутаттары Шу аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы А.М.Конрад пен аудандық агроөнеркәсіп кешені бірлестігінің



төрағасы Б.Жақыпбаев жолдастарға осы үйді маған сату жөнінде өтініш-арыз жаздым.

Әкелі-балалы екі әулеттің екі бөлмелі бір үйде қысылып, қымтырылып тұрып жатқанымызды, реті келсе, яғни бізге сата қалса, түгелдей жөндеуден өткізіп, екі үйлік етіп алатынымызды айтып жаздым. Алайда, қаншалықты әуре-сарсаңға түсіп, талай уақытымды кетіріп өтінгеніме қарамастан, өтінішіме бұл жолдастар құлақ аспады. Ерегіскендей, бұл үйді штабта бұрын тұрмаған, ешқашан да мұнда еңбек етпеген адамдарға сатпақ көрінеді. Сонда мұның қандай құпиясы барына түсінбедім.

Құм өңіріндегі малшы қауым орталығына айналған Көлқұдық штабының өміріне көп жанашыр болғанымды аудан жұртшылығы біледі. Соның біреуін ғана еске сала кетейін. 1987 жылы «Коммунизм» совхозы Абай атындағы совхоздар осы Көлқұдықтағы өздеріне қарасты үйлерін бұзып, малшы қауымға қызмет көрсетіп отырған дүкен, рация, клубты, дәрігерлік қызмет көрсететін орынды жауып, ағаш сияқты құрылыс материалдарын алмақшы болған еді. Абай атындағы совхоздың моторы тұрған үйді, штабтың қоршауын бұза бастаған соң, «Социалистік Қазақстанға» дереу хат жазып, көмек сұрадым. Редакцияға мың да бір рахмет, газеттің араласуымен малшы қауымға қызмет етіп отырған штабтың өмірі сақталып қалды. («Социалистік Қазақстан», ақпан 1988 жыл). Егер штаб үйлері ешкімге сатылмаса, бұған өкпем жоқ. Ал жеке адамдарға сатылатын болса, оны алуға менің де құқым бар-ау, оған еңбегім сіңген еді-ау деп ойлаймын.

«Егемен Қазақстан» газеті,  
28 қыркүйек 1991 жыл.

### **ЕСКЕРТКІШ ОРНАТСА...**

Ұлы Отан соғысында Отан үшін қаза тапқан жерлес жауынгерлерді әрдайым еске сақтау мақсатында көптеген шаруашылықтар орталығынан айбынды ескерткіштердің бой көтергені белгілі. Мұндай ескерткіштерді Абай атындағы, «Коммунизм» совхоздарынан да көріп жүрміз. Оған сол ауылдан

майданға аттанып, қайта қатпаған ерлердің есімдері жазылып, олардың кейінгі ұрпақтарға белгілі болуына толық негіз бар.

Міне, мұндай ескерткішті біздің «Дружба» совхозының орталығынан тұрғызуға да болмас па еді. Өйткені бұл шаруашылықтан кезінде жүз шақты жауынгер ел үшін қасық қаны қалғанша айқасып, құрбан болған. Соларды мәңгі есте сақтау үшін шаруашылық басшылары майданда қаза тапқандардың даңқына сәулетті ескерткіш орнатуды ұйымдастырса екен дейміз.

*«Шу өңірі», 15 июнь, 1978 жыл.*

## ӘКЕМЕ

О, әке, мақтан етем есімінді,  
Ғұмырдан тілеп өткен өсімімді.  
Ержетіп немерең мен шөберелер,  
Құрметпен қызықтайды мүсінінді.  
Жан әке, жүрегімнің төріндесің,  
Жұлдыз боп аспанымнан көрінгейсің.  
Арғады сағынышым саған деген,  
Болса да көзден таса, көңілдесің.  
Алыстап кеткенің рас тұлғаланып,  
Қонғандай көз жетпейтін шыңға барып.  
Ойланып мүсініңе қарай берем,  
Жан едің парасат пен жырға лайық.

*«Шу өңірі» газеті,  
9 маусым 1990 жыл.*

## АЙТАР ӨКПЕМІЗ БАР

Біз «Бесқатын» штабында тұрамыз. Бұл жердің айналасы ашық, мал бағуға қолайлы, құмды өңір. Жасыратыны жоқ, совхоз орталығында тұратын бірлі-жарым ағайын-туыстар бірен-саран малдарын қолда бағуға қиынсынып, бізге әкеліп тастайды. Оның ішінде сауын сиырлар бар болған соң бұзауға емізіп қарап отыруға болмайды. Менің өз басым алты-жеті сиыр сауамын.

Баска тұрғындар да солай. Біз өзімізден артылатын сүтті бір мезгіл совхозға өткіземіз. Мәселен, біздің семья 1983 жылы 10 центнер, 1984 жылы – 38 центнер, ал биыл – 43 центнер сүт өткізді.

Бірақ біздің «Коммунизм» совхозы басшыларына айтар өкнеміз де жоқ емес. Осы жылдың 8 августінде Бактыбек деген жігіт (фамилиясын білмеймін) 39-78 ДЖО номерлі автомашинамен сүтімізді алып кетті. Бірақ сол күнгі сүт өткізілмеді. Сүт машинадан өткізіліп, майын айырып алғаннан кейін білдік. Мен бұл жерде Бактыбекті кінәлап отырғаным жоқ. Оның бар кінәсі совхоз басшыларының тапсырысын орындаймын деп ары-бері босқа шапқылағаны ғана. Бұған дәл осы совхоздың сүт тапсырушысы кінәлі. Ол бізден артылған сүтті рәсуэ болғанша, халық кажетіне жарасын деген ниетімізге дұрыс карамады деп білеміз. Совхоз басшылары өткен келеңсіз жағдайдан дұрыс қорытынды шығарып, алдағы уақытта біздің сүтімізге жуапкершілікпен қараса екен деген ойдамыз.

Екіншіден, айтарымыз жаз айының ортасы ауғаннан бастап жердің құнарлығы қашады. Сондықтан бұзауларымызды жемшөппен қамтамасыз етіп тұрса...

*«Бесқатын» штабы тұрғындарының атынан.*

## **ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ДӘН РИЗАМЫЗ**

Менің 16 жасар ұлым Мейрамбек август айында Қосқұдық механикаландырылған орман шаруашылығына қарасты Қорағаты учаскесіндегі көшеттер дайындайтын орында жұмыс істеп жүріп, екі күн бойы өзінің іші бүріп ауырғандығын біздерге сездірмеген. Бірақ бұл ауруы бірінші ноябрь күні қайта қайталанып, дереу «Дружба» совхозындағы учаскелік ауруханаға жеткіздік. Ондағылар «соқырішек» деп тауып, дереу аудандық ауруханаға жөнелтті.

Аудандық ауруханада хирургтар Б.Тасболатов пен З.И.Крючко баланы тексере келіп, операция жасауға шешім қабылдады. Бұл өте қиын жағдайда болды. Өйткені баламыз август айында ауырғанда соқыр ішегі жарылып кеткен екен. Мұны білген

дәрігерлер бала ішіндегі ірінді алып, операцияны сәтті жасауға көп күш жұмсады.

Қазір баланың беті бері карады. Күннен-күнге жағдайы түзеліп келеді. Сондықтан да қысыл-таян кезеңде тиісті көмек көрсеткен дәрігерлер Б.Тасболатов пен З.И.Крючкоға өз семьямыздың атынан алғыс айтамын.

*«Шу өңірі», 11 ноябрь 1978 жыл.*

## ТРАКТОРШЫ ТЕҢЛІК

Ол осы ауылда туып-өсті. Сондықтан ауыл өмірі оған етене таныс, ерекше ыстық. Туған жерге деген шуақты махаббат пен ондағы еңбек адамдарына деген сүйіспеншілік осындағы орта мектепті бітірген соң да Теңлікті құшағынан шығара алған жоқ. Ол ауылда қалып, еңбек етуге бекінді. «Селода тұрасың ба, техника тілін біл» деген партия шақыруы оған о бастан-ақ ой салатын. Жас қыз Ленин совхозындағы механизаторлар даярлайтын училищеге түсіп, оны өткен жылы ойдағыдай бітіріп шығысымен, өзінің туған ауылы «Дружба» совхозына жолдама алды. Оған ауыл басшылары алғашқы күннен-ақ Т-16 тракторын сеніп тапсырды.

Ол қант қызылшасын күтіп-баптау жұмыстарына қатысты. Жас механизатор өз тәжірибесінің аздығына қарамастан жүктелген жұмыстарды тиянақты атқарып, көзге түсті.

Қазір тракторшы Теңлік шаруашылық жұмыстарындағы кейбір ақаулы техникаға дәнекерлеуші аппаратын дер кезінде жеткізіп, жұмыстың тоқтаусыз жүруіне қолғабыс тигізуде. Біз осынау аз уақыт ішінде трактор рулін ұршықтай иірген өршіл қыз Теңлік Бабалиеваның қайсар қимылына, табандылығына шын риза болдық. Арман жолы сені алысқа жетелесін, Теңлік!

*«Шу өңірі», 8 март 1985 жыл.*

## АҚСАҚАЛДАР АЙТЫП ЕДІ...

Сүйімбек туралы біздің Жисенбет ауылының қариялары көп

айтамын. Бұдан біраз жыл бұрын Қосымбай қариядан Сүйімбектің қалай келгенін естіп, жазып едім. Базарда күтқарғанын да сол кісіден естігенмін. Жақында осы мақаланы жазар алдында тағы да елден сұрастырдым. Қасыма Бекназаров Күзербай, тағы да Асқар деген жігітті ертіп, Сүйімбек туралы Әбділдә деген қариядан сұрадық. Сонда ол кісі газетке жарияланған жайды толық айтты. Сүйімбектің халық соты, болыстың хатшысы болғанын. Нұрмамбетке өкпелі екенін, ол қайтыс болғанда өлігіне бармағанына дейін көзбен көргенін, естігендерін бізге баяндап берген болатын. Сәмбеттің де қарияларынан сұрадым. Мәжібидің баласы да Сүйімбек туралы көп дәлел келтірді. Әбділдә тағы да Сүйімбектің атымен аталатын жердің бар екенін де айтып еді.

Қорыта айтқанда, ел аузынан жиған дүниенің артық-кемі бар болатынын мойындаймын. Бірақ мақала мақсаты – бабалар мейірімін көрсету. Сүйімбек атайдың халық қамқоршысы болғанын айту еді. Егер мақала жазу барысында бастапқы ойдан ауытқыған болсам, дерек жинауда ағаттықтар орын алып, біреудің намысын қозғасам, ол үшін қашанда кешірім сұрауға әзірмін.

Редакциядан: газетте жарияланған мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Сондықтан да біз баспасөздегі сөз бостандығын сақтай отырып, С.Мәдімәровтың мақаласын, әрі «Ақсақалдар айтып еді» деген түсініктемесін және оған қарсы дау, дәлел, дәйек айтылған О.Ақботаевтың мақалаларын (өз стильдерін сақтай отырып) толық жарияладық. Алдағы уақытта бұл мәселеге байланысты газет бетінде айтыс, пікір таласты тоқтататынымызды хабарлаймыз.

*«Шу өңірі», 15 желтоқсан 1995 жыл.*

## **КОСТОЧКА УРЮКА**

На пути к жетысуской долине Балуан Шолак с группой видных людей остановился в одном из аулов. Отдохнув несколько дней, он отправил человека в аул Сарытоким к купцу Кали из рода сарыуйсин. Этот человек должен был сообщить о предстоящем

визите к нему Балуан Шолака и его друзей. Купец и Балуан Шолак лично не знакомы. Наслышавшись друг о друге, они очень хотели встретиться.

Известный всем гостеприимством купец Кали очень обрадовался этой новости. Он далеко не сильный борец, как Балуан Шолак, но слыл в округе уважаемым человеком. И у него достаточно силы для того, чтобы остановить водяную мельницу в своем дворе. Схватив за уши строптивного коня, мог усмирить его. Купец Кали – высокий и крепкий человек. Так как он очень богат, борьбой никогда серьезно не занимался. На аульных праздниках народ буквально насильно вынуждал его принять участие в состязаниях. Купец Кали никогда чрезмерно не хвастался своей силой. Как бы там ни было, он выходил победителем в борьбе. Слава Балуан Шолака разбудила в нем желание помериться с ним силами. И вот давняя мечта Кали должна была сбыться.

Услышав радостную весть, купец Кали начал заниматься приготовлениями к встрече столь долгожданных гостей. Он старался показать все свое богатство, силу, достаток в доме. Встретив гостей с распростертыми объятиями, остался очень доволен собой. Ведь Балуан Шолак показался ему шупленьким ребенком. Кали был намного выше его.

В доме Кали накрыли богатый стол со всевозможными яствами. Уставшие с дороги гости утолили жажду холодным кумысом. Затем их угостили чаем. Стол был полон разных фруктов и ягод. Но больше всего гостям понравился сладкий и сочный урюк. Они ели его с таким удовольствием, что перед каждым гостем собралась целая горка косточек. А Балуан Шолак собирал в пиалу их зернышки, разбивая косточки пальцами. Собравшиеся соседи, да и сам купец Кали с удивлением разглядывали Балуан Шолака, внимательно следили за каждым словом и движением. Наполнив пиалу зернами, он раздал их всем собравшимся, и как ни в чем не бывало, продолжил свой рассказ.

Через некоторое время Кали решив тоже удивить гостей, спрятав под столом горсть косточек, попытался их разбить. Как он ни старался, у него ничего не вышло. От этих усилий Кали выглядел напряженно и чувствовал себя неловко. Уставший, он напрочь отказался от мысли побороться с Балуаном Шолаком. Ему стало очень стыдно.

Переночевав одну ночь, на следующий день Балуан Шолак удивил жителей аула, выполняя всевозможные трюки на лошади. Но никто из жителей не решился побороться с таким силачом. Даже мечтавший об этом Кали промолчал, так как чувствовал неуверенность.

«В этих краях нет силача, равного Балуан Шолаку. Поединка не будет», - говорили люди.

- Тогда я вырву это толстое дерево с корнем, - сказал Балуан Шолак, обхватив его руками.

- Ой, Баке, это единственное дерево, которое придает вид и тень нашему двору. Пожалуйста, не трогайте его, - невольно взмолился Кали. Восторженные жители аула один за одним приглашали Балуан Шолака и его друзей к себе в гости.

*«Шуская долина», 12 августа 2004 года.*

### **ХАТ ЖАРИЯЛАНБАСА ДА...**

С.Мәдімәровтың редакцияға жазған хатында Жамбыл облысының Мойынқұм мал жайылымындағы орталықтың тозып кеткендігі айтылған еді. Дабылды тексеру қорытындысы туралы Шу аудандық партия комитеті былай деп хабарлады:

- Тексеру барысында мұндай кемшіліктердің орын алғандығы рас болып шықты. Жайылым орталығы саяси-тәрбие жұмысының да орталығы болуға тиіс екендігін мойындаймыз. Алайда, соңғы кездері жайылым орталығы бір шаруашылықтан екінші шаруашылықтың қарауына көшіп, назардан тыс қалған. Қазір бұл жер «Коммунизм» совхозына қарайды. Шаруашылық директоры У.Халықов дабылды тексеруге қатысты. Сөйтіп, осы шаруашылық жайылым орталығындағы үйлерді күрделі жөндеуден өткізуді бірден қолға алды. Үйлердің айналасындағы қоршаулар қалпына келтірілді. Қазір мұнда қызыл отау, медициналық пункт, кітапхана, радиостанция, сауда орындары жұмыс істейді. Дабылдың авторы С.Мәдімәров қызыл отауды басқарады.

*«Социалистік Қазақстан», 9 февраль 1988 жыл.*

## ҰЯТТАН БАСҚАНЫҢ БӘРІ БАР

Тыңдап отырсақ, оқып отырсақ, жоқ деп аузын ку шөппен сүртіп, жылап отырған жұрт аз емес екен. Жоқтан басқаны айтпайды. Анау жоқ дейді, мынау жоқ дейді. Әйтеуір бәрі курап отырады. Солардан біз де артық емеспіз. Жамбыл облысы, Шу ауданына қарасты Төле би ауылы бір кездері іргелі шаруашылықты ел еді. Кейін жекешелендіру басталып, әркім қолы жеткенін тартқылап, шаруашылығымыздың ту талапайын шығарды. Бұл бүкіл ел басына түскен зобалаң болса да, біздің ғана басымызға келген топалаң болса да онай емес. Оңай емес дейтінім, біздің ауылдың басшылары үшін заң жоқ, тәртіп жоқ. Кейде ауданда заңдылықты жүзеге асыратын прокурор мен полицияның өзі де жоқ па деп қаламыз. Тіпті, жұмысқа басшылық жасап, тәртіп орнатағын әкімдердің де бар-жоғына күмәндіміз.

Олай деуге дәлел жетеді. Жетпейтін бір-ақ нәрсе бар. Ол – ұят. Егер, бір жерде ұят сатылады десе, біз соны алдымен барып сатып алар едік. Әттең, сол ұяттың ауылы алыстап кетті ме дейміз?

Ұяттың тапшылығы мен жоқтығы емес пе, мыңғырған малдан, көптеген қуатты техникадан, қамба толы астықтан, мая-мая жем-шөптен аз күнде айырылып, қараң қалып отырмыз. Қараң қалған емей немене, 1997 жылы талапайдан қалған 1600 қой, 6084 козы, 216 жылқы, 25 гүйеміз бар болатын. Мұның өзі де сонау мыңғырған малдың жұрнағы еді. Оны да көп көрдік пе, бір жыл өткеннен кейін бастық ауысып, жаңа келген басшымызға бар-жоғы 80 саулық, 7 ат өткіздік. Қалғаны жоқ. Ит алды ма, бөрі алды ма белгісіз, 830 тонна бидай, 257 тонна арпа болған. Қазір қамбамыз тып-типыл. Техника мен салынған құрылыс ауылға еңбегі сіңгендерге емес, қолдары жеткеннің меншігіне айналып кетті.

Орнына қоятын шығар деп ауданға жаздық. Тексеру келеді дегенде қуансақ, бастығымыз Жазылбаевтың туған құдасы келіп «тексеріпті». Ол сол үшін біздің шаруашылықтан 73 мың теңге алды. Онысы аздай, «Жигули» автомашинасының қорабын 3 мың теңгеге және алды. Содан соң облысқа жаздық. Облыс арызымызды ауданға жіберді. Аудан басшылары прокурорға, прокурор полицияға, ол тексерушіге, тексеруші бақылаушыға



жұмсап, аяғы сиырқұймышақтанып кетіп жатыр. Ал, осыдан кейін жоқ демей көр. Ештемесі жоқ болса, несін бар дейсің. Түк жоқ. Ең бастысы тәртіп жоқ, ұят жоқ.

Осының бәрін қан жылап, зар илеп жазып отырмыз.

*Заң газеті, №46 (117) 28 қазан 1998 жыл.*

## ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ХАЛЫҚ ТҰРАЛАЙ БЕРЕ МЕ?

Мен, 1964 жылдан күні бүгінге дейін, дәлірек айтсақ, 1962 жыл бойы штабта тұрып, малшы қауым арасында еңбекші келемін. Сегіз баламның алтауы осы штабта дүниеге келді.

Облыс бойынша қызыл отаулар байқауында 1987 жылы бірінші, 1989 жылы үшінші орындарға ие болдым. Құмды өңірдегі малшы қауым орталығына арналған «Көлқұдық» штабының өмірін жанашыр болғанымды аудан жұртшылығы біледі.

Өзім «Социалистік Қазақстан» және «Шу өңірі» газеттерінің штаттан тыс тілшісі болып, малшы қауымның жанашыры әрі қамқоры ретінде республикаға белгілі болғанымды мақтаныш тұтамын. Соның бірін мысалға келтіре кетейін.

1987 жылы бұрынғы «Коммунизм» кеңшары – қазір Төле би атындағы кооперативі мен Абай атындағы кеңшар осы «Көлқұдықтағы» өздеріне қарасты үйлерді бұзып, малшы қауымға қызмет көрсетіп отырған дүкен, рация, клуб, дәрігерлік пункт, мектепті, мейманхананы жауып, олардың ағаш құрылыс материалдарын алмақшы болған еді.

Абай атындағы кеңшардың моторы тұрған үйді, штабтың қоршауын бұза бастаған соң бұрынғы республикалық «Социалистік Қазақстан» газетіне дереу хат жазып, көмек сұрадым. Редакцияға бізден мың да бір рахмет, тек қана газеттің тікелей араласуымен ғана малшы қауымға қызмет етіп отырған штаб сақталып қалды.

Ал осы «Көлқұдықтың» қазіргі жағдайына келетін болсақ, елімізде жекешелендіру науқанының жаппай жүргізілуіне байланысты осындағы азын-аулақ үйлер мұнда ешқашан тұрмаған, қызмет істемеген адамдарға сатылып кетті.

Оған мысал ретінде, осында ешқашан тұрмаған, қызмет істемеген Күзенбаева деген әйелге аурухананы (бүгінде бұзып алды), ал Ә.Жидебаевқа мейманхана және тағы басқаларына штаб үйлерін сатты.

Менің қиналатыным, мұндағы мемлекеттік меншік болып келген тұрғын үйлер мен мәдени ошақтардың осында тұратын, қызмет етіп, мемлекетке аз да болса еңбек сіңірген тұрғылықты адамдарға емес, сырттан келгендерге сатылуы. Мемлекет қаржысын күтпестен, бұл қызыл отауды әр жылы өзіміз қолдан келгенше жөндеуден өткізіп келдік.

Мемлекет мүлкін жекешелендіру науқаны басталысымен, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Е.Айтқожаев маған жеке меншікке сатпақ ниетпен көпжылдық сіңірген еңбегімді жоғары бағалай келе, Шу ауданы әкімінің орынбасары А.Самзаевқа, Төле би кооперативінің бұрынғы бастығы Б.Жақыпбаевқа катынас қағаз жазды.

Бұған А.Самзаев жолдас штабта тұрмаған әрі мұнда қызмет істемегендерге мектеп, аурухана, мейманхана, тағы басқа үйлер сатылғанын біле тұрып маған қызыл отау үйін кейінірек сатуға уәде қылған болатын. Себебі, қызыл отау үйі әлі де жұмыс істеп тұрған еді.

Сонымен 1995 жылы мен және менің жолдасым жұмыстан қыстартылдық. Уәде бойынша маған қызыл отау үйі сатылсын деп А.Самзаев Төле би атындағы кооперативінің қазіргі бастығы Ж.Асылбековке хат жазды. Бірақ Ж.Асылбеков маған қызыл отау үйін сатпай отыр. Сылтауы – менің қызметім аудандық мәдениет бөліміне қарасты болғаны үшін. Дәлірек айтқанда, бұл штаб үйлері бұрын ауданға қарасты болатын. Менің дабылымнан кейін штаб үйлері Төле би шаруашылығына толық қарады. Қазіргі уақытта мен жұмыссыз отырмын, сегіз баланың әкесімін. Демалысқа шығуға 6-7 жыл уақыт бар. Сол үшін өзім бір жағында отырған қызыл отау үйіне дүкен ашсам деймін. Дүкен ашуға куәлік те алған болатынмын. Ұзақ жылғы сіңірген еңбегіме орай, қызыл отау үйінің маған сатылуына жоғарыда отырған азаматтар қарсы болмаса екен...

## ЖЫРҒА ҚОСЫП ТУҒАН ЖЕРІН...

Шаңырақ көтерген күннен бастап республикалық «Жалын» баспасы көптеген игі істерді жүзеге асырып келеді. Солардың бірі – үстіміздегі жылы «Жыр-бесік» деген атпен шығарған республикамыздың түрлі аймағында тұратын он бес автордың өлеңдерінің топтамасы. Авторлардың дені селолық жерлерде тұратын баспасөз қызметкерлері, басқа да түрлі мамандықтың иелері. Сонысына қарамастан олардың қай-қайсысы да өнер жолында «бойын түзеп», жұртшылық назарына іліне бастаған авторлар. Қай-қайсысының да жырынан жылылық, нәзік сыр еседі. Жамбылдықтар үшін қуаныштысы – кітаптың бел ортасынан жерлесіміз – Шу ауданында тұратын орманшы Сауытбек Мәдімәровтың бір топ өлеңдері орын алған.

Кітаптың тұла бойына зер салып, Сауытбек есімі көзге шалынғанда кәдімгі бәйге жолы, оған дайындаған жүйріктер елестеп кетті. Өз жүйрігінің тағдырын ойлап намыс тұтанып, тағат таппайтын күй пайда болды. Жеке жинақтай емес, топтама жинақты парақтағанда осындай жайға тап болады екенсіз. Жоғарыда айтқандай, қай-қайсысы да дербес кітап ұсынуға баяғыда жарап қалған ақындар мына жинаққа жазғандарының қаймағын, сүбелісін ұсынатыны заңды ғой. Сондықтан да кітаптың бас жағындағы авторлардың бірінен-бірі оза шауып жатқан жырларын оқыған сәтте Сауытбектің өлеңдеріне жетуге асыққандай көңіл күйде болдық та, оның «Туған жер» деп аталатын алғашқы өлеңін оқи бастағанда көңіл орнына түскендей жайға көштік.

Ең әуелі сүйіндіретін бір жәйт – Сауытбек Мәдімәровтың өз кәсібін жанындай жақсы көретіндігі, оның өзіне тән сырлары мен қасиетін жырларына шебер арнау ете білетіндігі. Орманды жырламаған ақындар кемде-кем шығар. Бірақ Сауытбекте табиғаттың сол бір сұлу да аяулы перзенті басқаша, маман түйістік-түсінігімен бейнеленеді. Ақын оны «Сырласайық», «Орманшы ойы» деген өлеңдерінде аңғартқан. Сауытбекке тән тағы бір қасиет жалаң сурет, шалағай ләззатқа бой алдырмайды. Айтар ойын нақты түйіндей біледі. Топтамаға енген аз ғана өлеңдерінен туған жерге деген ыстық махаббат сезімдері түрлі түспен, әр қырынан

сәулеленеді. Содан да болар, оның жырларынан Жетісу алқасы болған Шу өңірінің, Мойынқұм бұйраттарының суреттерін айна-кәтесіз танығандай болады оқушы. «Өзіне жыр арнағанды кім жек көрсін, оны тілсіз табиғат та теріс көрмейтін шығар. Жыршы құсы болған дала, орман-тоғай жыршы ұлының болғанын да тілейтін шығар. Сол ұлы атағын жырға қосқан сайын тауы мен орманы теңселіп, даласы аунап түсіп жататын болар» деген ойға қаласың.

Қызығың мол, толып жатыр тамаша,

Байлық көрем жан-жағыма қарасам.

Әнге қосып, мақтан етем өзінді,

Сен арқылы биіктермен таласам, -

деген шумақтың соңғы жолында көңілмен үңіле қараған оқушыға терең бір сыр аңғарылғандай. Ақын бұл жерде бірімен-бірі таласа көкке мойын созған орман ағаштарымен тілдесіп тұр, биіктеуді солардан үйренгенін айтып тұр.

Ал, орманшым, сол орманның мәуесін,

Мейіріммен, мейіріммен суарған, - деген жолдарда тағы да астарлы ой бар. «Мейіріммен, жақсы көрумен орманды қалай суармақ?» деуі мүмкін оқушы. Бірақ зер сала қараған адам «орманды аялайық, орманды табиғаттың аяулы перзенті ретінде қорғай білейік» деген ойды оп-оңай түсіне қояды. Біз астын сызған «мәуесін» деген сөзге де «орманда мәуе бола ма, ол бақ емес кой» деп дау айтушылар шығуы мүмкін. Әуелі біз де сондай ойда едік. Алайда, ақын орманда мәуе болмайтынын күнде көріп жүрген ақын, «мәуе» деп орманнан өзі ғана байқайтын сұлулық пен қызықты айтып тұр екен. Сол бір «мәуе» деген сөзді тырнақшаға алып қойған болса, ақынның айтпағы айшықтала түспек екен.

«Өткен күнім түссе егер есіме,

Бұйратыңды тау екен деп қаламын», - дейді ақын Мойынқұм жайындағы өлеңінде. Бұл да шындық. Тауды көрмеген сәби көңілге жатаған жоталар, болымсыз белестер асқар тау болып көрінеді ғой. Бұл сыртқы сурет, ал екі жолдың ішкі мазмұны адам болмысының өсуін көрсетеді, ойдың, түсінік-түйсіктің ірілену барысын аңдатады.

Осындай сүйсіндірер жәйттерге қоса жыр бәйгесіне

қосылған жерлестеріміз Сауытбек Мәдімәровқа еске ала жүрер ескертпелерімізді де айта кеткен жөн сияқты.

Жоғарыда акынның нақтылығын құптай тұра, оның сол нақтылық жортуылында жүріп, оны қоршаған сұлу суретті аңғармай қалады. Сауытбек жырларының қоректік нәрі тәп-тәуір де, тәттілік дәмі сезілмейді, жүректі шымыр еткізетін ойнақы сөздер, оқыс иірімдер ұшыраса бермейді. Акын жырларының архитектуралық бітіміне, сыртқы сұлулығына сырт көзбен зер сала бермейді. Оның бір-бірімен қабыспай жатқан тіркестерден, жүдеу ұйқастардан, екі ұшты ой қайшылықтарынан аңғарасыз.

Акын жерлесіміз Сауытбек Мәдімәровқа алдағы уақытта оқушыларын «бәрекелді-ай» дегендей жаңа жырлармен, жаңа жинақтармен қуанта бер деген тілек білдіреміз.

*Ж.Сәтібеков.*

*«Еңбек туы», 15 декабрь 1983 жыл.*

### **ЖЫР БЕСІКТЕ ТЕРБЕЛІП...**

Республикалық жастардың «Жалын» атты көркем әдебиет баспасы жұмыс істей бастаған он шақты жыл көлемінде төл әдебиетімізде жастар дауысын көбірек естуге мүмкіндік алды. Әр жылдары жеке жинақтар беріп, дауыстары мен үндері даралана естіле бастаған жас акын-жазушыларымыздың өзін былай қойғанда, коллективтік жинақтарға топтамалары енген әдебиетіміздің балауса буын өкілдерінің өзі де көп-ақ. Олардың қайсыбірінің өлең-жырлары, әңгімелері темірқанаттанып, алысқа самғап ұшуға даярлық танытса, енді кейбіреулері аңқылдақ ақ көңілмен, бүкпесіз шыншылдығымен, сыршылдығымен ақтарыла түседі. Сонау «Жырға сапар», «Жас керуен», «Көктем тынысы», «Балауса» жинақтарынан кейінгі тілімізге тиек етер жас акындар жинағын «Жыр-бесік» деп атапты. Кітаптың аты да тауып қойылған. Сәтті қойылған. Жинақты парактап ашып оқи отырып, бүгінгі поэзиямызға аса талғампаздықпен қарайтын жас әдебиетшілеріміздің терең біліміне, олардың өмірге деген көзқарастарының өзгешелігіне еріксіз сүйсінесіз. Сөз түйінін

алысқа апармай-ақ бірден бастасақ, ең әуелі өз жерлесіміз - шулық Сауытбек Мәдімәров көзге ыстық көрінеді. Көзге ыстық болғаны жақсы-ау, көңілге ыстық болғаны дұрыс қой. Енді сөзді Шу өңіріне танылып келе жатқан, жырларының өзіндік қолтаңбасы айқын көріне бастаған Сауытбектің өзіне берейік:

Тыңдағанға арнаған,  
Жырым мынау.  
Армандарым биікке,  
Шығып құлау.  
Асығармын уақыт  
Жетелесе.  
Арман-аққу бақытым

Күтіп тұр-ау, - деп жырлайды Сауытбек жинаққа енген өлеңдерінің бірінде. Бұл бүгінгі асқақ үнді жыр даусы. Бақытты дәуірдің қуаныш пен қызыққа толы ақ адал көңілдің еркін шарықтауы, бүкпесі жоқ шындығы. Ал осы жырда көзге бірден түсіп, көңілге қона қалатын жаңалығы бар ма? Әрине бар. Өлең негізінен сезімге құрылған. Сондай-ақ «Арман аққу бақытым күтіп тұр-ау» деп айтуы бұрын көзге көп шалына бермеген, тіпті айтылып та жүрмеген еркін теңеу.

Міне, Сауытбек Мәдімәров жыр бесігінде осылай тербеліп, жыр әлемінің есігін дауыстай қағады. Бұлқынған жүрек дүрсілі, аққу арман, беймаза көңіл тыншуды білмейді, қайта құлашын кең жазып, ұшуға қомданып тұрған бала қырандай Сауытбек жырлары да жанарын алысқа қадайды. Қарайды да өз болмысына сенеді.

«Жыр-бесік» өмір өзі тудырған жыр қазанында қайнаған әр жүректің өз сыры мен бояуы. Онда ділмарлық жоқ, шындық көп. Кеудеде бұлқынған арман күшінің сапар алдындағы сәйгүліктердей еріксіз тыпыршуы. Ақ бұлақтың алқынған бастауының алғашқы арыны.

Міне, «Жыр-бесік» жайлы да, оның авторларының бірі – Сауытбек Мәдімәров жайлы да осы ұғымды айтар едік. Өйткені бұл ойымыз бірін-бірі мақұлдап, бірін-бірі сендіріп тұр.

*Б.Әліқұлов.*

*«Шу өңірі», 5 шоль 1984 жыл.*

## «АША ЕЛІНІҢ» АЙШЫҚТАРЫ

Әдетте жазушы қауым тырнақалды дүниесін жас кезінде жазатындықтан онда негізінен сол жастық шақтың қызықтары, махаббат, сүйіспеншілік сынды мәселелер көтеріліп жатады. Ал, шулық каламгер Сауытбек Мәдімәровты жасының жер ортасына келіп, өмірден көрген, түйгені мол болғандықтан да болар Алматының «Мерей» шағын отбасылық кәсіпорнынан жарық көрген тырнақалды дүниесі – «Аша елі» атты повестер мен әңгімелер жинағында туған жер тағдыры, өмір белестері сынды іргелі тақырыптарды көтеруге тырысыпты. Ондағы қым-қуыт оқиғалар, адамгершілік пен аярлықтың, азаматтық пен егдіктің күресі автордың дүниетанымы, ой-пікірі, көзқарасы арқылы өріліп жатады. Сауытбектің кейіпкерлері – ауыл адамдары. Қай шығармасын алсаң да қым-қуыт тірліктің қарапайым да етене таныс ауыл адамдарын көресің.

Бұрынырақта Аша елі аталып келген қазіргі Шу өңірі адамдарының тұрмыс-тіршілігін патшаның орталау саналатын белең ала бастаған ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы тарихи оқиғалармен астастыра отырып суреттейтін «Аша елі» повесінде автор патшалық жаңа әкімшілік территориялық жүйесінің қазақ даласындағы қалыптасып қалған тірлікке қандай зобалаң әкелгенін баяндайды. Автордың повесі жазу барысында көп ізденгені, сол кезеңге байланысты деректерді мол жинауға тырысқаны байқалады. Мұның бәрі түпкі есепте шығарманың құндылығын көтеріп, өзіндік реңк беріп тұр. Болыстыққа талас баяндалатын, Секер батырдың інісі Бүйенбайдың баласы Әбиірмен айтысатын тұстар осындай жүк көтеріп тұрған дүниелер.

Тағы бір айта кететін жәйт – Сауытбектің шығармаларындағы кейіпкерлерді ақ, қара деп бөлу, яғни тек қана ұнамды немесе тек қана ұнамсыз етіп көрсетуге ұмтылу жоқ. Оның «ұнамды» деген кейіпкері Секер батырдың өзінің әттеген-ай дегізетін тұстары болса, «ұнамсыз» Тілеуғабыл болыс, Досқожа билердің өзінің «бәрекелді» дегізерліктей игі қылықтары бой көрсетіп қалады. Автор осысымен де көп нәрсені ұтып тұр.

Сауытбектің келесі повесі – «Күміс той» - бір отбасының қуанышын арқау еткенімен, сол арқылы ата-ана мен бала

арасындағы сыйластық, сүйіспеншілік, арамдықтың жолының қысқалығы, адалдықтың әрдайым асқақтығы сынды өмірдің терең қатпарларын көтереді. Негізгі оқиға желісінің бас кейіпкері Артықбектің өз өмір жолы туралы естеліктерімен коса өріліп отыруы да повесті жандандырып, оқырман жүрегіне жақындата түседі.

Ал, кітапта қысқа кайырымнан тұратын әңгімелер шоғырына келетін болсақ, олардың бәрі де қым-қуыт ауыл өмірінен ойып алынған, әрқайсысының көтерер өзіндік жүгі бар дүниелер. «Әпсат қарақшы», «Аманат», «Қақпаншының ақыры», «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» әңгімелері оқырманды біртіндеп ауылға жетелері, жүректерде жылы із қалдырары даусыз.

Әрине, кітапқа енген шығармалардың «әттеген-ай» дегізетін тұстары да жоқ емес. «Аша елі» повесінде мол тарихи деректерді жүйелеп, жұмырлау жетпей жатыр. Кей тұстарда автор жазушылық сұрлеуден ауытқып, журналистік баяндауға ұрынған. Дегенмен мұндай жекелеген жайлар тырнақалды дүниенің құнын түсіре алмақ емес. Біз мұны автор алдағы уақытта ескерер деген оймен ғана айтып отырмыз. Кітапқа жазған алғысөзді белгілі жазушы Әбіқұл Ибрагимов «Қолдарыңызда отырған бұл дүние автордың жеке өзінің атынан шығып отырған алғашқы жинақ кітабы. Аталарымыз «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой. Сауытбекке жылы лебіз білдіріп... болашағынан үлкен үміт күтеміз, жақсы-жақсы шығармалар күтеміз» деп түйіндеген екен. Жазушының ізгі тілегіне біз де қосыламыз.

*Қ.Барлыбай.*

*«Ақ жол», 25 ақпан 1995 жыл.*

## **ЖЕРЛЕСІМІЗДІҢ ТҰҢҒЫШ ЖИНАҒЫ САУЫТБЕК МӘДІМАРҰЛЫ АША ЕЛІ**

Жуырда жерлесіміз Сауытбек Мәдімәровтың «Аша елі» атты тұңғыш повестер мен әңгімелер жинағы жарық көрді. 9 баспа табактан тұратын бұл жинақты Халықтар достығы орденді «Қазақстан» баспасы мен «Мерей» шағын отбасылық кәсіпорны басып шығарған.



Қарапайым өмірдің құбылыстары мен көріністері адамға әр кез қызық, әр кез ыстық. Сонау телегей теңіз Мойынқұмның қақ ортасында қызыл отау шырағын жағып, өзінің азаматтық болмысы мен жүрегінің қалауына қарай халқының кәдесіне жарап, қызмет етіп келе жатқан Сауытбек Мәдімәрұлының бұл тұңғыш жинағына кешегі–бүгінгі ауыл өмірі жайлы жазылған катығы дәмді, тұзы татымды, өзінше үлкенді-кішілі дүниелері тоқайласқан.

Сауытбектің осы жинаққа енген әңгімелерінің көпшілігі біздің «Шу өңірі» газетінде жарияланып, тұсауын кесіп, творчестволық жолға салған да редакциямыз болатын. Біз жерлесімізді жаңа жетістігімен құттықтай отырып, одан алдағы уақытта да жақсы шығармалар күтеміз.

*«Шу өңірі», 9 қыркүйек 1994 жыл.*

## ӨМІРДЕН ОЙЫП АЛҒАН ӨРНЕКТЕР

Адам бойына табиғат әміріне қарай дарыған өнердің, оның ішінде сөз өнерінің жөні де, құдыреті де бөлек. Ол тұла бойды тоқсан тарау толғаныс пен тебіреніске бөлеп, сананы сан саққа жүгіртеді. Өмірдегі жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы сияқты және басқа да құбылыстар осы құдірет арқылы талқыға түсіп, өзінің лайықты бағасын алып жатады. Бұрынғы-соңғы заманалар данышпандары мен олардың даналықтары бүгінгі ұрпаққа сол сөз арқылы жетсе, келешекке де сол арқылы сапар шегіп жатады. Дегенмен сөздің де сөзі бар. Ол өзінің құдіретті де киелі қасиетіне қарай көрінгеннің шылауына орала кететін жілігі татымайтын, қаны сорғалаған қызыл асықтай болмыс емес. Соны атам-заманда-ақ ұққан ата-бабаларымыздан «дуалы ауыз» деген тұжырымның қалуы да тегін болмаса керек. Иә, адамның бойына қажетті ғаламат қасиеттер мен құбылыстардың бәрі осы төркінді сөзде жатыр.

Сауытбек Мәдімәрұлының мына кітабына еніп отырған өзінің ірілі-ұсақты шығармаларын сан қайтара оқып, сарапқа салу барысында көңілге осындай-осындай өзекті ойлар келген. Ондай

толғаныстар мен ойлар неге келеді дейсіз ғой? Онда орынды да қисынды себеп бар. Сонау Мойынқұм атты мол өлкенің қалың ортасындағы Көлқұдық деген жерде ұзақ жылдан бері тіршіліктің қамымен мойынына алған міндеттің қисынына қарай үш-төрт үйдің санатында оңаша отырған азаматтың бойына дарыған сөз өнері қанша елемегенімен қоймай-қоймай жүріп мына жарық дүниеге шығып, ақыры осынша қызыға да, құмарта оқитын дүниелерге айналған екен.

Мен осы бір азаматтың хабарын алғаш естіп, жазған бірлі-жарым өлеңдері мен әңгімелерін оқыған кезде кәдімгідей тамсанып, таң-тамаша қалғаным бар-ды. Өйткені, біріншіден, оның сондай өнері бола тұрып саяқ жүргені болса, екіншіден, білімі кезіндегі жетіжылдық көлемімен шектелгеніне қарамастан сөздері жүйе-жүйесімен шығып, жанға жағып бара жатты. Сонан кейін оның мына отырған қонысы Көлқұдық та көңілге ыстық, көздің алдына балалық шақтың бір шырын сәттерін сағындыра елестетіп тұрып алатын мекен еді.

Сонау елуінші жылдардың бас кезінде әкейдің малшылық кәсібіне қарай жылқылы ауыл бір жаз осында отырып, мектептің жазғы каникулында жүрген мен «осы Көлқұдықта үйлер салынып, малшылардың штабы шаңырақ көтереді екен» деген әңгімеге қарай совхоздың сол замандағы кесімді бағасымен мың қаралы кірпіш құйып бергенім бар-ды. Кезінде әкей оның пұлын алды ма, алмады ма, одан хабарым жоқ. Кейін университеттің студенті болып жүргенде Көлқұдыққа бір жол түсіп, жәпірейген бір үйдің қалқайып тұрғанын көріп, «мынау кезінде қызыл құмның ішінде, шыжыған күнге күйіп жүріп, менің құйған кірпіштерімау» деп іштей масайрағаным бар еді. Шынында кейін бұл жерде малшылардың штабы салынып, кәдімгідей шатырлы-шатырлы бес-алты үй бой көтерген-ді. Сондай Көлқұдықтан мынандай бойына сөз өнері дарыған азамат шығып тұрса оған неге сүйсінбеске, құтты қадам айтып, неге сүйен- демеп жібермеске?!

Дүниедегі омырау мен тізеге салған, жөнсіз билікке көнбейтін бір нәрсе – ол сөз өнері. Ол – ақылы мен парасаты жеткен адамның ғана еншісі. Осындай өшпес әліптей ақиқатты басшылыққа ала отырып, Сауытбектің мына шығармаларына ой жүгіртіп көрсек бірден «ай далада кездескен ат басындай алтын» деп, алақанды

ысқылап шыға келу артықтау болар, бірақ әр хикаясы мен әр әңгімесінің дәні де, дәмі де, өзінің шама-шарқына лайықты еті де, сүйегі де бар, оқыған адамның қай-қайсысына да салмақты ой салатын жұп-жұмыр дүниелер. «Аша елі», «Күміс той» повестері кешегі-бүгінгі өмірдің көңілге қонымды көріністері, кезінде Шу бойы елінің өмірінде өзінше із қалдырған оқиғалары. Бұл шығармаларды бағалау барысында біз өз пікірлерімізді ешкімнің алдына жөнсіз көлденең тартып, тықпалаудан аулақпыз. Осы жерде казак атамыздан қалған «жүйрікте де жүйрік бар, әліне қарай шабады» деген сөздің көкейде отырғандығын айта кеткенді орынды санаймыз.

«Аша елі» повесінің оқиғалары пен кейіпкерлерінің басынан кешкен халдері олардың бүгінгі Шу бойын мекендеп отырған ұрпақтары үшін үлкен олжа, кейде мақтанышты шырайда, кейде көңіл кобалжыған райда айта жүретін әңгімелер-ау деп те ойлаймыз. Автор бұл шығарманы жазу барысында ұзақ уақыт ізденіп, көп еңбек сіңірген. Солай терлеп-тепшіген сәттерін ретін тауып өзі де баян ете кетеді. Ал, «Күміс тойдың» желісі қаламгердің өз өмірі мен өз отбасының хикаяларынан алынып жазылған деген тұжырымға сай келгенімен мұндай оқиғалар мен мұндай көңілді сергітіп, адамды ризалыққа бастайтын құбылыстар көптеген шаңырақта кездесіп жатады десек, мұнымыз еш асырып айтқандық болмас деп санаймыз.

Енді Сауытбектің әңгімелеріне келсек, бәрі де қысқа қайырымнан тұратын, өмірде күнделікті кездесіп жататын иірімдерден өрілген дүниелер. Біздің аңғарып, шамалауымызша қаламгер көбіне өзі көріп, куәсі болған жайларды әңгімесіне өзек, арқау етіп алу арқылы тіршіліктің көңілге қонымсыз түйткілдеріне не ризалықпен қарайды, көпшілікті содан жирендіреді. Осы қисындардан алып қарағанда, «Әпсат қарақшы», «Ағайын арасы», «Аманат», «Қақпашының акыры», «Жығылғанға жұдырық», «Ұрыға жол көп деген...», «Соғымбасы» аталатын әңгімелері сюжеттері жағынан да, сөз етіп отырған тақырыбы, салмағы жағынан да орайы келген өмірдің өз өрнектері. Оқып отырған сәттеріңізде еріксіз ынтықтырып, авторға «бәрекелді» айтқызатын сезімдерге бөлеп отырады. Бұл әңгімелердің қай-қайсысы да қарапайым ауыл адамдарына үлкен сабақ, кім-кімді

де «апыр-ай», ә дегізіп, бас шайқатарында дау жоқ. Әр әңгімені мұнан әрі мүшелеп талдай бермей, өздерінше ой түйді қалың көпшіліктің өз еншісіне қалдырамыз.

Жасы жасамыс болып қалғанымен халық арасына сөз өнерімен енді-енді шығып отырған азаматтың есінде болсын, келешекте көңіл бөлсін деген ниетпен кейбір пікірлерді де айта кетуді орынды санаймыз. Ол жоғарыда айтқанымыздай, әңгімелеріне көп жағдайда өмірден өзі көрген оқиғаларды арқау етуге ұмтылу барысында куә болған нәрселерін елеп-екшемей сол күйінде жаза салуға бейім тұратындай, тіпті кейде адамдардың аттарында өзгертпей кете беретіндей. Мұндай тәсіл әңгімені тым қарабайырландырып, әдеби әдептен алшақтатып та жібереді. Кез-келген оқиға мен көріністі ақыл-ой таразысынан өткізіп, жал-құйрығын күзеп, сақал-мұртын басып, типтік жағдайға қарай ыңғайлау дұрыс болмақ. Екеуара әңгімелердің желісіне қарағанда Сауытбектің енді шындап жазуға кіріскен ыңғайы бар. Олай болса, мына айтылған пікірге ден қойғаны мақұл.

Қолдарыңызда тұрған бұл дүние автордың жеке өзінің атынан шығып отырған алғашқы жинағы, алғашқы кітабы. Аттарымыз «жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой. Осы ойды басшылыққа ала отырып, Сауытбекке жылы лебіз білдіріп, қиын да қасиетті өнерде жолының бола беруіне тілек қосып, жасы кіші болса-дағы атына қолтығынан көтере демеп мінгізіп отырмыз. Болашағынан үлкен үміт күтеміз, жақсы-жақсы шығармалар күтеміз.

*Әбіқұл Ибрагимов.*

## **ШЫНДЫҚ ІЗДЕП ШАРҚҰРҒАН**

Сауытбек Мәдімәрұлының осы үстіміздегі жылы баспадан шығып, өмірге келген «Түсімдегі жолбарыс» атты поэзиялық кітабының сарапшысы болып едім. Өмірден көрген-түйгені мол, жетпіс жылға жуық ғұмырын ауылда, ел арасында өткізіп, ғұмыр сүріп келе жатқан бұл кісінің айтар шындығы, артына қалдырар рухани мұрасы да көп болып шықты.

Түкке тұрғысыз мәңгілікке бөтенмін,  
Мына жалғаннан да бір күні өтермін.  
Соған дейін тыным таппай жүргенім,

Ізсіз қалмаса екен ертеңім. - деп, жүрегі кеудесіне сыймай шырпыры шығып, бар ғұмырын сол шындықты іздеуге арнап келе жатқан ақынның кітапқа енген шығармаларынан да өмірден ойып алған кесек-кесек шындықтарды тапқандай болдық. Сауытбек ағаның қай жыр-өлеңіне көз жүгіртсеңіз де, өзі туып, біте қайнасып келе жатқан ауыл өмірі, оның өткені мен бүгіні, қарапайым да ақ жүрек адамдары, олардың өмір тіршілігі, іс-әрекеттері өмірде қандай болса, сол күйінде жыр шумақтарына арқау болған. Және бір ерекшелігі, Сауытбек ағаның үш жүз алпыс беттік бұл кітабына ғұмыр бойы жазған дүниелері, жиып-терген байлығы шып-шырғасын шығармай ұқыптылықпен топтастырылыпты. Сол себептен де, кітап мазмұнына көз жүгіртсек, «Бұрын жазылған өлеңдер», «Сықақ беттері», «Поэмалар», «Кейінгі жазылған өлеңдер топтамасы», «Күнделіктен» деген тараулардың бекер берілмегенін байқаймыз. Сауытбек ағаның бұл кітабы өз алдына талдап, саралауды, кітаптың кіріспесінде өзі айтқандай, таразылап, салмақтауды қажет етеді. Ал біздің бұл жолғы тоқталайын дегеніміз, Сауытбек ағаның жазушылық қыры, «Көлқұдық» атты прозалық шығармасы жайынан сөз етпекпіз. Жазушы бұл шығармасын «Жыр-бесік» топтама жинағы («Жалын», 1983), «Аша елі» («Мерей», 1994), «Түсімдегі жолбарыс» («Раритет», 2008) кітаптарын дүниеге әкеліп, жазу-сызу өнеріне бір кісідей төселіп, іс-тәжірибе жинақтағаннан кейін қолға алған. Сондықтан да кітапқа енген повесть, әңгімелерінің тілі жатық, көркемдік деңгейі жоғарылай түскенін байқаймыз.

Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөліміне «Көлқұдық» повесі мен әңгімелері топтастырылса, екінші бөлімінде жазушының ой-толғамдары мен мақалалары, деректі зерттеулері мен күнделіктері жинақталған.

Бүгінгі ақиқатты жеткізуге жетсе өрем,

Сол үшін де

Жасырмай айтып келем, жазып келем.

Ей, болашақ, сенші маған,

Жазылған ақиқаттар шындық кілең, - деп, өзі айтқандай.

жазушының қай шығармасын оқып байқасаңыз да, шындық өмірдің үстінен түссіз, қайнаған елдің ортасында жүргендей әсерге бөленесіз. Әңгімелердің бірде-бір эпизоды ойдан құрастырылмаған, боямасыз өмір, болған оқиға, хикаялардың негізінде көркем тілмен өрнектеліп берілген. Жазушы қалың елдің арасында жүріп, ауылдастарының ұтымылмастай бейне-әрекеттерін, мінез-қасиеттерін, ауылдың қарапайым да қарабайыр тұрмысын дәлдікпен бере білген. Осы тұрғыдан келгенде, кез келген каламгерге мұндай бақыт бұйыра бермейді. Сауытбек ағаның әдеби көркемділікті бере білудегі ұтқан жері де осы шынайылығында. Жазушының «Көлқұдық» повесі мен «Шарбаққа ілінген ақша», «Әпсет «қарақшы», «Екі шелек су», «Ақ түйме сыры», «Есеп алғанда», «Өзі келген келіншек», «Үш махаббат», «Мереке күнгі той» әңгімелерінде ауыл адамдарының психологиялық мінез-қасиеттерін жан-жақты ашып көрсетіп, ұмытылмастай әсерге бөлейді.

Ал, «Айдаһар», «Ұра бердім, ұра бердім», «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына», «Қоянжүрек» әңгімелерінде жазушы жан-жануарлар мен аңдардың ақылға бергісіз түйсіктері мен аңшылардың хикаялары терең білгірлікпен жазылған.

Жазушы шығармалары арқылы қазақ тілінің сөз байлығын, алтарыс-қатпарлы нәзік иірімдерін, ауыл қазағына тән қолданыс ерекшеліктерін жете меңгергенін аңғартады. Ел арасында ғана айтылатын айшықты сөз тіркестері мен бұрын қағаз бетіне түспеген мақал-мәтелдерді шығармаларында иінін тауып, кеңінен қолданады екен. Мәселен,

«Жақсылық көрген жеріңе еңбекте де, жет, жамандық көрген жеріңнен еңбекте де, кет», «Өзім бәрін істеймін, пендем бір-бірінен көріп тұрады», «Лебіз кірсе бар, шықса жоқ», «Бауыр жақын бәрінен бір туған соң, о да қашық болады ұл туған соң», «Жаз – жарлыныкі, қыс – әлдінікі», «Ашаршылықты көп көрген өзі тоймай «мә» демес», «Түнде көп жортқан құйрығынан айырылады», «Ұл тумас та, қыз тумас та көңілден», «Шеңгел қорғалаған торғайдың да жаны қалады», «Лақтырған кесек көптің ішінде бір сорлыға тиеді», «Ұры ұрлығын жасырын жасайды, онда да ел біледі», «Қар жауды, із басты», «Әпшу» дегенде, қамшы басқандай сеп атқа», «Құдай салды, мен көндім, ақшұнақ

шал, бері жат», «Бала - әкеге күмән, шешеге аян», «Жетімдікті көп көрген үш шақырмай «ә» демес» және тағы басқа да құнарлы, шұрайлы, ел арасында ғана айтылатын сөз тіркестерін жазушының шығармаларынан молынан кездестіруге болады. Сондай ерекшелігінен, көпті көрген сұңғылалығынан болар, сөз тіркестері мен қанатты ойларды өз жанынан жиі тудырып айта біледі. Жазушының бұл қырын кітаптың екінші бөліміндегі «Күнделіктен» оқып, өмірде пайдалануға мүмкіншілік бар.

Жазушының ойға алған шығармасын терең зерттеп, зерделеп барып қолға алатын ерекшелігі де оның шығармашылық биіктерге жетуіне септігін тигізсе керек. Мәселен, соның бір дәлелі, «Аша елі» тарихи повесін жазарда жазушы ел-жұртты көп аралайды, шаң басқан архивтерді ақтарады, ойы сұңғыла, шежірелі қариялармен, көрген-түйгені көп адамдармен әңгімелесіп, бірнеше жылдай жазатын тақырыбына байланысты мәлімет, деректер жинаумен болады. Ол мәлімет-деректерді де сол күйінде пайдалана салмай, сұрыптап, салыстырып-салғастырып, өз ой елегінен талғампаздықпен өткізіп, шикі тұстарын пісіріп дегендей, өте мұқияттылықпен реттеп, жиган деректерінің шындық, ақиқатына көз жеткізгенде ғана, оларды көркемдеп қағазға түсіреді. Оны біз кітаптың екінші бөліміндегі «Аша елі» повесінің жазылу жайынан, «Аша елі» повесіне кейін кіргізген оқиғалар мен айтыстар жайынан» деген зерттеу-эсселерін оқып барып көз жеткіздік.

Жазушыны өзі өмір сүріп жүрген ортасы, ел-жұрттың бүгінгі тұрмыс-тіршілігі, халық шаруашылығы мен қоғамдағы өзгерістер, кешегі нарық заманының қиындықтары мен келеңсіз көріністері де бей-жай қалдырмайды. Социалистік жүйенің құлап, жаңа капиталистік қоғамның қалыптасу кезіндегі, яғни, қаламгердің өз тілімен айтқанда, «екі ағым арасындағы» қиын да аласапыран кезеңдерді, бұрынғы кемеліне келген шаруашылықтардың ойсырай күйреуі мен ауылдағы ел-жұртқа тигізген орасан зардаптары, өз жеке басын, қарақан басының пайдасын ғана күйттеген әкімдер мен әкімқаралардың халық шаруашылығына тигізген зиянкестіктерін дәлел, деректер келтіре отырып, шығарма, мақалаларында аямай сынайды. Сол кездері аудандық «Шу өңірі» газеті мен республикалық «Егемен Қазақстан»

газеттеріне штаттан тыс тілші болып, сондай келеңсіздіктерді аянбай сынап. мақала-очерктер жазуы – шындық деп шаркұрған, сол жолда аянбай күрескен жазушының шарболаттай берік азаматтық позициясын, туған халқы үшін күйіп-піскен перзенттік нарызын көрсетеді. Жазушының бұл кырын оның өткір де уықты қаламынан шыққан «Екі ағым арысы», «Менің кейбір өмір-толғаныстарым» атты өмірден алынған деректерге құрылған сериялы мақалаларын бас шайқап оқып, көз жеткіземіз. Оқып болып ауыр күрсініп, бей-жай қала алмаймыз. Жазушының отпен суға тайсалмай түскен қайсарлығына, қайрат-жігеріне таң қаламыз.

Иә, жазушының өз болмыс-бітімін, мінез-қасиеттерін, адамдық, азаматтық тұрғыдағы қасиеттерін өзінен асырып, ешкім ашып бере алмайды. Оны біз жазушының өз мені мен ішкі тәуелсіз даусына құрылған «Өмірдегі диалог» атты шығармасы арқылы жете түсініп, түйсінеміз.

*Кеңес Оразбекұлы.*

## АУЫЛ ӘУЕНДЕРІ

Халқымызда «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» деген канатты қағида бар. Сол секілді кім болмасын өз мүмкіндігін пайдалана отырып, қолда барын елге ұсынады. Алма біткеннің бәрі апорт болуы шарт емес. Жоғарыда айтқанымыздай әркім өз талант табиғатының ғана есігін ашады.

Сондай өз қолындағы бар асылын, жүрегінің жылуы мен шығармашылық жемісін көпшілікке ұсынған жандардың бірі – каламгер Сауытбек Мәдімәрұлы. Сәкеңнің жазғандарын оқи отырып, ең алғаш көкейге түйгеніміз мынау: өлең немесе қандай да бір көркем шығарма жазу үшін міндетті түрде акын болып туу, яки жазғыштық мектептен өтіп, шығарма жазу шарт емес екен. Басқа кәсіптің дәнін теріп жеп жүріп-ақ сәті түссе, кестелі өлең, көркем дүние жаза беруге болатын тәрізді. Өткен жылы «Раритет» баспасынан Сәкеңнің «Түсімдегі жолбарыс» атты поэзиялық шығармасы жарық көрді. Кітапты оқыған дүйім жұрт



бір желпініп қалған еді. Одан кейін көп кешікпей осы баспадан оның «Көлқұдық» деген прозалық дүниесі жарық көрді. Тағы да қызығып оқи бастады. Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге оның әр кездері жазған әңгіме, хикаяттары топтастырылыпты. Осыған дейін «Жыр-бесік», «Аша елі» тәрізді жарық көрген кітаптардың әсері болса керек, жинақ жеңіл, әрі қызғылықты оқылады. «Көлқұдық» - аталған жинақтағы көлемді шығарма. Автор мұнда күні кешегі алыс ауылда болған оқиғаны сөз етеді. Ауыл адамдарының тыныс-тіршілігі, олардың жанбағыс жәйттері сөз болады. Қай бетті оқып қарасаңыз да қазақи ауыл, оны жасап жатқан қарапайым ауыл азаматтары алдыңнан шығады.

Жазушының тағы бір сүйсінерлік жері, ол нені жазса да зерттеп, түбегейлі тексеріп барып, өз ойын қағаз бетіне түсіреді. Шындыққа көзі жетіп, оны шығармашылықпен игергенде барып, қолына қалам алады. Сондықтан болар, Сауытбек Мәдімәрұлы шығармалырының өн бойынан пәлендей асығыс, шикі жазылған сөйлем, сөз тіркестері көзге түспейді. Мұны ізденістің, тіпті талғампаздықтың жемісі деп білгеніміз жөн. Мәселен, шығармадағы «Аша елі» деп аталатын тарихи әрі танымдық дүниені алып қарайықшы. Көлемі шағын, ықшам дүние. Солай бола тұрса да көтерген жүгі баршылық. Бір елдің арғы-бергі тарихын, кешегісі мен бүгінін арқау етеді. Ата-баба шежіресіне талдау жасайды. Қаламгер осы шығармасын жазбас бұрын мол дайындық жасаған. Ел аралап, соны деректер жинаған. Керек болса көне архив материалдарын ақтарған. Осының өзі автордың өз ісіне деген жауапкершілігін танытса керек.

Жазушы өз заманының жаршысы, үні және дауысы. Сол секілді Сәкен де өзі өмір сүрген орта шындығын, замана көрінісін өз шығармаларына өзек етеді. Бәлкім, ол кезінде «Шу өңірі» мен «Егемен Қазақстан» газетінің штаттан тыс тілшісі болуының әсері болар, кешегі Кеңес дәуірінің шындығын өңін бұзбай, табиғи, таза кейпінде бейнелейді. Қоспасыз, боямасыз тірлік нақыштарын көз алдына елестетеді. Бұған оның «Екі ағым ағысы», «Менің кейбір ой-толғаныстарым» т.б. шығармалары дәлел бола алады. Кітаптың соңында бір шоғыр мақалалар орналасқан. Заман, уақыт, қоғам көрінісін бейнелейтін бұл мақалалар сериясы бірін-бірі толықтырып, қаламгер ойын қордаландыра түседі. Қорыта

келгенде оқырманына енді ғана тиген «Көлқұдық» жинағы өз үні, байыпты айтар сыры бар, көтерген тақырыбын көркемдік тұрғыға жеткізе білген шынайы да шымыр шығарма.

*Дәнеш АХМЕТҰЛЫ.*

*жазушы.*

*«Кітап жаршысы» газеті, №6, маусым 2009ж.*

## АУЫЛ СУРЕТТЕРІ

«Дүниедегі омырау мен тізеге салған, жөнсіз билікке көнбейтін бір нәрсе – ол сөз өнері. Ол – ақылы мен парасаты жеткен адамның ғана еншісі. Осындай өшпес әліптей ақиқатты басшылыққа ала отырып, Сауытбектің мына шығармаларына ой жүгіртіп көрсек бірден «ай далада кездескен ат басындай алтын» деп, алақанды ысқылап шыға келу артықтау болар, бірақ әр хикаясы мен әр әңгімесінің дәні де, дәмі де, өзінің шама-шарқына лайықты еті де, сүйегі де бар, оқыған адамның қай-қайсысына да салмақты ой салатын жұп-жұмыр дүниелер». Белгілі қаламгер Әбіқұл Ибрагимов шулық Сауытбек Мәдімәрұлының жақында жарық көрген «Аша елі» атты кітабына алғысөзінде осылай деген екен.

Кітапқа енген хикая, әңгімелерді, ой-толғамдарды оқып шыққанда бұған өзіміз де көз жеткіздік. Өмірін ауылда өткізсе де өндіре жазып келе жатқан Сауытбек Мәдімәрұлы бұған дейін жарық көрген «Жыр-бесік» («Жалын», 1983), «Түсімдегі жолбарыс» («Раритет», 2008), «Көлқұдық» («Раритет», 2009) кітаптарының қатарында сонау 1994 жылы «Аша елі» атты дүниесін де шығарған болатын. Бұл жолы қаламгер биыл атап өтілгелі отырған Шу ауданының 80 жылдығы мен Шу бойында іргесі қаланған Қазақ хандығының 555 жылдығына орай сол еңбекті тың деректермен толықтыра отырып, қайта жазып шығыпты. Хикаятта патша заманында Шу мен Қорағаты өзендерінің қосылар тұсын мекен еткен Аша елінің тағдыры шынайы бейнеленген.

Жинақтағы қысқа қайырым әңгімелер мен ой-толғамдар

бір деммен оқылады. Өмірін ауылдың қайнаған ортасында өткізіп келе жатқан С.Мәдімәрұлының қаламынан шыққан әңгімелердің қай-қайсысын да ауылдың әдемі бір суреті ретінде қабылдауға болатындай. Өмірден ойып алынған, сөзбен салынған ол суреттердің астарында үлкен ой, тәлім-тәрбие жатыр. Шығармаларының басым көпшілігінде адамзат тарихында соны із қалдырған ойшылдардың даналық сөздерінэпиграф ретінде алып. Құранның аяттарымен түйіндеп отыруы да мазмұнын байытып, айтар ойын айшықтай түскен.

*«Ақ жол»-ақпарат.*

### **Жолбарысты Сауытбек**

Жақында Шу ауданы Жиенбет ауылының тұрғыны Мәдімәрұлы Сауытбек ақсақалмен кездесудің сәті түсті. Қаршадайынан кым-қуыт өмірдің кермек дәмін татып өскен қарияның басынан өткен сырлы оқиғалар мені қатты қызықтырды. Ол кісінің аузынан естігендерімді айна-қатесіз оқырмандардың назарына ұсынуды жөн көрдім.

### **БАЛАЛЫҚ ШАКІПЕН ЕРТЕ ҚОШТАСТЫМ**

1930 жылдардың ашаршылығында халық тоз-тоз болып, шыбын жандарын аман алып қалу үшін беті ауған жаққа жөңкіле бастаған кез. Шу ауданы Сталин колхозының басшылығы қоғам малын сақтап қалу мақсатымен үйді-үйге 2-3 ұсақ малды таратып береді. Ашыққан жұрт әлгі малды сатып немесе ас-ауқат етіп қояды. Әкем Мәдімәр болса, колхоз малын жеке тұяқтарымен бірге көздің карашығындай бағып, бірер жылда бірнеше жүзге жеткізеді. Еңбекқорлығымен қоса, жетім-жесірге, жоқ-жітімге, көп балалы үйлерге қол ұшын беріп, жомарттығымен де ел аузына ілінеді.

Мен ата-анамның сағынып көрген алғашқы перзенті екенмін. Жарық дүниеге келерден бір жыл бұрын «Ұл туасың, ұлыңның атын Сауытбек қой» деп, анама ақсақалды қария аян берінті.

Сөйтіп, әкемнің елу бір, анамның жиырма жеті жасында өмірге келіпін. Бұл 1940 жылдың 1 қазаны екен.

Ата-анамның көптен сарғая күткен тұңғыш перзенті болғандықтан ба, тым ерке болып өстім. Оқта-текте колхоз орталығына барғанда бақуатты отбасының баласы дей ме немесе әкем қадірлі болғандықтан ба, әйтеуір басқармадан бастап, қарапайым кісілер мен бала-шағаға дейін айтқанымды істеп, еркелететін көрінеді. Соған бола әкеме «колхозға көшейікші» деп қиғылық салады екенмін.

Бірақ, балдай тәтті балалық дәуренім ұзаққа бармады. Бес жастан алтыға шыққанымда, 1945 жылдың жазында Бала Жайсан жайлауында ертелеп қой бағып кеткен әкемнің кешкісін отары шұбырып қайтты. Өзі жоқ. Қос қолымен бетін аяусыз тырнап, қызыл-дала етіп жыртқан анам атты адамға жеткізбестен безіп, жан-жарын іздеп кетті. Көрші-колаң да атқа қонды... Әкемнің мәйітін жеткізді.

Әкемді жерлеген соң, санақ жүргізгенде мал кем шыққан. Балалықты қайтесің, әкемнің қазасынан соң мен ауылға көшетін болдық деп қуаныппын. Есейген шақта сол айтқандарым есіме түссе, өлердей ұяламын.

Осы қайғылы оқиға мені балалық бал дәуренмен ергерек қоштастырды.

Әкемнің адал еңбегі, маңдай терімен жиған жүздеген ұсақ малдары мен ірі каралары артында қалған бала-шағасына бұйырмай Үмбетқұл деген ферма бастығының жемсауында кетті.

Мейманасы асып-тасып, жарылардай ісінген Үмбетқұлдың қиянатты істері біздей жетім-жесірлерге ғана емес, дүйім ауылдас ағайындардың қабырғасына аяздай батты. Өйткені маскүнем ферма бастығының талан-таражға салған бірнеше жүздеген малын қарапайым көпшілік ағайынгершілікпен жабылып төлеп отырған еді. Мұнымен қоймай, көзіне шөп біткен Үмбетқұл жесір келіншектерге де күн көрсетпей ойына келгенін істейтін.

Көптің наласы жіберсін бе, өмірінің соңында ол жалғыз қалып, қайыршылықта күй кешіп, ит өліммен бақилыққа аттанды...

Жастайымнан өмірдің ащы кермек дәмін тата өскендіктен жарытып білім ала алмадым. Тиіп-қашып жүріп жеті сыныпты әуірімдеп бітірдім. Есесіне, еңбекке ерте араластым.

## БАҚ-ДӘУЛЕТТІ КӨТЕРЕ АЛМАДЫМ

1959 жылы желтоқсанында көршілес Мойынқұм ауданы Бірлік ауылының біртуар сыйлы азаматы болған Нарынбек Шоңбаев деген кісінің Зәбира атты қызымен көңіліміз жарасып, шаңырақ көтердік.

Көп кешікпей Жамбыл қаласындағы кооператив училищесін тамамдадым. Аудан орталығы Новотроицк (қазіргі Төле би ауылы) селосындағы шағын дүкенді қабылдадым. 1962 жылдың 2 қарашасында Мейрамбек деген ұлымыз дүниеге келді. Ұзамай «Коммунизм» совхозындағы азық-түлік дүкенін қабылдап алдық. Бұл ретте Жаратқан иеміз жарастырған Зәбираның көмегі көп болды. Өз ісіне тиянақты, берік, мінезі өте тік, өткір. Бетін бар, жүзің бар демейді, кімге болса ақиқатын алдына жайып салып отырады. Керісінше, менің мінезім жеңілтек, ұшып-қонып жүретінмін. «Семіздікті тек қой ғана көтереді» деген рас екен. Тұрмысымыз түзеліңкіреп, киіміміз бүтінделіп, ашқұрсақ қарнымыз тойыңқыраған соң қызығушылықпен ішімдікке әуестене бастадым. Онымен қоймай, сол кезеңнің «модасына» айналған карта ойыны – преферанс пен кингіге құмарта ден қойдым.

Бар жұмысты Зәбираға артып қойып, күніне ертеңнен кешке дейін 3-4 шишаны босату үйреншікті әдетке айналғанын несіне жасырайын.

Күнде кешке қарай қызара бөртіп, масайып келіп төсекке құлаймын...

## ЖОЛБАРЫСТЫҢ АЙБАТЫ

1963 жылдың жазы болатын. Ес-түсімді шала-шарпылау білетінмін. Тау қопарғандай демалып, ұйқылы-ояу жатсам, үлкен бір жолбарыс бас салатындай. Шошып оянып, сіріңке жағып, үйдің іші-сыртын, қуыс-қуысты түгел тінттім. Жаңа ғана көрінген жолбарыс еш жерде жоқ. Өзім үрейленіп, қорқып кеттім. Түсім дейін десем, тура өнімдегідей.

Жарты айдай уақыт өтпестен тағы да дәл сол жолбарыс бас

жағымда отыр. Оянып кеттім. Енді бірде, түсімде бір топ адам біздің үйге келіп, есіктің алдында шуылдасып тұр. «Мына Сауытбектің жолбарысын қарашы, көптен бері осының үйінде жүр. Әні-міне» - деп бір-біріне көрсетеді. Шынында да, жолбарыс үйіміздің оң босағасынан ін қазып алып жатыр екен.

Бұл түске де ешқандай мән берген жоқпын. Тіптен үрейленуді қойып, жолбарысқа бойым үйреніп те кетті. Күнде ішетінім – ішімдік, ойнайтыным – кингі, преферанс. Ал жолбарыс түсімнен шықпайтын болды. 1964 жылдың қыркүйегінде Галя деген қызымыз өмірге келді. Осындай жақсылықтарға қарамастан арақтың арқасында даңқ-құмарлыққа, көрсеқызарлыққа салындым. 1966-1970 жылдар аралығында Зәбираға көрсетпегенім жоқ. «жынды суға» тоя мас болған соң, еш кінәсіз келіншегіме тиісетінмін. Бір үйдің жұмысы екеуімізге ортақ болса да, жас сәбилі Зәбира су әкеледі, отын жарады, сиыр сауады, дүкенді ашып сауда жасайды, келімді-кетімді меймандар соның мойнында. Ұсақ-түйек тіршілігі қаншама десеңізші. Жан-жарыма қол ұшын бермей арақ ішіп, карта ойнап, қала берді, қыдыруым, оны жәбірлеуім нағыз надандық, нақұрыстық екенін кеш ұқтым. Кейінгі уақыттарда түсіме жиілеп енетін жолбарысты үйден қуып шығармақшы боламын, бірақ ол маған айбат етіп төрімде жатып алады.

## СҮЛЕЙМЕН НАҒАШЫМ ТУРА ЖОЛҒА БАҒЫТТАДЫ

Анамның ағасы Сүлеймен жылына бірер мәрте қонақ болып, 5-6 күн жатып, аунап-қунап кететін. Кейінгі келгенінде үйреншікті түсім тағы да қайталанды. Ертеңіне түстерім туралы нағашыма бастан-аяқ айтып бердім. Ол кісі біраз ойланып отырып, маған ренжіп:

- Сауытбек, жолбарыс - өте киелі аң. Көрінген адамның түсіне кіре бермейді. Бұл жолбарыс – саған қонған бақ. Бақ деген – сенің өмір сүрген әділетті дәуірің. Біз құсап аласапыранда туылмай, мынадай заманда өмірге келген сендерде арман жоқ. Қонған бақты бағаламай ішкенің арақ, ойнағаның кара, қалай болса солай жүресің. Зәбираға да тыныштық бермейсің. Келіннен айналайын,

ол осы босағаны аттағалы жаман болған жоқ, - деп ұрса жөнелді. Және де мынадай ғажайып түсті кез-келген адамға айта бермеуімді қағаң ескертті. Нағашымның дәлме-дәл жоруы әрі жаныма батыра айтқаны едәуір ой сала бастады. Дей тұрғанмен, арақпен біржола қоштаса қоймағанмын. Бір күні көрші малшының үйінде таң атқанша «жынды суды» ұрттаймын деп, әжептеуір масайдым. Бір құрдасыммен сөз жарыстырып, даусым қатты-қатты шығып кетсе керек.

- Әй, Сауытбек, саған не болды? – деген Әбілдә ақсақалға тілім тиіп кетіпті. Ертеңіне оразамды ашпастан қонақта бірге болған Ошан қарияның үйне барып:

- Арақты қоюға ант берейін, сіз маған бата беріңіз, - дедім.

- Екеуіміз құдай қосқан көршіміз. Саған ішімдік жақпайды, мүлдем қой деп талай айтқан жоқпын ба? Әлі де болса кеш емес, ішімдікті таста. Сен арақты қоямын деп ант бердеме. Онсыз да мен саған бата бермеймін. Арақты ант беріп қойып, бата алмай-ақ қой. Бұл екеуі де келіншегіңе жайсыз, - деді Ошан ақсақал.

- Онда ішімдікті антсыз біржолата қойдым, - дедім. Сол күні өрісте қой жайып жүрген Әбілда қариядан аттан түсіп, қолымды қусырып, кешірім сұрадым. Бұл 1970 жылдың қаңтар айы болатын.

Арақты қойған күннен бастап, отбасыма қыдыр дарып, береке ұялады. Аяулы жарыммен жаратқанның сыйлаған сегіз ұлқызымызды ойдағыдай тәрбиелеп, білім алуына жағдай жасадық. Жеткілікті білім алмасам да шығармашылық шабытым оянып, 1983 жылы «Жалын» баспасынан «Жыр бесік», 1994 жылы «Мерей» баспасынан «Аша елі», 2008 жылы ақпанда «Раритет» баспасынан «Түсімдегі жолбарыс» деген кітаптарымды жарыққа шығардым.

Жолбарыс соңғы кездері түсімде сирек көрінеді. Тек қысылып киналғанымда ғана енеді. Кейде ойланамын, осы жолбарыс болып, мені теріс әрекеттерден арылтқан әкем – Мәдімәр емес пен екен деп...

*Мәкен УАҚТЕГІ.*

*Жамбыл облысы, Шу ауданы,*

*Төле би ауылы.*

*«Жас Алаш», № 34. 29 сәуір 2008ж.*

## ҮЛЕС ҚОСҚАНЫМА ҚУАНЫШТЫМЫН

Халқымыздың келелі істері туралы айтқанда, совет әйелдерінің осы істерде қандай роль атқаратынын айтпасақ болмайды. Біздің Отанымыз өзінің жетістіктері мен жеңістері үшін әйелдердің жанқиярлығы мен талантына көп қарыздар. Партия әйелге, оның еңбек процесіне қатысушы, ана және бала тәрбиешісі, үй иесі ретіндегі жағдайын жақсартуға ұдайы қамқорлық жасауды өзінің парызы деп санайды.

*Л.И.БРЕЖНЕВ.*

Біз бұрын Мойынкұм құмында көшіп-қонып жүрген ел едік. Әркім өзінің күйкі тіршілігімен айналысып, от басы, ошак қасының амандығын ойлайтын. Октябрь революциясының лебі бізге де жетіп, тұңғыш рет бостандық, теңдік орнайды екен деген хабарды естігенімізде қараңғы ел дүрлігіп, біріміз қуансақ, енді біреулерге, яғни бай-болыстарға ол жайсыз тиді.

Мен ол кезде жаспын. Дегенмен іргесі шайқалатынын сезген бай-болыстар жарқ етіп жақсылық хабар естілсе болғаны, оны теріс ұғымға балап, кедей-жалшының сана-сезімін улауға қаншалықты әрекеттенгенін мен жақсы білемін.

Совет өкіметі орнап, елді қағтағанда біздің үйді орташа деп есептеді. Себебі бай-болыс болып малай салмадық, кедей боп біреуге жалданғанымыз жоқ. Өзіміздің азын-аулақ шаруалармен жансақтайтынбыз.

Күндердің бірінде құмдағы көшіп-қонып жүрген ауылдың бәрі серіктік етіп, отырықшылық өмірге көшеді екен деген хабар да келіп жетті. 1929 жылы көп семья бас қосып, серіктестік құрылды. Алғаш ол Сталин артелі, кейіннен Мойынкұм деп аталса, қазір «Дружба» совхозы болып отыр. Ол кезде серіктікке қоныстанатын жер үшін елдер ары-бері тартысып, алауыз болды. Ауданнан өкілдер күнде келіп, жиналыс ашатын. Біреулер 15 гектарға, Қүйғанға, тағы сол сияқты қолайсыз жерлерді айтып, өздерінің ата қонысына бұрғысы келді.

Осындай бір жиналыста маған сөйлеуге рұқсат беріңіз деп өкілдерден сұрандым.



- Рұксат, сөйлеңіз Іздән Тұңғышәлиева жолдас, - деді.

- Егер менің тілімді алсаңыздар Шу өзені біз үшін құт-береке, басқа жерді қойып, осы араға қоныстанайық, - деп қазіргі «Дружба» совхозының орнын көрсеттім. Бірақ менің бұл сөзіме отырған еркектер қарсы шығып, өктем дауыс білдірді. Оның ішінде Д. деген жігіт: «Әйел тыныш отырмай ма» - деп зекіді. Менің бұл ұсынысыма тек қана бір адам – Оразалы Жанталиев деген кісі қосылды. Өкілдердің біреуі тұрып: «Сіздер еркек, әйел деп бөлмеңіздер. екеуінің правосы тең, - деді. – Сол үшін Іздән Тұңғышәлиеваның ұсынысы орынды және Оразалы Жанталиев те қосылып отыр», - деп осы жерге қоныстануға қаулы алды.

Серіктік құрылғаннан кейін оның бірінші бастығы болып Т.Қайбиса Үкеев, ауылдық Советтің председателі болып Малай Баймырзаев тағайындалды. Алғаш киіз үйлер тігіп отырсақ, кейіннен барактар соғып, соған қоныс аудардық.

Ең бірінші қолға алғанымыз мектеп үйі болды. Ол қазір совхоздың орталық ауруханасына айналып отыр. Осы мектептің кірпішін бірінші болып Септемір Есенов екеуміз қолдасып құйдық. Кейіннен біраз адамдар көмекке келіп, құрылыс қарқын алды. Медет Сапақов, Рақыш Омаров сияқты адамдармен мектептің іргесін қалағанда кірпіш әперіп тұрсақ, ағайынды Балықбек пен Шәдібек Айтбековтер қабырғасын көтерді.

Серіктік алғашқы жылы азын-аулақ мақта өсірумен айналысты. Мен комсомолға өтіп, мақта өсірушілер звеносын басқардым. Звено мүшелері бар күшін сала еңбектеніп, сол жылы мақтадан айтарлықтай өнім жинадық. Бірақ серіктіктің болашағына сенбеген кейбір адамдар одан бөлініп шығып, 1931 жылы қайта тарап кетті. Сөйтіп серіктікте Исағұл Бекназаров, Оразалы Жанталиев, Ұзақбай Беріков, Иманалы Шуақов, Сейткерей Кәндеков, Бұхарбай Кенбаев және менің ерім Мәдімәр Тұңғышәлиев сияқты жеті-ақ семья қалдық. Осы аз ғана үй өзінің когамға деген тырнақ алды үлесін қосып жатты.

1933 жылдан бастап ауыл аймақ қайтадан жиыла бастады. Серіктікте 300 бас қой, 17 бас жылқы, 10 түйе болды. Оларды Шәкір Есқожаев, Есеналы Ахметалиев, Сейсенқұл Әбдіраев бағып-күтті. Сондай-ақ мақта айдауды тағы да қолға алып, әр семьяға бірігіп үй соқтық. Қазір қарап отырсам, осының өзі

өмірдің бір елесі сияқты. Дегенмен сол бір қиын-қыстау жылдары совхоздың негізін қалауға өзімнің лайықты үлесімді қосқанымна қуаныштымын.

Қазір арада соншама жыл өткенде совхоздың көркейіп, көріктене түскенін айтып жеткізу қиын. Шаруашылықтың атына сай мұнда көп ұлтты 700-ге жуық семья тұрады. 125 орынды балалар бакшасы, Жеңістің 30 жылдығы атындағы орта мектеп пен сегізжылдық мектептер, 20 мыңнан астам кітап қоры бар бір кітапхана, еңселі аурухана, 34 орындық монша, үш клуб және басқа да мәдени орындар бар. Алдағы уақытта 1200 балалық мектеп үйі, жаңа клуб, монша салынбақшы. Мал саны мен егін шаруашылығы жөнінен де алға едәуір қарыштағанымызды мақтан етуге болады. Шаруашылығымызда тек қана бағалы шикізат – қант қызылшасының өзі 1230 гектарға жетіп отыр. Астықтан да, жүгеріден де жыл сайын мол өнім алып келеді.

\* \* \*

Біз жоғарыда өткендегі өмірдің бір елесін әңгіме еткен ескі көз, ауылдың құрметті қарияларының бірі Іздән Тұңғышәлиева қазір осы «Дружба» совхозында тұрады. Пенсионер, төрт баланың анасы. Үлкені Сауытбек пен одан кейінгі ұлдары Әбдіманап Қосқұдық механикаландырылған орман шаруашылығында еңбек етсе, Зоя мен Сауыткүлі ұстаздық етуде. Бәрің де үйлі-жайлы болып, Іздән қария бұл күндері немерелерін тәрбиелеуде.

*У.ШОҚАЛАҚОВ.*

*60 славных лет*

## **ГИГАНТСКИ ВЫРОСЛО ХОЗЯЙСТВО**

Говоря о больших делах нашего народа, нельзя не сказать о том, какую роль в них играет советская женщина. Ее самоотверженности и таланту во многом обязана наша Родина своими достижениями и победами... Партия считает своим долгом проявлять постоянную заботу о женщине, об улучшении ее положения как участницы трудового процесса, матери и воспитательницы детей и хозяйки дома.

В прежние времена мы кочевали в песках Мойынкума. Каждый был занят своим хозяйством и думал только о благополучии своего очага. Когда весть о свершении Октябрьской революции дошла до наших краев, весть о том, что теперь придет свобода, будет равноправие, темный народ всколыхнулся. Одни, такие, как мы – обрадовались. Другим же – баям-богачам – новое было не по душе.

Я тогда была молодой. Но я хорошо понимала, что баи, которые чувствовали, что пришел конец их власти, старались каждую хорошую весть исковеркать, отравить сознание бедняков. Когда установилась Советская власть, наша семья считалась середнячком. Проживали за счет небольшого своего хозяйства. Однажды до нас дошла весть, что все кочующие в песках аулы переходят на оседлый образ жизни и организуют артели. В 1929 году была организована артель и у нас. Вначале она называлась им. Сталина, затем – Мойынкум, теперь – это совхоз «Дружба». В те дни велась борьба и за землю, где должны были осесть члены артели. Представители района приезжали ежедневно и проводили собрания. Некоторые предлагали места, где жили раньше их отцы и деды.

Вот на одном таком собрании я попросила разрешения выступить.

- Говорите, товарищ Издан Тунгышалиева, - ответили мне.

- Если послушаетесь меня, то побережье реки Чу самое хорошее для нас пристанище, давайте осядем здесь, - и указала на месторасположение нынешнего совхоза «Дружба».

Но сидевшим мужчинам не понравилось мое выступление. Со всех сторон слышались реплики: «Что, нам теперь женщин слушать?» Меня поддержал только один человек – Оразалы Жанталиев. «Вы не разделяйте на женщин и мужчин. Сейчас все имеют равные права», - сказал один из представителей. – Мы считаем правильным предложение Издан Тунгышалиевой, к тому же ее поддерживает Оразалы Жанталиев». На этом собрании было решено организовать здесь поселок.

Первым председателем артели был избран Тайбиса Укеев.

председателем аульного Совета Малай Баймырзаев. Первое время жили в юртах, затем построили бараки.

Строить мы начали со школы. Теперь здание это отведено под участковую больницу совхоза. Первый кирпич мы отливали вместе с Септемиром Есеновым. Потом пришли еще несколько человек и работа закипела. Медет Сапахов, Рақыш Омаров подавали кирпич, братья Балыкбек и Шадибек Айтбековы поднимали стены.

В первые годы члены артели занимались выращиванием хлопка. Я вступила в комсомол и возглавила звено хлопкоробов. Члены звена, приложив все свои силы, в тот год получили хороший урожай хлопка. Но некоторые члены артели, не веря в ее будущее, отделились и в 1931 году в ней осталось только семь семей Исагула Бекназарова, Оразалы Жанталиева, Узакбая Берикова, Иманалы Шуакова, Сейткерей Кандекова, Бухарбая Кенбаева и наша – Мадимара Тунгышалиева. Вот эти несколько семей и продолжили путь в новую жизнь.

В 1933 году снова начали вступать новые семьи. К тому времени уже насчитывалось 300 овец, 17 лошадей, 10 верблюдов. За ними вели уход, пасли Шакир Ескожаев, Есенали Ахметалиев, Сейсенкул Абдираев. Вновь мы занялись выращиванием хлопка, сообща строили для каждой семьи дом. Вспоминая те далекие годы, я радуюсь, что вносила своим трудом достойный вклад в создание основы нашего совхоза.

Теперь, когда прошло столько лет с того далекого времени, трудно рассказать, насколько вырос наш совхоз. В соответствии с названием хозяйства здесь проживает около 700 семей разных национальностей. Имеется детский сад на 125 мест, средняя школа имени 30-летия Победы и восьмилетняя школа, библиотека на 20 тысяч книг, большая больница, баня на 34 места, три клуба и другие очаги культуры. Будут построены школа на 1200 мест, новый клуб, баня. Намного шагнули вперед и в увеличении поголовья скота, улучшении земледелия. Только одна ценная техническая культура – сахарная свекла в хозяйстве занимает площадь в 1230 гектаров. Ежегодно богатые урожаем собирает хозяйство и с хлебных полей и кукурузных плантаций.

\* \* \*

Издан Тунгушалиева, о которой мы вели рассказ, сейчас одна из уважаемых людей, проживающих в совхозе «Дружба».

Пенсионерка, мать четырех детей. Старшие сыновья Сауытбек и Абдиманат работают в лесном хозяйстве, дочери Зоя и Сауыткуль учительствуют. Каждый имеет свою семью, а Издан апай в эти дни нянчит своих внуков.

*У.ШОКАЛАКОВ.*

*«Шу өңірі»- «Шуская долина», №80, 12 июля 1980г.*

### **Издан Тұңғышәлиева**

Үстіміздегі жылғы ақпан айының 11-де 78 жасқа толған шағында ауыр науқастан еңбек ардагері, зейнеткер Издан Тұңғышәлиева қайтыс болды.

Издан Тұңғышәлиеваның өмірі мен еңбек жолы «Дружба» совхозының тарихымен тығыз байланысты. Ол алғашқы серіктіктің негізін қалағандардың бірі. 1929 жылы серіктік құрған кезде Шу өзені бойынан қазіргі «Дружба» совхозының орнын таңдаған Издан Тұңғышәлиева болатын. Ол алғашында Сталин атындағы, кейіннен Мойынқұм серіктігі деп аталды. Киіз үйлерден тұрғындар барақтар соғып, соған қоныс аударды.

Алғашқы құрылыстардың ішінен ең бірінші салынғаны мектеп үйі болса (қазіргі аурухана үйі), соның кірпішін құйып, іргесін көтеруге Издан Тұңғышәлиева да белсене атсалысқан. Серіктік алғашқы жылы мақта өсіруді қолға алғанда Издан комсомол қатарына өтіп, мақта өсіруші жастар звеносын басқарды.

Издан Тұңғышәлиева кейіннен малға шығып, ері Мәдімәрман бірге ұзақ жылдар осы салада жемісті еңбек етіп, «Дружба» совхозының дәулетін арттыруға айтарлықтай үлес қосты.

Біз шаруашылығымыздың негізін қалаушы, еңбек ардагерінің жарқын бейнесін есімізде ұзақ сақтайтын боламыз.

*«Дружба» совхозының коллективі.  
«Шу өңірі», №18, 15 ақпан 1992 жыл.*

## ШАҢЫРАҚ ШАТТЫҒЫ

Бұл күнде «Дружба» совхозындағы байланыс бөлімшесінің қызметкері, жергілікті акын Сауытбек Мәдімәровтың үйіне жолдас-жоралары, ағайын-туыстары ағылып келіп жатты. Сауытбек пен оның жұбайы Зәбира осы ауылда туып-өсті, мектепте бірге оқыды. Міне, олардың шаңырақ көтеріп, семья болып отасқанына да ширек ғасыр өтіпті.

Бүгінгі той да осы шаңырақтың қуанышты күнінің куәсі болатын. Күміс той салтанатын селолық Советі атқару комитетінің секретары Шәкен Тұрмағанбетов ашып, той иелеріне селолық Советі атқару комитетінің атынан құттықтау хат тапсырды. Хатта оларға арналған жылы сөздер айтылған екен.

«Құрметті Сауытбек пен Зәбира! Сіздерді бірге отау тігіп, шаңырақ көтерулеріңіздің ширек ғасырлық қуанышты күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздердің өмір жолдарыңыз – советтік өмір салтының сыйластықты, бақытты семьялардың жарқын үлгісі. Сіздер еңбек майданында да басқаларға өнеге көрсетіп, өз ауылдарыңыздың гүлденіп өсіп-өнуіне елеулі үлес қостыңыздар», - деп той иелеріне бақыт, зор денсаулық тілеген. Құттықтау хат сөздерін тойға келушілер де қол шапалақтап қарсы алды.

Көңілді музыка мен әсем ән ауыл аспанында қалықтай көтерілді. Күміс той иелерімен бірге осы совхоздың байырғы шофері – күйеу жолдас Алтынбек Өзденбаев пен қыз жолдасы болған оның жұбайы, озат қызылшашы Жаңыл жұбайлар столынан орын алды. Салтанат үстіне той иелеріне өздерінің еңбектес ауылдастары бригадир Аманбек Шуақов, шаруашылықтың маңдай алды қызылшашыларының бірі Серіккүл Беккұлова, еңбек ардагері ұстаз Күзербай Бекниязовтар өздерінің жүрек жарды ақ тілектерін арнады. Міне, осыдан кейін-ақ әуезді әсем ән мен күмбірлеген күміс күйдің тиегі ағытылып берді. Күміс той иелерінің балалары хорға қосылып, бірнеше әндерді нақышына келтіре орындап бергенде, отырған жұрт жас бүлдіршіндерге риза болысты.

Сауытбек ағай мен Зәбира жеңгейдің семья болып отасқан осынау жиырма бес жылдық өмірі қуаныш пен шаттыққа толы. Ол екеуі бүлдіршіндей 4 ұл, 4 қыз тәрбиелеп отырған үлкен

шаңырақтың бас иелері. Сауытбек болса осы шаруашылық малшысы болып еңбек жолын бастады. Ұзақ жылдар орманшы болып, халық байлығын қорғау мен сақтауға үлес қосты. Қазір – байланысшы. Жұбайы Зәбира да байланысшы. Олардың өсірген балалары да шетінен өнегелі ұландар. Үлкен ұлдары Мейрамбек Совет Армиясы қатарында өзінің азаматтық борышын өтеп келіп, қазір Ырғайты совхоз-техникумының соңғы курсында оқиды. Галя мен Назарбек Алматы политехникалық институтында, ал Әлия болса осы совхоздағы Ұлы Жеңістің 30 жылдығы атындағы мектептің оқу озаты. Ең кенжелері Әсия I класқа барып жүр. Міне, осынау бақыт құшқан өз балаларына Іздән әжей шүкіршілік етеді.

Бұл күнгі шаңырақ шағтығы түннің бір уағына дейін созылды. Көпшілік той иелеріне зор бақытты ұзақ ғұмыр тілеп тарасты. Міне, бұл советтік өмір салтының жақсы көріністерінің бірі емес пе?

*Б. Әлікұлов.*

*«Шу өңірі», 08.03.1985 жыл.*

## ЕРЕКШЕ КӨЗГЕ ТҮСТІ

Соңғы жылдары ауданымыздың елді мекенінде клуб жұмысы да жақсара түсті. Сөйтіп көпшілікке қызмет көрсетуде біраз тәжірибе жинақталды. Клуб еңбекшілерге идеялық-саяси, еңбек және эстетикалық тәрбие беруге күш салуда.

Жуырда Ұлы Октябрьдің 70 жылдық торқалы тойы қарсаңында халық творчествосының Бүкілодақтық II фестивалына орай Жамбыл қаласында қызыл отау жұмыстарының облыстық байқауы өткізілді. Бұған біздің ауданнан Мойынқұм қызыл отауы катысты. Бұл қызыл отау «Коммунизм» және Абай атындағы совхоздардың малшыларына мәдени қызмет көрсетеді. Байқауда ауданның үгіт бригадасының концерті беріліп, «Мойынқұм» қызыл отауының меңгерушісі Сауытбек Мәдімәров пен кітапхана меңгерушісі Зәбира Мәдімәрованың жұмыстары көрсетілді. Мереке қарсаңындағы облыстық байқауда әр ауданнан келген қызыл отау қызметкерлерінің арасында клуб меңгерушісі С.Мәдімәровтың жұмысы айрықша аталып, бірінші орынды иеленді. Мұнда жарыс

экраны, наукандық жұмыстарға арналған «Біз бейбітшілікті тілейміз», «Ауыл тынысы» стенділері. «Тікенек», «Найзағай» атты қабырға газеттері көп көңілінен шықты.

Сондай-ақ, қызыл отаудағы кітапхана меңгерушісі Зәбира Мәдімәрованың жұмыстары да жылы қабылданды. Мұнда «М.Әуезовтың туғанына 90 жыл», «Озат шопандар» атты кітап көрмелері де жүлделі орынға ие болды.

Сонымен қатар аудан үгіт бригадасының мүшелері А.Өскентаев, С.Кентаев, Б.Күсеев, С.Дәулетқұлова, К.Онтаева, Ә.Келгенбаевтардың өнерлеріне облыс жұртшылығы ризашылық білдірді.

*К.Разбекова.*

*аудандық кітапхана қызметкері.*

*Шу өңірі газеті. 29 октябрь 1987 жыл.*

**Құрметті де қадірлі тәте Мәдімәрұлы Сауытбек,  
жипе Нарымбетқызы Забира!**

Сіздерді Жаңа жыл – 2010 Барыс жылымен құттықтаймыз! Елімізге тыныштық, халқымызға біткен кеңпейілділік ұзағынан жарылқасын. әр уақытта қуанышты да берекелі болыңыздар. Денсаулықтарыңыз мықты болсын. балаларыңыздың ортасында аман-есен қуаныштарына бөленіп жүре беріңіздер. Барыс жылы біздің Сауытбек әулетіне жақсылық әкелсін. жетістіктен жетістікке жеткізіп, алланың нұры жаусын.

Сіздер екі ғасырдың куәгерісіздер. Осы өткен аралықта қандай қиындықтарды бастарыңыздан өткіздіңіздер. бұл жөнінде өзіңіз жазған кітаптарыңызда нақты айтып бізге жеткіздіңіз. Осы әңгімелерді оқығанда. сол замандағы халықтың тұрмыс-тіршілігімен, қуанышы мен жақсылығын көз алдына елестетуге болады. Бұл дегеніңіз ұрпақтан ұрпаққа өз заманының көрінісін беру деп ойлаймыз.

Екеуіңіз отау тігіп, бір жанұядан бес ұл, төрт қызды дүниеге әкелдіңіздер. Күн-гүн демей балаларыңызды бағып күтіп, өз қатарларының алды ғылып, оқытып, жетілдіріп, солардың



ауырына да, суығына да шыдап, аман-саулықпен өсіргендеріңізге мың да бір рахмет. Бұл дегеніңіз біле білген адамға бір кішкентай мемлекетті аяғынан тік тұрғызып, күтіп бағумен тең.

Өйткені тарихқа үңілсек, ата-бабаларымыз өмір бойы қазақтың жерін сақтап қалу үшін және осы кең байтақ даласы мен тауларын, орманы мен суларын жанындай қорғап, өздерінің артында қалған ұрпақтарына атадан – балаға мұра ретінде қалдыру үшін күні-түні ұйқысыз дұшпандармен шайқасып, қажырлы да қаһарлы күшпен алғыр ой-айласының арқасында қорғап қалғаны бізге белгілі.

Бүгінгі таңда осы батыр да, данышпан бабаларымыз армандап, жете алмай кеткен қуанышы біздің ұрпақтың бағына біткен байрағы - ол бүгінгі егемен Қазақ елі. Қазақстан мемлекетіне айналып, әлемдегі елдердің қатарына қосылдық. оларға біздің Туымызбен. Әнұранымызбен әлемге паш еткіздік. Қазақ елі әлемнің ең дамыған мықты мемлекетіне айналуына өздеріңіз өсірген балаларыңыз әртүрлі салада қызмет атқарып, шамалары жеткенше еңбек етіп келеді. Барыс жылы балаларыңыз бұдан да биік жетістікке жетіп, сол қуанышты сіздермен бірге тойлайық.

Адам шыр етіп жерге түскенде алланың әмірімен маңдайға жазу жазылады дейді. Несібесі шашылады, пәниден бақиға өткенше сол несібеңді теріп жейсің деп шарифаттан уағыз айтады. Бірақ оның не жазылғанын ешкім оқып бермейді. Дегенмен де сіздердің маңдайларыңызға берекелі қарапайым өмір және жақсылық пен қуаныш көп жазылғанына біз сенеміз.

*Ізгі ниетпен құрметтеген ұлыңыз Назарбек Сауытбекұлы  
келініңіз Ұлбала Дәулетқызы*

## **ҚАЛАҒА АУЫЛ ҚОНДЫ ДАЛАДАН КЕП...**

Шу ауданындағы Мойынқұм қызыл отауының меңгерушісі Сауытбек Мәдімәровтың жұмыс тәсілі мүлде бөлек. Байқауға келген көп үйлердің ішінде Сауытбек үйіне «ат басын бұрушылар» да ерекше көп болды. Сауытбектің өзі ақын, республикалық баспадан шыққан жыр жинағында көптеген өлеңдері жарияланған. Қазір жеке жинақ, әңгімелер кітабын, тарихи повесть әзірлеген

азамат. Өзі әдебиетке жақын болған соң оның қызметінің едәуір бөлігі де малшылар, әсіресе, жас малшылар арасында сол әдебиетті насихаттауға арналады. Сауытбек қабырға газеттерін, сын-сықақ беттерін шығарғанда да оған қажетті материалдарды өзгеден қол жайып сұрап жатпайды. Өзі қызмет ететін бірнеше шаруашылық малшылары – ауыл ақынының шын мәніндегі серіктері.

Күз күні сәскеде көтеріле бастаған сәт. Ертеңгіліктің мамырлаған майда самалы еседі. Әлгінде ғана байқаудың салтанатты ашылу сәті өткен. Байқауда баяндау артық, шын мәнінде байқау керек. Жиналғандар бір үйден екінші үйге асыға өтіп, отау сәніне анталай қарайды. Әсіресе, өз алдына бөлек әңгіме етуге тұрарлық Жамбыл ауданынан әкелінген ақ жамылғы жабылған үйдің әбзелдеріне көз сүрінгендей. Бұл қызыл отау үйі емес, дала сәні – киіз үй кереметін қалалықтарға көрсету ниетімен келтірілген үй. Ол жайында сөз басқа деуіміз де сондықтан.

Бүгін әр аудан қызыл отауларына салтанат көрсетіп, оларды әңкүймен қошаметтей келген сияқты. Атақты «Мерке әуендерінің», «Аса сазының», «Шу еркесінің», «Сұлтөрдін» өнерпаз жастары байқау алаңының әр тұсынан оттай басылады. Өз отауларын комиссия сарабынан өткізе сала өнерге: әнге-күйге басып жатқан да солар. Меркеліктер мен жамбылдықтардың үні ерекше естіледі. Бұған дауысты өсіріп естіртетін аппаратуларын ала келмеген Шу аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Байжігіт Жетібаев қызарактап-ақ тұр. Далада аққу үнін еске салғандай Күлімхан Оңтаеваның дауысы мына дабырлы ортада әлгі аппаратурасыз бопшілік көңілінен шыға алмай тұр. Оның есесіне аланның бір шетінен меркеліктер, екінші жағынан жамбылдықтар жер әлемді жанғырықтыра асқақ әнге, күмбір күйге басады.

Иә, даланың думанын еңселі үйлер бауырына басқан сияқты. Бұл біздің ойымыз еді.

- Қателесесіңдер, жігіттер, - деп бұл ойымызға бір кара кісі қарсылық білдірді. – Қасиетті даланы тым тарылта бермеңдер. Еңселі үйлер түгілі осы қаланың өзі, тіпті анау асқар тауыңның өзі даланың шөкімдей ғана төсінде тұрған жоқ па? Онан гөрі бүгінгі салтанатты дала елшісінің қалаға келіп жүздесуі деп бағалағандарың жон болар, далада бұдан өскен өңір перзентінің

жетпіс жылды кейінге тастап, қалаға серуендеуге келуі дегендерін жөн болар.

Қарт сөзіне келіспеуге болмастай еді. Әуел баста бұл тосын байқауды сырттай «жәрмеңке болар» деп қалған қалалықтар өнер бәсекесі екенін кейін ұққан. Тәп-тәуір шаруа тындырып отырған мәдениет мекемесінің мұнысы алдын-ала жұртшылыққа дұрыстап хабарлай алмаған енжар тірлігіне де талай жұрт «әттен-ай» десіп, сан соғып жүргенін көрдік.

Байқау аяқталып келе жатты. Комиссия мүшелері оны тамашалауға келген көпшілік пікірімен де есептескен болса керек, байқаудың бәсін белгілеген сәтте бұл айқын аңғарылды. Кешегі атқарып келген жұмысы, бүгінгі көпшілік назарына ұсынып отырған әужайы ескеріліп, байқаудың бірінші жүлдесі Шу ауданы мен Жамбыл ауданына, екінші бәйге Луговой ауданына, үшінші орын Мерке ауданына берілді. Өнердің қай саласында да соңғы жылдары жолы болмай жүрген Красногор мен Қордай аудандарының бұл өнер бәсекесіне келуге де дәті шыдамаған болса керек. Бір кезде Аңырақай жайлауынан атағы аспандап шыққан қызыл отаудың зымзия көзден ғайып болғанына көпшілік таңырқасып тарасты.

Әйтсе де, бұл байқаудың қызыл отау жұмысына тиесілі сыбағасын беріп, тұңғыш өткізіліп отырған байқаудың маңызы зор болғанына шек келтіре алмаспыз. Өйткені, қызыл отау меңгерушілерінің қызметі қай кезде де елеусіз қалып жүргеніне қарамастан қиын да абыройлы қызмет екені белгілі. Орасан зор қадір-құрметке бөленіп отырған малшы еңбегін ауызға алғанда олардың бел ортасында тағдырын тең бөлісіп жүрген қызыл отау меңгерушілерінің үлесін ұмытуға болмайды. Сондықтан да біз бұл байқауды игі қадам – тұсау кесер дей отырып, Сауытбек Мәдімәров, Гүлнар Шақшамбаева, Ғани Мұхаметкерімов, Асан Сүлейменқұловтарды марапаттай отырып, бұл саланың барша қайраткерлеріне табысты жол тілейміз. Алыстағы малшылар қауымы арасында олар атқарар шаруа ұлан-асыр, қайта құру қарлығаштарын малшы ауылдарының шаңырағына ұялататын да солар болмақ.

*Ж.ӘЙТЕКОВ.*

*Еңбек туы, № 193, 7 октябрь 1987 жыл.*

## ӨТКЕН КҮННЕН БІР ҰШҚЫН

(Болған әңгіме)

*«Өткен күннен алыс жоқ,  
Келер күннен жақын жоқ».  
Қазақ мақалы.*

Мені 1958 жылы колхоз жолдамасымен Жамбыл қаласындағы ауыл шаруашылық мектебінің қой шаруашылығы бригадирлігіне оқуға жіберді. Менен бір ай кейін ауылдан осы оқуға Селубай да келді. Ол ұзын балдаққа сүйеніп, аяғын сылт басып жүретін. Келесі жылдың көктемінде осы оқуда оқитын студенттерді Сарысу ауданындағы Байқадам совхозына қой төлдету науқанына байланысты практикаға жіберді. Масатбаев деген жетекші мұғалімім:

- Мына Сауытбекті дұрыс аға шопаныңызға апарыңыз, - деп мені қой фермасы жетекшісіне табыстады. Сөйтіп ол әрбір студентті әр отарға қалдыра жүріп, мені Жолдыбай деген аға шопанға жеткізді. – Мен Сауытбекпен бірге боламын, - деп аяғының ақсақ екенін тілге тиек еткен Селубай да менімен қалды.

Жолдыбай 10-сыныпты алтын медалмен бітіріп, Ташкент қаласындағы өзі таңдаған бір жоғарғы оқуға түсіпті. Әкесі Ыбырайдың екі әйелі бар екен. «Күндестің күліне дейін күндес» демекші бәйбішеге Ташкентте оқып жүрген баласы Жолдыбайды «Мені өзің баққын»- деп оқудан шығартып алыпты. Ал тоқалы Қадиша бала көтермеген әйел екен. Біз барған кезде Жолдыбай аға шопан да, әкесі Ыбырай көмекші шопан екен. Мен Қадишаның үйінде, ал Селубай бәйбішенің үйінде жүрді. Науқанның қауырт кезі – қой күндіз-түні төлдеуде. Мүгедектігіне қоса тәсейілі шамалы Селубай қаннен қаперсіз сәскеге дейін ұйықтайды. Түнде төлдеген қойды күзету деген атымен жоқ. Ыбырай ата оны «Ұйқыбек» атап, «мынада бес қап ұйқы бер» - дейді. Әрине, оны тыңдап жатқан Селубай жоқ. Ал Жолдыбай оған ренжімек түгіл бір ауыз да артық сөз айтпайды. Тамаша, кең пейіл, кешірімді жігіт. Тағы бір таңқалғаным: түнде отар қой түгел өріп кетсе Ыбырай ата бурыл атқа мініп алып, тізгінін бос, еркіне жіберсе болды, өрген қойды аттың өзі табады екен. «Малда ақыл бар да

ес жоқ» деген ғой. Ал бурыл атта, керісінше, ақыл да, ес те бар сияқты.

Ақ меринос койға караганда каракөл кой тез өргіш, жүрдек келетін көрінеді. Мен ірі сақпанды атқа мініп ұзатып жаямында, ал Селубай болса жаңа туған жас төлдерді ауыл жанына жаяу жаяды. Бір күні Селубайды аяп кеттім де, әрең көндіріп, өзім мініп жүрген атымды ойлау жерге тұрғызып қойып, оны әрең дегенде көтере ерге отырғыздым-ау. Ол менен екі жас үлкен болса да сол жолы ақыры атқа мінгізіп үйреттім. Сөйтіп ол атпен, мен сақпанды жаяу бағатын болдым. Бір күні таң азанда:

- Ойбай, құдай сақтай гөр! Соғыс болып жатыр, - дейді. Ананы да, мынаны да әкетіпті майданға, деп кісі аттарын шұбаға жөнелді Ыбырай ата. Мен бұл кезде түнімен төлдеген қойды күзетіп шығып, таңға жуық қана ұйқыға бас қойғамын. Сол кісінің даусынан оянып кеттім. Ауылдағы ел-жұрт суық хабардан кейін мең-зең күй кешті. Сол сәтте:

- Мұның бәрі Жамбылдың ісі. Әйтпесе бұрын қазақтан соғысқа адам алмайтын. Қазақ атқа мініп алып соғысқанға мықты деп Сталинге айтып, қазақ халқынан да соғысқа адам алдырған Жамбылдың кесірі деп, бәйбіше де қайдағы өтірікті айтып, ренжіп жүрді. Мұның шын-өтірігіне көзім жетпей, аң-таңмын. Мұның анық-қанығын 3-4 күннен кейін естідік. Әскери жаттығулар болған екен. Мұны түсінбеген қарт кісілер соғыс басталған екен деп жүріпті. Тағы бір күні біздің совхозға басқа жақтан төрт отар ақ кой айдап әкепті. Ой, сұмдық-ай, ақ қойды шошқамен шағылыстырыпты, содан туған кой сияқты. Өйткені туп-тура шошқа құсап төмен қарап, басын жерден бір де көтермейді. Әуелі күн ыстықта жаймақ түгіл айдасаң да жүрмейді екен. Еті арам, оны жеуге болмайды деп соқты Ыбырай ата.

- Ата, өйтіп айтпаңыз! Біздің Шу өңіріндегі қойдың бәрі осындай меринос ақ кой. Оның жүні жібектей әрі салмақты, ешбір будандастырылмаған, таза қойдың өзі. Еті арам емес дегенімде Ыбырай ата менің мына сөзіме аң-таң болып, екі ойлы сезінді. Осылай сақпанда тың нәрсенің тосын пікірін ести жүріп, кой төлдегу науқаны да аяқталды. Селубай Шу ауданындағы үйіне кетті де, мен кой қырқатын орынға бардым. Әрбір отарға сақпаншы болып тарап кеткен студенттердің бәрінің басы қосылып, кой қырқып жаттық. Біраз күн өткен соң өңкей қырықтықшылар далада тұрсақ, түйеге мінген бір әйел келіп:

- Мұнда Сауытбек бар ма? – деп дауыстады түйе үстінен. Сөйтсем сақпаншы болғандағы мен үйінде жүрген тоқал Қадиша апай екен. Оны танып, жүгіріп барғаным сол еді, ол да түйесін шогеріп жерге түсіп келіп, менің бетімнен сүйіп амандасты.

- Туған баламдай болып кеттің де, саған бауыр басып қалыпшың, қарағым. Алыста тұрсам да сені сағынып бір көріп қалайын деп келдім. Аман-есенсің бе, мына көпшілік ішінде жағдайың қалай? – деп бәрін сұрап жатыр. Түйенің беліндегі қызыл қоржынды алып келіп, аузын ашып, пісірген ет. Құрт-май, ірімшік тағы басқаларын берді. Мені қоршап осы сөзін естіп, бергенін көріп тұрған қырықтықшылар апайға да, маған да таңғалып риза болысты. Менің шын атым Сауытбек болса да үйінде жүргенде Сауытбай деп атайтын. Мұнының қалай дегенде «бектен» гөрі «бай» деген дұрыс, өмірде «бай» боласың деп Сауытбай атап кеткен болатын Қадиша апай.

«Құрмет құрметті адамға жарасады» деген ғой бұрынғы данышпандар. Мен сол бір кезде қайбір құрметті едім. Сарыауыз, ұядан енді ғана ұшатын балапандай, өмір жолымды да әлі бағдарламаған кезім. Осы сыйдың бәрі екі айдай бірге тұрғанда Қадиша апайдың айтқанына тік тұрып, көңілінен шыққаным шығар. Әйтпесе мұндай жұмысты жетімдіктің кесірінен жасымнан-ақ өз ауылымда да істеп жүрмін. Сонда айдаладағы Қадиша апай түгіл өзімнің туған анам Іздән мені іздеп, жұмыс істеп жатқан орныма келген емес.

Осы қыркын басында қырыққан қойдың жүндерін қабылдап жағқан Шоқан деген жас жігітке:

- Үйің осы араға жақын ғой. Мына Сауытбайды анда-санда үйіңе ертіп барып, ауқаттандырып, түнетіп жүргін. Бұл жерде көпшілік ішінде қайбір жағдайы болып жүр дейсің. Әке-шешене менен сәлем айтқын, деп мені Шоқанға табыстап, ауылына қоштаса-қоштаса қайтып кетті Қадиша апай. Шіркін, жақсы, мейірімді адамның жөні бөлек қой, айдаладағы бөтен елдегі бөтен апайдың мейірім-шапағатын қалай ұмытарсың. «Таза жүрекпен істеген әрбір жақсы ісіңнің қайырымы, сый-құрметі болады» депті хадисте Бұхари, Муслим, Тирмизи. Сондай-ақ мен де Қадиша апайдың туған баласындай болғанымның жемісі шығар деп ойлап, мен де апаймен қоштаса-қоштаса рахметімді айта-айта қалдым. Жолдыбай мен Шоқан екеуі қатар, әлі үйленбеген

бойдақ. Менен 2-3 жастай-ақ үлкендігі болса да үлкен саналы адамдар катарындағы іс тындырып жүрген жігіттер.

Ал Шоқанның әкесі Смайыл ел-жұртына сұмдық беделді кісі екенін Ыбырай туысқанының үйіне 2-3 рет келіп түстеніп кеткенінен білемін. Сонда қолдарына су құйып, қызмет істеп, рахметін алғанмын. «Әркімнің істегендеріне қарай дәрежесі бар» (6-с.132-А.) деген ғой мына аятта. Қызметі «дайындаушы» ғана болса да Смайыл қарадай жүріп ауылына, ауданына дәрежелі екенін талай адамдардан естігенмін. Бірде бәйбішеге:

- Жаксы оқыған саналы балаңды жоғарғы оқудан бекер шығарып алдың, - деп Смайыл шешесін сөккенде, лаж жоқ, «ат айналып қазығын табады» деп осы кісілердің жағдайы үшін оқудан бас тарттым, деді Жолдыбай.

Смайыл келбетті, өткір тілді сөзшең кісі. Баласы Шоқанды қой төлдету кезінде жаңа туған қозының жарамды қаракөл елтірісін есепке алып, соның аякасты болмауына бақылаушы ретінен танып білетінмін. Осы қой қырқынында менің Өкімет деген досым бар. Ол Жуалы ауданындағы «күли» елінен. Өкімет Мәраймов та, мен – Сауытбек Мәдімәровпын. Екеуміздің аты-жөніміз де, бой-басымыз да, мінез-құлқымыз да ұқсастығына қоса егіз қозыдай болып бір жүрсек, құшақтасып бір жатамыз.

Міне, сол Өкімет екеуміз Шоқанның үйіне жаңбыр жауғанда, қырқынға отар қой келмей қалғанда, осындайда қырқын жұмысы тоқтап, қолым босағанда барып ауқаттанып, қонып жүрдік. Сонда төсек орнымыз бен шабадан мен ортақ киімімізді осы үйге біржолата қойдық. Бізді өзінің баласындай жылы қарсы алып тұрды Смайыл. Сонда танымайтын бізді бөтенсімей, бөтен кісілер, демек Жолдыбай, Қадиша, Смайыл, Шоқан тағы басқаларының адамгершілігін қалай жеткізуге болады? Бұл дегенің адамдық қасиеттің ең шыңы емес пе? «Сабыр етіп ізгі іс істегенде, міне, солар үшін жарылқау және зор сауап бар» (11-с.11-А) деген аятты соларға тілеймін. 1-Мамыр мерекесінде бір аға шопан ат үстіне түрегеп тұрып шауып, елге өнер көрсетті. Бұл кісінің де отар қойын қырыққан болатынбыз. Сонда қойды жөндеп қырма алмай жатқан шалағай студентке:

- Әй, сен әшейін-ақ жігіт екенсің. Мен сендей күнімде алдыма қап байлай салатынмын, дайын тұрайын деп қырықтықшы жігіттерді күлдірген. Қалжыңбас, әзілқой, қу тілді, ашық-жарқын

тамаша аға шопан екенін бұрыннан білетінбіз. Өзі Ұлы Отан соғысында атты әскер жағында болғанын әңгімелеп айтып берген. Мына ат үстінде өнер көрсетуі де соның жемісі болса керек.

Енді қой қырку науқаны аяқталған соң барлық студенттер кері қайттық. Жолдағы Талас ауданының орталығы Ақкөл ауылынан да жолаушылар біз мінген көлікке мінді. Сонда артқы орындықта отырған егделеу екі жігіт:

-Ошақтыны ошақтан тауып алыпты, - деп бір-бірімен қалжындасып отырды. Осы қалжың ұзын сөзге ұласып, қыз-қыза сөзден сөз таластырып, аяғында екеуі төбелесті. Автобус жолда тоқтап, әлгі екеуді жолаушылар ажыратып, көлік қайта жүріп. Жамбыл қаласына ығырымыз шығып, әрең дегенде ыжық-қыжықпен жеттік.

Осы бір өткен күннен бір ұшқын елес ойымда мәңгі қалып қойды.

\* \* \*

Кейін мен мұнда Жолдыбайды облыстық газеттен оқып жүрдім. Аудан бойынша көрнекті, алдыңғы қатарлы аға шопан екен. Бажам Базилов Шабан Сарысу ауданының екінші хатшысы болып қызмет істегенде Зәбира екеуміз екі рет бардық. Сонда мен Шабаннан Жолдыбайды сұрадым. Ептеп біледі екен. Сонда мен Жолдыбайды іздеп барып, сәлем беруіме уақытым болмағанына өкіндім. «Бір күндік жолдасқа қырық күндік сәлем» деген ғой атам қазақ. Ал мен болсам бір күн емес, екі ай үйінде жүрдім, дәм-тұзын тағтым. Қадиша апайдың «Сауытбек демей Сауытбай деймін, өмірінде бай боласың» дегенін 51 жылдан кейін қазір ойласам, мына өтпелі кезеңнің қиын сәт кедергісінен сүрінбей өттім. Осының өзі байлық емес пе? 19 жастағы маған: «Сені Сауытбай деп атаймын. Өмірінде бай боласың», - деп болашақ өміріме кесікті болжам жасаған сөзді Қадиша апайдың аузына Алла салды ма екен деген ой туады бүгін. Шіркін, сездірмей өте шығатын қайран керемет уақыт-ай десеші, қадіріңді кім білген, «жақсылыққа - жақсылық» дегенді ұмыттырып кетеді екенсің-ау. Енді лаж жоқ, мына: «Сабыр ет, расында Алла жақсылық істеушілердің еңбегін жоймайды» (11-с 115-А) деген аятты осы деректі әңгімедегі аты аталғандарға тілегеннен басқа қайырым жасай алмадым, оқырман қауым.



## Балаларыма хат!

«Мен ойлай аламын, олай болса өмір сүремін», Ойлай білу-тірлік кепілі»

*Рене Декарт, («Мен де осы ойдамын. С.М.))*

\* \* \*

«Өмірге алғаш жасаған қадамың-өлімге алғаш жасаған қадамың»

*Ибн Сайна.*

\* \* \*

«Біз өзіміз иесі болмаған нәрсені қалай өзімдікі дей аламыз? Осы философияны ұққан жан өз тәнін де өзімдікі дей алмас. Ендеше, бізге біреу бергенді, яғни қарызды күндердің күнінде қайтару керек болады»

*Хазрет Инаятхан.*

\* \* \*

«Мұсылман адам өмір туралы ойлаған сайын оның жүрегі тынышталады. Жүрегі тынышталған ондай адамды мына дүниенің жылтырауықтары қызықтырмайды»

*Осман Нури Топаш.*

\* \* \*

«Ізгі Адам ажалдан қорықпайды. Ажалдан надандар мен бұзықтар ғана қорқады»

*Әбу Насыр әл-Фараби.*

\* \* \*

Міне: «Өлімді білмеген өмірді сүрмегенмен бірдей екені, осындай жоғарғы айтылған ойлардай мені де о-бастан ойландырып 1976 жылы, демек осыдан 37 жыл бұрын қанша жыл өмір сүретінімді ептеп жазып қойған жайым бар. Мұнымды Алла асылыққа жазбай кешірсін, әмин. Осы 37 жыл бұрын қанша жыл өмір сүретінімді жазып қойғаннан кейін де беймезгіл маған ажал келе жаздағанын «Сәтті өткен жазымдар»-(27.03.2004 ж.) деп жазғанмын. («Аша елі» кітап 295-бет Раритет -2010 ж.).

Сонда бұрынғы бура қуын мен бұқа сүзгенді (I-том кітаптағы) айтпағанда кейінгі «Сәтті өткен жазымдағы» жеті рет беймезгіл ажал маған келе жаздағанның көбісі, мен қанша жыл өмір сүретінімді жазып қойғаннан кейінгі төтенше болған жазымдар болатын. Бұл өмірімде болған кездейсоқ жазымдардың ең ірілері ғана!

Ал бар өмірімде айтылмай қаншасы қалды десеңізші жетімдіктің кесірінен.

Енді мезгілінен келген ажалға шара жоқ қой. Соны тағдырыма тілеймін.

Өмірімді осы төтенше ажалдардан сақтаған: әуелі Алла, екінші менің жебеуші періштем, үшінші өмір бойы мені қорғап жүрген «Жолбарысым мен ауада қалықтап жүрген» түстерім екенін іштей сеземін. Бұл да құдыреттің сиы шығар, әмин.

Енді маған өлім қай жылы келетінін балаларыма айтпай-ақ қояйын.

Онда да мені сол ажал жазасына кесетін күдікті жылым жақындаған сайын әрі 75 жылдығыма орай, тек қана шығармашылығым жайлы ауызша айтылғаннан жазылған ұмытылмайтын болған соң қасымда жүрсе де балаларыма ақ сөйлеп хат жазып жарыққа шығарып қоюға мәжбүрмін. Осы өлім сыйлайтын қауіпті жылдан да арырақ өмір сүруді Алладан тілек тілеп келемін. Бір-ақ, оған «Жазмыштан озмыш жоқ» дегенге тағы тәуелдімін. Оның үстіне мен өзі рухани бай, жан көзім, түйсігім, білімім, болмысым ашылмаған жан екенімді мойындаймын. Онда да болса күдіреттің сыйы шығар ептеп шығармашылықпен айналысып жүргенім балаларым өздеріңе белгілі. Сол үшін мына төмендегіні өздеріңе ескертемін.

\* \* \*

1. 1983 жылы «Жалын» баспасы менің де өлеңдерімді «Жырбесік» атты топтама жинаққа кіргізіп маған да қаламақы төледі.

2. «Аша елі» атты кітап (Мерей. 1994 ж.) өзімнің қаражатыммен жарық көрді.

3. «Түсімдегі жолбарыс» атты кітап (Раритет. 2008 ж.)

4. «Көлқұдық» атты кітап (Раритет. 2009 ж.)

5. «Болашаққа хат» атты кітап (Алматы. 2010 ж.)

Осы үш кітапта Галя мен Мұратбектің қаражатымен жарық көрді. Бұған Ниязбек 200 000, Айда 10 000 мыңнан теңге қосқаны бар.

6. «Аша елі» атты қайта жазылған кітап жарық (Раритет. 2010 ж.) көруіне Швейцариядан Мұратбек қаражат жіберуіне Галя қарсы болып оның тек қана өзінің жеке қаражатымен жарық көрді. Галиның пейілі өте кең ғой, мың да бір рахмет!

7. I том (Менің қарапайым өмірім) атты кітап («Үш қиян») жарық көруде. Осы жарық көрген шығармалар мен тағы жарық көретін баспаға дайындап қойған кітаптарды машинкаға бастырып, компьютерге түсіріп, кассетаға көшіріп, оның көркемдігін редакторға қарату қаражатын тек өзім көтердім. Бұған да қомақты қаражат керек екені белгілі жайт.

8. «Бұрын осы кітаптар әуелі әрқайсысы 100 данамен жарық көрсін. Тек өз адамдарымызға таратылсын. Кейін көп данамен шығартып, кітапханалар мен оқырман қауымға таратамыз.-деген болатын Галя мен Мұратбек. Міне, осыншама кітаптарым жарық көрсе де оқырман мен кітапханаларға таратылып, сыншыларға сыналмаған соң мен белгісіз автормын. Сол үшін жоғары ескертпені ойларыңа сала отырып, демек аз ғана өмірім қалған соң 5-6 том кітаптың әрқайсысын 1000 данамен баспадан шығарып көзімнің тірісінде кітапханалар мен оқырман қауымға таратып сыншыларға сынатсам деген ойым бар. Сол үшін Галя, Назарбек-Ұлбала, Әлия-Мәрлен, Ниязбек-Айгүл, Дания-Талғат, Мұратбек-Әлия, Әсия-Серік, Айда-Қуаныш бәрің кітаптың жарық көруіне демеушілік көрсетулеріңді сұранамын. Бұл тек менің өмірімнің

аз ғана уақыт қалғанына орай, ескертпем ғой. Егер мүмкіндіктерің жоқ болса оған да өкпем жоқ. Болашақта аман-есен болып өсіп-өніп ой-мақсаттарыңа жете берулеріңді Алладан тілек тілеймін.

\* \* \*

Тағы естеріңе саларым: Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер министрлігінде қызмет істейтін Мұратбек 2002 жылдан бастап Тәжікстан, Өзбекстан, Швейцария Республикаларының Елшіліктерінде қызмет істеді. Сонда Қазақстаннан алатын жалақысының карточкасын маған беріп кетті. Мен барлық үйлер мен барлық жерді соның қаражатымен жекешелендіріп алдым. Демек: «Өзімдікі деген болсын ұстайды!»-деп штаптағы мен отыратын екі үй және барлық жерлерге Мұратбек ие. Солардың шешімін өзі біледі. Оның үстіне Мұратбек сендердің қарашаңырақтарың екенін ойларыңа саламын. Бәрін бір-біріңді үлкенді-үлкендей, кішіні-кішідей сыйлаңдар. Ынтымақ-бірліктерің үзілмесін. Аман-есен қылып Алла бәріңнің ақырыңды берсін, әмин.

*Сауытбек-Зәбира.*

### **Хат соңында**

Арнайы бөлме түгіл менің жазу үстелім болған жоқ. Кілгтейтін үш сырмасы бар екі жазу үстелімнің бірі де бұйырмағанына іштей қиналғаным күнделікте бар. Аллаға шүкір менде аса жоқ нәрсе болған жоқ. Соны үлкен отбасыма жаратып өзіме түк те пайдаланбасам да осынша кітап болған шығарманы «аттың жалы, түйенің қомында» жүргендей күй кешіп жүріп бап талғамай жаздым. Ал қазір мені ойлағанына хат жазылды. Соның жауаптарын да жарыққа шығарып кететін ойым бар. Қош-аман болыңдар.

Алла ақырларыңды берсін әмин.

## МАЗМҰНЫ

Сөз басы .....	3
I бөлім	
Жетімдік өмірімнен.....	6
II бөлім	
Ойсыз өмірімнен .....	32
III бөлім	
Ізденіс өмірімнен.....	85
IV бөлім	
Толғаныс өмірімнен .....	118
Бабырнаманы оқығанда алған әсерім .....	142
Ферғана .....	179
Туған жердің түлегі немесе біз Әділханды білеміз бе?.....	299
Балалық шақпен ерте қоштастым.....	339

### Сауытбек Мәдімәрұлы Менің қарапайым өмірім

Кітап “ҮШ ҚИЯН” баспасының компьютер  
орталығында беттелді

Редакторы  
Тех. редакторы

Жолдас САРМАНОВ  
Құралай РЫСҚАЛИЕВА

---

Басуға 28.04.2011 қол қойылды. Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub> Қаріп түрі  
“Гаймс қаз”. Көлемі 22,0 баспа табақ.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс № 09

---

Алматы қаласы, Жангелдин көшесі 31  
“Үш Қиян” баспасының баспаханасында басылды. Тел: 393-29-38





© 1997 American Library  
University of Pennsylvania Libraries



000001568036

